Осындай жоғары білімді мамандардың келесі бір тобы мектептер мен облыстық және аудандық білім басқармаларының қарамағына жұмысқа жұмсалды. 1933 жылы Батыс Қазақстан облысына төрт маман, Ақтөбе облысына төрт маман алғашқы қазақ жоғары оқу орнын бітіріп келген. Олар Батыс Қазақстан облысы бойынша Кузнецов, Ешмеков, Лукьянцевтар – облыстық білім басқармасына, Старостин – Орал педагогикалық техникумына қызметке жіберілді. Ал, Ақтөбе облысы бойынша Шуватов, Қостанай педагогикалық техникумына, Тарлавине, Жигулин, Сатаринов облыстық білім басқармасына оқытушылық қызметке кіріскен [1].

30 жылдардың ортасындағы ересектерді оқыту жүйесіндегі ерекшелік – сауатсыздықты жою, шала сауатсыздықты жеңумен қатар жүргізілді. Бұл өте қиын жұмыс болды. 1933 жылы болған VIII бүкіл-қазақстандық өлкелік конференция ересектерді оқыту, есепке алу ісінде мектептерді оқулықтармен, жазу

құралдарымен қамтамасыз етудегі елеулі кемшіліктерді ашып көрсетіп, оларды болдырмаудың нақты шараларын көрсетеді. 1933 жылы Қазақ АКСР-і мен өлкелік комитеті Халық комиссарлары кеңесінің бастауыш және орта мектептерде жаңа оқу жылын ұйымдастыру туралы жарғысы қабылданады. Онда 8-12 жас аралығындағы мектеп жасындағы балаларға арналған облыстар бойынша мынадай орындық мектеп-интернаттарды ұйымдастыру туралы айтылады [2]. Батыс Қазақстан облысы бойынша – 1500, Ақтөбе облысы бойынша – 3450, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша – 7770, Қарағанды облысы бойынша – 5120, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 5360, Алматы облысы бойынша – 7300, барлығы 30500 балаға арналған мектептер ашу көзделді.

Осы жарғыда, сонымен қатар, жаңа оқу жылына дейін республика бойынша 122 мектеп ғимаратын және 7 балалар коммунасының ғимараты құрылысын салып бітіру ескертіледі. Оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 1 балалар коммунасы мен 17 мектеп, Батыс Қазақстан облысы бойынша 22 мектеп құрылысының салынуы көзделеді.

Батыс Қазақстан облысының өзінде 1935 жылы облыс көлеміндегі әліппелік сауатсыздарының саны 95 мың адам болса, оның ішінде 56 мыңы әйелдер болды. Сауатсыздықты жою және мектеп жұмысының жүйелі жолға қойылуына республика көлемінде ұйымдастырылған жарыстар ықпал етті. Бұл сайыстардың негізгі көрсеткіштері оқу жылына мектептерді әзірлеу, мұғалімдерді тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, ересектердің арасында оқуды жолға қою болды. 1935 жылы облыстық сауатсыздықты жою орнына арналып 12 мың әліппе және 1600 дәптерлер сатып алынған. 1936 жылы сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқытуға арналған 960 мың сом қаржы бөлінді, бұл 1935 жылмен салыстырғанда 2 еседей артық. Облыс тұрғындарының сауаттылығы 1935 жылы 55 пайызға көтерілді [3].

Шешімін таппаған бір мәселе білім жүйесіндегі бастауыш, орталау және орта мектептердің мұғалімдерінің жетімсіздігі болатын. Соған байланысты, 1937 жылдан бастап, мұғалімдерді даярлауға арналған қысқа мерзімді курстар ашыла бастады. Өйткені, 1937-1938 оқу жылынан бастап, мектептердегі жоғары сынып оқушыларының саны артты. Осы оқу жылының өзінде Қазақстанда бастауыш мектептердегі жоғары сынып балаларының саны 2182-ге, орталау, орта мектептерде 1134-ке артты. Әсіресе, мұғалімдер, пән мұғалімдеріне деген сұраныс арта түсті. Сондықтан, облыстарда төрт айлық бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын курстар ашыла бастады. Оның ішінде Ақтөбе облысында - 120, Батыс Қазақстан облысында 150 мұғалім дайындайтын курс ашылды. Сондай-ақ, қазақ орталау мектептеріне орыс тілі пәнінің мұғалімін дайындайтын екі айлық курстар ашылды. Олардың ішінде Ақтөбе облысы бойынша – 30, Батыс Қазақстан облысы бойынша 40 мұғалімдік курстар ашылды.

Бұған қоса, облыстық алты айлық орталау және орта мектептерге арналған оқытушылар дайындайтын курстар ашу жоспарланды. Қазақ КСР ХКК мен БК(б)П Өлкелік комитеті бастауыш, орталау және орта мектептерге мұғалімдерді даярлау ісімен қоса педагог-мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін қолға алды. Осыған орай, 1937 жылы Өлкелік комитеттің VII пленумының жарғысы жарық көрді. Онда, педагог-мамандар, мұғалімдердің сырттай оқумен қамтылуын қадағалау тапсырылады. Сәйкесінше, бастауыш мектептердегі 4, 5 және 6 сыныптық білімі бар Батыс Қазақстан облысы бойынша 837, Ақтөбе облысы бойынша 913 мұғалімнің сырттай оқуға түсуіне мүмкіндік жасалады [4]. Сонымен бірге, орта мектептерде мұғалімдік қызмет еткенмен жоғары білімі жоқ ұстаздарды сырттай оқумен қамту үшін Алматыдағы педагогикалық институттан 978 орын, Қазақ мемлекеттік университетінен 535, Орал педагогикалық институтынан 570 ұстазға орын бөлінді. Ал, тұтас республика бойынша орталау мектептерде ұстаздық ететін, бірақ сәйкесінше білімі жоқ 800 мұғалім сырттай оқумен қамтылды. Оның ішінде Ақтөбе және Орал мұғалімдер институты бойынша 275 адам қамтылды.

Осы жылдары бастауыш, орталау және орта мектептердегі ұстаздардың арнаулы және жоғары білімдеріне деген талап күшейіп келеді. Оның куәсі, 1938 жылы Қазақстанда 19 жоғары оқу орны болған. Оның ішінде 7-і екі жылдық мұғалімдер институты болды. 1937-1938 оқу жылдары 1 педагогикалық институт, 2 мұғалімдер институты ашылса, 1 педагогикалық және мұғалімдер институты Қиыр Шығыстан көшірілген. 1936-1937 оқу жылдары жоғары оқу орындарын 4366 адам оқыды, оның ішінде 1738-і қазақтар болса, 185-і қазақ қыздары еді. 1937-1938 оқу жылдары 5286 адам жоғары оқу орындарында білім алды, оның ішінде 1774 қазақ болса, 203 қазақ қыздары болды. 1936-1937 оқу жылдарындағы түлектер 803 адамды құрады, қазақтар саны 360 адам болатын. Келесі оқу жылы 878 адам жоғары білімнің иегерлері болды.

Батыс Қазақстанда жоғары оқу орындарының желісінде бұл уақытта 3 оқу орны болды. Олар 1932 жылы негізі қаланған Орал педагогикалық институты, Ақтөбе мұғалімдер және Орал мұғалімдер институты болатын. Орал педагогикалық институты 1932 жылы Орынбор қаласынан көшірілген Халық ағарту институтының негізінде ашылады. Кейіннен гуманитарлық университетке айналып, педагог мамандарды даярлайды. Бүгінгі таңда мемлекеттік университет мәртебесін иеленген бұл оқу орны аймақ-

тағы ірі ғылыми әлеуетті орталыққа айналып отыр. Осы оқу орындарындағы студенттердің саны 1937 жылы 584 адамды құрады, олардың ішінде қазақ студенттер саны 393 адам, қыздар саны 171 адам да, қазақ қыздарының саны 60 адамды құрап отыр. Сонда, жоғары білімге тартылған қазақ қыздарының үлес салмағы барлық әйелдердің арасында 35,1 пайызды құрайды. 1938 жылғы көрсеткішке назар аударсақ, студенттердің саны 608 адамға артқан [5]. Демек, жыл артқан сайын жоғары білімді игеруге студенттер де көптеп тартыла бастады. Соған қарамастан, кейбір келеңсіздіктердің орын алғанын айтпай кетуге болмайды. 1937-1938 оқу жылдары бойынша жоспарланған қазақ орта мектептерінің даму бағдарламаларында келіссіздіктер болды. Ашылуы тиіс 98 қазақ орта мектебінің орнына 93 мектеп ашылған. Әсіресе, Гурьев облысында 13 мектептің орнына 10 қазақ орта мектебі жана оқу жылын бастады.

Гурьев облысында жылма-жыл білімге тартылған оқушылар саны арта түсті. 1939-1940 жылдары оқушылар саны 7696 балаға өскен. Ал, жоғары сынып оқушылары мен педагогикалық училищені бітіруші түлектер саны 1937-1938 оқу жылы 120 болса, 1939-1940 оқу жылдары 180 оқушыға көбейген [6]. Гурьев облысында жоғары білімді педагог-мамандардың саны осы оқу жылдары аралығында 58-ден 150 оқытушыға артса, орта білімді мұғалімдер қатары 549 адамға жетті. Дегенмен, облыс бойынша осы оқу жылдары математика, неміс тілі, әдебиет, орыс тілі пәндерінің мұғалімдері жетіспеді, мұғалімдердің білім деңгейлері төмен дәрежеде болды. Облыстағы аяқталмаған орта білімді 1077 мұғалімнің тек 446-сы ғана педагогикалық училищенің сырттай оқу бөлімінде білімдерін жалғастырған.

Енді соғысқа дейінгі жылдардағы Маңғыстау өңіріндегі мектеп жүйесінің барысына назар аударайық. Мысалы, 1914-1915 оқу жылдарында барлығы 22 мектеп қана болды. Оның 4-і қала мектебі де, қалған 18 ауылдық мектептер болатын. Олардың барлығы да бастауыш білім беретін мектептер ғана болды. Ал, араға жылдар салып, 1927-1928 оқу жылдарында бұл көрсеткіштерге елеулі өзгерістер енеді. Мектептер саны 31-ге артады. Оның ішінде қала мектептері 5, ауыл мектептерінің саны 26 болатын. Бұрынғы бастауыш мектептердің желісіне енді ауылда бір жеті жылдық мектеп қосылды. Кейінгі 1932-1933 оқу жылында мектептер саны 39 болды. Оқушылардың саны 1927-1928 оқу жылында 1183 балаға артса, 1932-1933 оқу жылы 4337 баланы құрады. Ал, 1937-1938 оқу жылы мектеп қабырғасында 6530 бала білім алған. 1914-1915 оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың саны 5220 балаға артып отыр. Оқушылар санының артуына 1927-1928 оқу жылынан бастап жеті жылдық мектептердің, 1937-1938 оқу жылынан орта мектептердің Маңғыстау облысында білім жүйесіне енуі себеп болды.

1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша Батыс Қазақстандағы білім деңгейі жоғары өңір Орал облысы болып отыр [7]. Әсіресе, халықтың білім деңгейі Ақтөбе және Гурьев облыстарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Тұтас Батыс Қазақстан бойынша жоғары білімді, сонымен бірге, аяқталмаған болса да жоғары, орта, орталау білімі бар халықтың деңгейі жоғары көрсеткішке ие болып отыр. 1939 жылы жалпы 9-49 жас аралығындағы халықтың сауаттылық деңгейінің пайыздық көрсеткіші бойынша да Орал облысы 92,8 пайызға ие болған. Осы уақытта Ақтөбе облысындағы сауаттылық деңгейі 87,9, Гурьев облысындағы сауаттылық деңгейі 82,2 пайызды көрсеткен. Сондай-ақ, сауаттылық деңгейі бойынша ерлердің үлес салмағының жоғары екендігін ұмытпау керек. 1939 жылы Батыс Қазақстанда 9-49 жас аралығындағы ерлердің сауаттылық деңгейі 92,7 пайыз, әйелдердің сауаттылық деңгейі 80,4 пайызды құрады. Тұтас Қазақстанда 1939 жылы халықтың сауаттылық деңгейі 83,6 пайызға жеткен. Әріп танымайтын сауатсыздықты толық жоюға Ұлы Отан соғысы кедергі жасады. Мектептегі оқу ісінің қиыншылықтары Ұлы Отан соғысының басталуымен байланысты мүлде шиеленісе түсті. Оқу-материалдық негізі нашарлады, мұғалімдер мен жоғары сынып оқушыларының бір бөлігі майданға немесе өндіріске кетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президент архиві. 141-қор, 1-тізбе, 6558 іс, 43-45 бб.
2. ҚР Президент архиві. 141-қор, 1-тізбе, 6560 іс, 7-8 бб.
3. Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. Уральск, 2002. – 120 с.
4. ҚР Президент архиві. 708-қор, 1-тізбе, 568 іс, 10-11 бб.
5. ҚР Президент архиві. 708-қор, 2/1-тізбе, 756 іс, 49 бб.
6. ҚР Президент архиві. 708-қор, 4/1-тізбе, 1363 іс, 66-67 бб.
7. Всесоюзная перепись населения 1959г. Казахской ССР. – Москва, 1962. – 56 с.

References:

1. Archive of the president of the Republic of Kazakhstan. Fund 141, list 1, 6558 cases, op 43-45.
2. Archive of the president of the Republic of Kazakhstan. Fund 141, list 1, 6560 cases, op 7-8.
3. Rysbekov T. Z. Study of the history of the native land. Uralsk, 2002 – - 120 P.
4. Archive of the president of the Republic of Kazakhstan. Fund 708, list 1, 568 cases, op 10-11.

5. Archive of the president of the Republic of Kazakhstan. Fund 708, list 2/1, 756 cases, op 49.
6. Archive of the president of the Republic of Kazakhstan. Fund 708, list 4/1, 1363 cases, op 66-67.
7. The entire population of the Kazakh SSR in 1959. Moscow, 1962. - 56 p.

УДК 94 (574)
МРНТИ: 07.00.03

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.03>

А.Б. Байгапанова¹, А.С. Адильбаева²

¹докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті
Қазақстан, Семей. E-mail: aigul_bol@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті
Қазақстан, Семей

1970-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада 1970-1980 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, яғни облыс халқының шаруашылығы мен өнеркәсібі және тұрғын үй мәселесі, облыстың дамуына кәсіпорындардың, колхоздар мен совхоздардың қосқан үлесі. Сонымен қатар облыс халқының тұрмыс тіршілігі қарастырылған. Мемлекет алдындағы міндеттер, бес жылдықтың тапсырмаларының орындалуы. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының материалдық техникалық базасымен қамтылуы. Осы кезеңдегі облыстың өнім шығаруы, транспорт түрлерінің қызметінің даму қарқыны жайлы баяндалған.

Кілт сөздер: экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, колхоз, облыс, өнім, фабрика, егіншілік, совхоз, аудан.

Байгапанова А.Б.¹, Адильбаева А.С.²

¹Казахский гуманитарно юридический инновационный университет
докторант 3 курса г.Семей. Казахстан, E-mail: aigul_bol@mail.ru

²Казахский гуманитарно юридический инновационный университет
доктор исторических наук. г.Семей. Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1970-1980 ГОДАХ

Аннотация

В статье рассматривается социально-экономическое положение Семипалатинской области в 1970-1980 годах, вопросы хозяйства и промышленности населения области и жилья, вклад предприятий, колхозов и совхозов в развитие области. Кроме того, рассмотрены вопросы жизнедеятельности и здоровья населения области. Задачи перед государством, оценка поручений на пять лет. Обеспеченность материально-технической базой сельхозпредприятий. На данном этапе были изложены тенденции развития деятельности видов транспорта.

Ключевые слова: экономика, промышленность, сельское хозяйство, колхоз, область, продукты, фабрика, земледелие, совхоз, район.

А.В. Baigapanova¹, А.С. Adilbaeva²

¹doctoral student, Kazakh humanitarian and legal innovation University
Kazakhstan, Semey. E-mail: aigul_bol@mail.ru

²doctor of historical Sciences, Kazakh humanitarian and legal innovation University Kazakhstan, Semey

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF SEMIPALATINSK REGION IN 1970-1980

Abstract

The socio-economic situation of Kazakhstan in 1970-1980 went through a period of various changes. All this is due to the emergence of many urgent problems. It requires its own critical views and research. During the Soviet era, economic indicators and industrial development of the Semipalatinsk region in 1970-80, production of agricultural products, the successes and shortcomings achieved in it are reflected.

Key words: Economy, industry, agriculture, collective farm, region, products, factory, agriculture, state farm, district.

Қазіргі кезеңде, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік экономикалық қауымдастыққа кіріп, дүниежүзілік тарихи дамумен байланысы оның өткен тарихын жан-жақты үйрену мен зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Әлеуметтік-еңбек өрісіндегі қол жеткізілген жетістіктеріміздің түп тамыры-экономикада, оның тұрақты түрде, сатылап өрлеуінде. «Экономика біздің дамуымыздың басты басымдылығы» - деп көрсетеді Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу - негізгі міндетіміз болып қала береді. Демек, экономиканың дамуы, оны онан әрі ырықтандыру, жүйелі реформаны бүгінгі таңда және бұдан былайғы орта кезеңде де тереңдете жүргізе беру, индустриалды-инновациялық өзгерістердің ауқымын кеңейту, т.б. әлеуметтік дамуымыздың алғашқы шарты болып табылады. Еліміз үшін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саласын жетілдіру арқылы әрбір қазақстандықтың тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсарту айрықша маңызды. [1]

1970-жылдардан бастап облыс экономикасы жоспарлы түрде шоғырландырылып, негізгі өнім түрлерін кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктер өндірді. Семейдің жылдық экономикалық табысы 1960 жылмен салыстырғанда 1985 жылы 2 есе, нақты табыс 2,2 есе, төлемдер мен жеңілдіктер 3,9 есе өсті. 1975 жылмен салыстырғанда Семейдің жылдық экономикалық табысы 1985 жылы 3,1 есе өсті [2,216 б.]. 1960-1970-жылдардың басында басталған реформалар бірте-бірте тежеле бастады. Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру жүзеге аспады. Экономикалық әлеуетті арттыру республиканың қорын пайдалану, шикізат және отын-энергетикалық ресурстарын айналымға енгізу арқылы жүрді. Кеңестік экономика негізінен директивалық ұстаным мен орталықтың жоғарыдан бұйрық беру әдісі арқылы басқарылды. Қазақстан өнеркәсібінің 50%-ы одақтық министрліктердің қарауында болды.

Облыстың совхоздары мен колхоздарының экономикасы нығайды. Мемлекет алдындағы міндеттер, бес жылдықтың тапсырмалары орындалып отырды. Ет, сүт дайындау жоспарларының орындалуы да қамтамасыз етіледі. Облыстың совхоздары шаруашылық жылын он миллион сомдай пайдамен аяқтап отырған.

1970 жылы облыста партия ұйымы ауыл шаруашылығы өндірісін маман кадрлар мен толықтыру, олардың тәрбиелеп тұрақтандыру жөнінде көп жұмыстар атқарды. Облыста барлық совхоз директорлары мен колхоз председателдерінің 94 процентінің жоғары және орта дәрежелі білімі бар, 96 шаруашылықты тек ауыл шаруашылығы мамандығы бар кадрлар басқарды. Зоотехниктерді, мал дәрігерлерін, агрономдар мен инженерлер-техниктерді, экономистер мен бухгалтерлерді алатын болсақ ондай мамандар орта есеппен әр шаруашылыққа 54 адамнан келген. Сол тұстағы колхоз, совхоз сияқты аса ірі ауыл шаруашылығы өндірісін басқару үлкен өнер санауға болады. Ол білімділікті, іскерлікті, халықпен жұмыс істеуді, жаңалықты, прогрестікті, сезгіштікті талап етеді. Семей облыстық бірлестігінің кәсіпорындары мен ұйымдары үстіміздегі бесжылдықта өз жұмысының көлемін анағұрлым ұлғайтты. Товар айналымы өткен бесжылдықпен салыстырғанда екі есе өсті. Республика егістіктерінде 239 мың трактор, 109 мыңнан астам астық комбайндары, 184 мың жүк автомобильдері, көптеген басқа техника жұмыс істеді. Ауыл шаруашылық өндірісін мамандану мен шоғырландыру, оның агроөндірістік интеграциясы кең көлемде жүзеге асырылды. Ауыл шаруашылығын химияландырудың, суландырудың және жайылымдарға су жіберудің көлемі өсті. Мал бордақылау және ет өндіру жөніндегі мал шаруашылық комплекстері, ірі құс фабрикалары, жүздеген совхоздар мен колхоздардың күшін біріктіретін шаруашылықаралық ұйымдар құрылды. Облыстың колхоздары мен совхоздарына 35 млн сомның техникасы мен түрлі товарлары берілді. Оның ішінде 700 трактор, 490 автомобиль 6 275 астық комбайны, 520 трактор тіркемесі және басқа да техника болды. 1960 жылдармен салыстырғанда 68% артық. Егіншілік пен мал шаруашылығының негізгі өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарын жоспардан артық орындаған. [3,24 б.]

1970 жылы орталықтандырылған қаржы есебінен облыс еңбекшілері 44 мың шаршы метрдей тұрғын үй алған. Көп мөлшерде өнеркәсіп өнеркәсіптік, мәдени-тұрмыстық объектілер салынды.

Экономикалық шым-шытырық өзгерістер өндіріс атаулыны аттап өтпегені бәрімізге мәлім. Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп орындарының ішінде алдыңғы қатарлыларының бірі Семей облысыныңдағы аяқ киім фабрикасы қуатты жылына 5,5 млн пар аяқ киімдік шығар отырды. Колхозшылардың табысы артты. Тамақ және ет-сүт кәсіпорындары шұжық, концерві, сыр тағамдарын өндіруді артқан. Жартылай фабрикаттар мен кулинариялық тағам шығару орын алды. 1970 жылы облыстық жергілікті өнеркәсіп

басқармасының галантерея фабрикасын қайта құру аяқталды. Былғары – шикізат заводы пайдалануға берілді. Электр жүйелері құрылысын салу және шаруашылықтардың едәуір мөлшерін мемлекеттік энергия жүйесіне қосу жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілгендігін айта кеткен жөн. Негізгі екі сала егіншілік пен мал шаруашылығынан өнім өндіруді арттыру нәтижесінде совхоздардың көпшілігі рентабльді шаруашылыққа айналды.

Облыстың 66 совхозы шаруашылық жылын 18,9 миллион сомнан асай пайдамен аяқтап отырған. 1970 жылы жоспардан тыс 11,9 мың тонна цемент, 4,9 млн шартты плита шифер, 2,6 миллион дана құрылыс кірпіші, 7,5 мың текшеметр құрастырмалы темір-бетон бұйымдары, 61 мың шаршы метр жүн маталар 262 мың шаршы диаметр қатты және 21 мың мың шаршы диаметр жұмсақ былғары товарлар 11 мың пар жүннен басылған және 52 мың пар былғары аяқ киім, 29 мың сырттық трикотаж, 1686 тонна жуылған жүн, 158 тонна ет, 492,8 тонна мал майы, 6,3 мың тонна ұн, 22,4 мың тонна жем, 72 тонна макарондар өндірілген.

Сонымен қатар жеке кәсіпорындар өнімнің кейбір түрлерін шығару жоспарын орындауды қамтамасыз етпеді. Соның салдарынан облысты тұтас алғанда мақта-мата жібін, шұлық-ұйық бұйымдарын, шұжық тағамдарын, консерві, қаймағы алынбаған сүт өнімдерін, жарма, кондитер тағамдарын, сабын, мебель өндіру жоспарлары орындалмады. Өнеркәсіп еңбек өнімділігі 1960 жылмен салыстырғанда 9,2% өскен. [4,25 б.]

1974 жылы «Қазақкабель» заводы құрылған болатын. Күрделі қондырғылар сымдарын және жылуға төзімді өткізгіш сымдар, радиожелілік кабельдер металл торлар мен никельденген сымдар және көпшілік қолды товарлар шығарады.

Жүк тасымалдау тез қарқын алды. Жүк тасымалдау 1950 жылға қарағанда 1955 жылы 10 есеге жуық артты. Теміржол көмегімен жүк тасымалдау көлемі 1989 жылы 105 миллион тоннаға артты. Кейін экономиканың құлдырауына байланысты жүк тасымалдау көлемі азайып, 1970 жылдардың деңгейінде жүзеге асырылуды.

1980 жылдың жоспарына сәйкес облыс өнеркәсіп орындары өнеркәсіп өнімдерінің жеке түрлерін өткізу және өндіру көлемі бойынша табысты орындаған.

Өнеркәсіптің жеке салалары бойынша өнім өндіру 1979 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда мына мөлшерде ұлғайған мысалы:

- Қара және түсті металургия - 7 процент
- Машина жасау және металл өңдеу - 11 процент
- Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі - 3 процент
- Тамақ өнеркәсібі - 12 процент

1980 жылдың 1 жартысының жоспары электр энергиясын, шифер, құрастырмалы темір бетон, шұлық-ұйық бұйымдарын қатты және жұмсақ былғары товарларын, киіз және былғары аяқ киімдерді, сырт киімдік трикотажды, ет, шұжық тағамдарын, сырды, ұнды, құрама жемді, макарон тағамдарын, мәдени-тұрмыстың және шаруашылық товарларын өндіруден артығымен орындалған.

Колхоздар мен совхоздар көктемгі егіс жоспарын орындады. 1980 жылдың егініне арналған егістік көлемі шаруашылықтардың барлық категориялары бойынша алдың ала алынған деректер бойынша 2030,6 гектар оның ішінде дәнді дақылдар 2018,7 мың гектар болды. 1980 жылмен салыстырғанда бидай, қарақымық, бұршақ, картоп, мал азығы, дақылдар егісінің көлемі ұлғайды. Суармалы жерлердегі егіс көлемі өсті.

Колхоздар мен совхоздарда өнім беретін мал және құс саны төмендегі кестеден көруге болады.

	1970 ж.	1980 ж.	1970-1980 жж. салытырғандағы %
Ірі қара мал	423,6	427,6	100,9
Оның ішінде сиыр	127,4	127,5	100
Шошқа	202,0	184,6	91
Қой мен ешкі	4701,1	1877,8	104
Құс	976,1	1022,5	105

Мал шаруашылығында маңызы және құндылығы жағынан қой шаруашылығы ежелден басты орындардың бірінде болып келді. Бұған Семей облысында Республиканың барлық қой санының төрттен бірі өсіріліп отырғандығы дәлел болса керекті.

Жазғы шілденің аптап ыстығында облыс шаруашылықтарының салқын-самал жайлауларын аралай қалсаңыз тұс-тұстан жамырай өрген қой отарларын көрер едіңіз. [5,10 б.]

Ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсалған күрделі қаржы жұмыстың барлық комплексі бойынша 52,0 млн сом болып, 1979 жылдың жартысынан 7% артты. [6,26 б.]

Жарты жылдықта облыстың ауыл шаруашылығына жалпы қуаты 59;2 мың ат күшіне тән 758 трактор, 565 жүк автомобильдері мен арнаулы автомобильдер, 346 астық жинайтын, 116 сүрлем жинайтын комбайндар, 51 жамбырлатқыш машина 171 шөп тарағыш, 1010 сеялка, 74 минералдық және органикалық тыңайтқыштарды себетін машина және басқа да көптеген ауыл шаруашылық машиналары мен механизмдер берілді.

Облыс шаруашылықтары 16,0 мың тонна минералдық тыңайтқыш алды.

1980 жылдың бірінші жартысында жалпы пайдаланудағы өзен автомобиль және темір жол транспортында жүк айналымы мен жүк тасымалы жоспарлардың орындалуы мына деректермен сипатталады.

	1970 жыл	1980 жыл	1970-1980 жж. салыстырғанда %
Жоғарғы Ертіс өзен пороходствасы	1198	81	116
Семей өндірістік жүк автомобиль басқармасы	316	104	110
Алматы темір жолының Семей бөлімшесі	7764	99,7	102
Жоғарғы Ертіс өзен пороходствасы	2324	99,0	120,0
Семей өндірістік жүк автомобиль басқармасы	8654	104	106
Алматы темір жолының Семей бөлімшесі	3360	92	104

Бірінші жарты жылдықта мемлекеттік күрделі қаржы есебінен негізгі қорларды іске қосу өткен жылдың тиісті мезімімен салыстырғанда 4% артық орындалды.

Жаңа құрылыс жүргізу есебінен арматура заводының өндірістік қуаттары ұлғайтылып, Семей қаласында 2300 нөмерлік автоматты телефон станциясы пайдалануға берілді.

1981 жылы «Семей-кабель» заводумен біріктіріліп, Семей «Қазақкабель» заводы болып аталды. Онда қызуға төзімді өткізгіш сымдар цехы, сым тоқу цехы, гальваникалық жолмен металл жалату және дайындау учаскесі бар. Завод осы заманғы технологиялық жабдықтармен жабдықталған.

Соның нәтижесінде Республикамыздың солтүстік, батыс және орталық аудандарын оның шығыс бөлігімен байланыстыратын жаңа транзит жолы пайда болды. Жаңа жолдың пайдалануға берілуіне байланысты Павлодар мен Семейдің арасын 1600 шақырымға, және Алматыға дейін 377 шақырымға қысқартты. Жүргіншілерді тасымалдайтын поездардың қозғалыс уақыты еліміздің солтүстігінен шығыс аймақтарына дейін тоғыз сағатқа, ал жүк тасымалдау уақыты 1 тәулікке қысқарды [7,12 б.].

Мемлекеттік құрылыс-монтаж ұйымдары атқарған мердігерлік жұмыстар көлемі 3% ұлғайды.

Облыстың халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметшілер саны өткен жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 3,3% өсті. Халық шаруашылығындағы жұмысшылармен қызметшілердің орташа айлық жалақысы 1979 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 2,1% өсіп 150 сом болды. [8,37 б.] Облыстың сауда ұйымдары халыққа жоспарда көзделінгендегіден 3,700 мың сомның товарын көп сатты.

Мемлекеттік сауда да жекелеген товарларды сату көлемі төмендегідей болып өзгерді:

1979 - 1980 жж. салыстырылған % есебімен:	
Ет және құс еті	103 %
Шұжық тағамдары	107 %
Ет консервілері	96 %
Балық	111 %
Балық консервілері	83 %
Мал майы	97 %
Өсімдік майы	96 %
Қант	113 %
Кондитер тағамдары	102 %
Арақ және ликерлер	95 %
Жүзім және жеміс шарабы	109 %

Мақта мата	87 %
Жүн мата	108 %
Жібек мата	115 %

Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жылдық жоспары орындалды:

Оның көлемі 8,2%, оның ішінде селолық жерлерде - 9,2% өсті.

Мемлекеттік күрделі қаржы мен колхоздар қаржысы есебімен жалпы көлемі 88,9 мың шаршы тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Мұның үстіне өз қаржыларына және мемлекеттік қарыз көмегімен жеке тұрғын үйлер салынды. Қалалар мен селоларды көркейту жұмыстары жүргізілді. Жарты жылда 1821 пәтерге газ тартылды.

1979-1980 оқу жылына жалпы білім беретін мектептерде (күндізгі, кешкі, сырттай оқитын) 173,9 мың адам, кәсіптік- техникалық училишелерде 5,1 мың адам, жоғарғы оқу орындарында 12,4 мың адам, арнаулы оқу орындарында 18,2 мың адам оқыды.

1980 жылдың көктемінде жылпы білім беретін мектептерді жоғарғы білімді 14,5 мыңнан астам адам, кәсіптік-техникалық училишелерді 1,4 мың адам бітірді. Жоғары және арнаулы орта оқу орындары жоғары білімді 2,1 мың маман, арнаулы орта білімі бар 5,1 мың маман даярлап шығарады. [9, 38 б.]

Өндірісті басқаруды одан әрі жетілдіру, салаларды, басқарудың құрылымын реттеу өндірісті шоғырландыруды арттыру, олардың белгілі кәсіпке бейімделуін дамыту бағытындағы жұмыстар одан әрі жүргізіледі. Өндірістің барлық саласында жоспардың нақтылығын ерекше көңіл бөлінеді.

Жеңіл жән тамақ өнеркәсібінің үлес салмағы (жалпы өндіріс көлемінде 56%) жоғары. Жеңіл өнеркәсіпорындары 708 млн сомның тамақ және ет-сүт өнеркәсібі 246,4 млн сомның немесе 1979 жылдың дәрежесінен 13,4% көп мөлшерде өнім шығарады деп жоспарлаған.

Жергілікті өнеркәсіпорындарында өнім өндіру, халық тұтынатын және шаруашылыққа қажетті товарлар өндіру артады. 1981 жылы товар өндіру 20 млн сомға көбейген.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1980ж) пленумында Л.И. Брежнев жолдас халықты азық – түлікпен жабдықтауды жақсарту міндетін бірінші кезекке қойды. Облыста осыған байланысты шаралар белгіленген. Бұған нақтылы жауапты облыстың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарынан табуға болады. Колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылығы өнімдерін одан әрі арттыру жөніндегі жұмыс жалғасытырып отырды. Атап айтқанда азық бағасын өндіру мен дайындаулы дамыту барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру жөнінде шаралар белгіленді. Егістің жалпы көлемін 2 млн 17 мың гектарға жеткізу белгіленген. Мұның жартысынан көбіне дәнді дақылдар орналасырылады. 1981 жылы 1 млн астық 60 мың тонна картоп, 40 мың тонна овощ өндіру, ірі қараны, қойды көбейту, Малдың өнімділігін арттыру жоспарланған. [10,2 б.]

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының материалдық техникалық базасын одан әрі нығайту мақсат етілген. Бұнығысынша ірі мал шаруашылығы комплекстерін салу басты бағыт болып қала берді. Жылына 1млн үйрек өсіретін құс фабрикасының құрылысы одан әрі салынады. «Сергиополь», «Семеновка», «Энгельс» атындағы, «Жаңа Семей» совхоздарында ірі қара үшін жаңа қоралар қатарға қосылды. 50 мындай қойға арналған қой қорасы 9,3 мың бас сиятын шошқа қорасы салынған.

Совхоздар мен колхоздардың машина паркі едәуір толықтырылады. Олар келесі жылға 3,290 тракторға, 660 астық комбайнны және 400 сүрлем жинайтын комбайнға мыннан астам жүк автомобиліне заказ беріп отырған.

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы комплексін дамытуға барлық финан көздері бойынша мөлшермен жүз млн сом қаржы бөлініп отырған. Транспорттың барлық түрін одан әрі дамыту, жүк айналымын және жолаушы тасымалының көлемін ұлғайту көзделуде. Автомобиль транспортының материалдық техникалық базасын нығайтуға, жаңа объектілер салумен қайта құруға 1,3 млн сом жұмсалмақ. Байланыс құралдары телевидение мен радио одан әрі дамытылады деп жоспарланған. [11, 39 б.]

1985-1990 жылдары ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Ауыл шаруашылығының төменгі дәрежеде дамуының егізгі себептері мыналар: шаруалардың экономикалық ынтасының шаруашылықта қыспаққа алынуы, колхоздық секторларды жою және мемлекеттік мешікке алу совхоздарды көбейту. Шаруашылық еңбек үнемі қатар әкімшілік бақылауда жояды. Бұның бәрі шаруашылық бастамаларын төмендетуге, қоғам еңбегінің нәтижесін де немқұрайлы қарауға әкелді. Тұрғындар ауылдық жерлерден кете бастады. Егер 1950 жылы Қазақстанда 3760 колхоз болса, ал 1985жылы 388 ғана қалған. Колхоздардың өлшемі ерікті түрде құралды, оларды орналастыруда табиғи өндіріс орындары мен басқа да фактілер есепке алынбады. Бұның нәтижесінде бірнеше тұрғындар пункттері басқарусыз қалды.

1986-1990 жылдары Қазақстанда 1556 килограмм астық өндіріледі. Орталық басшылық болса республика алар межені кол жеткен табыстардан жоспарлай отырып, бұрынғыдан бетер биіктетті. бірінші бесжылдықта астықтың жалпы түсімін 28-29 миллион тоннаға, он екінші бесжылдықта 31,5 миллион тоннаға жеткізуді талап етті.

Жөнсіз қабылданған шешімдер мен нұсқаулар егіншілік шаруашылығының қайтарым заңын бұзды. Сол кездің өзінде егіншілікте топырақ өңдейтін тиімді машиналар ықпал жасайтын тыңайтқыштар жүйесі қайтадан ойластырылмады. Жер қыртысына органикалық заттарды енгізу, арам шөптермен, өсімдік ауруларымен күрес ісі жеріне жете шешілмей қалды.

1985 жылы Семейде Қазақстандағы көркемсурет құндылықтарын жинаған ірі мәдениет орындарының бірі – Невзоровтар отбасы атындағы Шығыс Қазақстан облыстық бейнелеу өнері мұражайының ашылды. 1988 жылы Қазақстан Республикасының Министрлер Советінің шешімімен жеке мұражай ретінде таныла бастады.

Семей облыстық Әміре Қашаубаев атындағы филармония, Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайы, Ф.Достоевский атындағы орыс драмалық театры, тарихи-өлкетану мұражайы тағы басқа мәдени орталықтар халыққа әлі де қалтқысыз қызмет етіп келеді.

1949 жылғы 29 тамызда Семей жерінде әлемді дүр сілкіндірген оқиға өтті. Ол ядролық қуаты 20 килотонналық алғашқы ядролық сынақтың өткізілуі болды. 1949-1989 жылға дейін 40 жыл ішінде Семейден 120 шақырым жердегі полигонда 458 ядролық жарылыстар, 88 әуе, 30 жер үсті, 340 жер асты жарылыстары жасалған. Осы кезең ішінде 500 мыңнан астам адам ионды сәуле алды. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабилянов: «Өкінішке қарай, ядролық сынақтардың апатты зардабы уақыт озған сайын күшейе түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, барған сайын қатерлі әсер етуде. Бүгінде Семей қасіреті – әлемдік деңгейде шешуді қажет ететін жаһандық мәселеге айналғаны құпия емес. [12,1]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1 Назарбаев, Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2010 жылғы Жолдауы // «Егемен Қазақстан», 2010 жыл, 30 қаңтар.

2 Семей облыстық статистика басқармасы: Статистический сборник: 1970. – 1980 жж. Семей 2000. – 216 б.

3 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 34-т., 1-іс, 24-п

4 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 34-т., 1-іс, 25-п

5 Семейдің алтын жабағысы. – Алматы: МП Саржайлау, 1995 г. – 10 б.

6 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 34-т., 1-іс, 26-п

7 Әлиясова Н. Экономикалық шолу // Семей таңы 1980 жыл. №4. – 12 б.

8 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 33-т., 1-іс, 37-п.

9 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 33-т., 2-іс, 38-п.

10 Кәрімов А. Халық үшін аянбай еңбек етуіміз керек // Семей таңы.-1980.-23 желтоқсан. – Б.2.

11 ШҚО ҚЗТҚО 103-қ., 33-т., 2-іс, 39-п.

12 Сабилянов Н. «Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтар-ды әлеуметтік қорғау туралы» заңды жетілдіруіміз керек». – Астана, 2010. – 1 б.

References:

1 Nazarbayev, N. A. New decade-new economic growth-new opportunities for Kazakhstan. Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan in 2010 // "sovereign Kazakhstan", January 30, 2010.

2 Semipalatinsk Regional Department of Statistics: statistical collection: 1970 – 1980. Semipalatinsk 2000. - 216 P.

3 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-STR., 34, Case 1, 24-p

4 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-STR., 34, Case 1, 25-p

5 The Golden Toad of Semipalatinsk. - Almaty: MP Sarzhailau, 1995-10 p.

6 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-STR., 34, Case 1, 26-p

7 Aliyasova N. Economic Review // Semipalatinsk dawn of 1980. No. 4 – - 12 p.

8 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-P., 33-p., 1-case, 37-p.

9 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-P., 33-T., 2-Case, 38-p.

10 Karimov A. We must work hard for the people // Semey Dawn.-1980. - December 23. - P. 2.

11 Center for documentation of modern history of East Kazakhstan region 103-K., 33-T., 2-Case, 39-P.

12 Sabilyanov N." We need to improve the law"on social protection of citizens affected by nuclear tests at the Semipalatinsk nuclear test site". - Astana, 2010. - 1 p.

ӘОЖ 94 (574)

ГРНТИ 03.20.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.04>

Е.И. Исибаева¹

¹*т.ғ.к. доцент Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ

Аңдатпа

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан республикасы әкімшіл әміршіл жүйеден нарықтық экономикалық жүйеге көшуі меншік қатынастарын өзгертудің заңды қажеттілігін туындатты. Қазіргі таңда айқындалып отырғандай, бұрынғы көзқараспен социализм орнату жолында деп есептелінген республикадағы әлеуметтік-экономикалық жүйенің күйреуінің басты себептерінің бірі – бұл мемлекеттік меншік қатынастарының үстемдікке ие болуы деп саналған. Шаруашылықты жекешелендіру барысында тап болған алғашқы кездегі қиыншылықтар оның әлеуметтік жағдайына да өзіндік әсерін тигізді. Сол себепті де оларды өзгерту және түбегейлі құру қажет етілді. Сөйтіп, бұл мақаламызда жекешелендіру үдерісі және оның әлеуметтік экономикалық салдары қоғам тарапынан өзіндік көзқарас білдіру мәселесі алға тартылып отыр. Бүгінгі таңдағы жекешелендіру, меншік ұғымдарының төңірегіндегі пікір-таластарды талдау бұл күрделі проблеманың теориялық негізін анықтау қажеттігін туындатып отыр.

Кілтті сөздер: жекешелендіру, меншік, мемлекет, өндіріс, мемлекет иелігі, ұлттық бағдарлама.

Исибаева Е.И.¹

¹*к.и.н.доцент Актыубинский региональный гоусударственный университет имени К.Жубанова
г. Ақтөбе. Казахстан*

ПРОЦЕСС ПРИВАТИЗАЦИИ И ЕГО СОЦИАЛЬНАЯ ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация

После распада СССР переход Республики Казахстан от административно-властной системы к рыночной экономической системе вызвал юридическую необходимость изменения отношений собственности. В настоящее время стало очевидным, что одной из главных причин крушения социально-экономической системы в республике, считавшейся с прежним взглядом на установление социализма, стало доминирование отношений государственной собственности. Первые трудности, возникшие в процессе приватизации хозяйства, отразились на его социальном положении. Поэтому необходимо было менять и кардинально строить их. Таким образом, в данной статье затрагивается взгляд со стороны общества на процесс приватизации и его социально-экономические последствия. Сегодня анализ мнений вокруг понятий приватизации, собственности вызывает необходимость определения теоретических основ этой сложной проблемы.

Ключевые слова: приватизация, собственность, государство, производство, государственная собственность, национальная программа.

E.I. Isibaeva¹

¹*Candidate of historical sciences, Aktobe regional state University named after Zhubanov
Kazakhstan, Aktobe*

THE PRIVATIZATION PROCESS AND ITS IMPLEMENTATION

Abstract

After the collapse of the USSR, the transition of the Republic of Kazakhstan from an administrative-power system to a market-based economic system caused a legal need to change the property relations. Currently, as defined, one of the main reasons for the collapse of the socio-economic system in the Republic, which was considered with the previous view of establishing socialism, was considered to be the dominance of state property relations. The first difficulties encountered in the process of privatization of the economy affected its social status. Therefore, it is necessary to change them and radically build them. Thus, this article deals with the process of privatization and its socio-economic consequences on the part of society. Today, the analysis of opinions around the concepts of privatization and property makes it necessary to determine the theoretical foundations of this complex problem.

Keywords: privatization, property, state, production, statehood, national program.

Қазіргі таңда айқындалып отырғандай, бұрынғы көзқараспен социализм орнату жолында деп есептелінген республикамыздағы элеуметтік-экономикалық жүйенің күйреуінің басты себептерінің бірі бұл – мемлекеттік меншік қатынастарының үстемдікке ие болуы. Соған байланысты бұл социалистік меншікті өзгерту және түбегейлі құру еді. Осыған байланысты бұрынғы социалистік жүйеден нарықтық экономикаға көшудің өзекті шарты болып табылған – жекешелендіру процесі, шаруашылық субъектілерінің іс белсенділігін күрт арттыру үшін, экономикалық бәсекелестікті жандандыру үшін жүргізілген еді [1,76]. Мемлекеттік өндіріс орындарын жекешелендіру үдерісі бұл республика үшін – күрделі мәселе, ол әсіресе халықтың менталитетіне тура байланысты болғандықтан қысқа мерзімде өткізу қиынға соқты. Әсіресе, жерді, оның қазба байлықтарын жекешелендіру ұзақ уақытты талап етеді. Сол сияқты кейбір стратегиялық маңызды салаларда (қару-жарақ, ядролық заттар, тағы басқа өндірістер), не болмаса нарыққа көшіруге әлі толық негіз болмаған жағдайларда (іргелі ғылым, кейбір білім, мәдениет, өнер, тағы басқа орталықтар) жекешелендіру жүргізілмеді, олар мемлекет меншігінде қала береді. ҚР-да мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру процесі шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар жөнінде заңдар жүйесімен, нормативтік актілер арқылы және мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүргізілді [2,24]. Республикада жекешелендіру үш кезеңмен өтті.

Бірінші кезеңде (1991-1992) “Кіші жекешелендіру” бағдарламасы бойынша мемлекеттік сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары (31 мың нысандардың 50%-і) жаппай сатылды, не болмаса еңбек ұжымдарына берілді.

Екінші кезеңде (1993-1996 жылдары) жаппай жекешелендіру процесі орта және үлкен кәсіпорындар бойынша жүргізілді, жеке жобалар бойынша 5 өнеркәсіп орындары ақшаға, ал 700 зауыттар мен фабрикалар инвестициялық купондарға сатылды, 44 ірі кәсіпорындар сенімді басқаруға тапсырылды, оның ішінде 12-сі шетел инвесторларына берілді.

Үшінші кезеңде (1997 жылдан бастап) жекешелендіру отын-энергетика, көлік, денсаулық, ғылым салаларында өтті. Аталған кезеңдерде республикада жабық және ашық акционерлік қоғамдар көптеп құрылды. Ірі және орташа кәсіпорындар үшін жабық акционерлік қоғамдар жекешелендірудің негізгі түрі болып саналды. Оның құрылтайшылары болуға тек еңбек ұжымы мен мемлекеттік басқару органдары ғана заңдық сипатқа ие болды. 1994 жылдан бастап жекешелендіру нысандарын сату саясаты жүргізілді. Жекешелендіру экономикаға және тәжірбиеге көптеген жаңалықтар әкелді [3, 123 б.]. Қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінде меншік мәселесі, даму перспективасы ең алдымен көтеріліп, жалпы қозғалыстың, дамудың өзіндік өзегін құрады. Қоғамның, мемлекеттің, жеке адамдардың болмысының даму заңдылықтары, өндірістің материалдық және рухани негіздері барлығы да меншік жүйесіндегі маңызды өзгерістерге тәуелді болды.

Агроөнеркәсіптік жүйедегі мемлекет иелігінен шығарып жеке жекешелендіру оның әр түрлі салалары мен кәсіпорындарының өзіндік ерекшеліктері ескере отырып жүргізілді. Бұрынғы кеңшарлар мен басқа да мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындардағы фермерлік және шаруа қожалықтарына, ауылшаруашылық кооперативтеріне, шағын кәсіпорындарға және шаруашылық етудің басқа да мемлекеттік емес нысандарына қайта құрылып жатты. Мемлекеттік мүлік конкурста немесе аукционда сатылды және ауылшаруашылық кәсіпорны мүлкінің сату бағасының 75%-ына дейін тұрғын үй купондарымен төлеуге рұқсат берілген болатын.

Республикада 1993-1995 жылдары 1490 мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындары жекешелендірілді, бұл аграрлық-өнеркәсіптік саладағы мемлекеттік кәсіпорындар жалпы санының 70,2%. Осымен

қатар, аграрлық-өнеркәсіптік жүйеде холдингтік түрдегі 13 мемлекеттік акционерлік компания құрылды. 1996 жылдың ақпанында 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті қайта құрылымдау мен жекешелендірудің 3-ші бағдарламасы бекітілді, ал 1997 жылдың басында секторлық бағдарламалар бекітілді. Олардың басты мақсаты – мұнай-газ және коммуникациялық кешеннің, өндіріс, денсаулық сақтау, білім, ғылым, мәдениет және спорт кәсіпорындарын жекешелендіру процесстерін жаңартудың негізінде Қазақстан экономикасында жеке сектордың басым орын алуына, қол жеткізу және оны күшейту еді. Мемлекеттік меншіті жекешелендіру тек қана ақша қаражатына сатылатын болды. 1995 жыл 1-желтоқсанына дейін 1776 шаруашылық жекешелендірілді. Бұл – жалпы көлемнің 84% болып саналды. Реформаланған кеншаралардың негізінде 1000-нан астам ұжымдық шаруашылық, 420 шағын жекеменшік кәсіпорын, 340 акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестіктері, 1240 шаруа қожалықтары құрылып, жұмыс істей бастады. Мемлекеттік құс фабрикалары, мал шаруашылығы кешендері мен асыл тұқымды шаруашылықтарды акционерлеу толық аяқталды. Агроөнеркәсіп кешендерінің дайындау, ұқсатушы және қызмет көрсетуші орталықтарында ауыл-село тауар өндірушілерінің қатысуымен 144 акционерлік қоғам құрылды. Тәжірибе ретінде 20 совхоз аукцион арқылы жекеменшікке сатылды. 20 жылдан астам еңбек стажы бар 33 шаруашылық басшысы мемлекеттік кәсіпорынның сатылуға түскен дүние-мүлкінің негізгі бөлігін тегін алды Осыған сәйкес, Елбасының «Совхоздар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беру туралы» Жарлығы жарық көрді [4,1]. (1994 жылы 9 наурыз). Бұл Жарлықтың негізінде:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік ауыл-шаруашылық кәсіпорнын жекешелендіру барысында:

– оның мүлкінің сатып алынатын бөлігінің 10 пайызын осы қызметте кемінде 20 жыл жұмыс істеген директорға тегін негізде бөлсін;

– директорға мүліктің сатып алынатын бөлігінің қосымша 10 пайызын шарттық жағдаймен мемлекет үлесі ретінде 5 жылдан аспайтын мерзімге уақытша пайдалануға уақыт берсін. Бірақ бұл Жарлықтың негізінде, ауыл басшылары ауылдағылардың бәрі фермерлер, шаруа қожалары болуы керек деді, енді біреулері жекешелендіру жалауымен барлық бай совхоздарды құртып жіберіп, жергілікті жұрт құр алақанын жайып кетті. Осындай шаралардың жүзеге асуы нәтижесінде, аграрлық секторда 32 мыңнан астам түрлі ауылшаруашылық нысандары құрылды. Қайта құру, идеологиялық догмалар мен шаруашылықты жүргізудің бұйрықты әдістеренен біртіндеп арылу кезеңінде аграрлық экономиканың жекелеген аяларын реформалаудың көптеген әрекеттері жасалды (мердігерлік, жанұялық, арендалық әдістер), бірақ та олар сезілетіндей нәтижелер әкелген жоқ. Уақыт тәжірибесі көрсеткендей, жекелеген шаралар ешқандай нәтиже бермеді. Сондықтан, өндірістік және әлеуметтік қатынастарды түбегейлі реформалардың және осының негізінде өндіргіш күштері жанғыртудың қажеттігі туды. Нарық механизмдеріне сүйене отырып, кешенді қайта қарауға бағыт жасалды. Алайда тактикалық тұрғыдан бұл асығыстық, бағытсыздық көріністерін берді. Жекешелендірілген, бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін бөлшектеріне дейін бөліп алған, пай иелерінің шаруашылық жүргізуге әлдері жетпеді, егін шаруашылығын жүргізуге қажетті жөнді техникасы қалмады, өндіріс алған күннің өзінде өнімдерін ұқсатуы қиынға соқты, нарықтық қыспағына төтеп беруге жағдайлары келмеді. Экономикалық басқарудың жаңа тәсілдері, жекешелендіруді және оның тағы басқа тетіктерін республика жағдайында пайдалану әлі де болса кең өріс ала алмай келді. Бұл ретте республика шаруашылықтарында өндірісті басқару, ұйымдастыру әдістерін күрделі проблема ретінде қаралып отырғаны құпия еді [5,4 б.]. Сондықтан да нарықтық экономикаға өту барысында бұрын қалыптасқан ауыл шаруашылығындағы өндірісті ұйымдастыру, басқару мәселелерінің тәжірибиелерінің әдістері мен кемшіліктерін ғылыми түрде зерттеу бүгінгі күн талабы. Осы жылдар аралығында, республикада мал шаруашылық фермалары, құс фабрикалары мен басқа ұқсас өндіріс орындарында өнімді өндірудің үзліссіз технологиялық үрдісі қамтамасыз етілмеді. Ауылшаруашылық кешеннің мемлекеттік ауылшаруашылық, дайындаушы, өңдеуші және қызмет көрсетуші кәсіпорындары мүлкін жаппай жекешелендіру, сонымен қатар, шаруашылық нысандарын таңдау мүмкіндіктерінің іс жүзінде жоқтығы, инфляция тұсында шаруа қожалықтарын құру мәжбүрлігі, саланың ішіндегі тепе-теңдіктің бұзылуы, ауыл шаруашылығында кооперацияның, жоғарылмалы бірігудің мүмкіндігі жоққа шығарды. Осының бәрі, ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігіне кері әсерін тигізді. 1994 ж. соңына қарай негізінен совхоздар мен мемлекеттік шаруашылықтарды жекешелендіру есебінен ауылшаруашылық құрылымдарының саны 1990 жылдағымен салыстырғанда, сегіз еседен артық өсті, яғни, ауыл ауылшаруашылығындағы көп тұрпаттылық орын алды. Алайда, шаруашылық етудің жаңа нысандарының тиімді жұмысы үшін және жерді ұтымды падалану мен қорғау үшін құқықтық, экономикалық,

In the summer of 1919, a military-political union of Soviet republics was formed. On June 1, 1919, the Decree "On Unification of Soviet Republics of Russia, Ukraine, Latvia, Lithuania, Belarus to Fight World Imperialism" was signed. A single military command was approved, the saunarchoses, transport, commissariats of finance, labor were united. It is clear that under those conditions the unified financial system was managed from Moscow, just as the national military entities were completely subordinate to the Main Command of the Red Army [5].

The Office was limited to a close association of (1) military organization and military command; 2) councils of national economy; 3) railway management and management; 4) finance and 5) commissariats of labor of republics - so that the management of these industries is concentrated in the hands of unified panels. The All-Russian CEC united the efforts of the republics on the basis of an agreement with the CEC and the NSC of these republics. During this period, bilateral agreements were concluded between the RSFSR and the Ukrainian SSR, the BSSR and other republics. The second stage is characterized by the emergence of Soviet statehood in national areas, where there is an acute fight against nationalist counter-revolution [6].

The military-political unity of the Soviet republics played a huge role in the defeat of the united forces of intervention.

References:

1. Стешенко Л.А. История государства и права России. Академический курс. В 2 т. – М.: Норма, 2003.
2. Берхин И.Б. История СССР (1917 - 1964 гг.). – М.: Высшая школа, 1969.
3. Бонч-Бруевич В.Д. На боевых постах Февральской и Октябрьской революций. – М.: Изд-во «Федерация», 1930.
4. Денисов А.И. Советское государство: возникновение, развитие, сущность и функции. – М.: Изд-во Московского университета, 1967.
5. Чистяков О.И. Великий Октябрь и создание Советского государства. – М.: Знание, 1968.
6. Шехватов Б.М. Ленин и советское государство. Деятельность В.И. Ленина по совершенствованию государственного управления 1921-1922. – М.: Изд-во социально-экономической литературы, 1960.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Стешенко Л. А. Ресей мемлекеті мен құқығының тарихы. Академиялық курс. 2 т. - М.: Норма, 2003.
2. Берхин И.Б. КСРО тарихы (1917 - 1964 жж.). – М.: Жоғары мектеп, 1969.
3. Бонч-Бруевич В.Д. ақпан және қазан төңкерістерінің әскери посттарында. – М.: "Федерация" баспасы, 1930.
4. Денисов а. и. Кеңес мемлекеті: пайда болуы, дамуы, мәні мен функциялары. – М.: Мәскеу университетінің баспасы, 1967.
5. Чистяков О. и. Ұлы Қазан және Кеңес мемлекетінің құрылуы. – М.: Білім, 1968.
6. Шехватов Б.М. Ленин және Кеңес мемлекеті. В. И. Лениннің мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі қызметі 1921-1922. – М.: әлеуметтік-экономикалық әдебиет баспасы, 1960.

УДК 794

FTAMP 14.15.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.18>

А.Рүстемова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Phd,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aktolkynkz2015@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН-ЖАПОН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақаланың басты мақсаты – Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы өзара ықпалдастықтың қалыптасуы мен даму бағыттарын, нәтижелерін ғылыми тұрғыдан зерделеу. Бүгінгі таңда дамушы Қазақстан мемлекеті мен дамыған Жапония елі арасында экономикалық, саяси, білім беру, энергоресурс саласын тиімді игеру бағыттары бойынша дипломатиялық келісімдерге қол қойылған. Жапонияның Орта Азия мемлекеттеріне қатысты ұстанған саясатында, оның өзге Азия елдеріне қатысты жүргізілетін азия-шылдық саясатының бір ұшы байқалады. Жапонияның Қазақстанға қатысты саясатының негізінде еліміздегі нарықтық экономиканы одан әрі ілгерілету, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған өзіндік күш-жігерді қолдау, адам ресурстарын дамыту жатыр. Екі ел арасындағы өзара ынтымақтастықта экономика саласындағы байланыс ерекше орын алады. Дегенмен экономика саласындағы ынтымақтастық айтарлықтай нәтиже берді деп айтуға әлі ерте. Қазақстанның энергетикалық ресурстары мен Жапонияның экономикалық және технологиялық даму деңгейін ескерсек, әлі де бар мүмкіндіктің толыққанды пайдаланылмай отырғандығын көруге болады.

Қазақстан мен Жапония елдерінің арасындағы қарым-қатынастың даму динамикасын қарастыруда салыстыру әдісі мен екі ел арасындағы келісімдер мен өзара ықпалдастық мәселесін қарастыруда жүйелік әдісі қолданылды.

Мақала материалдары Қазақстан мен Жапония елдерінің арасындағы түрлі саладағы қарым-қатынас мәселесіне қызығушылық танытқан кез-келген ізденушіге көмек құралы бола алады.

Кілтті сөздер: Қазақстан, Жапония, ынтымақтастық, сыртқы саясат

Рүстемова А. ¹

*¹Казахский Национальный Университет им.аль-Фараби атындағы, Phd, г. Алматы, Қазақстан,
e-mail:aktolkynkz2015@gmail.com*

СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЯПОНИЕЙ: ИСТОРИЯ, СТАДИИ, МАСШТАБЫ

Аннотация

Основная цель статьи – исследование процесса становления и развития сотрудничества между Республикой Казахстан и Японией. Между развивающейся страной Казахстана и развитой Японией подписаны ряд дипломатических соглашений для развития отношения в экономических, политических, образовательных, энергетических направлениях. Политика Японии в отношении государств Центральной Азии является продолжением политики азиатства, которой Япония придерживается по отношению к другим азиатским странам. Политика Японии в отношении к Казахстану заключается в содействии развития рыночной экономики в стране, поддержке повышения благосостояния населения и развитию человеческих ресурсов. Особое место во взаимоотношении двух стран занимает сотрудничество в сфере экономики. Однако пока рано говорить о том, что сотрудничество в экономике дало значительные результаты. Принимая во внимание энергоресурсы Казахстана и уровень экономического и технологического развития Японии, можно увидеть, что еще используется не весь потенциал.

Для сравнения динамики развития отношений между Казахстаном и Японией использовался методом сравнения, также в рассмотрении вопроса о сотрудничестве и взаимодействии между двумя странами использовался системный подход.

Материалы данной статьи могут быть полезными каждому соискателю, который интересуется отношениями Казахстана и Японии в различных областях.

Ключевые слова: Казахстан, Япония, сотрудничество, внешняя политика.

Rustemova A. ¹

*¹Al-Farabi Kazakh National University, PhD, Almaty city,
e-mail:aktolkynkz2015@gmail.com*

KAZAKH-JAPANESE RELATIONS: FORMATION AND DEVELOPMENT PROSPECTS

Abstract

The main goal of the article is to study the process of formation and development of cooperation between the Republic of Kazakhstan and Japan. A number of diplomatic agreements were signed between Kazakhstan and

Japan to develop relations in the economic, political, educational, and energy fields. Japan's policy towards Central Asian states is a continuation of the Asianism policy that Japan adheres to in relation to other Asian countries. Japan's policy towards Kazakhstan is to promote the development of a market economy in the country, support improvement of welfare and human resource development. A special place in the relationship between the two countries is cooperation in the field of economics. However, it is too early to say that cooperation in the economy has yielded significant results. Taking into account the energy resources of Kazakhstan and the level of economic and technological development of Japan, one can see that not all the potential is used.

To compare the dynamics of the development of relations between Kazakhstan and Japan, comparison method was used, and a systematic approach was used to consider the issue of cooperation and interaction between the two countries.

The materials of this article may be useful to any researcher who is interested in relations between Kazakhstan and Japan in various fields.

Keywords: Kazakhstan, Japan, cooperation, foreign policy.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін сыртқы саясатта көп бағыттылықты ұстана отырып, түрлі мемлекеттермен жан-жақты байланыстар орната бастады. Жапония – бір ұлтты аралдар мемлекеті. Ал Қазақстан – Еуразия континентінің орталығында орналасқан, көптеген ұлт өкілдері мен түрлі мәдениетер түйіскен мемлекет. Бүгінгі таңда еуразияшылдықтың идеясын ұстанатын, табиғи ресурстарға бай Қазақстан халықаралық ынтымақтастық үшін тартымды елдердің бірі болып табылады.

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас мәселесі бүгінгі таңда зерттеушілер тарапынан аз зерттелген. Сондықтан, екі ел арасындағы өзара ықпалдастық мәселесін жан-жақты талдау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Екі елдің арасындағы саяси, сауда-экономикалық, экологиялық, мәдени байланыстар мәселесі әлі де болса тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін жүйелі түрде қарастырылмаған. Осыған дейінгі зерттеулерде ғалымдар тарапынан екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық мәселесі жекелеген бір сала аясында ғана қарастырылған. Атап айтқанда, Ф.П. Уразбаева Қазақстанның сыртқы саясатындағы Жапонияның рөлін айқындай отырып, Қазақстан-Жапония қатынастарының түрлеріне шолу жасаған. Ал О.Дүйсебаев Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени, экологиялық, денсаулық сақтау салалары бойынша өзара ықпалдастық мәселелерін қарастырған. Сонымен қатар, Жапонияның Орталық Азия мен Қазақстанға қатысты ұстанатын саясатын қарастырған отандық ғалым Р.Садыкова Жапония Орталық Азия елдерінің энергетикалық ресурстарына қызығушылық танытады деген пікірді алға тарта отырып, осы қажеттіліктердің негізінде Жапония «Орталық Азия плюс Жапония» аймақтық форумы және аймақ елдерімен екіжақты қатынастар аясында Орталық Азия аймағында болу саясатын жалғастырады деп топшылайды (Sadykova, 2013: 2249). Қазақстан мен Жапонияның саяси партиялық жүйесін салыстырып, Жапонияның Қазақстандағы мүдделері мен Орта Азияда имиджінің қалыптасуын зерттей келе Ж.Ашинова ұзақ мерзімді перспективаға бағытталған және нақты нәтижелерге жетудің орнына қолайлы ортаны қалыптастыруға бағытталған жұмсақ күш саясатының ерекшеліктеріне байланысты оның тиімділігін өлшеу қиын екендігін атап өтеді. Жұмсақ күш өзара тиімді қызығушылық тудыратын басқа факторлардан мысалы, экономикалық, қолдау тапса тиімді болады және ол дипломатияның басқа компоненттерімен бір жиынтықта қарастырылуы қажет деген тұжырым жасайды (Ашинова Ж.Е., Темірғали С.Б., 2018: 158). Жапонияның Орта Азия, оның ішінде Қазақстанға қатысты саясаты мен стратегиясына қатысты сөз қозғағанда, осы саланың жетекші ғалымдарының бірі болып табылатын жапондық және шет елдік зерттеушілердің еңбегін ерекше атап өту қажет. Әсіресе, қазақ халқының ұлт зиялыларын бүге-шүгесіне дейін зерттеп жүрген профессор Т.Уяманың пікірінше, Жапонияның Орта Азия елдерімен қарым-қатынасын орнатуда нақты бір стратегияның жоқтығы, оның тарихындағы ақтаңдақтарымен байланысты, дегенмен Жапония үкіметі үлкен стратегияға мән бермей, Орталық Азия мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарды дамытуға және жапондық мүмкіндіктер мен олардың қажеттіліктері сәйкес келетін нақты салаларда ынтымақтастық орнатуға ұмтылып отырғаны өте орынды деп атап өтеді (Уяма, 2003: 185). Орта Азияға қатысты Жапонияның саясатын қарастырған шет елдік ғалымдардың ішінде Кристофер Лен, Юаса Такеши, Цукуба университетінің профессоры Т.Дадабаевты атап өтуге болады.

1853 жылы АҚШ әскери кемелері Жапонияның жағалауына келіп, соның нәтижесінде Жапонияны күштеп «ашуды» жүзеге асырып, оқшаулану саясаты аяқталғаннан кейін, Жапонияның сыртқы саясатында негізінен Азия және АҚШ-пен дипломатиялық қарым-қатынас бағдары басым болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Жапония АҚШ қоса алғандағы Батысқа және Азияға бағытталған екі-

жақты саясатты жүргізіп келді. Бір жағынан жапондар өздерін модернизациялап, батыстандырып Азиядан алшақтағысы келді, ал екінші жағынан батыстықтардан өзгешелігін сезіп, Азияда жетекші мемлекет болу ниеті де болды. 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысынан кейін халықаралық аренада жапондар батыс елдерімен ынтымақтастығын жалғастыра отырып, екінші жағынан күш көрсету әдісіне жақындай түсті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін одақтас мемлекеттер Жапонияны жеті жыл оккупациялады. Басқыншылық аяқталғаннан кейін де АҚШ Жапонияның сыртқы және ішкі саясатына үлкен әсер етуін жалғастырып келді. Бір жағынан Жапония бұрынғы агрессивті мемлекет болмағанымен, халықаралық аренадағы өзінің белсенділігінен толығымен бас тарта қойған жоқ. 1945-1946 жылдары Жапонияның Сыртқы істер министрлігінде Үлкен Шығыс Азия Министрлігінің бұрынғы лауазымды тұлғалары мен көрнекті экономистердің қатысуымен жұмыс істеген Соғыстан кейінгі проблемалар бойынша зерттеу тобы Жапония мен басқа да Шығыс Азия елдерінің тығыз экономикалық өзара тәуелділігін, жапон экономикасының Азияның дамуында алатын ерекше рөлін атап өтті. Жапонияның халықаралық саяси және әскери істердегі дауысы жеңілген ұлт ретіндегі позициясымен және көршілерінің оның отарлық өткенін сынға алуымен, Азиямен қарым-қатынасымен шектелгендіктен, оның сыртқы саясатының принципі экономикалық қатынастар мен көмек негізінде дамыды (Ууама, 2008:104). Бұл принципке 1975 жылы сырқы істер министрі Миядзава Киичидің: «Қазір Жапония саяси тұрақты, үлкен экономикалық держава болып табылады. Әртүрлі тұрақсыз факторлар мен құбылмалы жағдайлары бар Азияда Жапонияның бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу үшін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы барлық елдермен өзара түсіністік қатынастарын сақтау қажеттігін білдіреді. Жапония Оңтүстік-Шығыс Азияны тұрақтандыруға өз үлестерін қоса алады және осы аймақтағы кей елдер біздікінен өзгеше саяси жүйеге ие болғанымен, осы саладағы барлық елдермен достық қарым-қатынасты қолдайды» деген сөзі дәлел бола алады (Hirata, 2001: 20). Жапонияның ұстанған достық, өзара көмек саясаты оның 1972 жылы Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынасын орнатуынан, 1970 жылдары Камбоджияда бейбітшілікті орнату мен қайта қалпына келтіру жұмыстарына белсенді атсалысып, көмектесуінен және тағы да басқа істерінен анық байқалады.

Кеңес үкіметі кезінде кеңестік Орта Азия мемлекеттері Жапонияның үлкен қызығушылығының объектісіне айналған емес. Қазақ интеллигенциясының басым бөлігі жапон тыңшылары деген айыппен абақтыға қамалып, итжеккенге айдалғанымен, шын мәнінде Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы белсенді байланыс Кеңес Одағының ыдырап, оның құрамына кірген әр мемлекеттің тәуелсіздік алған кезінен басталады. Оған дейін Жапонияның бұл аймақта өзінің саясатын жүргізуге не себебі не мүмкіндігі болмады. Бір қызығы Орта Азия мемлекеттері тәуелсіздік алып, әрқайсысы жеке саясатын жүргізе бастағаннан кейін де, Жапония бұл аймақты өзінің сыртқы саясатында Еуропаның бір бөлігі ретінде қарастырды. Ресей, Оралық Азия, Кавказ елдері кіретін пост кеңестік мемлекеттер мен Қытайға қатысты Жапонияның алғашқы саясаты 1997 жылы 24 шілдеде премьер министр Хашимото Рютароның «Еуразиялық дипломатия» атты баяндамасында анық сипатталды. Аталмыш баяндамада Ресей мен Орта Азия елдеріне қатысты дипломатия әр түрлі бөлімдерде баяндалды. Бұл сол кезде Жапонияның Орта Азия елдеріне деген саясаты, жас мемлекеттерді қабылдауы өзгеше болғанын көрсетеді. Бір жағынан жапондар бұл елдерді азиялық түбі бір мемлекеттер ретінде жақын тартып, азияшылдық саясатын жүргізу ниетін білдірсе, екінші жағынан Орталық Азия елдері арасында жапондық экономикалық даму моделін енгізу мүддесінің де болғанын көрсетеді. Бұдан осы аймақтағы саясаты соғыстан кейінгі Жапонияның Азия құрлығындағы экономикалық дамуға ерекше рөл атқару дипломатиясымен үндесіп жатқанын байқаймыз. Кеңестік жүйеден жаңа босаған жас мемлекеттерге қатысты саясаттың тағы бір бағдары – Орталық Азияда демократияны орнатудың қажеттілігін атап, оны жүзеге асыруға атсалысу болды.

Орта Азияға қатысты Жапон үкіметі жүргізген саясаттың екінші кезеңі 2004 жылы қабылданған «Орта Азия+Жапония» диалогы болды. Бес мемлекетке қатысты көпвекторлы саясат пен аймақтық үйлестіру, интеграцияға атсалысуға бағытталған бұл саясат келесі үш қағидаға негізделді: әртүрлілікті құрметтеу, кооперативті бәсекелестік және үшінші тараптардың қатысуы үшін ашықтық таныту. 2004 жылы 28 тамызда Астанада сыртқы істер министрлерінің басқосуында аталмыш бастама жайлы баяндаған Жапонияның сыртқы істер министрі Кавагучи Орталық Азия елдері арасындағы аймақаралық ынтымақтастық экономикалық тұрғыдан өміршең, кең көлемдегі нарықтың пайда болуына мүмкіндік туғызатындығын айтты. Осы мақсатта мәжіліске қатысушылар Орталық-Азиялық ортақ нарықты кезең-кезеңімен құру жөніндегі бастаманы іске асырудың маңыздылығын атап өтіп, бұл аймақтың қолда бар әлеуетін неғұрлым толық пайдалануға, оның тұрақты дамуы мен аймақтық ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал етудегі маңыздылығын атап өтті (Kawaguchi, 2004: 3). Екінші кезең сыртқы істер министрі Асо Тароның 2006 жылы «Оралық Азия – бейбітшілік пен тұрақтылықтың дәлізі» атты баяндамасында көрініс тапқан

«Бостандық пен өркендеу доғасы» идеясы болатын. Бұл екі кезең Хашимото негізін қалап кеткен саясаттың жалғасы болып табылатындықтан, осы мақалада Хашимотоның ұсынған дипломатиясы негізінде Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстардың орнап, дамуы қарастырылады.

1991 жылдың 28 желтоқсанда Жапония Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындағанан кейін, екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылы 26 қаңтарда басталды (<http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/dvustoronnie-otnosenia>). Осы байланыстың нәтижесінде Жапония 1993 жылы Алматы қаласында өз Елшілігін, 2001 жылы қаңтар айында Астана қаласында Елшіліктің бөлімін ашты. 2005 жылы қаңтар айынан бастап ресми түрде Жапония Елшілігі Алматы қаласынан Астана қаласына (Нұр-Сұлтан қаласына) көшіріліп, Алматы қаласында Елшіліктің бөлімі ашылды (<https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm>). 1996 жылы ақпан айында Токио қаласында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылды. Тиімді әрі нәтижелі қатынастардың негізінің қалануына екі елдің Сыртқы істер министрлерінің 1992 жылы Қазақстан мен Жапонияда ресми іс-сапарда болулары негіз болса, ал Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға 1994 ж., 1999 ж., 2008 ж., 2016 ж., ал Жапония Премьер-министрлері Д.Коидзуми 2006 ж., С.Абэнің 2015 ж. Қазақстанға ресми іс-сапарлары екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты нығайта түсті (<http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/dvustoronnie-otnosenia>).

1994 жылғы 6-9 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға сапары Қазақстан-Жапон қатынастарының негізін қалауға үлкен ықпал жасады. Сапардың қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдемеге қол қойылып, КСРО мен Жапония арасындағы шарттар мен келісімдерді тану туралы жазбалармен (нота) алмасу болды. Саяси құжатта Жапония Қазақстанның жүргізіп жатқан реформаларын қолдайтындығын атап өтті. Екіжақты қатынастардың дамуына маңызды серпін 1999 жылы 5-8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жапонияға жасаған екінші сапарымен байланысты. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы достық, серіктестік және ынтымақтастық туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойылып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің деңгейі айқындалды. Сондай-ақ, саяси, экономикалық, энергетикалық, экологиялық, мәдениет саласындағы байланыстардың дамуына 1992 жылы дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан бері әр жылдары екі елдің жауапты тұлғаларының ресми іс-сапарларының да маңызы өте жоғары екені белгілі. Атап айтқанда, Қазақстанға Жапониядан келген министрлер мен үкімет өкілдері төмендегідей:


- Сыртқы істер министрі.
- Экономикалық жоспарлау министрі.
- Шетел істері жөніндегі министрі мен Вице-министрі.
- Экономика, сауда және өнеркәсіп министрі.
- Жапония Парламентінің Өкілдер және Кеңесшілер Палаталарының депутаттары.
- Жапон Федерациясы экономикалық ұйымдарының төрағалары.

Ал, Қазақстаннан Жапонияға ресми іс-сапармен барған мемлекет қызметкерлері:

- Сыртқы істер министрі.
- Экономика және сауда министрі.
- Шетел істері жөніндегі министрі.
- Индустрия және сауда министрі.
- Ауылшаруашылығы министрі.
- Мәдениет және ақпарат министрі.
- Парламент палаталарының төрағалары.

Қазақстанға Жапониядан келген ресми тұлғалардың қызмет бағыттарынан олардың негізгі ұстанымдары экономикамен тығыз байланысты екенін байқауға болады.

Жоғарыда атлған Хашимотоның Жапондық экономикалық ойлау қоғамының трибунасынан баяндаған «Еуразиялық дипломатия» баяндамасында Орталық Азия аймағына қатысты дипломатиялық саясатты үш бағытқа бөлді:



Осы саясатты жүзеге асыруда Жапония мен Қазақстан арасында біршама істер атқарылды.

Бірінші бағыт бойынша (сенім мен өзара түсіністікті тереңдету үшін саяси диалог):

Жоғарыда атап өткен шетел істері жөніндегі министрлердің қатысуымен өткізілген 2004 жылы Орталық Азия+Жапония диалогына Жапонияның бастама жасауы осының көрінісі деп білеміз (<https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm>). Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты Сасакава бейбітшілік қорымен (Жапония) бірлесіп 2006 жылы 5 желтоқсан айында «Қазақстан-Жапония ынтымақтастығы: жағдайы және болашағы» тақырыбындағы дөңгелек үстелде де көтерілген. Бұл жиында қазақстандық және жапондық сарапшылардың Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен өзекті мәселелері, екі елдің Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы және Орталық Азия+Жапония диалогы аясындағы серіктестікті дамыту мәселелері қарастырылған болатын (<http://www.kisi.kz/index.php/ru/2007-god/880-kazakhstansko-yaaponskoe-sotrudnichestvo-sostoyanie-i-perspektivy-materialy-mezhdunarodnogo-kruglogo-stola-5-dekabrya-2006-g-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2007-87s>).

«KUSANONE (Шөп тамырлары)» – адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шағын әлеуметтік жобаларға өтеусіз көмек бағдарламасы. Бұл Жапония Үкіметінің – жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, аймақтық мектептерді, медициналық және басқа да мекемелерді, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктер мен қорларды қаржыландыруға арналған бағдарламасы. Бағдарлама адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы қарапайым адамдарға көмектесуге бағытталған. Осы бағдарлама бойынша 1997 жылдан бастап Қазақстанда 6,035 миллион АҚШ доллары сомасына 92 жоба мақұлданды (https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/cooperation.html).

Екінші бағыт бойынша (экономикалық ынтымақтастық және аймақтың өркендеуін қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды игерудегі ынтымақтастық):

Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық негізінен Жапония үкіметінің Дамуға ресми көмек (ДРК) бағдарламасы аясында қайтарымсыз қаржылық көмек (гранттар), техникалық көмек және жеңілдетілген несиелер түрінде жүзеге асырылады. Жапония мен Қазақстан арасындағы техникалық ынтымақтастық туралы келісімге 2004 жылдың тамызында қол қойылды. Йен несиелері темір жолдар, көпір салу, әуежайларды жөндеу және автомобиль жолдарын жөндеу сияқты экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына, оның ішінде 1995 жылы қол қойылған «Теміржол көлігінің әлеуетін арттыру жоспары» жобасын жасауға ықпал етті. Оған қоса елорданың сумен жабдықтау жүйесі мен кәрізді тазарту құрылыстарын жақсарту үшін Астана сумен жабдықтау және канализацияны дамыту жоспары жүзеге асырылды. 2010 жылғы тамызда Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастығы (ОААЭЫ) логистикалық дәлізді (Жамбыл) дамыту жоспарында Азия даму банкімен бірлесіп қаржыландыруға арналған алмасу хатына қол қойылды. Қазіргі уақытта Қазақстанға орташа табыс деңгейі бар елдерге несие берудің мақсатты бағыттары төрт бағытпен шектелген (https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryu/kuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf):



Жапонияның Қазақстан Республикасына бөлетін гранттық көмектері 1993 жылдан бастап беріліп, негізінен медицина және ауылшаруашылық салаларында жүзеге асырылды. Алайда, Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің өсуіне байланысты, 2014 жылдан бастап тоқтатылды.

Техникалық ынтымақтастық жобасы аясында 2000 жылы Алматы қаласында Жапон-Қазақстан адами ресурстарды дамыту орталығы құрылып, аталмыш орталықта жапон тілі курстары мен бизнес курстары ашылып, өзара түсіністікті алға жылжыту жобаларына бағытталған іс-шаралар атқарылып келеді. Бұл іс-шаралар Қазақстанда нарықтық экономиканың дамуына белсенді атсалысатын адами ресурстарды даярлауда өз үлесін қосуда.

Жапонияның ресми деректеріне сәйкес, Қазақстанға көрсетілетін ДРК-нің негізгі саясаты – Қазақстанның даму мақсатында алдына қойған мәселелерін шешуге көмектесіп, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуын қолдау, атап айтқанда:

1. Елдегі нарықтық экономиканы одан әрі ілгерілету, экономикалық дамуды қолдау және макроэкономикалық тұрақтылық пен мемлекеттік сектордың тиімділігі арқылы көмек алу қабілеттілігін нығайту.

2. Тұрақты экономикалық өсу арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған өзіндік күш-жігерді қолдау мақсатында жергілікті экономиканы көтеруге бағытталған қолдауды қамтамасыз ету.

3. Қазақстанның меншігін және елдің экономикалық жағдайын қолдауды жалғастыра отырып, елдегі адам ресурстарын дамытуға баса назар аудару.

4. Аз мөлшерде қолдауды көздегенмен, жоғары нәтиже береді деп күтілетін «Kusanone» адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шағын әлеуметтік жобаларға өтеусіз көмек грантын тиімді пайдаланып, Жапонияның ДРК бағдарламасын Қазақстанда кеңінен тарату үшін күш-жігер жұмсау.

Сыртқы істер министрлігінің Қазақстанға қатысты көрсетілетін ДРК бағдарламасы баяндалған ресми құжатында көмек көрсетілетін негізгі бағыттар да көрсетілген, олар:

1. Тұрақты экономикалық өсуге ықпал ету.

2. Көлік, экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту арқылы аймақтық теңсіздіктерді төмендету.

3. Қоршаған ортаны сақтау / климаттың өзгеруі бойынша іс-шаралар қабылдау.

4. Өңірлік ынтымақтастықты ілгерілету. (https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryokuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf, [p.210](#))

ДРК бойынша Жапония Қазақстан үшін ең ірі донор ел болып табылады. Жапонияның Сыртқы істер министрлігінің ресми деректеріне сүйенсек, 2006-2016 жылдар аралығында Жапонияның Қазақстан Республикасына бөлген өтімсіз гранттары 5,42 млрд. йена (2019 жылдың бағамымен есептегенде шамамен 49,7 млн АҚШ доллары), техникалық ынтымақтастық аясында көрсеткен қаржылай көмегінің мөлшері 411 млрд. йена (2019 жылдың бағамымен есептегенде шамамен 377 млн АҚШ доллары), ал төмен пайыздық мөлшермен алынған несиелер 63,61 млрд. жапон йенасын (2019 жылдың бағамымен есептегенде шамамен 584 млн АҚШ доллары) құрайды (Жапонияның Сыртқы істер мин. ресми сайты https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryokuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf және <https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/files/000367699.pdf#page=155>).



Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми деректеріне сәйкес, 1993 жылы шығарылған Халықаралық Валюта Қорының төлем балансы жөніндегі нұсқаулығының 5-ші басылымына сәйкес қалыптастырылған Қазақстан Республикасына шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны, оның ішінде Жапониядан келген инвестициялар көлемін әкелінген жылдары бойынша тізіп шықсақ, төмендегідей нәтижені байқаймыз (<https://nationalbank.kz/?docid=523&switch=kazakh>):

Уақыт аралығында, млн. АҚШ долл.

Мемлекет	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001	2002	2003
ЖАПОНИЯ	12,0	30,0		12,0	227,4	4,3	18,1	32,1	59,6	96,1

Уақыт аралығында, млн. АҚШ долл.

Мемлекет	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
ЖАПОНИЯ	178,5	335,0	342,6	405,3	456,6	588,5	619,3	629,4	417,0

2002 жылы 12 сәуірде Жапонияның Премьер-Министрі Дзюнитиро Коидзуми Боаос Форумда (ҚХР) үлкен энергетикалық әлеуеті бар Азияның қажеттіліктерін энергоресурстармен сенімді қамтамасыз ету үшін Орталық Азия аймағының елдерімен қарым-қатынасты дамыту қажеттілігін ерекше атап өткен болатын. Осы орайда 2002 жылы шілде айында «The Silk Road Energy Mission» атты арнайы энергетика саласында ынтымақтастықты дамыту мақсатында Жапонияның Шетел істері жөніндегі Жоғарғы Вице-министрі С.Сугиура мырза Қазақстанға арнайы іс-сапармен келді (<https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm>). «Энергетикалық миссия» мүшелері (Жапония үкіметі мен іскер топтарының өкілдері) Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар, индустрия және сауда министрліктерінде кездесулер өткізіп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары К.Мәсімовтың басшылығымен өткізілген энергетика мәселесіне қатысты семинарға қатысты.

Жалпы алғанда Жапонияның Қазақстанға көрсеткен қаржылай көмектері тікелей инвестициялар, жоғарыда аталған түрлі гранттар және Жапония мүшесі болып саналатын халықаралық ұйымдар арқылы

жүзеге асып отырды. Сондай халықаралық ұйымдардың қатарына Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЕЭЫДҰ) жатады. Негізгі мақсаты мүше мемлекеттердегі қаржы тұрақтылығын сақтау арқылы, олардың экономикалық дамуын қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамтуды жақсарту, тұрмыс жағдайын көтеруді көздейтін ЕЭЫДҰ-ның ресми деректеріне сәйкес, 2005-2009 жылдар аралығында осы ұйым арқылы Қазақстанға қолдау көрсеткен алғашқы бестіктің ішінде Жапония үздіксіз кіріп келген (https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryo/kuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf -):

млн.АҚШ долл.

Жылдар	1 орын	2 орын	3 орын	4 орын	5 орын	Оның ішінде Жапония	Барлығы
2005 жыл	Жапония 66.17	АҚШ 51.58	Германия1 4.10	Корея 3.68	Франция 2.57	66.17	149.89
2006 жыл	АҚШ 51.50	Жапония 24.87	Германия 11.30	Франция 2.96	Корея 2.64	24.87	98.65
2007 жыл	АҚШ 77.65	Германия 49.58	Жапония 43.31	Франция 3.54	Норвегия 2.46	43.31	183.00
2008 жыл	АҚШ 157.57	Жапония 37.90	Германия 18.40	Ұлыбритания 5.42	Норвегия 4.88	37.90	233.05
2009 жыл	АҚШ 97.31	Жапония 37.13	Германия 17.52	Ұлыбритания 6.95	Корея 5.52	37.13	172.26

Жапонияның Қазақстанға ЕЭЫДҰ аясында қаржылай көмек көрсетуі мемлекетіміздің әлеуетінің артып, аталмыш ұйымның донорлары қатарына қосылғанына дейін жалғасып келді. 2015 жылы Қазақстан ресми түрде ЕЭЫДҰ қатарына қабылданғанға дейін соңғы бесжылдықтың ішінде мемлекетімізбен экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырып келген алғашқы бестіктің қатарынан Жапония табылып, белсенділігін жоғалтпағанын ЕЭЫДҰ-ның статистикалық мәліметтерінен байқаймыз (<https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/files/000367699.pdf#page=155>):

Жылдар	1 орын	2 орын	3 орын	4 орын	5 орын	Оның ішінде Жапония	Барлығы
2011 жыл	АҚШ 21.58	Жапония 19.78	Германия 17.29	Франция 3.32	Норвегия 2.93	19.79	75.01
2012 жыл	Жапония 30.89	АҚШ 23.04	Германия 15.53	Ұлыбритания 5.22	Франция 3.28	30.89	85.61
2013 жыл	Жапония 36.99	АҚШ 29.70	Германия 14.91	Франция 4.08	Ұлыбритания 3.17	36.99	95.67
2014 жыл	АҚШ 30.54	Германия 14.47	Франция 4.82	Жапония 3.18	Ұлыбритания 3.11	3.18	61.73
2015 жыл	АҚШ 18.70	Германия 13.72	Ұлыбритания 8.45	Франция 5.33	Австралия 1.76	1.70	53.38

2019 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша Қазақстанда жапондықтардың қатысуымен 74 заңды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер тіркелген. Олардың ішінде 48 компания мұнай, газ, мұнай химиясы, металлургия, қаржы, тау-кен өнеркәсібі, автокөліктердің көтерме бағада сатылуы, электр байланыс, жабдықтардың көтерме саудасы, ағаш дайындау, логистика, медицина, ауылшарушылығы және т.б. салаларда қызмет етеді (<http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/ekonomiceskoe-sotrudnicestvo>).

Үшінші бағыт бойынша (аймақтағы ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтандыру арқылы бейбітшілікке қол жеткізу):

Жапония Қазақстанның ядролық қарусыздану мен оны таратпау жөніндегі ұстанымын қолдаған дамыған елдердің бірі болып табылады. Жапония дамыған елдердің ішінде 29 тамызды - «Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн» деп жария еткен БҰҰ БА қарауының жалғыз тең авторы болды (<http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/dvustoronnie-otnosenia>). 1999 ж. қыркүйекте Токио қаласында бұрынғы Семей полигонының проблемалары жөніндегі ірі халықаралық конференцияны өткізудің бастамашысы болды. 1998 ж. наурызынан бастап екі ел мамандарынан құралған жұмыс тобымен Қазақстан Республикасы аумағындағы ядролық сынақтардың зардаптарын зерделеуге қатысты бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі

таңда Семей, Хиросима және Нагасаки қалаларының медициналық және қоғамдық мекемелері арасында тығыз байланыстар орнатылған (<http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/kulturno-gumanitarnoe-sotrudnicestvo>). 2007 жылы 30 сәуірде Жапонияның Экономика, сауда және өнеркәсіп министрі А.Амари іс-сапармен Қазақстанда болып Премьер-Министр К.Мәсімовпен атом энергиясы бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы стратегиялық серіктестік нығайту туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. 2007 жылғы тамызда Жапония Премьер-министрі Дзюньитиро Коидзумидің Қазақстанда іс-сапарда болып, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевпен Қазақстан мен Жапония арасындағы достықты, серіктестік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы бірлескен мәлімдемеге және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумға қол қойды (Rakhimov, 2014: 80).

Энергетикалық серіктестік екі елдің экономикалық қатынастарының негізі болып табылады, онда атом энергетикасы маңызды рөл атқарады. «Қазатомпром» ұлттық атом компаниясы және Жапонияның ірі компанияларының бірі Sumitomo Corporation бірлесіп «Summit Atom Rare Earth Company» (SARECO) бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойды. Жоба сирек кездесетін металдарды, негізінен Шығыс Қазақстандағы пайдалы қазбалар кен орындарын өндіруге және өңдеуге арналған кеніш пен байыту кешенін салуды көздейді (Rakhimov, 2014: 80).

2019 жылдың 1 қазанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында «Сіз бағалайтынның бәрі – ядролық қарудан азат әлем үшін» халықаралық көшпелі көрмесінің салтанатты тұсаукесері өтті. Іс-шараны Жапониядағы Қазақстан Республикасы елшілігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, «Soka Gakkai International» (SGI), Ядролық қаруды жоюды қолдайтын Халықаралық компания (ICAN) ұйымдастырды. Көрменің ашылу салтанатында сөз алған Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Тацукихо Касаи «Атом бомбасынан зардап шеккен Жапония мен Қазақстанның тарихы ортақ» деп атап өткен болатын (<http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3961-eksperty-kisi-prinyali-uchastie-v-tseremonii-otkrytiya-mezhdunarodnoj-peredvizhnoj-vystavki-vse-chto-vy-tsenite-za-mir-svobodnyj-ot-yadernogo-oruzhiya-2>).

2019 жылғы 2 қазанда ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында бейбітшілікті қорғау, білім және мәдениет саласында қызмет атқаратын Сока Гаккай Интернэшнл (Жапония) халықаралық ұйымының делегациясымен сараптамалық кездесу өтті. Іс-шараға қатысушылар Еуразия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық қарусыздану және таратпау, сондай-ақ Орталық Азия+Жапония диалогтық алаңы аясындағы көпжақты ынтымақтастық саласындағы елдердің өзара іс-қимылын нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ мен Сока Гаккай Интернэшнл халықаралық ұйымы арасындағы әріптестікті одан әрі дамытуға бейімділігін растады (<http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3968-r-prezidentini-zhanyn-da-y-szi-da-soka-gakkaj-interneshnl-delegatsiyasymen-kezdesu-tti>).

Қорытынды

Қорытындылай айтқанда Жапония мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық, саяси байланыстардың орнауы еліміздің тәуелсіздік алуымен басталып, әр кезеңде жаңа қарқында дамып отырды. Жапонияның Орта Азия, оның ішінде Қазақстанға қатысты саясаты оның соғыстан кейінгі жалпы сыртқы саясатындағы азияшылық бағытымен үндеседі. Сонымен қатар, Азияның экономикалық дамуында жетекші рөл атқару, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, өзара түсіністік қатынастарын орнату ниетіне негізделеді. Жапонияның Қазақстанға қатысты саясатының негізінде еліміздегі нарықтық экономиканы одан әрі ілгерілету, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған өзіндік күш-жігерді қолдау, адам ресурстарын дамыту жатыр. Бұл «Еуразиялық дипломатия» ресми диалогының бағдарламасынан, ДРК-ң негізгі саясатынан анық байқалады. Екі ел арасындағы өзара ынтымақтастықта экономика саласындағы байланыс ерекше орын алады, бұған дипломатиялық қарым-қатынастың дамуы барысында екі елден келген билік өкілдерінің негізінен осы сала қызметкерлері екендігінен байқаймыз. Дегенмен экономика саласындағы ынтымақтастық айтарлықтай нәтиже берді деп айтуға әлі ерте. Себебі Қазақстанның энергетикалық ресурстары мен Жапонияның экономикалық және технологиялық даму деңгейін ескерсек, әлі де бар мүмкіндіктің толыққанды пайдаланылмай отырғандығын көруге болады. Бұл тұста тежеуіш болып отырған мәселелерді бөлек қарастырған орынды болар. Қазақстанның экономикалық дамуына Жапонияның қосқан үлесі еліміздің әлеуетінің асып, ЕЭБДҰ донорлары қатарына қосылғанына дейін өте қарқынды қаржылай көмек көрсетуі арқылы жүзеге асып келді.

Екі елдің ынтымақтастығын бекітетін тағы бір мәселе – ядролық қарусыздандыру, бейбітшілікті қолдау. Бұл тұста тарихы ортақ Семей, Хиросима, Нагасаки қалаларының медицина саласындағы байланыстары да маңызды рөл ойнайды.

Жалпы алғанда екі мемлекет арасындағы байланыстың орнап дамуына жиырма жылдан астам уақыт өткенімен, екі жақтан да белсенділіктің әлі де болса қажетті деңгейде болмай тұрғанын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уразбаева Ф.П. (2008) Қазақстан-Жапон қатынастары (1992-2007): тарих ғыл. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайынд. диссертация, 140 б.
2. Дүйсебаев О. (2002) Казахстан и Япония: сотрудничество в области социальной жизни и культуры //Информационно-аналитический журнал Саясат, № 6 (июнь), с. 46-49.
3. Дүйсебаев О.Б. (2002) Политические аспекты казахстанско-японских отношений: диссер. на соис. учен. степ. канд. полит. наук, Алматы, 132 с.
4. Sadykova R. (2013) Japan's Policy towards the Countries of Central Asia. World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, vol:7, no:8, pp. 2247-2249.
5. Ашинова, Ж.; Темирғали С. (2018) Формирование имиджа Японии в регионе Центральной Азии. Вестник КазНУ. Серия историческая, т. 90, № 3, стр. 153-159.
6. Uyama T. (2003) "Japanese Policies in Relation to Kazakhstan: Is There a 'Strategy'?", in Thinking Strategically. The Major Powers, Kazakhstan, and the Central Asian Nexus. Ed.by R. Legvold. The MIT Press, Cambridge (Mass.), London, pp. 165-186.
7. Uyama T. (2008) Japan's Diplomacy towards Central Asia in the Context of Japan's Asian Diplomacy and Japan-U.S. Relations in Len C., Uyama T., Hirose T. eds. Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead, Singapore, pp. 101-120
8. Hirata, K. (2001). Cautious Proactivism and Reluctant Reactivism: Analyzing Japan's Foreign Policy toward Indochina in Y. Sato and A. Miyashita (eds.), Japan's Foreign Policy in Asia and the Pacific: Domestic Interests, American Pressure, and Regional Integration. New York: St. Martin's Press. Retrieved from: <http://www.csun.edu/~kh246690/indochina.pdf>
9. Ministry of Foreign Affairs of Japan, "Policy Speech by Ms. Yoriko Kawaguchi, Minister for Foreign Affairs of Japan Joint Statement at the "Central Asia plus Japan" Dialogue/Foreign Ministers Meeting - Relations between Japan and Central Asia enter a New Era - (August 28, 2004) Retrieved from: <https://www.mofa.go.jp/region/europe/dialogue/joint0408.pdf>
10. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/dvustoronnie-otnosenia>
11. <https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm>
12. <http://www.kisi.kz/index.php/ru/2007-god/880-kazakhstansko-yaponskoe-sotrudnichestvo-sostoyanie-i-perspektivy-materialy-mezhdunarodnogo-kruglogo-stola-5-dekabrya-2006-g-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2007-87s>
13. https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/cooperation.html
14. https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryu/kuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf
15. <https://nationalbank.kz/?docid=523&switch=kazakh>
16. <https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/files/000367699.pdf#page=155>
17. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/ekonomiceskoe-sotrudnicestvo>
18. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/kulturno-gumanitarnoe-sotrudnicestvo>
19. Rakhimov M. (2014) Central Asia and Japan: Bilateral and multilateral relations. Journal of Eurasian Studies, vol. 5, pp.77-87.
20. <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3961-eksperty-kisi-prinyali-uchastie-v-tseremonii-otkrytiya-mezhdunarodnoj-peredvizhnoj-vystavki-vse-chto-vy-tsenite-za-mir-svobodnyj-ot-yadernogo-oruzhiya-2>
21. <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3968-r-prezidentini-zhanynda-y-szi-da-soka-gakkaj-interneshnl-delegatsiyasymen-kezdesu-tti>

References:

- 1.Urazbaeva F. P. (2008) Kazakh-Japanese relations (1992-2007): historical sciences. Kand. academic degree. prepare to receive. dissertation, 140 P.
2. Duisebayev O. (2002) Kazakhstan and Japan: cooperation in the field of social life and Culture //Information and analytical journal Politics, No. 6 (June), pp. 46-49.
3. Duisebaev O. B. (2002) political aspects of the Kazakh-Japanese relations: disser. "what's the matter?" "what?" step. Kand. Polit. Nauk, Almaty, 132 P.
4. Sadykova R. (2013) Japan's Policy towards the Countries of Central Asia. World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, vol:7, no:8, PP. 2247-2249.
5. Ashinova zh.; Temirgali S. (2018) shaping the image of Japan in the region of Central Asia. Kaznu Bulletin. Historical Series, Vol. 90, No. 3, STR. 153-159.
6. Uyama T. (2003) "Japanese Policies in Relation to Kazakhstan: Is There a 'Strategy'?", in Thinking Strategically. The Major Powers, Kazakhstan, and the Central Asian Nexus. Ed.by R. Legvold. The MIT Press, Cambridge (Mass.), London, PP. 165-186.

7. Uyama T. (2008) *Japan's Diplomacy towards Central Asia in the Context of Japan's Asian Diplomacy and Japan-U.S. Relations in Len C., Uyama T., Hirose T. eds. Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead, Singapore, pp. 101-120*
8. Hirata, K. (2001). *Cautious Proactivism and Reluctant Reactivism: Analyzing Japan's Foreign Policy toward Indochina in Y. Sato and A. Miyashita (eds.), Japan's Foreign Policy in Asia and the Pacific: Domestic Interests, American Pressure, and Regional Integration. New York: St. Martin's Press. Retrieved from: <http://www.csun.edu/~kh246690/indochina.pdf>*
9. Ministry of Foreign Affairs of Japan, "Policy Speech by Ms. Yoriko Kawaguchi, Minister for Foreign Affairs of Japan Joint Statement at the "Central Asia plus Japan" Dialogue/Foreign Ministers Meeting - Relations between Japan and Central Asia enter a New Era - (August 28, 2004) Retrieved from: <https://www.mofa.go.jp/region/europe/dialogue/joint0408.pdf>
10. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/dvustoronnie-otmosenia>
11. <https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm>
12. <http://www.kisi.kz/index.php/ru/2007-god/880-kazakhstansko-yaponskoe-sotrudnichestvo-sostoyanie-i-perspektivy-materialy-mezhdunarodnogo-kruglogo-stola-5-dekabrja-2006-g-almaty-kisi-pri-prezidente-rk-2007-87s>
13. https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/cooperation.html
14. https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/shiryokuni/11_databook/pdfs/03-02.pdf
15. <https://nationalbank.kz/?docid=523&switch=kazakh>
16. <https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/oda/files/000367699.pdf#page=155>
17. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/ekonomiceskoe-sotrudnicestvo>
18. <http://mfa.gov.kz/kz/tokyo/content-view/kulturno-gumanitarnoe-sotrudnicestvo>
19. Rakhimov M. (2014) *Central Asia and Japan: Bilateral and multilateral relations. Journal of Eurasian Studies, vol. 5, pp.77-87.*
20. <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3961-eksperty-kisi-prinyali-uchastie-v-tseremonii-otkrytiya-mezhdunarodnoj-peredvizhnoj-vystavki-vse-cto-vy-tsenite-za-mir-svobodnyj-ot-yadernogo-oruzhiya-2>
21. <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2019-zhyl/3968-r-prezidentini-zhanynda-y-szi-da-soka-gakkaj-interneshnl-delegatsiyasy-men-kezdesu-tti>

ӘӘЖ574

ГРНТИ 03.01.20 <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.19>

Сутеева Х.А.¹

¹д.и.н., профессор кафедры «Всемирной истории» КазНПУ имени Абая

ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКАЯ ПОЛИТИКА РОССИИ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА: «ИЛИЙСКИЙ ВОПРОС» В РУССКО-КИТАЙСКИХ ОТНОШЕНИЯХ И ЕГО РАЗРЕШЕНИЕ

Аннотация

В данной статье, актуальность исследования которой обуславливается необходимостью разоблачений искажений китайскими и некоторыми западными историками политики России в Илийском крае в 1871-1881 гг., на основе русских обширных архивных документов, взятых из фондов Архива Внешней Политики России (АВПР), Центрального Государственного Военно-Исторического Архива (ЦГВИА), Центрального Архива (ЦГА) КазССР и материалов русской дореволюционной печати, взятой из Рукописного отдела, бывшей библиотеки им. В.И. Ленина и, впервые введенной в научный оборот, рассматриваются причины возникновения «Илийского кризиса» в русско-китайских отношениях второй половины XIX, история временного занятия Илийского края русскими войсками, политика России в занятом крае, оценка этой политики и значение этого события для судьбы жителей края.

Ключевые слова: наместничество Синьцзян, «Илийский вопрос», Архив Внешней Политики России (АВПР), дунгано-уйгурское национально-освободительное движение, Илийский султанат, временная оккупация, Санкт-Петербургский договор, добровольное переселение.

Х.А. Сутеева¹

т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ "дүние жүзі тарихы" кафедрасының профессоры

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ САЯСАТЫ: ОРЫС-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ "ІЛЕ МӘСЕЛЕСІ" ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШІМІ

Аңдатпа

Бұл мақалада, зерттеудің өзектілігі 1871-1881 жж. Іле өлкесіндегі Ресей саясатының Қытай және кейбір батыс тарихшыларының бұрмалануын анықтау қажеттілігімен байланысты, ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген, Ресей сыртқы саясат мұрағатынан (АВПР), Орталық мемлекеттік Әскери-тарихи мұрағатынан (ЦГВИА), ҚазКСР Орталық мұрағатынан (ЦГА) алынған құжаттар және бұрынғы Мәскеудегі В.И. Ленин атындағы кітапхананың Қолжазба бөлімінен алынған орыс революцияға дейінгі баспа материалдары негізінде, XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс-қытай қатынастарындағы «Іле дағдарысының» пайда болу себептері, орыс әскерлерімен Іле өлкесінің уақытша алу тарихы, Ресейдің бұл өлкедегі жүргізген саясаты, осы саясатты бағалау және осы оқиғаның өлкенің тұрғындарының тағдыры үшін маңызы қарастырылады.

Кілт сөздер: Шыңжаң губернаторлығы, «Іле сұрақ», Ресейдің сыртқы саяси мұрағаты, дүнген-ұйғыр ұлт-азаттық қозғалысы, Іле сұлтандығы, уақытша басқыншылық, Санкт-Петербург келісімі, өз еркімен қоныс аудару.

Suteeva H.A.

doctor of historical Sciences, Professor of chair "world history" KazNPU named after Abai

**CENTRAL ASIAN POLICY OF RUSSIA IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY:
THE "ILI QUESTION" IN RUSSIAN-CHINESE RELATIONS AND ITS RESOLUTION**

Abstract

In this article, the relevance of the study which is due to the need of the revelations of the distortion of Chinese and some Western historians of Russia's policy in the ili region in 1871-1881 he, on the basis of extensive Russian archival documents taken from the archives of the Foreign Policy of Russia(AVPR), the Central State Military Historical Archive (TSGVIA), Central Archives(TSGA) of the Kazakh SSR and of the materials of pre-revolutionary Russian print, taken from the Manuscript Department of the former library. V.I. Lenin and, for the first time introduced into scientific circulation, discusses the causes of "the ili crisis" in Russian-Chinese relations in the second half of the nineteenth, the history of the temporary occupation of the ili territory by Russian troops, Russia's policy in the occupied territory, the evaluation of this policy and the importance of this event for the fate of the inhabitants of the region.

Keywords: Viceroyalty of Xinjiang, "ili question", archive of Russian Foreign Policy (AVPR), Dungan-Uyghur national liberation movement, ili Sultanate, temporary occupation, St. Petersburg Treaty, voluntary resettlement.

Временное занятие Россией в 1871-1881 годах Илийского края – части «Новой территории» Цинской империи – Синьцзяна, деятельность русской военной администрации в крае и возвращение его Китаю в 1881 году по Санкт-Петербургскому договору, явилось важным событием в истории русско-китайских отношений. Это один из интересных, сложных и острых эпизодов периода новой истории, ознаменовавшем, наряду с важнейшими событиями последней трети XIX века, конец доминирующей стадии капитализма.

По поводу «Илийского вопроса» (т.е. причин временного занятия Илийского края русскими войсками, политике России в занятом крае, оценке этой политики, значения этого события для судьбы жителей края) до сих пор ведутся споры, существуют различные точки зрения.

Актуальность исследования обуславливается необходимостью разоблачений искажений китайскими и некоторыми западными историками политики России в Илийском крае в указанный период. Впервые в отечественной литературе данный вопрос изучается на основе русских обширных архивных документов, взятых из фондов Архива Внешней Политики России(АВПР), Центрального Государственного Военно-Исторического Архива(ЦГВИА), Центрального Архива(ЦГА) КазССР и русской дореволюционной литературы.

В 1757-1759 гг. независимые суверенные государства. Джунгарское ханство и государство ходжей в Восточном Туркестане были завоеваны Китаем. В 1760 году было образовано наместничество Синьцзян, которое стало оплотом цинского владычества в этом регионе. В результате переселенческой политики Китая сюда были переселены уйгуры, дунгане. Цинские власти установили здесь жестокий колониальный режим. По мнению русского дореволюционного военного историка Д.А. Федорова «...под лапами китайского дракона убивался дух предприимчивости, стремление к возрождению, к усовершенствованию – все обрекалось мертвящему застою и удерживалось в рабском повиновении престолу» [1,63 с.]. В целом, как

признавали сами историки КНР (Фань-Вэнь-Лань, Шан Юэ и др.) население Синьцзяна страдало от гнета Цинской империи значительно больше, чем национальные меньшинства внутреннего Китая.

Сегодня туристская индустрия охватила не только Европу, которая является традиционным туристским центром, но и страны Америки, Африки, Азии и Австралии. Республика Казахстан известна своими уникальными природными и географическими условиями. Основные центры туризма в Южном Казахстане - Алматы, Джамбул, Кызылорда. Эта область славится древней историей и богатой культурой, о чем свидетельствуют такие известные памятники средневековой архитектуры как мавзолеи Аиша-Биби, Карахан, Бабаджа-Хатун в Таразе, архитектурный ансамбль Ходжа Ахмеда Яссави в Туркестане и т.д. Центрами туризма Западного Казахстана являются города Актобе и Атырау, область Мангыстау. Западная часть республики находится на перекрестке двух континентов – Европы и Азии, двух рек - Волги и Урала, в бассейне Каспийского моря. Заповедники и памятники древнего Мангышлака и Устюрта, а также незабываемые места, описанные в Казахском эпосе, привлекают сюда множество исследователей, историков, археологов и, конечно, туристов. Именно в регионе Южного Казахстана находится всемирно известный космодром Байконур. Туризм в Казахстане очень насыщен и разнообразен.* В более широком плане туристскую индустрию можно определить как межотраслевой комплекс, включающий: а) пассажирский транспорт (воздушный, водный, автомобильный, железнодорожный) с его разветвленной сетью технических служб; б) различные специализированные туристские предприятия и предприятия отраслей, не имеющих ярко выраженного туристского характера (в частности, транспортного машиностроения и автомобилестроения, топливной промышленности, капитального и дорожного строительства, местной промышленности по изготовлению сувениров, пищевой промышленности, многих отраслей сельского хозяйства и т.д.); в) широкую сферу услуг, которыми пользуется турист. Туризм – это индустрия, включающая в себя множество видов деятельности. Все сегменты индустрии туризма взаимосвязаны и зависят друг от друга. Например, успех горнолыжного курорта зависит от доставки лыжников на склоны, уровня размещения, питания и других услуг, предлагаемых туристам во время отдыха на курорте. Небольшие предприятия, соединенные с горнолыжными курортами, действуют как независимые предприятия, но на самом деле они зависят друг от друга. Эта зависимость требует совместных усилий, однако их бизнес конкурирует и борется за потребительский рынок, что затрудняет взаимодействие. Главные и крупнейшие города Северного Казахстана – Кустанай и Павлодар. Все здесь – от великолепной природы и чарующих пейзажей до мягкого климата –

отвечает требованиям даже самых взыскательных туристов, путешествующих как на автомобиле, так и пешком. Курорты Кокшетау, Баян-Аул, Муялды предлагают своим постояльцам прекрасные условия для отдыха, поправки здоровья, интересного досуга.

А природные заповедники «Коргалджин» и «Наурзум» будут весьма интересны для любителей «познавательного» туризма. Главные природные достопримечательности этого края – Алтайские горы, их лесистые предгорья, река Иртыш и прекрасные озера Зайсан, Маркакол, Саускан. Разнообразен и богат растительный и животный мир. Семипалатинская область – место рождения великого казахского поэта – Абая Кунанбаева и замечательного писателя Мухтара Ауэзова. Туризм в Казахстане именно в этих регионах открывает все красоты местной природы. Алаколь (Разноцветное озеро) – одно из самых редких озер в Казахстане. Оно расположено в юго-восточной части республики, на границе с Китаем. Озеро Алаколь – самое большое озеро в цепи озер Алаколь. Оно уникально в своей красоте и первозданной природе. Озеро расположено на высоте 347 метров над уровнем моря. В длину оно достигает 104 км, в ширину – 52 км. Берег озера утлан уникальной черной лечебной галькой. Вода озера Алаколь имеет ту же структуру, что и морская: сульфат-хлорид натрия. Вода озера – теплая, средняя летняя температура воды – 26 градусов. Вода озера обладает полезными свойствами при кожных заболеваниях: псориазе, экземе, нейродемите, крапивнице – доказано на практике, оказывает хороший лечебный эффект при артрите и заболеваниях нервной системы. Чудесные воды озера также улучшают общее физическое состояние человека. Долина озера Алаколь находится в зоне недостаточной влажности. Это способствует развитию хороших условий для больных с легочными заболеваниями. Туристы, приезжающие на озеро Алаколь могут остановиться в центре отдыха «Arktur», расположенном в Северо-восточной области Алматы, на юго-западном побережье озера. В современных условиях существуют различные формы деятельности человека, направленные на создание всеобщих благ и познание окружающего мира. С увеличением благосостояния населения возрастает естественная потребность человека в открытии новых для него миров, растет тяга к путешествиям. Путешествие это и есть туризм. Туризм это не только перемена мест, он включает многие правовые, экономические и социальные аспекты. Туризм напрямую зависит от роста доходов и уровня жизни населения. Как правило, чем более благополучная страна, чем стабильнее ее социально-экономическое положение в мире, тем выше доля населения, которая вливается в мировые туристские потоки, генерируя их рост. Туризм – сложное, разностороннее и многообразное явление, имеющее важное значение для развития экономики, политики и культуры как отдельного государства, так и ряда государств, различных по уровню развития экономики, политическому строю, системе государственного управления, идеологии, этническому составу населения, жизненному укладу. Оказывая значительное влияние на развитие национальной экономики и мировой торговли, международный туризм одновременно является фактором политической стабильности и развития государственности, источником позитивного валютного баланса во внешнеэкономическом обмене и реальным символом мирного прогресса [1].

Экономическое влияние туризма на экономику страны проявляется через показатели денежных потоков, направленных из страны и в страну, которые генерируются туристским экспортом и импортом. Большая часть доходов от экспорта туристских услуг поступает от прибывающих иностранных туристов, а также от продажи билетов на отечественный транспорт и другие услуги в стране пребывания.

Исторический анализ развития туризма в Казахстане чрезвычайно важен для определения вклада Казахстана в мировую экономику, политику и культуру, для оценки перспектив взаимовыгодного международного социально-экономического и культурного сотрудничества.

Изменились материальные условия жизнедеятельности, являющиеся экономическим фундаментом туризма, и этот экономический фактор существенно ограничил участие в туризме многих социальных слоев. Изменился баланс между астрономическим и рабочим временем, определяющий вне рабочее время, которое возможно для непреложных занятий и досуга. В ряде ведомств появились вместо одного годового два укороченных отпуска в разные сезоны. Изменились уровни информированности и образованности населения, общественного здоровья, урбанизации, характер трудовой и семейно-бытовой деятельности.

Международный и внутренний туризм в каждой стране базируется на социальной политике, которая связывает планы туристского развития с планами социально-экономического развития. Поэтому важно определить цели и ресурсы политики развития туризма, оценить воздействие этой политики на производство, потребление, окружающую природную и социальную среду.

Реализуя туристский продукт, страна формирует активный валютный баланс, компенсирует валютными поступлениями пассив по другим статьям платежного баланса, ускоряет инвестиционный

процесс, получает возможность развития остальных регионов и модернизации индустрии. Вывоза валюту в обмен на туристский продукт другой страны, государство создает пассивный платежный баланс, инвестируя капитал в экономику другой страны [2].

Основными направлениями деятельности различных стран в области международного туризма являются: развитие, модернизация и расширение материально-технической базы туризма, подготовка и воспитание кадров занятых в сфере туристской деятельности, популяризация и дальнейшие совершенствование организованного туризма, включая социальный и молодежный. Значительное внимание уделяется повышению экономической эффективности иностранного туризма, а также улучшению качества предоставляемых услуг. При этом существуют особенности в общественно-экономическом и культурном статусе туризма развитых и развивающихся стран.

Единообразное развитие мирового и казахстанского туризма устанавливается из наличия общих форм, методов и содержания туристской деятельности: индивидуальных и групповых туров, транспортного туризма с использованием гостиниц и турбаз, культурно-познавательного и других видов туризма, продвижения на рынок туристского продукта путем рекламы, выставок и других мероприятий, общественных и государственных турорганизаций, транспортных отраслевых турорганизаций, акционерных обществ, предприятий со смешанным иностранным и отечественным капиталом, филиалов за границей, частных и правительственных предприятий, правовой базы, идеологического обеспечения, туристских ресурсов в виде историко-культурных, природных, промышленных, лечебных и других объектов. Их общность устанавливается для разных исторических периодов и стран. Туризм для мирового сообщества уже давно является одной из наиболее доходных и интенсивно развивающихся отраслей, приносящей около 10% валового дохода. Во многих странах туризм входит в тройку ведущих отраслей страны, развивается довольно быстрыми темпами и имеет важное социальное и экономическое значение, так как: - увеличивает местный доход, создает новые рабочие места, развивает все отрасли, связанные с производством туристских услуг, развивает социальную и производственную инфраструктуру в туристских центрах, активизирует деятельность центров народных промыслов и развитие культуры, обеспечивает рост уровня жизни местного населения, увеличивает валютные поступления. Положительное влияние туризма на экономику государства происходит лишь в том случае, когда туризм в стране развивается всесторонне, т. е. не превращает экономику страны в экономику услуг. Другими словами, экономическая эффективность туризма предполагает, что туризм в стране должен развиваться параллельно и во взаимосвязи с другими отраслями социально-экономического комплекса. Интенсивный и стабильный рост международных туристских прибытий, представленный свидетельствует о том, что с тех пор, как туризм начал развиваться, он стал доступен широким массам. Международный туризм способствует мировой интеграции и глобализации созданием различных межгосударственных и неправительственных, коммерческих и общественных организаций: научных, журналистских, транспортных лингвистических, технических, гостиничных, ресторанных [3].

Туристский потенциал страны определяется географическими, климатическими, природными, ископаемыми, минеральными, сельскохозяйственными, индустриальными, научными, технологическими, трудовыми и культурно-историческими ресурсами. Международный туризм наряду с другими видами экономических, культурных, социальных, научных и технических связей государств является важным фактором укрепления взаимного доверия и вносит значительный вклад в решение таких проблем, как поддержание мира, укрепление дружеских взаимоотношений между государствами. Туризм - явление взаимообусловленного и исторически складывающегося сочетания национальных и интернациональных факторов. Туризм обладает огромной стабилизирующей возможностью в осуществлении многовекторной внешней политики государств мира, так как в туристской деятельности участвуют множество секторов экономики развитых стран и лидеров сегодняшнего мира.

Список использованной литературы:

1. Бугорский В.П. Организация туристской индустрии. – Москва, 2019. – 165 с.
2. Ердаuletov С.Р., География туризма Казахстана. – Алматы, 2012. – С.143
3. Барчукова Н.С. Виды и тенденции развития туризма. – Москва, 2017. – С.325.

References:

1. Bugorsky V. P. Organization of the tourist industry. - Moscow, 2019 - - 165 p.
2. S. R. Yerdavletov, Geography of tourism in Kazakhstan. - Almaty, 2012. - p. 143
3. Barchukova N. S. Types and trends of tourism development. - Moscow, 2017. - p. 325.

FTAMP: 02.41.51

ЭОЖ: 316.37

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.22>

Б.А. Аманиязова¹

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, оқытушы
Ақтөбе Қазақстан, baqdaqul-1977@mail.ru

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ОБЪЕКТИВТІ-ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМДЕ АДАМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғам өмірінің ерекшелігі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану қарқынының өсуі туралы, оның ғаламдық экономика мен саясаттың дамуындағы ақпараттық технологиялардың шешуші рөл атқаратындығы туралы жазылған. Компьютерлер мен бағдарламалық жабдықтау, коммуникация құралдары, ұялы байланыс, ғаламдық компьютерлік жүйе - Интернет және т.б. қолданумен байланысты жаңа технологияларды жаппай енгізу ХХ ғ. аяғында басталды.

Қазіргі уақытта әлемдік саясат пен экономика түбегейлі өзгерістерге ұшырап жатыр, жаңа саяси әлемдік тәртіптің негізі қаланып, жаһандандудың жаңа кезеңі басталды. Сонымен қатар адамның әлеуметтік-интернет желілерін пайдалану арқылы даму мүмкіндігі, өзін-өзі жетілдіру, таныту, адамдармен қарым-қатынас шегінің кеңеюі сияқты мәселелер қарастырылған. Адамдар өз қажеттіліктерін ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып, объективтік-виртуалды әлемнің мүмкіндіктерін рационалды түрде пайдалануға мүмкіндік алды. Интернет-желілер адамның әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамуына оң ықпал ете алады.

Түйін сөздер: әлеуметтік, әлеуметтік желі, интернет, ақпараттық технология, ақпараттық кеңістік.

Аманиязова Б.А.¹

¹Актюбинский региональный государственный университет им. Жубанова, преподаватель

СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА И СОЦИАЛЬНАЯ СЕТЬ КАК ИНСТРУМЕНТ УДОВЛЕТВОРЕНИЯ ПОТРЕБНОСТЕЙ ЧЕЛОВЕКА В ОБЪЕКТИВНО-ВИРТУАЛЬНОМ МИРЕ

Аннотация

В статье описана специфика жизни современного общества о росте темпов использования новых информационных технологий, о том, что информационные технологии играют ключевую роль в развитии глобальной экономики и политики. Повсеместное внедрение новых технологий, связанных с использованием компьютеров и программного обеспечения, средств коммуникаций, сотовой связи, глобальной компьютерной системы-Интернет и др.

В настоящее время мировая политика и экономика претерпевают коренные изменения, заложены основы нового политического мирового порядка, начался новый этап глобализации. Кроме того, рассмотрены такие вопросы, как возможность развития человека с использованием социально-интернет-сетей, самосовершенствование, демонстрация, расширение границ общения с людьми. Люди получили возможность рационально использовать возможности объективно-виртуального мира, используя возможности информационных технологий, используя свои потребности. Интернет-сети могут положительно повлиять на социально-культурное развитие человека.

Ключевые слова: социальное, социальная сеть, интернет, информационная технология, информационное пространство.

Amaniyazova B.A.¹

¹Aktobe regional state University. Zhubanova, teacher

THE STATE OF DEVELOPMENT OF THE MODERN INFORMATION SOCIETY AND THE SOCIAL NETWORK AS A TOOL FOR MEETING HUMAN NEEDS IN THE OBJECTIVELY - VIRTUAL WORLD

Abstract

The article describes the specifics of the life of modern society about the growth of the use of new information technologies, that information technologies play a key role in the development of the global economy and politics. Widespread introduction of new technologies related to the use of computers and software, communications, cellular communications, the global computer system-the Internet, etc.

At present, world politics and the economy are undergoing fundamental changes, the foundations of a new political world order have been laid, and a new stage of globalization has begun. In addition, such issues as the possibility of human development using social and Internet networks, self-improvement, demonstration, and expanding the boundaries of communication with people are considered. People were able to rationally use the opportunities of the objective virtual world, using the possibilities of information technology, using their needs. Internet networks can have a positive impact on a person's social and cultural development.

Key words: social, social network, Internet, information space, information technology, information space.

Қазіргі заманғы ғаламдану үрдісінің елеулі ерекшеліктерінің бірі қоғам өмірінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану қарқынының өсуі болып отыр. Ғаламдық экономика мен саясаттың дамуында бүгінде көбінесе материалдық өндіріс емес, жаңа ақпараттық дәуірдің басталуы шешуші рөл атқарады. Компьютерлер мен бағдарламалық жабдықтау, коммуникация құралдары, ұялы байланыс, ғаламдық компьютерлік жүйе - Интернет және т.б. қолданумен байланысты жаңа технологияларды жаппай енгізу ХХ ғ. 80-90-шы жылдары басталды. Дәл осы уақытта әлемдік саясат пен экономика түбегейлі өзгерістерге ұшырайды, жаңа саяси әлемдік тәртіптің негізі қаланады және жаһандандудың жаңа кезеңі басталады.

Адамзат қоғамының өркендеуі үшін материалдық, энергетикалық, ақпараттық ресурстар мен құралдар қажет. Қазіргі кезең – ақпараттық ағынның бұрын соңды болмаған күшеюімен сипатталатын уақыт. Бұл экономикаға да, әлеуметтік салаға да қатысты. Соңғы онжылдықта көпшілік тіпті «индустриалды қоғамнан» «ақпараттық қоғамға» өту туралы айта бастады. Өндірістің әдістері, адамдардың көзқарасы, мемлекетаралық қатынастар ауысып жатыр. «Ақпарат», «ақпараттандыру», «ақпараттық технология», «ақпараттық төңкеріс» секілді ұғымдар жиі қолданылуда. Ақпараттық төңкерістің қазіргі заманғы халықаралық қатынастарға ықпалы жөніндегі мәселе теориялық та, практикалық тұрғыдан да маңызды бола түсті. Кеңінен қолданыла бастаған ақпараттық технологиялар миллиондаған адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертуде. Олар әлемдегі даму деңгейі әр түрлі елдердің ішкі саясатына ғана емес, осы елдердің өзара қарым-қатынасына, халықаралық ұйымдардың, қоғамдық қозғалыстар мен қаржылық топтардың, қылмыскерлік ұйымдар мен жекелеген адамдардың әлемдік жүйедегі рөліне де елеулі өзгерістер алып келуде.

Қазір ақпараттық технологиялар проблемасы бүкіл әлем үшін өте өзекті болып отыр. Ғылыми-техникалық прогрестің барлық бағытында онан әрі өркендеу ресурстары нақ осында шоғырланған. Дамыған мемлекеттердің қаржылық, басқару жүйелері ақпараттық технологияларды жетілдіру мен пайдалану проблемасына көбірек көңіл бөле отырып, қайта құрылуда. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар адамзат іс-әрекетінің барлық салаларына еніп, қазіргі заманғы ғаламдық шаруашылық жүйенің қалыптасуына зор үлес қосып, еңбектің бөлінуінің шын мәнінде жаһандық масштабқа өтуіне мүмкіндік берді. Жоғарғы технологиялардың арқасында бүкіл әлемде әр түрлі тауарлар мен қызметтерді шығару, комплектациялау мен іске асыру жұмыстары үйлестіріледі. Яғни ақпараттық технологиялар қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бүгінде «ақпарат» сөзі шынымен-ақ сиқырлы мәнге айналғанына, ал заманауи ақпараттық технологиялардың әлемдік экономикалық және технологиялық дамуының нағыз қозғаушы күші болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Коммуникация мен ақпаратты өңдеу саласындағы жаңалықтар мен өнертапқыштықтың мультипликативтік тиімділігі тоқтаусыз көрініс

тауып жатыр. Тарихтан ақпараттық төңкеріс деп толық сеніммен айта алатын осындай құбылыстардың бірнеше мысалын алуға болады. Әлемдік ашық желілердің, мәселен Интернеттің даму тәжірибесі ақпаратты өңдеу құралдары мен жүйелерінің өркендеуінде жаңа дәуірдің басталғанын көрсетіп отыр. Мұндай желіні пайдаланушы өзін-өзі бірыңғай ақпараттық қауымдастықтың ажырамас бөлігі ретінде қабылдап, өзгелерге де солай көрінеді. Нақ осы жағдай адамзатқа физикалық, психологиялық және әлеуметтік амансаулығына желілік ақпараттық төңкерістен туындаған жаңа қатерлерді мұқият талдауды талап етеді.

Ақпараттық дамудың жаһандық сипаты, трансұлттық телекоммуникациялық инфрақұрылымның қалыптасуы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты көптеген әрі күрделі проблемаларды туындатып отыр. Олардың көпшілігін тек жан-жақты халықаралық ынтымақтастық, келіссөздерге келуге табанды түрде итермелеу, ұсыныстарды дәйекті түрде қою жолымен қауіп-қатер көздерін халықаралық бақылауға алу арқылы шешуге болады. Халықаралық келіссөздердің соңы қоғам өміріндегі ақпараттық салада қылмыскерлік мақсатқа жету үшін жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, ақпараттық-психологиялық ықпал ету құралдарын қолданудан туындайтын барлық қауіп-қатерлер бойынша кең көлемді халықаралық-құқықтық келісімдермен аяқталуы керек. Ақпараттық ресурстарды қорғау проблемасы жаңалық емес – ертеде-ақ мемлекеттер, коммерциялық және қоғамдық ұйымдар, жеке адамдар ақпаратты жинады, сақтады және ұрладан, жоюдан қорғады, ал өзгелер осы ақпаратты ұрлап кетуге немесе жойып жіберуге тырысты. Ал бүгінде магниттік және оптикалық тасығышта сақталатын ақпарат көлемінің ұлғаюы, компьютерлік жүйелер мен пайдаланушылар санының күрт өсуі, желіде айналып жатқан ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін жеңілдету осы ақпаратты ұрлау немесе жойып жіберу ықтималдығын арттыра түседі.

Қазіргі таңда ақпараттық ресурстарды, оның ішінде жеке адамдардың да, қорғау проблемасының маңызы мынадай факторлар жиынтығымен анықталады:

- ақпараттық жекелей қол жеткізуді қамтамасыз ете алатын әлемдік және ұлттық ашық компьютерлік желілер мен жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы;

- ақпараттық ресурстардың басым көпшілік бөлігін қағаздан электрондық тасығыштарға аудару және оны түрлі ақпараттық жүйелерге (мәліметтер базалары мен банкілер, оптикалық дискілер, т.б.) шоғырландыру;

- әлеуметтік-мәдени және жеке тұлғалық дамуға қызмет ететін жинақталған немесе жасалып жатқан ақпараттар «бағасының» жоғарылауы;

ашық, тіпті қорғалған жүйелерге қосылған компьютерлерге кіру үшін қылмыскерлікпен пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларды жасау мен үнемі жетілдіру.

Адамзаттың таусылмас ресурсына айналған ақпараттың рөлі туралы академик Р.Ф. Абдеев (1, 99 б.) өз еңбектерінде қазіргі қоғамда ақпарат ең елеулі және маңызды тауарға, ал ақпараттық қызмет экономиканың көшбасшысына айналуға және ақпараттық өркениетке өткен дамыған мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, құқықтық демократиялық мемлекет «бес сақина» принципі бойынша құрылуы қажет деп санайды. Яғни, «мемлекеттің экономикалық гүлденуі мен әлеуметтік-мәдени тұрғыдан ілгерілеуі тек бес тәуелсіз биліктің өзара әрекеттестігі нәтижесінде ғана мүмкін: заң шығарушы, атқарушы, сот билігі, ақпарат билігі және ақыл-ой билігі, ал соңғы екеуі басқалардан басым тұруы қажет.

Ақпараттық технологиялардың дамуы сонымен қатар жаңа қауіп-қатерлерді туғызады, яғни ақпараттық текетірес, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері, компьютер саласындағы қылмыстар және т.б. Ақпараттық текетірес қазіргі халықаралық қатынастардың аксиомасына айналып, мемлекеттердің өз мақсаттарына жетудің өте тиімді әрі көп қаржы мен адам ресурстарын қажет етпейтін құралына айналды. Профессор Д.Ю. Швец (7, 27 б.) өз еңбектерінде бүгінгі күні ақпараттық текетірес – бұл мемлекеттер арасындағы қақтығыстың негізгі түрі екендігін айта келе, ХХІ ғасырда өзінің тиімділігіне байланысты ақпараттық текетірес халықаралық қатынастарға ықпал етудің негізгі құралы ретінде пайдаланылады деген қорытынды жасайды.

Мындаған жылдар бойы билік пен әлеуметтік басқару технологиясы өзгеріске ұшырап отырды. Қазіргі заманғы бұқаралық байланыс құралдары жаңа мүмкіндіктер туғыза отырып, ақпаратты саяси мақсатта пайдаланудың тиімділігін бірнеше есе күшейтті, ХХ ғ. саяси қатынастар мен әлеуметтік басқару әдістерінде нағыз революцияға алып келді. Әлемдік саясатта ақпараттық фактордың рөлі өсуде. Жаппай компьютерлендіру, жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі мен дамытылуы білім беру, бизнес, өнеркәсіптік өндіріс, ғылыми зерттеулер саласында және әлеуметтік өмірде айтарлықтай жетістікке әкелді.

Ақпарат өркениеттің жаңа даму дәуіріне, яғни сол ақпараттық ресурсты қарқынды игеру дәуіріне енген адамзаттың ғаламдық таусылмас құралына айналды. Бүгінгі күні ақпараттың басым бөлігі

электрондық сенсорлармен жиналған мәліметтердің өнімі болып табылады. Электрондық байланыс құралдары уақытылы ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін аймақты кеңейтті, мәліметтерді өңдеуді қамтамасыз ететін бағдарламалар қарқынды дамыды. Мәліметтерді жинау, өңдеудегі сапалық өзгерістер мен ол ақпаратты тарату ақпараттық революцияның негізін құрайды. Кеңінен қолданылып келе жатқан жаңа ақпараттық технологиялар өмірдің барлық салаларына қандай өзгерістерге алып келетіндігін түсіну үшін мынадай сандарды мысалға келтіру жеткілікті. Күн сайын әлемде компьютер мен телекоммуникациялық желілер арқылы шамамен триллион доллар айналымда жүреді. Микроэлектроника саласындағы революцияның нәтижесінде бірнеше жылдар ішінде еңбек өнімділігі миллион есеге көбейді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ю.Б. Кашлев қоғамның жаңа ақпараттық технологиялармен толығу үрдісінің негізі ең алдымен әлемдегі білімнің тез дамуында жатыр деп есептейді. Адамзаттың білім деңгейі XX ғ. 70-ші жылдары 10 жылда бір рет, 80-ші жылдары 5 жылда бір рет екі еселенсе, 90-шы жылдардың аяғына қарай жыл сайын екі еселеніп отырған (2, 20 б.).

Ақпарат өркениет тарихында әрқашан маңызды рөл атқарды. Адамзат өз дамуында бірнеше ақпараттық революциядан өтті:

- біріншісі жазудың пайда болуымен байланысты;

- екіншісі – кітап бастырушылық. XV ғ. И.Гутенбергтің баспа станогын ойлап табуы басылымдардың көбеюіне алып келді. XVI ғ. аяғында алғашқы газеттер пайда болды.

- үшіншісі электр қуатын ойлап табуға байланысты, соның арқасында телеграф, телефон, радио пайда болды. 1847 жылы телеграф дүниеге келді. Ақпарат алмасу әдісін өзгерткен технологиялық жаңалық – телефон. 1870 жылы 10 наурызда А.Беллдің патенттелген аппараты алғашқы дара ақпараттық-коммуникациялық технология болып табылады. 1895ж. А.Поповтың радионы ойлап табуы үлкен қашықтықта адамдардың санасына жаппай ақпараттық әсер етудің бастамасы болды.

- төртіншісі есептеуіш техниканы ойлап табу мен жеке компьютердің пайда болуы, байланыс және телекоммуникация жүйелерінің жасалуымен байланысты. Ақпаратты электронды түрде жинау және жеткізу мүмкін болды, ақпаратты жасау және өңдеу жылдамдады, компьютер жадында шексіз көлемдегі ақпараттар сақталып отырды.

Қазіргі кезде адамзат трансшекаралық, ғаламдық ақпараттық желілердің қалыптасуы және дамуымен байланысты бесінші ақпараттық революцияны бастан кешіруде. Бұл революцияның ең көрнекті жемісі – Интернет. Осы кезеңде бағдарламалық-техникалық құралдар, байланыс және телекоммуникациялық жабдықтар, мәліметтер базасы ортақ ақпараттық кеңістікке интеграцияланады, онда әлемнің барлық мемлекеттерінің азаматтары мен ұйымдары өзара белсенді қарым-қатынас жасайды. Адамзат дамуының осы сатысында ақпараттық қоғам құру басталады. Адам құқықтары мәселесінде байланыс, қатынас, ақпаратқа қол жеткізу еркіндігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, адамдарды жеке өміріне қол сұғушылықтан, бейақпараттан, жүйке жүйесіне зақым келтіруден қорғау қажет. Қазіргі қоғамдағы адам ақпараттар ағынында қалып, «әлеуметтік желі» деген объективті және виртуалды әлемнің тұрғынына айналды. "Әлеуметтік желі" термині алғаш рет модерн дәуірінің классикалық әлеуметтік философиясында пайда болды. Оның мағыналық мәні осы категорияны диалогқа қатысушыларға ортақ мақсаттарға қол жеткізуге бір-бірімен тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін қоғамдық өмірдің негізі ретінде көрсетеді. Осылайша, дәстүрлі түсінікте әлеуметтік желі деп қоғам ұйымының ерекше нысаны немесе ортақ мүдделермен және өзара қарым-қатынастармен біріктірілген белгілі бір адамдар тобы түсініледі. Әдетте, әлеуметтік желі шеңберінде қарым-қатынасқа түсушілер арасында әлеуметтік байланыстар орнатылады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік коммуникациялардың кеңейтілген объективті-виртуалды нақтылық кеңістігіне ауысуына байланысты (4, 6 б.) "әлеуметтік желі" ұғымы бірнеше түр өзгермелі мәнге ие болды және ол қарым-қатынас қатысушылары бірінші кезекте өзінің коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданатын интернет-технологиялармен тікелей байланысты. Қалыптасқан жағдайға орай әлеуметтік желі интернет-кеңістік [әлеуметтік желі, www] арқылы әлеуметтік объективті-виртуалды қарым-қатынас құруға, көрсетуге және қамтамасыз етуге арналған қандай да бір платформа, онлайн-сервис немесе веб-сайт ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік интернет-желілер дәстүрлі жүйеге ұқсас иерархиялық түрде ұйымдастырылып, қатысушылардың жеке мүдделері негізінде қалыптасады. Бұнда да желінің жүйе құраушы элемент ретінде бұрынғыдай адамдардың қарым-қатынасқа қажеттілігі болып қала береді. Айырмашылық тек қана интернет-технологиялардың техникалық құрылымымен негізделген әлеуметтік желілер-қарым-қатынас субъектілерінің мүмкіндіктерін толықтыру және кеңейту үшін құрылған қазіргі заманғы социум болмысының жаңа шындығы болып табылады.

Бүгінгі таңда осы коммуникативтік қатынас құралдарының құрылымы шын бар адамның өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ең алдымен, бұл әлеуметтік желі мүмкіндіктерін социумның пайдалану қажеттілігі олардың қарапайым коммуникативтік құралдан жеке әлеуметтік институтқа айналу эволюциясымен байланысты (3, 4 б.). Бұл трансформацияның дәлелі ретінде әлеуметтік интернет-желілернің келесі белгілер жиынтығының болуы болып табылады: желінің құрылымы мен ұйымдастырылуы, коммуникацияның әр түрлі нұсқаларында социумның қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі, әлеуметтік процестерді басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету, әлеуметтік топтар мен ұйымдардың құрылу мүмкіндігі, желі арқылы экономикалық қызметті іске асыру мүмкіндігі, сондай-ақ олардың қоғам өмірінің саяси саласына ықпал ету мүмкіндігі. Бұл мән-жайлар әлеуметтік желілер арқылы интернет-өзара іс-қимылдың коммуникативтік нысанының өркениетті қоғамда жеке тұлғаның өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету деңгейіне, кеңейтілген объективті-виртуалдық шындық кеңістігіне өткендігін растайды. Қоғамның негізгі қажеттіліктерін іске асыру кезінде әлеуметтік желілер мүмкіндіктері жиі қолданылады. Осы арқылы әлеуметтік философияны зерттеу категориясына енетін проблемалардың ерекше тобы пайда болады.

Негізгі қажеттіліктерді әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерімен салыстыру. Аталған проблемалардың мәнін анықтау үшін бастапқыда А. Маслоу пирамидасында әлеуметтік интернет-желілердің сәйкестігін қарастыру (1-сурет) және қазіргі объективті-виртуалды шындық жағдайында онда келтірілген негізгі қажеттіліктерді іске асыру ерекшеліктерін атап өту қажет.



1-сурет. Маслоу пирамидасы

Физиологиялық қажеттіліктерге (аштық, шөлдеу, жылу, ұйқы және т.б.) келетін болсақ, әлеуметтік желі бұл қажеттіліктерді шешу жолдарының сарқылмайтын нұсқаларын ұсынады. Мысалы, әлеуметтік желілердің көмегімен қарастырылып отырған қажеттіліктердің сатысын қанағаттандыру үшін кез келген ақпаратты алуға, кез келген мекен-жайға тамақ немесе су жеткізуді ұйымдастыруға, ұйықтауға арналған тұрғын үй немесе орын табуға, жылу, электр жеткізуге шарт жасауға болады. Бұл деректер әлеуметтік желінің қарым-қатынастың объективті-виртуалды нысаны арқылы қамтамасыз ететін физиологиялық және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерді қанағаттандырудың ерекше алаңға айналғанын айқын көрсетеді.

Қауіпсіздікке деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін де әлеуметтік желі оны табысты іске асырудың түрлі нұсқаларын ұсынады. Қауіпсіздік мәселесі тек қана жеке әңгімелесуші немесе адамдар тобымен әңгімелескенде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желі көмегімен алынатын контент-ақпаратты тұтыну және генерациялау кезінде де өзекті бола түседі.

Әлеуметтік интернет-желіде, сондай-ақ объективті шынайы қарым-қатынаста келесі қауіпсіздік категорияларын бөліп көрсетуге болады:

- жеке қауіпсіздік, жеке тұлғаның қауіпті немесе жағымсыз жағдайларға түсуін болдырмауға бағытталған қарым-қатынас қатысушыларының кеңістіктік-уақыттық ара-жігін ажыратумен сипатталады. Ол сондай-ақ интимдік диалогты қамтамасыз ету мүмкіндігімен, индивидтің аумақтық орнымен, кеңістікте нақты әлеуметтік интернет-сервисті сәйкестендірумен және т.б. анықталады. Мысалы, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мемлекеттік интернет-сервистерде ақпараттық қауіпсіздік дерегі индивидке

маңызды ақпарат беру (ФНС, ГИБДД) және (немесе) ақша қаражатын қауіпсіз аудару жағдайларын жасау (сбербанк-онлайн, яндекс-ақша, киви) арқылы көрсетілуі мүмкін;

- қорғалған коммуникативтік объективтік-виртуалды кеңістіктің болуын білдіретін, сондай-ақ интернет желісінде де, нақты өмірде де қоғамның тыныш және барынша жайлы өмір сүруіне жағдай жасауды көздейтін ұжымдық қауіпсіздік.

Қазіргі әлемде БАҚ тиімділігі көп жағдайда олардың қалай пайдаланылатындығына және бақылана-тындығына байланысты. Интернет бір жағынан, аудиторияға әсер етуге үлкен мүмкіндік берсе, екінші жағынан мұнда қауымдастықтың кез-келген мүшесі өзі БАҚ айнала алады. Өйткені Интернетті пайдаланушылардың ұлттық үкіметтердің сайттарынан гөрі кейбір жеке индивидтердің сайттарына кіру деңгейі жоғары. Ендеше Интернетті бұқаралық ақпарат көзі ретінде қарастыратын болсақ, бұл өте өзгеше БАҚ екендігін ескерген жөн. Оның қызметі тек элитаны емес, сонымен қатар қатардағы азаматтарды саясатқа қатыстыру болып табылады, олардың өз тілектері мен наразылықтарын білдіруге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде азаматтық қоғамға мемлекеттегі саяси үрдістерге ықпал етуге және оларды реттеуге жағдай туғызады.

Әлеуметтік желілер құрылымында "өзін-өзі көрсету" қажеттілігі қазіргі уақытта тренд болып табылады және жеке тұлғаның жеке қатысуымен, интернет-қоғамдастық аудиториясына жеке тұлғаның өз фотосы және өзі түскен бейнематериалды ұсынуынан көрініс табады. Осы қажеттілікті іске асыруға барлық әлеуметтік желілер бағытталған, олардың ішінде "Instagram", "Twitter" және "YouTube" аса танымал. Жоғарыда келтірілген ақпараттар жеке тұлғалардың коммуникацияның дәстүрлі түріне қарағанда әлеуметтік интернет-желілер негізінде онлайн-қарым-қатынас сервистерін пайдалану арқылы жаһандық ауқымда адами қажеттіліктерді жүзеге асырудың үлкен мүмкіндіктерге ие екендігін көрсетеді. Интернет-кеңістіктегі әлеуметтік желілері қолданушылардың ұлттық және аумақтық шекараларына тәуелсіз бүкіл әлемдік аудиторияны қамти алады. Осыған байланысты объективтік-виртуалды шындық шеңберінде теориялық түрде жүзеге асырылған қажеттіліктерді шынайы кеңістікте жүзеге асыру мүмкіндіктері арасында мәселе қалыптасады. Осының барлығы құндылықтарды дұрыс қоймаған жағдайда адамдарда жеке амбиция мен нарциссизмнің қалыптасуына ықпал етеді (5. www). Әсіресе бұл амбиция жаһандық танымал және өзін-өзі дәлелдеу деңгейінде көрінеді. Сондай-ақ, қалыптасқан әлеуметтік жағдай дәстүрлі қоғамдық бедел ұғымының бағытының өзгеруіне ықпал еткенін атап өткен жөн. Бұл құбылыстың нәтижесін YouTube әлеуметтік желісіндегі түрлі "жұлдыздардың" болуы растайды. Бұл әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі жас ерекшелік ұғымы басым мағынадан айырылып, ал бірінші кезекке әлеуметтік - желілік құрылымда "лайк" және жазылушылар санымен анықталатын критерий шықты – бұл көрсеткіштер неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым беделділік жоғары. Алайда, бұл көрсеткіш әрдайым трансляцияланатын ақпараттың сапасына жауап бере бермейді.

Әлеуметтік желілер арқылы қажеттіліктерді қанағаттандырудың проблемалық жақтарына әлеуметтік интернет-сервистер арқылы ғана үздіксіз коммуникативтік байланысқа түсу жаппай қажеттілігіне негізделген әдетке айналу, тіпті психологиялық тәуелділікті жатқызуға болады. Нәтижесінде мазмұны жоқ "бос" қоғам пайда болады деп айтуға болады. Алысқа бармай-ақ өзіміз білім беретін оқу орындарын да мысал келтіре кету қызықты болар еді. Көптеген студенттер өзара сөйлесу әрекетінде өз ойын ұсыну функциясын жоғалтқандығын байқауға болады. Бір мәтіндік хабарламада жазуға болатын мәтінді бір-бір сөйлемнен, кейде тіпті сөзбен жазатын болды. Бұл қарым-қатынас қысқа фразалар арқылы сөйлесетін әлеуметтік желі әкелген жазу түрі. Соның көрінісі. Егер адам дәстүрлі поштаны пайдаланушы болса бес минуттық оқиғаны бір адамға суреттеу үшін бір-бір сөйлем жазып бес конверт жібергенмен бірдей болар еді. Қарастырылып отырған коммуникативтік өзара іс-қимыл формасымен негізделген ақпараттық қауіпсіздік белгілі бір жағдайларда жалған болуы мүмкін. Әлеуметтік желідегі парақша адамды өзгелердің алдында ашық және әлсіз етеді. Оны оңай табуға, оның қызығушылықтарын, не қалайтынын білуге және осы арқылы адамды басқаруға болады. Белгілі бір жағдайларда интернеттік қарым-қатынас материалдарына қол жетімділік заңды және заңсыз негізде ашылуы және нақты адамға қарсы пайдаланылуы мүмкін.

Қорыта келе айтарым, қоғамның әлеуметтік интернет-желілерді пайдалануы Маслоудың негізгі қажеттіліктер пирамидасына сәйкес келетінін көрсетті. Бір жағынан, объективтік-виртуалды шындықты өз қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін пайдалану адамға үлкен мүмкіндіктерін беріп, кең ауқымды қамтиды. Бұл кеңістіктік-уақыт шекараларын жойып, әлемді нақты әлеуметтік желілер алаңдарында біріктіру арқылы мүмкін болды. Бұл ретте пайда болған мәселелерді тез шешуге, мақсаттар мен қажеттіліктерді іске асыруға көмектесетін жедел диалог түрінде қоғамның ілгері басқанын байқауға болады.

Екінші жағынан, әлеуметтік интернет-желілер арқылы қажеттіліктерді жүзеге асыру дерегі социум мен антропогенездің биологиялық эволюциясы барысында қалыптасқан объективті шындықтағы дәстүрлі қарым-қатынастың іргелі тетіктеріне қауіп төндіреді. Оның қатысушыларының тұрақты коммуникативтік қарым-қатынас қажеттілігінің әлеуметтік желілерде шектен тыс жүзеге асуы социумның құлдырауына алып келеді. Жоғарыда көрсетілген проблемаларды шешу үшін адам өз қажеттіліктерін компьютерлік технологиялар мен әлеуметтік желілердің әлеуетін абсолютті санамай, адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрал ретінде пайдалануды үйренуі, объективті шындықтан жоғары қоймауы тиіс. Мұндай көріністе әлеуметтік интернет-желілер негізгі қажеттіліктерді механикалық қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік-мәдени дамуы үшін де пайдалы бола түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдеев Р.Ф. *Философия информационной цивилизации*. – М.: Владос, 1994. – С.99.
2. *Информация. Психология. Дипломатия*. – М.: Известия, 2002. – 616 с.
3. Курбанова З.А. *Роль социальных сетей в современном социуме* // *Электронный рецензируемый журнал SCI-ARTICLE.RU*. URL: <http://sci-article.ru/stat.php-1416403572>
4. Makeev S. N., Makeev A. N., Zeynalov G. G. *Общение в социальных сетях как философская проблема* // *Современные исследования социальных проблем*. 2015. № 8. URL: <http://sisp.nkras.ru/e-ru/issues/2015.html>
5. *Нарциссизм - проблема современности*. URL: <http://zdips.ru/osvobozhdenie-ot-zavisimostej/553-nartsissizm-problema-sovremennosti.html>
6. *Социальная сеть* // *Википедия*. URL: <http://ru.wikipedia.org/?oldid=76636047>
7. *Шесть сфер, где россияне поджидает утечка данных* // *Российская газета*. URL: <http://rg.ru/2014/01/28/personal-site.html>
8. Швец Д.Ю. *Информационная безопасность России и современные международные отношения*. – М.: «Мир безопасности», 2001. – 176 с.

References:

1. Abdeev R. F. *philosophy of information civilization*. Moscow: Vlados Publ., 1994. – P. 99.
2. *information. Psychology. Diplomacy*. Moscow: Izvestia publ., 2002. – 616 P.
3. Kurbanova Z. A. *The Role of social networks in modern society* // *electronic peer-reviewed journal SCI-ARTICLE.RU*. URL: <http://sci-article.ru/stat.php-1416403572>
4. Makeev S. N., Makeev A. N., Zeynalov G. G. *Society in social networks as a philosophical problem* // *modern research of social problems*. 2015. № 8. URL: <http://sisp.nkras.ru/e-ru/issues/2015.html>
5. *narcissism is a problem of modernity*. URL: <http://zdips.ru/osvobozhdenie-ot-zavisimostej/553-nartsissizm-problema-sovremennosti.html>
6. *Social Network* // *Wikipedia*. URL: <http://ru.wikipedia.org/?oldid=76636047>
7. *pole SFER, where Russia is waiting for the truth of this* // *Russian newspaper*. URL: <http://rg.ru/2014/01/28/personal-site.html>
8. Shvets D. Yu. *Information Security of Russia and modern international relations*. Moscow: "the world of security", 2001. – 176 P.

ӘОЖ 930.1

МРНТИ 03,20

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.23>

Н.А. Абдурахманов¹, Р.А. Омарова², А.А. Бахтибаев³, Р.М. Кунбаева⁴

¹т.ғ.к., АӘИУ

²т.ғ.к., АӘИУ

³т.ғ.к., АӘИУ

⁴аға оқытушы, АӘИУ

Шымкент қ., Қазақстан, nurtuhameda@mail.ru

**ТАРИХИ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ БРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Аңдатпа

XX ғасыр – жалпы материалдық құндылықтарды бірінші орынға шығарған ғасыр. Бірақ бұл жағдай әрбір аймақта, әр елдің территориясында өзінше дамып отырды. Сонымен қатар, рухани құндылықтардың мәнін түсінуге ұмтылыс та осы тарихи дәуірде ерекше серпінге ие болды. Өйткені, адамзат баласы екі бірдей дүниежүзілік соғысты басынан өткізіп, болашағына күмәнмен үреймен қарады. Осындай объективті қиыншылықтар рухани мәдениеттің дамуында тың серпіліс, дүмпу тудырды. Бұл тек өркениеттік жаңалық емес, әдеби, мәдени төңкеріс әкелген дәуір. Мұның тарихи-философияға да тікелей қатысы бар. Өйткені, адам болмысы мен оның мәдени-рухани құндылықтарын жан-жақты сараптау, ішкі құрылымы мен сыртқы көріністерінің қайшылықтарын айқындап, оның туындау себептерін түсіндіру өте маңызды. Бұл – философиялық таным ғана жүзеге асыратын міндет. Ұлттық философияны әр халықтың асқақ мұраттарын қалыптастыратын рухани ізденіс аймағы деп түсінгеніміз абзал. Қазақ халқының этникалық тегі жағынан қарастыратын болсақ, мың жылдан аса мәдениеті мен тарихы және философиясы бар ел болып саналғандықтан әлемдік философияның бір бөлігін құрап отырғаны анық.

Кілттік сөздер: адам болмысы, рухани құндылықтар, тарихи сана, өркендеу, ұлттық таным, этника.

Абдурахманов Н.А.¹, Омарова Р.А.², Бахтибаев А.А.³, Құпбаева Р.М.⁴

¹к.и.н., РСИУ

²к.и.н., РСИУ

³к.и.н., РСИУ

старший преподаватель, РСИУ⁴

г. Шымкент, Казахстан, nurmuhameda@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ И ЕГО ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ

Аннотация

XX век – это век, который вывел общие материальные ценности на первое место. Но эта ситуация развивалась в каждом регионе, на территории каждой страны. В то же время, стремление к пониманию сущности духовных ценностей приобрело особую динамику в этой исторической эпохе. Ведь человечество переживало две мировые войны и с тревогой относилось к будущему. Такой толчок в развитии, трудности в объективной духовной культуры, вызвали сильнее толчки могут быть. Это не только цивилизационная новость, но и литературная, культурная революция. Это имеет непосредственное отношение к исторически-философии. Поскольку бытие человека и его культурно-духовных ценностей всестороннего анализа, структура внешних и внутренних проявлений противоречий, выявить и объяснить причины его возникновения, очень важно. Это задача, которую реализует только философское познание. Мы должны понимать национальную философию как область духовного поиска, формирующую высочайшие идеалы каждого народа. Если рассматривать этническое происхождение казахского народа, то очевидно, что более тысячи лет является страной с культурой, историей и философией, она составляет часть мировой философии.

Ключевые слова: бытие человека, духовные ценности, историческое сознание, процветание, национальное познание, этника.

N.A. Abdurakhmanov¹, R.A. Omarova², A. Bahtybaev³, R.M. Kupbaeva⁴

¹Ph. D., RSIU

²Ph. D., RSIU

³Ph. D., RSIU

⁴senior lecturer, RSIU

Shymkent, Kazakhstan, nurmuhameda@mail.ru

FEATURES OF FORMATION OF HISTORICAL OUTLOOK AND ITS HISTORICAL BACKGROUND

Abstract

The twentieth century is the century that brought General material values to the first place. But this situation has developed in every region, in every country. At the same time, the desire to understand the essence of spiritual values has acquired a special dynamic in this historical era. After all, humanity had survived two world wars and

was anxious about the future. Such a push in the development, difficulties in objective spiritual culture, caused stronger shocks can be. This is not only civilizational news, but also a literary and cultural revolution. This has a direct bearing on historical philosophy. Since the existence of man and his cultural and spiritual values of comprehensive analysis, the structure of external and internal manifestations of contradictions, to identify and explain the causes of its occurrence, it is very important. This is a task which is realized only by philosophical knowledge. We must understand national philosophy as an area of spiritual search, forming the highest ideals of each nation. If we consider the ethnic origin of the Kazakh people, it is obvious that more than a thousand years is a country with culture, history and philosophy, it is part of the world philosophy.

Keywords: human existence, spiritual values, historical consciousness, prosperity, national knowledge, ethnics.

XX ғасыр тарихы мен философиясында мазмұны мен түр, жеке мен жалпы, мән мен құбылыс арасындағы байланыстарды іздестіру жанданады. Модернизм деп айшықталған рухани-мәдени бағыттың дамуындағы жаңа кезең постмодернизм қалыптаса бастады. Шығармашылығынан постмодернизм бастау алған Джойс туралы Вирджиния Вулф: «Оны ішкі жан дүниедегі оттың жануы қызықтырады, осы жанған от ұшқындары біздің ойымызды билейді, осы көріністерді бейнелеу үшін ешнәрседен тартынбайды, бұрынғы ескі әдістер: салыстырмалылық, аргументтердің реттілігі дегендерден бас тартуға бар. Осының бәрі қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын нәрселерді бейнелеу үшін» [1, 57 б.] деп жазды.

1960-жылдары жеке адамға табыну көріністерінің сирей бастаған шағы еді. Дегенмен, зиялы қауым жан-жағына ойлы көзімен, бірақ ерекше сақтықпен қарайтын. Бірте-бірте ел елдігін жасап, қозғалысқа енді. Тіршілік өз арнасымен ақты. Көрінгенге үрке қараушылық бірте-бірте сейіліп, шындықтың бетіне тура, тік қарау дами бастады. Әдебиетке Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский, Роберт Рождественский секілді талантты, тегеурінді жаңа толқын келді.

Қазақстанның қазіргі жаңа тарихнамалық зерттеулерінің қорытындысы бойынша, XX ғасырдың екінші жартысындағы өнеркәсібінің дамуындағы, ғылыми-техникалық прогрестегі, шаруашылық реформаларындағы, біртұтас транспорт жүйесінің жасалуындағы, жұмысшы табының өсуіндегі, ауыл шаруашылығындағы жетістіктері бәрі де экономикалық өркендеу деректерімен дәлелденеді. «50 жылдары Қазақстанның экономикалық күш қуатының өсуі үшін алғышарттар жасалды, бұл жылдары халық шаруашылық материалдық техниканың базасын ұлғайту, шаруашылық айналымға жаңа ресурстарды тарту, өндірістің техникалық дәрежесін арттыру шаралары жүзеге асырылды» [2, 360 б.].

Қазақстандағы бұрын болып көрмеген өнеркәсіп құрылысы қара және түсті металлургия, мұнай, газ, химия, титан, магний, глинозем, шойын, кокс, синтетикалық каучук, көтеру крандары, электродвигательдер, сым созатын жаңа станоктар, үстел пресс машиналары, асбест және т.б. өндіретін жаңа өнеркәсіп салаларының жұмыс істеуі қазақ халқының материалдық мәдениеті дамуының көрнекті көрсеткіштері болды.

Қазақстанның 1966-1976 ж. сегізінші бес жылдық нәтижелері туралы жазылған жырлар өмір шындығы екендігі ғылыми-тұрғыда дәлелденген ақиқат: «Бұл жылдары Қазақстанда қоғамдық жалпы өнім 1,5 есе, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,6 есе өсті. Бес жылдықтың ақырында 1970 жылы өнеркәсіп секторында өнім өсімінің 70 пайызы өндірістің тиімділігін арттыру есебінен алынды. ... Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде осы заманғы салалардың үлес салмағы артты. Мәселен, халық өнеркәсібі өндірісінің көлемі 2,4 есе артып, машина жасау өнімдері жаңғыртылды. Бұл кезеңде машиналардың 700 жаңа түрі игерілді. [2, 377-378 бб.]

Қазақстанның XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы жағдайы хақында мемлекетімізді көп жылдар басқарған Д.А. Қонаев былай еске алады: ел еңбекке жұмылды. Әркім шыққан тауым биік болсын деп жеке-дара шаппады. Қол ұстасып, тізе қосып жұмыс істеді. Елдің дәулеті ассын, бағы тасысын» - деді. Сол арқылы тұрмыс жақсартуға күш салды. Меніңше, еңбектері еш кетпепті». [3, 207 б.]

XX ғасыр – Қазақстанның әлемдік ғылыми-техникалық прогресс қарқынына толық қосылған кезеңі. Қазақ – қанағатшыл, жомарт пейілді халық. Төрт түлікті, мол астықты өсірген ауылда да, ғылымды, техниканы, өндірісті, өнеркәсіпті игерген қалаларда да қол жеткен табыстарына ел қуанды. Тарихтың талай-талай ауыр сыны мен «тар жол, тайғақ кешулерін» басынан көп өткерген халқымыз XX ғасырдың екінші жартысында тыныштыққа, материалдық баршылыққа қанағаттанған көңілге қол жеткізді.

М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» тақырыпты кітабында мынадай оқиға баяндалған: «Мектепке алғаш барған жылы бір топ балалармен сабақтан қашып келе жатып, өзен жағасында оқыс соққан қатты толқынның әсерінен жағалауға шығып қалған, көлемі ересек кісінің білегіндей балықты көзіміз шалды, сөзге келместен, тіпті ойланбастан, шорши секіріп, жанталасып жатқан балықты ұстап алдым да суға қоя бердім. Балық тереңге бірақ сүңгіп барды да, қайта бұрылып келіп, тапжылмай біз жаққа қарап біраз тұрды. Мұнысы мақұлықтың нақ бір маған рахмет айтқанындай әсер берді. «Барлық ізгілік атаулының

жаңғырығы бар» деген лепті сездірген дәрменсіз балық бейнесі қаншама жылдар өтсе де ұмытылмай, санамда ауық-ауық көлбең қағады. Ең ғажабы, сол кезде қасымдағы балалардың бірде-бірі маған балықты суға неге жібердің деп ренжіген жоқ» [4, 14 б.].

Тағы да М. сөзіне жүгінсек, ол былай дейді: «Қазіргі таңда ондай қожанасырлық мінез жарыместікке бағаланар еді. Өйткені нарық экономикасы адамның өз пайдасы жолындағы өзімшілдік, эгоистік мінездерін бірінші қатарға сүйреп шығармады ма? Адамды қалай кейде адам ретінде сақтап қаламыз» - деген әр ғасырдың күн тәртібінен түспей келе жатқан үрей-сенім, үрей-үміт бүгінде жалтыр құз басына шығып, алға, оңға, солға және артқа бұрылар жер таппай дағдарып тұрғандай» [4, 14 б.]. Бұл – 60-тың қырқасына шығып, кешегі рухани құндылықтар мен бүгінгі құндылықтардың мазмұны мен мағынасының арасындағы түбегейлі өзгерістерді бағымдаған ойшылдың орынды пікірі.

М.Шахановтың қазіргі іс-әрекеттерінде, қоғамдық маңызы бар шешімдерінде сол бала Мұхтардың ізгілікті әрекетінің жалғасы, көлеңкесі, жаңғырығы жатыр. Бала кезінде қандай жылдамдықпен әрекет етсе, қазір де сол қарқыннан, сол қуаттан бірде-бір рет арылған жоқ. Бұл күндері тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени кеңістігіндегі ірі тұлғалардың біріне айналған М.Шаханов болмысының негізгі атрибуттық белгілерін атап көрсетуге ұмтылсақ, онда мынадай қабаттар бірден алға шығатыны сөзсіз.

Біріншіден, Мұхтар Шаханов шығармашылығы «Адамзаттың екінші ұстазы» атанған, энциклопедист ғалым, даңқты, Отырарлық ұлы әл-Фарабидің, сопылық құндылықтардың атасы Х.А. Иассауидің, талантты сөз зергері Т.Әлімқұловтың, «Ай мүйізді», «Үш тоғыс», «Қос қағысты» дүниеге келтірген Т.Тоқбергеновтың, сұлу да әсем, ызғарлы да, қуатты сөздерден оп-оңай ескерткіш тұрғыза салатын керемет талант иесі А.Сүлейменовтың таптырмас шабытының қисынды жалғасы. Екіншіден, поэзия әлемінде ғана емес, жалпы халқымыздың рухани дүниесінде өзіндік үні, көзқарасы, тың ойлары бар, дүниетанымдық, философиялық мағынасы өте жоғары поэтикалық шығармаларды тудырған ерекше дарын иесі. Үшіншіден, өзінің алдында жол салған аға ұрпақ өкілдерінің ешкімге онша белгілі емес адами қасиеттерін кейінгі толқынға үлкен ілтипатты, інілік мейіріммен іштей риза болушылық сезімімен жеткізген қадір қасиеті жоғары шәкірт.

Төртіншіден, орыс әдебиеті мен мәдениетінің, ғылымының көрнекті қайраткерлерімен тіл табысып, достаса білген ұлт пен ұлтты, мәдени дәстүрді бір-біріне жақындата білген дәнекер. Мәдениеттер мен өркениеттердің өзара байланысы, сұхбаты аса маңызды факторға айналып отырған қазіргі жаһандану заманында бұл қатынастардың қажеттігі күшейе түспесе азайған жоқ. XX ғасырдың ортасында орыс мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілдері Л.С. Соболев, М.Шолохов, Н.Тихонов, З.Кедрина қазақтың рухани-мәдени тұрғыдан дамуына ерекше ықпал етті, қолдау көрсетті. Осы жолда Е.Евтушенко сәтті жалғастырды. Бесіншіден, халқының болашағы үшін керек уақытында сол сәттегі қажетті сөзді жетеріне жеткізіп айта білген, қиындықты дер кезінде түсініп, ол үшін күресе білген қоғам қайраткері.

Мұхтардың адам, ақын қоғамдық қайраткер ретінде қалыптасуына халқымыздың біртуар ойшыл-жазушылары дер кезінде қол ұшын беріп, ақын талантының тереңдей түсуіне ықпал етті. Осындай алыптардың арасынан М.Шаханов өзі екі жазушыны ерекше атап көрсетеді. Бұлар – Ғабит Мүсірепов және Ғабиден Мұстафин. Мұхтар жазған естеліктерден бұл ақсақалдардың қуаты мен шуағы мол, қайталанбас болмыстары қылаң береді. Олардың көл-көсір ақылы мен көрегендігі, кең пейілі мен қамқор көңілдері қазақ халқын алға сүйреді, бүгінгі рухани биіктікті жақындатып, басқалармен терезесі тең болудың құпиясы мен сырын үйретті, рухани-мәдени ұлттық құндылықтардың сақталуына, көптің назарында болуына жағдай жасады.

Мұхтар жазған мына естеліктегі Ғабеннің сөзіне құлақ салып, назар аударайық: «Мектепті жаңа бітірген жас өскіндерді топ-тобымен қойға жіберген не сұмдық?» Әлде сендер айдалада жүріп қой қайыруды өркениет сатысына көтерілу деп ойлайсыңдар ма? Қаншама ғасырлар бойы ата-бабаларың салпақтап қой сонында жүрмеді ме? Шыққан мүйізі қайсы? Одан қайта балаларды үлкен ғылымға, қазіргі заманғы техниканың озық жетістіктерін көруге бағыттамайсыңдар ма? – дедіңіз.

Нұсқаушы жігіт: «аға, бұл партияның тапсырмасы ғой» - деп қипақтап еді, сіз: «өз бастарыңды істетулерің керек, партия айта береді»... дедіңіз. Ол кезде бүкіл халыққа партия нені бұйырса, сол – заң. Партия тапсырмасын орындамау былай тұрсын, тіпті оған күдік келтіру ешкімнің ойына кіріп шықпайтын ... өз басым сіздің алдыңыздан ұнжырғам түсіп, жер болып шыққам. Япырай, партияның саясатына да қарсы шығатын адамдар болады екен-ау деген үрейлі ой санама тұңғыш рет қонақтаған» [4,31 б.]. Міне, Мұхтар өткен өмір мектебінің бір эпизоды осындай болған екен.

Әрине, Ғабен сияқты дана жазушыға партияның шешімдерінің кейбіреуіне сын көзбен қарау өзінің туған халқының болашағын болжап, жан-жақты ойлануы нәтижесінен туындағаны айдан анық нәрсе ғой.

Ал соны ашық айтып, журналистерге, өсіп келе жатқан дарын иелеріне құлақ қағыс еткені – жазушының өз отандастарының салиқалы, сабырлы, өзін-өзі сыйлай білетін, ұлтының қадірін сақтай алатын тұлға болып қалыптасқанын қалайтын азаматтығының белгісі. Мұхтар естеліктерінен біз тамаша жазушы Ғабит Мүсіреповты мүлдем басқаша қырынан көріп отырмыз. Ғабең дара талант иелерін тез танып, олардың көтерілуіне өзінің беделді сөзін дер кезінде айтып, рухани демеу көрсетіп отырған.

Ғ.Мүсірепов – ойшыл жазушы, әр нәрсенің түбіне дейін барып, терең бойлап, шынайылыққа қол жеткізе алған философ-жазушы. Сондықтан ол партияның кейбір біржақты бұйрықтарына сын көзімен қарады. 70-жылдары Кеңес өкіметі идеологиясының өрлеп тұрған заманында нұсқаушы жігітті еркін ойлауға бағыттауы жазушының ойлы, парасатты және халықтың болашағы туралы жан-жақты терең ойланатын сұңғыла азамат екендігін көрсетеді. Тәкен Әлімқұлов «Ғабит – күнәсіз жазушы, оның томдары әрқашан сырласудан жалықтырмайды. Өмірдің шынайы шындығы, алуан-алуан суретін бойына сіңірген сұлу кітаптар үлкен жүректің перзенті екенін танытар. Оның туындылары бір ұрпақ емес, әлденеше ұрпақтың, өскен талғамына толық татитын шығармалар», [5, 2 б.] деп Ғ.Мүсірепов еңбектерінің өміршеңдігіне, өскелең ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызды болатынына үлкен үмітпен сенеді.

Мұхтардың ақындығын тез танығандардың бірі поэзияның падишасына айналған Т.Айбергенов еді. Оның ешкімді бейжай қалдырмайтын, керемет туындысы «Сағыныш» деген өлеңі Мұхтарға арналғаны кездейсоқтық болмаса керек. Өйткені, бір дарынның екінші бір дарынды жазбай тануы – тарихта көп дәлелденген шындық. Ал «Сағыныш» өлеңі – кішігірім философиялық поэма.

Адам мен табиғаттың, адам мен адамның арасындағы тылсым байланысты білдіретін сағыныш атты адами күйді соншалықты шебер, жан тебіренерлік дәрежеде суреттеу шын мәніндегі дарын иесінің қолынан келеді. Өлеңді оқыған сайын о-құдірет, бұл не деген сиқыр әлем деген ойға қаласың. Адамның басқаға ұмтылысын, одан өзін-өзі іздестіруін бұндай шынайылықпен суреттеу поэзияның философиялық қуатын тағы да айқындай түседі. Мұны біз жүрек қылын шертетін таптырмайтын субъективтік философияның қазақ тіліндегі нұсқасы деп бағалай аламыз.

Ол – Саттар салған баллада соқпағы екен. Соған түстім. Бір бастым, екі бастым. Соқпақ біткен жерден зорға шықтым. Бүгінгі поэзияға салиқалы ой керек. Әзірге мен өз жолымды тапқан тәріздімін. Ол әдептілік тақырыбына арналған әртүрлі балладалар мен әлеуметтік, философиялық ойларға құрылған көлемді дастандар [6, 4 б.] – деп атап көрсеткен. Мұхтар бойынан бұлқынып сыртқа атылған табиғи талпыныс өзі атап көрсеткен әдеби көздерден нәр алып одан әрі дамыған. Ол аз сөзге көп мағына сыйғыза алатын Қадырдің философиялық сипаттағы шумақтарына, Тұманбайдың жүрек қылын нәзік тарқатар лирикалық шегіністеріне, Төлегеннің азаматтық сарындағы сөз иірімдеріне көңіл бөліп, көзін тікті. Дауылпаз екпінді Тайыр да, ойлы Қасым да ақын назарынан тыс қалған жоқ.

Дегенмен, М.Шаханов өзі құрметтеген жиі атаған, бағалаған шығармашылық тұлғалардың ішінде Төлеген Айбергеновтің мол дарыны көзге түседі. 1974 жылы «Лениншіл жас» газетінің 16 шілдедегі № 99 нөмерінде, Төлеген поэзиясы өз бойына лаулаған жігер мен алғыр сезімді, сәулені парасат пен зымыран ойларды қатар сіңірген толқынды поэзия. Сондықтан да оны таңдайтын әсемдікті жыға тани білетін адамның тебіренбей толқып оқуы, мүмкін емес» [7, 2 б.] деп жазды М.Шаханов.

Қазақ халқы сөзге тоқтаған халық. Құнды сөз құнарлы ойдың жемісі деп таныған. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл мен дін, ділімізді ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп келе жатыр. Сөз құдіретін жоғары қойған бабаларымыздың ұстанған дәстүрі ұрпақтар арасында өз жалғастығын тапты. Солардың бірі Төлеген – киелі сөзді, поэзияның тылсым құдіретін бойына сіңірген, өзіндік бет-пердесі, пішіні бар ойшыл. Аққан жұлдыздай өте аз өмірінде жүрек тебіренерлік тамаша өлең жолдарымен, ешкімді де бейжай қалдырмаған қарымды ізденістерімен артында мол мұра қалдырды.

«Тірлікті жатқан қоздатып,
Мен мынау Ана-Жердеймін
Жанымның отын маздатып
Түнде де дамыл көрмеймін.
Қалқыма, әлем, мен саған

Бәрібір тыным бермеймін» [8, 110 б.] деген ақынның жүрегін жарып шыққан шумақтар оның дүние танудағы тынымсыздығын, ұдайы ізденіп, бір сәтке де толастамайтын қызығушылық табиғатын ашып көрсетеді. Ол қайда бармасын Отанға, Әлемге деген сүйіспеншілігін еш уақытта жоғалтпаған.

Бұл – өз Отанын шексіз сүйген, оның қуанышына бүкіл болмысымен риясыз шаттанатын, қайғысына әруақытта мұндаланатын адамның жан сыры, шын тілегі. Бұдан біз өз жанына тыным бермейтіндігінен қара басы емес, адамзат деп соққан үлкен жүректің дүрсілін естиміз.

Сыншы, ғалым Бақыт Кәрібаева өзінің «Қазақ лирикасының поэтикасы» атты іргелі зерттеу еңбегінде: «Төлеген нәзік жанды лирик, философ тұлғаға сай ойлау, сезім серпінінің үзенгісін қаға отырып, ой шырқап ақыл қорытады» [9, 64-65 бб.] деп атап көрсетті. Небәрі 30-ақ жыл жарық дүниенің дәмін татып, оның 7-8 жылын ғана өлең жазуға арнаған Төлегеннің лирикада философиялық ойлар қорытуын, ең алдымен, оның өмір құбыластарының сырына сергек қарап, тылсым табиғатын ашуға талпыныс жасаған ізденістерінің нәтижесі ретінде бағалауымыз қажет. Оның философиялық ойларын көрсететін, даналық тұрпаттағы өлеңдерінің басты тақырыптары – өмір, уақыт, табиғат мәселелері.

Өмірдің болмысы туралы керемет тұжырым. Адам өмірінің өзі қуаныш пен қайғыдан, өмір мен өлімнен, жан мен тәннен, рухтан тұратындықтан бұлжымайтын табиғаттың заңдылығымен өмір сүретіні хақ. Себебі жербетіндегі адамның болмысы осыған негізделген. Сондықтанда өмірдің қайғысы жоқ жерде қуанышын да терең сезіне алмаймыз. Адамның дүниеге келуі қуаныш болғанымен, дүниеден өтуі – қайғы. Өйткені басталған жолдың әруақытта тоқтайтыны адамға белгілі. Сол үшін де қуанышты қалай қарсы алса, қайғыға да солай қарау керек. Дүниеде орынсыз еш нәрсе жоқ екені осыдан-ақ көрініп тұр емес пе? Төлегеннің өлеңінің түйіні осыған меңзейді.

Біздің санамызда Дүние атты түсінік бар, ұғым бар. Дүние деген ұғымға тоқталатын болсақ, араб сөзінен алынған. Біріншіден, күллі әлем немесе болмыс болса, екіншіден өмір тіршілік ретінде тану болып отыр. Күллі әлем, болмыс жаратылыстың тұтастығын айқындайды, бірақ оны құрайтын он сегіз мың ғалам бары анық. Өз заманында Ғұмар Қарашта «он сегіз мың ғаламға тәртіп берген құдайым» деп жырлаған болатын. Барша жаратылыстың сыры Жаратушыға ғана аян. Данышпандар қашанда адам болмысының мәнін тануға ұмтылған. Сонда адам болмысының жұмбақтылығына мән берген. Адам болмысының жұмбақтылығын оның дүниеге келуімен өмір сүру барысындағы тағдыры, өн бойындағы рухының жұмбақтылығы жөнінде болып отыр. Данышпандар адам болмысының жұмбақтылығымен әлемнің жұмбақтылығы жайында ой қозғап, салиқалы сананың талқысына салатын жері де осы жарық дүние болған. Осы жарық дүниеде ойда пікірде айтатын адамдар. Иә, расында дүниеге ойлы көзбен қарамаса, дүниенің сыры ашылар ме еді? Табиғат ана, Отан ана, олардың адам өміріндегі орны да, маңызы да ақын назарынан тыс қалмаған Ана туралы небір әдемі, шуақты өлең жолдары туындаған.

Адам санасына туғаннан-ақ орнап, ғұмыр бойы есінен шықпайтын, қай жақта жүрсе де үнемі өзіне тарта беретін Отан атты ұғым бар. Адамның қадір-қасиеті Отанда ғана білінеді. Тағдырымыздан жат жерде тіршілік етсек те, жүрегіміз қорланғанда іздейтін жоқшымыз, арқа сүйер қорғанымыз – Отан. «Отан оттан да ыстық» деген аталы сөзді халқымыздың айтуы да содан. Саналы адам қалай да Отанына асығады, Отанына жетсе көкірегін қамалаған күдіктерден құтылады. Санасындағы қорқақтық, жалтақтық атты тағдыр жазып қойған азаптан арылады. Отанның адам өміріндегі орнының биіктігі, міне осындай маңызды қасиеттерімен байланысты. Отанның осы болмысы Төлегеннің «Аруана – бауыр дүние» атты өлеңінде философиялық тұрғыдан терең ашылған.

Мұхтар Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» тақырыпты кітабында: «Ой-құдайым-ай! Бүгінгі рухани деңгейіме көтерілгенім үшін өлісі бар, тірісі бар, жүздеген, тіпті мыңдаған адамдарға қарыздар екенмін. Әкем, анам, нағашым, өзім өскен ауылдардағы құлын-тайдай тебісіп бірге ойнаған балалар, мінезді-мінезсіз қыздар, қариялар, қарт әжелер, мектептегі ұстаздарым, оқыған кітаптарым және олардың авторлары, ауыл тұрғындарынан алғаш рет қасқыр, жолбарыс және ит мінездері хақындағы тыңдаған әңгімелерім ...»

Яғни, мен қаншама адамдардың ізгілік-шуағынан гүлдеппін. Оларсыз мен ешкім емес екенмін ...» деп [4, 11 б.] тебірене еске алады. Мұхтар қол жеткізген қомақты табыстар мен рухани биіктік, тереңдік Іле Алатауының баурайында, Қасқасу өзенінің бойында орналасқан Қасқасу ауылынан бастау алған. Әртүрлі формадағы тастардың судың екпінімен бір біріне соқтығысуының жаңғырығын естіп, жан-жануарлар әлемінің небір таң қалдыратын әрекеттерін көзімен көріп өскен Мұхтар өзінің балалық шағындағы балаң суреттерін өсе келе сөз өнерінің құдіретімен қайта тірілтіп, ізденістер арнасына айналдырды.

Мұхтарды қатты сыйлап, оған өлер алдындағы соңғы сөзін сеніп тапсырған Ғабит Мүсірепов Қазақ әдебиеті газетінің 1984 жылғы 27 шілдедегі нөмірінде жарық көрген «Екі Мұхтар» тақырыпты мақаласында прозаик Мұхтар Мағауин мен ойшыл Мұхтар Шаханов творчествосына шолу жасайды. Сөз басында Чеховтың «Мұндай жаспен қатар жүру түгіл, соңынан еріп жүрудің өзі қандай қуаныш» деген сөздерін Ғ.Мүсіреповтың аты аталған дарын иелерінің творчествосына арнап, асқан сүйіспеншілікпен, зор үмітпен қарайтындығынан хабардар етеді.

Мұхтар ақынның отандық көлемде кең танылуы жөнінде: Р.Гамзатов, Е.Евтушенко, Ш.Айтматов сияқты дүниежүзіне атағы жайылған жиырмасыншы ғасырдың ұлы ақын-жазушылары дәрежесіне көтерілген совет поэзиясы мен прозасының алып қанаттары біздің жас Мұхтармен кездейсоқ достасып жүрген жоқ. Дарын танылды. Адал күш танылды. Ар-намыс танылды. Өртке айналар от, кемеңі шайқал-тар мұхит толқыны танылады» [10, 2 б.] деп жазады.

Философия ғылымында бір ой екінші бір ойға жетелейді, өйткені олар бір-біріне сәуле шашып, жарық түсіреді. Ал, сол жарық, сол шағылыс ізсіз-түзсіз жоғалмайды деген сөз, пікір бар. Сол сияқты өмірде де бір адамның әрекеті екінші бір адамға әсер етеді. Ш.Айтматов пен М.Шахановтың жолында осындай қариялардың болуы жай ғана кездейсоқтық болмаса керек. Өйткені сол жайсаң жандар сепкен дән өсе келе үлкен шынарға айналып, екеуі де адамзаттың алтын қорына сүбелі үлес қосты. Қазіргі таңда қазақ, қырғыз елдерінің мақтанышына айналған, Халық жазушылары Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың дүниетанымына философиялық талдау жасау басты орында тұрғаны анық. Ш.Айтматов өз естеліктерінде былай дейді: «менің өмірімде екі Мұхтар болды. Оның бірі әкемдей қамқор пейілді ұстазым, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те, екіншісі – азамат ақын, көп жылдан бері сырласым, іні-досым Мұхтар Шаханов. Менің түсінігімше, ол-кең ауқымды ізденгіш, ойшыл. Шығыстың даналығы мен Батыстың ұшқыр дүниетанымын бір арнада шебер тоғыстырған Азия құрлығындағы аса ірі ақындардың бірі [11, 4 б.] деп Ш. Айтматов М.Шаханов шығармашылығына жоғары баға берген. Осы фактілер мен оқиғаларды жинақтап қорытындылап, Мұхтар Шаханов ойшылдық дүниетанымының қалыптасуына негіз болған рухани арналарды атап көрсетейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вульф В. Современная художественная проза // Дудова Л., Михальская Н., Греков А., Модернизм в зарубежной литературе. – Москва: Флинт, 1998. – 57-63 с.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Дәнекер, 1994 – 446 б.
3. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. Алматы: РГЖИ «Дәуір» МП «Ынтымақ», 1992. – 488 б.
4. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: деректі роман. – Т.1. – Алматы:2006. – 674 б.
5. Әлімқұлов Т. Дарын қартаймайды // Қазақ әдебиеті. – 1962. – № 7. – 1 б.
6. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 302 б.
7. Шаханов М. Төлеген поэзиясы туралы // Ленишил жас, 16 шілде 1974. – № 93. – 2 б.
8. Айбергенов Т. Бір тойым бар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 149 б.
9. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 265 б.
10. Мүсірепов Ф. Екі Мұхтар // Қазақ әдебиеті. – 27 шілде 1984. – № 61. – 2 б.
11. Айтматов Ш., Шаханов М. Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу). – Алматы: Рауан, 1997. – 255 б.

References:

1. Wolfe V. Modern Art prose // Dudova L., Mikhalskaya N., Grekov A., Modernism in foreign literature. Moscow: Flint, 1998. - pp. 57-63.
2. history of Kazakhstan. From ancient times to the present day. - Almaty: Solder, 1994-446 P.
3. Kunaev D. A. This is how Dauren passed. Almaty: RGI " era " MP "Yntymak", 1992. – 488 P.
4. Shakhanov M. December Epic: a documentary novel. - Vol.1. - Almaty: 2006. - 674 P.
5. Alimkulov T. Daryn does not age // Kazakh literature. – 1962. - No. 7. - 1 p.
6. Shakhanov M. bezbendu centuries. Poems, ballads, poems. - Almaty: writer, 1988. - 302 P.
7. Shakhanov M. about the poetry of Tolegen // Leninshil Zhas, July 16, 1974 – - No. 93. – 2 p.
8. Aibergenov T. I have one wedding. - Almaty: writer, 1989. - 149 P.
9. Karibayeva B. poetics of modern Kazakh lyrics. - Almaty: writer, 1988. - 265 P.
10. Musreпов G. Ekiti Mukhtar // Kazakh literature. - July 27, 1984. - No. 61. - 2 p.
11. Aitmatov Sh., Shakhanov M. The Cry of a hunter at the head of a bird (a conversation at the crossroads of the century). Almaty: Rauan publ., 1997. - 255 P.

УДК 94 (574.11)

FTAXP: 03.20

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.24>

Б.С. Боранбаева¹

*¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Орал қ., Қазақстан*

**ОРДА АУДАНЫНЫҢ «КАПУСТИН ЯР» ПОЛИГОНЫНА АЙНАЛУЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ**

Аңдатпа

«Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламаларын жүзеге асыру аясында жазылған мақалада Батыс Қазақстан облысындағы Орда ауданының 1952 жылы «Капустин Яр» әскери сынақ аймағына айналуының әлеуметтік-экономикалық зардаптары ғылыми зерттеу нысанына алынған. КСРО билігі әскери сынақ аймақтары жөніндегі қандай да бір мәліметтерді аса құпия ұстап келгені белгілі. Автор Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив, облыстық кітапхана қорларында сақталған тарихи деректер, қолжазбалар мен мерзімді басылымдарда жарияланған естеліктерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізе отырып, әскери сынақ аймағына айналдырылған Орда ауданын ежелден мекен еткен жергілікті қазақ халқының Оңтүстік Қазақстан облысы мен республиканың ішкі аудандарына арнайы депортацияланғанын ғылыми негіздейді. Күштеп қоныс аударудың қазақ халқына тигізген әлеуметтік-экономикалық зардаптарын ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Қырғи қабақ соғыс, полигон, Орда ауданы, депортация, «Капустин Яр», КСРО, эшелон, колхоз, Оңтүстік Қазақстан, Сайхын станциясы.

Боранбаева Б.С.¹

*¹доцент Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова,
кандидат исторических наук
г. Уральск, Казахстан*

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ПРЕВРАЩЕНИЯ В ПОЛИГОН «КАПУСТИН ЯР» УРДИНСКОГО РАЙОНА

Аннотация

Объектом научного исследования статьи, написанной в рамках осуществления программ «Рухани жаңғыру» и «Туған жер», явились социально-экономические последствия превращения в 1952 году «Капустина Яра» Урдинского района Западно-Казахстанской области в зону военных испытаний. Известно, что советская власть любую информацию о зонах военных испытаний держало в строжайшей тайне, под грифом «Совершенно секретно». Автор основывается на исторических документах, рукописях, а также на воспоминаниях, опубликованных в периодической печати, хранящихся в фондах Западно-Казахстанского областного государственного архива, областной библиотеки, впервые вводя их в научный оборот. Научно обоснован и факт депортации местного казахского населения, проживающего в Урдинском районе с древних времен, в Южный Казахстан и другие внутренние районы республики. В статье раскрыты социально-экономические последствия принудительного переселения, оказанные на жизнь казахов.

Ключевые слова: «Холодная война», полигон, Урдинский район, депортация, «Капустин Яр», СССР, эшелон, колхоз, Южный Казахстан, станция Сайхин.

B.S. Boranbayeva¹

*¹Candidate of historical science, associated professor of M. Utemisov West Kazakhstan state university,
Oral city, Kazakhstan*

SOCIAL-ECONOMIC CONSEQUENCES OF ORDA REGION TRANSFORMING INTO THE KAPUSTIN YAR TEST RANGE

Abstract

Social-economic consequences of Orda region, West Kazakhstan, in 1952 transforming into the Kapustin Yar military test range have been scientifically examined in some papers published as a part of programs such as «Modernization of Kazakhstan's identity» and «Motherland». It is believed that the USSR authority kept secret some information related to a military test range. The author scientifically analyzes some historical data, manuscripts and periodical publications stored in the state archive of West Kazakhstan region and the regional library. Also, the author discusses about the Kazakh people who forcefully deported from Orda region to the Southern Kazakhstan and other parts of republic because of the military testing range. The article reveals some social-economic consequences of the mass forceful deportation of the Kazakh people.

Key words: Cold war, test range, Orda region, deportation, «Kapustin Yar», USSR, echelon, collective farm, the Southern Kazakhstan, Saihyn railway station.

АҚШ пен КСРО арасындағы «Қырғи қабақ» соғыс кезінде Кеңес өкіметінің территориясында құрылған әскери нысандардың бірі Қазақстанның батыс аймағындағы «Капустин Яр» және «Азғыр» полигондары болып табылады. Бұл екі полигонда ядролық қарумен бірге, ұшақтар мен зымырандар сынақтан өткізілді.

Сөйтіп, КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылы 13 мамыр күні 4 облыстың атап айтқанда, Астрахан, Волгоград және Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының территориясында Орталық мемлекеттік «Капустин Яр» сынақ полигонын құру жөніндегі шешімі қабылданады.

КСРО билігі әскери сынақ аймақтары жөніндегі қандай да бір мәліметтерді аса құпия ұстады. Астрахан облысының жеріндегі Капустин Яр селосының атымен аталған полигон «өте құпия» деген гриффен ғана көрсетілді. Полигонның алғашқы әскери басшысы генерал-лейтенант В.И. Вознюк тағайындалап, ол бұл құпия әскери объектіні, 27 жыл басқарады. Кеңес Одағы 1947 жылы күзде «Капустин Яр» полигонында алғашқы баллистикалық ракетаны ұшырып, сынақты сәтті өткізді [1].

Сөйтіп, 1947 жылдан іске қосылған «Капустин Яр» әскери сынақ аймағы үшін Батыс Қазақстанның Жаңақала, Орда аудандарының территориясынан 1 555 784 гектар жер бөлінеді. Сондай-ақ «Азғыр» және «Капустин Ярдың» «Тайсойған» бөлігі үшін Гурьев облысы да 1,5 миллион гектар жер беруге мәжбүр болады [2, 47 б.].

Демек, Орда ауданындағы жергілікті халықты республиканың ішкі егіншілік және Оңтүстік Қазақстан облысының мақта шаруашылығы аймақтарына көшіру ісін 1952 жылдың жоспарына енгізу жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесінің 1951 жылғы 28 наурызда шығарылған № 4017-Р бұйрығына И.Сталин қол қояды [3, 186-п.].

1951 жылы 14 желтоқсанда ҚазССР Министрлер Кеңесінің республиканың ішкі көші-қон жоспарын жүзеге асыру жөнінде №1013-119 - С қаулысы шығарылады. Осы қаулы негізінде 1952 жылы 31 қаңтарда Орал облыстық еңбекшілер депутаттары атқару комитеті Кеңесінің № 62 санды төмендегідей шешімі шығарылады:

1. «1952 жылы Батыс Қазақстан облысының 300 атап айтқанда, Жаңақала ауданынан 125, Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін аудандарына көшіру жоспары бекітілсін».

2. Бұл жұмыс Жаңақала және Орда аудандық атқару комитетінің төрағалары Валиев пен Ваисов жолдастарға міндеттелсін:

а) 15 ақпанға дейін көшірілетін колхоздарды және қоныс аударуға тілек еткен колхозшылардың жанұялары анықталып, көш жұмысын көтемгі егіс маусымына дейін аяқтау міндеттелсін;

б) қоныс аударудың шарттары мен жеңілдіктері колхозшыларға таныстырылып, жаппай түсінік жұмыстары жүргізілсін;

в) көшірілетін колхоз шаруашылықтарының анықталғандығы жөнінде және қоныс аударатын жанұялардың басшылары мен еңбекке қабілетті жанұя мүшелері жөнінде он күн сайын (ежедекадных) ақпар беріліп отырсын;

3. Аудандық атқару комитетінің сұранысы бойынша қоныс аударушы колхозшылар мен олардың мүліктерін теміржол станциясына тасымалдап жеткізуді автокөлікпен қамтамасыз жасау Топольцев және Плотников жолдастарға міндеттелсін;

4. КСРО Министрлер Кеңесінің 1951 жылғы 21 желтоқсандағы № 5263 қаулысы негізінде қоныс аударушыларға төленетін жеңілдіктер есебін жүргізу үшін аудандық ұйымдарға тиісті тапсырмаларды беру Одокиенко (Облфинотдел), Алексеев (Облсельхозбанк), Наумов (Облуполминзаг) жолдастарға міндеттелсін;

5. Қоныс аударатын колхоз шаруашылықтарының және колхозшылардың малдарын сатып алу жұмыстарын жүргізу ісі Коцурь (Облзаготживкантор) мен Вьюн (Облзаготкантор) жолдастарға міндеттелсін;

6. Батыс Қазақстан облысында Қоныс аудару және құжаттау жұмыстарын кең көлемде жүргізетін арнайы бөлімдердің жоқтығын ескеріп, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Республикалық қоныс аудару басқармасының қызметкерлерін Батыс Қазақстан облысына көмекке жіберуді сұрайды [4, 185-п.].

Осылайша ата-бабаларымыздың ежелден құтты қонысы болған, шөбі шүйгін, жер асты суы мол, төрт түлік малы үшін жазы сая, қысы пана болған, табиғаты ерекше Нарын құмындағы Орда ауданы халқының Ұлы Отан соғысынан кейінгі тыныштығы тағы да осылай бұзылды.

Батыс Қазақстан облысының Орда ауданы жеріндегі Хаки соры деген тұзды көл әскери сынақ аймағы үшін нысана орталығы ретінде таңдалып алынды. Әскерилер мәліметі бойынша, сордың аумағы 832 мың гектар жерге созылып жатыр. Тәуелсіздіктің тізгіні тиген сонау тоқсаныншы жылдардың басында Хаки соры құлаған зымырандар «қабіріне» айналып, оның аймақтағы халықтың денсаулығына тигізген зардабы мен экологиялық қасіреті жөнінде ақпарат құралдарында жиі көтеріліп, қоғамда бұқаралық қозғалыс туғызғаны белгілі.

Жалпы ХХ ғасырдың 80 жылдарының соңына таман бүкіләлемдік антиядролық қозғалыс кең қанат жая бастады. 1992 жылы Батыс Қазақстан облысында ұйымдастырылған «Нарын» қоғамдық қозғалысының жетекшісі, халықаралық экология ғылым академиясының корреспондент мүшесі К.Көбейсіновтің деректеріне қарағанда, Қазақстанның батыс аймағында шамамен 39 ядролық жарылыс жасалған. Полигон аумағында 24 мыңға жуық ракеталар ұшырылып құлаған [5].

Ресми деректерге қарағанда, таратылған Орда ауданының Қарулы күштер қолына кеткен территориясында үш сынақ полигоны қызмет жасаған. Олар: Мемлекеттік орталық, Мемлекеттік ұшу-сынақ және Азғыр атом полигондары. Алғашқы екеуі ортақ атаумен «Капустин Яр» деп аталынып, орталығы Ресей территориясында орналасқанмен, сынақ алаңы Батыс Қазақстан жерінде жүргізіледі.

1994-2005 жылдар аралығында полигонның аймақтағы экологиялық зиянды әсерін анықтау мақсатында 13 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Алайда бұл құжаттардың «Капустин Яр» және «Азғыр сынақ аймағындағы жердің ядролық және химиялық ластану деңгейін анықтау үшін жеткіліксіз екендігі айтылды. Комиссия отырысының қорытындысында полигонға жақын орналасқан аумақтардағы тұрғындардың арасында жүйке, қан тамыр аурулары, эндокринді жүйе сырқаттарының жоғары екендігі көрсетіліп, жарылыс болған аймақтардың топырағы, суы мен ауасы толық зерттеліп, тұрғындарға жарылыс зардаптарының қалай әсер етіп жатқандығын анықтау үшін 4 бағдарлама дайындалып, зерттеу жұмыстарының басталатындығы айтылды [6, 29 б.].

Демек, полигонның аймақтағы экологиялық салдары түрлі деңгейдегі басылымдарда жарияланып келді. Ал біздің мақсатымыз – әскери сынақ аймағына айналдырылған Орда ауданы аймағындағы ішкі депортацияға ұшыраған жергілікті қазақ халқының басынан кешкен әлеуметтік-психологиялық күйзелісін және еріксіз жүргізілген көші-қон саясатының экономикалық зардабын тарихи деректер негізінде анық көрсету.

Ендеше, 1952 жылы шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысына Орда ауданының 5 колхозын қоныс аудару жұмыстары қалай жүргізілді.

Алдымен Батыс Қазақстан облыстық Еңбекшілер депутаттары атқару комитеті Кеңесінің 1952 жылы 29 мамырда өткізілген мәжілісінде (хаттама №21) қоныс аудару жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты комиссия құрылады. Төрағасы Ахмедзянов (облыстық ауылшаруашылық басқармасының өкілі), мүшелері: Алексеев (облыстық банк өкілі), Маркин (облыстық ауылшаруашылық басқармасының мал дәрігері) бекітілді [7, 131-п.].

Облыстық атқару комитетінің 1952 жылғы 16 маусым күнгі: «Обязать комиссию совместно с председателями райисполкомов и переселяемых колхозов немедленно приступить к реализации скота и подготовки колхозников к отправке» [194-п.], – деген шешімінен кейін комиссия төрағасы Ахмедзянов Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы Вайсовке Оңтүстік Қазақстан облысына қоныс аударатын 5 колхоздың малын көрші Чапаев ауданына: 2093 ірі қара, 4320 қой, 610 жылқы, 180 түйе; Жымпиты ауданына 328 жылқы; Казталовка ауданына 150 жылқы, Облыстық тұтынушылар одағына 160 жылқы сатуды көрсеткен нұсқауын жібереді [3, 131-п.], бұған қоса, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ғабдуллин колхоз малдарының тірі салмақтағы сатылу бағасын: қой - ешкі 3 сом, ірі қара мал - 2 сом 50 тиын, жылқы, түйе – 2 сом деп көрсетіп жедел хатын жолдайды [3, 130-п.].

Жалпы 1949-1951 жылдар аралығында Орда ауданы бойынша мал өсімі төмендегідей болған:

Ірі қара мал – 1949 ж. – 5191; 1950 ж. -5766; 1951 ж. – 6087 ;

Жылқы – 1949 ж. – 17819; 1950 ж. – 21383; 1951 ж. – 25660;

Түйе – 1949 ж. – 2506; 1950 ж. – 2666; 1951 ж. – 2770;

Қой – 1949 ж. – 14 526 [8,1-10-пп.].

Облыстық архив қорында сақталған хаттамалар 1952 жылы ақпан айында Оңтүстік Қазақстан облысына көшірілетін Орда ауданының ауылдық кеңестеріне қарасты барлық колхоздарында колхозшылар жиналысы өткізілгенін дәлелдейді. Алайда, жиналыста Орда ауданының әскери сынақ алаңына айналатыны айтылмайды да, Нарын даласы егін, мал шаруашылығы үшін қолайсыз, бұл жерде колхозшылар табысын арттырудың ешбір мүмкіндігі жоқ деп сөйлеген колхозшылар: мақта өсіріп тұрмысты түзеуге болатын оңтүстікке көшуге өздерінің ризашылығын білдіріп, «Сталин жолдас» пен «коммунистік партияға» алғыстарын айтады. Сондай-ақ сөйлеушілер барлығы дерлік: «Бізге беріліп отырған жол қаражатын көбейтуді жоғары басшылардан сұраймыз», – деген өтініштерін білдірген [9, 52-69 pp.].

Жалпы Орда ауданының жергілікті халқын республиканың ішкі аудандарына депортациялау жұмысы қалай ұйымдастырылды?.

1951 жылы 23 қараша күні Қаз ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Қоныс аудару Бас басқармасының № 59 бұйрығымен қоныс аудару ісіне жауапты өкілдері үшін 21 бөлімнен тұратын арнайы жадынама (памятка) дайындалған [3, 187-196 пп.]. Жадынамада республиканың ішкі қоныс аудару жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері көрсетілген. Ереже бойынша көші-қон ісі колхозшылардың еркімен жүргізілуге тиісті.

Алайда архив қорындағы сан түрлі жедел хаттар мен колхозшылардың аудандық атқару комитетіне жалыншты сипатта жазған өтініштері қоныс аудару ісінің шын мәнінде, колхозшылардың еркінен тыс, жоғарыдан келген бұйрықты шұғыл түрде бұлжытпай орындаудағы ел ішінде орын алған дүрбелеңді төмендегі деректерден анық байқаймыз.

Мәселен, Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы А. Ваисовтың № 46027 әскери бөлім бастығы лейтенант Б.С. Берендяға: «Войсковая часть лейтенант прошу отпустить для заправки пятьдесят киллограмма автобензина № автомашины А-5-18-35 гвардия майору Русакову В.С. для выполнение задания по отчистке людей и скота с запретной зоны» [3, 107-п.], сол сияқты, 1952 жылы 30 маусым күні Теректі ауылдық кеңесіне қарасты Калинин атындағы колхоз бастығына: «Сіздің колхоздың колхозшыларын Сайхын станциясына тасуға барған автомашиналар ауылды аралап, әр жердегі үйлерді жинап тиеп жүретін көрінеді. Бұл жағдайда колхозшыларды тасу жұмысы 5 шілдеге дейін аяқталынбайтын болып отыр. Сондықтан колхозшыларды бір орынға жинап сол жерден автомашинаға отырғызуды, сөйтіп, колхозшыларды Сайхын станциясына көрсетілген мерзімге тасып бітіруді ұйымдастыру Сізге міндеттеледі» [3, 121-п.] деген жеделхаттары көп жайды аңғартады.

Сонымен 1952 жылы 11 шілде күні Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Полякованың: «Телеграфьте когда отправлен эшелон переселенцами Южно Казахстанскую область. Высылайте отчет форме три отправке переселенцев эшелоне» деген жедел хатына: «Уральск, Облсполком Поляковой. Переселенцы 223 хозяйства 724 человек 11 июня отправлено эшелон № 2433» [3, 105-п.], – деп Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы А.Ваисов жауап береді. Сондай-ақ ол: «Теректі ауылдық кеңесіне қарасты 3 колхоздың 223 отбасындағы 724 адам, 44 сиыр, ірі мүйізді 33 жас мал, 7 қой, ешкіні 43 вагонға тиеп, №2433 эшелонның Батыс Қазақстан облысы, Рязань-Орал темір жолы бойындағы Сайхын бекетінен Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев ауданы, Жетісай ауылына жөнелтілгені айтылған мәлімдемесін жолдайды [3, 106-п.].

Енді жоғарыдағы эшелонға тиелген мал жөніне келсек, көш қарсаңында, яғни, шілденің 4-і күні облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Ғабдуллиннің: «Реализации скота переселяемые колхозов Южно Казахстанскую область оставьте ограниченное количество одинокие колхозников» [3, 111-п.], – деп А.Ваисовке жіберген жеделхаты бойынша қалдырған болу керек деп болжаймыз.

Әрине, ата-мекенін тастап еріксіз көшу халық үшін оңай болмады. Мұны төмендегі естеліктерден анық көре аламыз. Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған халықтың арасында болған ақын Қайрат Жұмағалиев: «Орда ауданының «Азғыр» дейтін ауылындағы мектеп-интернаттың 8-класында оқып жүрген едім. Кенет сабақты тоқтатып, бізді 100 шақырым жерде орналасқан өзіміздің ауыл Айғырқұмға алып келді. ...Содан бір түнде көшірді. Дүние астан-кестен, не болып, не қойып жатқанын ешкім білмейді. Жан-жақтан жиналған әкім қаралар дік-дік етеді. Жарытып жауап та бермейді. Барлығымызды әскери машинаға тиеп алып теміржолға қарай алып жөнелді. Шымкентке дейін тура 17 күн жүрдік. Жолда кез келген өткізу пунктеріне тоқтаймыз. Қашан қозғаламыз, қайда барамыз, ол жағы беймәлім. Бірғатылып келіп пойыз тоқтағанда, жапа тармағай түсе қалып, самауыр жағып, шай қайнатып ішеміз. Кейде шай қайнағанша пойыз жүріп кетіп, ыстық суды жерге төге салып, әрең ілінеміз. Қозғалған поездға асығыс отырам деп жүріп, бір адам темір дөңгелекке басылып қаза тапты. Ауа райы қоңыржай, жер асты ылғалынан сүзіліп шыққан құдықтың салқын суына үйренген біздер мында келіп еріксіз арықтың суын іштік. Осыдан іш ауру пайда болып, әсіресе балалар қынадай қырылды. Өлімнің көптігі соншалық, адамдар бір-біріне көңіл айтудан қалады екен. Заң қатты ешкімді себебсіз жұмыстан босатпайды, өліктерді жерлеудің өзі сын болды ғой. Өлікті жерлейтін адам жоқ. Қандай қасірет еді! Осылай біздің арқамызда ауылдың шегінде айналасы ат шаптырым қорым-зират пайда болды. Тағы бір сұмдықты айтайын: біздің бәрімізде паспорт жоқ, құжатымызды жинап алған. Адам санатында емеспіз. Төлқұжат жоқ. Қайда барамыз. Қашқандардың өзі малын қорасына байлап, отын жағып қойып, ешкімге білдірмей айлы түнде соқа бастарын алып, кетіп жатты. Шіркін осының бәрін кезінде айта алмадым» [10], – деп камығады.

Әскери полигон аймағына айналған Орда ауданының бұдан басқа 4 ауылдық кеңесіне (Азғыр, Батырбек, Сүйіндік, Лабай) қарасты жерлері көрші Гурьев (қазіргі Атырау) облысына беріледі.

Сондай-ақ Қасымтау және Талап ауылдық кеңестеріне қарасты «Көсем», «Бастауыш», «Энгельс», «Талап» т.б. колхоздарының халқы мал-жаныммен облыстың ішкі Жымпиты, Фурманов, Чапаев, Тайпақ аудандарына мал мүлкімен еріксіз көшірілген. Олардың ыдырамай, бірыңғай орналасуына ерекше көңіл бөлінген. Алайда,

«Ел аман, жұрт тынышта жер аударып,

Зарлады-ау, Құм Нарынның жас баласы!» [10], – деп жоғарыда айтылған ақын Қ.Жұмағалиевтың анасы Жаңылғаным Өкенқызы жырлағандай, Оңтүстік Қазақстан жеріне көшкен шаруашылықтарға қарағанда облыстың ішкі аудандарына көшкен колхоздар жергілікті партия, кеңес органдарының үлкен ұйымдастырушылық шаралары арқылы жүзеге асқан, әрі мал мүлік бірге көшірілген. Сол сияқты, оңтүстікке қарағанда, бұл көшкен шаруашылықтардың адамдары жергілікті жағдайға тез бейімделіп, байырғы тұрғын халықпен тез тіл табысып кеткен [11, 92 б.].

Солай десекте, облыстың ішкі аудандарына депортацияға ұшыраған халықтың туған жерін қимағандағы әлеуметтік-психологиялық жан қиналысын ел ішінде ауызша айтылатын әңгімелер анық аңғартады. Осы орайда әкем марқұмның: «Қайран Ордам, құмаршығы мен құмының сағызын айтсаңшы», – деп жиі айтатын сөзі жадыма сақталып қалыпты. Менің әкем өзінің 70 жастағы атасы туралы: «Өзге жердің топырағын аяғыммен баспаймын деп Ордадан осы Чапев ауданына келгенше жылап келіп еді, тілегі болды ма, жүк тиеген машинадан түсерде құлап, аяғы сынып, бір айдан кейін қайтыс болды», – деп отыратын.

Ал КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, марқұм Саламат Өтемісов ағамыз Алматыдан елге келген соңғы бір сапарында: «Ордадан көшкенде мен 12 жасар баламын. Әкем колхоз басқармасы болды. Күнде абыр-сабыр. Адамдар үйге келіп, кіріп-шығып жатады. Бір күні әкем қасындағы адамдарға «Болмады, ертең көшетін болдық», – деді де шығып кетті. Артынан шықсам, әкем қораның артында жылап тұр екен. Қасына жайлап барған мені байқап қалып: «Балам-ай, әкеннің көз жасын сенің көрмеуің керек еді, дегені есімде қалыпты», – деп мұңайғаны сәті әлі көз алдымда.

Сондай-ақ Ордадан депортацияланған көшті бастап шамамен 500 шақырым жердегі республиканың ішкі Чапаев ауданы (қазір Ақжайық ауданы, Алғабас ауылы) Киров колхозына келген Қадеш Иманғалиұлының қазақтың «Елім-ай» өлеңімен бір сарынды жазылған мына 30 шумақ өлең жолдары (беттің көлеміне қарай қысқартып беріп отырмыз – Б.Б.) кім-кімді де тебірентері анық.

Жыл еді мың тоғыз жыл елу екі,
Қаулы алды көшіруге біздің елді.
Зон (полигон-ББ) жасап біздің елді.
Осыған ыңғайлы боп Орда жері.
Осындай әрбір түрлі жағдайменен,
Қалайда ел көшуге тура келді.
Көшуде туған жерден болмады оңай,
Жоғарыдан келген бұйрық болды солай.
Өмірлік туған жерім мекен болмай,
Осындай арманменен кеткен талай.
Жел соқса қайда бармас суда қайық,
Қонысымыз бар туған ата Жайық.
Туған жер оймен қырға амандасып,
Барлығын ақтық рет аралайық.
Аралап ақтық рет көрсек бәрін,
Ішінде ата-анамның жатқан жерін.
Қоштасып барлығының мәйітімен
Азырақ тарқатармыз іштің шерін.
Мекенім қыр мен құмның арасындай,
Құм Нарын қалың орман панасындай.
Өсірген тәрбиелеп ата-анамның,
Кетелік бір күн түнеп моласына - ай,
Бабалар ақтық рет келіп тұрмын,

Әдеппен сәлемімді беріп тұрмын.
Бұрынғы тіршіліктерің ойға түсіп,
Қайтейін, көздің жасын төгіп тұрмын.
Жатсаң да тілекші бол бабаларым,
Туысқан үлкен - кіші балаларым,
Біз кеттік Ақжайыққа дәмі тартып,
Қалды ғой бабалармен қайран Нарын.
...Үн - түнсіз келе жатыр көшкен халық
Көңілісіз бір-біріне сөз айтарға.
«Кировке» кешке қарай келіп жеттік
Күтірге әр жердегі бөлініп кеттік.
Үйлерді әзірлеген беріп жатыр,
Түсіріп жүгімізді мәкен еттік.
Ұмтылмас үйренгенше туған жерім,
Қарсылап алып жатыр қосқан елім.
Не пайда өкінгенмен болған іске.
Қайырлы қоныс болғай келген жерім.
...Бұл жердің отырықшы халқыменен
Бұйырса, ел болармыз, араласып [12].

Демек, бұл бейбіт күнде атамекені әскери сынақ алаңына айналдырылып, елінен еріксіз қуылған Орда ауданы халқының жан тебіренісі. Ресей патша өкіметінің тапсырмасымен алғаш монографиялық еңбек жазған А.И. Левшин қазақтар жөнінде: «Қазақтар туған жерін, ата мекенін қатты қастерлейді, кір жуып, кіндік кескен жерінен ешкім ешқайда кетпейді» [13], – деп қазақ халқының туған жерін ерекше қадір тұтатын ұлттық мінезіне көңіл аударған болатын. Алайда тоталитарлық билік басындағылар қазақтың ұлттық ерекшелігімен санасып жатпады.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанға күшпен қоныс аударылған халықтардың қасіретін, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туған жері әскери сынақ аймағына айналып, ішкі депортацияға ұшыраған қазақ халқы да басынан кешірді. Ұлт тарихында орын алған бұл оқиға, жас ұрпақтың тәуелсіздіктің қасиетті ұғым екенін сезінуіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Коврин А. История военного полигона Капустин Яр [http:// fb.ru/article /294887/ kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-poligona](http://fb.ru/article/294887/kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-poligona)
- 2 Көбейсінов К. Нарыннан елордаға дейін. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 116 б.
- 3 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив (БҚОММ) 850-қ, 9-т, 1555-іс.
- 4 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1075- іс.
5. Көбейсінов К. Ойсыраған орда // Егемен Қазақстан, 1996. 14 ақпан.
- 6 Боранбаева Б.С. Орал өлкесінің тарихи мәдениеті XIX ғ. II жартысы – XX ғ. I жартысы. Монография. – Орал. «БҚМУ РБО», 2019. – 202 б.
- 7 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1076 - іс.
- 8 БҚОММ 850-қ, 9-т, 920- іс.
- 9 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1246- іс.
- 10 Ықсанғали С. Орданың ойраны шыққан күн // Түркістан. 2012. 7-маусым.
- 11 Бірімжаров Б.Қ. Бөкей Ордасы. Монография. – Орал. «Полиграфсервис». 2017. – 220 б.
- 12 Иманғалиев Қ. Қолжазба. Автордың жеке архивінен
- 13 Боранбаева Б.С. Капустин Яр әкелген қасірет // Түркістан. 2013. 7- қараша.

References:

- 1 Kovrin A. History of the military landfill Kapusti Yar [http:// fb.ru/article /294887 / kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-polygona](http://fb.ru/article/294887/kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-polygona)
- 2 Kobeyisynov K. from the market to the capital. - Almaty: " Arys " publishing house, 2015. - 116 P.
- 3 West Kazakhstan regional state archive (ZKOM) 850-K, 9-T, case 1555.
- 4 WKOM 850-K, 9-T, case 1075.

5. Kobeisinov K. Oysyragan horde // sovereign Kazakhstan, 1996. February 14.
- 6 Boranbayeva B. S. historical culture of the Ural region II half of the XIX – first half of the XX century. Monograph. "Come back." "RBO WKSU", 2019. - 202 P.
- 7 WКОМ-850, Т-9, case 1076.
- 8 WКОМ 850-К, 9-т, 920-case.
- 9 WКОМ-850, Т-9, case 1246.
- 10 Iksangali S. the day of the oiran of the Horde // Turkestan. 2012. June 7.
- 11 Birimzharov B. K. Bokeyorda. Monograph. "Come back." "Polygrafservice". 2017 – - 220 P.
- 12 Imangaliyev K. Manuscript. From the author's personal archive
- 13 Boranbayeva B. S. The tragedy brought by Kapustin Yar // Turkestan. 2013. November 7.

УДК 95(574)

МРНТИ 14.09.03 <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.25>

Бахтибаев А.А.¹, Омарова Р.А.², Абдурахманов Н.А.³, Кадирғалиева А.Т.⁴

¹к.и.н., РСИУ

²к.и.н., РСИУ

³к.и.н., РСИУ

⁴ст.преподаватель, РСИУ

Шымкент, Қазақстан, jap_707.90@mail.ru

ТЕХНОЛОГИИ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТВОРЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К ПЕДАГОГИЧЕСКОМУ ТРУДУ

Аннотация

Преподавателю должен быть передан в полном объеме такой вид обучения, как руководство самостоятельной учебно-познавательной, научно-исследовательской и профессионально-практической деятельностью студентов. В условиях перехода на платное обучение, когда рынок определяет приоритетные научные и производственные направления, возможна более качественная разработка преподавателями конкурентоспособных педагогических технологий, методик обучения, развивающих потенциальные возможности студентов, их стремление к знаниям, новаторству, творческой активности и профессионализму.

Ключевые слова: преподаватель, творческий потенциал, специалист.

А.А. Бахтибаев¹, Р.А. Омарова², Н.А. Абдурахманов³, А.Т. Кадирғалиева⁴

¹т.ғ.к., АӘИУ

²т.ғ.к., АӘИУ

³т.ғ.к., АӘИУ

⁴аға оқытушы, АӘИУ

Шымкент қ., Қазақстан, jap_707.90@mail.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕККЕ КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Оқытушыға студенттердің өзіндік оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу және кәсіби-практикалық қызметін басқару сияқты оқыту түрлері толық көлемде берілуі тиіс. Ақылы оқуға көшу жағдайында, нарық басым ғылыми және өндірістік бағыттарды анықтаған кезде оқытушылардың бәсекеге қабілетті педагогикалық технологияларды, студенттердің әлеуетті мүмкіндіктерін дамытатын оқыту әдістемелерін, олардың білімге, жаңашылдыққа, шығармашылық белсенділікке және кәсіпқойлыққа ұмтылысын неғұрлым сапалы әзірлеуі мүмкін.

Кілттік сөздер: оқытушы, шығармашылық әлеует, маман.

А.А. Bahtybaev¹, А.А. Omarova², N.A. Abdurakhmanov³, А.Т. Kadyrgaliev⁴

¹Ph. D., RSIU

²Ph. D., RSIU

³Ph. D., RSIU

Senior lecturer, RSIU⁴

Shymkent, Kazakhstan, jan_707.90@mail.ru

TECHNOLOGIES OF DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL AND CREATIVE READINESS OF THE FUTURE TEACHER TO PEDAGOGICAL WORK

Abstract

The teacher should also be transferred in full to such types of training as the management of independent educational and cognitive, research and professional and practical activities of students. In the conditions of transition to paid education, when the market determines priority scientific and industrial directions, it is possible to develop more qualitative teachers competitive pedagogical technologies, teaching methods that develop the potential of students, their desire for knowledge, innovation, creativity and professionalism.

Keywords: teacher, creativity, specialist.

Спецификой учебной деятельности студентов школьных отделений педагогических колледжей и педагогических факультетов вузов является то, что она направлена на овладение педагогическим мастерством и творческим подходом к делу.

Сложность и творческий характер этого процесса подчёркивает В.И. Загвязинский: «Педагогическую деятельность издавна квалифицируют как творческую. Как и в любом виде творчества, в ней своеобразно сочетаются нормативные (вытекающие из установленных законов, правил) и эвристические (создаваемые в ходе собственного поиска) элементы. В труде учителя немало типового, повторяющегося, устойчивого, отражённого в уже выявленных психолого-педагогических законах, принципах и правилах. Но немало также изменчивого, вариативного, индивидуального» [1, с.35].

Об этом пишет и Н.В. Савин: «Мастерство учителя проявляется в том, как он анализирует, исследует педагогическую ситуацию; как формулирует на основе многостороннего анализа цель и задачи собственной деятельности на более или менее продолжительный срок; как организует коллектив учащихся на решение этих задач; как соотносит решение многих задач обучения, воспитания и развития личности и коллектива; как на основе комплексного подхода организует общение и деятельность разных людей по решению педагогических задач в строго определённой системе [2, с.56].

Специфика и сложность профессионально-педагогической деятельности состоит в том, что всякое целенаправленное воздействие воспитателя на личность воспитанника своеобразно преломляется в сознании воспитанника, отражается в его поступках, характере общения и деятельности. И только тогда эти внутренние изменения личности школьника может предвидеть учитель, когда он владеет методами исследования всего педагогического процесса и отдельных ситуаций, в которых тесно взаимодействуют учащиеся и учитель».

В воспитательной и обучающей деятельности учителя своеобразно соотносятся стереотипное (задаваемое всякого рода регламентами: структурой педагогического процесса, программами, учебными и поурочными планами, а также опытом работы и т.д.) и импровизационное (предопределяемое самой спецификой педагогической деятельности, условиями её протекания: спрессованность во времени, калейдоскопичность постоянно возникающих педагогических ситуаций, постоянно меняющийся мир личности школьников и т.д.), образующее творческую насыщенность педагогической деятельности.

Для того чтобы творить, нужно усвоить образец активности человека творящего, путём подражания выйти на новый уровень овладения культурой и самостоятельно устремиться дальше.

Присваивая чужую, несомненно творческую, оригинальную теорию и используя её в новых условиях, в новой социальной ситуации, человек непременно вносит в неё элементы новизны на уровне модификации, переконструирования, что-то отбрасывает, что-то вносит своё в соответствии с новыми объективными условиями. Основная идея, предложенная другой творческой личностью, остаётся, а способы её осуществления – новые, индивидуальные.

Только после такого «творческого подражания», при наличии внутренней мотивации, человек способен подняться на высший уровень творческой деятельности. Творческая педагогическая деятельность – это совокупность действий в постоянно меняющейся ситуации, требующей от учителя профессиональной открытости новому; профессионально-творческих действий, приёмов, способов, умений, техники, технологии реализации педагогической деятельности; владения несколькими видами педагогической деятель-

ности, свободного, лёгкого перехода от одних к другим; выполнения профессиональной деятельности в меняющихся и особых (экстремальных) ситуациях; создания и внедрения новых способов педагогической деятельности, инноваций в педагогический процесс; умения, связанных с эмоционально-выразительной сферой педагога.

Развитие творческой готовности к педагогическому труду – это не дополнительная постановка цели профессионального педагогического образования. Это его максимально достижимый результат, требующий использования соответствующих технологий.

В современной педагогике под технологией понимается взаимосвязанная система действий, направленная на решение педагогических задач. Различают общие и частные технологии. К общим технологиям относят действия педагога по осуществлению целостного педагогического процесса, к частным – конкретные формы и методы педагогической деятельности. В процессе профессионального обучения студентов педвузов всё более получают признание творческие технологии. Определяющим условием при организации таких занятий является личностная включённость каждого участника в творческую деятельность, что позволяет выйти за рамки обычного формирования умений и навыков, перевести этот процесс в личностную сферу, когда развиваются способности к поиску, открытости, восприимчивости нового, необычного.

Для формирования у будущих учителей направленности на творческую деятельность используются различного рода игровые технологии и коллективные творческие дела, которые во многом снимают психологические барьеры, создают непринуждённую рабочую атмосферу, способствуют развитию навыков коммуникации.

Например, обсуждение за круглым столом таких тем, как:

- * Почему я выбрал профессию учителя.
- * Какого ученика я хотел бы учить.
- * Каким бы я хотел видеть своего преподавателя.
- * Почему дети не хотят учиться.

Сегодня большое внимание уделяется игровой деятельности как одной из наиболее эффективных форм обучения. Целесообразность использования игры при развитии творчества состоит в том, что из самого факта существования правил игры вытекает необходимость импровизационного характера игровых действий. Ведь смысл игры состоит не в максимальном исполнении правил – в этом случае игра теряет свою привлекательность, а в импровизации игровых действий [3, с.105].

Ежелгі және орта ғасырлық мемлекеттік құрылымдарды зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше, мемлекеттің құрылуына негіз болған мақсаты пен міндеті оның рөлін айқындайтын басты фактор болып табылады. Және ол мемлекеттің басты идеясына(миссия) айналады. Басқаша айтқанда, сол мемлекеттің гүлденуі осы ұстанған түркі мақсаттың берік болуы мен оның қаншалықты жүзеге асуына байланысты болса, керісінше құлдырап, күйреуі де сол негізгі идеясының жоғалтуынан туындайтын жағдай. Мемлекет ұғымының дүниетанымдық негізінің өзі сол халықтың наным-сенімімен тығыз байланысты. Түрік халықтарының ғасырлар бойы соншалықты көп мемлекет құруындағы басты себебі, олардың Тәңірішілдік (Көк Тәңірі) сенімімен қаншалықты байланысты екенін зерттеп көрелік. Көне түріктердің мемлекет және билік туралы түсінігін зерттеуде мәселенің тарихнамалық деректік қорын қалыптастыратын деректерді үш топқа бөліп топтастыруға болады. Бірінші топқа: көне аңыз, әңгімелер мен дастан-жырлар; екінші топқа: түріктердің тас ескерткіштегі жазбалары (Орхон-Енесей, Талас т.б. жазбалар); үшінші топқа: ежелгі және орта ғасырлық жазба деректердегі (М.Қашқари, Ж.Баласағұни аль-Фараби т.б. әдеби, философиялық шығармалары) мағлұматтар жатады. Ең көне деректер дастандар мен аңыз-жырлардан бастап, кейінге тас ескерткіштердегі жазулар мен орта ғасырларлық жазба деректерге дейін барлық жерде түріктердің мемлекет құру идеясы жалғасын тауып, толықсып дамып отырған. Түріктердің мемлекет құру мақсатының өзінде әуел бастан "әлемдік билікке" жету арманының ұшқындарын байқауға болады. Дәл осы арман әрдайым жаңа мемлекеттердің құрылуына түрткі болған. Платон бастаған ежелгі грек ойшылдарының түп құпиясын іздеген "кемелденген мемлекет" мәселесі, түріктердің көне дастандарының өзінде-ақ идеялық тұрғыдан ашық сипатталуы назарға тұрарлық жәйт [1, 137 б.].

Түріктердің ең көне Оғыз-нама дастанында Оғыз ханның: «Шатырымыз-көк жүзі, туымыз-күн» деген сөздері түріктер құратын мемлекеттің шекарасы мен шегінің өлшемі туралы хабар берсе, «Ей ұлдарым, көп соғыстым кәртәйдім, Көк Тәңірге борышымды өтедім» деп баяндауы да бұл жорықтардың негізгі мақсатының жаугершілік емес екенін көрсетіп тұрғандай. Ал, бұл борыштың не екенін толығырақ түсіну үшін, түріктер ұстанған мына саясатты білудің өзі жеткілікті сияқты: түріктер әлемдік мемлекет құру жолында тарихы бойынша, басып алған барлық жерлердегі халықтардың дініне, мәдениетіне, әлеуметтік топтарына қысым көрсетпей, керісінше, оларға құқық беріп, қорғаған. Сонымен бірге қоныстанған жердерді өз жұрты санап, оның дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған [2, 41 б.]. Түріктердегі әлемді басқару идеясының осы Оғыз ханнан бастау алатынына тағы бір дәлел, дастанда Оғызханның көктен түскен әйелі мен жер қойнауынан келген әйелінен туған ұлдары арқылы аспан мен жердің арасын түгел өз билігіне қаратқан күшінің сипатталуында. Көне түріктердің түсінігінде "әлем" дегеніміз бұл «күннің шыққан жерінен батқан жеріне дейінгі аралық» яғни шексіз дүние және сол шексіз дүниеге Көк Тәңірінің әділетін орнатуды өздеріне міндет етіп алған, түрік билеушілерінің аңсаған арманы «әлемдік деңгейдегі мемлекет құру» болып табылады. Ал, идеяның түп тамырының көне түріктердің дүниетанымымен әсіресе, Тәңірішілдікпен тығыз байланысты деуге толық негіз бар. Бұл ойымызға тағы бір дәлел Орхон Енесей жазба ескерткіштерінде кездесетін Көк Тәңірі берген «құт» сөзімен қатар деректердегі "Тәңірі тек, Тәңірі құт, бенгу/мәңгі" сөздері. «Тәңірі түрік халқы жоқ болмасын деп мені қаған етті» сөздердің жалғасында «мемлекеттің пайда болуының негізгі қағидасы былайша баяндалады:

"Жоғарыда көк (аспан), төменде қара жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласының үстіне ата-бабам Бумын қаған, Істеми (Истеми) қаған таққа отырған. Таққа отырып түрік халқына (еліне), төріне(төре) тұтқа болған, қалыптастырған. Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындарып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген [3, 52-60 б.].

Мемлекеттің батыстық және шығыстық түрлері формасы жағынан бір-біріне ұқсағанымен, құрылу идеясы жағына түрік мемлекеттерінің батыстық үлгідегі императорлықтардан өзгеше екендігін айта өткеніміз жөн. Себебі Батыстық үлгідегі «империя» мағынасы жағынан латынша *imperium* яғни билік, әскер күшіне сүйенген топтың билік жүргізуі және уақыт өте келе билеуші топтың өзгелерді қанауы, үстемдік етуі мағынасына келсе, түркілердегі мемлекет – бұл көне түрік жазба ескерткіштерінде «Эл, Ил, Ел» ұғымымен берілген, М.Қашқаридың сөздігіндегі мағынасы жағынан «бейбітшілік, халық, ел, мемлекет» дегенді білдіретін сөз. Мемлекет және билік сөздерінің Түрікше баламасы болған «Ел, құт» сөздерінің өзі түріктердің мемлекет құрудағы басты мақсатының өзгені жаулап, өзіне құл ету емес, Тәңірі берген құтты қолданып, бейбітшілік орнату екенінің дәлелі. Бұлай деуіміздің тағы бір себебі, Орта Азия тарихының атасы В.В. Бартольд өз зерттеуінде Орхон-Енисей жазбалары туралы баяндай келе: «...все таки эти слова свидетельствует о более широком понимании задачи правителя, чем можно было бы думать по словам Э. Шаванна, что хан выразил в надписях только свою «мечту о зверской славе»» деп түрік билеушілері жүргізген соғыстардың түп мақсаты басқыншылық емес, Тәңіріге қызмет ету пікірі және соған байланысты өзіндік мақсатының болғанына дәлел келтіреді [4, 10 б.].

Мемлекетті құру мен оны басқарудың басты шарты (талабы) «құтқа» лайықты болу. Ал құтқа лайықты болу дегеніміз ол Білге қаған ескеркішінде баяндалатын: «Ашт тойғыздым, жалаңашты киіндірдім, Илі(елі) жоқ халыққа Ил(ел) бердім» сөздерінен анық аңғарылады [1, 109 б.]. Осы қағидаға негізделген түрік билеушілерінің "құтқа лайықты болуының" ғасырлар бойы қалыптасқан басты қасиетін Ж.Баласағұнның "Құтты білігінде" баяндалатын: әділ болу, жомарт және білге (білімді, парасатты) болу еді. Бұл дегеніміз Көк Тәңірінің әділетін жер бетіне орнату үшін «әлемдік билікке» жетудің негізгі қажеттілігі болатын. Тәңірі құт берген адам, яғни билеуші халқын тойғызуды, ішкі және сыртқы дұшпандардан қорғауға міндетті болады. Сондықтан Түріктер құрған мемлекеттерде қол астындағы халқтың дініне, түріне, тегіне немесе әлеуметтік жағдайына қарай бөле жаруға жол берілмеген. Себебі Ол (билеуші), күннің шыққан жерінен, батқан жеріне дейінгі әлемнің үстін мекендеген барлық халққа Тәңірінің өкілі ретінде билік етуші, оның әділетін орындаушы екенін есте естен шығармауға тырысқан. Өйткені, Тәңірі берген "құтын" дұрыс қолданбаса Тәңірі құтын кері алып, оны құтсыз қалдырады. Құтынан айрылған билеуші халқынан, мемлекетінен және тәуелсіздігінен айрылып, кіріптар халге түседі [5, 12 б.]. Яғни бақытсыздыққа душар болады. Түріктердегі билік етуге қатысты осы қағида көне Оғыз хан дастанынан бастап түріктердің көне жазба ескерткіштерінде, орта ғасырлық Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік», М.Қашғаридың «Диваны лұғат ат-Түрік» және Ислам діні орныққан XI ғасырдан кейін қаламға алынған Низам ал-Мүліктің «Сиясет-намасы» мен Әбул Хасан аль-Мавердидің «el-Ahkamu s-Sultaniye(мемлекет билігінің құқығы)» атты еңбектерінде де сабақтастығын жоғалтпағаны анық байқалады [6, 262 б.].

Әлемге билік ету қызметін Тәңірінің түріктерге нәсіп еткені туралы түсінік тек көне дәуірмен шектелмей, ислам діні тарап мұсылмандық бекіген тұста М.Қашғаридың «Диваны лұғат ат-Түрік» еңбегінде: «...молдалар хабарынша Мұхаммед пайғамбарға Құдай айтыпты-мыс: Менің бір әскерім бар, оларға түрік деп ат бердім. Оларға күншығыс жағынан қоныс бердім. Егер де бір қауымға ашуым келсе, осы түріктерді жіберіп билетемін (маслат қыламын)» деп баяндаса түріктер туралы әрі қарай Қашқари өз сөздерімен былай жалғастырады: "Түрік қауымын Құдайдың бүкіл дүниенің басқа ұлттарынан айырып, оларға түрік деген атты өзі беруі, түрікті басқа ұлттардан айырған бір фадилат (артықтық) болады. Құдай түрік қауымын дүниенің ең биік жерлеріне, (Тянь-шань таулары) һәм жер жүзінің ауасы ең таза орынға жайластырды. Оларды өзінің әскері деп атайды. Түрік халқы осының үстіне сұлу, жүзі күліп тұрған, өзі әдепті, сыпайы, жасы үлкен адамдарға құрмет қылған. Айтқан сөзінен қайтпайтын, уәдесіне берік тәкаппаршылықты, мақтануды білмейтін халық. Түрік қаһарман, батыр ұлт. Мұнан басқа да олардың мақтауға лайықты мінездері әрине көп" деп түйіндейді [7, 25 б.]. М.Қашқаридің бұл сөздерінен Жаратушының "әлемге әділет орнату" қызметінің түріктерге берілгендігіне қалдықсыз сенімін байқауға болады. Түріктердің ата жұрты киелі мекені Эргенекон мен Өтіккеннен бастап, Еуразияның ұлан байтақ территориясында билік құруда ешқашан белгілі аймақпен шектелмеуінің де басты сыры осында жатқан сияқты.

Қорыта айтқанда, түріктердегі "әлемдік билік" орнату пікірі тарих толқынында жетіліп, оларға әлемдік тұтастықты идеялық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда "жаһандану үдерісі" түріктерде сонау көне дәуірден бастау алып, олардың белгілі территориямен шектелмей жаңа жерлерді игеруіне, жаңа мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы байланыстарды қалыптастыра отырып, түріктердің осы "тарихи миссиясы" олардың әлемдік тарихтан өздік орындарын алуын қамтамасыз етті. Мемлекет туралы зерттеулер түріктерде мемлекет болудың басқы қағидаларын былайша анықтайды:

Еркіндік. Себебі түріктер үшін тәуелсіздік мемлекет болудың басты қажеттілігі. Басқаның билігінің астында болған кездерінде олар өздерін мемлекет деп санамаған. *Халқының болуы, Төресі* яғни, заңының болуы. Міне осы негіздемелер болған жағдайда ғана оның (түріктің) Илі/ Елі (мемлекеті) болады. Ал, түріктер құрған мемлекеттің басты міндеті болып саналған: халықты бейбіт ету, ашты тойғызу, жалаңашты кигізу, Ел/Ильсізге ел болу (төресіз елге тұтқа болу, заңды орнату) сонау ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған қағидалар десекте болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Угел В., *Türk Cihan Hakimiyeti Mevkuresi Tarihi* (Түріктердің жаһандық билік түсінігінің тарихы), *Istanbul* 2009.
2. Әбушәріп С., Мадуан С., *Қазақтар және Түрік Әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары.* – Алматы 2009.
3. Смағұлов Н.Б., Ташағұл А. "Күлтегін жазбасындағы ежелгі түріктердің манифесті", *Қарағанды университетінің хабаршысы, "Тарих, философия"сериясы, №3, 2015 ж.*
4. Бартольд В.В., *Тюрки-двенацать лекций по истории турецких народов Средней Азии.* – Алматы-1998.
5. Жүсіп Хас Хаҗыб Баласағұн. Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд. А.Егеубай. – Алматы, Өлке, 2006, (қосымша: «https://kk.wikipedia.org/wiki/Құтадғу_білік»)
6. Молдабаева Д.Ж., М. Қашқаридың "Құтты білік" және "Низам ал-Мүлктің "Сиямат наме" еңбектерінде мемлекеттік билік және билеуші мәселесі, *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(56), 2018 ж.* – 262 б.
7. Махмуд ал-Кашғари. *Диван Лұғат ат-Турк/Пер., пред. и коммент. З. - А.М. Ауэзовой; индексы составлены Р.Эрмерсом.* – Алматы: Дайк-Пресс. 2005, (<http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b1122.pdf>)

References:

1. Ugel V., *Türk Cihan Hakimiyeti Mevkuresi tarih* (history of the Turkish understanding of global power), *Istanbul* 2009.
2. Abusharip S., Maduan S., *Kazakhs and the Turkish world: the origins of statehood.* - Almaty 2009.
3. Smagulov N. B., Tashagyl A. "manifesto of ancient Turks in the writing of Kultegin", *Bulletin of Karaganda University, Series "history, philosophy", No. 3, 2015.*
4. Barthold V. V., *Turki-translate lectures on the history of the Turkic peoples of Middle Asia.* - Almaty-1998.
5. Yusuf Khas Hajib Balasagun. *Blessed shaft./ Translated from ancient Turkish. A. Egebai.* - Almaty, Ulke, 2006, (appendix: https://kk.wikipedia.org/wiki/Құтадғу_білік)
6. Moldabayeva D. zh., in the works of M. Kashgari "Kutty Bilik" and "Nizam al-Mulk "siyamat name" the problem of state power and rule, *Bulletin of Abai Kaznpu Series "history and political and Social Sciences", No. 1(56), 2018-262 P.*
7. Mahmud al-Kashgari. *Diwan Lugat at-Turk/per., pred. and comments. "I don't know," he said.* - Almaty: Dyk-Press. 2005, (<http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b1122.pdf>)

УДК 327.7

ГРНТИ 11.25.40 <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.32>

Зайниева Л.Ю.¹, Серик А.С.²

¹*д.пол.н., профессор кафедры политологии и политических технологий
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: zainieval@mail.ru;*

²*магистрант Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: aqbota@gmail.com*

**РОЛЬ РЕГИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ В ФОРМИРОВАНИИ И РЕАЛИЗАЦИИ
МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ**

Аннотация

Данная статья посвящена одному из уровней осуществления молодежной политики – региональному. Речь идет о сотрудничестве государств в молодежной сфере отдельных объединений стран. Рассматривается взаимодействие молодежи в основном в таких группах государств, как Содружество Независимых Государств, Шанхайская организация сотрудничества, Совет сотрудничества тюркоязычных государств. Анализируются принятые документы, деятельность различных структур, мероприятия, направленные на воспитание молодых людей в духе дружбы и толерантности как важнейшего фактора укрепления мира и согласия в региональном масштабе.

Ключевые слова: молодежь, молодежная политика, региональный уровень, совет, форум, диалоговая площадка, волонтерство.

Л.Ю. Зайниева¹, А.С. Серік²

¹саясаттану ғылымдарының докторы, ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,

Алматы, Қазақстан, e-mail: zainieval@mail.ru;

²ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aqbota@gmail.com

**ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ
ӨНІРЛІК ДЕНГЕЙДІҢ РӨЛІ**

Аңдатпа

Бұл мақала жастар саясатын жүзеге асыру деңгейінің біріне – өңірлік деңгейге арналған. Мақалада мемлекеттердің жекелеген бірлестіктерінің жастар саласындағы ынтымақтастығы туралы айтылып отыр. Жастардың өзара іс-қимылы негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, түркі тілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесі сияқты мемлекеттердің топтарында қарастырылуда. Қабылданған құжаттар, түрлі құрылымдардың қызметі, жастарды аймақтық ауқымдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудың маңызды факторы ретінде достық пен төзімділік рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар талданған.

Кілт сөздер: жастар, жастар саясаты, өңірлік деңгей, кеңес, форум, диалог алаңы, еріктілер.

LU. Zainieva¹, A.S. Serik²

¹doctor of political science, Professor of the Department of political science and political technologies

al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zainieval@mail.ru;

²master's degree in al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aqbota@gmail.com

**THE ROLE OF THE REGIONAL LEVEL IN THE FORMATION AND IMPLEMENTATION
OF YOUTH POLICY**

Abstract

This article is devoted to one of the levels of implementation of youth policy - regional. It is about the cooperation of states in the youth sphere of individual associations of countries. The interaction of youth is considered mainly in such groups of states as the Commonwealth of Independent States, the Shanghai Cooperation Organization, and the Cooperation Council of the Turkic Speaking States. The adopted documents, the activities of various structures, and the measures aimed at educating young people in the spirit of friendship and tolerance as the most important factor in strengthening peace and harmony on a regional scale are analyzed.

Key words: youth, youth policy, regional level, council, forum, dialogue platform, volunteering.

Молодежь – главный фактор перемен в обществе. Это сила, которая во многом определяет политическую, экономическую, социальную структуру общества и выступает катализатором его развития. Поэтому молодежной политике уделяется большое внимание на любом уровне ее осуществления – национальном, международном и региональном, то есть в масштабе групп государств. Для регионального уровня характерно совместное определение основных направлений молодежной политики, выработка организационных и финансовых механизмов ее реализации.

В современных условиях формирование регионального компонента молодежной политики происходит более высокими темпами. В условиях бурного развития международных отношений идет поиск эффективных решений проблем молодежи, не только не утративших актуальность, а приобретших

еще более острый характер. К таким проблемам относятся качественное образование, приобретение профессии, трудоустройство, обеспечение жильем, поддержка молодых семей и молодых людей, оказавшихся в трудных жизненных ситуациях, воспитание толерантности и др. Поэтому индикаторами регионализации выступают не только принятие законов и нормативно-правовых актов о молодежи и молодежной политике, создание специальных управленческих органов, но также профессионализм и оперативность в решении вышеназванных проблем. Усиливается роль в данном процессе сотрудничества молодежи государств региона.

Для Казахстана процессы регионализации обусловлены географическим положением и приоритетами внешней политики. Целесообразно выделить сотрудничество с ближайшими соседями, особенно с Россией, Китаем, центрально-азиатскими странами.

Интересен опыт Содружества Независимых Государств, взаимодействие молодежи в котором осуществляется практически со времени его создания. 25 ноября 2005 года в Москве было подписано Соглашение этих государств о сотрудничестве в молодежной сфере, в соответствии с которым при Исполнительном комитете СНГ действует Совет по делам молодежи. Следует назвать документы, принятые Межпарламентской Ассамблеей государств-участников СНГ: «О формировании законодательных основ современной молодежной политики в государствах-участниках СНГ» (14 мая 2009 года), «О государственной молодёжной политике» (23 ноября 2012 года). Второй документ носит индикативный характер и содержит методическое изложение универсальных для государств Содружества задач и ориентиров в отношении молодежи. В законе даны определения таких понятий как «государственная молодежная политика», «молодежь (молодые граждане)», «молодая семья», «молодежное общественное объединение», «молодой ученый», «молодой специалист», «молодежное предпринимательство» и др. [1]

Следует отметить, что в 2010 году был принят специальный документ о сотрудничестве молодежи - «Стратегия международного молодежного сотрудничества государств – участников Содружества Независимых Государств на период до 2020 года». В нем было обозначено, что Стратегия представляет собой совокупность согласованных подходов государств региона к основным целям, задачам, принципам, направлениям, формам и механизмам развития молодежных связей на пространстве СНГ. Основными ее целями сформулированы раскрытие творческого, образовательного, социального и духовно-нравственного потенциала молодого поколения, укрепление дружбы, взаимопонимания и взаимодействия народов государств-участников СНГ, а также поддержание интеграционных процессов в СНГ [2].

На пространстве СНГ также принят ряд других законов, направленных на осуществление заботы о подрастающем поколении. Среди них законодательные акты «О воспитании детей и молодежи», «Об основных гарантиях прав ребенка в государстве», «О физической культуре и спорте», «О защите детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию» и другие.

Важно для налаживания связей молодежи проведение на пространстве СНГ общих мероприятий. В частности, таким событием можно назвать объявление Советом глав государств Содружества 2009 года Годом молодежи в СНГ. В его рамках состоялся целый комплекс международных молодежных форумов, летних школ, научных и других мероприятий, охватывающих различные сферы молодежных интересов.

Способствует развитию сотрудничества молодежи систематическое проведение Форумов межрегионального сотрудничества России и Казахстана. В ноябре 2019 года состоялся 16-й такой Форум. В качестве главной была вынесена тема приграничного сотрудничества. В ходе этого мероприятия состоялся Форум молодежных лидеров двух стран. Министерство информации и общественного развития РК и Федеральное агентство по делам молодежи РФ (Росмолодежь) заключили Меморандум о взаимопонимании в области молодежной политики.

Активизировалось на территории СНГ сотрудничество молодежных общественных объединений. Вопросы их развития обсуждаются на заседаниях Совета по делам молодежи. Совет взаимодействует с Международной молодежной общественной организацией «Содружество», поддержав в 2012 году ее создание, и поддерживает подписание двусторонних соглашений о сотрудничестве молодежных организаций различных государств. Создан ряд площадок для содержательного общения молодежи. Востребованными площадками для общения стали такие международные мероприятия, как лагерь студенческого актива «Славянское содружество» (в России при активном участии администрации Курской области), научный форум «Ломоносов» на базе МГУ им. М.В. Ломоносова, молодежный форум «Дружба без границ» в Национальном образовательно-оздоровительном комплексе «Зубренок» (Беларусь), «Диалог культур» в Армении, Иссык-Кульские форумы молодых интеллектуалов (Кыргызстан) и другие. Ежегодно в Москве организовываются слет «Дни молодежи Содружества», заседания

Клуба молодых интеллектуалов стран Содружества. В 2015 году учреждена специальная площадка для диалога молодых лидеров и парламентариев – Молодежный межпарламентский форум СНГ.

Расширены возможности для проявления способностей и поддержка творческой и иной наиболее активной части молодежи государств-участников СНГ посредством организации ряда международных конкурсов и фестивалей. Особое место занимают конкурс на соискание Международной премии «Содружество дебютов» при поддержке Межгосударственного фонда гуманитарного сотрудничества государств-участников СНГ, Молодежные Дельфийские игры государств-участников СНГ во взаимодействии с Международным Дельфийским комитетом.

Молодежь приняла активное участие в праздновании 70-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов. Одним из самых важных направлений работы с молодежью стало сохранение памяти о подвиге советского народа, осмысление новым поколением итогов и уроков этой войны. Важно продолжение данной работы, учитывая грядущее 75-летие Великой победы.

В целях реализации Стратегии международного молодежного сотрудничества проводятся масштабные мероприятия, направленные на улучшение качества профессиональной подготовки и повышение квалификации, помощь в трудоустройстве и карьерном росте молодых людей из стран СНГ, специализирующихся в различных сферах деятельности, функционируют различные структуры. Среди них можно назвать Клуб молодых евразийских политиков, Школу высшего журналистского мастерства стран СНГ и Школу молодых ученых-историков, семинары для молодых парламентариев и лидеров молодежных общественных организаций, Форум сельской молодежи.

Расширилась практика определения молодежных столиц государств-участников СНГ. Цель и задача таких проектов – создание дополнительных условий для развития потенциала молодого поколения и молодежной инфраструктуры на территориях государств-участников СНГ.

Значительное развитие получило движение трудовых студенческих отрядов. Полезной представляется практика создания совместных студенческих отрядов, подписания соглашений о взаимном обмене студенческими отрядами, их совместной работе на объектах, расположенных в государствах Содружества [3].

Большое внимание в СНГ уделяется развитию волонтерства, которое непосредственно связано с деятельностью молодежи и ее организаций. В 2015 году Межпарламентской Ассамблеей государств – участников СНГ был принят модельный закон «О добровольчестве (волонтерстве)». В 2018 году появилась «Концепция развития сотрудничества государств – участников Содружества Независимых Государств в поддержке молодежного добровольческого (волонтерского) движения». В рамках этого движения были запланированы мероприятия с целью совершенствования и нарастания международного молодежного сотрудничества, интенсификации непосредственного участия молодежи на добровольной и безвозмездной основе в решении социально значимых проблем и сохранении природного и культурного наследия.

Сотрудничество в сфере волонтерства способно не только повысить эффективность общественных усилий по развитию национальных волонтерских программ, но также усилить роль волонтерских организаций в решении международных целей в области устойчивого развития, поддерживать дружественные и культурные связи среди молодежи стран СНГ, а также способствовать обмену опытом в разработке и реализации нормативно-правовых документов и инициатив в волонтерской среде. Следует отметить, что во многих странах Содружества процесс усиления добровольчества сопровождается интенсификацией нормативно-правового обеспечения этой деятельности, разработкой новых мер поддержки добровольческих инициатив граждан на государственном уровне. В ряде государств СНГ статус волонтерской деятельности закреплён законодательно. В Беларуси и Кыргызстане законодательно волонтерство включено в правовые акты, регулирующие молодежную политику.

В государствах СНГ проводятся Годы волонтера. В России, например, Годом волонтера был объявлен 2018 год, в Азербайджане и Казахстане – 2020 год. В декабре 2019 года состоялась одновременно церемония закрытия Года молодежи и старта Года волонтера. Выступая на этом мероприятии, Президент РК Касым-Жомарт Токаев отметил: «Сама суть добровольчества – делать что-то из благих намерений – соответствует нашим национальным традициям и ценностям. Волонтерство – не просто бесплатная работа, это показатель ответственности граждан и готовность менять мир к лучшему». В республике работает более 200 волонтерских организаций. По данным местных исполнительных органов, волонтерским движением охвачено свыше 50 тысяч человек [4].

Усиливается совместное внимание к молодому поколению в рамках Шанхайской организации сотрудничества. Свидетельство тому - создание Молодежного совета, в качестве учредителей которого выступили национальные молодежные организации. Данная структура образована как орган, осуще-

ствляющий координацию входящих в него молодежных организаций и объединений в рамках направлений деятельности государств-членов ШОС, как орган, который придаст новый импульс работе организации и послужит залогом для сохранения достигнутого уровня взаимодействия в дальнейшем [5].

В рамках первого заседания Молодежного совета были подписаны Положение и Декларация о создании Молодежного совета ШОС, разработаны структура и основные направления работы. Целью Молодежного совета было определено взаимодействие молодых лидеров по наиболее острым проблемам, волнующим молодежь, развитие культурного обмена и обмен опытом представителей молодого поколения стран ШОС в различных областях развития молодой личности, сотрудничество в области спорта и образования. Важно отметить значимость развития молодёжного сотрудничества ШОС для укрепления дружбы и взаимопонимания среди молодёжи государств данного объединения, а также для всего Евразийского континента.

В 2018 году открылась «Первая ассамблея представителей молодежи стран ШОС» под девизом "Молодежь ШОС против терроризма и экстремизма", в работе которой приняли участие более 300 юношей и девушек. В рамках Ассамблеи состоялись различные мероприятия. Это конференции, «круглые столы», направленные на обмен мнениями по вопросам сепаратизма, терроризма, экстремизма, сетевой безопасности, развития информационных и коммуникационных технологий.

В 2019 году прошел четвертый Молодежный лагерь ШОС под девизом «Новые возможности - новое будущее» с участием более 200 молодых людей. Лагерь носил как культурный, так и практический характер. В ходе его работы осуществлялось знакомство с технологическими и культурными проектами, проходили форумы и семинары-презентации по вопросам торгово-экономического сотрудничества и молодежного предпринимательства в рамках ШОС. Это отвечает стремлению организации активизировать обмены и сотрудничество молодежных объединений, молодых предпринимателей региона в целях создания для них более широкого поля деятельности. Для достижения названных целей и развития сотрудничества в научно-технической области практикуются Молодежные форумы университетов стран ШОС.

Другой площадкой для молодежного взаимодействия выступил фестиваль «Студенческая весна стран БРИКС и ШОС», программа которого включила различные образовательные, деловые и культурные мероприятия. Это движение получило дальнейшее развитие.

Активность молодежных организаций Шанхайской организации сотрудничества, а также Европейского союза, Евразийского экономического союза, Шелкового пути проявилась в связи с проведением в г.Алматы в 2019 году Глобального конгресса мировых университетов «Вклад молодежи в реализацию ЦУР-2030».

Следует отметить еще одну площадку, где поднимались и обсуждались молодыми лидерами актуальные вопросы, связанные с охраной окружающей среды и устойчивого развития – это «Центрально-азиатская программа лидерства» (ЦАПЛ). Данная программа была организована Региональным экологическим центром Центральной Азии, которая, в свою очередь, учреждена правительствами пяти стран региона – Казахстаном, Кыргызстаном, Таджикистаном, Туркменистаном, Узбекистаном, а также Европейским союзом и ПРООН. В 2019 году заключительная десятая Лидерская программа была организована совместно с «Региональным тренингом по водной дипломатии с особым акцентом на навыки ведения переговоров и медиацию с учетом гендерных факторов», проводимым Организацией по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ) в г. Алматы. «Центрально-азиатская программа лидерства» была задумана как нейтральная региональная площадка для молодежного диалога по экологическим вопросам и проблемам гендерного равенства в контексте устойчивого развития. Необходимо отметить, что выпускники данной программы активно участвуют в мероприятиях, связанных с охраной окружающей среды и устойчивого развития [6].

В августе 2018 года состоялся Первый Центрально-азиатский фестиваль молодежи, который Елбасы Н.А. Назарбаев назвал принципиально новой моделью конструктивного диалога братских народов. Он проходил в живописном месте Алматы – на горнолыжном курорте «Шымбулак». В числе стран-участниц – Казахстан, Кыргызстан, Узбекистан и Таджикистан. В качестве специальных гостей на форум были приглашены Азербайджан и Турция. Организатором мероприятия выступил Фонд Первого Президента РК – Елбасы в качестве диалоговой площадки для обмена идеями, опытом и конкретными проектами в самых разных областях жизни нового поколения. Первый фестиваль собрал более 300 молодых участников, тех, кто в ближайшее будущем станет лидерами в своих странах: это интеллектуалы, творческие личности, общественники, стартап-предприниматели, деятели культуры, искусства и спорта.

На форуме работали тематические секции, охватившие практически весь спектр современных интересов молодежи. Особое внимание уделялось вопросам развития IT-технологий и кибербезопасности, проблемам миграции и сохранения интеллектуального капитала, волонтерству, формированию здорового образа жизни, доступному образованию, полиэтническому устройству общества как современной модели мира и согласия. В практическую часть работы форума вошли презентации социальных, предпринимательских, волонтерских и других общественно значимых проектов [7].

Широкие возможности для укрепления международного сотрудничества молодых людей предоставляет Совет сотрудничества тюркоязычных государств (Тюркский совет). Это международная организация, созданная в 2009 году с целью оказания содействия всестороннему сотрудничеству между тюркоязычными государствами. У ее истоков стояли Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан и Турция. В 2019 году принял решение о присоединении к Тюркскому совету Узбекистан. С 2018 года статус наблюдателя имеет Венгрия. Совет открыл свой Европейский офис в Будапеште. Туркменистан рассматривает возможность получения статуса наблюдателя. Деятельность Тюркского совета охватывает широкий спектр сотрудничества между государствами-членами. Шестой саммит совета, состоявшийся в сентябре 2018 года в Чолпон-Ате (Кыргызстан), был посвящен теме «Молодежь и национальный спорт». Проводятся совещания министров по делам молодежи и спорта Тюркского совета. Регулярно собираются и министры образования [8].

Таким образом, взаимодействие государств в молодежной сфере на региональном уровне, развитие международных связей молодых людей являются одними из наиболее приемлемых форм социально-экономических и политических отношений. Использование такого подхода в развитии молодежной политики позволяет достигать консенсуса между различными политическими субъектами. Повышению его эффективности способствуют согласованность действий всех заинтересованных политических субъектов, конструктивность и последовательность государственных органов, особенно специальных структур, а также активная поддержка международного сотрудничества молодежными организациями и самой молодежью. Опора на потенциал подрастающего поколения может значительно воздействовать не только на достижение текущих целей продвижения стран, но и на результативную реализацию различных программ и национальных стратегий, а в конечном итоге - на развитие регионов в целом.

Список использованной литературы:

1. Модельный закон «О государственной молодежной политике» // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=64509.
2. Стратегия международного молодежного сотрудничества государств-участников Содружества Независимых Государств на период до 2020 года // <https://e-cis.info/page/3372/80471/>.
3. Портал СНГ. Исполнительный комитет СНГ. Официальный сайт. О деятельности Совета по делам молодежи государств-участников СНГ // Развитие и деятельность Содружества Независимых Государств в 2017 году (сборник информационно-аналитических материалов, выпуск № 6). – Минск, 2018. – С.116, 117, 118, 119, 120 // www.cis.minsk.bi/foto/pages/19180/5a8eba29db167.pdf.
4. Прилепская А., Муканова А. Зов души и образ жизни // *Казахстанская правда*, 11 декабря 2019.
5. Молодежный совет Шанхайской организации сотрудничества // http://rus.sectsc.org/about_sco/20190716/565283.html.
6. Центрально-азиатская программа лидерства // <https://carecso.org>.
7. Макаренко Л. Золотой запас нации // *Казахстанская правда*, 23 августа 2019.
8. Амреев Б. Тюркский совет набирает обороты // *Казахстанская правда*, 11 октября 2019.

References:

1. Model Law "On State Youth Policy" // http://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=64509.
2. Strategy of international youth cooperation of the member States of the Commonwealth of Independent States for the period up to 2020 // <https://e-cis.info/page/3372/80471/>.
3. The CIS portal. CIS Executive Committee. Official website. On the activities of the Council for Youth Affairs of the CIS Member States // Development and activity of the Commonwealth of Independent States in 2017 (collection of information and analytical materials, issue No. 6). - Minsk, 2018. - p. 116, 117, 118, 119, 120 // www.cis.minsk.bi/foto/pages/19180/5a8eba29db167.pdf.
4. Prilepskaya A., Mukanova A. The call of the soul and the way of life // *Kazakhstanskaya Pravda*, December 11, 2019.

5. Youth Council of the Shanghai Cooperation Organization // http://rus.sectesco.org/about_sco/20190716/565283.html.

6. Central Asian Leadership Program // <https://carececo.org>.

7. Makarenko L. The Golden Reserve of the nation // *Kazakhstanskaya Pravda*, August 23, 2019.

8. Amreev B. The Turkic Council is gaining momentum // *Kazakhstanskaya Pravda*, October 11, 2019.

УДК 37.014(574)

ГРНТИ 12.21.35 <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.33>

Э.А. Мусаева¹, Ж.С. Аубакирова²

¹6D020300- Тарих мамандығының 2 курс докторанты,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті,
Қазақстан., Өскемен қ., elvira.musaeva.75@mail.ru

²С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің доценті т.ғ.к.,
Қазақстан., Өскемен қ., zhanna_aubakirova707@inbox.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1991-2018 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада авторлар 1991-2018 жылдар аралығындағы тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінде қабылданған бағдарламалар мен реформалар жайлы сөз қозғайды. Қазақстан Республикасының 27 жыл аралығындағы оқу жүйесінде кездескен қиындықтар мен оны шешу жолдары, жаңа бастамалар желісі мен тың идеялар қарастырылады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласында қабылданған заңнамалық актілер бойынша орындалу реттілігін қарастыра отырып, авторлар атаулы заңдардың мезгілінен бұрын орындалуы, оңтайлы және шешімін таба алмаған тұстарында ашып көрсетуге талпыныс жасайды. 1991-1996 жылдар аралығында білімнің 4 принциптік деңгейі яғни, мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие, орта білім, жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім қиын қыстауда қалғанын статистикалық мәліметтерге сүйене отырып зерттеуге тырысады. Болон жүйесіне Қазақстан Республикасының қосылуы, бакалавриат-магистратура-докторантура жүйесінің аймақтық жоғары оқу орындарына енуі, сонымен қоса, білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сай көшіру мен қазіргі кезде шешімін таба алмай отырған үрдістегі мәселелер тізбегі көрініс алады.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, білім беру жүйесі, реформа, заң, стратегия, аймақ

Мусаева Э.А.¹, Аубакирова Ж.С.²

¹Докторант 2 курса специальности 6D020300 - История,
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова,
Казахстан, г. Усть-Каменогорск, elvira.musaeva.75@mail.ru

²К.и.н., доцент Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова.
Казахстан. Г. Усть-Каменогорск, zhanna_aubakirova707@inbox.ru

ОБ ИЗМЕНЕНИЯХ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА 1991-2018 ГГ.

Аннотация

В статье авторы рассматривают программы и реформы, принятые в системе образования независимого Казахстана с 1991 по 2018 годы. В работе рассматриваются проблемы, существующие в системе образования Республики Казахстан на протяжении 27 лет, а также пути их решения, новые идеи и инициативы. Кроме того, в статье отражается переход системы образования в соответствие международным стандартам и даётся перечень проблем, которые в настоящее время не могут быть решены.

Рассматривая особенности исполнения законодательных актов, принятых в сфере образования в Республике Казахстан, авторы стремятся раскрыть условия несвоевременного исполнения, оптимального и неспособного решения названных законов. Авторы стремятся исследовать 4 принципиальных уровня образования в период с 1991 по 1996 годы, исходя из статистических данных о том, что дошкольное обучение и воспитание, среднее образование, высшее образование и послевузовское образование остаются проблематичными. В Балонской системе отражается присоединение Республики Казахстан, вхождение системы бакалавриата-магистратуры-докторантуры в региональные высшие учебные заведения, а также переход системы образования в соответствие с мировыми стандартами и перечень проблем, которые в настоящее время не могут быть решены.

Ключевые слова: независимость, система образования, реформа, закон, стратегия, регион.

E.A. Mussaeva¹ Zh.S. Aubakirova²

¹2st year PhD student in 6D020300 - History, the S.Amanzholov East Kazakhstan State University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, elvira.musaeva.75@mail.ru

²C.h.sc., associate professor of the S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, zhanna_aubakirova707@inbox.ru

ABOUT CHANGES IN THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN 1991-2018

Abstract

This article is dedicated to the study of programs and reforms that were accepted in educational system of Kazakhstan in 1991-2018. The authors analyze main issues existing in educational system of the Republic of Kazakhstan during the last 27 years and evaluate new ideas and initiatives that were realized in order to overcome the difficulties. In addition, the authors describe a transition of the educational system towards international standards and gives a list of problems in this field to be solved.

Considering the specifics of execution of legislative acts adopted in the field of education in the Republic of Kazakhstan, the authors seek to disclose in the conditions of timely execution, optimal and impossible solutions of these laws. The authors seek to investigate 4 principal levels of education in the period from 1991 to 1996, based on statistical data that preschool education and upbringing, secondary education, higher education and postgraduate education remain difficult. The Balon system reflects the accession of the Republic of Kazakhstan, the entry of the bachelor-master-doctorate system into regional higher education institutions, as well as the transition of the education system in accordance with international standards and the list of problems that can not be solved at present.

Key words: independence, educational system, reform, law, strategy, region.

Қазақстан соңғы 27 жылда әлемдік қоғамдастық тарапынан жан жақты көп векторлық саясат ұстана-тын зайырлы мемлекет ретінде таныла бастады. 1991 жылы елімізге келген тәуелсіздіктің арқасында қоғамның барлық саласында жүргізілген реформалар білім беру жүйесін де қамтыды. Қазақстанның білім беру жүйесі еліміздің Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарлама-сына, ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауларына, сонымен бірге халықаралық білім саясатына арналған құжаттарға негізделді.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы заңнамалық базаға жаңа көзқарастарды қажет ететін, сондай-ақ білім беру үдерісін ұйымдастырудың, оқушылардың білімін бақылаудың тиімді жаңа нысандарын іздеуді қажет ететін терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алды. Бұл бірқатар негізгі құжаттарда - стратегиялық және салалық бағдарламаларда, Қазақстан Республикасының мемлекет-тік стандарттарының заңдарында көрініс тапты, олардың негізгісі: «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламалары; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2007 жылдар-ға, 2005-2010 жылдар, 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары; Қазақстан Республика-сының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдары [1].

Білім беруде қазіргі кезде Қазақстандық білім беру жүйесі «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының біріне айналып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейім-деу болып табылады. Кеңестік үлгідегі содан кейін, европалық жүйедегі білім беруді басынан кешіріп отырған жайы бар Қазақстан, бірнеше өзгерістер мен қиыншылықтарды, ерекшеліктер мен ұқсастық-

тарды назардан тыс қалдырмады. Атаулы мәселенің 27 жыл көлемінде жүру тенденциясын зерттеу қазір өзекті болып отыр.

«Білім» туралы заңның 12-ші бабына сай білім беру жүйесі Қазақстан Республикасындағы білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім беру деңгейлерінен тұрады:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру);
- орта білімнен кейінгі білім беру;
- жоғары білім беру;
- жоғары оқу орнынан кейін білім беруді қамту [2].

ЮНЕСКО ұсынған білімнің халықаралық стандартына сай үздіксіздік пен сабақтастық принципі арқылы 1991 жылдан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесі қолға алына бастады. Оны нақтырақ көрсететін болсақ, бұл принцип төрт білім деңгейі шеңберінде жүргізілді. Енді оларды жеке қарастырып өтейік.

1. Мектеп жасына дейінгі оқу мен тәрбие. Ғалымдар 3 жастан 6 жасқа дейінгі кезең адам дамуындағы ең маңыздысы екенін дәлелдеді, ол бала отбасынан тыс әлемді ашып, тәуелсіздікке жететін мезгілі деген қорытындыға келеді.

1990-шы жылдары республикада орын алған экономикалық жағдай білім беру саласына да әсерін тигізді. Осы бір тарихи кезеңде балабақша мекемелерінің қысқаруынан, оның ғимараттарының көпшілігі жекешелендіруге ұшырағандықтан, балабақшалар мен балалар саны 1991-ші жылдан 1999-шы жылға дейін 7 есеге азайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында балабақшалардың 82%-дан астамы жабылды. Мектепке дейінгі білім алатын балалар саны 10,6%-ға дейін қысқарды [3].

Мектепке дейінгі мекемелерде білікті мамандар саны тұрақсыз еді. Оған дәлел, балабақшада білікті тәрбиешілер мен ұстаздар ұжымының өмірдің ағымына қарай алмасу үдерістерін басынан кешіргенін көрсетті. Жалақы, әлеуметтік жағдай, жұмыссыздық – бұл мәселелердің басты жауабы болды.

1997 жылдан бастап мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балабақшалардың құрылысы қалпына келтірілуі қамтамасыз етілді, бұрын жалға алынған және жекешелендірілген балабақша ғимараттары қайтарылып, ашылған жеке меншік балабақшалар мен шағын орталықтар саны артты. Қабылданған шаралар нәтижесінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 1999 жылы 10,2%-дан 2015 жылы 81,6%-ға дейін 8 есеге ұлғайды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі 9,3 мың бірлікті құрайды, оның ішінде 2,2 мыңы жеке меншік болып табылады. 25 жыл ішінде республикада 500-ге жуық балабақша салынды [3].

2. Орта білімді дамыту білім берудің негізі болып табылады. Қазақстанда орта білім беру мектептерде, мамандандырылған мектептере, гимназия және лицейлерде жүргізіледі. 1991-2006 жылдар аралығында елдегі қабылданған реформалар оқу орындары мен жоғарғы, арнайы оқу орындарына ықпал етті.

Білім беру саласының негізгі проблемасы жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру болып табылды. Білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік бюджеттің шығындарын бөлу құрылымы да елеулі түрде өзгерді. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нашарлады, білім беру индустриясы болмады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың тапшылығы өсе түсті.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2005 жылғы Жолдауына сәйкес 12 жылдық білім беруге көшу үрдісіне эксперимент басталды. Оның басты мақсаты білім беру жүйесін тұрақтандыру, осы саланы дамытуға мықты негіз жасалды.

1991-2006 жылдар аралығында мектеп жүйесінде оқудың екі түрі қалыптасты, оның біріншісі 11 жылдық болса, екіншісі 12 жылдық жүйе. 12 жылдық білім берудің бұл жалпы схемасын тек 2019 жылдың қыркүйегінен бастап енгізу жоспарланды.

Жанартылған білім мазмұны бар 20 Назарбаев Зияткерлік мектебі құрылды, олардың тәжірибесі кезең-кезеңмен барлық білім беру жүйесіне таратылды [3].

ҰБТ және гранттарды тағайындау ережелеріне, сондай-ақ жоғары оқу орындарына түсу ережелеріне сәйкес ЖОО-ға қабылдау үшін ҰБТ сертификаты қажет екені белгілі, ҚР мемлекеттік ЖОО-на ҰБТ-сыз түсу мүмкін емес және 2018 жылдан бастап ережеге сай ақылы төлем бойынша ЖОО-на түсу ережелері өзгертілді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 7 339 күндізгі жалпы білім беретін және 75 кешкі мектеп жұмыс істейді. Сонымен қатар, оларды қамтамасыз ету проблемасы әлі күнге дейін шешілмеген күйінде қалып отыр. Қазақстанда әлі күнге дейін үш ауысымды мектептер жұмыс істейді. Білім берудің қол жетімділігін арттыру мақсатында Мемлекет басшысы Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджеттен оқушы орындарының тапшылығы мен үш ауысымды және апатты мектептер проблемасы бар өңірлер үшін қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырды [4].

3. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында басты назар еңбек нарығында талап етілетін мамандықтар бойынша жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлауға ғана емес, жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына, жақсы даярлауға мүмкіндік беретін кәсіптік білімді қамтамасыз етуге аударылуы тиіс.

Колледждер орта кәсіби білімді мамандарды дайындауды іске асыратын оқу орындары болып саналады. Арнайы және кәсіптік орта оқу орындарының тағдыры 1991-1998 жылдары әлеуметтік тұрғыдан қорғаусыз қалса да, бірақ мамандар жоспар арқылы сұраныспен әзірленді. Экономикалық реформалардың өрістеп отырған кезеңінде оқу орындарының жағдайы мүшкілдене бастады, көптеген колледждер 1997 жылдан бастап жоғары оқу орындарының құрамына кіріп, өмірдің бәсекеге қабілетті мекемелеріне жұмысшы кадрлар әзірлейтін орындарға айнала бастады.

Соңғы жылдарда еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандар даярлау ісі қалыптасты. Осы тұрғыда экономикалық сала, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығына байланысты мамандықтар көбейді. Кәсіптік мектептерді мамандандыру жұмысы жүргізіліп, кадрларды даярлау ретке келтірілді, осының барлығы кәсіптік мектепті бітіргендер мен жұмыс істейтін жастарға кәсіп таңдау және оқу түрін таңдауға мүмкіндік берді.

1991 жылмен салыстырғанда ТжКБ (Техникалық және Кәсіби Білім) ұйымдарының желісі 114 бірлікке артып, 807 колледжді құрады, оның 42,7%-ы жеке меншік болып табылады. Білім алушылар контингенті 35,5 мың адамға немесе 9,3%-ға өсті. ТжКБ мамандарын даярлау экономика салаларының 32 бағыты бойынша жүзеге асырылады [3].

2017 жылы жоғары оқу орындарына түсу ережелері мектепті аяқтағандар үшін ғана емес, арнайы орта білімі бар жастар үшін де өзгерді. ТКТ (Талапкерлерді Кешенді Тестілеу) ерекше формат бойынша болашақ студенттер мен оқушылар тапсырады. Жаңа тестілеу форматы жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихан тапсырудан тұрады. Бұл өзгеріс колледж дипломы мансаптық өсумен беделді жұмыс алу үшін жеткіліксіз, сондықтан жоғары оқу орнында оқуды жалғастырғысы келетіндердің саны жыл сайын өсіп жатқанын көрсетіп отыр.

Қазақстанда 2019 жылы пилоттық жоба іске қосылды, оған сәйкес кейбір колледждердің (46) түлектері жоғары оқу орындарында оқуды жаңа жағдайларда жалғастыра алады: оларды бағалау нәтижелері негізінде ауыстырады. Бұған кредиттік-модульдік оқытудың бірыңғай жүйесі ықпал етеді [5].

4. Білім берудің келесі сатысы жоғары оқу орны болып табылады. 1991 жылы егемендікке қол жеткізгеннен кейін, елде жүргізілен реформаларға сәйкес бұл оқу орындары да үлкен өзгерістерге ұшырады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларында білім беру саясатының басымдықтары жоғары білім беру жүйесін нарықтық экономика шарттарына бейімдеудің ең жақсы тәсілдерін табуға бағытталды.

Сондай-ақ жазушыларды азық-түлікпен және өнеркәсіптік тауарлармен жабдықтау жүйесінің қалыптасуы, медициналық қызмет көрсету мен зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Бір жағынан, жазушылардың артықшылық берілген жабдықтау мен қызметтерге қол жеткізуі, ал екінші жағынан - олардың сапасы жоғары емес екені туралы қорытынды жасалады. Осы кезеңде шығармашылық және демалыс жазушылар үйлер жүйесін құру басталды. Сол кезде саяжайды иелену мүмкіндігі артықшылық қабатқа тиістілігінің сөзсіз белгісі болды. Саяжай кенттерінде, оларға арналған демалыс үйлеріндегі сияқты жазушылар ең алдымен материалдық-тұрмыстық жағдайларды емес, белгілі бір ортаны бағалаған. Сонымен қатар, бір кәсіби қабаттың өкілдерінің осындай жинақы тұруы кейбір элитарлықты, адамдардың ерекше тобына жататынын сезінуге мүмкіндік берді. Әдебиетшілердің күнделікті өмірін ұйымдастыруда олардың әйелдері ерекше рөл атқарды [4].

Осылайша, 1930-шы жылдары "орта" кеңес жазушысы өмірінің белгілі бір салты қалыптасты. Оның күнделікті өмірінің жағдайы материалдық тұрғыдан алғанда, ел халқының басқа да көптеген санаттары, соның ішінде КСРО-ның көркем интеллигенциясының кейбір кәсіби топтары (журналистер, Суретшілер және т.б.) жақсы болды. Өмірдің ерекше жағдайларының болуының басты факторы-билік пен өзара іс-қимылды және одан белгілі бір материалдық артықшылықтар алуды қамтамасыз ететін жазушылар қорының және басқа да ұйымдардың қызметі болды. 1934 жылы республикада Қазақ әдебиеті баспасы ашылды. А.Жұбанов, Х.Жұмалиев, Б.Шалабаев, Б.Сүлейменов, Е.Смайлов, жазушы Ю.Домбровский осындай жалған айыптармен жазаланып, сондай-ақ Ә.Марғұлан, Ә.Әбішев, С.Бегалин секілді ғалымдар мен жазушылар саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп айыпталды. 1948 жылы "космополитизммен", яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқаны басталды. Космополитизм науқанында Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының мақтанышы болып келген Шортанбай, Шәңгерей, О.Қарашев феодалдық-реакцияшылдар деп танылды. Қабдеш Жұмаділов: Сәбең бір кезде мақтанып айтқан фактілер Сәбеңнің өзіне мін болып тағылды, міне. Сәбең «Өмір мектебінде»: «Ахмет Байтұрсынұовтың 1923 жылы Орынборда 50 жылдық мерейтойы өтіп жатқанда біз шіріген картоп лақтырып, жұмыртқа лақтырып өткізбей тастадық», – дейді. Мағжанға да қатысты өстіп айтады. Сосын Алаш қайраткерлерімен қалай алысқанын, оларды қалай жеңгенін айтады. Әрине, Сәбит Мұқанов жеңеді. Сәбең 70-ке келгенде мен жиналысқа қатысып отырдым. Елдің бәріне Алтын жұлдыз тағып жатты. Президиумның указын Имашов оқыды. Сонда немен наградталатынын өздері білмейді. «Совет өкіметіне сіңірген еңбегі үшін, бәлен үшін, түген үшін наградталады» деген кезде Сәбеңнің өзі де еңсесін көтеріп тындап қалды. «Ленин орденімен наградталады» деген кезде шөгіп кетті.

Жиырмамыншы жылдардың басында аштарға жәрдем көрсету комиссиясына Жүсіпбек Аймауытов та қатысып, мал жинауға басшылық еткен. Аштарға жинаған малды үкімет орындарына өткізген. Осы жинаған малды түгел тапсырмады, өздері ішіп, жеді деп, өсекші, жалақорлар сотқа шағым арыз берген. Сол сот мәжілісінде Жүсіпбектің өзін ақтап сөйлеген сөзі Семей маңындағы ел аузында ұзақ жылдар бойына аңыздай болып айтылып жүрді. Ол сөйлеген сөзінде ел тарихынан, өз өмірінен тамаша өнегелі мысалдар, маңызы зор, мағынасы терең дәлелдер келтіріп, сотта жалақорлардың өсек арызын жоққа шығарған. Сөйтіп өз ісінің адалдығын ақтап шыққан.

1932 жылғы көктемде жазушы Бейімбет Майлин Семейге келді. Мен Жазушылар одағының Семейдегі өкілі болатынмын. Бейімбетпен бұдан бірер жыл бұрын танысқанмын. Ол Өлкелік партия комитетінің астық дайындау науқанына жіберген өкілі еді. Семейде біраз уақыт Бейімбеттің қасына еріп жүрдім. Бейімбет бұл жолы өзінің жерлесі, жақын досы Аманғали Сегізбаевтың пәтерінде тұрды. Бейімбетке күн сайын жолығып, онымен әңгімелесіп жүрдім. Ол газетте әдебиет бетін ұйымдастыруға көмектесті. Бір күні редакцияның тапсырмасымен кеме тоқтайтын, жүк тиеп, түсіретін айлаққа (пристаньяға) бармақшы болдым. Бейімбет түсте дем алып, енді сыртқа серуендеп қайтпақ болып отыр екен. Мен оған Ертіс жағасына бара жатқанымды айттым. Ендеше, сенімен бірге мен де біраз жүріп қайтайын, - деді Бейімбет. Екеуміз көшеге шықтық. Ертіс жағасына қарай жаяу жүріп келеміз. Бейімбет аз сөйлейтін кісі еді. Өзінің шығармасын жиналыста сынап жатқанда да үндемей отыратын. Бірақ не айтса да асырмай, жасырмай,

дәл өз қалпында шындықты айтуға тырысатын. Келе жатқанда Алматыдағы жазушылар жайында қысқаша әңгімелер айтты. Жазушылардың әрқайсысының ерекшелігін айта келе, кенет әңгіме тақырыбын Жүсіпбекке бұрды: «Мен Жүсіпбек Аймауытовтай шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін, - деді ол. Мен Бейімбеттің бұл сөзіне таңғалдым. Өйткені біз Бейімбеттен асқан дарынды, шебер жазушы жоқ деп ойлайтынбыз. Оның жаңағы сөзін естігенімде, бұл – Бейімбеттің қарапайымдылығы, кішіпейілдігі шығар деп түсіндім. Бейімбет әңгімесін одан әрі жалғастырып, әлгі сөзін нақты дәлелдеуге кірісті. Мен «Қазақстан» баспасында директор болған кезімде бір күні Жүсіпбек Аймауытов маған келіп амандасты, - деді ол. – Біраз әңгімелескен соң Жүсіпбек менен аударатын көркем шығарма бар ма деп сұрады. Мен көп ойланбай, дереу үстелімнің суыrmасын ашып, аударуға берілетін шығармалар тізімін алып қарадым. Сол тізімнің ішінен ағылшын жазушысы Фердинанд Дюшеннің «Тамилла» повесін ұсындым. «Құп болады, бұл кітап өзімде бар», – деді Жүсіпбек. 200 бетке жуық осы шығарманы аударып, 5-6 ай ішінде қолжазбаны баспаға әкеп тапсырмақ болып шарт жасасты. Сол күні үйіне қайтып кетті. Арада 15 күндей уақыт өтті. Баспаға келіп жүрген Жүсіпбекті тағы кездестірдім. Амандық сұрасқаннан кейін: «Әнеугі шығарманы аударуға кірістің бе? – деп сұрадым Жүсіпбектен. Кіріспек түгіл, толық аударып әкелдім, - деді. Қой, рас айтасың ба? - дедім. Ол араб әрпімен ұсақ жазылған қолжазбаны шалбарының қалтасынан шығарып маған көрсетті. Кәне, көрейінші, - дедім мен қолжазбаны қолыма алып. Қарасам, оқта-текте бірер түзету енгізген, беттерінің көпшілігі таза күйінде сайрап тұр. Осы бірінші рет жазғаның ба, әлде көшіріп жаздың ба? - деп сұрадым. Алғашқы бірден жазғаным осы, тек жеке сөздерін түзеттім, көшірген жоқпын», - деді Жүсіпбек. Қолжазбаны оқып қарасам: аударма дейтін емес, таза қазақ тілінде жазылған көркем шығарма сияқты, оқуға жеңіл. «Аршын төс, алма мойын», тағы осы тәрізді көркем, әсем теңеулер. Сөз тіркестері үйлесімді, мінсіз. Шығарманың орысша аты «Тамилла» болатын, оны «Дәмелі» деп тәржімелеген. Қолжазба көп кешікпей баспаханаға сол қалпында теруге жіберілді. Мен мұндай шешен, сөзге бай, ұшқыр жазушыны ешқашан көрген емеспін, - деп аяқтады әңгімесін Бейімбет аға [5]. Бұл жазбадан көретініміз қазақ әдебиетшілерінің еңбекқорлығы және таланттылығын көреміз.

XX ғасырдың 30 жылдары Орталықтағы Жазушылар Одағы Қазақстанның жазушыларының жұмыс күнін қадағалап отырды. Мысалы, Қырғызстан ОК (б) Ваговқа 9 сәуір 1938 ж. жазбасында Қазақстан Жазушылар одағының азаматы Маликовқа жіберген жеделхатында «Егер ол ЦК мен Совнаркомның еңбек тәртібі туралы қаулысын сөзсіз бұрмалаған болса,

Әлбетте, Жазушылар одағына азаматтар қоғамдық-шығармашылық ұйым ретінде емес, мекемеге келеді. Біз Жазушылар одағы аппаратында шенеуніктер емес, жазушылардың өздері жұмыс істеуіне мүдделіміз. Бірақ біз жазушылардың жұмыс күні бойы аппаратта отырғанын емес, олардың жазушылық қызметпен айналысқанын сұраймыз. Біздің Мәскеуде Одақ аппаратында көптеген жазушылар жұмыс істейді және біз оларға өз сағаттарын жұмыс барысында бөлуіне мүмкіндік береміз. Мен бұл істі білуді сұраймын» делінген. Яғни орталық тіпті жұмыс күнін де қадағалап отырды [6]

Осы кезеңнің бір тұлғасы Ғабит Мүсірепов 1923 жылы ол жазушы Сәбит Мұқановпен бірге Орынбордағы жұмысшы факультетіне (рабфак) оқуға түседі. Бұл білім ордасында әлем әдебиеті саңлақтары мен XIX ғасырдағы орыс классиктерінің шығармаларымен танысады. Жазушы, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш Мүсірепов жұмысшы факультетінде алғашқы шығармасын жазғанын жеткізді.

"Сәбит Мұқановтың айтуынша, ол рабфактің қабырға газетінде өзінің "Тулаған толқынында" деген очеркін жариялаған. Бұл оның алғашқы шығармасы еді. Көптеген әдебиеттанушы Ғабеннің алғашқы шығармашылығы "Тулаған толқыннан" басталды деген пікірде", - дейді ол "Ұлт мақтанышы". Ғабит Мүсірепов" деректі фильмінде.

Оның айтуынша, әдебиет зерттеушілері "Тулаған толқынды" таза очерк деп қабылдамайды."Олар оны көркем шығарма деп те есептейді. Өйткені бұл шығарманың бойында әрі очерктік сипат, әрі деректілік, әрі көркемдік қасиеттер тоғысқан. Бірақ алғашқы туынды болғандықтан кемшіліктер де бар. Себебі, бұл шығарма сол кездегі кенестік саясатқа үндес жазылған", - дейді ол [6].

Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің жас айырмашылығы бар болғаны екі жас. Жазушы өзінің "Автобиографиялық әңгімесінде" әдебиетпен шұғылданыуына кім түрткі болғанын былайша баяндайды:

"Менің кітапқа деген құмарлығымды, азды-көпті сынап алатынымды байқап, Сәбит маған – "жазуға кіріс" деп мазалап жүрді. "Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бейімбет пен Сәкеннің өлеңдерін газет-журналдардан оқи бастадым. Бейімбеттің "Шұғаның белгісі" бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Ішімнен жазуды қаласам да, қолым бармай жүрген".

Мүсірепов 1926 жылы Орынбордағы жұмысшы факультетін бітіреді. Ал 1926-1927 жылдары Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды. 1927-1928 жылдары Щучинск орман шаруашылығы техникумында оқытушы болып еңбек етеді. 1927 жылдан коммунистік партияның мүшесі атанады.

1928 жылдан бастап Қазақстанның партия, совет баспа орындарындағы әртүрлі жауапты қызметтерде болды. 1928-1932 жылдары Қазақстан мемлекеттік баспаның бас редакторы міндетін атқарды.

1933 жылы Қазақ КСР оқу халық комиссариатының өнер секторының меңгерушісі, 1934-1935 жылдары алдымен "Қазақ әдебиеті" кейін "Социалистік Қазақстан" газетінің бас редакторы болды.

Жазушы 1936 жылы ВКП (б) қазақ өлкелік комитетінің баспасөз бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1937 жылы Қазақстан компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қазақстан орталық партия комитетінде түрлі жауапты қызметтер атқарды. Бірақ шындықтың бетіне тіке қарай алатын Ғабиттің іс-әрекеті кеңес идеологиясына кереғар бола бастайды.

Сталиндік репрессияның зияны Ғабит Мүсіреповке де тиді. Профессор Шериаздан Елеукенов бұл жағымсыз оқиға 1937 жылы болғанын айтады.

"Онда Ғабит Мүсірепов орталық партия комитетінде мәдениет бөлімін басқаратын. Ол жазушылар одағында жиналыс болып жатыр дегенді естіп, сонда барады. Онда отырған адамдар оған "Бейімбет деген жаудың досы келді" деп айтқан. Сонда Ғабекең "Бейімбет Майлиннің ұсталғанын білемін. Бірақ ол қате ұсталып жатыр. Бейімбет жау болса, мен де жаумын" деп, жиналыстан кетіп қалыпты", - дейді ғалым.

Жазушы мұның соңы жақсы болмайтынын түсінеді. Алайда 1932-33 жылдардағы ашаршылық Ғабит Мүсіреповтің жадында өшпес кезең болып қалды. Қазақтың бір уыс бидайға жарымай қалғаны елінің ертеңін ойлаған қаламгердің жанына қатты батты. Осылайша, бар шындықты бұрмалап, жоғары жаққа "бәрі керемет" деген Голощекиннің саясатын сынағандардың қатарында Мүсірепов те болды.

Тіпті, БК(б)П қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Филипп Голощекиннің жайдарлы отырысын алдына түскен "Бесеудің хаты" өзгертіп жіберген көрінеді.

Хаттың авторлары – Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Қадыр Қуанышев.

Салдарынан НКВД-ның офицерлері бесеудің ізіне түсіп, ұстауға себеп іздей бастайды. Барлығы "халық жауы" атанып, қуғынға ұшырайды. Бірақ Мансұр Ғатаулин бар кінәні мойнына алып, ату жазасына кесіледі. Бірақ Ғабекең де қауіп төнеді. Оған "Тулаған толқында" мен "Шұғыла" шығармаларының мазмұны да елдің колхоздастыру саясатына тікелей қарсы бағытталған деген айып тағылды. Салдарынан 1938 жылдың Ғабит Мүсірепов қызметтен де алынды, партиядан да шығарылды. Алайда ол абақты мен ажалдан аман қалды [7].

Осылайша, қаламгер 1938 жылдан 1955 жылға дейін бірыңғай жазушылық еңбекпен шұғылданып, өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге кіріседі.

Партия басшылары ауысқан сайын хат жазып, өзінің әділетсіз жазаланғанын түсіндірумен әлек болады. Бірақ одан 1956 жылға дейін еш нәтиже шықпайды. Тек шығармашылығының арқасында ғана жазушы еңсесін көтереді.

Қазіргі таңда қаламгердің шығармалары әлемнің 34 тіліне аударылған. Франция, Англия, Бельгия, Германия, Испания, Венгрия, Вьетнам, Моңғолия секілді біршама елдің әдебиет сүйер қауымы Ғабит Мүсірепов шығармаларымен танысып шығуға мүмкіндігі бар. Оның 295 шығармасы орыс тілінде басылып шықты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Волков С. В. *Интеллектуальный слой в советском обществе*. М.: 1999. *Изменения социальной структуры советского общества 1921 – середины 30-х годов / Отв. ред. Селунская В.М.*

2. Горлов П. *Почетная задача советского писателя // Литературный Казахстан*. 1938. №3. – С. 94.

3 <https://e-history.kz/kz/contents/view/2322> © e-history.kz

4 Коваленко Г.А. *Советская модель управления искусством (1917-1953) // Вопросы культурологии*. 2009. №10. – С. 30.

5 Ысқақұлы Д. *Әдебиет сынмен Көркейеді. Ж.Аймауытовтың сыншылық қызметі хақында*. <https://aimauytov.psu.kz/>

6 *Центральный государственный архив литературы искусства СССР ф. 631 Союз писателей СССР* тізбе15, іс 644

7 <https://sputniknews.kz/spravka/20191129/12162115/Gabit-Musirepov-turaly-qyzyqty-dereker.html>

References

1. Volkov S. V. *Intellectual layer in the Soviet society. Moscow: 1999. Changes in the social structure of Soviet society in 1921-mid-30s / Ed. Selunskaya V. M.*
2. Gorlov P. *Honourable task of the Soviet writer // Literary Kazakhstan. 1938. No. 3. - p. 94.*
- 3 <https://e-history.kz/kz/contents/view/2322> © e-history.kz
- 4 Kovalenko G. A. *The Soviet model of art management (1917-1953) // Questions of cultural studies. 2009. No. 10. - p. 30.*
- 5 Iskakovich D. *Literature with criticism. Critical activity of Zh. Aymautov. <https://aimaulytov.psu.kz/>*
- 6 *Central State Archive of Literature searches of the USSR f. 631 Union of Writers of the USSR lists 15, cases 644*
- 7 <https://sputniknews.kz/spravka/20191129/12162115/Gabit-Musirepov-turaly-qyzyqty-dereker.html>

УДК 341.1

МРПТИ 11.25.47

S.S. Ismailova¹, A.N. Ospanova², M.K. Bolysbekova³, A.T. Dyusenova⁴

¹master Student of the Department of Regional Studies, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

²professor, docent of the Department of Regional Studies, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

³Senior Lecturer, Department of the Department of Regional Studies, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

⁴Lecturer, Department of the Department of Regional Studies, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan

FOREIGN POLICY ANALYSIS OF RUSSIAN FEDERATION

Abstract

Foreign policy is a continuation of domestic policy, which in turn is closely related to the economic order, social and state system and expresses them on the world stage. The main goal of foreign policy is to provide favorable conditions for the realization of the state interests, ensuring national security and well-being of people, and preventing new wars. The study of the country's foreign policy is an integral part of the study of international relations. This article discusses the concept of foreign policy of the Russian Federation in 2016. The aim of the article is to analyze the goals and principles of foreign policy, as well as the role and position of the Russian Federation on the world stage.

Key words: foreign policy, international relations, foreign policy Concept, cooperation, influence the world, interested countries, development.

С.С. Исмаилова¹, А.Н. Оспанова², М.К. Болысбекова³, А.Т. Дюсенова⁴

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Аймақтану кафедрасының магистранты

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Аймақтану кафедрасының профессоры, доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Аймақтану кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

⁴Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ САРАПТАМАСЫ

Аннотация

Сыртқы саясат – бұл ішкі саясаттың жалғасы, ол өз кезегінде экономикалық тәртіпшен, әлеуметтік және мемлекеттік жүйемен тығыз байланысты және оларды әлемдік сахнада көрсетеді. Сыртқы саясаттың

басты мақсаты - мемлекеттің мүдделерін іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздік пен адамдардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, жаңа соғыстардың алдын алу. Елдің сыртқы саясатын зерттеу халықаралық қатынастарды зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мақалада Ресей Федерациясының 2016 жылғы сыртқы саясат тұжырымдамасы қарастырылған. Мақаланың сыртқы саясаттың мақсаттары мен қағидаттарын, сондай-ақ Ресей Федерациясының әлемдік сахнадағы орны мен рөлін талдауға бағытталған.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, сыртқы саясат тұжырымдамасы, ынтымақтастық, әлемге әсер ету, мүдделі елдер, даму.

Исмаилова С.С.¹, Оспанова А.Н.², Болысбекова М.К.³, Дюсенова А.Т.⁴

¹магистрант кафедры Регионоведение,

Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

²профессор, доцент кафедры Регионоведение,

Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

³Старший преподаватель кафедры Регионоведение,

Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

⁴преподаватель кафедры Регионоведение,

Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

АНАЛИЗ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Аннотация

Внешняя политика является продолжением внутренней политики, которая в свою очередь тесно связана с экономическим порядком, социальной и государственной системой и выражает их на мировой арене. Главной целью внешней политики является обеспечение благоприятных условий для реализации интересов государства, обеспечения национальной безопасности и благосостояния людей, предотвращения новых войн. Изучение внешней политики страны является неотъемлемой частью изучения международных отношений. В данной статье рассматривается концепция внешней политики Российской Федерации 2016 года. В статье проведен анализ целей и принципов внешней политики, а также роли и позиции Российской Федерации на мировой арене.

Ключевые слова: внешняя политика, международные отношения, Концепция внешней политики, сотрудничество, влияние на мир, заинтересованные страны, развитие.

On the basis of the foreign policy Concept adopted in 2016 by the Russian Federation, the country's foreign strategy was determined in full recognition of the fundamentally new geopolitical situation in the world. It reflects the goals and objectives of foreign policy, based on the analysis of the processes taking place in the world and its regions.

Due to the acceleration of the new polycentric world order, the system of international relations is undergoing a transition and we are witnessing the creation of a fundamentally new global model. It is characterized by increasing competition in all areas, including socio-economic development and moral values.

In order to improve and strengthen security and stability, create favorable external conditions for the internal development of the country, ensure sustainable economic growth and, accordingly, improve the quality of life of Russian citizens, Russia is quite capable of consolidating its role as one of the centers of the new multipolar system and actively influence the world situation.

Pursuing an independent foreign policy, Russia is in increasing demand in the world, attracting a wide range of partners from Asia, Africa, Latin America and Europe [1].

The foreign policy of the Russian Federation is aimed not at limiting, but at strengthening ties between States. Russia is ready to join forces with all those who are equally ready to cooperate in accordance with the principles of equality, mutual respect, mutual benefit and international law, as well as with the recognition of the Central role of the United Nations in world Affairs. The work of the UN Security Council, the Group of 20, BRICS, SCO and CSTO demonstrates the effectiveness of joint efforts.

The Ukrainian crisis was a consequence of the policy of strengthening their own security at the expense of others. For more than a quarter of a century, Western States have been trying to expand the territories under their geopolitical control. This has manifested itself in successive waves of NATO enlargement, despite assurances to the contrary at the highest level and in violation of solemn declarations on the establishment of a system of equal and indivisible security in the Euro-Atlantic space.

Despite the current negative turn in world Affairs, Russia, continuing to work in these conditions, remains open for dialogue. The EU and Russia are closely intertwined due to numerous geographical, economic, historical and human ties. Therefore, there is no viable alternative to mutually beneficial and equitable cooperation between them. Russia is ready to mutually approach positions and seek compromises, but only on the basis of equality and true consideration of each other's interests, excluding any attempts of blackmail and dictatorship.

The establishment of the EAEU has made a tangible contribution to the development of broad cooperation in the region. Gradual steps to create a common economic and humanitarian space from Lisbon to Vladivostok, based on the principles of equal and indivisible security, should serve as a strategic guide in the formation of a new architecture on the European continent. It is particularly important to establish a direct dialogue between the European Union and the Eurasian Economic Union, including their respective supranational Executive bodies, in order to improve models for mutually beneficial and equitable harmonization of European and Eurasian integration processes [5].

Foreign policy towards the Western dimension can be characterized as follows:

- Increased the sanctions pressure on Russia; advanced sanctions list and the reasons for the imposition of sanctions;

- Russia's "interference" in the US elections; digital problems in relations with the European Union;

- Information war; discrimination of mass media; polarization of information discourse;

- Stagnation in the implementation of the Minsk Protocol;

Demonstration of strength and capacity building by Russia and NATO in various areas where their interests intersect;

- Lack of breakthroughs in relation to common challenges and threats; increased negative impact of problem areas (Ukraine, digital problems, etc.) on areas of common interest [2].

The main objectives of the concept of foreign policy of the Russian Federation:

- ensuring the security of the country, preserving and strengthening its sovereignty and territorial integrity, strong and authoritative positions in the world community,

- creation of favorable external conditions for the modernization of Russia, ensuring the country's competitiveness in the globalizing world;

- impact on global processes in order to establish a just and democratic world order based on collective principles in solving international problems and on the rule of international law, primarily on the provisions of the UN Charter;

- formation of good-neighborly relations with neighboring States, assistance in eliminating existing and preventing the emergence of new hotbeds of tension and conflicts in the regions adjacent to the Russian Federation and other parts of the world;

- search for agreement and overlapping interests with other States and interstate associations in the process of solving problems;

- comprehensive protection of the rights and legitimate interests of Russian citizens and compatriots living abroad;

- promoting the objective perception of the Russian Federation in the world as a democratic state with a socially oriented market economy and an independent foreign policy;

- support and popularization in foreign countries of the Russian language and culture of the peoples of Russia, making a unique contribution to the cultural and civilizational diversity of the modern world and the development of the partnership of civilizations [4].

Russia builds its international cooperation on the basis of equality, mutual respect for interests and mutual benefit.

Russia is in favour of reducing the role of the factor of force in international relations. Russia strictly complies with its international obligations under international treaties in the field of non-proliferation of weapons of mass destruction, arms control and disarmament. At the same time, it takes measures to strengthen confidence

in the military sphere in accordance with its national interests, on the basis of the principles of equality and indivisibility of security.

Russia actively contributes to the development of the national economy in the context of globalization by ensuring equal positions of the country and Russian business in the system of world economic relations.

With the help of attracting the latest resource-saving technologies, in order to ensure environmental safety, Russia stands for the expansion of international cooperation.

The preservation of a favorable natural environment and increasing cooperation with all countries of the world to ensure sustainable development of present and future generations, as well as the further development of science-based approaches - is a priority in this area [3].

For Russia, which is committed to universal democratic values, one of the main tasks is to achieve respect for human rights and freedoms throughout the world through a constructive international dialogue on the basis of the universal Declaration of human rights, avoiding double standards, respecting the national and historical characteristics of each state.

Special attention in foreign policy is paid to cooperation with Southeast Asian countries, primarily to the development of strategic partnership with Vietnam, Indonesia, Malaysia, Thailand, the Philippines, Singapore and other countries in the region.

Russia contributes to the political and diplomatic settlement of the situation around Iran's nuclear program on the basis of recognition of the right of all member States of the Treaty on the non-proliferation of nuclear weapons to use nuclear energy for peaceful purposes and ensuring strict compliance with the requirements of the nuclear non-proliferation regime.

Russia, in cooperation with other interested countries, the UN, the CSTO, the SCO and other multilateral institutions, is making consistent efforts to resolve the crisis in Afghanistan, which in turn poses a threat to the security of the CIS countries. In order to prevent the export of terrorism and drugs from Afghanistan, to achieve a lasting and just political settlement of the problems of that country while respecting the rights and interests of all ethnic groups living in it, and to restore Afghanistan post-conflict as a sovereign peace-loving state.

In order to further expand cooperation with the States of the Muslim world, Russia will use the opportunities of its participation as an observer in the Organization of the Islamic conference and the League of Arab States, and pursue an active line within the framework of the Group of eight partnership Initiative with the Middle East and North Africa region. Priority attention is paid to the development of mutually beneficial economic cooperation, including in the energy sector, with the States of this strategically important area of the world for Russian national interests [6].

To sum up it is important to note the fact that the modern world order, apparently, is characterized by a relative weakening of the United States and the displacement of the "center of gravity" in the Asia-Pacific region. Moreover, in the absence of a new hegemon and with the rise of non-Western centers of power, a tendency toward the formation of polycentricity is traced. In such a nature of the world order, Russia positions itself as a "balancer" and a "security provider", which puts it on a par with the leading world powers, but its unstable economic situation becomes the basis to rank it only among the regional powers. Therefore, Russia is forced to show flexibility in order to realize its national interests in the face of new opportunities and despite some obstacles.

References:

1. Барановский В.Г. Основные параметры современной системы международных отношений. // *Полис. Политические исследования*. 2012. № 4. – С. 5
2. Богатуров А.Д. Три поколения внешнеполитических доктрин России // *Международные процессы*. 2014. № 1. – С. 25
3. Lebedeva, M.M. (2015). *Russian international studies: the possible contribution to the global academia*. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Seria 6. Politologiya. Mezhdunarodnye otnosheniya*, 2, 83-95.
4. Концепция внешней политики Российской Федерации (утверждена Президентом Российской Федерации В.В.Путиным 30 ноября 2016 г.) // https://www.mid.ru/foreign_policy/official_documents/-/asset_publisher/CptICkV6BZ29/content/id/2542248
5. Ivanov I.S. *Foreign policy of Russia in the era of globalization: Articles and speeches*. – М. 2015.
6. Сулов Д.В. *Мировое устройство: quo vadis? В поисках глобального Вестфала // Валдайские записки. Специальный выпуск*. 2016. – 16 с.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Барановский в.г. қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің негізгі параметрлері. // Полис. 2012. 2012. № 4. – Б. 5
2. Богатуров А. Д. Ресейдің сыртқы саяси доктриналарының үш буыны // халықаралық процестер. 2014. № 1. - С. 25
3. Лебедева М. М. (2015). Ресейлік халықаралық зерттеулер: әлемдік ғылыми қауымдастыққа ықтимал үлес. Санкт-Петербург университетінің хабаршысы. 6 сериясы. Саясаттану. Халықаралық қатынастар, 2, 83-95.
4. Ресей Федерациясының сыртқы саясатының тұжырымдамасы (Ресей Федерациясының Президенті В. В. Путин 2016 жылғы 30 қарашада бекіткен) // https://www.mid.ru/foreign_policy/official_documents/-/asset_publisher/CptICkV6BZ29/content/id/2542248
5. Иванов и. с. жаһандану дәуіріндегі Ресейдің сыртқы саясаты: мақалалар мен баяндамалар. – М.2015.
6. Суслов Д. В. әлемдік құрылғы: quo vadis? Жаһандық Вестфалды іздеу // Валдай жазбалары. Арнайы шығарылым. 2016. – 16 б.

МРНТИ:15.31.31
УДК 03-574

Д.А. Нурғалиева¹, Л.А. Аметова²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Педагогика және психология институты
²мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының
6М010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие мамандығының 2 курс магистранты

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Жалпы мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ой-өрісін, санасына туған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ұлттық рухты бойларына сіңіру, ана тілі мен Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ халық ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Бұл мақалада жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде адамгершілік тәрбиесі өзекті мәселелер ретінде қарастырылады. Бала бойындағы адамгершілік тәрбиесінің дамуында халық ауыз әдебиетінің маңыздылығы баяндалады. Халық ауыз әдебиетінің түрлері арқылы бала бойындағы адамгершілік сапаларды қалыптастырудың жолдары көрсетіледі.

Кілт сөздер: тәрбие, бала тәрбиесі, рухани даму, адамгершілік, адамгершілік сапа, адами құндылық.

Нурғалиева Д.А.¹, Аметова Л.А.²

¹кандидат педагогических наук, ст.преподаватель кафедры
«Дошкольного образования и социальной педагогики» Института Педагогики и Психологии,
²магистрант 2 курса 6М010100-Дошкольное обучение и воспитание кафедры
«Дошкольного образования и социальной педагогики»

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ УСТНОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА В ФОРМИРОВАНИИ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Казахский фольклор занимает особое место в общеобразовательных дошкольных учреждениях в развитии мышления, сознания, любви и гордости за своих детей, их воображения, национального духа, формирования родного языка, родины, истории и культуры.

В данной статье излагается значение фольклора в развитии нравственного воспитания ребенка. Через устную народную литературу будут показаны пути формирования нравственных качеств у детей.

Ключевые слова: воспитание, воспитание детей, духовное развитие, гуманность, нравственные качества, общечеловеческие ценности.

D.A. Nurgalieva¹, L.A. Ametova²

¹ *Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Preschool Education and Social Pedagogy of Institute of Pedagogy and Psychology,*

² *undergraduate student of the 2 grade 6M010100–Preschool training and education of the department "Preschool education and social pedagogy"*

THE IMPORTANCE OF THE USE OF ORAL FOLK ART IN THE FORMATION OF THE MORAL QUALITIES OF OLDER PRESCHOOLERS

Abstract

Kazakh folklore occupies a special place in pre-school educational institutions in the development of thinking, consciousness, love and pride for their children, their imagination, national spirit, the formation of their native language, homeland, history and culture.

In this article, the moral education of the younger generation is considered as an urgent problem. The value of folklore in the development of moral education of the child. The legacy inherited from our ancestors is regarded as an educational tool. The ways of formation of human qualities in a child are expressed through types of folklore.

Keywords: education, parenting, spiritual development, humanity, moral qualities, human values.

Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты дамыған қоғам мүшесін тәрбилеуде адамгершілік ұғымының мәні зор. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастырады. Баланың ішкі жан дүниесіне әсер ету барысында, оның тұлғалық сапаларының жетілуіне және қалыптасуына ықпал жасайды.

Осы тұрғыда алғанда, бала бойындағы адамгершілік тәрбиесінің дамуына халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Себебі адам жаратылысына тән басқа да қасиеттер сияқты, психикалық құбылыстар мен өзгерістер де тарихи-әлеуметтік мәнге ие. Яғни балбөбек шақтан қарттыққа дейінгі аралықта алуан кейіпке түсетін адам психикасында қоғамдық-тарихи өмірдің, әлеуметтік ортаның ықпалы аса үлкен. Өйткені адамның психикалық әрекеттері туа-бітті пайда болмайды, тарихи жағдай, қоршаған орта, берілген тәрбие арқылы айқындалады.

Жас бала да белгілі бір кезеңдегі нақты қоғамдық ортада, әлеуметтік қарым-қатынастар арасында өмір сүреді, сол ортаға тән заттар әлеміне ортақтасады, өзінен үлкендердің тәжірибесінен үйренеді, білімін игереді. Өзгелермен алуан сипаттағы қарым-қатынас барысында қарапайым тілдік қолданыстардан бастап, әр текті бейнелеу амалдарына дейін қамтитын ақпарат алмасудың, байланыс жасаудың түрлі құралдары мен тәсілдерін пайдаланады. Аталмыш құралдар мен тәсілдерді меңгеру бала психикасының жетілуіне де әсер етеді. Уақыт дамуына ілесе, бала адамзат тәжірибесінде жинақталған құндылықтарды тануға, қажетіне асыруға қалыптасады.

Бұл ретте қабылдау, елестету, қиялдау, ойлау, есте сақтау, т.с.с. әрекеттерден құралатын бала психикасын қалыптастыруға, жетілдіруге айрықша ықпал етуге қабілетті сөздің, әсіресе бейнелі сөздің, алар орны аса маңызды. Себебі бейнелі сөз бала психикасын қасаң көріністерді қаз-қалпында сақтап қалуға емес, жанды әрекеттер жасай білуге баулиды. Демек, бейнелі сөз бала психикасына әсер ету арқылы оның дүниетанымын жетілдіруге бағытталған нақты мақсатқа қызмет еткен жағдайда ғана бала өмірінде шешуші рөл атқармақ. Бұл тұрғыда балалар поэзиясы адам тәрбиесінде, әсіресе, балалардың психикалық дамуын жетілдіруде аса қуатты құрал екендігі шүбәсіз.

Сондықтан баланы эмоциялық-сезімдік әсері жоғары көркемдік-шығармашылық әрекеттер негізінде тәрбилеуге ден қойған абзал. Бұл тұрғыда Л.С. Выготскийдің эмоциялық әсердің маңызы жайында айтқан: “Эмоциональные реакции оказывают существеннейшее влияние на все формы нашего поведения и моменты воспитательного процесса. Хотим ли мы достигнуть лучшего запоминания со стороны учеников или более успешной работы мысли – все равно мы должны позаботиться о том, чтобы и та и другая деятельность стимулировалась эмоционально. Опыт и исследование показали, что эмоционально окрашенный факт запоминается крепче и прочнее, чем безразличный. Всякий раз, как вы сообщаете что-нибудь ученику, позаботьтесь о том, чтобы поразить его чувство. Это нужно не только как средство для

лучшего запоминания и усвоения, но и как самоцель...” [1, 140], – деген пікірінің ғылыми негізділігі назар аудартады. Ал дәл осы мақсатта халық ауыз әдебиетінің, соның ішінде тақпақ, санамақтың бала тәрбиесінде, баланың бойын адамгершілік қасиет сапаларды қалыптастыруда мүмкіндігі аса мол.

Баланың бойында адамгершілік сапаларын қалыптастыруда халық ауыз әдебиетінің орны ерекше. Халық ауыз әдебиеті – ұлттық мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерін халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байытпауға түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады. Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлар жыры, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ, санамақ, жаңылтпаштар – бәрі де балалар бақшасында кеңінен қолданылады [2].

Халық ауыз әдебиетінің туындыларымен тәрбиелеу – балалық кезеңнің өне бойына үзіліссіз жүргізілуге тиісті, сан салалы, күрделі процесс.

Мектепке дейінгі ересек топ балаларына ұсынылатын халық ауыз әдебиетінің туындылары, олардың жас ерекшелігіне негізделі, нақты да жеңіл тілмен жазылған, күнделікті тірліктен етене таныс қарапайым заттар мен құбылыстарды суреттеуге арналған шағын көлемді тақпақтардан басталып, табиғат пен адам жаратылысының тылсым әлеміне біртіндеп бойлата беретін, тілдік қолданысында бейнелілік басым келетін күрделі жанрларға ұласуы, нәтижесінде бөбектердің әсершіл сезімге негізделген танымдық әрекеті біртіндеп балалардың саналы қабылдауына бағытталған танымдық әрекетке айналуы қажет. Бұл – халық ауыз әдебиет мұраларының шағын жанрларынан күрделі жанрларына дейінгі аралықтағы шығармалардың эстетикалық-танымдық мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану арқылы заттарды немесе түр-түстерді ажырата атаудан басталатын балалардың қарапайым таным әрекетін олардың есею кезеңдеріне орайластыра, біртіндеп жетілдіру нәтижесінде дерексіз ойлау, елестету, салыстыру, ой қорыту сияқты психикалық құбылыстар негізінде іске асатын күрделі танымдық әрекеттер деңгейіне көтеріледі.

Баланың ой-санасы неғұрлым жоғарылаған сайын, оның өзара салыстыра алатын танымдық объектілері, деректі-дерексіз ұғым-түсініктері де соғұрлым кеңейіп түседі. Себебі – бала өмірінің алғашқы кезеңіндегі ұғым-түсінік қандай да бір құбылыстың жекелеген айрықша белгілеріне ғана негізделсе, есею кезеңіндегі ұғым-түсінік сол құбылыстың бұрыннан таныс жекелеген белгілерін өзара байланыстыра көруге, нәтижесінде оның біртұтас қасиетін жинақтай тануға бейімделеді.

Халық ауыз әдебиетінің, соның ішінде тақпақ жаңылтпаш бала өмірінің қай кезеңіне арналса да, ең басты тәрбиелеушілік мақсат бала бойында өзіндік “Мен” түсінігін қалыптастыруға, яғни баланы өзіне өзі сын көзімен қарай білуге, жетістіктері мен кемшіліктерін көре білуге, соған сәйкес, өзін өзі дамытуға ынталылығын арттыру болып табылады. Өзіндік “Мен” түсінігінің қалыптасуы баланы қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын алдын-ала айқындауға, сол негізде өзін өзі жетілдіруді көздеген танымдық-білімдік, тәжірибелік ізденістерін жүйелі іске асыруға жол ашады. Өйткені таным дамуына тән жалпы заңдылықтардың бірі баланың өз айналасындағы құбылыстардың сыр-сипатын танып-білуге деген белсенді құштарлығымен тығыз байланысты. Демек, мектепке дейінгі ересек топ балаларының тақпақ, жаңылтпашты жаттау барысында өзінің дүниетанытушылық мақсатына сонда ғана қол жеткізе алады.

Баланың жан дүниесіндегі психикалық құбылыстар, негізінен, үлкендердің ықпалымен болатындығына ден қойсақ та, балалардың өз бойындағы биологиялық-психологиялық өзгерістердің әсерін де жоққа шығаруға болмайды. Балаларды тақпақ жаттауға баулудың нәтижелілігіне қол жеткізуде көркемдік-шығармашылық шеберліктің болуы ғана жеткіліксіз, сонымен бірге белгілі деңгейде педагогикалық-психологиялық білім негіздері де қажет. Ал бұл жағдай шығармашылық процесінде балалардың жас ерекшелігіне зейін аударуды қажет етеді.

Жалпы алғанда, адам баласының әрбір жасы психикалық дамудың айрықша бір кезеңдері болып табылады да, оған тән сипаттар аталмыш кезеңдегі адам болмысына тән алуан қырлы өзгеріс-құбылыстар арқылы айқындалады. Жас алмасуын балаларға байланысты алып қарастырсақ, жас кезеңдерінің бірінен екіншісіне өту барысында алғашқы кезеңдерде беймәлім болған жаңа ұғым-түсініктер пайда болады, сонымен қатар баланың психикасы да, әрекет түрлері де өзгеріске ұшырап, жаңа сипаттар иеленіп отырады. Бала жасының әр кезеңін баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас дамуындағы өзгеріс деңгейі мен бала меңгерген білім-түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің, сондай-ақ, қабілеттіліктің даму деңгейі арасындағы байланыс белгілейді.

Бала бойындағы өзгерістер мен олардың себептерін саралауға бағытталған ғылыми зерттеулер мен эксперименттік тәжірибелер негізінде педагог-психологтар адам өмірінің балалық шағын бірнеше кезеңдерге жіктей қарастырады.

Сәбидің әлеуметтік жағдайларға байланысты даму ерекшеліктері оның әрекеттерінен, әсіресе, ойын түрлерінен танылады. Сәби жасындағы бала ойынында үлкендердің тірлігіне сырттай бейімделу, еліктей қайталау басым келетіні белгілі. Осы сипатты ойын барысында сәби адамдар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерінің кейбір қырларын танып қана қоймайды, белгілі бір әлеуметтік ортада өзіне жүктелер міндеттерді аңдап, соған сәйкес, көпшілік қабылдаған ереже-қағидаларды сақтай білу қажеттігін де түйсіне бастайды. Ойын кезінде өз қатарларының талап-тілектерімен есептесуге, ортақ тәртіпті мойындауға, өз мүддесін өзгелердің мүддесімен үйлестіруге, соған орай өз орнын тани білуге дағды алады. Бұл жағдай сәби санасында жаңа түсініктердің қалыптасуына жол ашады. Сәби бойында өзіндік дербестікке ұмтылумен қатар, өзгелердің ойымен санасу, өзгелердің сәттілік-сәтсіздіктеріне ортақтасу, ортақ мүддені мойындау секілді әлеуметтік сезімдер пайда бола бастайды.

Мектепке дейінгі ересек топ балалары үшін ең негізгі әрекет ойын екендігіне ден қойған тұста есте болар жәйт – ойын арқылы сәбилердің зейінін, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға аса зор мүмкіндік туатындығы. Өйткені ойын барысында балалардың зейінділігі де, ынтасы да, есте сақтауы да мейлінше жоғары болады. Сол себепті де сөз шебері сәбилерге ойынға бейімделген шығарма ұсына отырып, олардың сөздік қорын байытуға, сөйлеу тілін дамытуға, көркемдік қиялын ұштауға бағдар жасалады [3].

Заттар мен құбылыстарды, іс-әрекеттерді жинақтай түсінуге, сөздің жинақы мағынасын қолдана білуге жол ашатын сәбилер ойыны олардың интеллектуалдық тұрғыдан дамуына үлкен әсер етеді. Ойын барысында балалар заттық-деректі ойлаудан бейнелі-образды ойлауға ауысу сияқты ойлау әрекетінің алуан түрін бастан өткереді. Әрине, ойын кезіндегі бейнелі-образды ойлау әрекетінің өзі де нақты заттарды тірек ететіні белгілі. Сондықтан да сәбилердің бейнелі-образды ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған ойын-өлеңдердің өзінде абстрактілі ұғымдар емес, бірінің орнына екіншісін алмастыра пайдалануға келетін деректі заттар мен құбылыстар немесе олардың атаулары алынуға тиісті. Бұл тұстағы негізгі міндет сәбидің нақты бір затқа тән қасиетті өз қиялында дамытып, елестете жетілдіріп әкетуіне мүмкіндік туғызу. Ал нақты нәрсені ойша дамытып, оған жаңа сипаттар дарыту арқылы жаңа дүние жасау шығармашылық тұлғаға тән қасиет болып табылатынын ескере отырып, сәбилер ойынының салмағы да айқындала түседі.

Ойын сәбилердің сөйлеу тілін жетілдіруде аса маңызды орын алады. Ал сөйлеу тілінің жетілуі ана тіліне тән сипаттарды игеруде жетекші роль иеленетіні аян. Сондай-ақ, төрт-бес жасар сәбилердің есте сақтау қабілетінің мейлінше жоғары деңгейде болатындығын педагог-психологтар ұдайы көрсетіп жүр [4]. Мәселен, ресейлік профессор, психолог А.А. Люблинская: “Возросшие возможности детей успешно используют воспитатели для дальнейшего развития их способностей, в том числе и для развития речи. Развитие речи выражается прежде всего в том, что совершенствуется понимание речи ребенком. ...Сказки, рассказы, стихи занимают все большее место в жизни детей дошкольного возраста. Речь сопровождает все виды их деятельности: наблюдение и рисование, музыкальное занятие и счет, труд и игры. ...На пятом году жизни дети понимают несложный сюжет сказки или короткого рассказа” [5, 289], - деп жазады.

Яғни, айналадағы заттар мен құбылыстардың өзін, олардың алуан қырлары мен байланыстарын тану, қабылдау барысында балалардың аса белсенділік танытатын кезеңі үш пен алты жас аралығы болып табылатындығын балалар психологиясын зерттеуші ғалымдар ұдайы ескертеді. Бұл қатарда, әсіресе, алты жасар балдырған бойында қабылдау мен ойлау әрекеттерінің негізгі белгілері қалыптасып, қиялдау қасиеті жоғары деңгейде көрініс табатындығы, сондай-ақ, зейін қою, есте сақтау әрекеттері де сапалық тұрғыдан біршама тұрақтанып үлгеретіндігі айрықша назар аудартады. Осы орайда М.И. Лисина бастаған психологтардың балдырғандар психикасына байланысты зерттеу-тәжірибелер барысында айқындалған нәтижелеріне ден қоюға болады. Олар түрлі тақырыптарда әңгімелер жүргізу барысында алты жасар балаларды қызықтыратын негізгі тақырып балдырғандардың өздеріне тікелей қатысты мәселелер екендігін айқындайды. Олардың тәжірибесіне сүйенсек, үлкендермен әңгімеде бұл тақырыпқа балдырғандардың қызығушылығы жеті жасар балалармен салыстырғанда аса басым болған [6].

Бала ересектердің жанында жүріп жақын адамдармен, құрдастарымен, қоршаған заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасайды, тәрбие алады, адамгершілік қасиет сапаларын қалыптастырады және қоғамның моральдық нормасын игереді. Балалардың іс-әрекеттеріне басшылық жасай жүріп, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға жағымды көз қараспен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесу, кейбір іс-әрекетте белсенділік және бастамашылдық көрсету сияқты балаларға маңызды


сипаттарды қалыптастырады. Балаларға берілген дұрыс тәрбие теріс қылықтар жасамауға ықпал етеді, бала мінез-құқына теріс әсерететін дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды [7].

Оқу мен ойын әрекеттерін де баланы жалықтырмайтындай тартымды, мейлінше түрлендіріп ұйымдастыру барысында тәрбиешінің алдында баланың шығармашылығын, дербестігін, ерік-жігерін шыңдауға бағытталған түрлі ойындарды ұйымдастырып, оны дұрыс, тиімді тәсілдермен жүргізу міндеті қойылды.

Біз педагогикалық экспериментімізді Есік қаласындағы «Әйгерім-1» мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінен «Бала тәрбиесінде санамақтың пайдасын білесіз бе?» сауалнамасынан бастадық. Себебі, халық ауыз әдебиетінің түрлерін, оны бала тәрбиесінде қолдану қағидаларын, педагог-тәрбиеші мен баланың бірлескен өзара іс-әрекет жасау жолдарын жүзеге асыратын мектепалды дайындығының білім беру үрдісі негізгі нысан деп есептелді.

«Балаларға арналған санамақ жинағы» атты нұсқаулығы бойынша ересек топ балаларына санамақты жаттату барысында, баланың қиялының дамуына, логикалық ойлау жүйесінің жетілуіне, төрт-бес жасар балалар бойында өзіндік дербестікке ұмтылумен қатар, өзгелердің ой-пікірімен санасу, ортақ мүддені мойындау секілді әлеуметтік сезімдер пайда бола бастайтындығын, оларға арналған шығармалардағы ойын элементтері жас ұрпақ бойында адамгершілік сапаларының қалыптасуына өз ықпалын тигізетінін дәлелдедік.

Мектепке дейінгі мекеме базасында бақылаушы және эксперимент ретінде екі топ қамтылды. «Балдырған» тобы бақылаушы, ал «Ақжелкен» тобы эксперименттік топ ретінде алынды. Эксперименттік топқа арнайы жұмыс жоспары жасалып вариативті уақытта халық ауыз әдебиетінің түрлері қолданылып жұмыс жүргізілді (кесте 1).



жүргізілді
Сурет 1.

Тәрбиешілерден алынған сауалнама диаграммасы

Кесте 1. Халық ауыз әдебиеті арқылы мектепке дейінгі ересек балаларды адамгершілікке тәрбиелеу бағдарламасы

Апта күндері	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты
Дүйсенбі	Батырлар жыры	16.10-16.40	Аметова Л.А.
Сейсенбі	Қазақ ертегілері	16.10-16.40	Аметова Л.А.
Сәрсенбі	Мақал - мәтелдер	16.10-16.40	Аметова Л.А.
Бейсенбі	Жұмбақтар, Жаңылтпаштар	16.10-16.40	Аметова Л.А.
Жұма	Тиым сөздер	16.10-16.40	Аметова Л.А.

Эксперименттен кейін мектеп жасына дейінгі ересек балаларға тән адами қасиеттердің сипаттамасы тізіліп жазылып, эксперимент қорытындысы анықталды (кесте 2).

Кесте 2. Мектепке дейінгі ересек топ балаларының адами қасиеттерінің \сипаттамасы

№	Адами қасиеттерінің сипаттамасы	«Балдырған» бақылаушы топ					«Ақжелкен» эксперименттік топ				
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
1	Отанға деген сүйіспеншілік		+							+	
2	Бірлесе жұмыс жасау			+							+
3	Адамгершілік мінез-құлық ережелерін білу			+						+	
4	Тәртіптілік және мінез-құлық мәдениеті				+						+
5	Сәлемдесу, қоштасу				+						+
6	Өз ұстанымын қорғай білу		+							+	
7	Сыпайлық			+							+
8	Заттарын ұқыпты ұстау				+					+	
9	Досына қол ұшын беру			+							+
10	Бір-біріне алғыс айту				+						+
11	Әдептілік			+			+			+	
12	Бір-бірлерімен тез тіл табыса білу		+								+
13	Сабырлылық		+							+	
14	Мейрімділік			+							+
15	Айналадағылармен қатынас жасау			+						+	
16	Ересектермен қарым-қатынас орнату			+							+
17	Бір-бірінң рөлдік пікіріне арқа сүйеу		+								+
18	Бір-бірін тыңдау		+								+
+	Бір-біріне сүйіспеншілігін арттыру			+						+	
20	Ересектердің ескертуімен үлкендер мен қатарластарына кішіпейілділікпен қарау.		+								+

Біз жүргізген эксперимент нәтижесінде, халық ауыз әдебиеті балалар тәрбиесінің негізі ретінде, бесік жыры, тұсау кесу өлеңдерімен қатар, оларға аталуы үндес заттар бейнеленген суретті кітапшалар ұсыну

арқылы мектепке дейінгі ересек топ балаларының танымдық әрекетін, сөздік қорын дамытуға, ана тілінің әуезділігін, әуенділігін сіңіруге мүмкіндік берді. Яғни, мектепке дейінгі ересек топ балаларының адамгершілік сапаларының дауына халық ауыз әдебиетінің маңызы зор екенін дәлелдей алдық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – 480 с.*
2. *Қирабаев С. Қазақ балалар поэзиясы // Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Құрастырғандар М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев. – Алматы: Жалын, 1977. – 460 б.*
3. *Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669.*
4. *Яковлева Е.Л. Возрастные особенности памяти // Развитие творческой активности школьника /Под ред. А.М.Матюшкина. – М.: Педагогика, 1991. – С. 128-131.*
5. *Люблинская А.А. Детская психология. – М.: Просвещение, 1971. – 415 с.*
6. *Лисина М.И., Шерьязданова Х.Т. Специфика восприятия и общения у дошкольников. – Алматы: Мектеп, 1989. – 80 с.*
7. *Төлєнова Ұ.Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ... автореф: 13.00.01. – Атырау, 2002. – 25 б.*

References:

1. Vygotsky L. S. pedagogical psychology. Moscow: pedagogy publ., 1991. - 480 P.
2. Kirabayev S. Kazakh children's poetry // anthology of Kazakh children's poetry. Compiled By M. Alimbayev, K. Bayanbayev. - Almaty: Zhalyn publ., 1977. - 460 P.
3. on approval of State mandatory standards of education of all levels of Education. Order of the minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018 No. 604. In the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan dated November 1, 2018 No. 17669 .
4. Yakovleva E. L. age-old features of memory // development of creative activity of a schoolboy /Ed. A. M. Matyushkina. Moscow: Pedagogy Publ., 1991, Pp. 128-131.
5. Lublinskaya A. A. detskaya psych. Moscow: Prosveshchenie publ., 1971. – 415 P.
6. Lisina M. I., Sheryazdanova H. T. specificity and Society of doshkolnikov. - Almaty: School, 1989. - 80 P.
7. Tulenova U. T. moral education of children of mixed groups in kindergarten through the national game: PED. science. Kand. ... abstract: 13.00.01. - Atyrau, 2002. - 25 p.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ӘОЖ 94(574):9-05
МРНТИ:03.20

Н.А. Абдурахманов¹, А.А. Бахтибаев², Р.А. Омарова³, Қ.М. Шекербекөв⁴

¹т.ғ.к., АӘИУ

²т.ғ.к., АӘИУ

³т.ғ.к., АӘИУ

⁴аға оқытушы, АӘИУ

Шымкент қ., Қазақстан, shkm_79@mail.ru

ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨМІРІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жырау атауына түсінік беріліп, олардың қоғам өміріндегі ерекшеліктері қамтылып айтылады. Сонымен бірге Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы, яғни XV-XVI ғасырлардағы маңызды саяси оқиғалар қамтылады. Тебіреніске толы өлең жолдарынан, хандықтың өз алдына жеке тәуелсіз мемлекет болып, дербес саясатын жүргізу қарсаңындағы маңызды оқиғалар туралы көптеген мәліметтерді кездестіруге болады. Жыраулардың еңбектері негізгі дерек көзі ретінде қарастырылып, олардың өлең жолдарында кездесетін бірнеше мәселелерге тоқталып, түсіндірме беріледі.

Кілттік сөздер: жыршы, данагөй, жырау, хандық, батыр, ру-тайпа.

Абдурахманов Н.А.¹, Бахтибаев А.А.², Омарова Р.А.³, Шекербекөв Қ.М.⁴

¹к.и.н., РСИУ

²к.и.н., РСИУ

³к.и.н., РСИУ

⁴ст. преподаватель, РСИУ

г. Шымкент, Казахстан, shkm_79@mail.ru

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ЖИЗНИ В НАСЛЕДИИ ЖЫРАУ

Аннотация

В этой статье дается определение термину жырау, где охватывается их особенности в жизни общества. Наряду с тем, охватываются важные политические события в XV-XVI веках на фоне образования Казахского ханства. Из этих трепетных строк можно почерпнуть множество сведений о важных событиях в период ведения суверенной политики и превращения ханства, которое становится более независимым. В этой статье произведения жырау рассматриваются как источник сведений и дается толкование некоторых проблем отмеченных в тех строках.

Ключевые слова: жыршы, философ, жырау, ханство, богатырь, род, племя.

N.A. Abdurakhmanov¹, A.A. Bahtybaev², R.A. Omarova³, K.M. Shekerbekov⁴

¹Ph. D., RSIU

²Ph. D., RSIU

³Ph. D., RSIU

⁴Senior lecturer, RSIU

Shymkent, Kazakhstan, shkm_79@mail.ru

HISTORY OF KAZAKH LIFE IN THE HERITAGE OF ZHYRAU

Abstract

This article gives a definition of Zhyrau, where is covered by their characteristics in society. Along with covers important political developments in the XV-XVI centuries on the background of formation of the Kazakh khanate. From these tremulous lines can be learned a lot of information about important events in the period of

conducting of sovereign policy and the transformation of the khanate, which became more independent. In this article the works of zhyrau are considered as a source of information and interprets some of the problems listed in the rows.

Keywords: zhyrshy, philosopher, zhyrau, khanate, hero, clan-tribe.

Ұлттық тарихымызда өзіндік орны мен өшпес ізін қалдырған және қоғамның дамуы үшін бар күш жігерлерін салып, хандықтың өсіп-өркендеуі жолында тынбай жұмыс атқарған, данагөй жырауларымыз санамыздан біраз уақыт шығып, көбісінің жазып кеткен мұралары және шығармаларының аттары аталмай бізге беймәлім болып келген еді. Еліміздің тәуелсіздігі арқасында ұлттық тарихымызға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, әдебиетіміз бен тарихымызда айшықты орын алатын жырау-ақындарымыздың мұралары табылып, тындырымды жұмыстардың нәтижесінде бір жүйеге келтірілді. Әлі де жыраулардың бізге беймәлім тұстары өте көп. Шығармалары түгiлi аттарының өзi ұмыт болып кеткен жырауларымыз қаншама. Осы аталған жайттар болашақта шешiмiн тауып, бiр жүйеге келетiнiне сенемiз.

Хан сарайында маңызды саяси iстермен айналысқан жыраулардың бойында бiрнеше дарындылық қасиеттер болды. «Жырау» сөзi «дана» сөзiмен синонимдес болып келедi. Данагөйдiң мақсаты - тарихты терең бағамдап келiсiмдi ойын айту, елге сара жол көрсету. Онда жеңiл сөз бен желең ой болмайды. Салмақты тұжырым, салихалы пайымдау - данагөйдiң негiзгi қаруы. Жыраулардың заман, қоғам және әлеуметтiк мәселе туралы айтқан ой-тұжырымдары мен пiкiрлерi қай уақыт шеңберiнде болмасын өзiндiк құнын жоғалтқан емес. Сондықтан халық оны құрметтеп, өмiрде пiр тұтқан.

Жырау атанған тұлғалардың ақыннан, жыршыдан өзгешiлiгi бар. «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, мiндетi - не болса сол, көңiл ашар, әлде не дерлiк сөздi айту емес. Ол заман сынын, мезгiл, дәуiр болжамын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады. Көбiнесе, әрi жырау, әрi би болады» [1, 17 б.]. Жырау деген атау "жыр" сөзiнен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа бiлетiн, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрiнде айтқан. Олардың толғауларының негiзгi тақырыптары - туған жердi, елдi сүю, Отанды қорғау, елдi бiрлiкке шақыру, адамгершiлiк қасиеттi насихаттау болып табылады. Демек, жыраулар бiр ғана мәселемен шектелiп қалмаған, қоғам өмiрiнде болып жатқан оқиғаларды сырттай бақылап, алаңсыз сарайда өмiр сүрген жоқ. Олар елiнiң тұтастығына сырт елдерден төнген қауiптi сәттерде, ұрысқа қатысып, батырлықтың ерен үлгiсiн көрсеткен.

Жырау атауы кез-келгеннiң еншiсiне бұйырмаған дәреже. Сондықтан әдебиетiмiз бен тарихымыздағы кез-келген жырауды әлемдiк философтармен тең қоя атасақ, артық айтпағандығымыз.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық шығармашылығын М.Жармұхамедов үш кезеңге бөледi: «Бiрiншi топқа жыраулық дәстүрдiң негiзiн қалаған алғашқы өкiлдерi – Қорқыт, Аталық (Кет-Бұға) және Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуiр XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасу кезеңiн белгiлейтiн екiншi топқа Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармалары кiредi. Мұның кезеңi XV-XVI-ғасырлар. Үшiншi топты жыраулықтың әбден толысып, кемелденген кезеңiндегi өкiлдерi: Үмбетей, Жиёмбет, Тәтiқара, Ақтамбердi, Бұхар жыраулар құрайды. Бұған XVII-XVIII ғасырлар жатады [2,78 б.].

Жыраулар - қоғамда болып жатқан барлық маңызды саяси iстерге араласып, ел билеген ханның да, қарапайым бұқара халықтың да қасынан табылып отырды. Қоғам өмiрiндегi негiзгi мәселелердi хандармен бiрлесiп шешiп отырды. «Патриарх, ақын, әрi халық мүддесiн бiлдiрушi жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадiр тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүлiншiлiк шыққан немесе ел шетiне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем берiп, iстiң немен тынатыны жайлы болжалдар айтып отырған» [3, 73 б.], – дегендей ел басына ауыр күн туған кезде және сырттан жаулаушы мемлекеттердiң басқыншылық қаупi төнгенде, халықты сабырға шақырып, бұл қиын-қыстау кезеңнен де аман – есен өтiп кететiнiне жалынды сөздерi арқылы сендiрiп отырды.

Жыраулардың тiлi көне тарихқа өте бай болды, ойларын баяндау жолымен емес, олардың әрбiр айтқан ойлары мен сөздерi терең мағыналы болды. Көп жағдайда айтқан сөздерi мен жасаған iстерi сәйкес келiп, үйлесiмдiлiк тауып отырды. Олар тек қана жыр жаттаумен шектелмедi, ежелгi жыр-дастандарды, сонымен бiрге қанатты, шешендiк сөздердi өзiндiк санасында ой елегiнен өткiзiп көптiң көкейiне тағылымды тәрбие және ғибратты ой ретiнде жеткiзiп отырды. «Жырау – өз тайпасының рухани тiрегi, ақылгөй ақсақалы. Сондықтан да ол албаты сөйлемейдi. Ол тынышсыз көшпендiлер арасында күнделiктi

болып тұратын кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тысқары жатады» [4,127 б.].

«Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XV-XVI ғасырларда ең басты мәселе - жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды» [5, 208 б.]. XV-XVI ғасырда Қазақ хандығы дербес және тәуелсіз түрде саясатын жүргізіп, жанындағы көрші мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде өмір сүріп, хандықтың күш-қуатын арттыру мақсатында шешімді әрекеттер жүргізді. Осы екі ғасыр аралығындағы қазақ өмірі жыраулардың шығармашылығында көрініс тауып отырды. Бұл кезеңде көшпелілер философы атанған Асан Қайғы, Доспамбет жырау, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, батыр атанған Ақжол бидің әкесі Қодан тайшы және тағы басқа біздің осы күнімізге аттары беймәлім қаншама ақын-жыраулар өмір сүрді.

XV ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы күрделі саяси кезеңді басынан өткерді. Тәуелсіз хандықты құру үшін Керей мен Жәнібек хандар бастарын бәйгеге тігіп, хандықты өркендету жолында тәуекелді әрекеттер мен шешімді істерге барып, елдің азаттығы жолында жан алысып, жан беріскен шақта талай қиын-қыстау кезеңді бастарынан кешірді. Жаңадан құрылған хандықтың алдындағы ең басты мәселе - хандықтың аумағын кеңейту және сыртқы дұшпандардан елді, жерді қорғау болды. Қазақ хандығын құру оңайға соқпады. Қазақ хандығының ең алғашқы билеушісі - Керей мен Жәнібек хандар жұртты өз сондарынан ертіп, елдің тәуелсіздігі жолында ел билеуге лайықты ақсүйек, би-шонжарлардың арасындағы алауыздықтарды жойып, бар күш жігерлерін елінің дербестігі мен тәуелсіздігі жолына жұмсады. Тарихи жазба деректерде хандықтың құрылуы қарсаңындағы маңызды орынға ие саяси оқиғалар көп жағдайда айтыла бермейді. Ел өміріндегі саяси оқиғалар көбінесе көркем әдебиетте көрініс тауып отырды. Қазақ халқы өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндап отырды. Тарих пен әдебиет көп жағдайда бірін – бірі толықтырып отырды. Хандықтың құрылу қарсаңындағы, сонымен қатар құрылған уақыттан кейінгі елдің ішкі саяси өміріндегі маңызды оқиғалар, жыраулардың еңбектері мен шығармаларында көптеп кездеседі.

Осы кезеңге тән ірі оқиғалардың бірі - қыпшақ руынан шыққан Қобыланды батырдың арғын руының атақты биі Ақжол батырды өлтіріп қоюы еді. Екеуі де Көшпелі Өзбектер елінің билеушісі Әбілқайыр ханның сенімді батырларының бірі болды. Алайда белгісіз себептерге байланысты Әбілқайыр ханның екі батыры бір-бірімен іштей жауласып, араздасып жүреді. Сондай шекісу үстінде Қобыланды батыр Ақжол батырды өлтіріп қояды. Ел арасына сызат түседі. Осы кезде Жәнібек хан Қобыланды батырға қатты өкпелеп, оны шарифат жолымен қысас қылып өлтіруді сұрапты. Әбілқайыр хан бұл талапты орындайын десе, қалың қыпшақ тегіс жауласып, бұлардан безіп кететін болады. Осыны ойлаған хан үш кісінің құнын алып бітісіндер, – деген екен [6,139 б.]. Бұл жағдай аңыз бойынша Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың дауды әділ шеше алмаған Әбілқайырға наразылық ретінде Моғолстанға көшіп кетуіне себепкер болады. Осы кезде баласы Ақжол батырдың өліміне байланысты Қодан тайшы жоқтау өлеңін шығарады:

Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,
Сексен асып, таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным,
Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының,
Аққан бұлақ, жанған шырақ, жалғыз күнде құрыдың,
Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным! [7,7 б.]

Бұл өлең жолдарынан Қодан тайшының өзінің жасын айтып тұрғандығын байқауға болады. «Сексен асып, таянғанда тоқсанға» деген Қодан тайшының сөзінен сол кездегі жасын тоқсан деп алсақ, Ақжолды Қобыланды батырдың өлтірген жылы 1456 жылы болса, онда Қодан ақынды 1370 жылы туылды деп жорамалдауға болады. Сонымен бірге, өлең жолдарында тағы бір ескерілетін жайт, «Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының» деген сөздердерінде, ақын қазақ атаулы рулардың ол кезде ноғайлы болып жүргенін айқын айтады. Ол заманда, қазақ атаулы көшпелілер, әлі қазақ елі атанбағандығын, қазақ хандығын құрмағандығын назарға алсақ, қазақ атаулы рулар ол кезеңде ноғайлы атымен жүрген болып табылады. Сол кезеңге жататын батырлар жырын алып қарасақ, мысалы Ер Тарғын, Ер Көкше оның ұлы Ер Қосай және тағы басқа батырлар жырында ноғайлы сөзі жиі ұшырасады, қалай болғанда да ноғайлы елінің батырлары болып шығады. Олай болса, бұл қазақ атанған ноғайлының өзге ноғайлыдан бөлінбеген кездегі батырлары болып табылады [8, 40 б.]. Демек, қазақ пен ноғайдың түбі бір халық екендігі, бір-бірімен аралас-құралас өмір сүргендігі жыр жолдары куәлік етеді. Тоқтаусыз жүргізілген соғыстарға, Ресей

империясының басқыншылық саясатына байланысты ноғай елінің бір бөлігі Ресей құрамына, енді бір бөлігі қазақ халқының құрамындағы Кіші жүз тайпаларымен араласып, сіңісіп кетті.

Ақжол батырдың өлімінен кейін ұланғайыр аумақты билеп отырған Әбілқайыр ханның әділ үкім шығармауы салдарынан, Керей мен Жәнібек ханның маңайына топтасқан көптеген қазақтың рулары мен тайпалары Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жетісу жерін иемденіп отырған Моғолстан хандығына қарай бет алады. Осы кезде үдере көшкен халқының мұң-мұқтажын жоқтаған, халық тілегін жеткізуші ақын-жыраулардың бірі – Асан Қайғы еді. Ол сұңғыла шешендігі мен қайтпас қайсарлығының арқасында қасқайып тұрып Жәнібек ханға мына өлең жолдарын арнайды:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда да кеңес қылмадың [9, 40 б.].

Осылайша Асан Қайғы Жемнен, Ойылдан, Еділден көшкеніне наразылық білдіре отырып, сол кезеңнің бет-бейнесін және қазақ елінің тарихын түбегейлі өзгерткен оқиға Қазақ хандығының құрылған кезін көз алдымызға елестетеді.

Қазақ хандығының өз алдына жеке отау тігіп, тәуелсіз дәрежеде өмір сүруі оңайға соқпады. Хандықтың құрылуы қарсаңында қазақ халқының негізін құрайтын көптеген ру-тайпалар монғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан территориясында пайда болған мемлекеттердің құрамында болды. Қазақ ру-тайпаларының басын қосып, Керей мен Жәнібек хандар Жетісу жерінде хандықтың алғашқы туын тікті. Бүгінгі таңда, отан тарихын зерттеуші ғалымдардың арасында - Қазақ хандығының құрылу мерзімі жөнінде нақты бір шешімге келе алған жоқ. Қалай болғанда да XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы дербес түрде тәуелсіз саясат жүргізгендігі, тәуелсіз хандық болғандығы сонымен бірге жанындағы көрші мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде өмір сүріп, саяси жағынан ықпалын жүргізген күшті мемлекеттің біріне айналғандығы ақиқат.

Қорыта келгенде, қазақ халқының бай әдеби-тарихи мұралары бар. Тарих пен әдебиет көп жағдайда бір-бірін толықтырып отырады, екеуі егіз ғылым іспеттес. Халық ауыз әдебиетінің негізін құрайтын мақал-мәтелдер, эпостық, лиро-эпостық жырлар, би-шешендердің нақыл сөздері атадан балаға ауызша жетіп, мұра ретінде қалдырылып отырған. Ғасырлар мерзімінен сыр шертетін жыраулардың мұралары жетіп артылады. Олардың айтып кеткен толымды ойлары қанша уақыт өтсе де, бүгінгі таңда құнын жоғалтқан емес және әдебиетіміздің алтын қорында сақталып тұрған рухани құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Ежелгі ата-баба дәстүрлерін, халықтың басынан өткен сан мыңдаған тарихын, әдет-ғұрыптарын жалғастырушы және қарапайым бұқара халықтың ортасында өмір сүріп, хан сарайында қызмет атқарумен бірге, жалынды жырлары арқылы хандардың жіберіп отырған қателіктерін түзеп, мәнді де мағыналы өлеңдері арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың санасын түзеп, қарапайым халық пен хан арасын байланыстырушы қызметті атқарған – жырау бабаларымыз еді. Олардың бойынан бір емес бірнеше дарындылық қасиеттерді байқауға болады. Мемлекеттілігіміз сақталып тұрған заманда, яғни хандар билігі кезінде, қоғам өмірінде ханнан кейінгі басты лауазымды тұлға-жырау болды. Маңызды орынға ие тарихи оқиғалар, жырауларымыздың өлең, жыр жолдарында бейнеленді. Ұлттық тарихымыздың алтын төрінен орын алатын жыраулардың шығармалары мен еңбектерін насихаттау жұмыстарын тыңғылықты түрде қолға алып, жүйелі жұмыстар жүргізу, бүгінгі қоғам алдындағы негізгі міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. XIX мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. – Алматы: 1933 ж. – 17 б.
2. Жармұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы: Санат. 1996. – 78 б.
3. Марғұлан Ә.О. Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы. // М.О. Әуезовтің 60 жылдығына орай мақалалар жинағы. – Алматы, 1959. – 73 б.
4. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы. –127 б.
5. Қасқабасов С. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет //Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы.10 томдық. 3-том. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. – Алматы: Қазақпарат, 2008 ж. – 208 б.
6. Бабалар сөздігі 100 томдық, 85-том. – 139 б.
7. Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы, 1971 ж. – 7 б.
8. Сейфуллин С. Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары. – 40 б.
9. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2008 ж. 1-том. – 40 б.

References:

1. Auevov M. educational book of Kazakh literature of the XIX and early XX centuries. - Almaty: 1933-17 p.
2. Zharmukhamedov M. the source of antiquity. - Almaty: Category. 1996. - 78 P.
3. Margulan A. O. about the creators of the ancient poetic heritage of the Kazakh people. // Collection of articles dedicated to the 60th anniversary of M. O. Auevov. Almaty, 1959. - 73 P.
4. Magauin M. relief of centuries. Literary studies. - Almaty: Writer. -127 P.
5. Kaskabasov S. literature in the days of the Kazakh Khanate // in the book: history of Kazakh literature.In 10 volumes. Volume 3. Literature in the era of the Golden Horde and the Kazakh Khanate. - Almaty: Kazinform, 2008-208 P.
6. Dictionary of ancestors in 100 volumes, volume 85. - 139 P.
7. Aldaspan. Anthology of ancient Kazakh poetry. - Almaty, 1971-7 p.
8. Seifullin S. ancient poetic stories, or variants of literature left over from the Nogai era. - 40 p.
9. seven centuries sing. - Almaty: writer, 2008, Volume 1. - 40 p.

ӘӨЖ 987

ГРНТИ 03.00.09

Г.Батырбекқызы¹

*¹Phd, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы,
Шымкент қ., Қазақстан*

ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ұлт қайраткерлерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері қарастырылған. Отан тарихының мазмұнында тарихи тұлғатану мәселесі ерекше орын алады. Кеңестік билік жүйесіндегі қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын зерттеу мен оқыту Ұлы дала тұлғаларын дәріптеуде маңызды болып саналады. Қазіргі таңда тарихи сана қалыптастыру мақсатында тарихи тұлғатану бағыты Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінің мазмұнында оқытылады. Кезінде жазықсыз жазаланған белгілі халқымыздың ұлдарының өмірі мен қызметін зерттеу тарих үшін басты мақсаттардың бірі болып саналады, өйткені тарихты тұлғалар жасайды. Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы ұлы тұлғалардың өмірлік қызметінің тарихы қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру факторларының бірі болып табылады. Өз заманындағы ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеу мәселесі ерекше мәнге ие болмақ. Бұл тұлғалар тек тарихты жасап қана қоймай, сонымен бірге сол қоғамның мәдени құндылықтарын, адамгершілік принциптері мен дәстүрлерін бойында сақтап, оның жетекшісі бола білген.

Түйін сөздер: Кеңестік билік, тарихи тұлғатану, қазақ зиялылары, Отан тарихы, тарихнама, әдіснама, тәуелсіздік.

Батырбекқызы Г.¹

¹Phd, старший преподаватель

Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Аннотация

В статье рассмотрены теоретико-методологические проблемы исследования национальных деятелей. Особое место в содержании отечественной истории занимает проблема исторической персоналии. Изучение и преподавание общественно-политической деятельности и творчества казахской интеллигенции в системе советской власти является важным для популяризации персоналии в Великой степи. В настоящее время для формирования исторического сознания курс исторической персоналии изучается в содержании предмета современной истории Казахстана. Изучение жизни и деятельности великих личностей известного народа, которые в свое время были невинно наказаны, является одной из главных целей в истории, так как историю делают личности. История жизни и деятельности великих личностей в современной истории Казахстана является одним из факторов формирования казахстанского патриотизма. Особое значение приобретает вопрос изучения жизни и деятельности великих личностей ушедшего времени. Эти лица не только создавали историю, но и сохранили культурные ценности, нравственные принципы и традиции казахского общества, став его лидерами.

Ключевые слова: Советская власть, историческая личность, казахская интеллигенция, Отечественная история, историография, методология, независимость.

G.Batyrbekkyzy

Phd, senior lecturer at South Kazakhstan state University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

METHODOLOGICAL PROBLEMS OF STUDYING THE PERSONALITY OF THE GREAT STEPPE

Abstract

The article deals with theoretical and methodological problems of research of national figures. A special place in the content of national history is occupied by the problem of historical personality. The study and teaching of social and political activities and creativity of the Kazakh intelligentsia in the Soviet system is important for popularizing the personality of the great steppe. The article deals with the origin of the Kazakh genera of the Senior Zhuz: saryuysun, Dulat, Alban, Suan, ysty, Shapyrashty, Oshakty, Sirgely The study of the lives and activities of the sons of a famous people who were innocently punished at one time is one of the main goals for history, since history is formed by individuals. The history of the life activity of great personalities in the modern history of Kazakhstan is one of the factors of formation of Kazakhstan patriotism. Of particular importance is the question of studying the life and work of great personalities of their time. These individuals not only created history, but also preserved the cultural values, moral principles and traditions of this society, becoming its leader.

Key words: Soviet power, historical figure, Kazakh intelligentsia, history of the motherland, historiography, methodology, independence.

Тәуелсіздік жылдары Отан тарихының мазмұны тақырыптық жағынан да, теориялық-әдіснамалық жағынан да жаңа мазмұнмен байытылды. Тұтастай тарихи кезеңдердің тарихы мазмұндық жағынан толықтырылды немесе жаңа теориялық-әдіснамалық бағалауға ие болды. Отандық тарих ғылымының бұл жетістіктері еліміздің тәуелсіздік жағдайында тарихи сана қалыптастыруда ұстанған саясатының нәтижесінде ғана мүмкін болды.

Соңғы жылдары отандық тарихта жаңа мазмұн алған саланың бірі – тарихи тұлғатану деп білеміз. Тұлғатану ғылыми бағытының бүгінгі таңда әдіснамалық негіздері дамып келеді. Осы бағыттың негіздерінің бірі ретінде жеке тұлғалар арқылы танылатын мәдени, саяси, ұлттық, рухани құндылықтардан туындаған көзқарастардың тұтас болмысы қарама-қарсылықтардың бірлігі заңдылығы бойынша зерттеліп, ол құбылыстарды тұлғаландыру арқылы сипатталуында. Осылайша, қоғамдық-саяси қайшылықтардың сырын ашуда ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі біздің жұмысымыздың нысаны болуы орынды [1].

Кеңестік биліктің жоғары эшелонында қызмет жасаған қазақ зиялыларының қызметтері тарих үшін де, бүгінгі замандастар үшін де шынайы болуы тиіс. Тарихи тұлғатану – аса күрделі сала болып саналады. Сол заманның қайраткерлері тарихи қалыптасқан өз қағидалары мен ұстанымдары бар тұлғалар. Интеллектуалдық тарих осы қағидалар мен ұстанымның қатаң сақталуын талап етеді [2, 21 б.].

Сонымен, тарихи тұлғатанудың басты шарты оның деректік негізінің болуы. Егер де деректік негіз болмаса кез келген қайраткерді тарихи оқиғалар мен құбылыстардың әрекеттесуінде тұлғаландыру мүмкін емес. Ал тарихтың дерексіз жазылмайтындығы сияқты тұлға да тарихи деректерсіз тарих мазмұнынан өз орнын таба алмайды.

Еліміздің тәуелсіздік жылдарында тұлғатанудың әдіснамалық мәселелеріне байланысты, әсіресе деректанулық тұрғыда едәуір ғылыми-зерттеу жұмыстар жасалды. Осылардың барлығы осы қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін айғақтайтын деректік базаның ғылыми қалпына келтіруіне және ғылыми айналымға ұсынудың мүмкіндігінің негізі болды.

Ал кеңестік тарихнамада таптық-партиялық ұстанымдар мен коммунистік идеология мақсаттарына сай жып-жылмағай етіп тұлғаландырылған қайраткерлердің қан-сөлсіз бейнелеріне де жаңадан ғылыми айналымға ұсынылған деректердің көмегімен «жан бітіріп», олар да тарихи танымның толыққанды нысанына айнала бастады [3].

Кеңестік құрылыстың жоғары сатысына көтерілген ұлт қайраткерлерінің шынайы түрде тұлғалануы егемендік алғаннан кейін салыстырмалы түрде жақында ғана қолға алынды деп айта аламыз. Өйткені, кеңестік тарихнамада осы қазақ зиялыларының тарихи үдерістегі атқарған рөлі мен тарих сахнасындағы алатын орны тиісті деңгейде қарастырылмаған еді. Аталған мәселенің объективті және субъективті себептері тарихта орын алды. Сонымен қатар, XX ғасырдың басындағы ұлт қайраткерлерінің өздерінің идеялас жолдастарымен бірге «Үлкен террордың» құрбанына айналуы. Сол себептен, олар құқықтық тұрғыда 1956-1958 жж. ақталғанымен саяси тұрғыда ақталмағандары ғылыми олардың тұлғалануларын кешіктірді.

Кеңестік құрылыстың жоғары сатысына көтерілген қайраткерлердің зерттелмеуінің екінші бір себебі, олардың қоғамдық-саяси қызметтеріне қатысты деректердің басқа елдің архивтерінде, тіпті көпшілігі жабық архивтерде жинақталуына байланысты отандық зерттеушілерге қолжетімді болмауы еді. Әсіресе, Мәскеуде қызметте болған қайраткерлерге қатысты деректер негізінен олардың қызметіне байланысты шетелдік архивтердің қорларында жинақталған.

Қазақ зиялыларының Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің жоғары сатысына көтерілуі объективті және субъективті факторларға байланысты өрбіді. Түркістандағы этнос аралық және конфессиялық тұрғыда қазақ этносының арасынан Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Н.Төрешұлов сынды Мәскеуде білім алған еуропалық үлгіде, осындай тұлғалардың саясатқа келуіне қаншама факторлардың ықпал етуінен болды.

Тарихи тұлғатанудың қағидаларына нақтылық беру үшін большевиктер көсемі В.И. Лениннің өзіне тән категориялықпен: «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [4] – деген тұжырымын ондай шындық тек партиялық номенклатураның қолындағы көзсіз қаруға айналған пролетариат үшін ғана емес, жалпы тарихи таным үшін де қажет деген түзетулермен қуаттауға болады.

Қайраткерлердің өмірбаян парақтарын ақтара отырып, олардың дүниеге келуі мен азамат болып қалыптасуының динамикасында оларға ықпал еткен екі факторды атап өтуге болады. Біріншіден; кеңестік билікке тартылғанымен бұл қайраткерлерге ислам дінінің құндылықтары бейім болып, дәстүрлі қоғамның мәдени-шаруашылық тұрпатын заманауи нарықтық қатынастармен ұштастырғанында, сол әлеуметтік органың өнегесімен қалыптасқанында. Екіншіден; қоғамдық-саяси реформалар дәуірінде саналы қызметтерін ұлттық-демократиялық «Алаш» қозғалысына араласудан бастап дәстүрлі қоғам салтымен өмір сүрген ұлттарды апатты жолмен болса да, қазіргі заманғы өркениетке жеткізген коммунистік идеяға қызмет етумен ұштастырды. Осы екі фактор ұлттық элитаның бүкіл қоғамдық-саяси қызметтері мен ғылыми-педагогикалық шығармашылықтары өне бойларын өрлеп, одақтық деңгейде танылған тұлғалық болмыстарын айқындады.

Ендігі кезекте осы қайраткерлердің өмірбаянына шешуші ықпал еткен факторға тоқталамыз. Осыған байланысты басын ашып айтатын ақиқат – алаштық және коммунистік идеялар, Алашорда мен кеңестік билік бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар болғандығы. Алаштық идеяның өзегі – бүкіл қазақ халқын тұтас ұлт ретінде қабылдаған, ал коммунистік идеология таптық белгілерге басымдық берген болатын. Демек,

мазмұны мен мақсаты бір-бірімен тоғыспайтын осы екі ағымның өкілдерін бір ғана тәсілмен бағалауға болмайды және олардың қызметін біржақты қарастыру шынайы тарихтың өлшемдеріне сыймайды. Оның нәтижесі тарихи танымды шатастыруға қызмет жасайды. Тарих өз сөзін қашанда ақиқатқа негіздеп айтады. Осыған байланысты М.Қойгелдиевтің «Кеңестік билікке альтернатива бар еді. Ол Алашорда үкіметі болатын» [5], – деген тұжырымы, зерттеушілердің әдіснамалық тұрғыда барынша сергек болу қажеттігін еске салады.

Соңғы жылдары ғылыми айналымға ұсынылған Алаш қозғалысының деректері мен құжаттарына жасалған талдаулар кеңестік биліктің жоғарғы эшелонында қызмет жасаған бірқатар тарихи тұлғаларымыздың саяси қызметін Алаш қозғалысымен байланыстырғанын құжаттық деректер негізінде ғылыми қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Большевиктік биік лауазымдарда қызмет жасағанымен ұлттық құндылықтарды алға салған, алаштық демократиялық идеялардан алыстамаған, кеңестік саясатты ұлттық мүддемен ұштастыруға әрекет еткен кеңестік билікпен ымыраға келген тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін талдау таным теориясы тұрғысында күрделі мазмұн алады.

Ақпан революциясынан кейінгі ұлт зиялыларының саяси қызметтегі алғашқы қадамдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов есімдерімен байланысты. Ұлттық элитаның көшбасшысы Ә.Бөкейханов бастаған бір топ ұлт зиялылары 1917 жылғы ақпан төңкерісінің ізін ала қазақ даласына қалыптасқан жағдайдың мән-жайын баяндап Минск қаласынан елдегі игі-жақсыларға жеделхат жолдаған. Жол таба алмай абдыраған ұлт-азаттық қозғалысқа тың бағыт сілтеген Минскідегі майданның қара жұмысына алынғандар арасында Ә.Бөкейхановтың басшылығымен қызмет істеген жеделхатқа қол қоюшылардың барлығы да 1917 жылы құрылған Алаш партиясының мүшелеріне айналды [6].

Ә.Бөкейхановтың өз төңірегіне пікірлестерін топтастырып, мүдделестер тобын құрып, қатардағы көп міндеттерден ең бастысын ажыратып алатын көсемге тән саяси көрегендігін бөліп атаймыз. Соған сай Әлихан мен Нәзір, Мыржақып пен Сұлтанбек, Әлихан мен Тұрар, Тұрар мен Сұлтанбек, Тұрар мен Санжар, Санжар мен Нәзір қатынастарына ерекше назар аударуға болады. Олардың 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыстан кейін түйіскен тағдырлары ұлттық мүддеге құрылған саяси қызметтеріндегі ынтымақтастыққа ұласты. Бұл ағалы-інілі сыйластық кейінде өз жалғасын тапты. Мәскеуде басшылық қызметте жүрген Т.Рысқұлов пен С.Асфендияров Орталық биліктің ұлт саясатының кейбір мәселелеріне жігерлі қарсылық көрсетті.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», – дей келіп, оның екі қырын атап көрсетеді. «Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» [7] деген тұжырымы болашағынан үлкен үміт күткен ұлт зиялыларының екі тобы: біріншісі Алаш қайраткерлері, екіншісі кеңестік үлгідегі қайраткерлер еліміздің тәуелсіз ел атануына аянбай еңбек еткендерін бүгінгі ұрпаққа насихаттау қажет. Оның мәні – ұлттың рухани жаңғыруы деп білеміз.

Отандық тұлғатануда кеңестік үлгідегі қайраткерлерді зерттеу бағытының дамуына кең ғылыми және саяси мүмкіндіктерге жол ашылды. Қазіргі кезде мемлекеттік дамудың бағдарына алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи жадымызды жаңғыртумен тікелей байланысты. Өтпелі тарихи кезеңдердегі қоғам өміріндегі өзгерістер билік басындағы жеке тұлғалардың қызметімен тығыз байланыста қаралатындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ұлт зиялылары тұтас тарихының аса жауапты да шешуші кезеңінде саяси билікпен бірге саяси жауапкершілікті өз мойнына алды. Үлкен жауапкершілікпен мемлекет құруға араласып, осы мақсат үшін тер төгіп күресіп келді. Міне, осылай бұл тарихи мақсат тәуелсіздікке жеткеннен кейін өмірлік шындыққа айналды.

Тәуелсіздік жағдайында қоғамдық ойдың құрылымындағы түбірлі өзгерістер көп мәселелерге жаңаша қарауды талап етеді. Осыған байланысты «Постмодерн жағдайында кәсіптік тарихнама мен бұқаралық тарихи сананың өзара ықпалдастық сипатына ой жүгірткенде мынаған баса назар аудару керек; біріншіден, өткен мәдени кезеңнің ерекшелігіне, екіншіден, жаңа жағдайдағы кәсіптік тарихнаманың өзекті міндеттеріне» [8], – деген мәселелер отандық тарихшылар үшін де жат емес деп білеміз. Әрине, бұл аталған факторлардың өзара ықпалдастығын жоққа шығару қиын. Содан да посткеңестік кезеңдегі Қазақстан үшін ерекше қызығушылық туғызған тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі – халықтың тарихи өмірін зерттеу, нақтырақ айтқанда ұлттық сәйкестікті қалыптастыру. Бұл міндеттердің де іске асырылуының өзіндік қиындықтары бар.

Соңғы жылдары Отан тарихында батыл концептуалдық зерттеулер жасалында. Соның арқасында жекелеген субъективті, кәсіби ұсыныстармен бірге жалпы адамзаттық құндылықтарға сай ғылыми мектептер қалыптасуда.

Көптеген тұлғалардың қызметі белгілі бір адамдар тобының, сословиенің, таптың, партияның мүддесін танытуға арналуына байланысты «жеке тұлға кімдердің мүддесін, неге олардың мүддесін және қандай тәсілдермен қорғады?» деген сұраққа жауап іздестірілуі қажет. Көп жағдайда тарихи тұлғаның есімі ғана, онда да даңқы мен дақпырты аталып, тарихи мазмұн біржақты сипат алады. Тарихта кейбір тұлғалар бір идеяның немесе бір қоғамдық-саяси құрылыстың ғана жолын қуумен шектелмеуі күрделі мәселеге айналады.

Тұлғатанудың басты мәселесі тұлғаларды жан-жақты бағалау. Біржақты мақтау немесе біржақты қаралау – тарихтың мазмұнын ашуға кедергі болмақ. Демек, кеңестік үлгідегі ұлт зиялыларының оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихы шынайы тарихи деректермен қалпына келтірілгенде Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Н.Төрехұлов сынды қайраткерлердің тарихи дамудағы атқарған ролі мен тарих мазмұнынан алатын орны ақиқат болып, тарихи танымда орнығады.

1920 жылдың екінші жартысы мен 1930 жылдарда басқару ісіндегі саяси диктатураның күшеюі тарихи зерттеулердің ақсауына әкелді. Тәуелсіздікті алуға атсалысқан қайраткерлерге қарсы кеңестік идеология ашық сенімсіздік жариялады. Осы кезде Алаш қозғалысының «объективті-революциялық ролі» жайында Ақпан революциясынан кейін оның «контрреволюциялық қайта тууы» деген тезис қалыптасты. XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанда үстемдік алған жаппай қуғын-сүргін саясатының шенгеліне ұлттық интеллигенция алдымен ілінді. Ал ресми өкімет органдарының XX ғасыр басындағы ұлттық мәселелерді жабық деп табуы бұл кезеңді зерттеуге 80-жылдардың соңына дейін мүмкіндік бермеді. 1933 жылы Қазақ марксизм және ленинизм ғылыми-зерттеу институтында қазақ халқының тарихындағы Алашорданың контрреволюциялық қызметінің жағымсыз ролі туралы айтыс-тартыс жинақ болып басылып шықты.

1935 жылы С.Брайнин мен Ш.Шафирының [9] еңбегінде аймақтағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихында таптық әдісі көрінетінін баяндайды. 1940 жылдардан және 1980 жылдың екінші жартысына дейін бұл мәселе жайындағы көзқарас, дерек базасының кеңеюіне қарамастан, зерттеушілер бұрынғы берілген баға мен шешімдерге сүйенді. Ал, 1970-1980 жылдардағы зерттеушілердің бұл кезеңдегі «социалистік реализм» тұрғысынан маркстік-лениндік әдістемесімен жазылған монографияларында негізінен Қазан төңкерісін дәріптеу, Қазақстанда кеңес өкімет құрылуы, азамат соғысы кезіндегі большевиктердің ұлттық аймақтардағы жетекшілік ролі және т.б. ерекше сипатталды.

Сонымен қатар, Алаш қозғалысының лидерлері мен өкілдерінің 1920-жылдары басылған еңбектерінің ерекшелігін атап өту керек. Олар партиялық билік үстемдігі нәтижесінде өз еңбектерінде ұлт-азаттық қозғалыс туралы бар шындықты көрсете алмады. Өйткені, билеуші өкіметке қарсы тұру керек еді.

Соңғы кездері тұлғатану мәселелері туралы ғылыми әдебиеттердің көптеп басылуы, тарихи ойдың, зерттеудің одан әрі дамуына жағдай жасады. Зерттеудің мақсаты – қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметі, қос төңкеріс пен азаматтық қарсыласу жылдарындағы саяси күштердің тоғысуы жайлы еңбектер арқылы жауап іздеу. Кеңес кезеңіндегі және тәуелсіз кезеңдегі пікірлердің әртүрлілігі және қайшылығы қызығушылық тудырады. Тақырыпта зерттеу міндеттері тарихнамалық талдауы жүзеге асыру болып табылады.

Кеңестік үлгіде қызмет жасаған қайраткерлер Ресей отаршылдығының Түркістан халықтарына қаншалықты қасірет болып жабысқанын жан-жүрегімен сезеді [10]. Кеңес Одағының ыдырауына негіз қалаған «қайта құру» жылдарынан бастап қазақ халқының XX ғасыр басындағы саяси лидерлерінің Отан тарихындағы орны мен ролін айқындауға деген қызығушылық басталды. Бұл дегеніміз Кеңес өкіметінің құлдырауынан кейін, қазақ халқының қайраткері ұлттық тәуелсіздік үшін күрескен Түркістан қазақ элитасын зерттеуге мүмкіндік пайда болды. Қазақ қоғамының өзінің ұлттық бірегейлігі мен мүддесін қорғауға саяси бастаушы күштің әзір екендігі, және осы топпен кеңестік билік есептесуге мәжбүр болды.

Тарихи тұлғатану бағытында жүргізілген зерттеулерде түркістандық этноэлита өкілдері деректік негізде зерттелгенімен, Н.Төрехұловтың қоғамдық-саяси қызметінің Мәскеулік кезеңі қамтылмады. Қазақстанның қазіргі заман тарихында тұлғаландырудың теориялық-әдіснамалық басты бағыты және сыннан өтуі бағалау өлшемдерінің болмағандығынан тарихи тұлғаны түбегейлі болмысымен емес, дара, жалпы мақсатта жұмыс жасайтын кішкентай танымдық танытумен ғана шектеледі. Осы жағдай көбінесе оқырман жұртшылығына тұлғаның өзі таңдаған сипатын ұсынып, тарихи шындықтан алшақтап кетеді.

Компартияның тарихи мектептерінен шыққан тарихшылардың көбісі бостандық аумағында тұлғатанудың мәселесі таптық-партиялық ұстанымдардан қайта алмады. Тәуелсіз тарихи сананы қалыптас-

тыру, онымен қоса рухани жаңғыруды, ерекше атап айтқан ғалым академик М.Қозыбаев [11]. Ол Отан тарихында тарихи қайраткерлерді тұлға ретінде қарастыру жеткілікті зерттелмеген мәселе деп бірнеше рет айтқан. Осы күнге дейін дара тұлға мен бұқара халық арасында қарым-қатынас әлі де толықтай ашылған жоқ.

Қоғам және мемлекет қайраткері дегеніміз – қатардағы қызметкердің атақ, данқына дейін кішірейген болатын. Олар өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, жоқтан бар жасаушы шығармашылық жасампаз адам, ол өзінің елінің өркендеуіне барынша ат салысқан тұлға. Қазақстанның тарихы әртүрлі кездейсоқ тұлғалармен толы, ал тарихи жасампаз тұлғаларды өз дәрежесінде зерттеу керек. Тәуелсіз мемлекет тұғырында ұлт тарихының мазмұнын жаңарту тұрғысында осы көзқарас көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне тікелей қатысты деп ойлаймыз.

Тарихи тұлғатануда қазақ зиялыларының ХХ ғасырда өз деңгейінде зерттелмеуінің сыры олардың ұлтшылдығы еді, бұл қасиеттері олардың қиын да қатерлі тағдырында ізін қалдырған қасіретке айналды. Партиялық мүддені ұлттық мүддеден жоғары қойған елжандылығы аталған қайраткерлерді, Алаш зиялыларын саяси қуғын-сүргінге түсірді, ал қазіргі тәуелсіз тарихи сана осы тұлғаларды жоғары деңгейде ұлықтауға негіз болуда.

Бұл мәселеге қатысты тарихи тұлғатануға нақты ғылыми баға берудің объективті өлшемдерге сүйеніп ХХ ғасыр басындағы кеңестік үлгідегі қайраткерлердің ұлттық мүддеге, өз ұлтына қарсы әрекеттер жасады ма? деген сауалға қолымызда бар ғылыми айналымда жүрген немесе енді ұсынылып жатқан деректерді талдау арқылы жауап беруге болады.

Бұл қайраткерлер өздерінің деректерінде кеңестік билікке ыңғайланып, жасырын қалдырған кейбір мәселелері бар. Кеңестік билікке араласқан қайраткерлердің барлығы өз қолдарымен толтырған жеке парақтарында өмірі мен қызметінің кейбір тұстарын жасырын қалдырған, немесе аздап өзгертіп берген. Осы жерде атап айтатын мәселе ол Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Н.Төрехұловтардың Алаш қайраткерлеріне жақын болғандықтарын жасырғаны. Кеңестік биліктің жоғары сатыларында қызмет істеген жас ұлт зиялылары Алаш қозғалысының қатысушыларын өз қамқорлықтарына алды және алаштық идеяларын кеңестік билік тұсында ары қарай жалғастырды [12].

Тоталитарлық билік дәстүрлі қоғамның әкімшілік институттары мағынасын мойындамады. Билік органдар, билеу элитасы жергілікті және Орталық басқару орындары бастықтарының ең үлкен бөлігі билік басқарушыларының дәстүрлерін жалғастырды. Жаңа қоғам мағыналық жаңғыруды бастан кешті. Тоталитарлық билік қоғамында басқарушы органдардың басын құрған бұл шенеуніктердің ең маңызды рөлі екі қоғамның арасын байланыстырушылығы [13]. Бұл тарихи миссияларды орындаушылар кеңестік қоғамдағы ұлттық элита өкілдері болды. Міне осылардың қатарында М.Тынышпаев, С.Асфендияров, С.Сәдуақасов, Н.Төрехұлов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және т.б. көптеген қайраткерлер кеңестік биліктің жоғары эшелонына тартылды. Олардың барлығы Түркістан өлкесінің жоғарғы басқару органдарында түрлі қызметтер жасап, жаңа қоғамның, қазақ халқының құндылықтарын қалыптастыруға ықпал жасады. Осылар партиялық билікті ұлт идеясына қызмет жасауға пайдалануға ықпал еткен дара тұлғалар.

Қорыта айтқанда, отандық тұлғатануда кеңестік биліктің жоғары эшелонында саяси қызметтің жоғары сатысына көтерілген қайраткерлердің қоғамдық-саяси тарихын зерттеуде кең ғылыми және саяси мүмкіндіктерге жол ашылды. Қазіргі кезде мемлекеттік дамудың бағдарына алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи сананы жаңғыртумен тікелей байланысты. Кеңестік билік жүйесіндегі елжанды, мемлекетшіл тұлғалардың саяси қызметі мен мәдени шығармашылық өнегесі елдің игілігіне айналып, тарихи жадынан берік орын алуы тиіс. Қазіргі таңда бұрын зерттеуге тыйым салынған ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елегінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда. Осы шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап оқып, білуге мүмкіншілік алды. Бүгінде өз тарихымызды жан-жақты білу және зерделеу, тәлімінен үйрену, одан сабақ алудың болашақ үшін маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Блок М. *Аполлология истории (или ремесло историка) / пер. с фр. – Таллин: Ээсти раамат, 1983. – 184 с.*
2. Қойгелдиев М.Қ. *Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын баспасы, 2004. – 400 б.*
3. Омарбеков Т. *Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекиі оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.*
4. Ленин В.И. *Полное собрание сочинений. - изд. 5-е. – М.: Политиздат, 1973. - Т. 20. – С. 8-9.*
5. Қойгелді М. *Азаттықтың бізге берген ең үлкен сыйы – еркін ойлау // https://www.inform.kz/kz/mambet-koygeldi-azattykty-n-bizge-bergen-en-ulken-syuy-erkin-oylau_a3084054*

6. Батырбекқызы Г. Назир Торекулов и национальная интеллигенция в период освободительного движения 1916 года // Ә. Бөкейхан және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері. – Алматы, 2016. – Б. 73-77.
7. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017, сәуір - 12.
8. Коллигвуд Р. Дж. Идея истории. Автобиография / пер. Ю.А. Асеева. – М.: Наука, 1980. – 488 с.
9. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – 1935.
10. Konuralp Ercilasun. Tarihten Gunumuze Dogu Turkistan. - Ankara Milli Dusunce Merkezi, 2013. – 15 p.
11. Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. - Т. 6. – 328 б.
12. Абжанов Х.М. Россия в судьбах казахской интеллигенции // Алаш-АЛЖИР. – Астана: Сарыарка, 2011. - Т. 1. – С. 48.
13. Исмаилов А. Из истории южных областей Казахстана. – Шымкент, 2006. – 240 с., с. 220.

References

1. Block M. Apollogiya istorii (or remeslo istorika) / per. from Fr. Tallinn: Esti raamat, 1983. - 184 с.
2. Koigeldiev M. K. national political elite. Activity and fate (XVIII-XX centuries.). Research. Almaty: Zhalyn publishing house, 2004. - 400 P.
3. Omarbekov T. actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century: an auxiliary textbook. Almaty: Art, 2003. - 552 P.
4. Lenin V. I. full harvest of flowers. - nodded. 5-E.-M.: Politizdat publ., 1973. Vol. 20.pp. 8-9.
5. Koigeldy M. The Greatest Gift of freedom to us is free thinking // https://www.inform.kz/kz/mambet-koigeldi-azattyktyyn-bizge-bergen-en-ulken-syyy-erkin-oylau_a3084054
6. Batyrbekkyzy G. Nazir Torekulov and the National intelligentsia in the period of liberation movement of 1916 // A. Bokeikhan and problems of the national liberation movement in Kazakhstan. - Almaty, 2016. - Pp. 73-77.
7. Nazarbayev N. orientation to the future: modernization of public conscience // sovereign Kazakhstan. - 2017, April-12.
8. Colligwood R. J. The idea is history. Autobiography / per. "I Don't Know," He Said. Moscow: Nauka publ., 1980. - 488 P.
9. Brynin S., Shafiro Sh. essays on the history of Alash-Orda. – 1935.
10. Konuralp Ercilasun. Tarihten Gunumuze Dogu Turkistan. - Ankara Milli Dusunce Merkezi, 2013. – 15 p.
11. Works Of M. Kozybaev.- Almaty: Kazakh encyclopedia, 2013. Vol. 6. - 328 P.
12. Abzhanov H. M. Russia in the courts of the Kazakh intelligentsia // Alash-Algiers. - Astana: Saryarka, 2011. - Vol. 1. - P. 48.
13. Ismailov A. from the history of southern regions of Kazakhstan. - Shymkent, 2006. - 240 p., p. 220.

ӘОЖ 93/94

МҒТАР 03.20

Г.Б. Идрисова¹, Б.К. Танатаров²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты,
Түркістан қ., Қазақстан

²Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы
Тараз қ., Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамы тарихының көкейкесті мәселелері, оның идеялық мазмұны, саяси-әлеуметтік құрылымы, ұлттық құндылықтары талданады. Дәстүрлі қоғамның тарихи сана және ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын құндылықтарды қалыптастырудағы орны мен рөлі анықталады. Дәстүрдің трансформациялануы арқылы дәстүрлі қоғам құрылымын жан-жақты зерттеу мәселесі баяндалады. Дәстүрлі қазақ қоғамының қайта құрылуының тарихи шарттары мен экономикалық және мәдени алғышарттары қарастырылады. Тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру идеялары анықталған. Дәстүрлі қоғамды зерттеу методологиясы арқылы тақырыпты жан-жақты қарастыруға және мәселелерін зерттеуге негізделген. Әлеуметтік-

экономикалық өзгерістер рухани мәдениеттің жаңаруына, оның идеялық қайта құрылуына ықпал етеді. Бұл идеялық және теориялық дамуы тәжірибесінің екі элементі де, ұлттық өзіндік сананың өзіндік ерекшеліктері жинақталғандығы көрсетілген.

Түйін сөздер: жаһандану, рухани трансформация, тарихи үрдіс, идеология, дәстүрлі қоғам, ұлттық құндылықтар, ұлттық сана.

Идрисова Г.Б.¹, Танатаров Б.К.²

*¹PhD докторант Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясауи,
г. Туркестан, Казахстан*

*²старший преподаватель Таразского государственного педагогического университета
г.Тараз, Казахстан*

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы традиционного казахского общества. Показан анализ его идейного содержания, социально-политической структуры, национальных ценностей. Определены роль и место формирования ценностей, являющиеся основой исторического мышления, национальной культуры традиционного общества. Определены проблемы всестороннего исследования структуры традиционного общества путем модернизации традиций. Выявлены идеи восстановления национального мировоззрения, духовных источников, которые являются ядром истории и культуры. Рассмотрены исторические условия, экономические и культурные предпосылки трансформации традиционного казахского общества. Социально-экономические перемены способствуют обновлению духовной культуры, ее идейному перевооружению. Он основан на всестороннем изучении темы и изучении проблем с помощью традиционной методологии социальных исследований. Социально-экономические изменения способствуют обновлению духовной культуры и ее идеологической трансформации. Показано, что оба элемента практики идеологического и теоретического развития имеют особенности национального самосознания.

Ключевые слова: глобализация, духовная трансформация, исторический процесс, идеология, традиционное общество, национальная ценность, национальное сознание.

Idrisova G.B.¹, Tanatarov B.K.²

*¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi PhD student,
Kazakhstan, Turkestan*

²Senior teacher of Taraz State Pedagogical University, Kazakhstan, Taraz

HISTORIOGRAPHY OF THE HISTORY OF THE KAZAKH TRADITIONAL SOCIETY

Abstract

The article deals with the problems of traditional Kazakh society. The analysis of its ideological content, socio-political structure, national values is shown. The role and place of formation of values, which are the main historical thinking, national culture of a traditional society, are defined. The problem of a comprehensive study of the structure of a traditional society was determined by traditional modernization. The idea of restoring the national ideology, spiritual sources, which is the cornerstone of history and culture, has been defined. It has been made a historical analysis of research in this direction. The historical conditions, economic and cultural prerequisites for the transformation of traditional Kazakh society are considered.

Socio-economic changes contribute to the renewal of spiritual culture, its ideological rearmament. The worldview basis of this process was education. It is shown that in the educational teachings both elements of the experience of the ideological and theoretical development of mankind and peculiar features of national self-consciousness were accumulated.

Key words: globalization, spiritual transformation, historical process, ideology, traditional society, national value, national consciousness.

Қазақ халқының мыңдаған жылдардан бері үзілмей жалғасып келген этникалық тарихы, оның жалпы түркілік негіздері, рухани-мәдени тұтастығы, қандас туыстығы жөнінде енді-енді жүйелі сөз бола бастады. Тағы бір жағынан, осы бір іс бастағалы бері тарихшылар мен тілші, ақын-жазушылар арасында дәстүрлі қоғамның сипаты мен табиғаты жөнінде бір-бірінен мүлде алшақ, кереғар ауытқулар белең алып, жаңаша қалыптаса бастаған ұлттық тарихи санаға кері әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Түрік тарихшысы Баһаддин Өгелдің «Бүгінгі түрік тарихшылығы» қалай да деректемелерді сүзе қарасыруы, сол деректерге сүйеніп, синтездеу барысын бастан кешуде, деректерді жүйелемей тұрып, ауқымды технологиялық пайымдаулар жасауға болмайтынын білуге тиіспіз.

Күні кешеге дейін ерте Орта ғасыр тарихын зерттеушілердің еңбектерінде бүгінгі Қазақстан аумағында түрік халықтары құрған үлкенді-кішілі мемлекеттік құрылымдарды бір-біріне пәлендей қатысы болмаған, ел билеу дәстүрі қалыптаспаған, жабайылардың кезекті бір қиратушылық соғыстарының себебі мен салдары деп қарауға бейім тұрғандығын жасыра алмаймыз [1, 14 б.].

Бұлжымас ақиқаттай көрініп келген осы пікірдің де шикілігі бары кейбір тарихшылар жағынан айтылып қалып жүрсе де, нақты дәлел-айғаққа апарар оңтайлы ғылыми әдіс-тәсіл табыла қоймаған еді. Оның бір себебі – қазақ тарихын қатып-семген таптық-әлеуметтік формациялар баспалдағымен, Еуропалық өлшемдерге салып қарастыруда жатқандығы белгілі бола бастағандығында.

Қазақ тарихы – қазақ ұлтының этникалық, мәдени-рухани өмір-тіршілігінің тарихы. Сондықтан, соңғы уақыттарда әлемдік ауқымды орын ала бастаған «тарихқа өркениеттік тәсіл» арқылы ғана айқындауға болатыны белгілі бола бастады. Өйткені, ұлттар мен мемлекеттер тарихы тек өліспей беріспейтін таптық күрестер, мемлекеттер арасындағы соғыстар тарихы ғана емес еді. Ол алдымен өркениеттер тарихы, әрі өркениеттер арасындағы қақтығысы мен келісімдерінің тарихы болатын. Бұл адамзат ақыл-ойының XX-XXI ғасырларда жеткен жетістігі деуге болады [2, I том, 82 б.].

Орыс тарихшысы Н.Я. Данилевский ол туралы: Бір тұтас әлемдік тарих деген жоқ, тек жекелеген өркениеттер тарихы ғана бар деген қорытынды жасайды. Бұл тұжырымға келісер болсақ әлемдік тарихты уақыт сарабына жіктей отырып, алдымен мәдениеттер мен өркениеттердің бір-біріне тигізген ықпал әсерлерін айқындауға баса назар аударғанда тура келеді.

Қазақ тарихын «өркениеттік тәсілмен» зерделеу дегеніміз - жалпы түркілік «Дала өркениеті» аясында, қазақ халқына тән этникалық ерекшеліктері пайда болған тұрмыс-тіршілігін, отбасылық өмірін, елдік дәстүр-салтын, мемлекет-ел-отан жөніндегі ұғымдары көрнекіленген отбасы – әке – қаған –хан ордасы үштігінің мызғымастығы мен қасиеттілігін - «бір билеуші - бір тәңір» сенімін орнықтырған дүние танымы мен діндік нанымдарын тұтастай алып қарастыру болмақ [3, 182 б.].

Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық бірлік пен мәдени тұтастықты қалыптастыру ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Барлық ізгі рухани белсенділіктер басылып қалатын жағдайдан шығып, шынайы еркіндікке қол жеткізу қазіргі жаһандандудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани тәуелсіздікке ие болуды да қажет етеді. Бұл үшін замана ағымына лайықты сырттан енгізілген соңғы, бірақ барлық руханилықтан жүрдай жалаң технологияларды енгізу жеткіліксіз, мәңгірттік және маргиналдық жағдайдан арылу үшін ұлт тәрізді күрделі жүйенің қалыптатылуын қамтамасыз ететін төлтума тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру арқылы қоғамның өзіндік тарихи санасын қалыптастыру керек. Көп жылдар бойы, кей ортада әлі де көшпелі ел, тарихта жасампаз күйі, әлеуметтік өркениетті құрамдас бөлік өзіндік мәдени-шаруашылық үлгі туғызған, қордалы орта емес, қайта өркениеттің жауы, мәдениеттен шеткері қалған қауым, тарихта алға жылжыған адамзат баласының артынан ерген адамзат есебінен көрсету басым болды. Көшпелі қоғам ешқандай болашағы жоқ, құрып кетуге тиіс өмір салты деп түсіну біздің елімізді қаншама рет бейнетке душар етті. ХҮІІІ ғасыр басында халқымыз басынан өткерген дағдарысқа қарамастан өз алдына саяси құрылымы, әлеуметтік ұйымы, этникалық сана деңгейі т.б. институттар қалыптасқан күрделі жүйе ретінде көзге түседі. Қазақ қоғамының бір ерекшелігі оның қандай саласын зерттеуге ден қойсақ та біртұтас, синкретті, бір-бірімен қабысқан жүйелерден тұрады. Сол сияқты билік институтын да өзге жүйелерден бөліп қарауға болмайды. Қазақ дәстүрлі құқықтық ережелерін қолданудың тарихы тым тереңде және оның қайталанбас өз ерекшеліктері ескерілуі керек. Әдет-ғұрып нормалары бір сөзбен айтқанда ұлттық сананың жарқын көрінісі әрі дәстүрлі құқықтық мәдениеттің іргетасын құрайды. Қазақтың “малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы” деген қағидасы әдет-ғұрып нормаларының адамгершілік құндылықтарға басымдық беретіндігін айғақтайды.

Көшпелі қоғамдағы құқықтық мәдениет халықтың рухани болмысы мен тұрмыс-тіршілігі және ұлттық салт-санасына лайықталған.

XVIII ғасыр ортасынан бастап сыртқы елдермен жүргізген жаугершілік соғыстардың тынышталуы нәтижесінде халқымыздың этникалық құрылымының тұрақты жүйесі қалыптаса бастады. Бұған сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси процестер де ықпал етті. Дала көшпенділерінің архаикалық және тоқырау туралы көзқарастарынан бүгінгі күнге дейін арыла алмай жатыр. Алайда, өркениет теориясындағы негізгі зерттеу нысандары - адам және қоғам болып негізделген.

Нағыз туыстық тек отбасыларда ғана емес, кішігірім топтар үшін де тәжірибелік маңызды болып табылады. Саяси, әскери, экономикалық және басқа идеологиялық байланыстардың формасы қызмет еткен кезге дейін генеалогиялық туыстық нақты басымдыққа ие болды, сонымен қатар билік пен басқару қатынастарын заңдастырудың тиімді құралы болды. Дәл осы факторлар билікке қол жеткізудің кез-келген жүйесінің негізін құрады. Осыған байланысты, толығымен номадолог А.Хазановтың туыстық қарым-қатынас туралы пікірі әділ болып көрінеді, жеке тұлғаның қоғамдағы орны, ал олардың шығу тегі заңды деп атап көрсетті. Көшпелі қоғамдардағы кеңістікті қысқарту әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығына қол жеткізді. Еуразия ауқымында пайда болған көшпелілер мемлекеттерімен этникалық құрылымының негізін құраған рулар мен олардың әрбір мүшелері, бір-бірімен қандас-туыстас болып есептелініп, олардың іс-әрекеттері генеалогиялық тұрғыда реттелініп отырған. Бұл жөнінде халқымыздың этникалық ерекшеліктерін антропологиялық қырынан зерттеген О.Смағұловтың пікірі назар аударарлық. Ол өз еңбегінде: «Ежелгі және осы заманғы Қазақстан тұрғындарына жүргізілген антропологиялық зерттеулер нәтижесінде генетикалық байланыс пен сабақтастықтың үш мың жылға тарта уақыт бойы үзілмегендігін» дәлелдеген» [4, 170 б.] деген тұжырым жасайды.

Қазіргі ғылымда оларды салыстырудың іргелі өлшемдері жоқ. Туыстық тазалық тек арабтар және басқа ұқсас халықтарда кездеседі.

Дәстүрлі қоғамның тарихнамасының әдіснамасы талай рет өзгеріске түсті. Алғашқы кезекте «жаратылысынан бар және өзгермейтін» рулық-тайпалық құрылымы «патриархаттық-рулық уклады болған көшпелі қоғамдарды тапсыз, әлеуметтік жағынан айқындалмаған» деген тұжырым орнықты. Оған мысалы ретінде XIX ғасырда Н.А. Аристовтың, XX ғасырдың 20-жылдарында А.П. Чулошниковтың осындай тұжырымын айтуға болады. Бұндай дәстүрлі қоғамдар отырықшы-егінші елдер мен халықтар жаулап алмайынша, мемлететін өз беттерінше құра алмайды деп қарастырылды. Кеңестік тарихнамада көшпелі қоғамның таптық жіктелуі, көшпелілердің феодалдық даму, феодалдық мемлекеттік сатысына жету мүмкіндігі туралы пікір орнықты, бұл көзқарасты С.П. Толстов дамытты. Б.Я. Владимирцов ғылымға «көшпелі феодализм» ұғымын енгізді. [9, 36 б.]

XX ғ. 30-жылдары Б.Я. Владимирцовтің «Көшпелі феодализм» теориясына байланысты көшпелілердің азаматтық дамуын таптық формациялық тарихпен байланыстыру қалыптасты. Көшпелілердің қоғамдық жүйесімен таптық белгілерді табу, қанаудың болғанын, меншіктің феодалдық белгілерін анықтау тарих ғылымында XX ғ. 90-шы жж. дейін жалғасты. XX ғ. соңына дейін көшпелі мал шаруашылығынан қол үзбегені анық, екінші жағынан қазақ қоғамының этноәлеуметтік даму барысы бұрынғыдан бөлек. «Бұдан әрі енді қазақтың тарихы жоқ, далалық облыстың бұратана ауыл тұрғындарының ғана тарихы бар». [5, 34 б.]

С.Ж. Асфендияров тарихнамаға пікірсайыс проблемаларының өз түсінігін енгізді. Б.Я. Владимирцовтың «Көшпелі феодализм» деген «сәтсіз» анықтамасымен де келіспеді. Кейінгі кезеңде де «көшпелі феодализм» теориясы сынға алынды. Бірқатар орыс авторларының көшпелі халықтарда «тарих жоқ» туралы, олардың өз дамуында рулық құрылыс пен алғашқы қауымдық шаруашылық деңгейін аса алмағандығы туралы ұлы державалық пиғылдарын да, жергілікті авторлардың қазақ қоғамы тарихы жолының ерекшелігі туралы, онда таптық онтоганизмнің жоқ екендігі, «түрік-монғол нәсілінің ұлы рөлі» туралы көзқарастарын да теріске шығаруға орынды әрекет жасай отырып, С.Ж. Асфендияров өз кезегінде саяси тұрғыдан көшпелілер өмірінің келеңсіз жақтарын ерекше атап көрсетті, оның пікірінше, олардың өмірі халық бұқарасын феодалдық-рулық үстем таптың талап-тонауы мен қанауына, рулық бірлестіктер арасындағы қантөгісті күреске ғана толы болған [9, 38-39 бб.]

Гарифолла Есім қазақ қоғамы мен оның рухани ерекшеліктері жөніндегі қоғамдық ғылымдарда орныққан кереғар түсініктер мен ұғымдардың құндылығы қайта бағалап, дәстүрлі қазақ қоғамы мен оның қазіргі жағдайында таптық-экономикалық формация теориясынан бас тартып, өркениетті өлшем түрлеріне өту туралы тұжырым жасайды.

Дәстүрлі қоғам тарихын игеруге мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында академик Ә.Нысанбаевтың жетекшілігімен елімізге танымал ғалымдардың қатысуымен, қазақ тілінде жарық көрген 20 томдық «Қазақ халқының мұрасы» мен 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» атты еңбегінің методологиялық маңызы зор [5,16 б.].

В.В. Бартольд «Түркі тектес халықтардың ішінде санының көптігімен, жерінің молдылығымен зерттеушінің назарын өзіне айрықша аударған халық – қазақтар» [6, V т. 250 б.] деп айтқанда ең алдымен Ресей ғалымдарының қазақ дәстүрлі қоғамына қатысты деректерінің аса мол екендігін меңзеген еді.

Солай дегенмен, қазақ жерін Ресейдің отарлауының мәдени аспектілері асыра дәріптелді, отаршылдық саясаттың астарлы мүдделері бүркемеленді. Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихына нигилистік көзқарас орнықты. Осы себептер тарихи шынайылықты қалпына келтіріп, ұлттық тарихты қайта бағалауды бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналдырып отыр.

Нақты тарихи айғақтар мен ғылыми деректерге негізделген тарихи үдерістердің даму қисыны мен заңдылықтарына сүйенген методология ғана тарих ғылымының алдында тұрған осы міндеттерді шеше алады. Дәстүрлі қоғамның шынайы тарихын қалыптастыруда біздің еліміздің бірқатар тарихшылары маңызды еңбектер атқарды. Олар тарихымызды, елдік дәстүрімізді танып білуде мәдени мұраларымызды жинастыру мен сараптауда көп жетістіктерге қол жеткізді. Жинақталған мұра мен рухани құндылықтарды ұлттық жаңғыру кәдесіне жарату зиялы қауымға жүктелетін зор міндеттердің біріне айналды. Бұл мәселеге қатысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында қазақ қоғамының тарихына қатысты әдіснамалық тұжырымдар жасады. Онда халқымыздың тарихи санасының ерекшеліктеріне «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылықпен салыстыруға болмайды» [7, 28 б.] деп баға берілген.

Қоғамда мемлекеттілікті білдіретін шағындалған жүйе ол – ұлттық сана-сезім. Бұл мемлекет тұрғындарының белгілі бір өмір салтының өкілі ретінде этникалық жақындығы негізінде біртұтастығын қамтамасыз етеді. Қазақтардың ұлттық сана-сезімі қалыптасқан іргелі мемлекет екендігі ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұхар жыраудың «Құлағанға ұқсайды, қазақтың қамал-қорғаны, қазақ деген халқыңнан, батыр шыққан даңқыңнан. Қазақтың абырой-арына, сарп қылған бар күшін» [8, 7 б.] деген өлеңдерінен байқауға болады. Ендеше, қазақ мемлекеттілігінің тарихына терең үңілуге мүмкіндік беретін, дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси институттар тарихын оқытудың қажеттілігі арта түсері сөзсіз. Қазақ топырағында түрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген ру, тайпалардың тарих парақтарының қойнауына енгенімен, артына өшпес мұра қалдырып отырғандығының түйінді тұстарын нақты тарихи деректер арқылы түсіндіру, болашақта іргелі ізденістердің жолға қойылуына әкеледі. Өзекті мәселенің төркінін ғылыми зерделеу арқылы ұлттық тарихқа қызмет жасауға қызығушылық тудырамыз. Сондықтан қарастырылып отырған мәселеге қатысты деректерді жүйелі түрде, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихының бастауы сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан басталып, Тәуелсіз Қазақстанның тарихымен сабақтасары хақ екендігін айтып өткеніміз жөн. Тәуелсіздік – әрбір халық үшін қастерлі ұғым. Тәуелсіздік тағлымын тарихтың қойнауынан, ата-бабамыздың сан ғасырлық арман-мұратынан іздеген абзал. Осы мәселенің өзектілігі тарихи сана қалыптасуы мен дамуын халқымыздың тарихы мен мәдениетінің негізінде қарастырудың маңыздылығын көрсетіп берді. Теориялық тарихи ой дамуындағы соңғы онжылдықтарда қалыптасқан бұл ахуал ғылыми әлемде «тарихнамалық төңкеріс» деген атауға ие болды. Бұл ұғымды тарихты оқыту әдістемесін терең зерттеген орыс ғалымы М.А. Барг енгізген. Ол «Тарих ғылымының ғылыми қорындағы бүгінгі күні болып жатқан өзгерістерді біз тарихнамалық төңкеріс деп атасақ, артық айтпаймыз» [10, 45 б.] деп жазған еді. Бұл ұғым отандық тарих ғылымының әдіснамасында толық орныға қоймағандығына, әлі күнге зерттеулерде кеңестік сарынның сақталып қалуы, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде тарих ақтаңдақтарын ашудан, тарихи мәселелерге әралуан пікірлер мен баламалы тарихтың айтылуына мән бермеу «тарихнамалық төңкеріс» ұғымын орнықтыруға кедергі болуда. Кеңестік ғылымда қалыптасқан бұл ахуалдың теориялық нышандары әлеуметтік зерттеулердің мәселелерін талдаудағы философиялық, әлеуметтанымдық, мәдениеттанымдық және әдіснамалық-тарихи сияқты әртүрлі бағыттардан көрінеді. Осы мәселелерді әсіресе кеңестік империяның ыдырауымен қалыптасқан достастық елдері кеңістігінде, оның ішінде қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізуімен белсенді түрде талдануы әлеуметтік шарттылық туралы, тарихи білімнің қызметі мен мақсаты туралы мәселелерді кеңінен қойып, оны тарихи танымға деген гносеологиялық тәсілдің шеңберінен тысқа алып шықты.

Қазіргі заманғы тарих пен қоғамға деген жаңа көзқарастық тұжырымдама ұсынған отандық ғалымдардың қатарында А.Сейдімбек [11], А.Оразбаева [12], М.Қозыбаев [13] және басқаларды атауға болады. Олар тың тақырыптарды игеріп, «жаңа тарихи ғылымның» пайда болуына, әсіресе тарих әдіснамасын дамытуға бағытталған зерттеудің жүргізілуіне үлкен ықпал етті. Әсіресе, дәстүрлі қазақ қоғамының күрделі мәселелерін жаңаша бағалау әдістерін қалыптастыра алғандығын атап айтуға болады. Адамның өз өткенін пайымдау мәселесі дәстүрлі қазақ қоғамының мәселесінің қатарына жатқанымен және бұл тұтастай бір тарихи бағыт – тарихнамасының негізін құрағанымен, тарихи білімді зерттеу кеңестік әдебиетте марстік парадигманың қыспағында болды. Біздің мақсатымыз – уақыт ағымындағы тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын өткен шақ-осы шақ-болашақ арақатынасында жалпы әлемдік және қазақ мәдениетінің тарихы мен қазіргі жағдайының барысы арқылы әлеуметтік-саяси тұрғыдан зерттеу, дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи және рухани сабақтастығын айқындау. Қазақтың дәстүрлі әлеуметтік құрылымын меншік тұрғысынан, әлеуметтік жіктер мен топтар тарапынан, қоғамдық байланыспен қатысты зерттеу қажет деп есептесек XVIII ғ. ортасы Азия аймағының саяси оқиғаларға өте бай екенін де атап өткен жөн.

Методологиялық тұрғыдан көшпелі қоғамды жаугершілікпен тығыз байланыстыру оң нәтижелі болмайды деп ойлаймыз, дегенмен мемлекеттің күшеюі, биліктің саяси түрінің орнығуы соғыс жағдайына тікелей байланысты болса керек. Әрине кез-келген жаңалықтардың парқы нақты әрі дәл сараланып ашылмаса, онда ғылыми талғам мен танымға кері әсері болады. Қазақ халқының ұлт ретінде тал бойында бүгінгі күнге дейінгі сан ғасырлық жүгі барын білеміз. Мәселен, қазақ халқының ұлттық қадыр-қасиеті мен болмысы өткен ғасырлардан бері қалыптасып келген. Қазақтың толыққанды, біртұтас мемлекет боп қалыптасуы, үш жүздің билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты бабаларымыз, Абылай хан сияқты даналарымыздың жанкешті еңбектерінің арқасында іске асты. Билер қазақ өмірінде өте күрделі де құнды іс атқарды. Ұлттық рухани адамгершілік және имандылық тәрбиесі туралы қасиетті берік сақтай отырып, ел ынтымағын ойластырды. Қара қылды қақ жарып әділдікті паш етті. Халық әділ билер арқылы «Тура биде туған жоқ» – деген қағиданы үлгі етті.

Дәстүрлі қазақ қауымы тек саяси-әлеуметтік құбылыс қана емес, сол ортада бейімделген барлық құрылымдық қасиеттері жетілген әлеуметтік организм. Сол себептен этникалық құрылымға қажетті көптеген факторлар көшпелі қауымның өз ішінде туындап, тіршілігін қамтамасыз еткен. Ал оның құрылымдық қызметін бір-бірімен тығыз байланысқан алуан-типті күрделі қатынастар, мәселен, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, идеологиялық, территориялық тағы басқа, шағындалған жүйелер атқарады. Дала өркениетінің құрамындағы этностарға тән басты ерекшелік – синкреттілік. Яғни оларға тән этникалық, әлеуметтік, саяси т.б. сипаттары бір-бірінен бөле жаруға келмейді. Елімізде дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымының тарихы ұлттық сананың жаңғыруы, тарих «ақтаңдақтарының» қалпына келтірілуі, тарихи әділеттік орнықтыру үдерістері бұқаралық ақпарат құралдарының беттерін жаулап алғанымен, отандық тарих және әлеуметтік ғылымдардың әдіснамалық ұстанымдарының орнықтауынан өнімді зерттеулер қатары аз болып келеді. Тарихта дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылымы тақырыбына тоқталған ғалымдардың бірі М.Қозыбаев аталмыш мәселенің күрделілігін «Бізде қоғамның тарихын зерттеуге қатысты жұмыс жаман емес, халықтардың көптомдық тарихы, тарихтың жекелеген кезеңдері бойынша монографиялар, оқулықтар жарық көріп жатыр. Бірақ зерттеудің артта қалған кесіндісі дәстүрлі тарих болып отыр. Тәуелсіздік алған сәтте халықтың рухы жоғары болу керек. Халық өзінің әлемдік өркениеттегі орнын білуі керек. Бұзылған халық санасына жаңа сипат беру керек. Жаңа буынның санасын тарихи санасын қалыптастыру керек» [13,100 б.] деп сипаттайды. З.Ж. Кенжалиевтің пайымдауынша көшпелі қоғамдағы орталық мемлекеттік биліктің жеке-дара дербестенуінің бір көрінісі, оның қалыптасқан құқықтық мәдениеті жаугершілік, әскери заманға сай бейімдеп пайдалануға талпыныс жасаудың нышаны. Қазақ мемлекеттіліктің пайда болуы мемлекеттік билікті, елді басқару ісін, қоғамдық қатынастарды реттеу мәселесін жаңа негізде құқықтық-мәдени арнада және сатыда құруға батыл қадам жасағандығының айғағы [14, 76 б.]. Көріп отырғанымыздай, қазақ қоғамына тән билік дәстүрлерінің күшін мойындап, Ресей мемлекеті мүддесі шеңберінде қолдану көшпелілер өркениетінің кейбір ерекшеліктерін тануға жол ашты. Бұл орайда қазақтың саяси құрылымы туралы В.В. Радлов қазақ халқының дәстүрлі билік құрылымы жөнінде тың ойлар мен пікірлер айтып, дала көшпелілеріне тән ерекшеліктерді «Я сам долго жил среди киргизов и имел возможность убедиться в том, что у них господствует не анархия, а лишь своеобразные, отличающиеся от наших, но по своему вполне урегулированные культурные отношения» [15, с.52] деп тұжырымдайды. Сонымен қатар В.Радлов осы еңбегінде қазақтарды күштеп отырықшылыққа отырғызу дұрыс еместігі туралы тұжырым ұсынған еді.

Қорыта айтқанда, қоғамның саяси-әлеуметтік дамуының таптық-формациялық және өркениеттік тәсілдерін салыстыра қарастырудың нәтижесінде көшпелілердің тарихи танымының ерекшеліктері зерделенеді. Көшпелі халықтардың тарихи жады мен әлеуметтік есіне тән тарихты баяндаудың ерекшеліктері тарихи зерттеулерде ескерілуі керек. Қазақ дәстүрлі қоғамы құрылымының қалыптасуы мен дамуы еуразиялық көшпелі өркениет тарихын ғылыми қалпына келтірудің модулі бола алар еді. Өткен ғасырдан басталған тарихнамалық төңкеріс ахуалы теориялық тарихи ойдың дамуында жаңа методологиялық тұжырымдарды айналымға шығаратын болады. Тәуелсіз тарихи сана жаңғыруымен, жаңарумен және жаһандану алға тартқан жаңа түйіндерді тарқатуымен сипатталады. Соған сай тарихи сананың трансформациясы қазақстандық қоғамда жүзеге асып жатқан әлеуметтік өзгерістер ауқымында түйінделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өгел Б. Түрік тарихы I-том 14-б.
2. Қазақстан тарихы I том. – Алматы, 1996. – 353 б.
3. Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, Жалын, 1994. – 400 б.
4. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. – Алма-Ата, 1982. – 231 б.
5. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 б.
6. Бартольд В.В. Сочинения Т. I-IX. – М., 1961-1978 гг.
7. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
8. Артықбаев Ж.О. Қазақ мемлекеті: сипаты, құрылымы және қызметі /XVIII ғасыр материал-дары бойынша. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасу кезеңдері мен тарихи тағдырлары. Халықаралық ғылыми-теориялық Марғұлан оқулары конференциясының ғылыми жинағы. – Жезқазған, 1998. – 22 б.
9. Қазақстан тарихы 2 том. – Алматы, 1998. – 636 б.
10. Барг М.А. Эпохи и идеи: Становление историзма. – М., 1987. – С.190.
11. Сейдімбек А. Қазақтың ауызына тарихы (шежірелік деректерді пайымдау). – Астана: Фолиант. 2008. – 728 б.
12. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 206 б.
13. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік, 2001. – 369 б.
14. Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 182 б.
15. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 б.

References:

1. Ugel B. Turkish history Volume 1, p. 14.
2. history of Kazakhstan Volume I. Almaty, 1996. - 353 P.
3. N. Mynzhan. A brief history of the Kazakh people. - Almaty, Zhalyyn, 1994. - 400 P.
4. Ismagulov O. ethnical anthropology of Kazakhstan. - Alma-Ata, 1982. - 231 P.
5. Kozybaev M. K. historical research. Almaty: Nauka publ., 1998. – 280 P.
6. Barthold V. V. Sochineniya T. I-IX. Moscow, 1961-1978.
7. Nazarbayev N. on the wave of history. Almaty: Atamura publ., 1999. – 296 P.
8. Artykbayev zh.O. The Kazakh State: character, structure and function /on the materials of the XIII century. Stages and historical destinies of the formation of the Kazakh statehood. Scientific collection of the international scientific and theoretical conference Margulan readings. - Zhezkazgan publ., 1998 – - 22 p.
9. history of Kazakhstan Volume 2. Almaty, 1998. - 636 P.
10. Barg M. A. epochs and ideas: the transformation of historicism. MOSCOW, 1987. - P. 190.
11. Seidimbek A. oral history of the Kazakh people (interpretation of genealogical data). - Astana: Folio. 2008. - 728 P.
12. Orazbayeva A. Institute of dances typical of traditional Kazakh society. Almaty: Dyk-Press, 2004. - 206 P.
13. Kozybaev M. K. civilization and the nation. - Almaty: Dictionary, 2001. - 369 P.
14. Kenzhaliyev Z. zh. nomadic legal culture in traditional Kazakh society. - Almaty: Zheti zhargy, 1998. - 182 P.
15. Radlov V. V. From Siberia. Pages of the diary. Moscow: Nauka publ., 1989. - 749 P.

УДК: 94(574)031
ГРНТИ 03.20

R.S. Tazhitayeva¹, B.S. Tokmurzaev²

¹Candidate of Political Sciences, associate professor, Syrdariya University,
Kazakhstan, Zhetysay, e-mail: seilovna@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), acting associate Professor of the Department of national and foreign history,
Syrdariya University, Kazakhstan, Zhetysay, e-mail: b.tokmurza@gmail.com

HISTORIOGRAPHIC «LANDSCAPE» ON AGRARIAN COLONIZATION OF THE STEPPE REGION IN THE SECOND HALF OF THE 19th – EARLY 20th CENTURY

Abstract

In this article, the authors try to reveal the formation and development of historiography in the context of the Imperial experience of agrarian colonization of the steppe region in the second-half of the XIX-early XX centuries. During this period, new challenges arose for the colonization of the Steppe region, and the Russian Empire began to conduct agricultural colonization and scientific examination of territories in order to carry out administrative, territorial, and socio-economic reforms. Attracting officials, employees of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society (WSDIRGS), as representatives of resettlement agencies, they contributed to the colonization of the Steppe territory and argued for the imperial aspect of the region's development.

Key words: resettlement policy, «Foreign» problems agricultural colonization, the resettlement movement.

Тажитаева Р.С.¹, Токмурзаев Б.С.²

¹к.п.н., доцент, университет «Сырдария», Қазақстан, г. Жетісай, e-mail: seilovna@mail.ru

²доктор философии (PhD), и.о. ассоциированного профессора
кафедры отечественной и зарубежной истории, университета «Сырдария», Қазақстан,
г. Жетісай, e-mail: b.tokmurza@gmail.com

ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ «ЛАНДШАФТ» ПО АГРАРНОЙ КОЛОНИЗАЦИИ СТЕПНОГО КРАЯ ВО II-ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.

Аннотация

В представленной статье авторы пытаются раскрыть становления и развития историографии в контексте имперского опыта аграрной колонизации степного края во II-половине XIX - начале XX вв. В этот период возникли новые вызовы колонизации Степного края, Российская империя начала проводить аграрную колонизацию и научную экспертизу территорий, в целях проведения административно-территориальных и социально-экономических реформ. Привлекая чиновников, сотрудников Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества, в качестве представителей агентств по расселению внесли свой вклад в колонизацию Степного края и аргументировали имперский аспект развития региона.

Ключевые слова: переселенческая политика, «инородческая» проблематика, аграрная колонизация, переселенческое движение.

Р.С. Тажитаева¹, Б.С. Токмурзаев²

¹с.ғ.к., доцент, «Сырдария» университеті, Қазақстан, Жетісай қ., e-mail: seilovna@mail.ru

² философия докторы (PhD), «Сырдария» университетінің отан және шетел тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а., Қазақстан, Жетісай қ., b.tokmurza@gmail.com

XIX ҒАСЫРДЫҢ II-ЖАРТЫСЫ мен XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДАЛА ӨЛКЕСІН АГРАРЛЫҚ ОТАРЛАУ БОЙЫНША ТАРИХНАМАЛЫҚ «ЛАНДШАФТ»

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада авторлар XIX ғасырдың II-жартысы мен XX ғасырдың басындағы Дала өлкесінің аграрлық отарлаудың имперлік тәжірибесі аясында тарихнаманың қалыптасуы мен даму жағдайларын ашып көрсетуді қарастырады. Дәл осы кезеңде Дала өлкесін отарлаудың жаңа мәселелері

туындады, әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу мақсатында Ресей империясы аграрлық отарлау және аумақтарды ғылыми сараптауды жүргізе бастады. Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің қызметкерлерін, шенеуніктерін тарта отырып, қоныс аудару агенттіктердің өкілдері ретінде Дала өлкесін отарлау бағытында өз үлестерін қосып, өңірдің дамуының империялық аспектісін дәлелді дәйектер арқылы тұжырымдама жасады.

Түйін сөздер: қоныс аудару саясаты, «бұратана» мәселесі, аграрлық отарлау, қоныс аудару қозғалысы.

The problem of agrarian colonization of the Steppe region, taking into account the introduction of the Imperial resource in the design of this process and the development of appropriate practical measures, has become a widely disseminated historiographical plot since the second half of the 1870s, thus coinciding with the beginning of the resettlement movement to the region and the institutionalization of regular agricultural experience implemented by the peasantry.

The specificity of the agrarian colonization of the Steppe region in contrast to other developed in the Eastern territories (Tomsk, Tobolsk province) consisted a relief outlined heterogeneity of the colonization context, mixing of military and peaceful tasks, as well as participation in the colonization of social groups with distinct signs of ethnic, social, cultural identity, which predetermined a high degree of Imperial «involvement» in the development of colonization projects and solving practical problems of incorporation.

The foundation of the Russian historiographic tradition of scientific reflection and assessment of the causes, progress and results of the agrarian colonization of Siberia and its individual regions was laid in the conditions of a steady increase in the authority of science and, as the modern scholars justly remarked, «a belief in the immutability of accurate facts and statistically supported models» [1]. All this created favorable preconditions for turning the research of Russian scientists, officials, and political figures into a basis for introducing administrative integration practices, disavowing and strengthening the role of the imperial factor in colonization.

The positivist historiography format was constituted under conditions of active territorial increments, including areas with a predominance of a foreign segment, as well as local communities that developed in the initial phase of colonization, which initiated research of a historical, economic and ethnographic nature, giving them the scope and importance of scientific expertise. It is significant that the change in the colonization vector of the steppe regions of Western Siberia, expressed in a gradual refusal to recognize the primacy of military-political tasks in favor of discussing the agrarian prospects of the region, was closely associated with practical expeditionary (1877-1890), research (1890-1905) by the work of the WSDIRGS, established in 1877 (Omsk) The «population policy» [2], which was established as a priority method in the imperial practices of Russia, presupposed the active interference of the authorities in the colonization process and its components, which meant that the imperial bureaucracy recognized the need for «scientific conquest» of promising agrarian-agricultural territories. The expeditions organized by the WSDIRGS were carried out by prominent scientists under the supervision or with the financial support of the central (regional, local) administrations and were called upon to identify the economic potential of the region, determine the main trajectories of its economic development, outline the prospects for agricultural colonization, clarify management strategies for indigenous people and local groups host society [3].

The imperial foreshortening of studies of the steppe region emerged already in the late 1870s - early 1880s, when not only socio-political figures and scientists, but also representatives of the military class, as well as officials were included in the expeditionary and scientific activities of the WSDIRGS. It is known that one of the founders of the department, the leader of Siberian regionalism N.M. Yadrintsev, who initially criticized the WSDIRGS for the predominance of the military-official contingent in it, subsequently himself repeatedly carried out the instructions of the provincial administration, acting as a government official. Namely N.M. At the general meeting of the department on October 25, 1877, Yadrintsev formulated the task of the WSDIRGS on the need to develop a broad program of ethnographic research in Western Siberia and the Steppe Territory [4]. In the future, the practice of such a «combining» became widespread in the expeditionary activities of I. Ya. Slovtsova, N.N. Balakshina, N.K. Khondazhevsky, N.P. Grigorovsky and others, when research in the field of ethnography, botany, soil science, climate, resettlement, the economic life of the kazakh and «foreigners» of the region, the state of trade routes were recognized as equally significant and entrusted to people who, according to the authorities, carried out important imperial errand.

Since the early 1880s in connection with the escalation of illegitimate resettlement in the steppe region, primarily in the Akmola region, the WSDIRGS actually assumed the functions of resettlement management in the

absence of special institutions designed to coordinate migration processes in the region. In this regard, the key topics developed by researchers following the results of expeditions are the problems of the colonization capacity of the territories of the steppe region, the status and prospects of nomadic farming in places included in the orbit of the resettlement movement.

In line with the identification and characteristics of the conditions for the organization of arable farming and the resettlement movement in the 1870s - 1890s. research activities of the WSDIRGS and its subdivisions are being built, implemented in numerous articles, notes, reports of members of society, which assess the natural-geographical, economic potential of the steppe regions, give detailed descriptions of the ethnographic composition of the population. Thorough studies of various kinds were carried out by I.A. Slotvsov and Yu.A. Schmidt (natural-historical conditions of the region), P.G. Ignatov and G.E. Katanaev (hydrology and agriculture), P.V. Stepanov, N. Lebedev, V.F. Korolev (agriculture), A.Ya. Gordyagin, G.G. Anzimirov, K.L. Golde (vegetation, geology, soil and botanical conditions), M.A. Shestakov (ethnography) [3, p. 9].

It was precisely in the coordinate system of the activities of the WSDIRGS that the first attempts were made during this period to identify the economic and economic status and colonization potential of the estates of the Steppe Territory: representatives of the indigenous population, kazakh and peasant immigrants from European Russia.

So, the official of special assignments N.N. Balakshin, in 1878 he was sent to the Steppe Territory and carried out the «political order» of the governor-general of Western Siberia N.G. Kaznakova, when assessing the future nomadic communities of the region, the idea was expressed about the doubtfulness of the loyal feelings of the nomads, as well as the idea was voiced of the need to establish the Russian agricultural population in the Kyrgyz steppes, which would contribute to the development of the principles of citizenship among the nomads [5].

N.M. Yadrintsev developed and published in 1880 a rigorous program for the study of foreigners of Western Siberia [6], the provisions and methods of which formed the basis of the fundamental monograph «Siberia as a colony in historical, geographical and ethnographic respect» [7]. Summarizing her own expeditionary and research experience, N.M. Yadrintsev presented a detailed classification of Siberian «foreigners», determined the chronological boundaries and main aspects of solving the «foreign» issue in the Russian Empire, revealed signs of the economic and cultural type of representatives of the nomadic civilization in Siberia and its individual areas, outlining the circle of needs of Siberian «foreigners» and the results of the Russian cultural influence [7, pp. 134-162]. As a result, the researcher came to a conceptual conclusion, according to which, recognizing the fact of the «extinction» of the «foreign», he stipulated that this process does not cover all peoples, «apparently, while the southern nomads are Buryats, Kyrgyz, Kalmyks» [7, p. 21.]. Thus N.M. Yadrintsev identified the main parameters and directions in the study of various aspects of the colonization of Siberia, including in connection with the question of the relationship of imperial practices in the development of the steppe regions with the level of communicative susceptibility and adaptive potential of indigenous peoples to inclusion in the Russian sociocultural space.

As a result, already in the mid-1890s, the focus of some of the leaders of WSDIRGS are the problems of the «foreign» segment of the population of Siberia, which in their complexity went beyond purely ethnographic, natural-geographical and historical-economic descriptions. The external factor that guided researchers to write works «on the topic of the day» using new methodological techniques and analytical generalizations was the growth of peasant migrations to the Steppe region, which made visible adjustments to the organization of economic life, everyday life and experience of the indigenous inhabitants of the region [3, p.10].

In particular, the member of WSDIRGS V. A. Ostafyev summed up the results of his expeditionary and Desk work in the fundamental article «Colonization of steppe regions in connection with the question of nomadic economy» [8], where the role of power actors in changing the vector of colonization was revealed and the arguments of the Central and regional bureaucracy in connection with the choice of a course for agrarian colonization of steppe regions were presented. VA. Ostafyev, being a supporter of the liberal concept of «growing up of the Kyrgyz population» as a result of the cultural «intrusion» of the Russian peasant element, linked the prospects for the development of the region with its zoning, as well as a clear definition of those areas where it is possible to introduce agricultural practices. All this, from the point of view of V.V. Astafyev, could be achieved in the process of studying the region, but not from the «tarantass», but by attracting the general public and specialists [8, p. 60].

The subsequent reaction of the scientific community of the department was expressed in the representation on the pages of the print media of the institution of a wide range of topics that reflected the relevance of the «foreign»

issue. In the articles of V.Vladimirsky, N.Zeland, G.E. Katanaev, N.Maximov, T.I. Sedelnikov discussed the problems of transition of the indigenous peoples of the Steppe Territory to a settled state, the suitability of the steppe plots for the organization of cultural agriculture, the legal system, family relations and the life of the nomadic population [9].

The «foreign» problems posed and developed in the writings of researchers at the WSDIRGS corresponded with the author's reflection on the resettlement issue, which indicated that migrants from European Russia acquired the status of the main subject of colonization, as well as the formation of imperial resettlement practices in the Steppe region, we are actively involved in the process of agricultural colonization. In the works of A.A. Morozova, P. Podshivalova, I. Savenkova, V.M. Lyschinsky and others raised questions not only about the organization of resettlement sites and the consideration of the natural and geographical conditions of migrants' places of residence, but also the problems of Imperial incorporation of the Steppe region, which was expressed, for example, in the formulation and discussion of railway construction projects within the agricultural areas of the Steppe Territory [10]. A significant contribution to the study of resettlement in Western Siberia and its steppe regions was also made by political exiles I.A. Gurvich and K.R. Kachorovsky, who published fragments of his fundamental works on resettlement in the context of public policy, on the pages of WSDIRGS publications, which greatly contributed to the popularization of migration issues and its inclusion in the socio-political discourse of the era [11].

One of the most pressing issues discussed by the employees of WSDIRGS was the question of the fate of the kazakh in the context of the course on the agrarian colonization of the steppe region.

Studying the history of the Siberian Cossacks in the XIX - early XX centuries. Researchers involved in different years participated in the work of the WSDIRGS such as G.N. Potanin, G.E., Katanaev, N.G. Putintsev, F.N. Usov et al. Being a native of the Cossack milieu, the aforementioned authors, most likely, painfully took critical escapades, which were widely used in rhetorical rhetoric due to the inability of the estate to engage in cultural and tribal activity and to be included in the agricultural process. It is symptomatic that in the articles and notes published on the pages of the Notes of the WSDIRGS, one of the prominent representatives of «kazakh historiography», G.E. Katanaev, focused on the heroic history of the siberian kazakh, as well as pioneering and land research of the estate [12].

Emphasizing the special military-colonial role of the Siberian kazakh linear army in the annexation of the steppe regions, consistently defending the interests of the kazakh as an important subject of colonization of the region, supporters of the decisive role of kazakh in the Trans-Urals wrote: «History has recognized for the kazakh the honor of conquering Siberia and its further gradual occupation from the Urals to Kamchatka and from Tobol to the South, deep into Dzungaria and the Kirghiz-kaisak steppes, ... exactly the Siberian kazakh line army that played «such a prominent role in our offensive movement and south along the Irtysh and deep into the Kyrgyz steppes and Central Asian independent khanates» [13]. Or: «The Kirghiz-kaisaks, for which the Kyrgyz name was adopted, did not resemble passive Ostyaks, Tungus, and other siberian foreigners, they did not look indifferent at the attempts of the Russian land-seekers to acquire lands from them, but, on the contrary, they took cruel revenge by predatory raids and terrible devastation of Russian border villages [14].

However, the general tone and mood of the materials about the Cossacks as the subject of colonization of the Steppe region, published in different publications, contributed to a significant adjustment in the value judgments regarding the organization of economic life, life, understanding of the scenarios of the relationship between the kazakh and the «foreign» contingent and Russian immigrants. So, by definition of G.N. Potanin, the Irtysh steppe was dominated by the type of kazakh, who is «a adroit merchant, a fist and a poor worker» [15]. In the work of the kazakh officer and historian F. Usov, we read: «The former permanent military service at constant maintenance from the government accustomed the Siberian kazakh to carelessness about meeting their vital needs with their own forces» [16].

The change in intonation in assessing the kazakh factor in the colonization of the Steppe Territory in the writings of representatives of «kazakh historiography» was recorded not only in the emotional and sometimes unpleasant characteristics of kazakh as farmers, but also in the discovery of patterns of relations between the estate and the indigenous population of the region. In particular, G.E. Katanaev, performing official duties related to trips to the Steppe Territory, noted that he had «repeatedly, since 1885, surveyed the territory of the Siberian kazakh army and, for one reason or another, got acquainted with the life and attitude of the Kyrgyz people to kazakh and vice versa ... closer to delve into the relationship between the Kyrgyz and the kazakh» [17].

A significant contribution to the study of the relationship between the indigenous population of the Steppe region and the kazakh was made by G. Potanin - a native of the kazakh environment. He collected extensive

material illustrating the structure of the Cossack economy and management in connection with the colonization. The collected information most clearly reflected the specifics of the interaction of the kazakh and «foreigners» in the aspect of the contact of cultures with an emphasis on the predominant role of everyday habits and traditions of the indigenous population in the formation of the sociocultural and mental appearance of the Cossacks [1, p. 19]. The researcher also published materials related to the so-called «Frontier affairs» that gave G.N. Potanin's opportunity to focus on the special role of the imperial factor in the colonization process [18].

Finally, a significant role in the disclosure of models of relations between social and ethnic groups of the colonized region in the aspect of Empire-building in the East was played by the work of officers of the General staff, actively involved in the work of the Russian Geographical Society (RGS), as well as its West Siberian department and regional sub-departments.

M.Krasovsky, an officer of the General staff of the Russian Empire in the 1860s which gathered rich information on the history and economy of the Siberian natives, in particular the Kazakhs were able to describe in detail the value of the steppe pastoral nomadic economic model and to identify the preconditions that accompanied the transition of nomads to semi-sedentary way of life that clearly indicates a decisive role in this process of Imperial structures [19].

The material collected and processed By M.Krasovsky formed the basis of research work of scientists, geographers, officials, who presented in their works more detailed characteristics of various groups of Siberian society. Among them - I.F. Babkov, the first Chairman of the West Siberian Department of Imperial Russian Geographical society, who gave fragmentary characteristics of economic and cultural contacts of «foreigners» with the Cossacks in a long historical retrospective, stressing that the conflicts between local communities can't be blamed on any one side. At the same time I.F. Babkov was inclined to believe that «the Kirghiz plundered and burned the border with the steppe Cossack settlements and dragged into captivity Cossack women and children» [20]. I.F. Babkov came to the conclusion, according to which «nomadic peoples, succumbing to the settled state, giving him nothing, they themselves received from him a tribute in the form of wages, gifts and treats...» [20, p. 38].

The diametrically opposite point of view is presented in the research in the field of history of Siberian Cossack Army with M.I. Venyukov and announced in the generalizing work «the experience of military review of Russian borders in Asia», where the author emphasized the idea according to which the Siberian Cossacks were in the Steppe region as a support of the Russian government in the implementation of foreign policy actions: «On representation of the general- governor Speransky was a fictitious allegiance to the local Kyrgyz to pay in real value, and to this end in the centers of districts engineered them to make fortifications» were expelled «from the line garrisons of the kazakh» [1, p. 21]. But as «their maintenance on remoteness from the line was expensive, then little by little the Siberian authorities came to idea to settle Cossacks in the steppe» [21]. Postulating the role of Cossacks in agrarian colonization as negative, M.I. Venyukov noted that kazakh behaved as conquerors and direct culprits of ruin of local ethnic [22].

The formation of the resettlement issue in public opinion at the state level naturally formed the problem points of its understanding, placing in the focus of the study not only the process of eviction from the European part of Russia, but also the arrangement of the migration element in the areas of settlement. With the construction of the Siberian railway, the Steppe region was intensively drawn into the space of agricultural development, which in turn stimulated work to identify the scale of the colonization Fund in the region, oriented specialists to establish territorial areas suitable for the organization of arable land, which put them before the need to search for lands «superfluous» for the functioning of nomadic farms. It is quite logical that the responses regarding the economy and life of the «foreign» population were initially reflected in the texts, the authors of which were the expedition scientists. It is also natural that the first reaction to prospects for agricultural colonization of the Steppe region was voiced by Russian economists and statisticians who carried out various government assignments. So, the well-known Zemstvo statistician F.A. Shcherbina, consisting since 1896. the head of the expedition to study the steppe regions (Akmola, Semipalatinsk and Turgay), presented detailed statistical data on the state of the colonization Fund of the region, accompanied by valuable information on the ethnographic composition of the population of the steppe regions, history, economy and relationships of local communities in the conditions of the Imperial presence [3, P. 17]. As a result of a continuous census of foreign farms expedition F.A. Shcherbina received valuable statistical material that allows us to draw conclusions about the socio-economic relations in the social environment of the region, the level of nomadic and sedentary farms, and so on. F.A. Shcherbina on the basis of the accommodated material managed to show influence of country migrations on formation of arable economy of «foreign» segment of society of Steppe edge, having outlined parameters of Russian «cultural influence» of the settler on «the Kirghiz nomad». The researcher believed that «our emigrant ... drew the Kirghiz into the circle of

26 наурызда Ауылшаруашылық қоғамының ғимаратында университеттің «төменгі және орта сатыларында» жұмыс істеуге тиіс оқытушылардың кеңесі шақырылып, оқу процесінің жұмыс жоспарлары жасалады.

Әлемдік ғылымға тіл арқылы жетуге болатынын түсінген Семей университетінің қайраткерлері оқу бағдарламаларына бірнеше шетел тілдерін енгізеді. Сабақты жаңаша әдістермен үйрету арқылы оқу бағдарламалары оңай игеріле бастады. Жоғары мектептердегі ескі әдістерге қарағанда, мұнда қазақ тілі, тарих, этика сияқты пәндерге ерекше мән берілуі ұлтжандылыққа тәрбиеленуге және жеке тұлғаның қалыптасуына мол әсер етті.

Семей педагогикалық институтының ұлттық секциясында төрт әйелдер мектебінің ашылуы өте үлкен жаңалық еді. Институтта сабақ беретін жергілікті ұлттан шыққан оқытушы әйелдердің жетіспеушілігіне байланысты, университетте жұмыс істеу үшін оқытушы әйелдерді тарту туралы қоғам құруға шешім қабылданды. Семейде 1938 жылғы мамырдың ортасында құрамына М.Садырова, А.Айдарова және басқалары енген «Мұғалімалардың уақытша қоғамы» атты ұйымы құрылды [72, с.357-358].

«Ағарту секциясын» ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізумен қатар, ауылшаруашылық факультеті жергілікті тұрғындарға жаратылыстанудан, ауылшаруашылығынан дәріс оқуды бастады. Дәрістер

көпшілікке түсінікті, өмірлік мысалдарды пайдалана отырып оқылғандықтан, тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

Алайда, жағдайдың күрт өзгеріске ұшырауы болшевиктерді алаңдатып, қауіпті бола бастағанын түсінген олар Семей педагогикалық институтының қаржының тапшылығын алға тартып, оны жауып тастайды [75, 327 п].

Өзінің аз ғана уақытында Семей педагогикалық институты ұлттық мамандарды қалыптастыру және тәрбиелеуде көп үлес қосады.

Еңбек биржасының ғимаратында 28 наурызда өткізілген жұмысшылар мен кәсіподақ өкілдерінің жиналысында жұмысшы жастар оқуға, ал оқытушылар университетте жұмыс істеуге шақырылады және оның басқармасы құрылады да оған В.И. Романовский, Р.Р. Шредер және басқалары кіреді. 5 сәуірде өткізілген ұйымдастыру комиссиясы мүшелері мен оқытушылардың жалпы жиналысында ректорлыққа А.В. Попов және факультет декандары сайланды. Осы күннен бастап, жұмыс ұйымдасқан түрде жүргізіле бастады.

Бұл кезде аштық пен жоқшылық әлі күшінде болатын, ғимараттар мен маман кадрлар, тиісті құралдар жетіспеді, бірақ жұмыс үлкен ынталылықпен жүріп жатты. Өйткені, Шығыс Қазақстан халқы жоғары оқу орны құрылған кезде «оның одан әрі өрлеуінің кепілдігі болады және болашақта таза ғылымның сәулесі жарқырайтындығына сенім беретіндігіне» сенді [76, 4 п].

Осы кездің өзінде Шығыс Қазақстанның Халық комиссарлар Кеңесі мен халыққа білім беру комиссариаты университетке халық шаруашылығына қажет, партия және кеңес мекемелерінің кадрларын даярлауға көмек көрсетуге өтініш жасады. Осы мәселені шешу әлеуметтік-экономикалық факультеттің ұйымдастырушыларына жүктелді. Осыған байланысты олар «революцияшыл Ресейдің өте өткір қажеттіліктеріне сәйкес» ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстардың бағдарламаларын әзірледі. Осы курстағы сабақтарға тыңдаушылардың көпшілігі қатысты. Г.И. Черданцев, А.В. Трапезников, И.Ф. Горский, А.В. Попов, П.Кобозев және басқаларының дәрістері өте тартымды болды.

Техникалық факультеттің оқытушылары гидротехникалық құрылыстар мен өнеркәсіп орындарының жобаларын жасауға белсенді түрде араласа бастады. Олар су сұрыптау станциясының және басқа да бірнеше гидротехникалық құрылыстардың құрылыстарына жетекшілік етті, Тарбағатай ауданында иригациялық зерттеу жұмыстарын жүргізді, Мақаншы ауданындағы «Бақты» каналын кеңейту жұмыстарына басшылық жасады және т.б. Геодезист ғалымдар жерге орналастыру, геодезия жөніндегі жұмыстарды атқарып, жекелеген аудандарда болашақта оларда мақта шаруашылығын дамыту мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге ғалымдардың осы тобы зерттеу институттарды құру жұмыстарына белсене араласты.

«Наша газета» бетінде университеттің болашақ бірінші ректоры А.Попов Семей педагогикалық институты білімнің барлық салалары бойынша ағартудың алғашқы үлгісі болуы керектігі туралы жазды. «Біз, педагогтар, белгілі бір үлгі бойынша оқытамыз, соған қарамастан, біздің өзімізге де көзқарасты кеңейту қажеттігі туындайды. Семей педагогикалық институты барлық шөлдегендердің сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, біздің де талаптарымызды қанағаттандыруы керек... Бізге бекітілген үлгі емес, творчество қажет» [7, с.5].

Семей интеллигенциясы өкілдерінің ойынша Семей педагогикалық институты бұрынғы типтегі жоғарғы оқу орындарынан түбегейлі өзгеше болуы тиіс болды. «Онда еңбектің түрлі саласы бойынша тиімді қызметтеріне адамдарды дайындау үшін, сауаттылыққа үйретуден бастап, жоғары ғылымдарға және әр түрлі мамандықтар бойынша арнайы техникалық курстарға (мектептерге) дейін барлығы болуы тиіс» [78, 12 п].

1938 жылы 20 сәуірде апталық Семейдің «педагогикалық институттың газеті жарық көріп, онда сол жылы 21 сәуірде келешекте университетінің ашылатындығы хабарланды [9, с.4].

Газетте ашылу салтанатының сағат 3-те Бостандық үйінде болатындығы хабарланды. Онда сонымен қатар барлық құрылатын факультеттердің қысқаша сипаттамасы берілді, тұрғындарды кітапхана үшін кітаптар жинауға шақырды және университеттің ашылуымен байланысты басқа да хабарламалар берілді. Алғашқы университет газетін шығару үшін, қағаз бен қаражатты Семей Халық комиссарлар Кеңесі бөлді. Газеттің адресін алғашқы күннің өзінде-ақ көптеген корреспонденциялар, университетке түсушілерден өтініштер, оның ұйымдастырылуына сәйкес құттықтаулар келіп түсті.

Университеттің ашылуы Семей өлкесі жұмысшы, солдат, шаруа депутаттары Кеңесінің съезінің мәжілісімен тұспа-тұс келді. Съезд делегаттарының көпшілігі мен оның жетекші құрамы үлкен халықтық мерекеге айналған Семей педагогикалық институтының салтанатты ашылуына қатысты.

1938 жылдың 21 сәуірінде қала таңертеңнен жандана бастады. Күндізгі сағат үшке қарай вокзал жақтан институттың ашылуына оркестрмен және қызыл жалаулармен келе жатқан шеру көрінді. Бостандық үйінде институттың салтанатты ашылуына 2 мыңнан аса адам жиналды [8, с.3].

Институттың ашылуында сөйлеген сөзінде Шығыс Қазақстан аймағының білім беруіснің меңгерушісі былай деп сипаттаған: «Сіздердің үлестеріңізге ғасырлар қиылысында тұру, барлығы қайта бағалауға берілетін, барлық ескілік қалдықтары жойылатын, өмірдің жаңа нысандары айқындалатын ұлы жаңа өмір құрылысының куәсі болу бақыты тиіп отыр. Осы үшін қаншама білім, қаншама тірі және творчестволық күш қажет екендігін ойлаңыздаршы. Өйткені біз кедейміз, өзімізде артығымен жоқ нәрселерді пайдалану мүмкіндігі жоқ. Біз өз өлкеміздің теңдессіз байлығын есептей алмаймыз. Осы мүмкіндікті бізге тек білім береді, тек білім ғана бізді сақтап қалады» [11, 1 п].

Институттың ашылуының ерекше салтанаттығын көрсете отырып, Г.Н. Черданцев: «Бұл күннің ерекше белгісі Семейде билік өкілдері интеллигенция арасындағы бірлік болды: ол сөйлеген барлық шешендердің сөздерінде көрініс тапты» [72, с. 90].

Алғашқы кезеңде және одан кейінгі бірнеше айларда Семей педагогикалық институты шын мәніндегі институт бола қойған жоқ. Ол әр түрлі сипаттағы білім беру және ағарту мекемелерін біріктірген өзінше бір оқу комбинаты болды. Бұған жоғары оқу орындары типіндегі факультеттер-жаратылыстану-математика, ауылшаруашылық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық және әдеби-философиялық (1938 жылдың күзінен бастап тарих-филологиялық деп аталған) факультеттері кірді. Дәріс тыңдауға білім деңгейлеріне қарамастан, барлық қатысқысы келетіндер жіберілуіне байланысты алғашқы кезде мұнда студенттер саны 900 адамды құрады. Бұл факультеттерді ұйымдастыру Семей педагогикалық институтының ашылуындағы алғашқы қадам болды. Семей педагогикалық институтының құрамына әр түрлі курстан кірді: электромонтерлер, орман техниктері, жер-су комитеттерінің, автомобиль ісінің нұсқаушылары, темір жол, сызу, кооперативтік, педагогикалық, шет тілдері, мектепке дейінгі дайындық бойынша, пішу және тігу, етік тігу курстары кірді. Өздерінің сипаты жағынан олар орта кәсіптік оқу орындарына ұқсады.

Семей педагогикалық институтының орыс тілінде білім беретін 11 бастауыш мектебі, сонша жалпы білім беретін мектептері, қазақ тілінде оқытатын екі кәсіптік мектебі және сегіз балалар алаңы болды. Алғашқы кезде Семей педагогикалық институтының құрылымдық бөлімдерінің мәртебесін Семей халық консерваториялары, мұражай және көпшілік кітапханасы алды. Бірақ, кейіннен оларды тікелей КСРО халық ағарту комиссариатының қарауына береді.

Институттың күрделі және өзіндік құрылымы сол кездегі уақыт талабына байланысты болды. Бұл құрылым өте аз уақыт сақталды. Халыққа білім беру саласында тәжірибе жинақталғаннан кейін, жоғары оқу орнының деңгейіне сәйкес келмейтін мекемелер дербестік ала бастады. Оқу-ағарту комбинатынан жоғарғы оқу орнын алып шығу процесі 1938 жылы маусымда халық ағарту қызметкерлерінің бүкіл түркістандық съезінде мақұлданған болатын.

Семейде жоғары оқу орындарының қалыптасуы аштық және ұжымдастыру сияқты күрделі кезеңнен кейінгі басталған репрессия атты саяси ағыммен қатарлас жүзеге асырылды. Барлық қиыншылықтарға қарамастан, 1937 жылы қазанның соңында барлық факультеттерде сабақ басталды. Шығыс Қазақстанның халық ағарту комиссариатымен университеттің бірінші жарғысы бекітілді. Сол жылы желтоқсанда оның басшы органдары құрылды. Сол кезден бастап университеттің Ғылыми кеңесі қызмет атқара бастады, факультет декандары тағайындалды.

Оқу процесін жолға қою үшін белсенді жұмыстар басталды. Студенттер контингенті 1938 жылы қазанда 560 адамға жетті. Университетте тұрақты профессор-оқытушылар ұжымы қалыптасты, ол 78 адамды құрады. Университеттің алғашқы оқытушыларының қатарында кеңес конституциясы мен техникалық факультетте электротехника курстары бойынша дәріс жүргізген көрнекті кеңес мемлекетінің қайраткері П.А. Кузнецов те болды.

Жоғары оқу орнының 1938/1939 оқу жылындағы үлкен жетістігі-оқу-көмекші мекемелерін ұйымдастыру болды. Олардың алғашқылары органикалық және неорганикалық химия зертханалары мен зоология кабинеті болды.

Институттың ресми ашылуынан кейін, оның ұйымдастырушылары тұрақты жұмысты қалыптастыру үшін ерекше күш салды. Оқытушылар жетіспеді, құрал-жабдықтар жоққа тән, материалдық база болмады, Орталықтың көмегімен жойылуға тиіс басқа да көптеген қиындықтар болды. Осыны түсінген Шығыс Қазақстанның Халық комиссарлар Кеңесі университет басқармасына А.А. Семенов пен инженер И.Г. Беловты Семейге қажетті ғылыми күштерді тартуға және оқу орнын қажетті оқу және ғылыми құралдармен, кітаптармен қамтамасыз ету үшін, Москва мен Петроградқа іссапарға жіберуді ұсынды.

Бірақ, А.А. Семенов пен И.Г. Белов Ресейде екі жылға жуық болды, өйткені олар кеткеннен кейін Түркістан ел Орталығынан бөлініп тасталды.

Сол кездегі Шығыс Қазақстан өлкесінің әскери-саяси және экономикалық жағдайы өте қиын еді.

Семей педагогикалық институты өмірлік қажеттіліктерге байланысты мектептің білім беру сатыларының барлығын, сонымен қатар мектептен тыс және мектепке дейінгі білімді қамтитын университеттік мектепке айналды. Бұдан басқа педагогикалық институты халық ағарту комиссариатының тапсырмасына сәйкес және өз бастамасы бойынша тарау жағдайындағы және революция кезінде пайда болған жалпы мәдениет мекемелерін өз қамқорлығына алуға және тікелей әкімшілік жасауға тиіс болды» [22, с. 93].

Осы кезеңдегі Шығыс Қазақстанның білім беру саласының сипатын Семей педагогикалық институтында құрылған және оның филиалдары болған немесе онымен тығыз байланыста жұмыс істеген мекемелердің тізімімен бағаланады.

Семей педагогикалық институтына мыналар кірді:

1. Әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-математикалық, әдеби-философиялық (күзден бастап тарихи-филологиялық), ауыл шаруашылық және техникалық бөлімдер бойынша жоғарғы курстар.

2. Электр моторлары, автомобиль істері, темір жол, сызу, орман техниктері, жер және су комитеттерінің нұсқаушылары, кооперативтік, педагогикалық, мектепке дейінгі тәрбие нұсқаушылары (балалар алаңдары үшін), шетел тілдері, пішу және тігін тігу (бес төменгі саты мектептері жанында), етікшілік істері (үш төменгі саты мектептері жанында), суда жүзу курстары бойынша орта практикалық курстар.

3. Төменгі саты мектептері – 4 бастауыш, 2 кәсіптік, 8 балалар алаңы.

4. Семей көпшілік кітапханасы, Семей халық мұражайы, кейіннен өзінше оқу орнына айналған консерватория мекемелері [73, 54-80 пп].

Түрлі сипаттағы және өте көп мекемелермен айналысу институтты жұмысын қиындата түсті. Ішкі және сыртқы көптеген қиыншылықтарға қарамастан, 1918 жылғы сәуірдің соңғы күндерінде институттың әдеби-философиялық, әлеуметтік-экономикалық және ауыл шаруашылық факультеттерінде дәріс оқу басталды. Аз уақыттан соң жаратылыстану-математикалық және техникалық факультеттерде де сабақ басталды.

Семей педагогикалық институтын жүргізілген жазғы дайындық кезеңдері үлкен маңызға ие болды. Бұл кезең ғылыми білімді көпшілікке таныстыруға, дайындықсыз аудиторияға арналған көптеген мәдени-ағарту және арнайы курстарды ұйымдастыру үшін пайдаланылды. Осы салада жұмыс істеу үшін, қоғамдық және ғылыми күштер жұмылдырылды.

1938 жылы қыркүйек-қазан айларында бағдарламалар жасалынды, факультеттердің бағыттары нақтыланды. Сонымен бір уақытта оқытушылардың бір тобымен «Өлкедегі жоғарғы мектеп ретіндегі Семей Халық университеті туралы Ереже» әзірленді. 25 қарашада «Ережені» және оқытушылар құрамын Халыққа білім беру Комиссариаты бекітті [74, 1-2 б].

Педагогтарды, университет ректорын және факультет декандарын сайлау жүйесі анықталды. Жекелеген мектептерді, факультеттерді, балалар алаңдарын құрамында оқушылар, тыңдаушылар, оқытушылар бар кеңестер басқарды. Кеңестерге лауазымды тұлғалар басшылық жасады.

Халық университетінің жоғарғы органы – оның барлық қызметкерлерінің жалпы жиналысы болды. Ректорат жанында басқарма қызмет атқарды, оған университеттің төменгі сатысының, мектептен тыс бала тәрбиесінің мұсылман секциясының өкілдері және секретарь кірді. Бұлардан басқа Семей халық консерваториясының директоры, Семей көпшілік кітапханасының, Семей халық мұражайының және Өнер мұражайының меңгерушілері сайланды.

Семей педагогикалық институтының тікелей ықпалымен Шығыс Қазақстанда басқа да оқу орындары Шығыс Қазақстан педагогикалық институттарын, Семей медицина институтын, Семей технологиялық институтын, Семей мал – дәрігерлік институтын, М.Серікбаев атындағы Өскемен техникалық институттарын және т.б. оның филиалдарын ашуға ұмтылыс жасалды. Дегенмен, олар институт деп аталғанымен, шын мәнінде бірден институт бола алған жоқ. [75, с. 250]

Семей педагогикалық институтының құрылуы мен мектептердің ашылуы Шығыс Қазақстан қоғамында кеңінен қолдау тапты. Халықтың білімге деген құштарлығының зор болғандығы сондай, «Халық университетінің жеке мектебінің және төменгі саты мектебінің ашылған сәтінен-ақ он жастан 55-жасқа дейінгі білім алуға құштар адамдар ағылып келе бастады. Әкесі баласымен, атасы немересімен бірге келді... Бұл көріністің құдыреттілігімен күштілігі сондай, әрбір қызметкер, әрбір педагог өзіне деген халық сенімін, оның жұмысын асыға күтетінін түсінді. Сонымен қатар, мұғалімдерге ұлы емтиханды тап-

сыру сәті туды. Ол өзінің парызына толық берілуі тиіс болды» - деп жазылды 1938 жылдың құжаттарының бірінде [16, 48 п].

Семей педагогикалық институтының ұйымдастырылумен Шығыс Қазақстанның экономикалық және мәдени құрылыстың барлық салалары үшін ұлттық кадрларды дайындаудың негізі қаланды.

Семей педагогикалық институтымен қатар Шығыс институты және батыс еуропа тілдерін оқып үйренудің жоғарғы курстары құрылады. [59, с. 304]

Шетел тілдерін оқып үйренуді ұйымдастыруға В.Д. Фигельский көп еңбек сіңірді. Үлкен мәдениет иесі, математик, атақты Сорбонна университетінде білім алған Фигельский, өлкеде жаңа мәдени-ағарту мекемелерінің желісін құру және шетел тілдерін оқып үйрену үшін еңбек етті [7, с.10]. В.Д. Фигельскийдің идеясын өлкенің алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері қолдады.

Қазақ және басқа да түрік тілдес халықтардың Шығыс Қазақстанның болашағына әлемдік қатынастар орталығы ретінде қарағынын біз мына құжаттардан оқып білеміз. «Олар өздерінің армандарын таусылмас табиғи байлықтарға, күн сәулесіне, емдік бұлақтардың көптігіне және қоршаған ортаның керемет әдемілігіне негіздеді, өйткені бұлардың барлығы жыл сайын дүние жүзінен мыңдаған туристерді тартатын еді, ал бұл тіл мен мінез-құлықты өзара түсініскен жағдайда елдің гүлденуін жылдамдататын еді, сонымен бірге еңбекшілерді біріктіретін еді» [18, 31 п].

1948 жылы мамырда шетел тілдерін оқытушылардың бірінші ұйымдастыру жиналысы болды. Мұнда жаңа тілдерді оқыту курстарын ашуға шешім қабылданды. Бұл курстар университет құрамына енгізілмеді, бірақ тарихи-философиялық факультеттің қадағалауында болды.

Жиналыста «шетел тілдеріне деген сұраныстың жоғары болуына» байланысты оқытушылардың «құқықтылығы» жөніндегі сұрақ күн тәртібіне бірінші болып қойылды [10, 37 п].

Осы жиналыста бес адамнан тұратын «қадағалау комитеті» құрылды, оның құрамына француз тілінің оқытушысы А.Кастанье, неміс тілінен – Э.Фингер, ағылшыннан – А.Машковцев кірді, комитеттің секретары болып В.Д. Белов сайланды [6, 26 п].

Шетел тілдері жөніндегі комитетті А.Кастанье басқарды. «Қадағалау комитетінің» функциясына мұғалімдер күшін бөлу, төменгі мектептерде тілдерді оқытуға бақылау, оқу құралдарын жеткізу және т.б. [86, 35 п].

Оқу топтарын жиырма тыңдаушыдан құруға ұсыныс берілді, ал олардың саны көбейген жағдайда қосымша топтар құру жоспарланды. Шетел тілдерін үйренуге деген сұраныстың көп болғаны соншалықты, кейбір мектептерде 14-ке дейін топтар ашылып, Шығыс Қазақстанның барлық төменгі сатыдағы ашық мектептерінде – 60-қа дейін топтар құрылып, оларда 100 адамға дейін адам оқыды [9, 139 п].

Арнайы жиналыста «Шетел тілдерінің автономды топтарының басқармасы» құрылып, оған Семей педагогикалық институтының төменгі сатылы барлық мектептерінде шетел тілдерін оқытудың дұрыс жолға қойылуын қадағалау тапсырылды.

Шетел тілдерінің курстары оқу құралдарының жоқтығына байланысты үлкен қиындықтарды бастан өткерді. Көп жағдайда оқытушылар дәрістерін алдын ала парақтарға жазып, оларды тыңдаушыларға оқулық орнына таратуға мәжбүр болды.

Күзде Оқытушы кадрлардың жоқтығына, оқу құралдарының, тұрақты жайдың болмауына және басқа да қиындықтарға байланысты шетел тілдерінің Жоғары курстары Халық университетіне шетел тілдері кафедрасы ретінде қайта қосылды, оған А.Ф. Машковцев жетекшілік етті.

Семей педагогикалық институтына кірген көптеген оқу орындары мен мәдени мекемелері жеке өз алдарына ұйымдарға айналды, енді барлық жұмыс факультеттердің жұмысына жұмылдырылды. Бұл уақытта ауыл шаруашылық факультетінде 400 тыңдаушы, жаратылыстану-математика факультетінде – 200, әлеуметтік-экономикалық факультетте – 187, техникалық факультетте – 186 және әдеби-философиялық факультетте – 187 тыңдаушы болды [70, 2 п].

Студенттер құрамы әр түрлі еді: жұмысшылар, жұмысшы-шаруалардың балалары, қызметкерлер және т.б. Тыңдаушылардың көпшілігі мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істеді, сондықтан сабақтарды кешкі уақыттарда өткізуге тура келді. Бірақ, соған қарамастан сабаққа қатысу жоғары дәрежеде болды. Институтқа оқуға түскен жұмысшылар алғашқы күннен-ақ білім алуда тұрақтылық пен бекемдік танытты.

Шығыс Қазақстанның көтерген мәселенің бірі – медициналық факультетті құру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстары болды. Өйткені, Алматыдағы өлкелік медицина мектебі мен оның базасында құрыл-

ған медициналық факультет - педагогикалық кадрлардың жетіспеуі салдарынан дәрігерлерді дайындауды қамтамасыз ете алмады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сүлейменов Р.Б. «Советтік Қазақстанның селолық интеллегенциясы».
- 2 Сүлейменов Р.Б. «Советтік Қазақстанның мәдениеті.
- 3 Жаманбаев К. Ж. *Высшая школа В Казахстане. Исторический опыт Коммунистической партии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 гг.).*
- 4 Абжанов, Әлпейсов Ә. «Қазақстан интеллегенциясымен мәдениеті туралы»
- 5 *Коммунистическая партия Казахстана в условиях развитого социализма.* – Алма-Ата, 1983. – С.70,83.
- 6 *Қазақ Совет энциклопедиясы. Астанға өнер сапарымен // Дидар- 16 қаңтар 2001 жыл.*
- 7 *Народное образование и наука в Казахской ССР. Стат. Сборник.*
- 8 *Народное хозяйство Казахстана в 1985 г.. Статистический ежегодник.* – Алма-Ата, 1986. – 253-254-б; *Колхозы СССР. Краткий стат. Сборник.* – М. 194-195 б.
- 9 *Народное хозяйства Казахстана за 60 лет. Стат. Сборник.* – Алма-Ата, 1988. – 212 б.

References:

- 1 Suleimenov R. B. "rural intelligentsia of Soviet Kazakhstan".
- 2 Suleimenov R. B. "culture of Soviet Kazakhstan.
- 3 Zhamanbayev K. zh. Higher School in Kazakhstan. Historical experience of the Communist Party of Kazakhstan under the leadership of A Higher School for 50 years (1920-1970).).
- 4 Abzhanov, Alpeisov A. " on the culture of the intelligentsia of Kazakhstan»
- 5 Communist parties of Kazakhstan under the conditions of developed socialism. - Alma-Ata, 1983. - P. 70,83.
- 6 Kazakh Soviet encyclopedia. Art trip to Astana // Didar-January 16, 2001.
- 7 people's education and science in the Kazakh SSR. Stat. "No," he said.
- 8 people's ownership of Kazakhstan in 1985. A statistical yearbook. - Alma-Ata, 1986. - 253-254-P.; collective farm of the USSR. Kratsky stat. "No," he said. - Pp. 194-195.
- 9 people's ownership of Kazakhstan for 60 years. Stat. "No," he said. - Alma-Ata, 1988. - 212 P.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

УДК 94(574)
ГРНТИ 05.31.19.

Ә.Б. Аман¹, К.Б. Тлеукабылова²

¹т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
Ақтөбе, Қазақстан

²әлеуметтік ғылымдар магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы, Ақтөбе, Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТАРИХЫ (XX ғасырдың 50-80 жылдары)

Аңдатпа

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде еліміздің ауыл халқының ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер жүргені. Әлеуметтік-экономикалық факторлар ауыл халқының ұлттық құрамында жергілікті халық өкілдері санының басым болуына әкелді.

Мақалада XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы Қазақстанның батыс өңірін мекендеген ауыл халқының ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер тарихы талданады. Аталған кезеңдегі басты өзгеріс ретінде жергілікті халықтың саны мен үлес салмағының ұлғаю үрдісі көрсетіледі. Оған көші-қон үдерістері мен табиғи өсімнің ықпал еткені баяндалады. Сонымен қатар ауыл халқының әлеуметтік құрамы ұжымшаршылар санының азаюымен, жұмысшылар санының ұлғаюымен ерекшеленгендігі көрсетіледі. Ауылды елді-мекендердің шаруашылық құрылымындағы өзгерістер ауыл халқының құрамында жұмысшылар мен қызметкерлер үлесінің ұлғаюына әкелгендігі айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық құрам, әлеуметтік құрам, әлеуметтік топтар, көші-қон, табиғи өсім, арнайы қоныс аударушылар, жұмысшылар, қызметкерлер.

А.Б. Аман¹, К.Б. Тлеукабылова¹

¹к.и.н., старший преподаватель

Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан

¹магистр социальных наук, старший преподаватель

Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан

ИСТОРИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В НАЦИОНАЛЬНОЙ И СОЦИАЛЬНОЙ СТРУКТУРЕ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ НА ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ (50-80 годы XX века)

Аннотация

В период после обретения независимости произошли изменения в национальном и социальном составе сельского населения страны. Социально-экономические факторы привели к преобладанию численности представителей коренного населения в национальном составе сельчан. В статье анализируется история изменений в национальной и социальной структуре сельского населения, населявшего западный регион Казахстана в 50-80-е годы XX века. В качестве главного изменения в данном периоде указывается тенденция увеличения численности и удельного веса коренного населения, что стало результатом влияния миграционных процессов и естественного прироста. Сделан вывод о том, что социальный состав сельского

населения отличается снижением численности колхозников и увеличением численности рабочих, поскольку имевшие место в тот период изменения в хозяйственной структуре сельских населенных пунктов привели к увеличению доли рабочих и служащих в составе сельского населения.

Ключевые слова: национальный состав, социальный состав, миграция, естественный прирост, спецпереселенцы, рабочие, служащие.

A.B. Aman¹, K.B. Tleukabylova²

¹Ph. D., senior lecturer, Aktobe regional state University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

²Master of social Sciences, senior lecturer at Aktobe regional state University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

HISTORY OF CHANGES IN THE NATIONAL AND SOCIAL STRUCTURE OF THE RURAL POPULATION IN WESTERN KAZAKHSTAN (50-80 years of the twentieth century)

Abstract

Since independence, changes have taken place in the national and social composition of the country's rural population. Socio-economic factors have led to a predominance of the number of indigenous people in the national composition of the villagers. The article analyzes the history of changes in the national and social structure of the rural population that inhabited the western region of Kazakhstan in the 50-80s of the XX century. As the main change in this period, the trend of an increase in the number and proportion of the indigenous population is indicated, which was the result of the influence of migration processes and natural growth. It is concluded that the social composition of the rural population is characterized by a decrease in the number of collective farmers and an increase in the number of workers, since the changes in the economic structure of rural settlements that took place at that time led to an increase in the share of workers and employees in the rural population.

Key words: national composition, social composition, migration, natural growth, special settlers, workers, employees.

Соғыстан кейінгі кезеңде Батыс Қазақстан аймағы ауыл халқының ұлттық және әлеуметтік құрамында бірқатар өзгерістер жүрді. Бұл кезеңдегі ұлттық құрамдағы басты өзгеріс бұл жергілікті халық санының қалпына келуі болатын. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан аумағындағы арнайы қоныстанушылардың құқықтарының қалпына келтіріліп, бірқатарларының елдеріне қайтуы жүрсе, тың және тыңайған жерлерді игеру барысындағы көші-қон тағы да өзге ұлттар санының ұлғаюына әкелді.

1953 жылы И.Сталин қайтыс болғаннан кейін саяси дамуда әділетті өзгерістер енумен «жылымық» жылдары арнайы қоныс аударушылардың кейбір топтары үкімет жарлықтарына сәйкес өз елдеріне қайтарыла бастады. КОКП Орталық Комитетінің 1954-жылғы 5-шілдедегі «Арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайларындағы бірқатар шектеулерді алып тастау туралы» қаулысына сәйкес қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысатын арнайы есепте тұрған арнайы қоныстанушыларға облыс, республика шеңберінде көшіп-қонуға рұқсат етілді. Сондай-ақ арнайы қоныстанушылардың 16 жасқа дейінгі және одан жоғары жастағы адамдары Ішкі Істер министрлігі органдарындағы есептен алынып, оларға елдің қандайдағы жерлеріне барып оқуға рұқсат етілді [1, 90 б.].

Аталмыш қаулы жарияланған сәттен бастап 1955 жылдың 29 қаңтарындағы мәлімет бойынша Ақтөбе облысынан басқа республикаларға 55 адам, Қазақстанның басқа облыстарына 190, барлығы 245 арнайы қоныстанушы көшеді. Оның ішінде немістер 127, шешендер 114, молдовандар 3, гректер 1 адам болды. Сондай-ақ арнайы қоныстанушылар мынадай жағдайларға байланысты кеткен болатын. Жұмысшыларды ұйымдастырып жинақтаудың облыстық бөлімінің шақыруымен «Қарағанды шахта құрылысына» 17 адам, оқуға 11 адам, дәрігерлік комиссияның қорытындысы бойынша аурулар 33 адам, туғантуыстарына қосылуға 184 адам, Ал бұл кезеңде Ақтөбе облысына 450 арнайы қоныстанушы келеді [2, 1 б.].

Ақтөбе облыстық атқару комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінен облыстық комитет хатшысына 1955-жылдың 24-қыркүйегіндегі берілген мәлімет бойынша облыста арнайы есепте 21 180 арнайы қоныстанушы тұрған. Оның ішінде немістер 13 342 адам, шешендер 6 613 адам, қалмақтар 15, қырым татарлары 35, Молдавиядан келгендер 968, гректер 86 және басқа ұлттар 121 адам. Сондай-ақ Қытай Халық Республикасынан келгендер 2 464 адам болды. Барлық арнайы қоныстанушылар жұмыспен

қамтылған, колхоздарда 6 708, МТС-да 2 022, совхоздарда 4 233, өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарда 8 217 арнайы қоныстанушы жұмыс жасады [2, 3 б.]. Аталмыш мәлімдемеге қосымша ретінде еңбекші депутаттарының облыстық атқару комитетінің қоныстандыру бөлімінің мәліметінше облыс колхоздарында 1 918 арнайы қоныстанушы жанұясы немесе 7 812 адам бар екендігі қосымша баяндалады. Облыстан 268 жанұя көшіп кетеді. Оның ішінде ең көп кеткендер Мәртөк ауданында 103 жанұя, Степной ауданынан 42, Ключевой ауданынан 37 жанұя көшіп кетеді. 1954 жылы облыс совхоздарына 1 010 адамы бар 207 жанұя жаңа қоныстанушылар келсе, 10 жанұя көшіп кетеді. Арнайы қоныстанушылар туралы қаулы шыққан күннен бастап 1955 жылдың 20 қыркүйегі аралығында облыстан басқа республикалар мен облыстарға 544 адам көшіп кетеді [2, 6 б.].

Арнайы қоныстандырылғандардың тарихи отандарына оралу қарқыны ұлғая түседі. Арнайы қоныстандырылғандардың қайта көшу қарқынын тоқтату мақсатында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1959 жылдың 15 сәуірінде № 108-ші «Республикадағы шешен-ингуш халықтарын еңбекке орналастыру және орнықтыру шаралары туралы» қаулы қабылдап жер-жерлерде арнайы қоныстанушыларға үгіт-насихат, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ аудандар бойынша арнайы қоныстандырылғандардың саны туралы мәліметтер жинақталады. Ақтөбе облысы бойынша 1959-жылдың 18-мамырында Темір ауданында 701 адамы бар 165 шешен жанұялары тұрды. Оның ішінде колхоздарда 13 жанұя, 57 адам тұрды. 1959-жылдың 1-маусымында Мәртөк ауданындағы үш колхозда 144 шешен тұрды. 1959-жылдың 23-мамырындағы мәлімет бойынша Хобда ауданында 4 совхоз бен 5 колхозда 42 шешен-ингуш жанұялары тұрды. Ал Жұрын ауданында 48 шешен-ингуш жанұясы тұрды. 1959-жылдың 4-маусымында Ключевой ауданында 298 шешен-ингуш ұлтының өкілдері тұрды. Ал жалпы облыс бойынша 1959-жылдың 10-маусымындағы шешен-ингуш халықтары туралы мәлімет бойынша Ақтөбе қаласы, Ключевой, Новоресей, Шалқар, Хобда, Степной, Мәртөк, Темір, Жұрын аудандары бойынша барлығы 359 жанұя, 1 437 адам болды. Бұл мәліметке 17 маусымда жіберілетін 39 жанұя кіргізілмеді [3, 2-10-бб.].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бұрынғы депортацияланған халықтардың, оның ішінде кавказ халықтарының өз елдеріне көшу толқынын бәсеңдету мақсатында 1959-жылы 15-сәуірде «Республикадағы шешен-ингуш халықтарын еңбекке орналастыру және тұрақтандыру бойынша шаралар туралы» деген арнайы қаулы қабылдайды. Аталмыш қаулыға сәйкес жергілікті жерлерде шешен-ингуш халықтары есепке алынып, олармен республикада тұрақтап қалу мәселесі бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, тұрақты жұмыспен қамту шаралары жедел ұйымдастырыла бастайды. Сондай-ақ аудандардан шешен-ингуш халқының саны, құрамы, еңбекпен қамтылуы тәрізді мәліметтер жедел алына бастайды. 1959-жылдың 18-мамырындағы мәлімет бойынша Ақтөбе облысының Темір ауданында 701 адамымен 165 шешен жанұясы, 1-маусымдағы мәлімет бойынша Мәртөк ауданында 144 шешен, 23-мамырдағы мәлімет бойынша Хобда ауданында еңбекке қабілетті 99 шешен, 20-мамырдағы мәлімет бойынша Жұрын ауданында 48 шешен жанұясы және еңбекке қабілетті 73 шешен ұлтының өкілдері тұрды [3, 2-7 бб.].

1959-жылғы 10-маусымдағы Ақтөбе облысының территориясындағы шешен-ингуштар туралы мәліметке сәйкес Ақтөбе қаласын қоса есептегенде 8 ауданда 359 отбасымен 1 437 адам тұрды. Бұл мәліметке 17-маусымда солтүстік Кавказға жөнелтілетін 37 отбасы қосылмаған болатын [3, 10 б.].

Аймақ бойынша 1959-1970 жылдардағы халық санақтары аралығында орыстардың 110 632 адамнан 130 058 адамға, белорустардың 2 831 адамнан 6 845 адамға, украиндардың 59 607 адамнан 61 277 адамға ұлғаюы тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны нәтижесінде туындаған көші-қон үдерістерімен тікелей байланысты болды. 1954-жылы Украинадан Ақтөбе облысына 1 046 адам келсе, 1955-жылы сәуір айында Украинадан тағы да 2 184 адам келеді [4, 33 б.]. Сонымен қатар 1959-жылы Ақтөбе облысына Украинадан 974 отбасы келсе [5, 43 б.], 1960-жылы 1 140, 1961-жылы 634 отбасы көшіп келеді [6, 6 б.]. Сол сияқты Батыс Қазақстан облысына да Украинадан 1958-жылы 1 175 адам көшіп келеді [7, 31 б.]. Сонымен бірге Батыс Қазақстан облыстық комитетінің хатшысына 1959-жылғы 25 тамызда берілген арнайы хабарламада облысқа тың және тыңайған жерлерді игеруге Қытай Халық Республикасынан реэмигранттардың 4 890 адамымен 809 жанұясы келді делінген болса, 12-қыркүйектегі арнайы хабарламада 4 947 адамымен 835 отбасының келгендігі хабарланады. Алайда бұлардың басым көпшілігі әр түрлі себептерге орай өзге облыстарға көшіп кетіп отырған [8, 78,110 бб.].

Жалпы алғанда 1959-1989 жылдардағы санақ аралығында аймақ бойынша қазақтардың үлесі 71,2%-тен 79,7%-ке өссе, орыстар 17,8%-тен 10,8%-ке, татарлар 1,5%-тен 0,9%-ке, украиндар 9,6%-тен 4,7%-ке, өзге ұлт өкілдері 4,2%-тен 3,4%-ке түсіп, белорустар ғана 0,5 %-тік үлесін сақтап қалды. Аймақ бойынша ауыл халқының ұлттық құрамы төмендегідей болды:

Аймақ ауыл халқының ұлттық құрамы [9, 43,71,103,151 бб; 10, 43,44,67,68,103,104,107,108 бб.].

Ұлттар	1959 ж.		1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.	
	Саны	Үлесі%	Саны	Үлесі%	Саны	Үлесі%	Саны	Үлесі %
Қазақ	441 559	66,3	586280	70,9	668137	75,3	720 700	79,7
Орыс	110 632	17,8	130058	15,7	116349	13,1	97 845	10,8
Белорус	2 831	0,5	6 845	0,8	5 724	0,6	4 454	0,5
Татар	9 501	1,5	11 143	1,3	10 214	1,1	8 443	0,9
Украин	59 607	9,7	61 277	7,4	52 991	6,0	42 212	4,7
Басқалар	26 330	4,2	31 854	3,9	34 189	3,9	30 455	3,4
Барлығы	620 460	100,0	827457	100,0	887604	100,0	904 109	100

1959-1970 жылдардағы санақ аралығында күшті табиғи өсім мен механикалық өсім нәтижесінде аймақтағы барлық саны басым ұлттардың саны ұлғаяды. Аймақ бойынша қазақтар 144 721 адамға, орыстар 19 426 адамға, белорустар 4 014 адамға, татарлар 1 642 адамға, украиндар 1 670 адамға, басқа ұлттар 5 524 адамға ұлғаяды. Бұл өнеркәсіп құрылысы, тың және тыңайған жерлерді игеру науқандары нәтижелерінде қол жеткізілген жетістіктер болатын. Алайда 1970-1979 жылдардағы санақ аралығынан өзге ұлт өкілдері санының азаю үдерісі басталады. Бұл аралықта қазақтар 81 857 адамға өскенімен, орыстар 13709 адамға, белорустар 1 121 адамға, татарлар 929 адамға, украиндар 8 286 адамға азайып, тек қалған ұлттар ғана 2 335 адамға көбейеді. Ал елдегі демографиялық дағдарыстар басталған 1979-1989 жылдардағы санақ кезеңінде тек қазақтар ғана 52 563 адамға ұлғайып, басқа ұлттар санының күрт азаюы байқалады. Оның ішінде орыстар 18 504 адамға, белорустар 1 270 адамға, татарлар 1 771 адамға, украиндар 10 779 адамға, басқалар 3 734 адамға азаяды. Сонымен 1970 жылғы санақтан бастап ауыл халқының жалпы өсімі негізінен жергілікті халық қазақтардың ғана есебінен болып отырды деп айта аламыз.

Облыстар бойынша қазақтардың жоғары үлесі Маңғыстау (98,91%) және Гурьев (95,33%) облыстарында болды. Ақтөбе облысында 58,0%-тен 73,64 %-ке, Батыс Қазақстан облысында 61,8%-тен 76,11%-ке өсті. Аймақ бойынша орыстардың басым көпшілігі Батыс Қазақстан облысында болғанымен, бірақ 26,4%-тен 15,95%-ке кеміді. Сол сияқты Ақтөбе облысында 13,4%-тен 10,07%-ке, Гурьевте 7,5%-тен 3,54%-ке, Маңғыстауда 1970-жылғы 1,98%-тен 0,68%-ке түсті. Украиндардың үлесі екі есе дерлік, немесе Ақтөбеде 17,4 %-тен 8,45 %-ке, Батыс Қазақстан облысында 7,4%-тен 3,73%-ке, түсті. Қалған екі облыста украиндардың үлесі мардымсыз ғана болды. Татарлар Ақтөбе облысында 1,5%-тен 1,07%-ке, Батыс Қазақстан облысында 2,1%-тен 1,24%-ке түсті. Қалған ұлт өкілдерінің салмағы мардымсыз болды.

XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы демографиялық дамудағы қолайлы жағдайлар тұсында ауыл халқының әлеуметтік құрамы өзгерістерінің өзіндік ерекшеліктері болды. 1920-1930 жылдар шеңберінде қалыптасқан жұмысшылар, ұжымшаршылар және қызметкерлер деген үш әлеуметтік топ кейінгі кезеңде өз дамуын жалғастырды. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзгерістер, индустриялық даму ауыл халқының әлеуметтік құрамындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің үлесін ұлғайтып, ұжымшаршылардың саны азайып отырды. Соғыстан кейінгі кезеңдерде жүргізіліп, жарық көрген бүкілодақтық халық санағы материалдарында республика бойынша халықтың әлеуметтік құрамы туралы мәліметтер жұтаң болуымен сипатталады. Тек халықты өмір сүру көздері бойынша бөлу басым сипатқа ие болған. Халықтың әлеуметтік құрамына қатысты мәліметтер мұрағат қорларындағы санақ материалдарында кездеседі. Сондай-ақ 1989-жылғы жарық көрген халық санағы материалдарында халықтың әлеуметтік құрамы мен қоғамдық топтарға бөлінісі туралы мәліметтер кездеседі.

Кеңестік кезеңде халықтың әлеуметтік құрамында негізінен жұмысшылар, ұжымшаршылар және қызметкерлер деген үш топ болды. Зерттеушілер кеңес дәуіріндегі әлеуметтік құрылымды зерттеуде таптық принцип негізге алынғанын, негізгі әлеуметтік қауымдастықтар деп екі тап пен бір топ есептелінгендігін атай отырып, үш лагерлі құрылымға негізделген әлеуметтік құрылымның бірнеше ішкі жіктік топтарға бөлінетіндігін көрсетеді. Үш лагерлі құрылымға жұмысшы табын, ұжымшар еңбеккерлерін және санақ материалдарында қызметкерлер деген топқа біріктірілген, интеллигенция тобын келтіреді [11, 108 б.].

Санақ материалдарында халықтың әлеуметтік құрамы жұмысшылар, қызметкерлер, ұжымшаршылармен қатар кооперацияланған қолөнершілер, жекеше шаруалар, кооперацияланбаған қолөнершілер, ерікті кәсіп иелері, дін қызметкері, қоғамдық тобын көрсетпегендер деген қоғамдық топтар да көрсетілді. Халықтың басым көпшілігіне негізінен жұмысшылар, қызметкерлер және колхозшылар жатты. 1959-жылғы санақ мәліметтері бойынша халықтың әлеуметтік құрамы және қоғамдық топтарға бөлінісін алып қарастырар болсақ төмендегідей жағдайларды байқауға болады. 1959-жылғы халық санағы бойынша Ақтөбе облысында жұмысшылар деген қоғамдық топқа 103 267 адам жатқызылған немесе олар барлық

халықтың 45,6%-н құраған. Ал қызметкерлер 40 705 адам немес 17,8% болса, ұжымшаршылар 81 639 адам немесе 36,0% болды. Ал қалған қоғамдық топтардың үлес салмағы мардымсыз болды [12, 10 б.]. Қоғамдық топтар бойынша халық шаруашылығы салалары бойынша жұмыс жасайтын барлық ауыл халқы Ақтөбе облысы бойынша 90 055 адам болды. Оның ішінде жұмысшылар 38 507 адам, қызметкерлер 14 171 адам, ұжымшаршылар 36 297 адам болды. Сондай-ақ кооперацияланған қолөнершілер 433 адам болды [13, 116.]. Халық шаруашылығының салалары бойынша жұмысшылардың басым бөлігі (20 943 адам) совхоздарда жұмыс жасаса, сондай-ақ көлікте (4 197 адам) және ауыл шаруашылығының басқа да мекемелері мен ұйымдарында (4 114 адам) жұмыс жасады. Қызметкерлердің басым көпшілігі оқу-ағарту саласында (3 534 адам), басқару саласында (1 141 адам), совхоздарда (1 882 адам) және сауда мен қоғамдық тамақтандыру салаларында жұмыс жасады. Ұжымшаршылар негізінен ұжымшарларда (35 894 адам) жұмыс жасады. Ал кооперацияланған қолөнершілер болса өнеркәсіп саласында жұмыс жасады [13, 11 б.].

Қоғамдық топтарды ұлттар бойынша бөлінісі негізінде қарастырсақ, ауыл халқы бойынша барлық жұмысшылардың 18,4%-н орыстар, 48,6%-н қазақтар, 17,0%-н украиндар, 9,1%-н немістер, 2,3%-н татарлар құрады. Қызметкерлердің 25,5%-н орыстар, 44,5%-н қазақтар, 22,3%-н украиндар, 2,5%-н немістер, 2,4%-н татарлар құрады. Ұжымшаршылардың 7,6%-н орыстар, 61,1%-н қазақтар, 21,2%-н украиндар, 6,3%-н немістер құрады [14, 6-8 бб.].

Халық санақтарында еңбекке қабілетті халық өмір сүру көздері бойынша да бөлініп отырды. 1979-жылғы халық санағы бойынша еңбекке қабілетті жастағы халыққа 16-59 жастағы ерлер мен 16-54 жастағы әйелдер жатқызылды. 1979-жылғы халық санағы бойынша Ақтөбе облысы ауыл халқының барлық еңбекке қабілетті жастағы халқы 158 291 адам болды. Оның ішінде жұмыспен қамтылғандар 85,9 %, жеке шаруашылықтарында жұмыс жасайтындар 0,5%, қалғандары стипендиаттар, зейнеткерлер, қамқорлықтағылар болды. Сондай-ақ басқа өмір сүру көздерін көрсеткендер де болды. Гурьев облысы бойынша еңбекке қабілетті жастағылар 68 681 адам болса, олардың 82,0%-і еңбекпен қамтылды. Жеке еңбек іс-әрекетімен айналысатындардың саны аз ғана болып, қалғандары стипендиаттар, зейнеткерлер мен қамқорлықтағылар болды. Маңғыстау облысының ауыл халқында еңбекке қабілеттілер 16 465 адам оның ішінде жұмыспен қамтылғандар 89,9% болды. Орал облысы бойынша еңбекке қабілетті жастағылар 178 580 адам, оның еңбекпен қамтылғаны 84,8% болды. Жеке қосалқы шаруашылықтарында жұмыс жасайтындардың үлесі 0,8% болса, қалғандарының үлесі 14,4% болды [15, 338-348 бб.].

Ауыл халқының әлеуметтік құрамына сәйкес еңбекпен қамтылуы ағымдағы есептеулерде де көрініп отырды. 1989-жылдың 1-қаңтары мен 1990-жылдың 1-қаңтары аралығында Ақтөбе облысындағы ұжымшаршылардың шаруашылықтары 12 089-дан 11 801-ге азайса, жұмысшылар мен қызметкерлердің шаруашылықтары 63 891-ден 66 020-ға көбейген. Сондай-ақ елде жеке іс-әрекетпен және шаруа қожалығымен айналысуға рұқсат етілгеннен кейін жеке шаруашылықпен айналысатын халықтың жаңа тобы пайда болды. Мысалы, Ақтөбе қалалық кеңесінде 105 адам жеке іс-әрекетпен айналысса, Ақтөбе ауданында екі шаруашылық шаруа қожалығымен айналысты [16, 5-6 бб.].

1989-жылғы санақ мәліметтерінен аймақ ауыл халқы құрылымында жұмысшылардың, қызметкерлер санының ұлғайғанын, ұжымшаршылар санының азайғанын көреміз. Ақтөбе облысының барлық ауыл халқының жұмысшылар 66,5%-н, қызметкерлер 18,7%-н, ұжымшаршылар 14,5%-н құраса, жеке іс-әрекетпен айналысатындар, әлеуметтік тобын көрсетпегендер және дін қызметкерлері 0,3%-ті ғана құрады. Гурьев облысында жұмысшылар барлық ауыл халқының 72,4%-н, қызметкерлер 21,43%-н, ұжымшаршылар 6,1%-н, басқалары 0,07%-н ғана құрады. Маңғыстау облысында жұмысшылар барлық ауыл халқының 78,0%-н, қызметкерлер 20,5%-н, ұжымшаршылар 1,5%-н ғана құрап, басқа әлеуметтік топтардың үлесі тіпті аз болды. Батыс Қазақстан облысы бойынша жұмысшылар 68,5%-н, қызметкерлер 20,3%-н, ұжымшаршылар 11,1%-н, басқалар 0,1%-н құрады [17, 11 б.]. Ұжымшаршылар санының азаю себептерінің бірі кеңшарлардың пайда болуы және ұжымшарлардың кеңшарларға айналдырылуынан ұжымшар мүшелерінің жұмысшылар болып есептелуінен болды.

Ауыл халқының қоғамдық топтарының өмір сүру көздері бойынша бөлінісінде еңбекпен қамтылған барлық халық Ақтөбе облысы бойынша 140 710 адам, оның ішінде жұмысшылар 86 637, қызметкерлер 34 142, ұжымшаршылар 19 655 адам, басқалар 276 адам болды. Еңбекпен қамтылған барлық халықтың 3 574 адамы жеке көмекші шаруашылықтарда еңбек ететіндер болды. Гурьев облысы бойынша ауыл халқының еңбекпен қамтылғаны 71 069 адам, оның ішінде жұмысшылар 49 927, қызметкерлер 17 624, ұжымшаршылар 3 454, басқалар 64 адам болды. Жеке қосалқы шаруашылықта еңбек ететіндер 167 адам болды. Маңғыстау облысында еңбекпен қамтылған ауыл халқы 14 335 адам, оның ішінде жұмысшылар 10 966,

қызметкерлер 3 170, ұжымшаршылар 193, басқалары 6 адам ғана болды. Батыс Қазақстан облысы бойынша еңбекпен қамтылған ауыл халқы 155 626 адам, оның ішінде жұмысшылар 99 308, қызметкерлер 39 902, ұжымшаршылар 16 757 адам, жеке қосалқы шаруашылықта еңбек ететіндер 4 483 адам болды [17, 24 б.].

Сонымен ХХ ғасырдың 50-80 жылдары аймақ ауыл халқының ұлттық құрамында өткен кезеңдермен салыстырғанда жергілікті халықтың саны мен үлес салмағының ұлғаюымен ерекшеленетін өзгерістер орын алды. Бұған дейінгі кезеңде үнемі саны, мен үлес салмағы азайып келген жергілікті халық өкілдері күшті табиғи өсіммен, өзге ұлттар санының азаюы есебінен саны мен үлесі көбейді. Ұлттық құрамның өзгерісінде де екі кезеңді бөліп көрсетуге болады. Бұл бірінші 1950-1960 жылдар аймақтағы барлық ұлт өкілдері санының қарқынмен өсуі. Бұл табиғи және көші-қондық өсімнің нәтижесінде қол жеткізілген табыстар болатын. Алайда 1970-1979 жылдардағы санақ аралығында-ақ аймақтағы басқа ұлттар санының азаю үдерісі басталды. Сондай-ақ елдегі демографиялық дағдарыстар орын алған 1979-1989 жылдардағы санақ аралығында халық саны тек қазақтардың есебінен ғана өсті. Өйткені бұл аралықта бірде-бір халықтың саны көбейген жоқ. Сөйтіп 1970-жылдардан бастап халық санының өсімі жергілікті халықтың есебінен болып отырды деп айта аламыз.

Сонымен қатар ауыл халқының әлеуметтік құрамы ұжымшаршылар санының азаюымен, жұмысшылар санының ұлғаюымен ерекшеленді. Ауылды елді-мекендердің шаруашылық құрылымындағы өзгерістер ауыл халқының құрамында жұмысшылар мен қызметкерлер үлесінің ұлғаюына әкелді. Оның басты себептерінің бірі ұжымшарлардың кеңшарларға айналдырылуы болды. Сондай-ақ жеке шаруашылықпен айналысатын халықтың жаңа топтары да пайда болды. Сонымен қатар ауыл халқы санының азаюы, механикалық қозғалыстардағы теріс айырымдар да ауылдардағы еңбек ресурстарының азаюына ықпал етті. Бұл өз кезегінде ауыл халқының әлеуметтік құрамының сапалы өзгерістеріне кері әсер етіп отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Из истории поляков в Казахстане (1939-1956 гг.). Сборник документов. – Алматы: Казахстан, 2000. – 344 с.*
- 2 *Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі-АқОММ), 13-қор, 24-тізбе, 247-іс.*
- 3 *АқОММ, 13-қор, 28-тізбе, 39-іс.*
- 4 *АқОММ, 13-қор, 23-тізбе, 191-іс.*
- 5 *АқОММ, 13-қор, 28-тізбе, 99-іс.*
- 6 *АқОММ, 13-қор, 30-тізбе, 178-іс.*
- 7 *Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі-БҚОММ), 693-қор, 27-тізбе, 293-іс.*
- 8 *БҚОММ, 37-қор, 25-тізбе, 24-іс.*
- 9 *Қазақстан Республикасындағы 1999 жылғы халық санағы қорытындылары. 1 том. – Алматы, 2000. – 199 б.*
- 10 *Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. – Москва, 1962. – 168 с.*
- 11 *Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939 – 1959 жылдар). – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.*
- 12 *АқОММ, 1752-қор, 3-тізбе, 125-іс.*
- 13 *АқОММ, 1752-қор, 3-тізбе, 123-іс.*
- 14 *АқОММ, 1752-қор, 3-тізбе, 132-іс.*
- 15 *Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 года по Казахской ССР. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 396 с.*
- 16 *АқОММ, 85-қор, 6-тізбе, 1304-іс.*
- 17 *Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 года. Распределение населения Республики Казахстан и областей по общественным группам. – Алма-Ата: РИИЦ, 1992. – 48 с.*

References:

- 1 history of Polyakov in Kazakhstan (1939-1956). "I'm sorry," he said. - Алматы: Kazakhstan, 2000. - 344 P.
- 2 Aktobe Regional State Archive (hereinafter referred to as Akgom), fund 13, List 24, case 247.
- 3 ACM, fund 13, List 28, case 39.
- 4 ACM, fund 13, List 23, case 191.
- 5 ACM, 13-Fund, 28-list, 99-case.
- 6 ACS, 13-fund, 30-list, 178-case.

7 West Kazakhstan regional state archive (hereinafter referred to as the WKOM), fund 693, list 27, case 293.
8 ZKOM, 37-fund, 25-list, 24-case.

9 results of the 1999 census of the Republic of Kazakhstan. Volume 1. - Almaty, 2000. - 199 P.

10 the results of the all-important migration of the population in 1959. Kazakh SSR. Moscow, 1962. - 168 P.

11 Asylbekov M. H., Kudaibergenova A. I. socio-demographic situation of the population of Kazakhstan (1939-1959). Almaty: civilization, 2005. - 160 P.

12 ACM, fund 1752, list 3, case 125.

13 ACM, fund 1752, list 3, case 123.

14 ACM, fund 1752, list 3, case 132.

15 the results of the All-Inclusive transfer of the population of the Kazakh SSR in 1979. - Alma-Ata: Kazakhstan, 1981. - 396 P.

16 Aksom, fund 85, list 6, case 1304.

17 results of the all-encompassing migration of the population in 1989. Distribution of the population of the Republic of Kazakhstan and the region to public groups. - Alma-Ata: RИПТЗ, 1992. - 48 p.

УДК 314.182

ГРНТИ 03.00.20

А.У. Ермагамбетова¹, Е.А. Мырзағалиев²

¹т.ғ.к., қоғамдастырылған профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, магистранты, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ (XIX ғ. II жартысы)

Аңдатпа

Мақалада XIX ғ. II жартысындағы Батыс Қазақстан аймағындағы қалаларда демографиялық көші-қон үрдісі және оның аймақтың саяси-экономикалық дамуындағы үлесі қарастырылады.

Батыс Қазақстан тұрғын халқы саны жөнінен (1142384 адам) Оңтүстік Қазақстаннан (1499201 адам) кейінгі тығыз қоныстанған аймақ болып есептелді. Батыс Қазақстан халқының саны өлкедегі тұрғындардың 27,54%-ын құрады.

XIX ғасырдың соңына қарай Батыс Қазақстандағы қала халқының саны айтарлықтай көп болған жоқ, әсіресе қазақ халқының қалаға шаққандағы үлесі тым төмен болды. Қала халқының негізгі бөлігін славян этносы құрады, сонымен бірге аймақтағы қалаларда татарлардың саны артты

Түйін сөздер: миграция, демографиялық ахуал, Батыс Қазақстан, қоныс аудару, санақ, әлеуметтік құрам.

А.У. Ермагамбетова¹, Е.А. Мырзағалиев²

¹к.и.н., ассоциированный профессор, Атырауский государственный университет им. Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

²магистрант Атырауского государственного университета им. Х.Досмұхамедова г. Атырау, Республика Казахстан

ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА ВО II ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Аннотация

В статье анализируется миграция и демографическая ситуация население Западного Казахстана во второй половине XIX века. Рассматриваются факторы, влияющие на рост населения, механизмы регулирования внутренней и внешней миграции.

В рассматриваемый период население Западного региона Казахстана по численности (1142384 человек) был густонаселенным после Южного Казахстана (1499201 человек). Жители Западного Казахстана составлял 27,54% всего населения края.

К концу девятнадцатого века население города в Западном Казахстане было относительно небольшим, особенно с небольшой долей казахского населения в городе. Большинство городского населения составляют славянские этнические группы, а также растет число татар в городах региона.

Ключевые слова: миграция, демографическая ситуация, Западный Казахстан, переселение, перепись, социальный состав.

A.U. Yermagambetova¹, E.A. Myrzagaliev²

¹ Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Atyrau State University named after H.Dosmukhamedov, City Atyrau, Republic of Kazakhstan

² magnitnant of Atyrau State University named after H.Dosmukhamedov, City Atyrau, Republic of Kazakhstan

THE DEMOGRAPHIC SITUATION IN THE WESTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE NINETEENTH CENTURY

Abstract

The article analyzes the migration and demographic situation of the population of Western Kazakhstan in the second half of the nineteenth century. Factors affecting population growth, mechanisms for regulating internal and external migration are considered.

При составлении топографического плана могильника обнаружено, что среди погребальных конструкций в центральной и северо-западной части имеется более 10 недавно вскрытых погребальных камер. Характер раскопов позволяет считать эти раскопы грабительскими. В ходе исследований было решено дочистить полностью две из таких погребальных конструкций.

Ограда 22 расположена в центральной части могильника в 12 м к северо-западу от ограды 21. В отличие от других ограбленных могил погребение в ограде 22 было вскрыто почти полностью по всему периметру. В отвале близ могилы были обнаружены фрагменты костей скелета, отдельные зубы нижней челюсти и бронзовые бусы.

Ограда представляла округлую каменную конструкцию диаметром 4,8 м, составленную из крупных плит, вкопанных на ребро (рис. 3: 1). Большинство плит ограды зафиксированы поваленными внутрь. В ее центре был сооружен прямоугольный каменный ящик, размерами 2,25х1 м, ориентированный по оси запад – восток. В заполнении могильной ямы у дна встречались фрагменты костей скелета, бронзовые бусы, нашивные бляшки, фрагмент браслета со спиралевидным окончанием и две каменные крышки, которыми накрывалась посуда. На дне могилы (2х1,05х1,85х0,9 м) на глубине 95 см отмечены фрагменты косных останков погребенного.

Ограда 23 расположена в северной части могильника. Конструкция округлой формы, диаметром ~6 м, сложена из крупных и средних каменных плит, вкопанных вертикально, либо массивных камней, уложенных на уровень древней поверхности (рис. 3: 2). Погребение в ограде 23 представляло собой каменный ящик, размерами 2,1х1 м, ориентированный по оси запад – восток и сложенный из 4 массивных плит, вкопанных на ребро. Заполнение могильной ямы - смешанный грунт суглинка с крупными и мелкими фрагментами плит перекрытия, найдены отдельные кости скелета, фрагменты бронзовых бусин и отдельных металлических пластин. Костные останки и вещевой материал на дне могилы (1,8х0,95х0,51 м) отсутствовали.

Погребальные конструкции могильника Кожабала-I находят свои аналогии как в материалах Жетысу, так и Центрального Казахстана. Наиболее близки конструкциям цепочек оград погребальные сооружения известных комплексов в системе Шуилийских гор из урочищ Ой-Джайляу и Тамгалы [2, с. 3-28]. По характеру надмогильных сооружений они также схожи с материалами могильников Айшрак, Былкылдык I, Шет I из Центрального Казахстана [3, с. 95, 107, 117; 4, с. 86-89]. Все указанные памятники со сложными конструкциями каменных оград относятся специалистами к алакульской культурной традиции. Однако в материалах могильника Кожабала-I регулярно встречается традиция захоронения трупа и кремированных останков в одной могиле. На территории Жетысу она более известна в памятниках федоровско-нуринской культурной традиции андроновской общности [5, рис.13]. Подобные традиции известны в памятниках эпохи бронзы в памятниках степной зоны Центральной Азии [6, с. 109].

Устройство курганов-оград с округлой кольцевой выкладкой известны в материалах Жетысу среди могильников урочищ Ой-Джайляу (Ой-Джайляу-VII и IX) и Тамгалы (Тамгалы-I и IV) в Шуилийских горах, в андроновских погребальных комплексах северных склонов Илейского Алатау (Кызылбулак-I) и долины реки Коксу (Куйган-II и Талапты-II). Данные памятники содержат материалы преимущественно федоровской культурной традиции региона [2, с. 6, рис. 3: 6; 7, с. 11,13,15,29,30; 9, с. 88, рис.3; 8, с.15-17]. Аналогии надмогильным конструкциям подобных курганов-оград имеются в погребальных комплексах федоровско-нуринского этапа эпохи бронзы Центрального Казахстана – Карасай, Ботакара, Былкылдык II, Айшрак, Койшоқы II [3, с. 90, 98, 117; 4, с. 78, 82].

Вещевой материал могильника Кожабала-I, несмотря на фрагментарность, достаточно разнообразен. В материалах древних захоронений отмечены пастовые и бронзовые бусы, нашивные бляшки различных форм, фрагменты бронзовых браслетов, наконечников и керамика. Пастовые бусы (25) встречаются в каждой погребальной конструкции, изготовлены из глины и состоят из двух-шести секций, ребристого типа овальной формы. Размеры бусин 0,5-1,3 см в длину и 0,3 см по диаметру внутреннего сечения (рис. 4: 1). Бронзовые бусы (121) округлой или битреугольной формы изготовлены из проволоки, толщиной 3мм. Диаметр бусин до 1 см, размеры внутренней овальной окружности 0,4-0,5x0,3 см (рис. 4: 2-6).

Бронзовые нашивные бляшки (14) отмечены во всех крупных погребальных конструкциях (рис. 4: 7-20). Они изготовлены из узкого бронзового листа прямоугольного в сечении, толщиной 0,1см и имеют разнообразные формы – округлые (1), прямоугольные (2), овальные, украшенные точечным орнаментом (2), стреловидные (2) и фигурные (7). Длина бляшек от 2,5 см до 3,8 см, ширина 1-1,8 см. В верхней части, как правило, бляшки имеют отверстие, диаметром 2-3мм, для пришивания к материи. Большинство из них были деталям шейных, нагрудных, наконечников украшений и обуви [9, с. 125-126; 10, рис. 48, 49]. Среди украшений были обнаружены в разграбленном погребении ограды 22 фрагменты бронзового браслета со спиралевидными окончаниями (рис. 4: 21). Подобные браслеты являются ярким атрибутом племен андроновской культурно-исторической общности [9, с. 68-69]. Высокие спиралевидные окончания по мнению специалистов более характерны для федоровской культурной традиции [10, с. 152, рис.148].

Керамическая посуда в новых материалах могильника представлена 12 целыми или восстанавливаемыми графически сосудами и фрагментами отдельных частей еще 3 сосудов (рис. 5, 6). Вся посуда лепная, широкогорлая, плоскодонная изготовлена из глины хорошей отмучки с примесью мелкого речного песка и органическими добавками. Обжиг неравномерный, костровой. Тесто на изломе, как правило темно-серого или грязно-кирпичного цвета. Среди керамики встречаются широко распространенные сосуды баночных форм (рис. 5: 1-3). Горшковидные сосуды демонстрируют разнообразие форм профилировки, найдены как остросереберные, так и горшки с уступчиком по плечу (рис. 5: 4-7). Подобная посуда ближе к алакульско-атасуской группе керамики. На регулярной основе обнаруживается посуда с плавно профилированным плечиком чаще известная в федоровских погребальных комплексах (рис. 4: 8, 9). Среди них выделяются фрагменты одного орнаментированного сосуда из погребения в ограде 15 (рис. 6).

Орнамент на сохранившихся фрагментах сосуда построен в три яруса, которые отделены друг от друга желобчатой линией. Полоса орнамента верхнего регистра составлена из прямоугольных треугольников, выполненных штампом. Полоса орнамента среднего регистра приходится на шейку сосуда и состоит из двух рядов треугольников, обращенных вершинами друг другу и отстоящих друг от друга таким образом, что между ними возникает зигзагообразная дорожка. Третья полоса декора нижнего регистра расположена на плечике сосуда и представлена трехлинейными дорожкой и меандровой полосой, выполненных точечным штампом. Подобная орнаментальная традиция характерна для алакульских комплексов как Жетысу [8, с. 5-15], так и Центрального Казахстана [3, с. 115].

Анализы почвы, обнаруженной в керамической посуде (11 образцов), в лаборатории ИГН им. К.И. Сатпаева (д.г.н. С.А. Нигматова) показали отсутствие в ней растительной пищи. Их палинологическое изучение позволило предположить, что в горшках из могильника Кожабала-I, возможно, находилась жидкость (вода, молоко или бульон). Подобная деталь погребальной обрядности, на наш взгляд, характеризует хозяйственную специализацию древнего населения данного микрорайона как скотоводов.

В прежних публикациях могильник Кожабала-I датировался позднефедоровским этапом, а хронологический период функционирования памятников этого круга относился к рубежу XIII-XII вв. до н.э. [2, с. 27-31]. Однако новая периодизация погребальных комплексов федоровской культурной традиции, полученная на основе радиоуглеродных анализов захоронений горной зоны Заилийского Алатау, удревняет хронологические рамки эпохи на территории южных регионов Казахстана в пределах XIX – рубежа XIV-XIII вв. до н.э. [5, с. 112-113, таблицы 1; 2]. Полученные данные радиоуглеродного анализа из отдельных погребений цепочек каменных конструкций могильника позволяют уточнить время существования некоторых погребальных традиций.

Код	Конвенциональный возраст	±	F14C	±	Календарный возраст (до н.э. – н.э.) (калиброванный)	Памятник и адрес	Материал
JKaz-04	3657	30	0.6343	0.0023	2136-1946 cal BC (95.4%)	Могильник Кожабала-1. Ограда 19. Погр. 1. Фр. длинных костей скелета.	Кость
JKaz-07	3577	30	0.6407	0.0024	2026-1877 cal BC (91.9%)	Могильник Кожабала-1. Ограда 21. Погр. 5. Фр. длинных костей скелета	Кость
					1841-1824 cal BC (2.3%)		
					1794-1783 cal BC (1.2%)		
					1812-1803 (1.4%) cal BC		
					1777-1663 (86.6%) cal BC		

Таблица 1 – Результаты радиоуглеродного анализа из могильника Кожабала-I.

Эти данные удревняют материалы предполагаемого начала функционирования могильника Кожабала-I до рубежа XX-XIX вв. до н.э., что подтверждается датировкой поселений и могильников северных склонов Илейского Алатау [5, табл. 1, 2].

Таким образом, основываясь на результатах археологических исследований региона, развитие могильника Кожабала-I мы можем связывать с процессом интенсивных контактов групп племен Жетысу и Центрального Казахстана, усвоивших как алакульские, так и федоровские традиции андроновской культурно-исторической общности. Полученные материалы позволяют выделить два этапа в функционировании памятника – XIX-XVI вв. до н.э. и XIV-XIII вв. до н.э. На первом этапе его существования в начале II тыс. до н.э. древние жители микрорайона устраивали погребальные конструкции в виде семейно-родовых цепочек каменных оград, представляющих смешанные алакульско-федоровские культурные традиции андроновской общности. Причем доминирующими представляются алакульско-атасуские комплексы погребальной обрядности и вещевого материала, более известных у центрально-казахстанских племен. К середине этого же тысячелетия они сменяются на превалирование федоровско-нуринских традиций погребальных комплексов, характерных для населения бронзового века северных склонов Илейского Алатау.

Список использованной литературы:

1. Ковтун И.В. Андроновский могильник Кожа-Бала // *Археология, этнография и музейное дело. Кемерово: Никалс, 1999. – С. 27–31.*
2. Горячев А.А. О погребальных традициях племен эпохи бронзы Шулийских гор // *Известия НАН РК. Серия обществ. и гум. наук. 2013. № 3. – С. 3–28.*

3. Маргулан А.Х., Акишев А.К., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. –436 с.
4. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 250 с.
5. Гасс А., Горячев А.А. К вопросу о типологии и хронологии могильников эпохи бронзы в высокогорной зоне Заилийского Алатау // Вестник НГУ. Серия история, филология. 2016. Т. 15, № 5. – С. 85-123.
6. Молодин В.И. Бараба в эпоху бронзы. – Новосибирск: Наука, 1985. –200 с.
7. Рогожинский А.Е. Могильники эпохи бронзы урочища Тамгалы // История и археология Семиречья. Алматы: Фонд «XXI век», 1999. – С.7–43
8. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Вопросы периодизации и хронологии памятников эпохи бронзы Семиречья // РА. 1993. № 1. – С. 5–19.
9. Аванесова Н.А. Культура пастушеских племен эпохи бронзы азиатской части СССР (по металлическим изделиям). – Ташкент: Изд-во «ФАН», 1991. – 200 с.
10. Усманова Э.Р. Костюм женщины эпохи бронзы Казахстана. Караганда-Лисаковск: [б.и.], 2010. – 176 с.

References:

1. Kovtun I. V. Andronovsky mogilnik Kozha-Bala / / Archeology, ethnography and museum business. Kemerovo: Nikals, 1999. - pp. 27-31.
2. Goryachev A. A. On the burial traditions of the tribes of the Bronze Age of the Shuili Mountains / / Izvestiya NAS RK. A series of societies. and gum. nauk. 2013. No. 3. - p. 3-28.
3. Margulan A. Kh., Akishev A. K., Kadyrbayev M. K., Orazbayev A.M. Ancient culture of Central Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, 1966. -436 p.
4. Kadyrbayev M. K., Kurmankulov J. Culture of ancient cattle breeders and metallurgists of Sary-Arka. - Alma-Ata: Gylym, 1992. - 250 p.
5. Gass A., Goryachev A. A. On the typology and chronology of Bronze Age burial grounds in the high-mountain zone of the Trans-Ili Alatau // Bulletin of the NSU. History, Philology series. 2016. Vol. 15, no. 5. - pp. 85-123.
6. Molodin V. I. Baraba in the Bronze Age. - Novosibirsk: Nauka, 1985. -200 p.
7. Rogozhinsky A. E. Burial grounds of the Bronze Age of the Tamgaly tract // History and archeology of Semirechye. Almaty: Foundation "XXI century", 1999. - p. 7-43
8. Maryashev A. N., Goryachev A. A. Questions of periodization and chronology of monuments of the Bronze age of Semirechye // RA. 1993. No. 1. - p. 5-19.
9. Avanesova N. A. Culture of pastoral tribes of the Bronze Age of the Asian part of the USSR (on metal products). - Tashkent: FAN Publishing House, 1991. - 200 p.
10. Usmanova E. R. Costume of a woman of the Bronze Age of Kazakhstan. Karaganda-Lisakovsk: [b. i.], 2010. -176 p.




Рис. 1. Археологические памятники урочища Кожабала: 1 – урочище Кожабала на космоснимке; 2 – могильник Кожабала-I на аэрофото; 3 – топографический план могильника Кожабала-I.




Рис. 2. Цепочки каменных оград эпохи бронзы могильника Кожабала-I: 1 – план раскопа оград 15-20; 2 – план раскопа ограды 21.




Рис. 3. Планы раскопов курганов-оград эпохи бронзы могильника Кожабала-I:
1 – курган 22; 2 – курган 23.




Рис. 4. Бронзовые изделия и пастовые бусины из погребений эпохи бронзы могильника Кожабала-I:
1 – пастовые бусины; 2-6 – бронзовые бусы; 7-20 – нашивные бляшки;
21 – фрагменты бронзового браслета.




Рис. 5. Керамическая посуда эпохи бронзы из могильника Кожабала-I.



Рис. 6. Фрагмент орнаментированного керамического сосуда эпохи бронзы из погребения в ограде 15 могильника Кожабала-I.

УДК 378
МРНТИ 03.20

Б.Қ. Исабек¹, Е.С. Шаланов²

¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, профессор м.а.
Шымкент қ., E-mail: barsha73@mail.

² Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2 курс докторанты,
Шымкент қ., E-mail:sake.82@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫ

Аңдатпа

XX ғасырдың 30-50 жылдары Қазақстанға қоныс аударту үрдісі ұйымдасқан және күштеу-мәжбүрлеу түрінде басталды. Халықтарды жазықсыз жер аудару мәселелері кеңестік кезеңде құпия сақталып келді. XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында ғана тарихтағы «ақтандақтар» мәселелері зерттеле бастады. Сондай мәселелер қатарында жазықсыз күштеп жер аударылған халықтар мен олардың тағдыры болды. Күштеп қоныс аударылған, бүгінде екінші отанында тұрақтап қалған басқа ұлт өкілдерінің өткен тарихының көлеңкелі тұстарының беттері ашылды. 1930 жылдардың ортасынан бастап Қазақстан аумағына жоспарлы түрде күштеп көшіру жұмыстары жүргізілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тұрғындарды күштеп көшіру Сталиндік қуғын-сүргіннің құрамдас бір бөлігіне айналды. Мақалада Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы және соғыс уақытындағы тұтастай халықтарды күштеп қоныс аудару және депортацияланған халықтар сенімсіз сатқын этностар қатарына жатқызылғаны қарастырылады. Бұндай саясаттың құрбандары болған халықтар: кәріс, неміс, поляк, армян, әзірбайжан, грек, қалмақ, қарашай, ингуш, шешен, балқар, қырым татарлары, түріктер т.б. болды.

Түйін сөздер: депортация, жазықсыз жер аудару, саясат, халықтар, тарих.

Исабек Б.Қ.¹, Шаланов Е.С.²

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, и.о. профессора
г. Шымкент, E-mail: barsha73@mail.

² Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
г. Шымкент, докторант 2 курса, E-mail:sake.82@mail.ru

ИСТОРИЯ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В 30-50-е годы XX века процесс выселения народов в Казахстан начался в принудительном и организованном порядке. Вопросы принудительного переселения народов в советский период держались в тайне. Только в конце 80-х годов XX века начали изучать проблемы «белых пятен» в истории. В числе таких проблем были принудительное переселение народов и их судьбы. Были раскрыты страницы теневой истории прошлого представителей других национальностей, которые были насильственно переселены в Казахстан. С середины 1930-х годов были проведены планомерные работы по принудительному переселению на территорию Казахстана. В годы Великой Отечественной войны насильственная эвакуация населения стала составной частью сталинских репрессий. В статье рассматривается, что депортация народов в целом, в преддверии Великой Отечественной войны и в военное время, отнесены к числу значительного изменения количества этносов. Жертвами такой политики стали народы: корейские, немецкие, польские, армянские, азербайджанские, греческие, калмыкские, карачайские, ингушские, чеченские, балкарские, крымские татары, турки и др.

Ключевые слова: депортация, насильно переселённых народахневинное переселение, политика, народы, история.

Issabek B.K.¹, Shalanov Y.S.²

*¹ South Kazakhstan state pedagogical university, associate professor, Shymkent c.
E-mail: barsha73@mail.*

*² 2nd year Doktoral, South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent c.
E-mail: sake.82@mail.ru*

HISTORY OF DEPORTED PEOPLES TO THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN

Abstract

In the 30-50 years of the 20th century, the process of eviction in Kazakhstan began in a forced and organized form. Questions of population transfer in the Soviet union were kept confidential. Only in the late 1980s of the 20th century started investigation the problems of "White Spots" in history. Among such problems were the forcibly deported people and their fate. The pages of the shadow history of the past of representatives of other nationalities who were forcibly resettled were revealed, that today they live in a second homeland. Since the middle of 1930s, systematic work has been carried out to forcibly relocate to the territory of Kazakhstan. During the Great Patriotic War, forced evacuation of the population became an integral part of Stalin's repressions. The article considers that the forced relocation of people in general in the run-up to the Great Patriotic War and in wartime, and the deportation of deported people are classified as unreliable changed ethnic groups. The victims of such policy were the people: Korean, German, Polish, Armenian, Azerbaijani, Greek, Kalmyk, Karachai, Ingush, Chechen, Balkar, Crimean Tatars, Turks, etc.

Keywords: deportation, relocation, politics, people, history.

Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы және соғыс уақытындағы тұтастай халықтарды күштеп қоныс аударуды зерттеу бүгінгі күндегі тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бір болып табылады. Халықтарды жазықсыз жер аудару мәселелері кеңестік кезеңде құпия сақталып келді. Өйткені олардың қоныс аудару себебін айтатын болсақ, социалистік қоғамның жүргізген саясатының бет пердесі ашылар еді, сондықтан бұл тақырып та жабық тақырыптың бірі саналды. Жылдар бойы арнайы мамандар мен зерттеушілер үшін, күштеп көшірілген халықтар туралы мұрағат құжаттарын қолдануға рұқсат берілмегендіктен, бұл тақырып туралы толықтай мағлұмат берілмеді. Тек ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында ғана тарихтағы «ақтаңдақтар» мәселесі қайта қаралып, зерттеле бастады. Сондай мәселелер қатарындағы жазықсыз күштеп жер аударылған халықтар мен олардың тағдыры туралы зерттеу жүргізу ғалымдар мен зерттеушілер тарапынан қолға алынды. Күштеп қоныс аударылған, бүгінде екінші отанында тұрақтап қалған басқа ұлт өкілдерінің өткен тарихының көлеңкелі тұстарының беттері ашылды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан 130-дан астам этнос өкілдерінің басым көпшілігі – Кеңес дәуірінде депортацияланғандар. Депортация латынның «deportatio – шығару, қуғындау, көшіру» деген мағынасын білдіреді. Депортация жиі басқа бір мемлекетке шығып кеткен шетел азаматтарына немесе азаматтығы жоқ этностарға қатысты қолданылады [1, 86 б.]. КСРО-дағы кейбір аз ұлттар өкілдерін жер аудару саясаты соғысқа дейін күшіне еңген. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары осындай ретпен Қазақстанға КСРО-ның басқа өлкелерінен бұрынғы байлық иелері, кулактар, діндарлар, ақсүйектер патша өкіметі әкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер барлығы - 360 мыңдай адамдар жер аударылған [2,10 б.].

Қазақстан аумағы саяси жағынан алғанда кеңес жүйесіне қауіпті саналғандарды жер аударуға қолайлы болды. Сондықтан, Кеңес үкіметі шекара маңындағы және саяси қауіпті деп тапқан халықты ішке, яғни қазақ жеріне әкеліп орналастыра бастады. 1930 жылдардың ортасынан бастап Қазақстан аумағына жоспарлы түрде күштеп көшіру жұмыстары жүргізілді. 1930-1950 жылы тұрғындарды күштеп көшіру Сталиндік қуғын-сүргіннің құрамдас бір бөлігіне айналды. КСРО-да ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды: – этностың белгілері бойынша депортация («жазаланған халық», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халық»); – әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация (1934 жылға дейінгі кулактарды жер аудару) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) десе; – саяси мүдде негізіндегі 1934-1944 жылдары көшірілгендерді «еңбек қоныс-тарындағылар» деп атады. 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды. [3,49 б.]

Кеңестік кезеңде Ұлы Отан соғысына дейін және соғыс жылдарында депортацияланған халықтар қатарында: кәрістер, поляктар, түріктер, ирандықтар, күрдтер, әзірбайжандар, қарашайлар және тағы

басқа ұлт өкілдері болды. Депортацияланған халықтар сенімсіз сатқын этностар қатарына жатқызылып, туған жерлерінен жер аударылды. Бұндай саясаттың алғашқы құрбандарының бірі кәріс халқы болды.

XX ғасырдың 30-шы жылдары кеңестік жүйе алғаш күш қолдану арқылы қоныс аудару саясатын кәріс халқына қолданды. Кәріс халқының республикаға қоныс аударған алғашқы өкілдері 1935-1936 жылдары алғашқы партизандар мен корей азаттық қозғалысының өкілдері болды [4, с.109].

КСРО Халық комиссарлары кеңесі және БК(б)П Орталық комитеті 1937 жылы 21 тамызда № 1428-326 шешімімен «Қиыр Шығыстағы шекара маңындағы корей тұрғындарын көшіру туралы» қаулы қабылданды. Қабылданған қаулының себебін, олар «Жапон шпионажының Қиыр Шығыс өлкесіне енуіне жол бермеуі мақсатында ...» деп түсіндірді [5, 382 б.]. Қабылданған қаулы негізінде КСРО аумағына Бурят Моңғол АССР, Хабаровск, Приморье өлкелерінен және Чита облысынан корейлер жаппай қоныс аударылды. Корейлерді Қиыр Шығыстан күштеп көшіру 1937 жылдың тамызында басталып, сол жылдың қазанында-ақ мерзімінен бұрын аяқталды. КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.Ежов КСРО Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы В.Молотовқа: «Құрамында 36442 отбасы – 171781 адамы бар, оның ішінде Өзбек КСР-іне 16272 отбасы, яғни 76525 адам, Қазақ КСР-іне – 20170 отбасы, яғни 95256 адам тиеген 124 эшалонмен көшірілді...», - деп мәлдеме жасаған [6, с.128 б.]. Корейлер күштеп қоныс аударудың екі кезеңі бастарынан өткізді. Бірінші кезеңі 1937 жылдың күзінен – 1938 жылдың көктеміне дейін. Бұл кезеңде Қиыр шығыстан көшіріп келген корей халқын жер төлелерде, қоймаларда, ат қоралар мен шошқа бағатын жерлерге, бұзылған мешіттер мен ескі түрме ғимараттарына қоныстандырды [7, с.51].

КСРО НКВД-ның жасаған жоспары негізінде алғашында алты мың адамды Қазақстанға қоныстандыру, олардың жартысы Аралда, Балқашта балық аулаумен айналысу және қалған бөлігі Оңтүстік Қазақстанда күріш өсірумен айналысу болды. Қазақстандағы корейлердің саны ай сайын өсті, 1938 жылы 1 ақпандағы олардың саны 20789 отбасы яғни 98454 адам болды [7, с.69]. Республикада аумағында олар: Алматы облысына – 1616 отбасы, 7851 адамнан құралған; Оңтүстік Қазақстан облысына – 43181 адамнан құралған 8867 отбасы; Ақтөбе облысына – 7666 адамнан тұратын 1744 отбасы; Солтүстік Қазақстан облысына – 9350 адамнан құралған 2299 отбасы; Қарағандыға – 14792 адамнан құралған 3073 отбасы; Қостанайға – 720 отбасы 3746 адамнан құралған; Батыс Қазақстанға – 9017 адамнан тұратын 1950 отбасы [8,83 б.]. 1938 жылы қоныс аударудың екінші кезеңі басталды. Осы уақыттан бастап корейлерді тұрақты тұратын жерлерге қоныстандырды. Олар бос жатқан жерлерге, елді мекендерден алыс, артта қалған совхоздарға қоныстандырылды. Кесте [8, с.70].

№	Атауы	1939		1959		1970		1979		1989	
		Адам саны	% үлес	Адам саны	% үлес	Адам саны	% үлес	Адам саны	% үлес	Адам саны	% үлес
1	Жамбыл облысы	4090	4,2	-	-	8 220	10,10	11,358	12,3	13,360	12,9
2	Оңтүстік Қазақстан облысы	6 041	6,3	-	-	9 862	12,1	11,071	12,0	11,430	11,1

1939 жылдары корейлердің көптеген конституциялық және азаматтық құқықтарына шектеулер жасалды. Тұрған жерлеріндегі төлқұжаттық шектеу милицияның қадағалауына ұласты. Корей жастары Кеңес әскерінде қызмет ету құқығынан айырылды.

Кеңес үкіметі Ұлы Отан соғысының алдында Түркия мен Иран шекаралары маңында тұратын аз ұлттарға сенімсіздігін күшейтті. Кеңестер билікке келгеннен кейін Әзірбайжан құрамында Күрдістан автономиялы республикасы 1923 жылы құрылады. Оларды 1936 жылы «сенімсіз халықтар» қатарына жатқызды. Сонымен қатар 1937 жылдың 5 шілдесінде БК(б)П Орталық комитетінің Саяси бюросының шешімімен Армения шекарасы жанында 500 шаруашылық 3-5 айдың ішінде көшірілуі тиіс болды. Осы шешіммен ешбір негізсіз 7,3 мың күрділер Армения, Әзірбайжан, Грузия, Түркіменстан аймақтарынан Орта Азия және Қазақстанның 14 облысы мен 110 ауданына орналастырылады [8,83 б.].

1937 жылдың күзінде Әзірбайжанның Нахичеван аймағындағы 18 елді мекендегі күрділер депортацияланады. Шекара маңында тұратын күрділермен қатар ирандық, ассириялықтар мен түріктер, армяндар ішкі аймақтарға көшіру барысы 1936-1938 жылдар аралығында жүргізілді. Барлығы 553 күрді отбасы – 3101 адам, армяндар мен түріктерден 5968 отбасы – 2788 адам, жалпы 1121 отбасы – 5889 адам контрреволюция элементтері ретінде саналды саналды [9, 159 б.]. 1938-1939 жылдары қоныс аударылған

ирандар негізінен Әзірбайжан КСР-ның Алибайрам, Астраханның – Базар, Ярдумлин, Ақжебедин, Массалы, Кориягин, Зайгилян, Ленкоран аудандарынан болды [6, с.168.]. Оларды көшірудегі басты себеп шетелде туыстарының бар екендігі және олармен байланыс ұстауы болды

Тұтастай халықты жау деп депортациялау тоталитарлық жүйенің шектен тыс сорақылығы екені бәрімізге мәлім. Қазақстанда неміс ұлтының санының артуына 1930-шы жылдардың ортасында КСРО-ның батыс республикалардан немістердің де біртіндеп күштеп көшірілі бастауы да себеп болды. Б.Козинаның кітабында 1936 жылы республиканың еуропалық бөлігіндегі республикадан поляктарды қуғындау кезінде Украинадан Қазақстан аумағына 15 мың поляк және неміс шаруа қожалығы көшірілген [10, с.168.]. Поляктармен бірге шекаралық аймақта қоныстанған немістер де поляк ұлтымен қатар күштеп көшірілді. Бұған дейін қазақ жеріне немістер ерікті түрде келсе, ал ендігі жерде оларды күштеп қоныстандырды яғни депортациялады. Соғыс қарсаңына қарай Қазақстанда қоныс аударылған поляктар саны 102 мың болды. Бұл депортация саясатына он мыңдаған поляк ұлтшылыдары ілінді. Олардың ішіне Германияның Польшаны жаулап алғаннан кейін бас сауғалаған босқындары да кірді. 1940 жылдың ақпан және 1941 жылдың маусым айлары аралығында Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан, Литвадан 380 мың поляк депортацияланып, олардың көпшілігі арнайы қоныстарға орналастырылды [11, с.206]. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Кеңес Одағының басшылығы Польшаның аумағында КСРО саясатына қарсы үздіксіз қарсылық жүргізіледі деген оймен оны (потенциальды врагом) жау санады. Сонымен қатар шекаралық аймақта поляктардың орналасуы шпиондық база жасауға тиімді деп саналғандықтан бұл жерде тұрған поляктарды депортациялау мәселесі алдын ала анықталған еді [12, с. 272]. Қазақстанға поляктардың алғашқы көшірілуі 1939-1940 жылдары гитлерлік Германияның Польшаны жаулап алуы кезінде өтсе, екінші легі соғыс басталғаннан кейін қайта қолға алынды. 1940-1941 жылдары 200 мыңдай поляктарды Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстарына депортациялап, орналастырады. 1941 жылы Өзбекстанға депортацияланған поляктарды еліміздің Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарына қайтадан жер аударады. 1942 жылдың 28 қаңтарында Жамбыл облысына – 22051 поляк әкелінген. Соғыс жылдары қыстың қақаған аязында поляктардың көбісі ауырып қайтыс болды. Балалар өлімі көбейді.

Немістерді күштеп қоныс аударудың жаппай етек алуы 1941 жылы фашистік Германияның КСРО-ға соғыс ашуы кеңестік немістердің өмірінде ауыр кезеңі басталды. КСРО аумағындағы неміс халқын бір жерден екінші жерге еріксіз күш қолдану арқылы қоныстандыру 30-шы жылдардың соңынан бастау алып 1941-1945 жылдары ауқымды түрде жүргізілді. Депортацияға ұшыраған немістердің ауқымды бөлігі қазақ жеріне көшірілуі республикада олардың санының күрт өсуіне алып келді. Кеңес Одағында 1939 жылы 1427232 неміс болды, оларды бір аймақтан келесі аймаққа көшіру оңай болмады. КСРО-ның батыстағы шекаралас аудандары мен оның іргелес жатқан облыстарда тұратын немістерді күштеп қоныстандыру туралы алғашқы құжат 1941 жылы 26 тамызда ХКК мен КОКП Орталық комитетінде қабылданғанды. Онда «Саратов, Сталинград, Повольжедегі неміс автономиялық республикасының немістерін көшіру туралы қаулы қабылдады [13, с.265]. Сондай-ақ 1941 жылы 26 тамызда Ленинград қаласының әскери кеңесінің шешімі бойынша «Ленинград қаласы мен оның маңайындағы таулы аймақтардағы немістер мен финдерді эвакуациялау туралы қаулы қабылданды [14, с.326]. Шешім мен онда қарастырылған нұсқаулықта Повольжедегі қоныстанған бүкіл неміс халқын Сібір мен Қазақстанға көшіру шешімі қабылданды. Қазақ КСР-не 100 мың адамды қоныстандыру жоспарланып, елдің солтүстігі Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар және шығысында орналасқан Семей, Шығыс Қазақстан облыстарына орналасатыны анықталды. Алайда мұрағат деректерінде депортацияланған немістерді Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қарағанды облыстарына да орналастыру жұмыстары да жүрді. КСРО аумағындағы немістерге тағылған кінә ол бар болғаны неміс ұлтынан болды. Сондықтан олар фашистердің жақтаушылары болып саналды.

1941 жылы тамыз бен қараша айларында Повольже, Қырым АКСР, Украин КСР, Ленинград, Мәскеу және Ростов облысының маңындағы, Солтүстік Кавказ бен Тула облысында, Кабарда Балкар, Солтүстік Осетия, Краснодар өлкелерінен және одақтас Грузия, Әзірбайжан, Армения, Дағыстан және Шешен – Ингуш АКСР, Қалмақ АКСР де тұратын немістерді көшіру туралы қаулылар шығарылып, іс шаралар жүргізілді. Кеңес Одағында шоғырланып қоныстанған немістерді барлық аумақтарға мәжбүрлі түрде көшіру науқаны басталды.

1941 жылы қыркүйек – желтоқсан айларында КСРО да көшірілген немістердің жалпы саны 799459 адам болып ол КСРО аймағындағы немістердің 56%-дан астамы болды. Ғалым Қ.С. Алдажұмановтың мәліметі бойынша 1941 жылы Қазақстанға Повольжеден 420 мың немістер қоныстандырылды. 1945

жылдың аяғына қарай республикада 300600 немістер қалды. Бұл барлық қоныстанған немістер және 1942-1945 жж. КСРО-ның батыс аудандарынан депортацияланғандарды қосып есептегендегі саны. [15, с.144]

Сталиндік депортация туралы НКВД мен МҚК-нің құжаттары мен «Сталиндік депортациялау» деген құжаттар жинағындағы құжаттар мәліметтеріне сүйеніп, олардың саны 400 мыңнан асып жығылатынын және олардың санының көбеюіне соғыстан кейінгі еңбек лагерлерінің құрылуына байланысты екендігі туралы зерттеушілер П.Б. Ремпель, Н.А. Ефремова-Шершукова мәліметтер береді. Ол бойынша Қазақстанға депортацияланған немістер республиканың 14 облысының 12-не орналастырылды. Олар 1941-1945 жж. Ақмола облысына – 72330, Солтүстік Қазақстанға – 62542, Қостанай облысына – 58380, Павлодар облысына – 53135, Семей облысына – 45767, Шығыс Қазақстан облысына – 29269, Оңтүстік Қазақстан облысына – 24378, Қарағанды облысына – 20043, Ақтөбе облысына – 11606, Жамбыл облысына – 10575, Ақтөбе облысына – 11606, Алматы облысына – 9099, Қызылорда облысына – 4807, ал республика бойынша – 407931 неміс этносының өкілдері орналастырылды [16, 69-70]. Немістерді Қазақстанға көшіру жұмыстары 1944-1945 жылдары Украина, Белорусия, Латвия, Литва, Эстония жеріндегі немістер Сібір мен Қазақстанға көшірілді. МҚК 1944 жылы 29 желтоқсанда Қазақстанға 2 мың неміс көшірілді [17, с.590]. Республикаға 1945 жылдың соңына қарай 9000 мың неміс отбасылары көшірілді. Депортациялау жылдарында Қазақстанға Одақтас республикалардан 1942 жылы Қазақстанға көшірілген немістердің саны 382102 адам болса, одан кейінгі жылдары көшірілгендермен қоса есептегенде республикаға көшірілгендердің барлығы 444005 адам санын құрады [18, 11 б.].

Ал 1943-1944 жылдары Қазақстан жеріне Солтүстік Кавказдан, Қырым мен Закавказьеден барлығы 507480 адамнан құралған армян, әзірбайжан, грек, қалмақ, қарашай, ингуш, шешен, балқар, қырым татарлары, түріктер депортацияланады. 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың қаңтарына дейін қарашайлықтардың жері неміс басқыншылардың қолында болып, бұл территория жаудан тазартылғаннан кейін Кеңес өкіметі 1943 жылдың 12 қазанында «Қарашай автономиялық облысын жою және территориядағы әкімшілік төңіректі қайта құру» туралы құпия қаулы қабылдайды. Бұдан кейін Кеңес өкіметі «неміс басқыншылары Қарашай Автономиялық облысына басып кірген кезеңде қарашайлар опасыздық көрсетіп, сатқындық жасап, көптеген адамдарды немістерге ұстап берген, неміс-фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес өкіметіне қарсы соғысты» деген желеумен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңес қаулысымен Қарашай автономиялық облысы жойылды. 1943 жылдың 14 қазанында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі қарашайлықтарды туған жерінен көшіру туралы құпия қаулы шығарады. Сөйтіп, ұлтты қатаң жазалау мақсатымен, 70 мыңға жуық тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысы жойылды. 1943 жылдың 2 қарашасы күні 14774 қарашайлық шаңырақ, жалпы саны 69267 адам Қазақстан мен Қырғызстанға депортацияланды. Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11711 шаңырақтан құралған 45529 адам бөлінеді [3, 58 б.]. Соғыс жылдарында да түріктер (месхеті), хемшиндер, күрдтерді күштеп көшіру жүргізілді. Л.Берия 1944 ж. 24 шілдесінде өз хатында И.Сталинге КСРО-ның Грузиядағы шекаралық қауіпсіздік жағдайын жақсарту мақсатымен, осы мәселеге сәйкес Ахалцых, Адыген, Ахалкалак, Аспиндзы, Богданов аудандарындағы және Аджар АКСР кейбір елді-мекендерінен 16 мың 700 түрік, күрд отбасыларын күштеп қоныс аударудың керектігін жазды. Сонымен қатар Грузияның басшылары көрсетілген аудандардағы түгелдей мұсылмандардан тазалау жүргізізі келді. Сөйтіп көрсетілген елді мекендердегі месхетия мұсылмандарын күштеп көшіру 1944 ж. 14 қарашасынан бастап, 1945 ж. қаңтарында аяқталды. Оның барысында 220 елді-мекеннен 86 мың мұсылман көшірілу жоспарланған, ал шын мәнінде 96367 адам күштеп қоныс аударылған. Осы тізімде түріктер 66823, күрдтер 8843, хемшиндер 13997 тұрғындарды құрады [19, с.108-109]. Түркиямен туыстық байланыстары бар және сенімсіз ұлттар қатарына жатқызған Кеңес өкіметі түріктерді алғашқы тілі ұқсас болғандықтан әзірбайжандарға қосты. Кейінірек түбі бір түрік халықтары ретінде күшейіп кетуінен үрейленіп, 1925-1940 жылдары күштеп олардың ұлты мен тегін грузин деп өзгертті. Көп кешікпей алғашқыда әзірбайжан, одан грузин деп жазылған түріктер мен әзірбайжандарды орналастырған аймақтарынан тағы да күштеп көшірді. Құжаттарында ата-тегі мен ұлтын сақтаған түрік отбасыларында дүниеге келген сәбилерге төлқұжат берілмеді. Қазақстанға түрік-месхетиндер деп бөліп түрік этностарын алғашқыда 1938 жылдың соңында күрдтер мен армяндармен бірге күшпен жер аударылды. Түріктерді депортациялаған кезеңде КСРО-да тұрған елді мекендерінің атауымен және тарихи даму ерекшеліктеріне орай субэтностық негізді қалаған оларды түрік-ахыскалар, түрікхемшилдер, түрік-терекеме деп бөліп атау қалыптасты. Бұлардан басқа түріктерді түрік-месхет деп Месхетия территориясымен атап бөлу осы депортация кезеңінде басталды. Түрік-месхет деп бөліп отырған түріктер негізінен түрік-ахыскалар еді. Депортация кезеңінде Месхетия территориясында түріктер мүлдем жоқ болды деуге келеді. Бұл

Л.Берияның сол уақытта өзге де аз санды ұлттарға жасаған қиянаты секілді түріктерді тарихи түбірінен шатастыру мақсатында жасалған саясат болды.

1944 жылдың 31 қаңтарында КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Солтүстік Кавказдан шешен және ингуш ұлттарын депортациялау туралы №5073 құпия шешімі шығарылды. Шешім бойынша депортацияланған шешендер мен ингуштерді Қазақстан мен Қырғызстанға орналастыру көзделді. 1944 жылдың 21 ақпанында осы шешімді жүзеге асыру жайындағы жарлық шықты. Шешен-Ингуш АКСР-ін жою, халқын жер аудару мәселесін Л.Берия басқарды. 1944 жылдың 24-29 ақпанында барлығы 478479 шешен мен ингуш этностары жер аударылды. 1944 жылдың наурыз айының ортасында Қазақстанға шешендер мен ингуштер тиелген эшалон жетеді. 1945 жылғы қазанда берілген мәлімет бойынша Қазақстанда барлығы 406375 шешен мен ингуш ұлттарының өкілдері болған [20, с.4.]. 1944 жылы Кабардин-Балқар АКСР-і Кабардин АКСР-і болып өзгертіліп, балқарлар Қазақстанға қоныс аударылды. Бұл әрекеттің астарында бөлініске салынатын жер мәселесі де тұрды. Эльбрус, Чегем, Хуламо-Безенгиев, Черек және Нальчик қаласындағы балқарлар тұратын территорияның аймағы Грузияға, ал қалған территориясы РСФСР-ға берілді. 1944 жылдың 5 наурызында шыққан жарлық бойынша 1944 жылғы 8 наурызда ертемен 2 сағаттың ішінде НКВД-ның НКВД-ның 21 мың жауынгерінің күш көрсетуімен 37 мың 713 адамнан құралған балқарлар түгелдей депортацияға ұшырайды. Тарихи құжаттарда балқарларды депортациялау ісі «Солтүстік Кавказ – 455» деп аталды. Ешбір жағдайы жасалмаған 14 эшалонға тиелген балқарлар 18 күндік жолда суық пен індеттен 562 адамынан айырылады. 8 наурыз балқарларда қаралы күн ретінде аталып өтіледі. Саяси жер аударуға ұшыраған этностар мен этникалық топтар сталиндік зобалаң нәтижесімен көптеген қиыншылықтарға ұшырады. Депортацияға ұшырағандардың жағдайлары өте нашар болды. Азық-түлік, тұрғын үй, киім-кешектері болмады. Аштықтан, суықтан, жұқпалы індеттерден адам өлімі көбейді. 1946 жылы жалпы КСРО-ның территориясында жер аударылғандардың саны 2463940 адамды құрады. Олардың тең жартысы Қазақстанға жер аударылды. Барлығы 1 млн. 200 мың адамды құрады. 1953 жылы 1 қаңтарда республика аумағында басқа ұлт өкілдерінің саны 988373 адам болды.

Соғысқа дейінгі күшпен қоныс аудару мәселесі мемлекет қауіпсіздігін күшейту мақсатында жасалса, ал соғыс жылдары ұлттық-аймақтық автономиялары бар көптеген этностар тұтастай депортацияға ұшырады. Соғыс басталысымен Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Балтық жағалауы, Бессарабия аумақтарынан республикаға арнайы қоныс аударылғандардың, яғни депортацияланғандардың жаңа контингенті пайда болды. Оларға «саяси сенімсіздер» деген айып тағылды. Кеңес-Герман соғысы жылдары 61 этнос пен этникалық топтар күшпен қоныс аудару үрдісіне ұшырады Тарихи Отанына қайтпай, тұрақтап қалған ұлт өкілдерінің көпшілігі облысымызда өніп-өсіп, өркендеп отыр. Келмеске кеткен тоталитарлық жүйе, жер аударылған халықтардың трагедиялық тарихына қиянаты, ойланбай істелген іс-шаралары арқылы жазылмас жара, өшпес із қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын: Павлодар. «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б. .*
2. *Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К., Депортация народов и проблема прав человека. – Алматы № 1998. – С. 710.*
3. *Сейтқұлова Ж.М. Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы: Монография – Тараз: Тараз университеті, 2017. – 190 б.*
4. *Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Казахстан., 1998. – С. 428.*
5. *Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3 – кітап. / Т.О. Омарбеков, Қ.С. Қаражан, М.Ж. Ташенев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 454 б.*
6. *Бугай Н. Ф. Иосиф Сталин-Лаврентий Берия: «Их надо депортировать?». – М., 1992. – 233 с.*
7. *Полян П. Не по своей воле история и география принудительных миграций в СССР. – Москва, 2001. – 321.*
8. *Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. – Алматы: – Дәнекер, 2000. – 128 б.*
9. *Садықов У. Курды: депортация в Казахстане / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Казахстан, 1998. – 159 б.*
10. *Козина В.В. Демографическая история Казахстана (XX-XX вв.). – Караганда: Изд. КарГУ, 2007. – 145 с.*

11. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956) Сборник документов: Архив Президента Республики Казахстан /Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 2000. – 344 с.
12. Абуов Н.А., Судьбы польских спецпереселенцев в Северо – Казахстанской области.// История борьбы за независимость в Северном Казахстане: материалы международной научно – практической конференции. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 272-280 бб.
13. Герман А.А. Немецкая автономия на Волге. 1918-1941. – М.: МСНК-пресс, 2007. – С.576.
14. Сталинские депортации 1928-1954. Под общей редакции академика А.Н. Яковлева. /Сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян. Серия: Россия. XX век. Документы. – М.:МФД, 2005. Материк. – С.904.
15. Алдажуманов К.С. Война и депортированные в Казахстан народы. // Тарихтан тағлым –өткенге тағлым атты «Тарихтан – қазіргі заманға» атты достастық елдері тарихшылары форумының материалдар жинағы. –Астана., -2000. 140 -150 бб.
16. Репель П.Б. Депортация немцев из европейской части ССР и трудармия по «совершенно секретным» документам НКВД ССР 1941-1944гг.//Российские немцы. Проблемы истории, языка и современного положения. – М., 1996. – С.69-96.
17. Под общей редакции академика А.Н. Яковлева. /Сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян. Серия: Россия. XX век. Документы. – М.:МФД, 2005. Материк. – С.904.
18. Маймақов Ғ., Қалмұратов М., Байқонақов Е. Қазақстанның көпэтносттылығының қалыптасу жолдары. – Шымкент: «АЗИЯТ», 2015. – 27 б.
19. Земсков В.Н. Спецпоселенцы (по документам НКВД и МВД СССР) // Социологическое исследование. – 1990. – № 11. – С. 103-114
20. Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов // Вопросы истории, 1990. – № 7. – 4 б.

References:

1. Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: on sociology and political science / Doctor of economics, professor E. Aryn:Pavlodar. NGO "ECO".2006. - 569 P.
2. Aldazhumanov K. S., Aldazhumanov E. K., deportation of narodov and the problem of human rights. - Almaty No. 1998. - P. 710.
3. Seitkulova zh.M. history of ethnic groups and ethnic groups in Zhambyl region: monograph – Taraz: University of Taraz, 2017. – 190 P.
4. deportees in Kazakhstan: time and conditions. - Almaty: Arys-Kazakhstan., 1998. - p. 428.
5. history of Kazakhstan (Kazakh Eli): a textbook consisting of 4 books. Kazakhstan is under pressure from colonial and totalitarian systems. Book 3./ Т. О. Omarbekov, К. S. Karazhan, М. zh. Tashenev et al. - Almaty: Kazakh university, 2016. - 454 P.
6. Bугай N. F. Joseph Stalin-Lavrentiy Beria: "they need to deport?». Moscow, 1992. - 233 P.
7. Polyan P. Not by his Vol ... history and geography of active migrations to the USSR. Moscow, 2001. - 321.
8. Kulbayev T., Hegai A. Deportation. - Almaty: - Solder, 2000. -128 P.
9. Sadykov U. Kurdy: deportation to Kazakhstan / deportees to Kazakhstan: time and fate. Almaty: Arys-Kazakhstan, 1998. - 159 P.
10. Kozina V. V. demographic history of Kazakhstan (XX-XX BB.). He Nodded. Kargu, 2007. -145 P.
11. from the history of Polyakov in Kazakhstan (1936-1956) collected documents: archive of the president of the Republic of Kazakhstan /OTV. editor L. D. Degitaeva. - Almaty: LLP "Izdatelsky House "Kazakhstan", 2000. - 344 P.
12. Abuov N. A., Judges of Polish Special Forces in the North Kazakhstan region.// History of battles for independence in northern Kazakhstan: materials of the international scientific and practical conference. - Almaty: "Kazakh encyclopedia", 2011. – pp. 272-280.
13. Herman. A. German autonomy on the Volge. 1918-1941. Moscow: ISSNK-press, 2007. - p. 576.
14. Stalinist deportations 1928-1954. under the general editorial office of the Academy of Sciences A. N. Yakovleva. / Sost. N. L. Pobol, P. M. Polyan. Series: Russia. XX century. Documents. Moscow: MFD publ., 2005. mainland. - P. 904.
15. Aldazhumanov K. S. War and deportees in the people of Kazakhstan. // Historical taglym –a collection of materials of the forum of historians of the Commonwealth countries "from history to modernity", dedicated to the memory of the past. - Astana., -2000. 140 -150 PP.

16. repel P. B. deportation of Germans from the European part of the USSR and the "improved secret" documents of the NKVD of the USSR 1941-1944.// Russian Germans. Problems of history, language and modern policy. MOSCOW, 1996. - PP. 69-96.

17. under the general editorial office of Academician A. N. Yakovleva. / Sost. N. L. Pobol, P. M. Polyan. Series: Russia. XX century. Documents. Moscow: MFD publ., 2005. mainland. - P. 904.

18. Maimakov G., Kalmuratov M., Baikonakov E. ways of formation of multiethnic Kazakhstan. - Shymkent: "Asia", 2015. - 27 p.

19. Zemskov V. N. Spetsposelentsy (on documents of the NKVD and MVD of the USSR) // Sociological Research. – 1990. - No. 11. - pp. 103-114

20. Bugay N. F. The Truth About the deportation of Chechen and Ingush peoples // issues of history, 1990. – No. 7. – p.4.

ӘОЖ 3.39.392

ҒТАМР 03.61.91

Г.Б. Қозғамбаева¹

¹*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы,
E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢДАҒЫ «ЖЕТІ АТА» ДӘСТҮРІ

Аңдатпа

Қазақта жақын туыстар деп жеті атаға дейінгілер есептеліп, олар өзара қыз алыспаған. Жеті ата - қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында ер адамның ата жағынан тегінің таралуының нақтылы жүйесі.

Қазақ қоғамында жеті атаға дейін өз ата-бабасын білу әрбір азамат үшін міндетті саналған. Жеті атаға дейін қыз берісіп, қыз алысуға тыйым салу, тұқымның бұзылуынан, тектілік-генетикалық қасиеттердің жойылуынан, ұрпақтың азғындануынан сақтаған.

Қазақ халқы үш жүзге бөлінеді, жүз руға бөлінеді, ал әр руды ер адамнан тарайтын әулет (ұрпақ) жалғастырады. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады және олар бір-бірінен қыз алыспайды.

Сегізінші атадан бастап жаңа ру атын белгілеген. Бұл үшін сол атаның ақсақалдары мен билері, ел ағалары ру мүшелерін шақырып, боз бие сойып баталасып, жеті атаға толып, бұдан былай қыз алысып, қыз берісіп құдалыққа рұқсат берілген. Жеті атаға дейінгі туыстық қалыпты бұзбай сақтау күні бүгінге дейін дәріптеліп, сақталған.

Жеті атадан аспай қыз алу «қан араластырушылық» деп танылып, оларды өлім жазасына кесу, тас ату, теріс бата беру, елден аластау, асаудың құйрығына тағу сияқты жаза түрлері қолданылды.

Түйін: ру, жеті ата, жеті атаға дейін қыз алыспау, жаза, әдет-ғұрып.

Козгамбаева Г.Б.¹

¹*КазНУ имени Аль-Фараби.Казахстан, г. Алматы,
E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.*

ТРАДИЦИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА «ЖЕТІ АТА» (СЕМЬ ПОКОЛЕНИЙ КАЗАХОВ)

Аннотация

В традиции казахского народа родственники до седьмого колена считались близкими с древних времён и браки между ними запрещался. В казахском обществе знать своих предков до седьмого колена считалось обязательным для каждого члена общества. Знание своих предков -Жеті ата - одна из самых древних и обязательных традиций казахского народа. Предки казахов знали кровосмешение опасно, поэтому у брачующихся не должно быть общих родственников вплоть до седьмого колена, а если они есть, у такой пары могут быть слабые и нездоровые потомки. Казахская нация состоит из трёх жузов, а

каждый из жузов состоит из множества родов и подродов. Когда генеологическая ветвь рода включала семь поколений, аксакалы родовой ветви обращались к старейшинам рода с просьбой выделить их в отдельный род и только после этого давалось разрешение на брак. Резали белую кобылу и давали имя рода, а главы других родов провозглашали свое (бата) благословение.

В статье рассматривается сходство казахского народа с тюркскими народами (узбеком, туркменом) в традициях и обычаях в бракосочетании и особенности сохранения в родственной системы. Жеті ата сохранилась до сих пор и более того, культивируется и оберегается в обществе. Казахам запрещались браки между родственниками до седьмого колена, поэтому знать их имена было обязанностью каждого. За браки между родственниками до седьмого колена грозили смертная казнь, избивание камнями, проклятие, изгнание, волочение лошастью.

Kozgambayeva G.B.¹

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty. gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

THE “ZHETI-ATA” KAZAKH TRADITION OF MARRIAGE TABOO

Abstract

Close relatives with kazakhs are deemed relatives going back seven generations, not bound by marital ties. In the Kazakh traditional system of moral values, “Zheti-ata” (literally meaning “seven generations”) is an order of distribution of origin of man’s forefathers origin. A Kazakh society required from each its male member to know his own antecedents down to seventh generation. The law forbids marriages to relatives concluded within the seven generation lines, seeing it as the way to diminishing of population through genetic diseases. Our forefathers did not conclude marital ties down to seven generations, respecting the mode of kinship. Starting from the eighth’s father, a new generation would be celebrated with a new title. For this, their honourable elders, judges, and seniors would call for the members of the new family clan to share the sacrifice of a white mare and blessing for the fact of completing the seven generations and giving the command for next generation marriages. The main purpose of the article is to expose similarities in the Kazak system of kinship, family, marriage arrangements, and features of keeping the Zheti-ata tradition with those of other Turkic ethnics (Uzbek, Turkmen). This is confirmed by the findings of the contemporary medical science. Therefore, violations of kinship inheritance, values of high birth and care for purity of blood are seem to be some of the today’s problems. Dedication to the zheti Zheti-ata main principle and rules of family organization have been considered basing on historical and ethnographic accounts by Russian travellers and scientists, as well as on stories, fairy tales and love sagas by Kazakh poets and writers. The article deals with cases of inobservance of the law, various punishing measures being applied to disobeying couples, treated ruthlessly as “incestors”. Several historical examples have been brought into the focus, which, as prerequisites, caused spread in reinforcement of the Zhetty-ata principle into the system of kinship.

Key words: **tribe:** “Zheti-ata” (“seven generations”), marriage taboo, punishment, cult and rites.

Кіріспе. Қазақ халқы ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді ұстанған. Қазақтың туысқандық жүйесінде төлтума сипат дарытатын тегеурінді тетік – жеті атанды білу және жеті атаға дейін қыз алыспайтын дәстүрді ұстану.

XIX-XX ғасырларда қазақ даласын зерттеген зерттеушілер, этнограф ғалымдар: Маковецкий, Загряжский, Малышев, Руденко, Абрамзон, Левшин, Ы.Алтынсарин, Х.Арғынбаев және т.б. еңбектерінде қазақ даласындағы дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, салт-дәстүрлер мәселесі этнографиялық тұрғыдан зерттелген. Бұл еңбектерде жазбаша дерек көздері мен этнографиялық материалдар негізінде құда түсіп, қыз алысуда бүкіл қазақ қауымында ортақ тәртіптің бірі – туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау және бұл қағиданы бұзғандарға қолданылатын жаза түрлері қарастырылған.

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы сараланды. Бірінші, салыстырмалы-тарихи әдіс: қазақтардың дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрыптарның басқа халықтармен (өзбек, түркімен) салыстырғанда ерекшелігі айқындалды. Екіншіден, жүйелілік әдісі арқылы жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасын бұзғанда қолданылатын жаза туралы мәлімет терде этнографиямен сабақтас пәндердің (лингвистика, фольклористика) мәліметтері қолданылды.

Әр азамат өз ұлтының қадір – қасиетін ардақ тұту үшін ең алдымен өзінің кім екенін, өз елі мен жұртына, туған ортасына ата- бабасының қосқан үлесін, атқарған істерін, көрсеткен ерлігін өнеге қылып ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. «Жеті атасын білмеген – жетесіздік», «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың

қамын жер» дейді халық даналығы [1,456 б.]. Туысқандық қарым-қатынасқа зор мән беріп, ауыз біршілікті сақтаған. Жеті ата ғұрпы – ағайын адамдардың сыйластығы мен ынтымақтастығын, ар-ұяты мен адамгершілігін сақтаудың кепілі саналды [2,48-49 бб.]. Ертеде қазақ халқының даңқты адамдары әрқашан өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысқан. Өйткені неке құруға қатысты қыз айттырудың, күйеу келтірудің тәртібі қатал сақталған. Сондықтан қыздарды 13-14 жасында ұзатып, ұлдарды 15-16 жас арасында үйлендірген [3,171 б.]. Ер балаларды ерте үйлендірудегі себеп олар жағымсыз қылықтан аулақ болып, ұрпақтары мықты болады, деген түсінік болған. Сондай-ақ ертеде жаугершілік заманда елдер арасында жиі болған қақтығыстардың салдарынан ер адамдар қазаға көп ұшырағандықтан ұрпақты сақтап, өсіріп көбейту мақсатында балаларын ерте үйлендіруді мақсат тұтқан. Қазақтар үлкен патриархал отбасының сипаттарын мығым ұстаған. Өйткені ежелден бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз бірнеше үйелмен ұрпақтардан құралып, бірге көшіп-қонып жүрген. Қазақ халқында отбасы түрлерінің бәрі де туыстық қарым-қатынастармен ұштасып жалғасады. Қазақтың туысқандық жүйесінде ең алдымен жеті атаға дейін қыз алыспайтын дәстүрді ұстанған. Мұндай дәстүрдің орнығуына себепші болған бірнеше тарихи алғышарттар бар. Олар: біріншісі – адамның тектендіруге, яғни тұқымын жақсартуға, екіншісі – көшпелі өмір салтындағы қазақ қоғамын әлеуметтік – саяси және мәдени - рухани біртұтас етуді көздеуден туындаған ұстаным. Бұл ұстанымдар түптеп келгенде көшпелі өмір салтындағы дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырып, қазақ этносының біртұтастығын сақтаған [4,178 б.]. Қазақ қоғамында адамның шыққан тегіне, ата-бабасындағы әйгілі тұлғаларға басымдық сипат берілген. Тектілікті дәріптеудегі бұлжымас қағида – екі жас некелесу барысында шыққан тегіне үлкен мән беріп, қараған. Ежелден, отау тігіп, үйленетін ұл немесе қыз болсын, жастар өзара келісіп, мақұлдасудың алдында тегін анықтайды. Ол қандай жердің балалары? Әкесі қандай? Оның арғы тегі қандай? - деп сұрап, осылайша шыққан тегін біледі. Бұқар Жыраудың жыр жолдарында:

Қалың малы арзан деп,
Жаманнан қатын алмаңыз?
Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінер ат тумас,
Жаман қатын алсаңыз, жабыдан айғыр салсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас, жаман қатын алғаның,... [5, 1516].

Бұл мысалдан дәстүрлі қазақ қоғамында «текті жердің адамы», «тегі жақсы», «тегіне тартқан» деп, адамның шыққан тегіне үлкен мән берген. Ал, екінші алғы шарты: жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрлі қазақ қоғамындағы туысқандық байланыстар аясының кеңеюіне бірден-бір себепші болған. Сондықтан болар кез-келген қазақ екінші бір қазақпен туысқандық байланысы болған. Қандас туыстық жүйе 7 атадан басталып, 15-20 атаға дейін барады. Бір атаның балалары жақындығы жағынан 7 атадан асқаннан кейін ғана өзара құданалық қатынасқа түсуіне рұқсат етіледі. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелі дәстүрі. Мұның қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық маңызын халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген [6,136 б.].

Қазақ халқы ел-жұртын, ата-бабасын, салт-дәстүрін қадірлеген халықтың бірі. Осы қасиеттің өзін жеті санымен байланыстыра білген. Қазақта «жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жейді» деген мәтел бар. Яғни әркім өзінің жеті атасына дейін біліп жүруі шарт, жоғарыдан төмен қарай санамалап, жіктейтін болсақ ол: 1-ата, 2-әке, 3-бала, 4-немере, 5-шөбере, 6-шөпшек, 7-немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: туажат, жұражат, жегжат, жамағайын болып кете береді [7, 66 б.].

Жеті ата жүйесінде бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді [8, 97 б.]. Қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарапынан жүргізілгендіктен, оның бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни жеті ұрпаққа толады. Ал жетінші ұрпақты қазақтың «немене» не «шөпшек» атандыруы тегін емес. Оны өзіндік мәні бар сияқты. Айталық «немене» деген атаудың өзі не екені белгісіз деп сұрақ қойып тұрған тәрізді, ал «шөпшекке» келсек, бұл атаудың мәні тіпті анық. Қазақ шөпшек деп ағаштың қурап, сынып түскен жіңішке бұтақтарын айтады. Осыған қарағанда жеті атаға толғанда сегізінші ұрпақтың туыстық мәні жойылып, олардың арасында туыстық қарым-қатынас үзіледі деген ұғымды білдіреді [3,58 б.]. Адамның туыстық тегі жайлы мағлұматты қазақтар шежіре, ал ғылым жағынан генеология арқылы біле алады. Туыстық текті ажырата білу халқымыздың рухани мәдениетінің елеулі белгілерін құрайды. Жеті ата

дәстүрі – қазақы ортада ежелден орныққан тек пен ұрпақ таратудың шежірелік жөн-жосық бойынша әкелік тараптан ғана қалыптасатын жеті ұрпақтық желіске кіретін және оны құрайтын өзара туыс адамдардың қауымы. Оның құрамындағы ересек ер адамдар мен олардың ұл-қыздары бір атадан тараған қандас туыстар болып есептеледі [9, 394 б.]. «Жылқы жеті тегіне тартып туады» деп, халық адамның да арғы тегіне тартып туатындығын айқындап, «Біреу әкеге тартып туады, біреу әкеден артып туады» дейді де, ұрпағының мейлінше артып туғанын тілейді. Жеті атаға дейін жақсы білудің әдептілікке әсері мол, яғни бабасына дейінгі туыстық тегін жақсы біліп, халықтық салт-сана бойынша, туыстық қатынаста қалыптасқан құқықтық парыздарын орындап, перзенттік борыштарын өтеуге міндетті [10, 234 б.]. Аңызға сүйенсек, «жеті ата» дәстүрінің пайда болуы Керей мен Жәнібек хандардың дәуірінде болған деседі. Жәнібек ханның ақылшы-кеңесшісі Жиренше шешен қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Жақын жерлердегі талай белгілі емші, бақсыларды шақыртып қаратса да, еш ем қонбапты. Соңында атақты Өтебойдақ деген емші барын біліп, соны шақыртады. Өтебойдақтың емінен кейін Жиренше жазылып, дертінен айығыпты. Жәнібек хан емшіге ризалығын білдіріп, қандай аурудың қауіпті екенін әрі оның емінің не екенін сұраған көрінеді. Сонда емші тұқым қуалайтын ауруды емдеудің қиындығын, мұның алдын алу үшін «жеті атаға» дейін туыс адамдар қыз алыспау керектігін айтыпты. Өтебойдақ емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, халыққа жеті атаға дейін үйленуге тиым салып, жарлық шығартқан екен [11, 41-42 бб.]. Тарихта Есім ханның мынадай жарлық бергені де белгілі: «Туыстық араға жеті ата толғанша жастарға бір-бірімен некелесуге болмайды. Кімде-кім осы жарлықты бұзса, өлім жазасына кетеді [7, 66 б.]. Содан бері бұл тазалық қазақ халқының құнды дүниесіне айналған екен. Тұқым бұзылуды, тектік қасиеттердің жойылып кетпеуін ойлаған ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алыспау заңын ұстанды. Соның арқасында ұлттық қан тазалығы сақтап келді. Қандас, жақын туыстар отбасын құрғанда олардың ұрпақтары кеміс, әлжуаз болатынын білді. Туыстық қан жеті атаға дейін сақталатынын қазіргі медицинада дәлелдеп отыр. Медицина әке қаны балаға 50%, немереге -25%, шөбереге-12,5%, шөпшекке-6,25%, неменеге-3,125%, жүрежатқа -1,256%, туажатқа-0,78% даритынын, ал одан кейінгі ұрпақта әке қаны болмайтынын дәлелдеген. Жеті атаға дейінгі қаны арласпаған ұрпақ шымыр, ақыл-ойы озық болатынын өмір дәлелдеп келеді [12,119 б.]. Ата-бабаларымыздың этномәдениетін де жеті атаға толып, өсіп-өнген аталар рулы елге ұласу рәсімін атап өтетін дәстүр болған. Ол туралы З.Ахметова: «Әрбір қазақ жеті атасының өмір жолын білу арқылы кем дегенде екі ғасырлық мағлұмат алады, ұрпақ жалғастығының ізі сақталады. Жеті атаға толған соң «жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық» деп жар салып, жеті жұрттың белгілі адамдарын куәлікке арнап шақырады. Боз бие сойылып, қанына қолдарын малып, «араларымыз алыстамасын, бұрынғы бауырлардай тату-бірлікте болайық» деп баталасады. Ала арқан кесіледі. Ұраны мен ең-таңбасы белгіленеді. Осылай ендігі жерде құдалыққа жол ашық делінді. «Жеті ата» дәстүрін туыстық бірлікті бұзбауға, тұқымды таза сақтауға жасалған ереже-заңы деуге болады» деп, қорытындылайды [13,168 б.]. Мұны өз заманындағы дала заңдылықтарының моральдық кодексі яғни, рулық мәртебе алуы деуімізге болады. Рулар ішінде аталар қыз алыспайды. Олардың өз алдына таңбасы мен ұраны болады. Рулардан құралған қазақ қоғамы генеологияны өте сауатты ұстанған. Әлеуметтік саяси өмірде, көшпелі тұрмыста, яғни барлық салаларда өз принциптері болған. Қазақ халқы жеті атаға жетпей бір-бірімен некелеспейді. Тектілік, қан тазалығын сақтау әдеті қазақта шежірелік дәстүрмен жүрген. Кез-келген ұлт нақты эндогамиялық үрдіс барысында құралады, жасалады және сақталады келеді [14, 389-390 бб.]. Эндогамия – тайпаның өз ішінде некелесу салты. Ал қазақ халқы үш жүзге, ал жүзді ірі тайпалар құрайды, ал тайпалар руға бөлінеді. Мысалы Орта жүздегі найман тайпасы- матай, қарабала, балталы және т.б. бірнеше руға бөлінеді, ал рулардың аталыққа, сол аталықтың ішіндегілер бір-бірімен қыз алыспайды. Ал тайпа руға бөлінеді, және әрбір ру бірнеше атаға бөлінеді.

Ал Эндогамиялық неке – неке түрі қазақ халқының субэтникалық топтары болып есептелінетін қожалар мен төрелерде некелесудің эндогамиялық, өз ішінде ғана қыз алысатын түрі сақталған [15, 788 б.].

Өз ата-бабасының жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған[16, 671б.]. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының аттарын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін істеген ерлігі, өнегелі істері жайында әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көзделген [17, 495 б.].

Қазақ қоғамында сақталған дәстүр бойынша әрбір жасөспірім, ержеткен азамат өзінің жеті атасын, шыққан тегін білуге тиісті, оны білмеу тегіне тартпаған тексіздік пен жетесіздіктің белгісі деп саналған.

Жеті атаға дейін қыз алыспау. Дүниеге келер ұрпақтың қанының тазалығы мен денінің саулығын сақтау мақсатында жеті атаға дейін қан араластырмау шарты – бағзы заманнан иниститут болып қалыптасты.

Қазақ хандары: Қасым хан мен Есім хан тұсында қазақ халқында қоғамдық қатынастарды реттеу негізінде «әдет-ғұрыптық заңдар» жүйесі жүзеге асып, онда әрбір адамның жеке басына, мал-мүлікке, отбасы-неке қатынастарына байланысты жауапкершілігін арттыру көзделген.

Тәуке ханның тұсында осы жарғыларға Құн дауы, Жесір дауы қосылып «Жеті жарғы» деп аталды [18, с.170-178]. Бұл ережелер жиынтығы 19 ғасырға дейін қазақтар арасында ауызша таралған. Жеті жарғының бір бөлігін 1832 жылы А.И. Левшин жазбаша қағазға түсірген. А.И. Левшиннің жазып алған Жеті жарғы нұсқасында: «Кровосмещение подлжит смертной казни, но она заменяется наказаниями по приговору семейства, ибо преступления сего рода не передаются на рассмотрение сторонним людям», деп айтылған нормасы [18, с.170-178]. Бұл қан тазалығын қорғайтын жеті атаға дейін қыз алыспау принципінің берік қорғаны болып табылады. Қазақ халқындағы экзогамиялық тәртіптің мән-жайы туралы А.Левшин: «экзогамиялық тәртіптің қазақ арасында қатал сақталатындығы сондай, кей уақытта туыстық жақындығы тым әріге кететін жұртшылықтың арасында ғана некелесуге болатындығын айта келіп, тіпті бір рудың адамдары бір-бірімен некелеспейді. Мысалы, жағалбайлы руына жататын жігіттің қалыңдықты өз ішінен емес, басқа рулардан іздеп, тапты» деп, айтады [18, с.170-178]. Бұл – физиологиялық және психологиялық ауытқуды және ауруды тудыратын генетикалық өзгерістердің алдын алу үшін жасалған сақтық шарасы. Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығының басты заңы «Жеті жарғыда» бұл тыйымды ресми түрде бір бап ретінде енгізген. «Жеті жарғының» некелік қатынастар туралы бабында балиғатқа толумен қатар, екінші – бұл болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы талап етілген қағида [19, 36 б.].

«Жеті Жарғы» – қазақ халқының өмір сүру ортасы мен тарихи танымына сай жасалған дала заңы. Бабаларымыз өздерінің үрім-бұтағына жеті атасына дейінгі шежірені үйретіп, жадына жаттату арқылы сол дәуірдегі қоғамда жеті ата яки ата тектілігі сынды қасиетті институтты қалыптастырды [20,82 б.].

XIX-XX ғасырларда қазақ даласының әр аймағында мекендеген қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен отбасы неке қатынастары туралы жазған орыс зерттеушілерінің бірнешеуінің еңбектеріне тоқталып өтсек. Орыс зерттеушісі П.Маковецкийдің айтуынша: «Қазақстанның солтүстік-шығысында бұрын жеті атаға дейін қыз алыспайтын болса, өткен ғасырдың 80-жылдарында үш атаға толысымен қыз алысқан», деп көрсетеді [21, с.2.]. Осындай мәліметті Н.Малышев XX ғасырдың басында өзіне дейінгі әдеби мұраларды зерттей келе, ол: «Қазақ арасында жеті атаға толмай қыз алыспау тәртібінің жақсы сақталуымен бірге, оларда 3-4 атадан кейін де қыз алысатындар да кездеседі» деген мәліметтер келтірген [22, с40-41]. Ғалым, этнограф Х.Арғынбаевтың әр өңірде тұратын қазақ халқының отбасы және неке мәселелері бойынша ел арасынан жинаған этнографиялық деректерінде: «П.Маковецкий үш ата арасындағы қыз алысу тәртібі қазақтар арасындағы қалыптасқан әдет емес, тек төрелер мен қожалар арасындағы қатынас екендігін дәлелдейді [3,13 б.]. Сондай-ақ Х.Арғынбаев Маковецкий және Малышевтің зерттеуіндегі қазақ халқының субэтникалық топтары болып есептелінетін қожалар мен төрелерде некелесудің эндогамиялық, өз ішінде ғана қыз алысатын түрі сақталғандығына түсінік береді [15,788б.]. Ы.Алтынсариннің еңбегінде: «Қазақстанның солтүстік-батысын мекендейтін қазақ халқының арасында XIX ғасырдың II-ші жартысын да 8 атаға толғанша қыз алыспаған», [23, с.104] деп, бұл дәстүрдің сақталғаны туралы айтады.

Кеңес үкіметі орнағанға дейін көшпелі қазақ халқында патриархалды - рулық қатынастардың сілемі күшті сақалып келді. Сондықтан олардың арасында өз-ара туыскандық қарым-қатынасы берік болды. Салыстырмалы түрде көршілес өзбек және тәжік халықтарында бұл дәстүрді қалай болатындығына мән берелік. Көршілес Өзбекстанның оңтүстік облысында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы өзбектердің некесі эндогамды, яғни ру ішінде болды. Қызды өз руынан басқаға тұрмысқа бермеуге тырысқан. Ол туралы Шаниязов: «Суягимни булғамайман» (сүйегімді бұлғамаймын), яғни өз қаныңды қорлама, өз еліңе, тайпаңа тіл тигізбе», - дегендей жағдайлар қатты ұсталды. «Жақсы қызды жатқа бермейміз» деген сылтаумен өзара туыс екі жасты үйлендіре береді. Тек емшек сүті араласпаса болды, деп есептеген», деп айтады [24, с.138].

Тәжік халқының салт-дәстүрін қарастырғанда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ және тәжік халықтарының салт дәстүрлерінің ұқсастығымен қатар ерекшелігі де бар. Тәжік халқының XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы некесі эндогамды, қызды ұзатқанда өз руынан басқа бөтенге мүмкіндігінше бермеуге тырысқан [25, с.96]. Оңтүстік Қазақстан территориясында қазақтардың барлық этникалық топтары арасында экзогамиялық жанұялық-некелік қатынастар қалыптасқан. Алайда қазақ халқындағы субэтникалық топтар болып есептелінетін қожалар мен төрелерде некелесудің эндогамиялық, яғни өз ішінде ғана қыз алысатын түрі ғана сақталған. Қожалар мен төрелер ақсүйектер - қараға қыз бермейді, бірақ олардан қыз алған. XX ғасырдың соңында Сыр өңіріне этнографиялық зерттеу жүргізген ғалымдар: «Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Жалағаш, Сырдария өңірлеріндегі

қожалардың некелесу тәртібі сол өңірлерді мекендейтін қазақ рулары – Кіші жүздің алты ата Өлімұлымен араласып кеткен. Ал Жаңақорған өңірі мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы қожаларда эндогамдық некенің сақталғаны анық байқалады. Мұндағы қожалар қазақ руларына қыз бермегенімен, қазақ руларынан қыз алады. Қожаларда үш ата арасында қыз алу тәртібі болғандығы айтылады. Қожаларда жеті атаға дейін ең жақын туыс болып есептелінеді, бірақ бір анадан сүт ембей, емшектес болмаса үшінші ұрпақ, яғни немерелері бір-бірімен жанұя құруға ерікті саналған» деген мәліметтер береді [26, 204-205 бб.].

Қазақтар жеті атаға дейін қыз алыспайды десек, бұл тәртіп Орта жүз қазақтарының көкмұрын руында одан да тереңдей түскен. Сыр бойын мекендеген қазақ руларының ішінде Қызылорда қаласын, Сырдария мен Шиелі аудандарын мекендеген қыпшақ руының көкмұрын аталығындағы қыз алысып, құда болу мәселесіндегі өзгешілік бар. Этнографиялық зерттеу жүргізген ғалымдардың ел арасынан жинаған мәліметінде: «Ақсақалдардың айтуы мен тарихи деректер бойынша, шамамен IX-XI ғғ. өмір сүрген Көкмұрын атаның ұрпақтары ақиретке дейін қыз алыспасын, қыз алысқаны оңбасын. Ұрпақтардың алдында мың иіліп, өтініш етемін, деген батасы ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Осы рудың бірнеше тармақтарға бөлінген ұрпақтары 12 атадан асса да қыз алыспай, туыстық бірлігін сақтаған», деген мәліметтер береді [27, 205 б.].

Жеті ата дәстүрін бұзғандарға қолданатын жаза түрлері. Неліктен қазақта жеті атаға дейін қан араластырмау, яғни қыз алысып, қыз беріспеу сақталған? Мұның мәнісін Ы.Алтынсарин: «Қаны жақын туыс адамдар үйленсе, біріншіден, олардан ақыл-есі дұрыс бала тумайды, туа қалғанның өзінде өмір жасы қысқа болып, саны бір, екіден аспайды. Екіншіден ағайын, туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ, бірлік бұзылады. Туыстық араға жеті ата толған соң, ежелден жекжат екі ел сүйек жаңғыртып, қайтадан құда болады. Осы дәстүр арқылы ел бірлігі сақталған», деп түсіндіреді [23, с.101]. Ал Жеті атаға дейін қан алмастырмау ғұрпы-халықтың нәсіл тазалығы мен генетикалық тұқымдық жетілуі үшін де қажет тәрбиелік мәні зор, озық дәстүр. Жет ата ғұрпы ағайын адамдардың сыйластығы мен ынтымағын, ар-ұяты мен адамгершілігін сақтаудың кепілі саналып, аталастардың тұқым бұзушылыққа барып, ерлі-зайыпты болуы қатаң жазалаған [27, 51 б.].

Жеті ата аспай үйленгендерге 72 ден 90-ға дейін дүре соғылған [28, с.172]. Жеті атадан аспай қыз алу «қан араластырушылық» деп танылып, өлім жазасына кесілген, егер, бұл үкім отбасылары кешірім бергенде дүре соғумен ауыстырылған. Жеті атаға жетпей қосылғандарға қолданылған жазалар әртүрлі болған. Олар: теріс бата, тас ату, үстінен мал айдау, елден аластау, асаудың құйрығына тағу. Жеті атаға толмай қосылған жастардың мәселесін ру басшылары мен ақсақалдарының жиналысы шешіп отырған. Алдымен 3 тен 5 ретке дейін ескерту жасаған. Егер екі жас ақсақалдардың әке-шешенің шешіміне қарамай үйленсе, қашып кетсе де, тауып алып, жазалап, тіпті, өлтіріп жіберген. Себебі, бұл – бүкіл рудың ар-намысына дақ түсіріп, қара бет қылатын, ата-бабаның салт-дәстүріне қиянат келтіретін ауыр қылмыстардың бірі ретінде тарихта қалды. Тобықты елінде болған Қалқаман Мамыр оқиғасы туралы Ш.Құдайбердиевтің поэмасында: «Бұл әңгіме 1722 жылы Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған оқиға. Бұл әңгіме ақсақалдар аузынан жазып алынған», деп өмірде шын болған оқиға желісінде жазылғандығы айтылады [29, 280 б.]. Поэмада екі жас бір-бірін сүйіп, бір түнде қашып кетеді. Ел тынышталған уақытта олар елдің ризалығын алуға ауылға жеткенде, Мамырды ағасы садақпен атады, сонда ол: «...Мойныңа менің қаным халал болсын, Болма енді Қалқаманның қанына ортақ...» деп, бұл дүниемен қоштасады. Ғашықтардың арасында трагедия туғаны белгілі. Бұл жөнінде этнолог, ғалым А.Сейдімбектің пікір-тұжырымына назар аударарлық: «Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін ұстанатын қазақтан басқа этностың жер бетінде бар екенін біз біле алмадық. Бұл үрдісті қалыптастыруда олар мейлінше жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің қылдай ауытқымауын әрі қырағылықпен, әрі қатал-дықпен қадағалап отырған. Қалқаман мен Мамырдың аралары 4-5 ата болғанына қарамастан, олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі елдіктің шырқын бұзатын ауыр қылмысқа баланып, қатал жазаға ұшырайтыны да содан» [4, 174 б.] деген тұжырым айтады.

Туыстық қан жеті атаға дейін сақталатынын қазіргі медицинада да дәлелдеп отыр. Медицина әке қаны балаға 50%, немереге 25%, шөбереге 12,5%, шөпшекке 6,25%, неменеге 3,125%, жүрежатқа 1,256%, туажатқа – 0,78% даритынын, ал одан кейінгі ұрпақта әке қаны болмайтынын дәлелдеген. Жеті атаға дейінгі қаны арласпаған ұрпақ шымыр, ақыл-ойы озық болатынын өмір дәлелдеп келеді [12, 117-119 бб.]. Ұлт денсаулығы алдымен қан тазалығынан басталатынын біздің ата бабаларымыз ертеден біліп, соның негізінде жеті атаға жетпей қыз алмау дәстүрін қатаң ұстанған.

Қорытындылай келе, қазақ қоғамында сақталған дәстүр бойынша әрбір жасөспірім, ержеткен азамат өзінің жеті атасын, шыққан тегін білуі міндетті болды. Шыққан тегін білмеу, тегіне тартпаған тексіздік пен жетесіздіктің белгісі деп саналған. Қандас жақын адамдардың үйленуі мен аралас неке дүниежүзіндегі көптеген ұлттарды тұйыққа тіреуде. Соңғысы қазіргі қазақ қоғамы үшін де өте өзекті мәселеге айнала бастады. Бүгінгі күнде де қазақ халқы туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау қағидасын ұстанады. Жеті атаға дейін қыз алыспау тек қазақ халқында емес, бүтіндей халықтың салауатты ұрпағы, саламатты келешегі екені айқын. Оны бүгінде ғылым да зерттеп, дәлелдеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам I Том. – Алматы: Драйк Пресс., 2009. – 778 бет.
2. Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы сы. 2000. – 320 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1973. – 328 б.
4. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана, 2008. – 170, 171, 174 б.
5. Мағауин Мұхтар. XV- XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырғауларының шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы. – 1970. – 278 бет.
6. Кенжеахметұлы Сейіт, Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. «Жеті қазына» 3-кітап. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 136-бет.
7. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Әдет - ғұрып салт-дәстүр. - Алматы; Қазақстан даму институты. 5-том. Ата-салты, 1998. – 208 бет.
8. Малғажұлы Е. Дін мен дәстүр. Тал бесіктен жер бесікке дейін. II кітап. – Алматы, 2017. – 176 б.
9. Әлімбаев Н., Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия II Том Е- И. – Алматы: РППК «Слон», 2012. – 736 б.
10. Табылды Әбдібай Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім, - 2005. – 312 б.
11. Елемес Керім, Мәсімхан Дүкен, Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян». Араб қаріпінен көшіргендер. – Алматы: Жалын, - 1996. – 464 б.
12. Бекманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты (этнографиялық сыр-сұхбат). – Алматы: Мұраттас, 2010. – 480 б.
13. Ахметова З. Бабалар аманаты: Естелік – эссе. – Алматы, 2012. – 388 бет.
14. Бегманов Қасымхан, Дәстүр: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Баспа» баспасы, 2017. – 3 Том. – 508 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Ү-Я. – Алматы, 2011. – 828 б.
16. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедия III Том Г-Ж. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 бет.
17. Сәнік Зейнолла, Зейноллақызы Жанат. Қазақ этнографиясы. – Алматы: АнАрыс баспасы, 2016. – 576 бет. – 495 б.
18. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей, Част 3. – Санкт - Петербург: Тип. К. Крайя, 1832.
19. Өсерұлы Нұралы. Жеті жарғы. – Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 1995. – 80 б.
20. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер, зерттеулер. Жетекшісі Салық Зиманов. 10 Томдық. I Том. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 324 б.
21. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов, вып. I. Материальное право. – Омск: Типография Окружного става, 1886, стр. 2.
22. Малышев Н. Обычное семейное право киргизов. Издатель: Типография губернского правления, Ярославль. 1902. – С. 41-60.
23. Алтынсарин Ибрай. Очерки обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // Записки Оренбург. ЗООИРГО. Вып I. – Казань, 1870. – С. 104.
24. Шаниязов Карим, Узбеки – карлуки. Историко – этнографический очерк. – Ташкент, «Билим», 1964. – С. 138.
25. Абрамзон Саул, Патриархально – общинный уклад и пути его изживания у народов Средне Азиатских республик и Казахской ССР. // Международный конгресс антропологических и этнографических наук. – Москва: Наука, 1964. – С. 86-96.
26. Құдайбергенова А. Бекбалақ К., Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрып мен салт-дәстүрлері. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. I-том. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.
27. Бизақов Сейдін, Түбі бір түркілер. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2000. – 318 б.
28. Загряжский Г., Юридический обычай киргизов. О различных родах состояний и о правах им присвоенных. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву. // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник, Санкт-Петербург. Вып IV.- 1876. – С. 151-203.
29. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

References:

1. Kaidar A., *Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Man I Volume.* - Almaty: Drake Press., 2009. - 778 pages.
2. Bizakov S. *Single-bottomed Turks.* - Almaty: chief editor of the Kazakh encyclopedia. 2000. - 320 P.
3. Argynbayev H. *family and marriage in the Kazakh people.* - Almaty, Publishing House "Gylym" of the Kazakh SSR, 1973. - 328 P.
4. Seidimbek A. *oral history of the Kazakh people.* - Astana, 2008. - 170,171,174 P.
5. Magauin Mukhtar. *Collection of works of Kazakh poets and zhyrau of the XV - XVIII centuries.* - Almaty: Zhazshi publishing house. - 1970. - 278 pages.
6. Kenzheakhmetuly seit, *Kazakh traditions and Customs. Book 3" seven treasures".* - Almaty: Publishing House "Ana Tili", 2010. - p.136.
7. *Kazakhs. A nine-volume handbook for the general public. Customs are traditions and Customs.* - Almaty; Kazakhstan Development Institute. Volume 5. Parenting, 1998. - 208 pages.
8. Malgazhuly E. *religion and traditions. From the willow cradle to the Earth cradle. Book II.* - Almaty, 2017. - 176 P.
9. Alimbay N., *the traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Encyclopedia Volume II E-I.*-Almaty: RPC "elephant", 2012. - 736 P.
10. *found Abdibay Ethnopedagogic readings.* - Almaty: bilim publ., 2005. - 312 P.
11. *Yelemes Kerim, Masimkhan duken, Uteuboydak Tleukabyluly "Shipager Bayan". Translated from Arabic.* - Almaty: Zhalyn, - 1996. - 464 P.
12. *Bekmanov K. strong people-strong traditions (ethnographic story-interview).* - Almaty: Murattas publ., 2010. - 480 P.
13. *Akhmetova Z. Amanat of ancestors: memory – essay.* Almaty, 2012. - 388 pages.
14. *Begmanov Kasymkhan, tradition: yesterday, today, tomorrow.* - Publishing house "Almaty: Publishing House", 2017. - Vol. 3. - 508 P.
15. *Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes.* Almaty, 2011. - 828 P.
16. *Nysanbayev A., Kazakhstan National Encyclopedia Volume III G-zh.* – Almaty: main editorial office of the "Kazakh encyclopedia", 2001. - 720 pages.
17. *Sanik Zeynolla, Zhanat Zeynollakzy. Kazakh ethnography.* Almaty: Anarys publishing house, 2016. - 576 pages. - 495 P.
18. *Levshin A. I. description of Kirghiz-Cossacks, or Kirghiz-kaisatsky Horde and steppei, Part 3.* – St. Petersburg: type. K. Kraya, 1832.
19. *Nuraly Useruly. Seven charters.* Almaty: zheti zhargy publishing house, 1995. - 80 P.
20. *Kazakh Constitution. Documents, data, research. Head Of Tax Zimanov. In 10 volumes. Volume 1.* Almaty: Zheti zhargy, 2004. - 324 P.
21. *Makovetsky P. E. material for studying the law of obychaev kirgizov, V. I.I. material rights.* - Omsk: typography of the District stava, 1886, STR.2.
22. *Malyshev N. Obychnoe semeynoe right of kirghizov.* Publisher: typography of the governorate, Yaroslavl. 1902. - pp. 41-60.
23. *Altynsarin Ibrai. Essays of obychaev at the wedding and wedding in kirghizov Orenburg Department // notes of Orenburg. ZOOIRGO. V. I.-Kazan, 1870. - P. 104.*
24. *Shaniyazov Karim, Uzbeki-karluki. Historical and ethnographic essay.* - Tashkent, "Bilim", 1964. - P. 138.
25. *Abramzon Saul, patriarchal and general order and its way to emancipate the peoples of the Middle Asian republic and the Kazakh SSR. // International Congress of anthropological and ethnographic studies. Moscow: Nauka Publ., 1964. - Pp. 86-96.*
26. *Kudaibergenova A. Bekbalak K., Customs and traditions of Kazakhs of South Kazakhstan. // Traditions and customs of the Kazakh people. Volume 1.* Almaty: Arys publ., 2005. - 328 P.
27. *Bizakov Seydin, the bottom of the Turks. Kazakh encyclopedia.* - Almaty, 2000. - 318 P.
28. *Zagryazhsky G., legal oby chay kirgizov. About the different families and the rights granted to them. About the population in the water of the koshevoi population of Turkestan, according to the general law. // Material for statistics of the Turkestan region. Yezhodnik, St. Petersburg. VIP IV. - 1876. - pp. 151-203.*
29. *Kudaiberdiev Sh. works: Poems, sagas, words of edification.* - Almaty: writer, 1988. - 560 P.

УДК 902.01
ГРНТИ 03.41.01

Подзюбан Е.В.¹

¹к.и.н., методист по мониторингу историко-культурного наследия,
КГУ «Костанайский областной историко-краеведческий музей»
г. Костанай, Казахстан

ПАЛЕОКЛИМАТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ ГОЛОЦЕНА НА ТЕРРИТОРИИ ТУРГАЙСКОГО ПРОГИБА

Аннотация

В данной публикации, которая будет состоять из двух частей, речь пойдёт о реконструкции природно-климатических условий первой половины голоцена на территории Тургайского прогиба. Составить определённое представление о палеоклиматических условиях в этом регионе стало возможным, опираясь на результаты спорово-пыльцевого анализа торфяников в Костанайской области и последние реконструкции климата и природной среды эпохи голоцена на сопредельных территориях. В первой части публикации представлены результаты исследований торфяников в Костанайской области и сопредельных территорий. В контексте палеоклиматических условий первой половины голоцена на территории Тургайского прогиба затрагивается вопрос по стратиграфии археологических памятников Тургайского прогиба.

Ключевые слова: голоцен, палеоклиматология, аридизация, бореальный период, атлантический период, суббореальный период, пыльцевая диаграмма.

Е.В. Подзюбан¹

¹т.ғ.к., тарихи-мәдени мұраның мониторингі жөніндегі әдіскер,
«Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

ТОРҒАЙ ИІНІ АУМАҒЫНДАҒЫ ГОЛОЦЕННІҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ПАЛЕОКЛИМАТТЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Екі бөлімнен тұратын бұл басылымда Торғай иіні аумағындағы голоценнің бірінші жартысындағы табиғи – климаттық шарттардың қайта құрылуы туралы сөз қозғалады. Голоцен дәуіріндегі табиғи ортаның, климаттың қайта құрылуына және Қостанай облысындағы шымтезектердің спора-тозандық талдауының нәтижесіне сүйене отырып осы аймақтағы палеоклиматтық жағдай туралы белгілі бір түсініктің қалыптасуы мүмкін. Басылымның бірінші бөлімінде Қостанай облысының және белгілі бір аумақтардың шымтезектерін зерттеу нәтижесі ұсынылған. Торғай иініндегі голоценнің бірінші жартысындағы қарастырылып отырған палеоклиматтық жағдайлар контекстінде Торғай иініндегі археологиялық ескерткіштердің стратиграфиясы бойынша мәселе қозғалады.

Түйін сөздер: голоцен, палеоклиматология, аридизация, бореалдық кезең, Атлантикалық кезең, суббореалдық кезең, тозандық диаграмма

Podzuban E.V.¹

¹Candidate of historical sciences, methodologist for monitoring historical and cultural legacy,
Municipal Public Institution “Kostanay Regional Museum of Local History”
Kostanay, Kazakhstan

PALEOCLIMATIC CONDITIONS IN THE FIRST HALF OF THE HOLOCENE ON THE TERRITORY OF THE TURGAY TROUGH

Abstract

In this publication, which consists of two parts, we will focus on the reconstruction of the natural and climatic conditions of the first half of the Holocene on the territory of the Turgai trough.

It became possible to draw up a certain idea of the paleoclimatic conditions in this region based on the results of spore-pollen analysis of the peatlands in Kostanai region as well as recent reconstructions of climate and the environment of the Holocene era in adjacent regions.

The first part of the publication presents the research results of the peatlands in the Kostanay region and in adjacent regions. In the context of the paleoclimatic conditions of the first half of the Holocene on the territory of the Turgai trough, the issue of stratigraphy of archaeological monuments of the Turgai trough has been raised.

Keywords: Holocene, paleoclimatology, aridization, boreal period, Atlantic period, sub boreal period, pollen diagram

Составить представление о климатических условиях первой половины голоцена на территории Тургайского прогиба можно, опираясь на результаты спорово-пыльцевого анализа торфяников в Костанайской области и последние реконструкции климата и природной среды эпохи голоцена на сопредельных территориях.

Одно торфяное месторождение, Наурзумское, расположено в 12 км к северу от Наурзумского бора. Второй торфяник, Сухое займище, обнаружен в 3 км к востоку от с. Боровского, на равнинном водоразделе рек Тобола и Убагана. Третье месторождение, Шайтомар, находится в 25 км к юго-западу от г. Костаная.

Пыльцевые диаграммы отложений торфяников Сухое займище и Шайтомар за небольшим исключением (на Шайтомаре пыльца липы в нижних слоях доходит до 4%) идентичны. Это, несомненно, свидетельствует об их синхронности [9, с. 205]. Торфяники Шайтомар и Сухое Займище в 1948 г. были исследованы В.В. Лавровым. Он интерпретировал их как молодые образования, возраст которых определяется примерно двумя тысячелетиями [6, с. 24]. В качестве доказательств подобного вывода В.В. Лавров ссылается на небольшую мощность отложений и неустойчивость водного режима степных торфяников. Аналогичная ситуация характерна, по его мнению, для большинства разрезов торфяников Северо-Тургайской равнины.

Неоднозначно интерпретировал пыльцевые диаграммы отложений Сухого Займища и Шайтомар М.И. Нейштадт. Присоединяясь к мнению В.В. Лаврова о незначительном возрасте разрезов, он одновременно придает этому вопросу иное толкование, которое требует, по его мнению, дальнейшего исследования. При полной аналогии диаграммы отложений Сухого Займища с диаграммой верхней части Гуськовского рьяма (торфяник Западно-Сибирской лесостепной провинции) М.И. Нейштадт отмечает, что пыльцы липы нет в верхних слоях Гуськовского рьяма, а пыльца ели там или отсутствует, или ее количество не превышает 2%. Указания В.В. Лаврова на встречаемые тонкие углистые прослойки в профиле торфяника [6, с. 26], свидетельствующие об их периодическом выгорании, позволяют М.И. Нейштадту по иному определять возраст Сухого Займища. Он предполагает, что этот торфяник имел большую мощность и вскрытые разрезом слои представляют собой древние отложения торфяника, которые должны соответствовать нижней части диаграммы разреза Гуськовского рьяма. При соотношении диаграмм этих разрезов необходимо отметить, что кривая ели в Гуськовском рьяме образует максимум (10%), в Сухом Займище (8%). Если рассматривать нижние слои других рьямов, то здесь встречается пыльца липы и вяза, что и на Сухом Займище (пыльца липы в нижнем слое).

Любопытно, что при анализе диаграммы отложений торфяника Березовое (Средне-Донская провинция) М.И. Нейштадт прямо указывает, что наличие угольных прослоек говорит о довольно древнем возрасте разреза. Несмотря на малую мощность разреза торфяника Березовое (2 м), исследователь определяет его возраст древним голоценом, учитывая ряд фактов, в том числе и угольные прослойки [9, с. 196-197].

Отмечает М.И. Нейштадт сходство диаграммы отложений Сухого Займища с более близкими торфяниками, расположенными к северо-западу от него. Это оз. Змеиное и Малое Миассово (Челябинская область). Слои этих разрезов на глубине 3-4,5 м аналогичны спектрам торфяников Сухое Займище и Шайтомар [9, с. 205].

Таким образом, исследуя Сухое Займище и Шайтомар, М.И. Нейштадт проводит аналогии с торфяниками Западно-Сибирской провинции. Учитывая сходные условия образования всех этих торфяников, он допускает возможность отнести слои Сухого Займища к древним, более мощным торфяным месторождениям типа Гуськовского рьяма. Именно Гуськовский и Мошнинский рьямы М.И. Нейштадт считает наиболее древними торфяниками Западно-Сибирской провинции. Пытаясь продатировать древнейшие торфяники этой провинции, он указывает две даты 6-5 тыс. лет (начало среднего голоцена) и 9 тыс. лет (ранний голоцен) [9, с. 188-189]. Более ранняя дата происходит из сопоставления самых нижних спектров Гуськовского и Мошнинского рьямов с нижними слоями болот Васюганья. Не исключая

возраст в 9 тыс. лет для Гуськовского рьяма, надо уточнить, что придонные слои торфяника на первой надпойменной террасе датируются 5 720 л.н. [2, с. 217]. Согласно предположению М.И. Нейштадта, возраст торфяников Шайтомар и Сухое Займище можно определить началом атлантического периода.

Пыльцевая диаграмма отложений Наурзумского торфяного месторождения, впервые исследованного И.А. Крупениковым, кардинально отличается от двух предыдущих по ряду признаков [5, с. 664-665]:

- абсолютное доминирование кривых пыльцы ивы и березы (причем ива господствует в трех верхних спектрах, а береза – в трех нижних);

- малое количество пыльцы сосны особенно в нижних спектрах (1-4%);

- почти постоянная кривая ольхи.

Первый исследователь этого разреза относил нижние слои торфяника к бореальному периоду, с которым связывал некоторое увлажнение климата и определял торф по данным ботанического состава как «древесно-тростниково-осоковый» [5, с. 664]. По мнению И.А. Крупеникова, существовало еще два периода увлажненности, чередовавшиеся с сухими ксеротермическими этапами. В столь ранней датировке этого разреза усомнился В.В. Лавров. Принимая во внимание засушливость Зауралья в сравнении с Восточно-Европейской равниной, где несмотря на большую увлажненность нижнеголоценовые отложения на торфяниках не сохранились, он относил торфяники Северо-Тургайской равнины к образованиям второй половины голоцена (конец атлантического – начало суббореального времени) [7, с. 93]. Вообще, при детальном анализе стратиграфии торфяников Северо-Тургайской равнины, В.В. Лавров считает, что невозможно полностью восстановить голоценовую историю этого региона. Для этого, по его мнению, недостает опорного разреза, в котором сохранилась бы вся серия озерно-болотных осадков голоцена [7, с. 94].

М.И. Нейштадт и в отношении этого разреза занимает противоречивую позицию. С одной стороны, он присоединяется к критике В.В. Лаврова и полностью соглашается с ним, что Наурзумский торфяник нужно датировать более поздним временем. С другой стороны, он принимает во внимание тот факт, что три торфяника, находясь в пределах одной растительной области, разнятся в рисунках пыльцевых диаграмм. На основании чего он не исключает возможность считать Наурзумский торфяник образованием более ранним, чем торфяники Сухое Займище и Шайтомар.

По иному М.И. Нейштадт трактует кривую ивы на Наурзумском торфянике, что позволяет изменить представления о реконструкции ландшафта, предложенные И.А. Крупениковым. Понимая под кривой ивы кривую пыльцы, М.И. Нейштадт сомневается в существовании периодов увлажненности и больше склонен к наличию степного ландшафта с островными березовыми и сосновыми лесами [9, с. 206]. При анализе пыльцевой диаграммы отложений Наурзумского торфяника М.И. Нейштадт только упоминает о почти непрерывной кривой ольхи, но никаким образом не интерпретирует этот факт. Присутствие же почти постоянной кривой ольхи в Наурзумском разрезе можно считать явлением уникальным в рассматриваемом регионе. Широко известны слои торфа, содержащие пыльцу ольхи в подпровинциях Восточно-Европейской провинции (торфяные месторождения Гуськово, Сафроновское, Головиновское), которые датируются М.И. Нейштадтом от древнего до среднего голоцена [9, с. 177, 179]. Таким образом, с учетом кривой ольхи выводы И.А. Крупеникова, указывающие на древность торфяника, выглядят вполне убедительно и окончательно не опровергнуты М.И. Нейштадтом.

Подводя итог выше сказанному, нельзя не отметить полярность взглядов исследователей относительно древности северо-тургайских торфяников. Три различных точки зрения относительно возраста нижней границы торфяников значительно обесценивают роль этих торфяников в реконструкции климата рассматриваемого региона.

Чрезвычайно интересны недавние материалы обследований ряда торфяников и пресных озер, находящихся в Казахском мелкосопочнике и на южной окраине Западно-Сибирской низменности. Летом 1990 г. полевым отрядом Института географии АН СССР под руководством К.В. Кременецкого в замкнутой котловине в междуречье Тобола и Убагана в Боровском р-не Костанайской обл. было изучено болото Моховое – самый мощный торфяник в пределах Ишим-Тобольского водораздела и всего Северного Казахстана. В целом палинологические данные свидетельствуют о распространении здесь во второй половине атлантического периода лесостепи со злаковыми степями и березово-осиновыми колками. Рядом с озером произрастала черная ольха, что указывает на хорошие условия обводнения озерной котловины. Сосна росла на песчаных отложениях вместе с березой и не формировала сплошных боров. По мнению исследователей, сосна проникла в верховья Тобола с севера примерно тогда же, когда и на север Казахского мелкосопочника (6 500–6 000 л.н.). Судя по спорово-пыльцевой диаграмме

отложений болота Моховое, в течение длительного времени, вплоть до субатлантического периода голоцена, сосна не могла вытеснить березу из лесов на песчаных террасах Тобола. Радиоуглеродные даты указывают на очень медленную скорость осадконакопления в озере. Обращает на себя внимание отсутствие слоёв, соответствующих большей части суббореального периода, что объясняется увеличением аридности и континентальности климата в это время. Только в конце суббореального периода (2 900–2 800 л.н.) с возрастанием общей увлажнённости территории и уменьшением континентальности климата произошло заболачивание озерной котловины. Общая структура растительного покрова в Тоболо-Ишимском междуречье во второй половине атлантического периода и конце суббореального была сходной. В составе спорово-пыльцевых спектров отмечается пыльца широколиственных пород – липы и дуба. В начале субатлантического периода (2 500–2 000 л.н.) скорость торфонакопления в болоте Моховое резко замедлилась. Изменения в составе палиноспектров позволяют предположить увеличение континентальности климата, сопровождавшееся исчезновением из состава лесов широколиственных деревьев. Эти данные созвучны с выводами В.В. Лаврова о том, что торфонакопление в северо-казахстанской лесостепи началось во второй половине голоцена. М.И. Нейштадт и В.В. Лавров придерживаясь разных датировок и интерпретаций торфяников, проявляют солидарность по вопросу о сходстве этих торфяных месторождений с торфяниками лесостепи Западной Сибири и лесной полосы Восточной Европы, что позволяет в некотором смысле распространять последние результаты палеогеографических исследований этих территорий на регион Тургая.

Судя по последним реконструкциям климата и природной среды раннего голоцена юга Западной Сибири, бореальное время в начале периода было сухим и теплым. С этим временем увязываются ксерофитные полынные степи. Под влиянием увлажнения, через 300 лет, среди степных ландшафтов появились березовые перелески. Последовавшее похолодание привело к распространению березово-сосновых редколесий с ольхой. Возможно, об этих климатических изменениях свидетельствует спорово-пыльцевая диаграмма Наурзумского торфяника. В отличие от Восточной Европы потепление и увлажнение на юге Западной Сибири и в Казахстане началось в бореальном периоде на 1,5-2 тыс. лет раньше. В связи с этим начало интенсивного процесса черноземообразования в Западной Сибири и Казахстане приходится на время 9,5-10 тыс. л.н., а в Восточной Европе 8 тыс. л.н. [11, с. 24].

Климатическая обстановка атлантического периода также была неоднородной. В начале этого периода имел место процесс аридизации, который приходится на 7 тыс. л.н. [1, с. 186]. Результаты спорово-пыльцевого анализа, полученные со стоянки Екидин-24, в какой-то степени отражают этот процесс. Стоянка Екидин-24 неолитического времени и принадлежит к маханджарскому кругу памятников [8, с. 21]. Находки на памятнике встречаются от поверхности до глубины 0,5 м. Хотя наибольшее количество находок приходится на глубину 0,3-0,5 м. Из палинологического заключения Р.А. Терещенко [4, с. 233–234] следует, что для глубины, содержащей максимальное количество неолитических находок, характерно «уменьшение древесных пород до 21-24 %» и увеличение кривой травянистых растений. Последнее указывает на усиление сухости климата, «вызвавшего распространение сухостепных разнотравно-маревых и полынно-маревых открытых ландшафтов». По крайней мере, эти результаты не противоречат климатическим реконструкциям начала атлантического периода юга Западной Сибири и вполне увязываются со временем существования маханджарских памятников.

Продолжавшееся потепление и увлажнение в атлантическом периоде достигает максимальной точки в момент климатического оптимума (6 300-5 200 л.н.), который характеризуется широким продвижением степных ландшафтов на север до 56° с.ш. (современные степи расположены южнее 54° с.ш.) [1, с. 187]. Для уточнения, территория Тургайского прогиба расположена между 48 и 54 параллелями. Результаты спорово-пыльцевого анализа из культурного слоя стоянки Кожай 1 (памятник терсекской культуры), по заключению Р.А. Терещенко указывают на незначительный процент древесных пород (0,5-10 %) в основном хвойных и березы. До 84 % приходится на пыльцу маревых растений. Правда автор спорово-пыльцевого анализа предполагает, что такой высокий процент этих растений связан в большей степени с деятельностью человека, чем с наступлением более аридного климата [4, с. 233]. Кожай-1 датируется III тыс. до н.э. на основе трех некалиброванных радиоуглеродных дат. Это начало суббореального периода.

Хотя на территории Тургайского прогиба не обнаружены многослойные стратифицированные памятники от мезолита до бронзы включительно, где культурные слои разделены стерильными прослойками, но определённые наблюдения в этом вопросе у автора статьи имеются [10, с. 29-31]. В стратиграфии археологических памятников Тургайского прогиба фиксируется слой желтого песка золотого происхождения между двумя почвенными слоями, представляющими собой гумусированный

песок серого цвета. С нижним почвенным слоем связываются неолитические и энеолитические находки (Соленое Озеро 1, Соленое Озеро 2), а с верхним слоем материал эпохи бронзы (Конезавод 1). Подобная ситуация на археологических памятниках четко прослеживается в разных местах Тургайского прогиба, находящихся на значительном расстоянии друг от друга: памятники на территории Наурузумского района (Соленое Озеро 1, Соленое Озеро 2) и в пределах пригорода Костаная (Конезавод 1). Происхождение желтого песка мы связываем с аридизацией в лесостепной и степной зонах Евразии, которая начинается в конце III тыс. до н.э., а пик засушливости приходится на нач. II тыс. до н. э. [3, с. 102, 206]. Итак, конец атлантического – начало суббореального периода характеризуются широким распространением степных ландшафтов и аридным климатом.

Список использованной литературы:

1. Зыкин В.С., Зыкина В.С., Орлова Л.А., Круковер А.А., Форонова И.В. Изменение природной среды и климата в четвертичном периоде юга Западной Сибири // Проблемы реконструкции климата и природной среды голоцена и плейстоцена Сибири. – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, 1998. – С. 175–190.
2. Зыкин В.С., Зыкина В.С., Орлова Л.А. Основные закономерности изменения природной среды и климата в плейстоцене и голоцене Западной Сибири // Проблемы реконструкции климата и природной среды голоцена и плейстоцена Сибири. – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2000. – Вып. 2. – С. 208–228.
3. Иванов И.В., Васильев И.Б. Человек, природа и почвы Рын-песков Волго-Уральского междуречья в голоцене. – М.: Интеллект, 1995. – 264 с.
4. Калиева С.С. Поселение Кожай I. – Алматы: Изд-во Ин-та археологии АН РК, 1998. – 255 с.
5. Крупеников И.А. К истории островных лесов Кустанайской области // Доклады АН СССР. – 1941. – № 7. – Т. 30. – С. 664–665.
6. Лавров В.В. О составе ископаемой пыльцы одного торфяника в северной части Тургайского залива // Вестник Каз. ФАН СССР. – 1945. – № 1 (4). – С. 24–36.
7. Лавров В.В. Четвертичная история и морфология Северо-Тургайской равнины. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР, 1948. – 126 с.
8. Логвин А.В. Стоянка маханджарской культуры Екидин-24 на юге Торгайского прогиба // Известия МНУВО РК, НАН РК. Серия общественных наук. – 2002. – № 1. – С. 15–22.
9. Нейштадт М.И. История лесов и палеогеография СССР в голоцене. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – 404 с.
10. Подзюбан Е.В. Особенности стратиграфии памятников неолита-энеолита Кустанайской области // Хронология и стратиграфия археологических памятников голоцена Западной Сибири и сопредельных территорий. – Тюмень: Изд-во ИПОС СО РАН, 2002. – С. 29–32.
4. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. заведений / [С.А. Смирнов, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов и др.]; под ред. С.А. Смирнова – 8-ое изд. перераб. – М.: Академия. – 2008. – 512 с.
5. Старостина Н.В., Калашиникова С.С. Формирование умений педагогического общения со школьниками у будущих учителей на занятиях по иностранному языку в высшей школе // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. – Адрес статьи: science-education.ru/ru/article/view?id=15906
6. Хамракулова Х.М. Использование инновационных технологий в повышении эффективности урока // Научно-популярный журнал NovaInfo, 2016. – №44-4. – Адрес статьи: novainfo.ru/article/5683
7. Концепция 12-летнего среднего образования Республики Казахстан. – Астана, 2010. – 24 с.

References:

1. Zhekibaeva B. A. On the essence of the concept of "pedagogical skill". // Herald of the KarGU. - Karaganda, 2011. - Address of the article: articlekz.com/article/5763
2. Slastenin V. A., Isaev I. Pedagogika. - M.: ACADEMA, 2002. - 228 p.
3. Ivannikova M. V. Pedagogical conditions for preparing future teachers for the implementation of the method of projects in the educational field "Technology" // Innovative technologies in education and science: materials of the International Scientific and Practical Conference (Cheboksary, May 7, 2017). In 2 vols. T. 1 / Editorial board: O. N. Shirokov [et al.] - Cheboksary: CNS "Interactive Plus", 2017. - 83-87 p.
4. Pedagogy: theories, systems, technologies: a textbook for students. higher. and Wednesday. studies. institutions / [S. A. Smirnov, I. B. Kotova, E. N. Shiyanov, et al.]; edited by S. A. Smirnov-8th ed. pererab. - M.: Akademiya. - 2008. - 512 p.
5. Starostina N. V., Kalashnikova S. S. Formation of skills of pedagogical communication with schoolchildren in future teachers at foreign language classes in higher school // Modern problems of science and education. - 2014. - No. 6. - Address of the article: science-education.ru/ru/article/view?id=15906
6. Khamrakulova Kh. M. The use of innovative technologies in improving the effectiveness of the lesson // Popular Science Journal NovaInfo, 2016. - №44-4. - Article address: novainfo.ru/article/5683
7. The concept of 12-year secondary education of the Republic of Kazakhstan. - Astana, 2010. - 24 p.

УДК 94(574):004
МРНТИ 03.01.29.

Г.А. Қыргызхан¹

¹PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты
Алматы қ., Қазақстан

САНДЫҚ БІЛІМ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақала қазіргі заманғы түлектерге мемлекет талаптарын зерттеуге және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға арналған әлеуметтік тапсырыстың арқасында өзгерген, ақпараттық-графикалық электрондық білім беру процесінде сандық технологияларды пайдалану сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық салада мемлекеттің жоғары мектепке қойған шарттары мен міндеттері негізінде, ақпараттық революция ғасырында сандық білім беру технологияларын пайдалануда артта қалушылық білім беру сапасының күрт құлдырауына және қанағаттанбауға елеулі қауіп төндіруі – қоғамдық қажеттіліктер болып табылады. Демек, деңгейдің күрт өсу қажеттілігі пайда болды кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы қажет сандық технологияларды пайдалану, мектеп оқытушыларын сапалы қайта даярлауды талап етеді. Мақалада электрондық білім берудің ерекшеліктері және ақпараттық оқыту құралдарының түрлері қарастырылған.

Түйін сөздер: сандық технологиялар, ақпараттық кеңістік, электрондық мәдениет, білім беру үдерісі.

Қыргызхан Г.А.¹

¹PhD докторант КазНПУ имени Абая, Институт истории и право
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДСТВ В СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

Статья посвящена изучению требований государства к современным выпускникам, изменившимся благодаря социальному заказу на подготовку конкурентоспособных специалистов; актуальным вопросам формирования информационно-графической и электронной культуры специалиста, использования цифровых технологий в образовательном процессе высшей школы, а также требованиям к высшей школе с учетом социально-экономических условий и задачи, поставленной государством высшей школе. В век информационной революции сильное отставание в использовании цифровых образовательных технологий создает серьезную опасность в резком падении качества образования и неудовлетворенности общественных потребностей. Отсюда возникла необходимость резкого повышения уровня использования цифровых технологий, качественной переподготовки преподавателей высшей школы, которую необходимо осуществлять поэтапно.

Ключевые слова: цифровые технологии, информационное пространство, электронная культура, образовательный процесс.

Kyrgyzkhan G.A.¹

¹PhD doctoral student of KazNPU named after Abay, Institute of history and law
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF DIGITAL EDUCATIONAL TOOLS IN THE LEARNING SYSTEM

Аннотация

The article is devoted to the study of government requirements for modern graduates, due to the changed social order for training of competitive specialists; topical issues of development of information and graphic and electronic culture, the use of digital technologies in the educational process of higher schools, as well as the requirements for the higher school taking into account the socio-economic conditions and objectives set by the

government high school. In the age of the information revolution, a strong lag in the use of digital educational technologies creates a serious danger in a sharp drop in the quality of education and dissatisfaction with public needs. Hence, there was a need for a sharp increase in the level of use of digital technologies, high-quality retraining of higher school teachers, which must be carried out in stages.

Keywords: digital technologies, information space, electronic culture, educational process.

XXI ғасыр жоғары компьютерлік технологиялар ғасыры деп аталады. Адам өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналған ақпарат пен ақпараттық процестер адам социумының даму кезеңі ретінде ақпараттық қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қоғамды ақпараттандыру процесі адамдар мекендейтін жаңа ақпараттық ортаны ғана емес, олардың өмірі мен кәсіби қызметінің жаңа, ақпараттық негізін қалыптастыруға әкелді. Қазақстан Республикасы білім беруді жаңғырту тұжырымдамасында айқындалған негізгі міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыру деп айқындаған болатын. Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану – әлемдік білім беруді дамытудың аса маңызды және тұрақты үрдісі. Соңғы жылдары ақпараттық технологияларды оқу жүйесінде жиі қолдана бастады. Қоғамды ақпараттандыру білім алу үдерісіне елеулі әсер етті. Оқытудың заманауи технологияларын дұрыс қабылдау, түсіну қажетті ақпаратты меңгеру тереңдігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогтармен белсенді қолданылатын ақпараттық технологиялар білім беру процесінің мазмұнын айтарлықтай байытады, білім алушылардың ойлау қызметін жандандырады және жеке тәсілді іске асыруды қамтамасыз етеді, бағдарламалық талаптарды тиімді меңгеруге жәрдемдеседі. [1, 5 б.]

Педагог ғалымдардың пікірі бойынша «педагог - білім алушылар үшін ұлағатты және құрметті болу үшін, ол жеке тұлға ретінде өз саласының жетік маманы болуы қажет, коммуникацияның қазіргі заманғы құралдарын жақсы меңгеруі тиіс. Білім беру технологиялары, оның ішінде – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушылардың жасөспірімдер санаты үшін өте маңызды болып табылады.

Қазіргі жағдайда АКТ-ны қолдану - сабақтың басты мақсаттары мен міндеттерін, оқыту процесінде оқушылардың заманауи ақпараттық мазмұнды ортада нәтижелі дербес шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілігін дамыту болып табылады. Осы фактіні ескере отырып, сабақты әзірлеу кезінде тиісті әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру бойынша міндеттер бөлінеді. Басқа пәндерде де, күнделікті өмірде де технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін метапән құзыреттілікке ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, физика сабақтарында оқушылардың компьютерлік модельдік эксперимент жүргізу, немесе компьютерде диктант мәтінін теру кезінде машықтарын қалыптастыру, клавиатуралық тренажерде жұмыс істеу дағдыларын дамыту, гипермәтіндік уақыт шкаласын, тарихи оқиғаларды пайдалану кезінде себеп-салдарлық байланыс орнату дағдылары дамиды.

Білім берудегі сандық технологиялар – бұл сандық технологияларға негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі.

Сандық технологиялар үлкен жылдамдықпен дамиды. Көптеген қызмет салалары сандық жүйелерге көшуде: ол ауруханалар, қоғамдық тамақтану орындары, оқыту мекемелері. Сарапшылар мектеп бағдарламасының электрондық форматқа көшуі туралы жиі айтады. Бұл ой өмірге келгенде, білім беру жүйесі ғана емес, оның мәні мен мақсаты да өзгерді.

Мектепте оқытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы ескі дәуірден ерекшеленеді. Білім беруді цифрландыру – электрондық жүйеге көшу процесі деп аталды. Оларды қоршаған заманауи компьютерлік орта, бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар материал берудің заманауи тәсілдерін ұсынады. Осылайша, проблема туындайды – қазіргі заманғы АКТ негізінде мектепте педагог қандай білім беру технологияларын қолдана алады?

Ақпаратты неғұрлым тиімді қабылдауға және сіңіруге мүмкіндік беретін графикалық презентациялар құру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл саладағы соңғы үрдіс скрайбинг болып табылады. «Скрайбинг» - британдық суретші Эндрю Парк ойлап тапқан презентацияның жаңа техникасы болып табылады [2, 5, 1 б.]. Скрайбингтің жетістігі – адамның миы образдармен, ал сурет тілі – әмбебап тілмен түсіндіріледі.

Скрайбингтің мәні – негізгі идеялардың мәні мен мағынасын түсінуге көмектесетін суреттермен оны сүйемелденуден тұрады. Экранда ауысатын бейне суреттерді жазып, бейнескрайб – роликті қолдана аламыз.

Бейнесюжеттердің ұзақтығы авторлардың ойына байланысты. Осылайша, скрайбинг – бұл қызықты, белсенді дамып келе жатқан материалдарды визуализациялау технологиясы.

Скрайбингті құру технологиясы шартты түрде «қолмен» және «компьютерлік» деп қарастыруға болады. Қолмен скрайбинг жасау кезінде – кадрдағы дауыс туралы айтылады яғни қол кадрдағы ауызша

әңгімені бейнелейтін бейнелерді салады. Мұндай техникада, әдетте, қағаз парақтары немесе презентациялық тақта, түрлі-түсті қарындаштар, маркерлер, фломастерлер, қылқалам және бояулар қолданылады.

Компьютерлік скрайбинг көп қосымша жабдықты қажет етпейді. Сондықтан компьютерлік скрайбинг құру оңай деп саналады.

Бірақ қазір біз скрайбинг жаңа материалды түсіндіру үшін жарайды деп айта аламыз, зерттелген материалды жалпылау құралы ретінде пайдаланылады.

Педагогикалық практикада заманауи ақпараттық технологиялардың өз орны бар. Бұл тәжірибені кеңейту және көпшілікке тарату үшін өте қажет. Қазақстан Республикасы білім беру стандартында білім берудің жаңа сапасы – білім алушылардың белгілі бір дағдыларды меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар оның жеке тұлғасын, оның танымдық және жасампаздық қабілеттерін дамытуға бағытталған білім берудің бағдары деп белгіленген болатын.

Жеке тұлғаны дамытудың, оның құзыреттілігін қалыптастырудың басты факторлары – белсенді пәндік-тәжірибелік іс-әрекет пен қарым-қатынас болып табылатындығы даусыз болып табылады.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын неғұрлым тиімді қолданған сайын, оқушы ойлаудың көптеген тиімді тәсілдері мен әдістерін жақсы игереді және алдағы міндеттерді тиімді шеше алуына септігін тигізеді.

Сандық құралдардың тиімді жақтары:

1. Дербестікке баулу. Сандық жүйе өз бетінше жұмыс істеуді білдіретіндіктен, бала кезінен өзі білімге ұмтылуы тиіс екенін түсіне бастайды және мұғалімнің қамқорлығынсыз оқушы жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады.

2. Қағаз жұмыстардың азаюы. Оқушылар бірнеше оқулықтар мен дәптерлерді сөмкеде тасымайды. Сандық білім – адамды қағаз бен кітаптардан арылтады. Компьютерде барлық оқулықтар мен оқу құралдары бар, ал планшет жұмыс дәптерлерін толығымен ауыстырады.

3. Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету. Мұғалім мамандығы – ең күрделі болып саналады. Сандық жүйеде мұғалімнің жұмысы тек көмекті білдіреді. Педагогтар оқушыларды дамыта алатын бағытты ғана анықтайды. Оқушылар оған тек даулы жағдайларда ғана мұғалімге жүгіне алады.

4. Болашаққа қадам. Сандық білім беруге көшу – бұл интернет-технологияларды құрудың маңызды кезеңі. Қазір ғылым үлкен жылдамдықпен дамып келеді, күн сайын жаңа құрылымдар пайда болуда. Оқытуды цифрландыру – оқушыларға болашақта ақпараттық әлемде жақсы бағдар беруге көмектесе алады деп сенемін [3, 15 б.]

Қоғам өміріндегі ақпараттың өсіп келе жатқан рөлімен, оның көлемдерінің қарқынды өсуімен және оны жедел өңдеу қажеттілігімен сипатталатын соңғы онжылдықтар қазіргі қоғам мүшесіне жаңа білімді қабылдау қабілетін негізгі талап ретінде ұсынуға және біліктілікті үздіксіз арттыруға алып келді. Мұнда негізгі принциптерді атап өту керек: дайын білімді беруден үздіксіз білім алу дағдыларын қалыптастыруға көшу, сондай-ақ инновациялық формаларды пайдалану мен материалды беру тиімділігін арттыру

Ақпараттық қанықтықтың ұлғаюымен қатар деректерді өңдеу және беру құралдарының қарқынды дамуы да жүреді. Компьютерлік технологиялардың өздері оқу пәнінен әртүрлі, соның ішінде әдістемелік міндеттерді шешетін құралдар қатарына тез ауысты [4, 8 б.].

Сандық білім беру құралдары – бұл тек электрондық түрдегі мәтін ғана емес. Бұл қағаз оқулықтарда немесе плакаттарда ұсынылған толымдылығы мен сапасы бойынша асатын иллюстрацияларда болуы мүмкін. Бұл жерде мұғалімге ерекше физикалық құбылысты көрсетуге, оқушылармен бірге бірнеше он жыл бұрын тарихи өткенге көшіруге немесе кәсіби актердің орындауында өлеңмен ләззат алуға мүмкіндік беретін аудио – және видеофрагменттерді де жатқызуға болады. Виртуалды зертханалар, олардың көмегімен стандартты мектеп жабдықтарын, интерактивті карталарды, схемалар мен суреттерді пайдалану арқылы мүмкін емес ғылыми эксперимент жүргізуге болады, олардың мүмкіндіктері статикалық бейнелердің мүмкіндіктерінен едәуір асып түседі, осының барлығы сандық білім беру құралдарының жарқын үлгісі болып табылады.

Қазіргі заманғы мұғалімге дәстүрлі оқу құралдарының жаңа буынын, оқу-әдістемелік материалдарымен үйлесімді ұштастыру үшін ең көп көлемде түрлі мүмкіндіктер берілуде [6, 2 б.] Мұғалім қол жетімді элементтердің кең жиынтығынан – сабақ гимаратын құрастыратын сәулетшіге айналады, бұл оқу үдерісін жарқын, қолжетімді, ақпараттық мазмұнды, қызықты және сөзсіз тиімді етуге мүмкіндік береді.

Бірыңғай топтамадағы сандық білім беру құралдары арасында білім алушыға кері байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік беретін әртүрлі құралдар ерекше қызығушылық тудырады. Ресурсқа салынған интерактивті құралдары іске қосылмаған немесе керісінше,

техникалық құралдарды таңдауға байланысты тиімді пайдаланылатын болуы мүмкін. Қарапайым проекторды пайдалану кезінде интерактивті сандық құралды тек мұғалім ғана басқара алады, оқушы мүмкіндігінен айырылған, мысалы, интерактивті картада оның қызығушылық танытатын фрагментін өз бетінше таңдай алады немесе күрделі зат молекуласының үш өлшемді үлгісін қажетті бұрышқа айналдыра алады.

Интерактивті тақта – бірегей құрал. Ол білім беру процесінің барлық қатысушыларының белсенді өзара іс-қимылын ұйымдастыруға мүмкіндік береді, олардың арасындағы ақпарат алмасудың өзіндік өрісін қалыптастырады, оқушыны тыңдаушының жағдайынан мұғалімнен ақпаратты пассивті қабылдайтын, оқу үдерісіне белсенді қатысушы жағдайына аударады. Интерактивті тақта түрлі үлгідегі сандық білім беру құралдарын біріктіруге мүмкіндік беретін көрнекі құралдардың кең спектрін қамтиды [7, 10 б.]

Тест тапсырмаларды интерактивті тақта арқылы көрсету барысында білім сапасын бақылауға арналған құрал ғана емес, қателіктер мен кемшіліктерді талқылауға және дауыс беру жүйесінің көмегімен неғұрлым қолайлы нұсқаны бірлесіп таңдауға мүмкіндік беретін қажетті құрал екендігі сөзсіз. Интерактивті карталар мен схемалар, анимацияланған демонстрациялар – осының барлығы интерактивті тақта ретінде осындай қуатты және функционалды бай құралды пайдалану кезінде қосымша мүмкіндіктерімен көзге түседі [8, 9, 5-6 б.]

Ғылыми-техникалық революция мектеп және ЖОО-да білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесін алға қойды. Сандық білім беру құралдарын қолдану бүгінгі мектептің қажеттілігі болды. Қазіргі педагогикада оқытудың интерактивті құралдарын құру мен пайдалануды ғылыми негіздеудің аса өзекті міндеті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Храмова М.В. *Формирование готовности специалистов к профессиональной деятельности на основе использования технологий дистанционного обучения. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.* – М., 2000 г. – 233 с.

2. Лапшева Е.Е., Храмова М.В. *Развитие визуальной грамотности обучаемых средствами информационно-коммуникационных технологий // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. 2011. Т.2. №18. – С.53-56*

3. Босова Л.Л., Босова А.Ю. *Вопросы организации учебного процесса с использованием электронных образовательных ресурсов нового поколения // Открытое и дистанционное образование. 2012 . №4(48). – С. 72-80.*

4. Христочевский С.А. *Электронные мультимедийные учебники и энциклопедии // Информатика и образование. 2000. №2.*

5. *Скрайбинг [Электронный ресурс]. URL: <https://sites.google.com/site/mkskrajbing/>*

6. Литвинова О.А., Храмова М.В., Барышева А.Д., Чабан М.А. *Возможности использования технологии скрайбинг в образовательном процессе. // Информационные технологии в образовании : Материалы VI Всерос. научно-практ. конф. – Саратов : ООО « Издательский центр « Наука» 2014. – С. 115-118.*

7. Хортон У., Хортон К. *Электронное обучение: инструменты и технологии.* – М.: КУДИЦ-Образ, 2005.

8. *Применение информационно-коммуникационных технологий в образовании [Электронный ресурс]: электронное учебно-методическое пособие / А.В. Сарафанов, А.Г. Суковатый, И.Е. Суковатая и др. Красноярск: ИПЦ КГТУ. 2006. URL: <http://window.edu.ru /resource/923/60923 /files/book2.pdf>.*

9. *Применение ИКТ в образовании // Система федеральных образовательных порталов «Информационно-коммуникационные технологии в образовании». Электронная библиотека.*

References

1. *Khramova M. V. formation of readiness of specialists to professional activity on the basis of using distance learning technologies. Dissertation on the search for a candidate of Pedagogical Sciences. - Moscow, 2000-233 P.*

2. *Lapsheva E. E., Khramova M. V. development of visual literacy by educational means information and communication technologies // psychological and pedagogical Journal Gaudeamus. 2011.VOL. 2. NO. 18 – - PP. 53-56*

3. Bosova L. L., Bosova A. Yu. issues of organizing the educational process with the use of electronic educational resources of a new generation // open and remote education. 2012 . №4(48). - P. 72-80.

4. Hristochevsky S. A. electronic multimedia textbooks and encyclopedias // Informatics and education. 2000. №2.

5. scraping [electronic resource]. URL: <https://sites.google.com/site/mkskrajbing/>

6. Litvinova O. A., Khramova M. V., Barysheva A. D., Chaban M. A. the possibility of using the technology of scraping in the educational process. "I don't know," he said. "I don't know," he said. conf. - Saratov: OOO "Izdatelsky Center" Nauka " 2014. – pp. 115-118.

7. Horton U., Horton K. electronic training: tools and technologies. Moscow: KUDITS-obraz publ., 2005.

8. use of information and communication technologies in education [electronic resource]: electronic educational and methodological assistance / A. V. Sarafanov, A. G. Sukovataya, I. E. Sukovataya and others. Krasnoyarsk: IPC KGTU. 2006. URL: <http://window.edu.ru/resource/923/60923/files/book2.pdf>.

9. application of ICT in education // system of federal educational portals "information and communication technologies in education". Electronic Library.

ӘӨЖ 94:374.3(574)

МРНТИ 03.01.11

Г.М. Смағұлова¹, Б.Т. Төлеуова²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,
Қарағанды қ., Қазақстан, e-mail: gylnara2005@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ,
Қарағанды қ., Қазақстан, e-mail: b_t_tuleuova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ БОЙЫНА ТАРИХИ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан жастарының бойына тарихи білімді қалыптастырудың қажеттілігі, оның сипаты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер, гуманитарлық білімнің дағдарысқа ұшырауының кейбір тұстары көрсетіледі. Тарихи білімнің сипаты идеологиямен байланыстылығында екендігі түсіндіріледі. Елімізде жүргізіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалар аясында жастардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы тарихи білімнің кейбір жолдары баяндалады. Бүгінгі жастардың ұлтжанды болуы үшін тарихи білімнің алатын орны мен рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: білім берудің жаңа тәсілдері, білім жүйесіндегі модернизация, тарихи білім, тарихи сана, жас ұрпақ, ұлттық құндылық, музейлік педагогика.

Смағұлова Г.М.¹, Тулеуова Б.Т.²

¹кандидат исторических наук, доцент КарГУ им. Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан, e-mail: gylnara2005@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент КарГУ им. Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан, e-mail: b_t_tuleuova@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО ЗНАНИЯ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматривается процесс формирования исторического знания молодого поколения Казахстана, дается его характеристика. Авторами анализируются изменения в существующей системе образования, раскрываются отдельные аспекты кризиса в гуманитарном образовании. Характерной чертой исторического образования является его тесная связь с идеологией. В статье характеризуются основные пути исторического знания, формирующего национальные ценности у молодежи,

представленных в государственных программах. Выделяется роль и место исторического знания в воспитании патриотизма среди молодежи.

Ключевые слова: новые подходы в образовании, модернизация системы образования, историческое знание, историческое сознание, молодое поколение, национальные ценности, музейная педагогика.

¹G.M. Smagulova, ²B.T. Tuleuova

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of KSU named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: gylnara2005@mail.ru

² Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of KSU named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: b_t_tuleuova@mail.ru

MAIN PATHS OF FORMING HISTORICAL KNOWLEDGE OF YOUNG GENERATION OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article discusses the process of formation of historical knowledge of the young generation of Kazakhstan, gives its characteristics. The authors analyze changes in the existing education system, disclose certain aspects of the crisis in humanitarian education. A characteristic feature of historical education is its close connection with ideology. The article describes the main paths of historical knowledge that forms the national values of young people which represented in state programs. The role and place of historical knowledge in the education of patriotism among young people is highlighted.

Key words: new approaches in education, modernization of the educational system, historical knowledge, historical consciousness, young generation, national values, museum pedagogy.

XXI ғасырда, жаһандану жағдайында әлемнің көптеген елдерінің білім беру жүйесі қарқынды қайта құрулар мен реформалар кезеңін бастарынан өткізуде. Білім беру жүйесінде жүріп жатқан модернизация үдерісінің барысында жаңа оқудың түрін сипаттаушы ретінде «өмірдің барлық кезеңінде оқыту», «икемділік», «инновация», «инклюзия» тәрізді ұғымдар қазіргі тілдік қорларында негізгі сөздердің бірі ретінде белсенді түрде кеңінен қолданылады. Оның көрсеткіш элементі білімнің жоғары деңгейі болып табылады, сонымен қатар адамзат баласының барлық білімін қолданып қана қоймай, қоғамның интеллектуалдық қарқыны үшін түрткі болады.

Бүгінгі күні ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қазіргі адамның күнделікті өмірінің бөлінбейтін бөлшегіне айналып, төртінші өнеркәсіптік революцияның драйвері болып отыр. Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның президенті, неміс экономисі К.Швабтың пікірінше, «технологиялық инновациялар танып білуге мүмкіндіктер береді: бір жағынан, біз кімбіз және әлемді қалай ұғынамыз, екінші жағынан, біздің іс-әрекетімізді өзгертіп қана қоймай, өзімізді де қайта өзгертеді» [1, 218 б.]

Осыған байланысты И.М. Ильинский өзінің «Образовательная революция» деген кітабында адами капиталды дамытудың маңызды миссиясына білім мен тәрбиені жүктейді [2, 240 б.]. Олар (білім мен тәрбие) әрқашанда бір адым алға жүре отырып, жаңа болмысты қалыптастыру үшін жағдай жасаулары керек. Бұл өз кезегінде әу баста ғылыми-технократтық сипат алған инновациялық өзгерістердің мазмұнына байланысты қалыптасқан көзқарастарды өзгертеді, ал қазір жаһандық қайта құрулар гуманитарлық контексте де сипат алып отыр.

Бірақ 2007 жылы Грецияда өткен халықаралық әлемдік өркениеттер форумында, өте ауыр, жағымсыз қорытынды жасалды, яғни бүгінгі күні дүние жүзінде гуманитарлық білім оқиғалардың дамуы туралы, болып жатқан құбылыстардың құндылықтарын анықтайтын, жаһандық дағдарыстан шығу, оның ішінде жалпы адамзат құндылықтары бой алдырған дағдарыстан шығатын жолдарды көрсететіне қарамастан, технократиялық құзыреттер басымдылыққа ие, ал гуманитарлық білім дағдарысқа ұшырауда [3].

Рухани дағдарыстың қалыптасуының факторларының бірі – тарихи білімнің рөлінің құлдырауы. Ол қоғамдағы өтпелі кезеңде ерекше маңызға ие болады. Бұрынғы жеңістер мен жеңілістер туралы ойлар адам санасының өсуіне ықпал етеді, яғни өткен тарихты оқып білу, біртіндеп оның санасын жаулап ала отырып, ой өрісін кеңейтеді және тәжірибесін байытады [4, 10 б.].

Тарихқа көңіл аудару модернизация жағдайында қоғам өзінің керемет дамуын тарихи үдерістің тікелей акторы болуымен түсіндіріледі. Тарихи білім бір уақытта бірнеше міндеттерді орындайды:

біріншіден, ақылды дамытады; екіншіден, эмпатияны (сезімталдықты) қалыптастырады және тарихтың алдын алуға қазіргі кезеңнің маңызды мәселелерін көруге мүмкіндік береді [2, 56 б.].

Тарихи білімнің сипаты идеологиямен тығыз байланыста болуымен түсіндіріледі. Оның мәні тарихтағы сабақтастықпен қабысып жатуында. Қазақстанның өзінің тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел екендігін жариялауы және осыған байланысты оның территориясында қалыптаса бастаған жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдай, қоғамның да, халықтың да санасына үлкен өзгерістер әкелді. Осындай жағдайда еліміздің тәуелсіздігіне дейінгі өткен тарихының ақтаңдақ беттерін аша отырып, оның шынайы бейнесін жасау Қазақстанның болашағы үшін маңызды болып табылды.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихын қайрадан қалпына келтіруге байланысты тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ мемлекеттік әрі ресми тұрғыда қабылданған тұжырымдамалар мен бағдарламалар: Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы (1995 ж.), 2000 жыл - Тарих жылы, «Мәдени мұра» (2004-2011 жж.), «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017 ж.), «Ұлы Даланың жеті қыры» (2018 ж.) ұлттық мұра мен құндылықтарды сақтауға және төл тарихымызды жан-жақты зерттеуге бағытталды. Аталған бағдарламалар гуманитарлық ғылымдар, оның ішінде тарихи білім арқылы орындалатыны нақ.

1995 жылғы Қазақстандағы тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында «Тарихи білім мен тәрбие беру жастардың туған халқының рухани әлемінен нәр алуына, оның мәдениеті мен тарихының бастауын байыптауына жәрдемдеседі, халық поэзиясын, музыкасы мен бейнелеу өнерін терең түсінуіне жетелейді», - деп жазылған [5, 11 б.]. Осы ретте білім мен тәрбие ұғымдарының бірге жүретіндігін ескере отырып, бүгінгі жастарға тарихтың «кеше», «бүгін», «ертең» деген үш үлкен ұғымнан тұратындығын түсіндіру маңызды. «Кешегі» өткен тарихсыз оның «бүгінгісі» жоқ, онда «ертеңі» бұлыңғыр. Сондықтан тарихи сананың өзегін тарих білімі мен ғылымы қалайды. Ал жастардың бойындағы сол өзектің мықты болып қалыптасуына тарих білімі үлкен рөл атқарады. ХХІ ғасырдағы тарихи білім жастарға тек «Тарих» оқулықтары арқылы ғана тарихи фактілер, оқиғалар мен құбылыстарды түсіндірумен шектеліп қалуға жол бермейді. Онда жастардың бойындағы тарихи білімге деген құштарлықты басып тастайды, тіпті кейде жойып жібереді. Сол себепті тарихи білім өркениеттілік тұжырымдама тұрғысында, үлкен ыждаһаттылықпен түсіндірілу керек.

Тарихты сүйіп әрі қызығушылықпен оқымағандықтан, ондай жастар отансүйгіштік деген қасиетті ұғымның мәні мен маңызын түсінбейді. Ең қорқыныштысы – төл тарихын дұрыс түсінбей өскен жастардың бойында ұлттық патриотизм болмайды. Оның алдын алу жолдары – жастарды өлкетану жұмыстарын жандандыруға шақыру; халқымыздың рухани ұйытқысы болған тарихи тұлғалардың бейнесі арқылы олардың еңбек жолдарымен таныстырып, шығармаларын насихаттау; еліміздегі тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға және қорғауға үйрету; дәстүрлі қолөнер кәсібін жандандырып әрі заманауи тұрғыда түлентіп, ұлттық бренд ретінде дамыту.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының алты бағыттан тұратын «ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы» деген алғашқы тарауында қазіргі қоғамның өрістеуіне негіз болатын бұрынғы ұлттық құндылықтарды сақтауды, сонымен қатар, ғаламдық өзгерістер тудырған жаңашыл, заманауи сипаттағы үдерістерден де сабақ алуды ұсынады. Сонымен қатар әр халықтың, әр мемлекеттің өзіндік даму жолдары болатындығын ескерген Елбасы Н.Назарбаев қазақ халқы үшін оны «ұлттық код» ұғымы арқылы, яғни ұлттық код ұлттық жаңғыру үшін қажетті басты шарты ретінде көрсетті. Қазақ халқының ұлттық кодының сан ғасырларлық тарихы бар және ол өте бай материалдық және рухани құндылықтарға толы. Болашақ ұрпақ үшін осы құндылықтарды сақтау мақсатында, бүгінгі заман сұранысымен сабақтастыра байланыстырып, жастардың бойына сіңіру маңызды. Бұл жерде де ғылыми тұрғыда негізделген гуманитарлық пәндердің арасында тарихи білімнің алатын орны ерекше болмақ.

Тарихты тану үдерісі, тарихи білім фактіні меңгеруден басталады. Ал тарихи фактінің ең үлкен ерекшелігі, біріншіден, – оның қайталанбайтындығында; екіншіден, оны бақылаудың мүмкін еместігінде. Әрине, барлық фактіні қарастыру және оны есте сақтау шарт емес, өйткені ол күрделі. Ал ұлттық тарихтың әр саладағы маңызды оқиғаларын, оның рухани және мәдениет тарихын, оны қалыптастыруға күш жұмсаған тарихи тұлғалар жайлы білу маңызды. Бұл тұрғыдан қазақ халқының бай тарихы бар екендігін ескерсек, бүгінгі ХХІ ғасырдың жастарына оны қалай түсіндіреміз? Қандай жолмен жеткіземіз? Қалай естерінде сақтайды? Өткен тарихқа қалай қарайды? Өз ұрпақтарына қалай жеткізеді? деген біраз сұрақтар туындайды. Бірақ мұндай сұрақтар үрей немесе қорқыныш туғызбау керек. Өйткені қазіргі білім беру мазмұнын жүзеге асыруда ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы тарихи

білімді түрлендіріп жеткізуге болады. Тарихи білім беру барысында кітапхана, музей, архив тәрізді мемлекеттік мекемелерін, сонымен қатар халықаралық үкіметтік ұйымдардың және олардың құрылымдарын, үкіметтік емес ұйымдардың алаңдарын тарихи елестету мен тарихи түсінікті қалыптастыруға мүмкіндігінше қолдана білген дұрыс. Оған дәлел ретінде бірнеше мысалдар келтірейік.

Бірінші мысал. Әрбір өлкеде немесе қалада түрлі музейлер бар. Музей – ұлттық тарихымыздың әр кезеңінен мәлімет бере алатын түрлі жәдігерлер топтастырылған мәдениет орталығы болып табылады. Оның қызметінің бүгінгі қоғамдық кеңістіктегі орны күн сайын кеңейіп келеді, яғни ол білім мен ғылым және тәрбиенің өзара ықпалдасып, толықтыра әрекет етер алаңына айналып отыр. Қазір Қазақстанда әлемнің өркениеттік елдерінде кеңінен қолданатын музей педагогикасының тәжірибесі таралуда. Осы мекеме жастардың бойына рухани құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Соңғы жылдары Қарағанды қаласының басында орналасқан облыстық тарих-өлкетану музейі тарихшы-оқытушылармен бірлесе отырып, өзінің алаңында, арнайы залдарында музейге келуші жастардың арасында рухани жаңғырудың жолдарын түсіндіретін, ұлттық мәдени мұраны насихаттайтын шеберлік сабақтар, дөңгелек үстелдер, квестер, тақырыптық кездесулер мен түрлі деңгейдегі конференциялар өткізіп келеді. Солардың бірі 2018 жылы өткізілген «Шежіре Life» - «Отбасымың тарихы» атты конкурс. Бұл конкурс «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өлкетану» бағытының шеңберінде ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың бойындағы азаматтық тәрбиесін жетілдіру және дамыту, отбасының рухани құндылықтарын нығайту болды. Байқауға қатысқан жастар Қазақстан тарихы ғана емес, өз отбасының құндылығы болып есептелетін тарихи оқиғалармен бөлісті. «Шежіре Life» жастардың бойындағы Елбасы айтқандай «әркімде болуы мүмкін шынайы патриоттық сезімді» оятты және «оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыра» түсті. Осылайша музей алаңдарын пайдалана отырып, өз елінің тарихын терең білуге, әдептілікке, мәдени талғамының артуына, жастарды ұлтжанды болуға тәрбиелеуге болады.

Екінші мысал. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын орындау барысында, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу, өлке тарихымен таныстыру, ішкі туризмді дамыту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы көптеген жобаларды іске асырып келеді. Соның бірі 2019 жылы ұйымдастырылған «Өз өлкенді таны» жобасы аясында «Елтану» республикалық туристік-өлкетану экспедициясы. Экспедиция мүшелері Қарағанды-Ботақара-Баянауыл-Павлодар-Семей-Жидебай бағыты бойынша бір аптаның ішінде 50-ден астам тарихи-мәдени мұраларды, ескерткіштерді, сонымен қатар туристік нысандарды көріп, 15-тен астам облыстық және аудандық мұражайларда болып, олардағы тарихи жәдігерлермен танысып қайтты. Экспедицияға Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, республикалық «Жаңғыру жолы» қозғалысының жастары, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми - сараптамалық тобының мүшелері, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми - сараптамалық тобының мүшелері, қоғам қайраткерлері мен өнер иелері, ғалымдар мен сарапшылар және блогерлер, БАҚ өкілдері қатысты. Экспедицияның негізгі мақсаты - басқа ұлт өкілдерінің жастарына қазақ халқының киелі жерлерін аралата жүріп, қазақ халқының өткен тарихынан мол ақпарат беретін тарихымен және озық салт-дәстүрлерімен таныстыру. Оның құрамында болған Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің өкілдері мен республикалық «Жаңғыру жолы» қозғалысының жастарына қастарында бірге жүрген ғалымдар киелі жерлердегі ұлттық-рухани құндылықтардың ерекше болатындығын түсіндірді. Ұлттық кодтың осындай киелі жерлерде сақталатындығын айтты. Осындай тәрбиелік-танымдық сипаттағы жұмыстар қазақ жастарына ғана емес, елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдеріне де керек. Көпұлтты халықтар арасындағы татулық пен бірлік – ұлтаралық қатынастар қауіпсіздігінің көрінісі. Бұл жерде де қазіргі тарихи білімнің лайықты орын алатындығына күмән жоқ.

Үшінші мысал. 2019 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында «...Қасиетті Ұлытау жері – бүкіл Қазақ елі қадір тұтатын қастерлі өлке.

Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі.

«Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда» бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен.

Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған.

Сондықтан біз Ұлытау жеріне хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз», – деп ерекше айта келіп, Президент өзінің Ұлытау туралы ойын былайша жалғастырған болатын: «... Азияның арыстаны» атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған... Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Ата-

бабалардың аманатына адал болу – бізге сын. Сондықтан біз Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет.

Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс.

Бұл жұмыстар Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы қажет», - деп айтты. Сөзінің соңында «... қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. ... Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Сондықтан еліміздегі туризм саласының қазіргі ахуалын түбегейлі өзгертетін уақыт келді. Бұл жұмыстарды Ұлытаудай қасиетті жерлерден бастауымыз қажет», - деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев [7].

Президент айтқан осынау тамаша идеяны халық бірден қолдады. Тез арада танымдық сипат беретін, патриоттық сезімді оятатын «Ұлытау – Алтын Орда бесігі» атты Республикалық экспедиция жасақталып, бір топ жастар осы қасиетті жерге барып келді. Оның қатарында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студент жастары да болды. Осындай танымдық экспедиция барысында жастар оқулықтан оқығандарын, өз көздерімен көруі арқылы Ұлытаудай қасиетті жердің кереметтігін терең түсініп, отан сүйгіштік сезімдері кеңейтті. Кешегі өткен тарихтың құндылығын шынайы бағалай білетін дәрежеге жетті. Оны экспедиция қорытындысы бойынша тарих факультетінде ұйымдас-тырылған кездесу барысында студент жастардың жарыса айтқанынан бірден түсіндік. Экспедиция бойынша тағы бір тұжырым – жастардың осыған дейін алған тарихи білімдері экспедиция барысы арқылы олардың бойында тарихи түсініктің бірдей деңгейде және анық қалыптасқандығы еді.

Төртінші мысал. Үстіміздегі жылдың 9-шы қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялағаннан кейін [8], ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, аудармашы, композитор Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты өткізілетін жұмыстар туралы айтылды. Осыдан кейін ел ішінде және халықаралық деңгейде Ұлы Абай Құнанбаевтың мұраларын бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша дамытып, ертеңгі ұрпаққа жеткізу мақсатындағы іс-шаралар басталып кетті.

Өз заманында Абай Құнанбаев қазақ елінің алға қарай жылжуына, ұлттың бай-қуатты болуы үшін есіп-өркендеуіне қозғаушы күш беретін шығармаларын жазды. Ақынның осы шығармаларындағы идеяларды бүгінгі күн тұрғысынан түсіну өзекті. Осы ретте жастардың арасындағы Абай атамыздың өлендері мен қара сөздерін жатқа оқу конкурстары, оның әндерін бірнеше тілде орындау сайыстары тәрізді челленджердің әлеуметтік желілер арқылы таралуы, жас ұрпақтың санасын жаңғырта түседі. Өткен тарихты жаңаша зерделеуге бастайды. Абай Құнанбаевтың шығармаларын оқу арқылы олардың мәнін түсінуге, Абайша ойлауға жетелейді. Мұндай танымдық-тәрбиелік сипаттағы шаралар бүгінгі қазақстандық жастардың бойында «біз Ұлы Абай тәрізді тарихи тұлғалар шыққан елдің азаматымыз» деген мақтаныш сезімін ұялататын болады.

Бесінші мысал. Жас ұрпақтың тарихи білімін қалыптастыруда отбасы институтының алатын орны мен рөлі маңызды. Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер нығайған сайын, ұлттық құндылықтар да беки түседі. Ұрпақ сабақтастығына ықпал ететін отбасы мен рудың пайда болуы тарихын дәлелденген фактілер немесе отбасында, архивтерде сақталған құжаттар арқылы жастарға түсіндіру керек. Ол өз кезегінде отбасы мен руды зерттеу және дәріптеу мемлекеттік деңгейдегі оқиғалардағы ата-бабалардың тағдыры мен қатысуы көрініс табатын халықтың ұлттық жадың сақтау үшін маңызды. Адам өткен мен болашақтың арасындағы делдал және өзінің кіші отанының микротарихын жаңғыртушы болып, өз ата-бабаларының өмір тарихын зерттеу кезінде төл тарихқа деген қызығушылығын арттырып, ұлтжанды болуға тәрбиелейді. Өкінішке орай, көптеген қазақ отбасылары дәстүрлі құндылықтар мен дәстүрлерді жоғалта бастады. Кейбір жас отбасылар «патриархалдық», «артта қалып қоюшылық» деген қарабайыр ұғымдармен байланыстырады. Өздерінің қате пікірде, жаңсақ көзқарас ұстанып отырғандығын түсінбейді және түсінгілері де келмейді. Қате түсінік ұстанатындарға, әсіресе осындай жастарға бүкіл әлемге танылған қазақстандық ақын Олжас Сүлейменовтың мына айтқандарымен түсіндіруге болады: «...Ұлы бабам өзінің қылыш сілтеп жаугершілікте өткен он сегізінші ғасырда халқының «біз кімбіз» деген сұрағына менің білімім қажет боларын білген болар. Асқақ ойдың әсерімен кең құлашты үстірт міндет те қалыптасты – ұлтымыз жоғалтқан, ұмыт болғандарды түгелдей қалыпқа келтіру керек, сөйтіп әркімнің «менінің» табанымен нық тұрар тиянағы болуы керек.

Өткенге қарғыс айтып, өзіміздің сорлылығымызды бетке ұстағанымыз жетер. Өз басым тарихымызды қорлайтын оқу құралдарына сенбейтін болдым. Өз тамырымызды өзіміз іздеп тауып, өткеннің тереңдігінен бүгіннің кендігін, болашақтың биіктігін табамыз. «Жеті атасын білмеген ұл – жетесіз, жеті ғасы-

рын білмеген ұлт – жетесіз». Өзінді жалынып, сұрап сыйлатпа, өрлігіңе құлап сыйласын. Шалқайғанға шалқай, ол – пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей – ол әкеңнің құлы емес. Бабалардың осынау дана өсиеттерін ұмытпасақ, тауларды аласартпай, даланы асқақтата бермекпіз» [9].

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді тұжырымдайтын болсақ, төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Тарих – халықтың зердесі. Ал Қазақстандағы халықтың басым көпшілігі жастар. Олар халықтың белсенді бөлігін құрайды. Адами капитал тұрғысынан қарастыратын болсақ, жастар еліміздің дамуына қажетті стратегиялық ресурс бола алады. Жастар санасында «менің білгім келеді», «менің мүмкіндіктерім қандай», «менің болашағым қалай болады» тәрізді мүдделіліктер күн сайын артып келеді. Оның екі жағы бар. Соған қарамастан бұл жаңа тренд болып табылады;

2. Жастар еліміздің дамуына қажетті стратегиялық ресурсы болуы үшін олардың бойына ұлттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді насихаттау керек. Ол үшін тарихи білімнің артықшылық тұстарын пайдаланған жөн. Ал жастардың арасында заманауи білім беру барысында тарихи білім арқылы жүзеге асырған дұрыс. Бұл ретте білім беру мазмұнын дамыту кезінде ақпараттық коммуникациялық технологияның жетістіктерін барынша дұрыс пайдалану, білім беру орталықтарынан басқа алаңдарды мүмкіндігінше қолдану керек;

3. Тарих ғылымының болашағын ойлайтын болсақ, жастардың бойына тарихи білімді дұрыс сіңдіру үшін әдіснаманың ең тиімді тәсілдерін пайдалану қажет;

4. Тарихи сананы қалыптастырып, оны одан әрі дамыту кезінде Қазақстанда жүріп жатқан жастар саясатындағы жағдайларды да ескере отырып, тарихи білімнің маңыздылығын ұмытпау керек;

5. Өкінішке орай, бүгінгі кейбір жастар тарихи сана, ұлттық құндылық, рухани байлықтан гөрі материалдық байлықты алдыңғы орынға қояды. Олардың бойларында «ақша немесе тамыр-таныс арқылы бәрін де шешуге болады» дейтін жаман пасықтық орын алған. Бұлардың қатарында «Біздің елдің келешегі жок. Сондықтан менің орным шетелде» дейтін топтағылар да бар. Ал кейбірі теріс діни ағымдарға еріп, қылмыс жасап жүр. Санасы уланған мұндай жастарға ұсынатын ақыл мен көрсететін жол – біреу. Ол ұлы Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек және бекер мал шашпақ» деген бес дұшпаннан аулақ жүріп, «талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым» атты бес асыл іске жақын болу арқылы айқын көрсетілген.

Сонымен, жастардың бойына тарихи білімді қалыптастырудың бағыттары мән тәсілдері өте көп және олар әр түрлі деуге болады. Ең маңыздысы жастар тарихи оқиғаларды сыни ой елегінен өткізіп, электрондық ресурстарды барынша тиімді пайдаланып, тарихи ескерткіштерді музей, архив, қорықтар арқылы танып білгендері дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шваб К. Четвертая промышленная революция. – М.: ЭКСМО, 2016. – 316 с.
2. Ильинский И. М. Образовательная революция. – М.: Изд-во Моск. гуманит.-социальн. академии, 2002. – 592 с.
3. Тарасов Б. Н. Значение гуманитарных знаний в современном образовательном процессе // Знание. Понимание. Умение. 2007. № 4 [Электронный ресурс]. URL: http://www.zpu-journal.ru/zpu /2007_4/Tarasov/7.pdf (дата обращения: 01.08.2019).
4. Phillips R. Government policies, the State and the teaching of history / Issues in history teaching: collection of articles; edited by Arthur J., Phillips R. London and New York, 2000. – P. 10-23. [Электронный ресурс] <https://trove.nla.gov.au/work/32641952>
5. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы / Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1995.-32 стр.
6. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [Электронный ресурс] http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
7. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі. Ұлытау, 24 тамыз, 2019 жыл / http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi
8. Тоқаев Қ.-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. – 2020. – 9 қаңтар.
9. Олжас Сүлейменов. Өзім туралы / <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20867>.

)

References:

1. Schwab K. The Fourth Industrial Revolution. Moscow: EKSMO publ., 2016. – 316 P.

2. Ilyinsky I. M. *educational revolution. Moscow: izd-Vo Moscow. Humanite."the social." Akademii, 2002. - 592 P.*

3. Tarasov B. N. *significance of humanitarian knowledge in the modern educational process. "I don't know," he said. "No," I said. 2007. No. 4 [electronic resource]. URL: http://www.zpu-journal.ru/zpu/2007_4/Tarasov/7.pdf (date: 01.08.2019).*

4. Phillips R. *Government policies, the State and the teaching of history / Issues in history teaching: collection of articles; edited by Arthur J., Phillips R. London and New York, 2000. – P. 10-23. [electronic resource] <https://trove.nla.gov.au/work/32641952>*

5. *concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan / concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan. - Almaty: Kazakhstan, 1995. -32 STR.*

6. *article of the head of state "looking to the future: modernization of public consciousness". [Electronic resource] http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy*

7. *speech of head of state Kassym-Jomart Tokayev at the International Tourism Forum "Ulytau – 2019". Ulytau, August 24, 2019 / http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi*

8. Tokayev K.-zh. *Abay and Kazakhstan in the XXI century // sovereign Kazakhstan. - 2020. - January 9.*

9. Olzhas Suleimenov. *About me / <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20867>.*

УДК 94(574.42)

МРПТИ 03.20

Тарина Г.Қ.¹

¹докторант специальности История ВКГУ им. С.Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ ОЧЕРК ШЕМОНАИХИНСКОГО РАЙОНА ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В данной статье рассматривается история становления и развития одного из важных районов Восточного Казахстана. Шемонаихинский район – один из самых развитых в Восточном Казахстане. Основные направления экономики: горнодобывающая промышленность, сельскохозяйственное производство, производство пищевых продуктов. Удобное географическое положение, разнообразие природных условий и ресурсов повлияли на активное освоение территории, определили основные направления хозяйственного развития района. В процессе составления историко-географического очерка Шемонаихинского района четко прослеживается история образования и развития населенных пунктов данного района. Автор на основе анализа данных показывает, что освоению района способствовали месторождения полезных ископаемых: полиметаллических руд и равнинный (в основном) рельеф местности. На равнинных участках развивалось пахотное земледелие, здесь же находятся сенокосные угодья для обеспечения крупного рогатого скота сеном.

Ключевые слова: история, география района, история района, ВКО, Шемонаихинский район, Шемонаиха, Никрлаевский рудник, металлургия, Алтай.

Г.Қ. Тарина¹

¹С.Аманжолов ат. ШҚМУ тарих мамандығының докторанты,
Өскемен қ., Қазақстан

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЕМОНАИХА АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОЧЕРК

Аңдатпа

Бұл мақалада Шығыс Қазақстанның маңызды аудандарының қалыптасу және даму тарихы қарастырылады. Шемонаиха ауданы – Шығыс Қазақстандағы ең дамыған елдердің бірі. Экономиканың негізгі бағыттары: тау-кен өнеркәсібі, Ауыл шаруашылығы өндірісі, Тамақ өнімдерін өндіру. Қолайлы географиялық жағдай, табиғи жағдайлар мен ресурстардың әртүрлілігі аумақты белсенді игеруге ықпал етті,

ауданның шаруашылық дамуының негізгі бағыттарын анықтады. Шемонаиха ауданының тарихи-географиялық очерк құрастыру барысында осы ауданның елді мекендерінің құрылу және даму тарихы анық байқалады. Автор деректерді талдау негізінде ауданның игерілуіне пайдалы қазбалардың кен орындары: полиметалл кендері және жазық (негізінен) жер бедері ықпал еткенін көрсетеді. Жазық жерлерде жыртылған егін шаруашылығы дамыды, мұнда ірі қара малды пішенмен қамтамасыз ету үшін шабындық жерлер бар.

Түйін сөздер: ауданның тарихы, географиясы, аудан тарихы, ШҚО, Шемонаиха ауданы, Шемонаиха, Никрлаев кеніші, металлургия, Алтай.

Tarina G.K.¹

*¹doctoral student of the specialty History of EKSU. S. Amanzholova,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

HISTORICAL AND GEOGRAPHICAL SKETCH OF SHEMONAIKHINSKY DISTRICT OF EAST KAZAKHSTAN REGION

Abstract

This article discusses the history of formation and development of one of the important regions of East Kazakhstan. Shemonaikhinsky district is one of the most developed in Eastern Kazakhstan. The main areas of the economy are mining, agricultural production, and food production. Convenient geographical location, variety of natural conditions and resources influenced the active development of the territory, determined the main directions of economic development of the district. In the process of drawing up a historical and geographical sketch of the shemonaikhinsky district, the history of the formation and development of settlements in this district is clearly traced. Based on data analysis, the author shows that the development of the area was facilitated by mineral deposits: polymetallic ores and flat (mostly) terrain. Arable farming was developed in the flat areas, and there are also haymaking grounds for providing hay for cattle.

Key words: history, geography of the area, the history of the district, EKR, Shemonaihinsky district Shemonaikha, Nikolaevskiy mine, metallurgy, Altai.

«Алаш». В 1920 году он стал членом Коммунистической партии. Т.Б. Жаманмурунов, выпускник Оренбургского реального училища, продолжил образование в Московской Академии народного хозяйства [4, с.191]. В июле 1921 года он был назначен помощником Народного комиссара КАССР по сельскому хозяйству. Т.Б. Жаманмурунов в 1921-1929 годах работал в Оренбурге, Кызылорде, занимая руководящие должности в Комиссариате сельского хозяйства. В 1932-1933 годах он работал директором Научно-исследовательского института по изучению верблюдоводства в Шымкенте [4, с.192]. В 1934 году Т.Б. Жаманмурунов был направлен в Актюбинскую область председателем областного отдела планирования, был научным сотрудником Актюбинской областной краеведческой организации, возглавив сельскохозяйственную секцию [6, Л.75].

В мае 1927 года Николай Алексеевич Кадочкин был направлен в Актюбинскую губернию заместителем председателя Губернского исполнительного комитета. Будучи всего год в Актюбинске, он был принят в члены Актюбинского филиала Общества изучения Казахстана [6, Л.72]. Кадочкин Н.А., уроженец Самарской губернии, с 1919 года член Коммунистической партии. В 1932 году он был назначен Народным комиссаром коммунального хозяйства КАССР [4, с.229]. С 15 ноября 1938 года И.П. Еремин стал ответственным секретарем Актюбинской краеведческой организации [12, Л.20]. Еремин И.П., уроженец Оренбургской области, выпускник Алма-Атинского планово-экономического комбината, получил специальность экономиста народно-хозяйственного учета. Работал инструктором сельскохозяйственной группы в Актюбинском областном народно-хозяйственном отделе учета, затем районным инспектором в Мендыгаринском районе. Выпускник Дальне-Восточного политехнического института Б.Д. Цой в 1937 году был депортирован в Казахстан. Как образованный человек Б.Д. Цой занимался краеведческой работой по этнографическому изучению Актюбинского края [12, Л.21].

Количественный состав Актюбинского филиала Общества изучения Казахстана с 1925 по 1929 годы растет. Так, в 1925 году – 12 человек, в 1929 году в членах Актюбинского филиала Общества состояло 121 человек [6, ЛЛ.70-75].

Научно-исследовательская деятельность Актюбинского филиала Общества изучения Казахстана

Актюбинский филиал Общества изучения Казахстана провело ряд самостоятельных краеведческих экспедиций в окрестностях города Актюбинска [3, Л.27]. Эти экспедиции дали очень ценный материал, были получены интересные находки и материалы – каменные орудия неолита, бронзовые и железные изделия, переданные позднее в фонд будущего краеведческого музея. Вопрос о создании музея оставался одним из главных. 15 июня 1927 года состоялось распорядительное собрание Актюбинского отделения, специально посвященное этой проблеме. Годом ранее попытка создания музея уже предпринималась ученым секретарем отделения Б.В. Тишковым. Он предлагал открыть музей краеведения на базе выставки производительных сил губернии [6, Л.60]. Однако тогда губернский отдел народного образования не сумел выделить под музей необходимого помещения и вопрос остался неразрешенным. Экспонаты выставки были разобраны хозяевами, но последние подтвердили свою готовность предоставить их в местный музей.

В апреле 1927 года Актюбинский филиал информировал Ленинградский центр краеведения: «Приступив к работе по изучению местного края, Актюбинский филиал имеет цель в ближайшее время начать работу по организации музея местного края». Актюбинские краеведы просили ленинградцев оказать помощь всем экспедициям в пополнении Актюбинского музея историческими и архивными экземплярами [6, Л.95]. Осенью 1928 года окружной отдел народного образования, выделил 87 рублей денег и предоставил помещение из двух комнат под краеведческую выставку, организованную для «слушателей курсов переподготовки мугаллимов» и конференции учителей. Позднее эту выставку не расформировали, а оставили, положив начало музею. Необходимо отметить плодотворную работу члена Общества изучения Казахстана, преподавателя педагогического техникума А.Н. Павлова [3, Л.28].

К зиме 1928 года комплектация краеведческого музея была завершена. Уже 22 марта 1929 года на общем собрании членов Актюбинского отделения Общества был заслушан доклад заведующего музеем А.Н. Павлова о проделанной работе. Примечательно, что уже с первых своих самостоятельных шагов Актюбинский краеведческий музей был не просто пассивным «храмом муз», учреждением для сбора и хранения предметов старины. Музей стал научным центром по изучению истории Актюбинского края. Здесь читались доклады и лекции по краеведению, проводилась большая работа по сбору и систематизации материалов. С этих пор заседания Актюбинского филиала Общества

проходили в помещении музея. С начала 1929 года краеведческий музей был принят на местный бюджет, который выделил 600 рублей на хозяйственные расходы [3, Л.31].

За первое десятилетие своего существования музей расширился. В 1936 году музей имел несколько отделов, в том числе археологии и истории края [13, Л.30]. При музее находилась закрытая научно-краеведческая библиотека, в фонде которой хранилось 7800 экземпляров книг и журналов [13, Л.31]. Связь с научно-исследовательскими геологическими партиями дала интересные экспонаты для музея: коллекцию фосфоритов, хондрилы, геологическую коллекцию в 505 экземпляров. Научная деятельность музея заключалась в основном в подборе, проработке и систематизации материалов вновь собранных и вновь поступивших в отделы музея. Массовая общественно-политическая работа музея заключалась в организации выставок с консультациями при них, причем выставки приурочивались к историческим датам и к общественно-политическим мероприятиям. Главным собирателем музея можно назвать Давида Трофимовича Темушко - первого директора музея. При нем увеличилось количество экспонатов, открылись новые залы, раскрывающие историю, летопись культуры нашего края.

Актюбинская краеведческая организация внесла свою лепту в исследование истории Актюбинской области. Краеведы принимали участие в комплексном изучении области, которое было проведено в 1932 году [14, ЛЛ.6-7]. Краеведческие активы районов организовали опросы местного населения, паспортизацию полезных ископаемых.

В 30-х годах XX века необходимость экономического развития края продиктовала проведение геологических походов. Они проводились по решению правительственных органов, а при КазЦИКе действовал штаб республиканского геопхода, в распоряжение которого было ассигновано 100 тысяч рублей на производство геологоразведочных работ силами массовых организаций, в том числе общества краеведения. Другим наглядным примером конкретного участия краеведческих организаций в деятельности плановых и хозяйственных органов было выполнение заданий Каздортранса по обследованию состояния дорог, грузопотоков и планирования автодорожного строительства внутри районов Южно-Казахстанской и Актюбинской областей. В соответствии с договором, составленным между Центральным Бюро Краеведения (ЦБК) Казахстана и Каздортрансом, в 1933 году обследовались шесть районов Актюбинской области, материалы обследований учитывались при планировании дорожного строительства в области [5, Л.52].

В 1936 году Актюбинской краеведческой организацией было проведено шесть геологических походов. Геологический поход по реке Эмба возглавил рабочий химического комбината города Ленинграда – В.Лесько. В походе принимали участие сотрудники отделения – Н.Череп, Ф.Анищенко, К.Калачихин, А.Соснина, Г.Гаврилков, А.Родионов [15, Л.6]. Задачей участников геопхода был поиск полезных ископаемых, исследование реки Эмба. Исследовательской работой была охвачена обширная территория в области железнодорожного моста через реку Эмба. Во время похода были проведены беседы с местными жителями на тему «Полезные ископаемые». 11-26 июня 1936 года в результате геопхода по реке Жаксы-Каргалинка краеведами и учащимися школ города было собрано 335 шлихов, описано месторождение известняка [16, Л.4]. В следующем году было проведено пять геопходов. Для подготовки и проведения этих походов был организован семинар для группы учащихся в количестве 15 человек. Семинар на тему «Поиски полезных ископаемых» был проведен инструктором, членом Актюбинского отделения Г.В. Бойко [17, Л.1].

Всего в 1936 году было проведено одиннадцать геопходов по разным местам. Несмотря на трудности, нужно отметить и положительную сторону деятельности геопходов. В результате обследования окрестностей Актюбинска было описано месторождение бурого угля, бутового камня, глины, известняка, гипса – на реках Дженишке, Иргиз, Жаман-Каргала, Каменка, Эмба. Поисковые группы оказывали существенную помощь действовавшим в то время в Казахстане геологоразведочным партиям, развернувшим свою работу в соответствии с задачами второй пятилетки [18, с.102]. Пятилетний план предусматривал ускоренные темпы экономического развития Казахстана, превращение его в индустриально-аграрную республику.

Создание корреспондентской сети и функционирование секций

Прогрессивным шагом в работе по сбору краеведческого материала стало создание корреспондентской сети. Корреспондентами стали лица разных специальностей, а именно: К.М. Хабибуллин – гидролог Областного водного хозяйства, Н.С. Латыпов - научный работник областной библиотеки, Ф.А. Долонин – агроном, Н.А. Шмякин – директор городской средней школы №13, Д.И. Стальская – учитель, Д.Т. Темушко – директор областного краеведческого музея и другие [19, Л.7]. В деятельности общества

корреспонденты составили основной краеведческий актив, без которого невозможна была серьезная постановка краеведческой работы.

В марте 1936 года на организационном заседании Актюбинской краеведческой организации было утверждено функционирование секций и руководство ими. На секции возлагались следующие задачи:

1. Геологическая секция – поиск возможных выходов полезных ископаемых: нефти, соли, известняка; организация геологических походов. Руководителями секции были партийные работники окружного комитета ВЛКСМ П.И. Васильев, М.М. Ловырев.

2. Историческая секция – подготовка материалов о развитии сельского хозяйства, промышленности, культуры в крае; организация в школах уголков краеведения; сбор материалов по истории гражданской войны, учет участников гражданской войны, исторических мест и памятников, сбор фольклорного материала. Руководителями секции были С.Х. Байтаков, А.Абдрахшин.

3. Сельскохозяйственная секция – изучение сорняков-вредителей, состава почвы и природных условий края; организация опытных работ в полеводстве и животноводстве. Руководителем секции был председатель областного отдела планирования Т.Б. Жаманмурунов.

4. Промышленно-транспортная секция – руководителем был работник Областного отдела народного хозяйства К.Исаев.

5. Школьная секция – руководителем был заведующий областного отдела народного образования Д.С. Вечкутов [20, Л.8].

Работа секций имела большое значение для изучения природных ресурсов и культурного развития края. Историческая секция провела огромную работу по собиранию материалов по истории гражданской войны. В Актюбинске было собрано двенадцать воспоминаний и очерков участников Актюбинского фронта. Необходимо отметить проведенные в Доме учителя лекции краеведа А.Кулиша, посвященные восстанию казахов под руководством Исатая Тайманова и Махамбета Өтемисова, а также лекции, посвященные преобразованию Казахстана в союзную республику, на которых присутствовало большое количество слушателей [21, Л.5].

Сотрудники Актюбинской краеведческой организации выступали в местной печати с сообщениями о природных богатствах Актюбинской области. В частности, это статьи актюбинских краеведов, опубликованные в газетах «Актюбинская Правда», «Социалистик жол». Статьи М.Уралова «За большевистскую партийность в краеведении» (от 10 декабря 1932 года), А.Чистякова «Знать богатства нашей области» (от 15 декабря 1934 года), «Работы по географическому описанию районов области» (от 16 февраля 1936 года) [13, ЛЛ.6-14]. Актюбинские краеведы на собраниях в школах, организациях города читали лекции и доклады на следующие темы: «Ископаемые богатства Актюбинской области», «Разведки угля, нефти, хрома», «Природные богатства области – перспектива их использования», которые носили научный характер. В то время, когда еще слабо была организована лекционная пропаганда среди населения, краеведческая организация города Актюбинска путем проведения таких публичных докладов воспитывала чувство патриотизма, интереса к истории своего родного края. Организация таких мероприятий имело большое просветительное, воспитательное и научно-культурное значение.

В марте 1936 года в Актюбинске прошла первая областная краеведческая конференция. Появилась плеяда энтузиастов-краеведов, внесших вклад в изучение исторического наследия своего края. Эта конференция избрала областной Совет в составе двенадцати человек, из которых впоследствии больше половины подверглось репрессиям.

Деятельность Актюбинской краеведческой организации протекала в сложное время в обстановке укрепления административно-командной системы, культа личности. Так, на заседании республиканского бюро краеведения (16 декабря 1938 года и 31 января 1939 года) было принято решение о том, что деятельность областных краеведческих организаций развалена «врагами народа» и необходимо обратить внимание на количественный и качественный состав организаций [13, Л.23].

Видные активные члены Общества изучения Казахстана А.Байгурсьнов, М.Тынышпаев, М.Дулатов были репрессированы. Члены Актюбинского филиала Общества изучения Казахстана также были подвергнуты репрессиям: К.К. Жубанов был осужден 25 февраля 1938 году решением Военной коллегии Верховного Суда к расстрелу. Реабилитирован 3 октября 1957 года. Т.Б. Жаманмурунов был осужден 25 февраля 1938 году решением Военной коллегии Верховного Суда СССР к расстрелу. Реабилитирован решением Военной коллегии Верховного Суда 4 марта 1958 года [22, с.276]. В.В. Тишков (1887 года рождения) осужден областным судом 10 августа 1940 года к 15 годам лишения свободы, реабилитирован

выездной сессией КазССР 15 марта 1957 года. Г.Е. Петрюк (1883 года рождения) – заведующий Актюбинского городского здравоохранения, осужден областным судом 21 января 1939 года к 20 годам исправительно-трудовых работ, реабилитирован выездной сессией КазССР 20 мая 1958 года. Салык Айнабеков (1900 года рождения), уроженец Темирского района Актюбинской области, казах, учитель школы, член ВКП(б) с 1926 года. Был осужден 25 декабря 1937 года тройкой УНКВД Актюбинской области на 10 лет исправительно-трудовых работ, освобожден из-под стражи НКВД КазССР 17 января 1939 года [22, с.263]. Научные и партийные кадры общества, осуществляя культурное строительство, реализовывали свои знания и способности главным образом на ниве просвещения народа, принимая активное участие в работе краеведческих научных обществ, были репрессированы.

Заключение

Актыбинский филиал Общества изучения Казахстана и деятельность его сотрудников заложила основу изучения истории и природных ресурсов Актыбинского края. Актыбинский филиал Общества принял активное участие в создании историко-краеведческого музея. Сегодня Актыбинский областной историко-краеведческий музей является одним из крупных научно – исследовательских и культурно – образовательных центров Актыбинской области.

Основоположник казахского языкознания Кудайберген Жубанов принимал активное участие в работе Актыбинского филиала Общества изучения Казахстана. Видные деятели Народных комиссариатов республики С.Д. Сергеев, Т.Б. Жаманмурунов, Н.А. Кадочкин, в годы работы в Актыбинском крае были научными сотрудниками Актыбинского краеведческого общества. На основе источников Государственного архива Актыбинской области установлены имена и фамилии 121-го члена Актыбинского филиала Общества изучения Казахстана, 80–ти членов районных филиалов Общества. В конце 1920-х – 1930-е годы отчетливо проявляется тенденция к регламентации деятельности научных обществ, выражавшаяся в попытках изменения принципов их работы, целей и задач, членского состава, в усилившейся критике их работы.

Список использованной литературы:

1. ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.56
2. ЦГА РК Ф.693, Оп.1, Д.77
3. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.14
4. Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық. – Алматы: Қазақ гуманитарлық-заң университетінің баспасы, 2004. – 499 б.
5. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.8
6. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.79
7. Прусс А. Из истории Актыбинского общества краеведения. // Из истории Актыбинской области. – Актыбинск: Полиграфия, 1991. – 108 с.
8. Труды Общества изучения Казахстана. Кзыл-Орда, 1926, Том 6, вып.1; Кзыл-Орда, 1927, Том 8, вып.1.
9. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.73
10. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.7
11. Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. – Алма-Ата: «Казахстан», 1965. – 342 с.
12. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.66
13. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.82
14. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.36
15. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.62
16. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.58
17. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.65
18. Сегедин Р. Хромины. // Из истории Актыбинской области. – Актыбинск: Полиграфия, 1991. – 108 с.
19. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.90
20. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.49
21. ГА Акт О Ф.497, Оп.1, Д.45
22. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 336 с.

References:

1. CSA RK F. 693, Op. 1, d. 56
2. CSA RK F. 693, Op. 1, D. 77
3. GA Act On F. 497, Op. 1, D. 14
4. Kazakstannyn halyk komissarlary. 1920-1946: Omirbayandyk anyktamalyk. - Almaty: Kazak humanities-zan universitetinin baspasy, 2004. - 499 b.
5. HA AktO F. 497, Op. 1, d. 8
6. GA AktO F. 497, Op. 1, D. 79
7. Pruss A. From the history of the Aktobe Society of Local Lore. // From the history of the Aktobe region. - Aktyubinsk: Polygraphy, 1991. - 108 p.
8. Proceedings of the Society for the Study of Kazakhstan. Kzyl-Orda, 1926, Volume 6, issue 1; Kzyl-Orda, 1927, Volume 8, issue 1.
9. GA AktO F. 497, Op. 1, d. 73
10. GA AktO F. 497, Op. 1, 7
11. Berzhanov K. Russian-Kazakh commonwealth in the development of education. - Alma-Ata: "Kazakhstan", 1965. - 342 p.
12. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 66
13. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 82
14. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 36
15. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 62
16. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 58
17. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 65
18. Segedin R. Chromites. // From the history of the Aktobe region. - Aktyubinsk: Polygraphy, 1991. -108 p.
19. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 90
20. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 49
21. HA AktO F. 497, Op. 1, D. 45
22. Political repression in Kazakhstan in 1937-1938. Collection of documents. - Almaty: Kazakhstan, 1998 – - 336 p.

ӘОЖ 94(574) - 05

МРНТИ 03.20; 11.15

С.С. Қасымова¹, К.В. Ушакова², Р.М. Садвакасова³

¹т.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің доценті,

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің аға оқытушысы,

³Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің аға оқытушысы,

Қарағанды қ., Қазақстан

НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы қарастырылған. Автор Н.Нұрмақовтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен оның өскен әлеуметтік ортасына, сол кезеңдегі Қазақстандағы саяси оқиғаларға талдау жасаған. Қазақ халқын отаршылдық езгіден құтқарып, бостандық үшін күреске, оқу-білімге, ағартушылыққа шақыруда саяси санасының кеңеюіндегі қоғамдық-ағартушылық «Бірлік» ұйымы мен «Қазақ» газетінің рөлін ашып көрсеткен.

Н.Нұрмақовтың ұлттық сана-сезімінің орнығуындағы Алаш зиялыларының саяси ұстаз, тәлімгер ретіндегі орны ашылған, қоғамдық-саяси қызметінің бастапқы кезеңі талданған.

Кілт сөздер: Алаш қозғалысы, мұғалімдер семинариясы, ұлттық сана, ұлт мүддесі, Қазақ комитеті.

Қасимова С.С.¹, Ушакова К.В.², Садвакасова Р.М.³

¹к.и.н., доцент Карагандинского государственного технического университета

²старший преподаватель Карагандинского государственного технического университета,

³старший преподаватель Карагандинского государственного технического университета,
г. Караганда, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ НЫГМЕТА НУРМАКОВА

Аннотация

В настоящей статье рассматривается формирование общественно-политических взглядов видного государственного и общественного деятеля Ныгмета Нурмакова. Автором проанализировано влияние социальной среды, политических событий в Казахстане того периода, способствовавшие на формирование общественно-политического мировоззрения Н.Нурмакова. Раскрыта роль общественно-просветительской молодежной организации «Бирлик» и газеты «Казак» в расширении политического сознания Н.Нурмакова в борьбе за свободу и просвещение казахского народа.

Определены роль и место интеллигенции Алаш в формировании национального самосознания и проведен анализ начального периода общественно-политической деятельности Н.Нурмакова.

Ключевые слова: движение Алаш, учительская семинария, национальное сознание, интересы нации, Казахский комитет.

S.S. Kassimova¹, K.V. Ushakova², R.M. Sadvakasova³

¹c.h.s, associated professor of Karaganda state technical university,

²senior lecturer of Karaganda state technical university,

³senior lecturer of Karaganda state technical university,
Karaganda, Kazakhstan

FORMATION OF SOCIO-POLITICAL VIEWS NYGMET NURMAKOV

Abstract

This article discusses the formation of socio-political views of a prominent state and public figure Nygmet Nurmakov. The author analyzes the influence of the social environment and political events in Kazakhstan of that period, which contributed to the formation of the socio-political Outlook of N. Nurmakov. The role of the public educational youth organization «Birlik» and the newspaper «Kazakh» in expanding the political consciousness of N. Nurmakov in the struggle for freedom and education of the Kazakh people is revealed.

The role and place of the Alash intelligentsia in the formation of national identity are defined and the analysis of The initial period of N. Nurmakov's social and political activity is carried out.

Keywords: Alash movement, teachers' Seminary, national consciousness, the interests of the nation, Kazakh committee.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қу болысында дүниеге келді, шыққан тегі Орта жүздің ішіндегі қаракесектен (Болатқожа – авт.) тарайтын Шаншар руы. Н.Нұрмақовтың інісі Жәмелдің баласы, медицина ғылымдарының докторы Аман Нұрмақов арғы аталары Тілеубек Қазыбек бидің ұрпағы екенін айта келе: «Менің туған атам Тәукебайұлы Нұрмақтың үшінші атасы Кішкіл мен Қарқаралыдағы атақты бай, болыс Ақайдың Қасенінің әкесі Баймұрын бірге туған ағайындар болып келеді» - дейді [1].

Ақайдың Қасені бекзаттығымен, өңірде ағартушылық, кәсіпкерлік жаңалықтарды енгізуде бастамашылдығымен Қарқаралы өңірінен асып жалпы қыр өлкесіне танылған көзі ашық дала ақсүйектерінің бірі еді. Ә.Бөкейхановпен жақсы қарым-қатынаста болып, қоғамдық-саяси жағдайлардың барысына ден қойған Алаш идеяларының қолдаушысы болды. Болыстың сүйікті істерінің бірі қазақи құс баптап, бүркіт салу болса, ұлттық өнердің бұл түрінен Н. Нұрмақовтың әкесі Нұрмақтың да құралақан еместігі, тамаша меңгерген кәнігі құсбегі болғаны інісі Құрманғалидың Н. Нұрмақовқа жазған хаттарынан көрінеді [2, 36 б.]. Еңбекқор Нұрмақ ақсақал аңшылықты отбасын асыраудың көзі қылып қана қоймай, қосалқы кәсіп етсе, негізгі ісі өзіне аталас туыс Қасен болыстың малын бағып, орта шаруашылықпен айналысты.

Н.Нұрмақовтың балалық шағы патша өкіметінің отаршылдығына қарсы азаттық күрестің жаңа түрі көрініс берген кезеңмен қатар келді. Сондай күрестің қазанында қайнаған өлке Қарқаралы еді. Өңірдің тумалары, Алаштың көшбасшылары Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермековтер осында білім алып, үлкен

өмірге қанаттанып қана қоймай, Қарқаралы олармен ағартушы А.Байтұрсыновтың ұлт мүддесі жолындағы мақсаттарын тоғыстырған бостандық пен азаттық идеяларының саяси бесігіне айналды. Арқада жыл сайын өтетін Қоянды жәрмеңкесі Н.Нұрмақовтың ауылынан алыс емес еді. Аты әйгілі жәрмеңкеде 1905 жылы 22 маусымда Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтардың ұйымдастыруымен Ресей патшасының атына қазақ халқының мұң-мұқтажын, атап айтқанда, қазақтардан заңсыз тартып алынған жерлерді қайтаруды, келімсектерді жіберуді тоқтатуды, орыстандыруға қарсы қазақ халқын мұфтиге қаратуды, ана тілінде мектептер ашу, тағы да басқа ұлтқа қатысты өзекті мәселелерді талап еткен Қарқаралы петициясы жазылды. Петицияға қол қойғандардың арасында болыс Ақайдың Қасені, оның ағасы, би, 25 жасында Меккеге қажылыққа барып, халық арасында ұлттық дәстүр мен фольклордың білгірі, шежіреші атанған Ақаев Мағат, әйгілі күйші-композитор Тәттімбеттің баласы, би Мұсатай Тәттімбетовтер де болды. Көрнекті алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев мұның қатардағы жай ғана оқиғаның бірі емес екенін айта келе «қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы құжат» деген салмақты қорытынды жасайды [3, 126 б.]. Саяси белсенділік мұнымен шектелмеді, 1905 жылғы 17 қазандағы патша манифесін қызу қолдауға ұласты. Омбыдағы Ә.Бөкейхановтың мұрындық болуымен осы жылдың 15 қарашасында Ж.Ақбаев Қарқаралыда 400-дей адам қатысқан митинг ұйымдастырып, халық ар-ождан құқығы, бостандық туралы үндеулерді қуана қарсы алды.

Өңірдегі ағарту ісінің тарихы жайлы зерттеулерге сүйенсек, 1904 жыл айтулы оқиғаларымен есте қалды. Қарқаралыда екі класты орыс-қазақ училищесі ашылып, оның меңгерушілігіне осы жылы келген Ахмет Байтұрсынов тағайындалды [4, 261 б.]. Бұған дейін Ақтөбе, Қостанай уездерінің мектептерінде қызмет етіп ысылған ағартушының келуі аймақта ауыл мектептерінің көптеп ашылуына ықпал етті. «...Өз қыстауыма жақын жерде орыс-қазақ мектебін ашқанмын. Мен соның қамқоршысымын. Жылына бір рет мектепті тексеруге А.Байтұрсынов келіп тұрды» - деп, Қасен болыстың өзі кейін істі болған кездегі арызында жазғандай [5], мұндай игі шаруаның ұйытқысы, кеңес беруші Ахаң десек, жанашыр демеушісі Қасен болыс, сөйтіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымдасып шешкен іс - 1904 жылы Егіндібұлақта тұңғыш орыс-қазақ мектебінің ашылуы болды. Бір жылдан соң осы мектептің табалдырығын Н.Нұрмақов алғаш аттап, тіл сындырды. Н.Нұрмақовтың алғашқы мұғалімі Смайыл Бәйтенев болысқа хатшы, аудармашы болып та қызмет етті. Осындай кісілік, бекзаттық қасиеттер мен ұлттық өнерді, ақындықты, ән мен күйді сүйетін көпшіл, көкірегі ояу орта, сол ортадан алған үлгі-өнеге бала Нығметтің қазақтың дәстүрі мен өнегесін, рухани бай қазынасын бойына сіңірген рухы мықты азамат болып қалыптасуының негізін қалады. Н.Нұрмақовтың қысқа да жарқын ғұмырындағы кісілік, ұлтжандылық қасиеттері, азаматтық ұстанымы оның осындай ортадан алған тәлім-тәрбиесінің тереңдігінде жатыр.

1908 жылы ауыл мектебін тәмамдаған Н.Нұрмақов оқуын әрі қарай жалғастыруды мақсат етті, ұстазының, ағайын-туыстарының ақыл-кеңесімен Қарқаралыдағы А.Байтұрсынов ашқан екі класты орыс-қазақ училищесіне оқуға қабылданып, оқу орны жанындағы интернатқа орналасты. Қазақ, татар, орыс балаларының аралас оқуы, сабақтың қазақ және орыс тілдерінде қатар жүргізілуі Н.Нұрмақовтың орыс тілін жетік меңгеруіне септігін тигізді. «Нығмет орта бойлы, аққұба, бұйра шашты, көркем кескінді, мінезі сабырлы, кішіпейіл, барынша шыншыл, сөйлескен адамын бірден өзіне баурап алатын жігіт болды» - дейді көзі көргендер ол туралы [6, 100 б.] .

Училище қабырғасында Н.Нұрмақовқа А. Байтұрсыновтан басқа мұғалімдер Ахметқали Аяғанов («Қарқаралы петициясына» қол қойған – авт.), А.Чумакин, Е.Айманов және 1907 жылы Семей мұғалімдер семинариясынан келген, кейіннен белгілі большевик, БОАК мен ОАК-нің мүшесі болған Е.Полудов сабақ берді. Айта кету керек, алдыңғы екеуі және мұғалім М.Д. Желнин (1907 ж. қайтыс болған – авт.) А.Байтұрсыновпен бірге 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралыда өткен митингіні «бүлік» деп атаған уезд бастығы Б.А. Оссовский мен пошта бастығы А.Ф. Пономаревті қаладан аластату туралы министрлікке жолдаған құжатқа қол қойған саяси белсенділер болатын. Оқу орнының жиі қонағы қаладағы Құнанбай қажы мешітінің имамы Көмекбай Жетімышев пен шіркеу қызметкері Феодосия Патрушева еді [4, 263 б.]. Оларды арнайы шақырып оқушылар арасында жиі әңгіме өткізу дағдыға айналдырған А.Байтұрсынов басқарған білім ордасы шәкірттерінің тәрбие мәселесіне, олардың имандылық, ізгілік қасиеттерін бойларына сіңірулеріне аса мән берді. Сайып келгенде осы айтылғандардың барлығы оқу орнының бостандық, азаттық идеяларын таратудағы орны мен маңызын айқындап тұр.

1909 жылы 1 шілдеде училище меңгерушісі А.Байтұрсынов тұтқындалып, Қарқаралы түрмесіне камалады. Зерттеуші З. Тайшыбай Алаш қайраткерінің істі болуының себептерін «1908 жылы 2 қаңтарда отаршылдыққа қарсы саяси күресі үшін айыпталған Ж.Ақбаевтың ісі бойынша ұсталады. Тергеу материалдарында А.Байтұрсынов Ақбаевтың ең жақын серігі екендігі бірнеше мәрте көрсетілгендігімен»

түсіндіреді [7]. Бұған келісуге болады, өйткені отаршыл өкіметтің жергілікті буындары 1905 жылғы саяси оқиғаларға қатысушылар мен оның жетекшілерінің әр басқан ізін аңдып, сондарына тыңшы қойды. Сондай-ақ, Ресей Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарындағы Жерге орналастыру және қоныстандыру мекемелеріне берген нұсқауының» шығуы отқа май құя түсіп, қуғындау одан әрі өршіді. Нұсқауда қазақтарға 15 десятинадан артық жер берілмеу керектігінің көрсетілуі онсыз да жерден таршылық көріп отырған халықтың наразылығын туғызды. Мұндайда А.Байтұрсынов сияқты күрескердің отаршыл саясатқа қарсы халық наразылығына ұйытқы болатыны сөзсіз еді. Сондықтан халықтың жаңа бас көтеруінен сескенген отаршыл әкімшілікке А.Байтұрсыновтай саяси белсендіні бұқарадан ажырату керек болды. Мұны орындау үшін А.Байтұрсыновты Ж.Ақбаевпен байланыстыру оңтайлы деп табылды. Іс мұнымен тынбады, оларды қолдаушылар деп күдікті жеті адам қамауға алынады: Бөкейханов Смахан – Ә.Бөкейхановтың інісі, Ақбаев Ыбырай – Ж.Ақбаевтың ағасы, Ақасев Қасен – Қу болысының бұрынғы бастығы, Райымбеков Ахмет – Қарқаралыдағы емхананың фельдшері, Райымбеков Бодаубек – Ақшатау болысының қазағы, Бәйтенев Смайыл – Қу болысы ауыл мектебінің мұғалімі, Сүлейменов Асылбек – Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқушысы.

Сонымен, А.Байтұрсыновқа мынадай айып тағылды: 1) өзі меңгерушілік ететін мектепте орыс балалары аз, оқу орнының кемінде жартысы орыс балалары болуы керек деген губернатордың талабын орындамаған; 2) 1905 жылы Ж.Ақбаевқа қосылып петиция ұйымдастырды; 3) орыс-жапон соғысы кезінде патриоттық танытпады. Саралап қарасақ, тағылған айыптардың алғашқы екеуімен келісуге болады. Біріншіден, Қарқаралыда А.Байтұрсыновтың ағартушылық пен саяси күрескерлік қызметі егіз өрбіді, 1905 жылғы оқиғаларды ұйымдастырушы ретінде патша өкіметіне белгілі болды. Оның келуімен өңірдегі білім ошақтары санының көбейгенін айтқан едік. А.Байтұрсынов өмірінің қарқаралылық кезеңі жайында «Ахмет ауыл-ауылдарды аралап, адамдарды ағартушылыққа үгіттеп, өзінің арманымен бөлісті» - деп, М.Әуезовтің «Ақжол» газетінде жазғанын ескерсек [4, 262 б.], оқу орнында қазақ балаларының басым болуын заңдылық деп қабылдау қажет. Екіншіден, назар аударатын жағдай Н.Нұрмақовпен бірге оқитын А.Сүлейменовке «А.Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа білген» деген айыптың тағылуы. Жалғыз А.Сүлейменов емес ұлт ұстазының алдынан өткен Н.Нұрмақов сияқты оқушылардың барлығы да оның өлеңдерін оқып үйренгені анық. Сол себептен де, біздің ойымызша, отаршыл билікке А. Байтұрсыновты қамауға алу үшін «өлеңдері арқылы оқушылар арасында үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізді» деп жала жабу, дәлел ретінде шәкірттерінің бірін ұстап көз қылу керек болды. Ал айыптың үшіншісі жаланы көбейту үшін әдейі таңылды. Сайып келгенде А. Байтұрсыновқа тағылған «айыптардың» барлығы оның ұлт үшін күрес әрекеті болатын.

А.Байтұрсыновтай, С.Бәйтеневтей сүйікті ұстаздарының, Ақайдың Қасеніндей жақын, жанашыр адамдарының қамауға алынуы Н.Нұрмақовты қапаландырмай қойған жоқ. Қалай болғанда да «неге?», «не үшін тұтқындалыпты?», «патша тағы да қазақтың жерін алмақ болған екен», «келімсектерге жер беруге қарсы болыпты» деген ел ішіндегі гу-гу әңгіме, дүрбелең 14-ке енді толған жасөспірім Н.Нұрмақовты ойландырмай қоймады, патша өкіметінің қазаққа жасап отырған қиянаты, отаршылдық туралы ұғымды көкірегіне түйді. Бұл оқиғалар Н.Нұрмақовтың ұлттық ой-санасының оянуына тамған тамызық болды.

1910 жылы училищедегі оқуын аяқтаған соң Н.Нұрмақов Ақайдың Қасеніне тілмаш болып қызметке орналасты. Оның өміріне бетбұрыс әкелген 1911 жыл болды. Ресейдің Омбы қаласындағы ауыл шаруашылық көрмесіне Ақайдың Қасені қазақ халқының ұлттық бұйымдары мен өнерін көрсету үшін аттанады. Осы сапарында Қасен болыс өзімен бірге қасына құсбегілік өнерді көрсету үшін Нұрмақ ақсақалды және аудармашылыққа Н.Нұрмақовты ертіп алады [6, 100 б.]. Қазақтың киіз үйінің бар жасау-жабдығын таныстырып қана қоймай, орыс тілін еркін меңгерген Н.Нұрмақовтың оларға тіл бітіріп, әсерлі сипаттап, ұлттық өнер мен салт-дәстүрдің қыры мен сырын, ерекшелігін майын тамызып, шебер жеткізе алатынына сенімді болды. Мұндай ұсынысқа көзі ашық, оқыған бозбала Н.Нұрмақовтың өзі де қуана келісті, алыстағы үлкен шаһарды көріп білуге құлшынды.

Омбыдағы көрмеге қаланың озық ойлы, игі жақсылары келеді, солардың арасында Ш.Уәлихановтың досы Г.Потанин, Омбы мұғалімдер семинариясының оқытушысы А.Седельников те бар еді. Қыр баласының орыс тілінде қысылмай емін-еркін сөйлеуі оларды таң қалдырады. Н.Нұрмақовтың зеректігіне, қабілетіне сүйсінген олар оған білімін әрі қарай Омбы шаһарында жалғастыру туралы ойларын айтады. Талапты жастың оқысам деген ынтасын бірден аңғарған тәжірибелі оқытушы А.Седельников Н.Нұрмақовты өзі жұмыс жасайтын мұғалімдер семинариясына оқуға шақырады.

1911 жылдың күзінде Н.Нұрмақов Омбы қаласындағы оқытушылар семинариясына келіп оқуға түседі. Деректерге сүйенсек, оған Ақайдың Қасені қаражат жағынан көмектескен көрінеді.

Омбы ол кезде алдыңғы қатарлы, прогресшіл ойлайтын адамдарды, саясаткерлер мен зиялы қауым өкілдерін, ағартушылар мен мәдениет қызметкерлерін тоғыстырған Сібірдің ірі мәдени-өнеркәсіп орталығы болды. Ресейдегі саяси оқиғалар, бостандық идеялары XX ғасыр басында осында қызмет жасаған зиялылар Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаевтар арқылы қырдағы қазақтарға таратылып, Ресейдің өзге аймақтарына қарағанда Омбы қазақ өлкесімен саяси, мәдени тығыз байланыста болды. Буырқанған қоғамдық-саяси өмір, Қарқаралымен салыстырғанда қаланың әлеуметтік-экономикалық, мәдени артықшылықтары Н.Нұрмақовқа көп жайлардың күрмеуін ашқандай болды, өз елінің артта қалғандығын түсінді. Сібір өлкесіндегі байырғы оқу орындарының бірінен саналатын семинарияның білім алушылары революциялық-демократиялық үрдістерден тыс қалмай, құлақ түріп отырды. Осындай ортада Н.Нұрмақов өмірінің жаңа кезеңі басталды.

Семинария қабырғасында Н.Нұрмақовпен бірге қазақтың болашақ ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Байділдин, М.Саматовтар білім алды. Оқу орнының оқытушылары А.Н. Седельниковтың, А.И. Покровскийдің дәрістері, демократ А.Сорокиннің әңгімелері, қаланың тыныс-тіршілігімен танысу Н.Нұрмақовтың саяси-ағартушылық ой-өрісінің кеңеюіне, демократтық көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Осылардың ішінде Н.Нұрмақов жақын тұтқан тұлға А.Седельников еді. 1903 жылы Петербургте шыққан «Россия. Полное географическое описание нашего края» жинағының XVIII томының қазақ өлкесіне қатысты бөлімін құрастыруға қатысқан ол Н.Нұрмақовтың жерлесі, жинақ авторларының бірі Ә.Бөкейхановпен жақсы таныс болатын. Өзін семинарияға оқуға шақырып, шәкірт атануына себепші болған ұстазы, Сібір мен қазақ өлкесінің тарихы, географиясы мен этнографиясының білгірі А.Седельниковтың қазақтар, Ә.Бөкейханов жайындағы әңгімелері мен естеліктері Н.Нұрмақовтың ой-өрісін кеңейте түсті.

Н.Нұрмақовтың ұлттық сана-сезімінің оянуында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің рөлі ерекше. Кешегі ұстазы А.Байтұрсынов пен оның серіктері Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтардың басылым беттеріндегі қазақтың жері, ағартушылық, бостандық тақырыбына көтерген мәселелері оған, ол сияқты жастарға үлкен ой салды. Н.Нұрмақовтан бір курс төмен оқыған С.Сейфуллин «Қазақтың» әсіресе жастар арасында ықпалы күшті болғаны жайында: «Қазақ» газеті өзге газеттерден бұрынырақ шыққан өркенді газет болды. ...бұл газет қазақ халқы жақсы жерден, судан айырылып, патшадан қорлық көріп, тұрмысы өзгеріпкіреп: «Жерім-ай! Суым-ай!..Қорлық-ай!» деген заманда шықты. Және сол тұрмыс өзгерістерінің әсерінен қазақтың оқуға ұмтылған жастары көбейіп, талпына бастаған қарсаңында шықты» - дей келе, газеттің XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси-ағартушылық орнын дөп басып көрсетеді [8, 90 б.]. Сондай-ақ, Омбыдағы орыстың демократияшыл зиялылары көтерген азаттық жолындағы қозғалысқа қазақ жастары да құлақ түрмей қоймады. Қазақ халқын отаршылдық езгіден құтқару, алдыңғы қатарлы жұрттардың қатарына қосу үшін алдымен олардың сауатын ашу, білім алу қажет екендігіне Н.Нұрмақовтың көзі жетті, түсінді. Санадағы сілкініс кейін оны өзі сияқты жастармен «Бірлік» ұйымын құрға алып келгені әрине, кездейсоқ емес болатын.

Сәкентанушы ғалым Т.Кәкішевтің 1976 жылы жарық көрген оқырмандарға кеңінен танымал «Өнегелі өмір» еңбегінде семинария оқушылары Ш.Әлжанов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, М.Жұмабаевтар құрған «Бірлік» ұйымның жұмысы жайлы жан-жақты айтылған. Ұйымның мақсатына тоқталсақ: «халық ауыз әдебиетін жинау, оларды кітап етіп бастыру, газет-журналдар шығару, мектептерге арнап кітаптар жазу, қазақтар арасында ойын-сауық қою, театр ұйымдастыру сияқты мәселелерді қамтыды. Аталған жұмыстардың бәрі алдымен қызу талқылауға түскеннен соң ғана халық алдына ұсынылды» [9, 50 б.]. Ғалым еңбегінің құндылығын атай отырып мынаны қосқымыз келеді: ұйымның құрылуына 1913 жылғы ақпаннан Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің ықпалы зор болды. Олай дейтініміз қарастырылған уақытта «Айқап» пен «Қазақтан» басқа қазақ тілді басылым жоқ. А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінің бірінші нөмірінде: «Өзіміздің өзіндік ерекшелігімізді сақтап қалуымыз үшін біздің бар күш пен құралды жұмсап, оқу-ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет, бұл үшін біз әдебиетті ана тілінде дамытумен айналысуды бірінші борыш деуге міндеттіміз» деп [10, 707 б.] қазақтың ұлт ретінде сақталып қалу мәселесін ашық көтеруі семинариядағы қазақ жастарын бей-жай қалдырмады. «Қазақ» газеті көтерген мәселелер олардың белсенділігін, ұлттық санасын жаңа деңгейге көтеріп, «Бірлік» ұйымының құрылуына ықпал етті.

Н.Нұрмақовтың өмірінде семинариялық кезеңнің орны ерекше, себебі осында ол өзіне пікірлес, айнымас достар тапты. Арада 24 жыл өткен соң 1937 жылы бәріне «ұлтшыл» «түрікшіл» деген айыптар

тағылып, жазықсыз қуғын-сүргіннің құрбаны болуларына олардың «Бірлікте» түйіскен ойларының, мақсат-мұраттарының бірлігі, өмірлерінің соңына дейін сол жолдағы қалтқысыз қызметі себеп болды. Соның айғағындай семинарияда бірге оқыған Таутан Арыстанбеков өз естелігінде: «Сәкеннің басқан әрбір қадамын бақылаушылар директор ғана емес, бұлардың негізгі тамыры жандармға барып тірелетінін ол жақсы білетін. Директордың күдіктене қарайтын шәкірттерінің бірі Нығмет Нұрмақов еді. Сондықтан Сәкен оған үнемі сақтық ережелерін үйретіп отыратын. ...Сәкеннің бір ерекшелігі жазған өлеңдерін алдымен жақын жолдастары Н.Нұрмақовқа, Ш.Әлжановқа оқып, солардың сынын тыңдап алушы еді. Айтылған сынды орынды деп тапса, өлеңін қайта түзеп, қайта жазатын» - дейді [11]. 1914 жылы Қазан қаласында С.Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты тырнақалды өлеңдер жинағы басылып шыққанда «бастырушыларынан» деген айдармен қазақ жастары атынан алғы сөз жазған Н. Нұрмақов болатын. Мұны әрине, «Қазақ» газетінің алғашқы санындағы А.Байтұрсыновтың «... өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмірге үміттенуге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керектігін» ескерткен үндеуіне «Бірлік» ұйымының құлақ түруі, қосқан үлесі деп түсіну қажет. Негізгі ойы мен идеясын «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Оқымаған қазақ», «Інішегіме», «Жетімге» деген өлең тақырыптарының өзі айтып тұрғандай мұндай көңіл-күй тек С.Сейфуллинге ғана тән емес еді, Н.Нұрмақовты да толғандырды.

«Оқуды жалғастыруға мүмкіндігім болмағандықтан, елге қайтуға мәжбүр болдым» деп [12, 3 б.] өз өмірбаянында жазғанындай Н.Нұрмақов 1915 жылы семинарияны бітірген соң туған Қарқаралысына оралды. Әрине, оқыған, көкірегі ояу, өзіндік ой-пікірі есейген салмақты азамат болып оралды, бұрын өзі оқыған екі сыныпты орыс-қазақ училищесіне мұғалім болып орналасты. Шалғай жатса да Омбыдағы «Бірлік» ұйымының мүшелерімен, ұстазы А.Седельниковпен байланысын үзбей хат-хабар алысып тұрды. Өзіне бала кезінен таныс қаланың тыныс-тіршілігінің Омбыдағы өмір ырғағымен салыстырғанда жүдеу, артта қалғандығын көрді, көңілі толмады.

Н.Нұрмақовтың Қарқаралыдағы қызметі екі бағытта жүрді, біріншісі, мұғалімдігі болса, екіншіден, бұрынғы мұғалімі, 1905 жылдан саяси оқиғаларға белсене қатысушы А.Аяғанов және П.Бабин, Е.Шаңдыбаев сынды өзімен пікірлес адамдарды маңайына топтастырып, училище оқушыларымен қала тұрғындары арасында бостандық жайында үгіт-насихат, патша саясатына қарсы әрекеттер жүргізеді. Қарқаралыға ат басын бұрып келіп жүретін азаттық жолындағы күрескерлер, осы өлкенің тумалары Ә.Бөкейхановпен, Ж.Ақбаевпен және оларға ниеттес қаланың зиялы адамдармен жақын араласып ақыл-кеңестерін алады.

1916 жыл келді. «Семей облысы Қарқаралы уезінің Қу болысында қазақтардың бас көтерулері болды» - делінген Омбы облыстық архивінен алынған құжатта, «...қырық шақты адам болыс Ақайдың Қасеніне былай деген: «Сен тілмашыңмен бірге Қарқаралыға келіп, үкімет жағына шығып, бізді әскери жұмысқа беруге келісім жасадың. Бірақ біз бармаймыз. Егер күшпен аламыз десе, қарсы тұрамыз» дей келе, уездегі Сарытау, Бөрілі, Абыралы, Едірей, Дегелең, Берікқара, Кент, Темірші болыстарының өздеріне тілектес екендіктерін, қосылатындықтарын білдірген [13, 74 б.]. Осы жерде «неліктен Қарқаралы уезіндегі халық наразылығы Торғай мен Жетісудағыдай қарулы көтеріліске ұласпады?» деген сұрақтың тууы заңды.

М.Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» монографиясында 1916 жылғы қозғалыс кезінде Қарқаралы тұрғындары арасында белсенді жұмыс жүргізген дәрігер Сәдуақас Шәлімбаевке тоқталады. Қара жұмысқа алынатын жігіттерге дәрігерлік жәрдем көрсетіп жүріп, сүзек ауруын жұқтырып қайтыс болған оны жерлеу кезінде Ж.Ақбаевтың айтқан мына бір сөзін келтіреді: «25 июнь жарлығы шыққан соң надан жұрт әулігіп көтерілген уақытта халыққа насихат айтып, қазақты көндіруге себепкер болғанның бірі Сәдуақас еді. Басқа жерлерде қан төгілген, асылған, атылған көп, Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандардың арқасында аман болды» [3, 251 б.]. Алаш идеялары Қарқаралы даласынан бастау алып қана қойған жоқ, тамырын тереңге жайып, кейінгі жұртқа жол салып кетті. Өлкеде Алаш идеясын қолдаушылар көп болды. Олай болса, Алаштың орныққан әлеуметтік тірегінің болуы Қарқаралы өңірінде қанды оқиғаларға, халықтың қырылуына жол бермегені шындық.

Н.Нұрмақовтың саяси қарым-қабілеті алғаш рет қазақтарды майдан жұмыстарына алу туралы патша жарлығы шыққаннан кейінгі жағдайларға байланысты көрінді. Оның осы кезеңдегі іс-әрекеті халық мүддесі жолындағы күресінің бастамасы болды.

Біріншіден, Н.Нұрмақов Қарқаралы сияқты шағын қаладағы оқыған, қызмет істейтін, азды-көпті зиялы топтың қатарынан саналды. Алаш зиялыларымен, Алаштың елдегі тірегі болған әлеуметтік топпен жақсы таныс, пікірлес болғандықтан Н.Нұрмақовтың таным-түсінігі олардан алшақ кеткен жоқ, «Қазақ»

газетіндегі халықты көтеріліске шықпауға, майдан жұмысына баруға үндеген Алаш қайраткерлерінің бағытын қолдады;

Екіншіден, қоғамның өзге әлеуметтік топтарына қарағанда мұғалім қауымының үгіт-насихат, тәрбиелеу, түсіндіру жұмыстарын өздеріне парыз санайтынын, әрі сол уақытта олардың саны саусақпен санарлықтай болғанын ескерген жөн. Олай болса, Н.Нұрмақовтың ел ішіндегі оқиғалардан томаға тұйық, шет қалуы мүмкін еместұғын, сондықтан оның халық арасында саяси үгіт жүргізіп, елді аман алып қалу үшін әрекет жасағаны күмән тудырмайды;

Үшіншіден, тарихшы Р.Сағымбеков өз зерттеуінде Н.Нұрмақовтың шақыру пунктіне бір топ ауыл жастарын ертіп келіп: «Көгендеп алып жатқандарыңның ішінде бірде-бір әлді адамның не баласы, не өзі, не туысы жоқ. Білгі ғана сормандай кедейлердің жалғызы мен жампозын құрбандыққа шалыпсындар! Осыларың адамгершілікке сыя ма?! Ар-ұяттарың қайда?! – деп, Едірей болысының тілмашы Жағыпар Ыбыжановтың бетіне айтқаны, сөйтіп біраз адамдарды тізімнен сыздырып тастағаны» туралы сол күндерден естеліктер келтірген [6, 102 б.]. Осылайша Н.Нұрмақов тыл жұмысына баратындарға тізім жасау кезінде бой көрсеткен заңсыздық пен әділетсіздікке батыл қарсы шықты, қарапайым еңбекші халықтың мүддесін қорғады;

Төртіншіден, Н.Нұрмақовпен таныс сол уақыттың куәгері жазушы Сапарғали Бегалиннің айтуынша «Нығмет майдан жұмысына басшылық етем» деп, Қарқаралыдан аттанған жігіттерге мың басы болып кеткен екен. Алайда Семейге келген оған губерниялық оқу инспекторы Д.Скофковский рұқсат бермеген көрінеді [14, 18 б.]. Біздің ойымызша, Н.Нұрмақовтың мұндай шешімге келуіне майдан даласында бұратаналар бөлімін басқарған Ә.Бөкейханов бастаған зиялылардың 1916 жылғы 22 қазанда «Қазақ» газетінде «жігіттерге барған жерінде бас-көз болып, олардың мұң-мұқтажын тиісті орындарға жеткізіп тұратын орыс және қазақ тілдеріне бірдей, білімді жігіттердің керектігі» жайлы, сонымен қатар тағы сол «Қазақта» бүкілресейлік Земск Одағының тыл жұмысындағы қазақтардың орыс тілін білмейтіндігіне байланысты оларды (қазақтарды – авт.) жұмысқа апаратын жүзбасы, мыңбасы сияқты қызметтерді белгілеп, осы қызметке лайықты деп мұғалімдерді, студенттерді, орысша оқу орнын бітіргендерді шақырған үндеулері түрткі болды [3, 262 б.]. Ізінше Ресейдің Қазан қаласында оқып жүрген бір топ қазақ жастары жауап ретінде майдандағы жұмысшыларға қызмет етуге ниет қылады. Ә.Бөкейханов болса «Осы жақсы бауырларымыңның жақсы жолын қабыл алған ұлтшыл жастар тағы табылар деген зор үміт! Бауырларымың, ден сау, жас шақтарыңда жұрт үшін шауып қал!» деп алғыс білдіреді [3, 265 б.]. Осы жайлардан хабардар болған Н.Нұрмақов сөз жоқ, тыл жұмысына баруға бел байлады, мұндай жағдайда шет қалуды ар көрді. Сын сағатта қолынан келгенше майдандағы аға-бауырларына жәрдем көрсетуді өзінің парызы санады. Олай болса С.Бегалиннің «Нығмет қарқаралылық жігіттерге мың басы болып аттанған екен» деуі шындыққа келеді. Ал оның бұл өтінішінің орындалмауы мұғалім мамандарының жетіспеуі себепті Семейдегі оқу бөлімінің жібермеуінен болуы мүмкін.

«Төңкерістің болғанына сенер-сенбесімізді білмей жүрдік. Екі аптадан соң жан-жақтан алынған ақпарлар негізінде шындыққа көзіміз жеткен соң есімізді жиып, біз де қимылдауға кірістік» - дейді Н.Нұрмақов Ресейдегі монархия құлағаннан кейінгі аласапыран кез туралы [14, 18 б.]. Мұндағы «Шындыққа көзіміз жеткен соң» деп отырғаны Минскідегі Ә.Бөкейханов бастаған он бес қазақ зиялысы қазақ өлкесінің орталық өңірлеріндегі беделді деген 25 адамның атына «...теңдік, бостандық күні туғаны туралы, халықты жаңа билікті қолдауға шақырған» жеделхаттар жіберді және соның үшеуі Қарқаралыдағы Ж.Ақбаевқа, Қ.Ақасевқа, С.Бөкейхановқа (Ә.Бөкейхановтың інісі – авт.) жолданды. Алаш көсемі ендігі жерде қазақ халқының ұлттық мәселелерін шешу үшін қазақтардың арасындағы беделді, саясатта ысылған, өзімен пікірлес азаматтарға үміт артты, бірігуге шақырды. Олардың қатарына мақсаты, көзқарасы бір Н.Нұрмақов сынды оқыған, белсенді жастар да қосылды, ұлт көшбасшысының үндеуіне қолдау көрсетті, бірігіп қала мен уездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге кірісті.

1917 жылы 5 наурызда Семейден Қарқаралы атқару комитетін құруға мұғалім Н. Құлжанов пен Н. Вайсер келгеннен кейін Қарқаралы біріккен комитетін құруға делегаттар сайлау үшін қала мен уезде қызметіне, ұлтына және кәсібіне қарай барлығы 16 қоғамдық ұйым жасақталды.

1917 жылы 6 наурызда уездегі 18 болыстан сайланған 34 қазақ делегаттарының қатарында Қу болысынан Нығмет Нұрмақов пен Нығмет Сағатов, Берікқара болысынан Жақып Ақбаев, Ақсары болысынан Смайыл Бәйтенев, Тоқырауын болысынан Смахан Бөкейханов, т.б. болды. Қала қызметкерлерінен сот А.А. Лысенко, шаруа басшылары съезінің хатшысы Д.И. Чанчиков, шаруа басшысы А.Н. Прозоров, уездік мал дәрігері В.А. Матвеев делегат болып сайланды [4, 48 б.].

1917 жылы 13 наурызда Екібастұз зауытының бөлімшесі Желтау зауытында өткен жиында Н.Нұрмақовты, Х. Дайыровты, Ғ. Ноғаеты Қарқаралы біріккен атқару комитетіне делегат етіп сайлайды. 8 адам қол қойған хаттамада делегаттарға зауыт жұмысшыларының мүдделерін Қарқаралы біріккен комитеті алдында қорғау тапсырылды [4, 49 б.].

Маңызды оқиға - 1917 жылы 16 наурызда Қарқаралы Қазақ комитетінің құрылуы болды. Комитеттің 61 мүшесінен Кеңес құрылып, төрағалығына Ж. Ақбаев, орынбасарлыққа Н.Орманбетов пен Р.Сапақов, хатшылыққа С.Бәйтенев тағайындалды, 14 мүшесінен Президиум құрылды. Ку болысынан Н.Нұрмақов пен Қ.Ақаев уездік Қазақ комитеті Кеңесінің әрі Президиумының мүшелігіне сайланды [4, 50-51б.].

Қарқаралы халқы асыға күткен сәт те келіп жетті. 1917 жылы 20 наурызда жоғарыда аталған қоғамдық ұйымдардан сайланған делегаттар негізінде Қарқаралы уездік біріккен атқару комитеті құрылды. 27 делегаттан тұрған комитет құрамы былайша жіктелді: қырғыз (қазақ), татар, сарттардан барлығы 13 адам (10 қазақ, 3 татар) және 14 адам қаладағы орыстар мен казактардың әр түрлі әлеуметтік топтарынан алынды. Қарқаралы уездік біріккен атқару комитетінің 7 адамнан тұратын Президиумы мына құрамда сайланды: А.А. Лысенко (бітістіруші сот) - төраға, С.Бәйтенев - төрағаның орынбасары, П.М. Чемоданов (нотариус) - хатшы, мүшелері – Р.Сапақов, Р.П. Азбукин (бітістіруші сот), Ә.Спанов, М.Фаизов [4, 54-55 б.]. Ұйымдық жағынан құрылғанымен жұмыс тәжірибесінің жоқтығы, ұйымшылдықтың жетіспеуі, бытыраңқылық, келіспеушіліктер, биліктің тұрақсыздығы комитеттің алға қойған міндеттерін шешуге кедергі болды.

Қарқаралы уездік атқару комитетіндегі қарама-қайшылықтар басқа жағынан да көрінді. Атап айтқанда, тұрғын халқының негізгі бөлігін жергілікті ұлт өкілдері құраған Қарқаралы сияқты уезде комитет құрамында орыс-казактардың басымдық танытуы, патша режимі кезінде ел билеп қалған шенеуніктер мен қызметкерлер оның (комитеттің – авт.) өз ішінде бұдан былайғы жұмысына кері әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен бірге Қазақ комитетіне отаршылдық ниеттерін айқын көрсетті. Дәлірек айтқанда, мәселе Қазақ комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік біріккен атқару комитетінің, оның Президиумының мүшесі Жақып Ақбаевқа қатысты туындады.

1917 жылы 29 наурызда Қарқаралы уездік комиссарлар кеңесі Азбукин мен Лысенко (екеуі де Қарқаралы уездік атқару комитетінің және Президиумының мүшелері – авт.) деген соттар бастаған жергілікті шовинистік күштердің талап етуімен Ж.Ақбаевқа «қазақ және орыс жұрттарының арасына алауыздық ұрығын шашқан», «саудагерлерге орыс тұрғындарға ұн және басқа азық-түлік бұйымдарын сатқызбаған», «стражниктерге көлік бергізбеген» деп, бұрынғы патша жандармдары таққан айыпты қайта қоздырып, 6 сағат ішінде уезден кетіру, қамауға алу туралы шешім қабылдайды [3, 315-316 б.].

Халық күрескерін қаралау шешімімен келіспей ашықтан ашық қарсы шыққан Нығмет Нұрмақов мүше болған Қарқаралы Қазақ комитеті болды. 1917 жылы 31 наурызда комитет (төрағасы Нарманбет Орманбетов – авт.) отырыс өткізіп, онда Азбукин мен Лысенконың 29 наурыздағы Ж.Ақбаевқа байланысты шығарған шешімі тыңдалды. Қазақ комитеті Ж.Ақбаевтың отаршылдыққа қарсы күрескер екендігін, орыстар мен казактар арасында ешқандай ұлтараздықты қоздырушылықты жасамағанын, керісінше монархия құлағаннан кейін Қарқаралыдағы орыс, қазақ, казак, татарларды барлығын ұлтқа алаламай бірігуге, жаңа тұрмыс жайын жасауға шақырғанын, қаладағы қазақтардың көмек сұрап келетін бірден бір адамы, олардың қорғаны екендігін баса көрсете келе, жер аудару және тұтқындау туралы шешімнің патша үкіметі уақытындағы ескі тәртіптің қалдығы екенін әрі мұның ендігі бостандық заманындағы қағидаларға қайшы келетінін, өздерінің бұл теріс шешімге келіспейтіндігін айтып Ішкі істер, Юстиция министрлеріне, Дала әскери комиссары И. Лаптевтің атына қарсылық жеделхаттарын жолдайды. [3, 315-316 б.]. Қазақ комитетінің бұл әрекеті зая кетпеді. 1917 жылы 12 мамырда Уақытша үкіметтің милиция істері бойынша уақытша басқармасы Жақып Ақбаевқа таңылған айыпты заңсыз деп тауып жояды. Бұл сөз жоқ, Қазақ комитетінің жеңісі еді.

Бұл оқиға Ж.Ақбаевтың бұдан кейінгі өмірінде, Алаш қозғалысының барысында терең із қалдырды. Қазақ комитетінің араша түсуімен заңсыз қуғындаудан аман қалған ол өлкедегі саяси үрдістерге қатысуға мүмкіндік алады. 1917 жылы сәуір айының ортасында Семейге келіп, облыстық Қазақ комитетінің (төрағасы Р.Мәрсеков – авт.) құрамына кіреді. 1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыры арасында өткен Семей облыстық қазақ съезінің жұмысына төрағалық етеді, съездің маңызды шешімдер қабылдауында заңгер ретінде өз қолтаңбасын қалдырады. 1917 жылы жазда Орынборда өткен I Жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясына, желтоқсандағы II Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясының басқару органы Алашорда үкіметіне мүше болады, олардың заңдық, құқықтық негіздерін жасауға қатысады.

Осы жерде Қарқаралы Қазақ комитетінде кімдер болды деген сұраққа жауап берелік. Олар: Нарманбет Орманбетұлы – Алаштың белгілі ақыны, атақты би, Қазақ комитетінің төрағасы Ж.Ақбаевтың орынбасары, Қарқаралы уездік біріккен атқару комитетінің мүшесі, уездегі заң қызметкері; Рақымбай Сапақов – Қарқаралы уезіне танымал мұғалім, Семей мұғалімдер семинариясын бітірген, Қазақ комитетінің төрағасы Ж.Ақбаевтың екі орынбасарының бірі, Қарқаралы біріккен атқару комитетінің және Президиум мүшесі; Райымбеков Бодаубек – Ақшатау болысының қазағы, мұғалім, «Дала уәлаяты», «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінің белсенді тілшісі, 1909 жылы «А. Байтұрсыновты жақтады» деген айыппен патша әкімшілігі тарапынан қуғындалған; Смақан Бөкейханов – Ә. Бөкейхановтың інісі, Тоқырауын болысының қазағы, 1909 жылы үкіметке қарсы үгіт ұйымдастырды деп А. Байтұрсынов ісіне байланысты қуғындалған. Ақаев Қасен, Бәйтенев Смайыл туралы мағлұматтар бұған дейін берілгендіктен қайталаудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Бір сөзбен айтқанда, Ж.Ақбаев сынды ұлт күрескеріне араша түсіп, отаршылдардың кезекті шеңгелінен аман алып қалған, тегеурінді талап қойып Семей облыстық атқару комитетін мойындатқандар сол дәуірдің озық ойлы, көзі ашық, алдыңғы қатарлы адамдары, Алаштың елдегі қолдаушылары, азаттық қозғалысының, жаңа қоғамның белсенділері болатын. Солардың қатарында Нығмет Нұрмақов та бар. Н.Нұрмақовтың Алаш зиялыларымен ұлт бостандығы жолындағы қызметі осылай түйіскен еді.

Қорыта келгенде, Н.Нұрмақовтың қоғамдық-саяси қызметінде оның Қарқаралы кезеңінің рөлі зор. Қарқаралы Нұрмақовтың туып-өскен жері болғандықтан ғана емес, Алаш идеяларының саяси бесігі болғандығымен де маңызды. Қоғамдық-саяси қызметінің бастапқы кезеңін Алаш рухы сіңген әрі оның қолдаушылары бар ортада бастаған ол өзінің қысқа ғұмырында сол жолдан – Алаш салған жолдан еш айныған емес. Көп ойланып, көп толғаныстан кейін большевиктер партиясына өзгелерден кешігіп 1920 жылы наурызда қабылдануы да содан болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмақов А. Нұрмақовтар әулеті, шүкіршілік, бармыз // «Қазақ», 2009. №4-5, 29-30 қаңтар.
2. ҚР ПМ. 141-қор, 1-тізбе, 1129-іс, 36 –п.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. I том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп», 2008. – 480 б.
4. Попов Ю.Г., Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М. Творцы и свидетели истории Каркаралинска: Монография. – Караганда, КарГУ, 2014. – 354 с.
5. Попов Ю.Г. Ақаев из Егіндыбулака // Индустриальная Караганда. – 1992. – 7 августа.
6. Редакторлардың редакторы. Құраст. А. Жангожин, М. Сембаев. – Қараганды: «Арко», 2012. – 252 б.
7. Тайшыбай З. Дүрбелең // Орталық Қазақстан // 1994. – 10, 12 қараша.
8. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. I. Тар жол, тайғақ кешу. 1927. Роман-эссе. – 456 б.
9. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: «Жалын». – 1976. 320 б.
10. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
11. Арыстанбеков Т. Сәкен-семинарист // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 3 ноябрь.
12. ҚР ПМ. 139-қор, 1-тізбе, 293-іс, 3 –п.
13. Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 270 - қор, 1- тізбе, 86-іс, 74 - п.
14. Қабдөшев Б.Ж. Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1895-1937): Тарих ғыл. канд. ... дис.. / Б.Ж. Қабдөшев; Абай атын. қаз. ұлттық пед. ун-ті. – Алматы: Қазмембаспа, 2005. – 151 б.

References:

1. Nurmakov A. Nurmakov dynasty, shukurshilik, barmiz // "Kazakh", 2009. №4-5, January 29-30.
2. PM RK. Fund 141, list 1, case 1129, P 36.
3. Koigeldiev M. Alash movement. Volume I. Edited and supplemented second edition. - Almaty: "school", 2008. - 480 P.
4. Popov Yu. G., Shotbakova L. K., Smagulova G. M. Creators and Guardians of the history of Karkaralinsk: monograph. Karaganda, Kargu, 2014. - 354 P.
5. Popov Yu. G. Akaev from Yegindybulaka // Industrial Karaganda. – 1992. - 7 August.
6. Editor-In-Chief. Comp. A. Zhangozhin, M. Sembayev. - Karaganda: "Arko", 2012. - 252 P.
7. Taishybay Z. Pany // central Kazakhstan // 1994. - November 10, 12.

8. Seifullin S. collection of multi-volume works. - Almaty: "Kazygurt", 2004. I. A Narrow Road, a slippery slope. 1927. novel-essay. - 456 P.
9. Kakishev T. Saken Seifullin. - Almaty: "Zhalyn". – 1976. 320 P.
10. history of Kazakhstan. In five volumes. Volume 3. - Almaty: "Atamura", 2002. - 768 P.
11. Arystanbekov T. Saken-seminarist // Kazakh literature. - 1961. - November 3.
12. PM RK. 139-Fund, 1-list, 293-case, 3-p.
13. Omsk regional state archive of the Russian Federation. Fund 270, list 1, Case 86, P 74.
14. Kابدoshev B. zh. socio-political and public activity of Nygmet Nurmakov (1895-1937): Historical Sciences. Kand. ... dis.. / B. zh. Kابدdeshev; the name of Abay. the goose. national PED. una nodded. - Almaty: Kazmembaspa, 2005. - 151 P.

ӘОЖ 94(574)
ГРНТИ 03.01.09

Б.М. Мамбетов¹, Х.Тұрсұн²

¹Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты
Түркістан қ., Қазақстан

²Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
Түркістан қ., Қазақстан

РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ САДЫҚБЕК САПАРБЕКОВТЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстан облыстық партиясының алғашқы хатшыларының бірі ретінде белгілі тұлға Садықбек Сапарбековтың қоғамдық-саяси қызметіне архив материалдары негізінде талдау және бағалау жасалады. Оның қуғынға ұшырауының негізсіз себептерінің дәлелдері келтіріледі және саяси қуғын сүргіндердің механизмдеріне талдау жасалады.

Мақала сондай-ақ отандық тарих ғылымында тұлғатану бағытының методологиялық мәселелері бойынша тың тұжырымдар жасауға арналады. Тақырып бойынша ғылыми ізденіс жүргізудің басты мақсаты тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру үшін отандық тұлғатанудың көрнекті өкілдерінің бірі Садықбек Сапарбековтың қоғамдық-саяси қызметіне талдау болып белгіленген.

Отан тарихындағы тұлғаларды ұлттық-мемлекеттік мүддеге жасаған қызметі арқылы бағалаудың ғылымилығы туралы тұжырымдар жасалған. Содан да мақалада тұжырымдалған тарихи тұлға қызметін бағалаудың өлшемдерін тарих мазмұнын жаңалауда, ғылыми зерттеу жұмыстарында және арнайы пәндердің мазмұнында қолдануға болады.

Түйін сөздер: Садықбек Сапарбеков, Мирзоян, саяси қуғын-сүргін, саяси элита, партиялық-мемлекеттік номенклатура, тарихи әдіснама.

Мамбетов Б.М.¹, Тұрсун Х.М.²

¹докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ахмета Ясауи.
г. Туркестан, Казахстан

²д.и.н., профессор Международного казахско-турецкого университета имени Ахмета Ясауи
г. Туркестан, Казахстан

НЕЛЕГКАЯ СУДЬБА ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИИ САДЫКБЕКА САПАРБЕКОВА

Аннотация

В данной статье, на общественно-политическую деятельность Садыкбека Сапарбекова, известному как один из первых секретарей партии Западно-Казахстанской области, проводится анализ и оценка на основании архивных материалов. Статья также посвящена разработке новых концепций по методологии

ческим вопросам личностного направления в отечественной исторической науке. Основной целью проведения научного поиска по теме является анализ общественно-политической деятельности Садыкбека Сапарбекова, одного из видных представителей отечественной личности по формированию независимого исторического сознания. Были сделаны выводы о научности оценивания личности в отечественной истории по деятельности национального-государственного интереса. Затем сформулированные в статье критерии оценки деятельности исторической личности могут быть использованы в обновлении содержания истории, в научно-исследовательских работах и содержании специальных дисциплин.

Ключевые слова: Садыкбек Сапарбеков, Мирзоян, политическая репрессия, политическая элита, партийно-государственная номенклатура, историческая персоналия.

Mambetov B.M.¹, Tursun Khazretali²

*¹Doctoral student of the International Kazakh-Turkish University named after Ahmet Yassawi
Turkestan, Kazakhstan*

*²Professor of the International Kazakh-Turkish University named by Ahmet Yassawi,
doctor of historical Sciences.
Turkestan, Kazakhstan*

THE DIFFICULT FATE OF A VICTIM OF REPRESSION SAPARBЕКOV SADYKBЕК

Abstract

This article analyzes and evaluates the socio - political activities of Saparbekov Sadykbek, known as one of the first party secretaries of the West Kazakhstan region, based on archival materials. The article is also devoted to the development of new concepts on methodological issues of personal direction in native historical science. The main purpose of conducting a scientific search on the topic is to analyze the socio-political activities of Sadykbek Saparbekov, one of the prominent representatives of the national personality for the formation of an independent historical consciousness. Conclusions were made about the scientific evaluation of the individual in the national history, the activities of the National-state interest. Then, the Criteria for evaluating the activity of a historical person formulated in the article can be used in updating the content of history, in research works, and in the content of special disciplines.

Keywords: Saparbekov Sadykbek, Mirzoyan, political repression, political elite, party and state nomenclature, historical personality.

Қазақ елі ықылым заманнан бері небір қиын кезеңді бастан өткізді. Соның ішінде тарихтың қазаққа тартқан сыйы мен тақсиреті тең түскен ХХ ғасырдың орны ерекше. Ең бастысы осы ғасырда мыңдаған жылдар бойы мызғымаған көшпелі өркениеттің төлтумасы - қазақтың дәстүрлі қоғамы күйреді. Осы тарихи үдерісте қоғам өзгерді, заман өзгерді, сонымен бірге адам да өзгерді. Қоғам – социализмге бет бұрды, заман - өндіріске бағыт алды, адам – ғылым мен білімге ұмтылды. Бұндай күрделі өзгерістерді қоғамның модернизациялануы деп атайды. Ал кез-келген модернизациядан ұлттың ұтатыны да бар, жоғалтатыны да аз емес. Дәстүрлі қоғамның эволюциялық дамуына өзгерістердің күштеп енгізілуі этнодеформациялық процесске ұласады [1]. Асау мінезді тарпаң ғасырда тапқанымыздың ең бастысы ер байлығы болса, жоғалтқанымыздың да ең бастысының бірі осы ер байлығы – ұлттың дегдарлары, бекзаттары, қазіргі саяси тілмен айтсақ ұлттың элитасы. Еліміздің жаңару кезеңі жүздеген, мыңдаған тұлғаларды өмірге әкелді. Заманның ауыр жүгіне арқасын тосып, қоғамның ашкөз саясатының өңешіне тоғытылған сондай элиталық тұлғалардың бірі – Садыкбек Сапарбеков 1902 ж. Сыр бойында дүниеге келіп, Түркістан Республикасының орталығы Ташкент қаласында комсомол жетекшісі болып басталған оның өмір өткелдері мен қызмет сатыларының соңғы баспалдағы Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметі болды.

С.Сапарбеков Ақжайық өңіріне қызметке келгенге дейін Сырдария, Ақмола губерниялық партия комитеттерінде партиялық ұйымдар бөлімінің меңгерушісі, Қазақ Өлкелік комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Ақмола округінде, Қарсақпай, Қызылорда аудандық партия комитеттерінде бірінші хатшы, Семей обкомының хатшы болып қызмет жасады. 1935 ж. қазан айынан 1936 ж. қаңтары аралығында Қазақ Өлкелік кәсіподатар Кеңесінің төрағасы, 1936 ж. қаңтар-мамыр аралығында Қарағанды облыстық партия комитетінің II хатшысы болып қызмет істеді. 1936 ж. мамыр айында ҚК(б)П Гурьев

округтік комитетінің бірінші хатшылығына, бір жылдан соң – 1937 ж. 15 мамырында ҚК(б)П Орал қалалық партия комитетінің пленумында бірінші хатшылыққа ұсынылған С.Сапарбеков бірауыздан сайланады [2].

Осы пленумнан бір апта бұрын ҚК(б)П Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюро мәжілісінде (7 мамыр, 1937 ж. хаттама №40) «І.Құрамысов (Құрамысов Ізмұқан Мұқашұлы (1896-1938) – 1937 ж. маусымынан Жеңіл өнеркәсіп халкомының бірінші орынбасары, тамыз айынан ҚК(б)П Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасының орынбасары ҚК(б)П ОК мүшесі. 25 ақпан 1938 ж. ату жазасына кесілген) бірінші хатшы қызметінен босатылып, облыстық партия конференциясында есепті баяндама жасаған соң Өлкелік комитеттің қарауына жіберілсін, бірінші хатшы міндетін атқарушы болып, С.Сапарбеков бекітілсін» деген шешім қабылданды. Гурьев округтік комитетінің бірінші хатшысы қызметіне С.Сапарбековтың орнына Н.Нұрсейтов бекітіледі [3].

Гурьев округтік комитетіндегі қызметі жөнінде осы 1937 жылдың 15-19 ақпанында өткен Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің II пленумында сөйлегендер Сапарбеков жөнінде «Сапарбеков Мақат немесе Қосшағыл кәсіпшілігіне барып баяндама жасайды. Халық оның баяндамасын ұйып тыңдайды. Олардың арасында сұрақ-жауаптар, пікір алысулар болады. Бұл әрине, сөзсіз, құптарлық шара, бірақ біздегі шараларды Сапарбеков пен Орымбаевқа ғана жүктеп қарап отыруға болмайды, басқа да адамдарды дайындауымыз керек» [4] деп жылы лебіз білдіреді.

Батыс Қазақстан облысындағы ауылшаруашылығының жайы облыстық партия комитетінің жіті назарында болды. Бұл кезде колхозшылардан астық өнімдерін әкімшілік жолмен тартып алу тоқтатылып, астықты мемлекетке сатып алу жолымен жинау тетігі орныға бастаған. Қолда бар астығын мемлекетке сатуға мүмкіндік алған колхозшылар өнімді молайтуға құлшына бастады. Осы іске партиялық басшылықтың мәнісі - сатып алынатын астық мөлшерін жоспарластыру және оны іске асыру, соған қатысты ұйымдастыру, жабдықтау шараларын қамтитын. Батыс Қазақстан облысы сол кезде 19 аудан (Гурьев, Жылықосай, Есбол, Маңғыстау, Теңіз, Бөрілі, Жәнібек, Жанқала, Жымпиты, Каменский, Қаратөбе, Лбешинский, Приуральский, Тайпак, Теректі, Қазталовка, Орда, Шыңғырлау) және Гурьев округі мен Орал қаласынан құралды. 1937 ж. 16 тамызда обком мен облатком төралқасы аудандардан жиналатын астықты Приуральский - 170, Каменский - 160 мың, Теректі - 150 мың, Бөрілі - 88 мың, Шыңғырлау - 120 мың, Лбешинский - 10 мың, Қазталов - 15 мың, Жымпиты - 10 мың пұт мөлшерінде бекіткен [5]. С.Сапарбековтың алдында өңірдің халықшаруашылығын дамыту, елдің әл-ауқатын көтеруде көптеген міндеттер күтіп тұрды. Бірақ бүкіл елді қамтыған саяси қуғын-сүргіннің қуатты толқыны ол міндеттерді іске асыруға уақыт қалдырмады.

1937 ж. 10-11 қыркүйегінде өткен облыстық партия ұйымының екінші пленумында С.Сапарбеков «ҚК(б)П Орталық комитетінің екінші пленумының қорытындылары және партия ұйымдарының міндеттері туралы» баяндама жасайды. Бұл пленум Орталықтан түскен таптық қырағылықты күшейту, халық жауларын әшкерелеу тапсырмаларының жергілікті ұйымдарда атқарылуына арналғандықтан баяндама және жарыс сөздерде ауылшаруашылығы мен өндірістегі орын алған кемшіліктердің шынайы себебін іздеудің орнына оған жауапты қызметкерлерді айыптау сарыны белең алды. Пленумдағы С.Сапарбековтың "В нашей области мы имеем много алашординцев, белогвардейцев, ссыльных. Наличие такого количества горючего материала антисоветских элементов требует усилить революционную бдительность наших партийных, комсомольских организации, рабочих, колхозников» [6, 30 п] деген сөздері негізсіз емес еді. 1918-1919 жж. Жымпитыда (қазіргі Сырым ауданы - авт.) құрылған Алашорда үкіметі Батыс бөлімінің қызмет істеуі, Орал казактарының «ақтар қозғалысына» (белое движение) белсене қатысуы, оның үстіне 1928-1931 жж Орал округіне Сырдария округінен және басқа да жерлерден кәмпескеленген байлар мен мал-мүлкі тәркіленген бай-қулақтар, саяси құқынан айрылған мыңдаған адамдардың жер аударылуы барысында қалыптасқан әлеуметтік топ шын мәнінде Кеңес өкіметіне жан-тәнімен қарсылық білдіретін үлкен әлеуметтік күш болатын.

Осы пленумда әшкереленген халық жаулары ретінде Орымбаев, Нұрсейтов (Нұрсейтов Нұрғали Нұрсейтовтың (1903-1937) – 1937 ж. мамырынан Гурьев округкомының бірінші хатшысы, 1937 ж. қарашасында ату жазасына кесілген), Серікбаевтар (Серікбаев Есқайыр (1900-1938) - Гурьев қаласында туған. 1935 ж. ақпанынан Қаратөбе, кейіннен Жанқала аупарткомының хатшысы. 12.09.38 жылы тұтқындалып, 1938 ж. ақпанда атылған) және обком комсомолдың бірінші хатшысы Қожахметовтер пленум мүшелігінен босатылып, партия қатарынан шығарылады [6, 37 п.].

«Правда» газетінде жарық көрген К.Пуховтың мақаласы ҚК(б)П Орталық Комитетінің тамыз айында өткен партия активі жиналысының қорытындысы бойынша жазылып, республика басшылары

Л.Мирзоян, Ұ.Құлымбетов, С.Есқараев, С.Нұрпейісов және Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Садуақасовтардың атына қатаң партиялық сын айтылды. Мақала «Қазақстандағы өзара сынның осындай жағдайы басшылыққа араласып кеткен жауларды әшкерелеуге кедергі келтіруде» деп түйінделген. Мақала жарық көрген уақытта Л.Мирзоян мақта жинау науқанына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысында іс-сапарда жүрген болатын. Мақаланы шамшылдықпен қабылдаған Мирзоян Мәскеуге жіберуге дайындаған жеделхатында «Пухов кем дегенде 70 пайызға өтірік айтады, өйткені оның көптеген дәйектері шындыққа сай келмейді» [7] деп жазды. Ол автордың шынайылығына қатысты 29 қыркүйек күнгі Пуховтың мақаласын талқылаған ҚК(б)П ОК бюро мәжілісінде көтерілген мәселелерге айқындық береді. Дегенмен, «Правда» газетінде бұндай мақаланың жариялануы партия ұйымдарының белсенділігін арттыруы, өзара сынды өрістетуі тиіс деген баға беруге мәжбүр болады. Осы мәжілісте Мирзоян буржуазиялық-ұлтшылдықпен күресу бұрыннан қолға алынғанын айта келіп, «Я не знаю, многи ли было таких организации в национальных республиках, где бы так остро ставили вопросы борьбы с националистами, как у нас» [8, С.203] деп тоқмейілсіді. Мирзоянның айтуынша бұл 100 пайыз шындық болатын! Ал «Правда» газетіндегі мақала республикадағы саяси қуғындау шараларын еселеп күшейтуге итермелейтін факторға айналды. Мақала бойынша қабылданған қаулыда ҚК(б)П ОК революцияға қарсы ұлтшылдарды әшкерелеуде және аластауда кешігіп қалғандығы атап айтылды.

Осы жерде назар аударатын бір мәселе бар. ҚК(б)П ОК бюро мәжілістеріндегі талқылауларда қабылданған қаулыларда, айыпталушылар мен әшкереленушілердің қатарында С.Сапарбековтың есімі мүлдем аталмайды. Соған қарап, оның халық жауы аталып, тұтқынға алынуы аяқ астынан болған оқиға деп санауға болмайды. Бұл сөзімізге мына құжаттың деректері дәйек болады. Л.Мирзоян 1937 ж. 30 шілдеде И.Сталинге "Ұлтшыл-фашистік ұйымның әшкереленген және қамауға алынған мүшелері туралы" жазған хабраламасында республикалық, облыстық деңгейде қызмет істейтін 14 қайраткердің қамауға алынғандығын және кейбір тұтқындардың көрсетулерінде Алматы обкомының қазіргі хатшысы Садуақасов пен БҚО обкомының хатшысы Сапарбековтердің есімдері аталатындығы, қазір осы екі хатшыға қатысты материалдардың растығы тексерілуде екендігін хабарлайды [9, с.85-87]. Демек, Садықбекке қатысты НКВД органдарының тіміскі әрекеті ол тұтқынға алынғаннан екі айдан астам уақыт бұрын басталған. Батыс Қазақстан облысында кең өріс алған Сапарбековке қарсы сынның қайдан шығып жатқандығы осыдан белгілі. Мирзоянның орынсыз сын айтушылар әрекетін «арпылдады» (лаялся) деп бағалайтыны бар [9, С.202]. Ол «арпылдаушыларды» керек кезінде өз қажетіне пайдаланатын қитұрқы саясат ұстанбаса БК(б)П Орталық Комитетінің кеңеске қарсыларға қуғын-сүргін шараларын қолдануда бекіткен жоспарын азырқанып, қудаланушылардың санын арттыруды сұраған жоспарын іске асыруы қиын болар еді. БК(б)П ОК Саяси бюросының 1937 ж. 4 қазандағы мәжілісінде «Принять предложение ЦК КПК(б) Казахстана об увеличении количества репрессированных по 1-й категории по Казахской ССР дополнительно на 350 человек. Секретарь ЦК» деген шешім қабылдаған болса, 15 желтоқсандағы мәжілісте ҚК(б)П Орталық комитетінің бірінші категория бойынша 900, екінші категория бойынша 3500, барлығы 4400 адамға ұлғайту туралы ұсынысы мақұлданған [10, С.57].

Осы саяси қуғын-сүргіннің шырқау шыңына жеткен кезеңдегі Л.Мирзоянның саяси әрекеті өте күрделі сипат алды. Бір жағынан партия-кеңес және шаруашылық басшыларының жүздеп тұтқынға алынуына келісім беріп жатса, екінші жағынан өзіне тағылатын айыптаулардан тайсалмай кейбіреулерге шырылдап араша түсу, қуғын-сүргіннің негізсіздігін біле тұрып, қуғындалушылардың санын арттыру туралы жоғары басшылыққа ұсыныс жасауы Мирзоянның тұлға ретінде қарама-қайшылықты келбетін қоюландыра түседі. Бұған қарамастан халқымыз оны «Мырзажан» деп төбесіне көтергені де рас.

Өзара сын - партия қайраткерінің өзін-өзі әшкерелеуге берілген «мүмкіндігі». Ағынан ақтарылған қызметкердің айтқандары көбіне өзін айыптауға дәйек береді. Партия қайраткерлері бұл тәсілді жақсы білген, содан да лажы болса өзіне қатысты сынды айналып өтуге тырысқан. Орал қалалық партия комитетінің 1937 жылғы 7-14 мамырында өткен III пленумында С.Сапарбеков Құрамысовты өткір сынға алады [11].

Басына бұлт үйірілген Құрамысовқа айтылған С.Сапарбековтың бұл сыны барынша сыпайы, партиялық этикаға сай айтылған еді. Бұл сын сол кезде партиялық-мемлекеттік номенклатура арасында сын мен өзара сынды өрбіту арқылы партияның ұйымдық бірлігіне, шаруашылық міндеттерді іске асыруға болады деген саяси иллюзияның типтік көрінісі сияқты қабылдануы мүмкін. Құрамысовтың Голощекинмен бірлесіп жол берген асыра сілтеушілігін жақсы білетін С.Сапарбеков партияға сөз тигізбей оның өзін сынады өтті. Құрамысовқа сын айтқандардың бәрі де осындай ұстанымда еді.

Құрамысовқа тағылған кінәлердің бірі – оны мектептерде мұғалім кадрлардың жетіспеуіне байланысты «Басқа көзқарастағы» мұғалімдерді жұмыстан кумау туралы облаткомға тапсырма беруі болды. Облыстық партия комитеті бюросының 10 қазан күнгі мәжілісінде «Облыс мұғалімдерін аттестациялау барысы туралы» мәселе қаралып, онда осындай «басқаша көзқарастағы» алашордашыл Таңқытаев, Букин, Исмағанбетов пен поптың қызы Пикано аталады [12].

Қазақстандағы ширығып тұрған саяси ахуалды 1937 ж. 21 қыркүйегінде «Правда» газетінде жариялаған «На поведу у буржуазных националистов» атты мақала мүлдем ушықтырып жіберді. Осы мақалада көтерілген мәселелерді ҚК(б)П Орталық комитетінің бюросы 29 қыркүйек күнгі мәжілісінде талқылап, арнайы қаулы қабылдайды. Ал 4 қараша күні Орталық комитеттің осы қаулысынан туындайтын міндеттер туралы облыстық партия комитеті бюросының жабық мәжілісінде С.Сапарбеков баяндама жасаған. Баяндама бойынша сөйлеген Сизов «Казахстанская правда» газетінің бас мақаласында «біздің кемшіліктер дұрыс көрсетілген, бірақ халық жауларын әшкерелеуде біз қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ. Соңғы кезде 31 халық жауын ортамыздан сүйреп шығардық. Біздің кемшілігіміз ол туралы баспасөзде жарияламағанымыз» деді. Ал облыстық «Прикаспийская правда» газетінің редакторы Медведьев «біздің алдымызда Құрамысовты әшкерелеу міндеті тұрды, пленумда, баспасөз бетінде де біз бұлай жасағанымыз жоқ. Біз құрамысовшылыққа да, орымбаевшылыққа да лайықты тойтарыс бермедік. Құрамысовтың құйтұрқылықтарын да әшкерелемедік» деп ағынан жарылды.

Ал, Воробьев деген «Ипмағанбетовтың (*Ипмағамбетов Әмірғали Сәрсенұлы (1904-1992) – БҚО Шыңғырлау ауданында туған, 1936 ж. ақпанынан Жәнібек аупарткомының бірінші хатшысы*) әкесі - алашордашыл. Оны аупартком хатшысы етіп қалдыруға болмайды» деді. Мәселеге барынша салмақты қарауға тырысқан Андреев «Қалалық ұйымда сын мен өзара сын өрбімей отыр. Өзіміздің партия ұйымының кемшіліктерін айтудың орнына Мирзоянды, Нұрпейсовті, обкомның бұрынғы басшыларын ғана сынаймыз» деген уәж айтады.

Бюро мәжілісі күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылдаған қаулысында обкомға қатысты айтылған сынды толығымен мойындап, тездету жұмыстарын жүргізгенімен 3 жыл бойы облыстың басшы партия және кеңес аппаратына шпиондар мен бүлдіргіштерді енгізген ұлтшыл-фашист, антұрған Құрамысовты көзден таса еткені, обком және оның бірінші хатшысы Сапарбековтың тарапынан жол берілген сылбырлықтан, саяси қамсыздықтан Құлымбетовтың, Құрамысовтың халық жаулары бандасының Батыс Қазақстанда кең өрістеуіне жол бергендігі атап көрсетілді. Сол сияқты осы қаулыда «Правда» газетіндегі мақаладан және ҚК(б)П ОК қаулысынан соң Құрамысовтың ұлтшыл-фашистік тобының мүшелері Құлшурин (облплан), Өсербаев пен Дәулетов (ауылшаруашылық мектебі), Есенқұлов (облвноторг), Бекжанов (окрФО), Қалбаев (консерві заводы) және т.б. әшкереленіп, партиядан шығарылғандығы мәлімделді [12, 214-226 pp].

«Казахстанская правда» газетінде аты аталғандардың бірі Қошанов 10 қазан күнгі бюро мәжілісінде обком аппаратындағы қызметінен босатылды. Нұрымов (Бөрлі ауданы), Құрманбаев (облатком төрағасының орынбасары) партия қатарынан шығарылады [12, 46-47 p].

Облыстағы саяси ахуал күн өткен сайын шиеленісе түсті. 1937 ж. 10 қазан күні өткен Батыс Қазақстан обкомы бюросының мәжілісінде Гурьев активі жөніндегі мәселе бойынша сөйлеген сөзінде С.Сапарбеков өзінің тарапына айтылған сынға жауап беріп, ақталуға мәжбүр болды. Осы бюро мәжілісінде Өтеғұлов оны Орымбаев, Нұрсейітов, Ақботин (*Ақботин Халид Сейітқалиұлы (1902-1938) – Бөкей ордасында туған. 1933-1936 жж. Гурьев округкомының бірінші хатшысы, 1936-1937 жж. ҚК(б)П БҚО ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі. 08.03.1939 ж. атылған*), Аманиязов (*Аманиязов Қошбай (1900-?) Маңғыстау ауданында туған. 1933-1937 жж. Еспол аупарткомының бірінші хатшысы, 1937 ж. БҚО обкомының үшінші хатшысы*), Ибраев, Жиенбаев, Меңдібаевтарға қамқорлық жасап, құрамысовшыларды қорғаштайды деп айыптайды. Бұл айыптауды обком бюросы мүшелігіне кандидат Кеслер іліп алып кетеді.

Осы мәжілісте Сапарбековты жаладан арашалауға тырысқандар да болды. «Прикаспийская правда» газетінің редакторы Медведьев обком бюросы және Сапарбековтың қателіктерді түзетуге бағыт алғаны көрініп тұр. Сондықтан Сапарбековты кінәлауды доғарайық» деген ұсыныс жасады. Партия қызметкері Будкии де осы бағытта сөз сөйлеп «Сапарбековтың қызметіне күмән келтіруге болмайды» - дейді.

Бюро мүшесі Сидоров Сапарбековты сын мен өзара сынды тұншықтырып отыр, сөйлеген сөзінде ағынан жарылмады дей келіп «Наш актив ставит вопрос - сумеет ли Сафарбеков возглавить борьбу с врагом народа. Мы считаем, что пока этого нет... Мне кажется тов.Сафарбекову трудно будет исправлять свои ошибки, ведь он политически себя скомпрометировал и сейчас мы имеем сигналы политического

недоверия к Обкому. И после этого т.Сафарбеков должен сделать себе вывод» деген сын айтады. Өзіне тағылған айыптар мен айтылған сынға жауап беріп С.Сапарбеков «ұлтшылдықпен күресте кешігіп қалғанымыз рас, бұндай кемшілік өзге облыстарда да кездеседі, кемшіліктерді түзетуге біздің күшіміз жетеді» [12, 56-68 пп.] деп ақталуға мәжбүр болады.

Облыстық партия комитеті бюросының 16 қазан 1937 ж. мәжілісінде обкомның үшінші хатшысы Алманиязов партиялық топшылдыққа қатысқаны үшін қызметінен, бюро мүшелігінен алынып, ісі облыстық партиялық коллегияға тапсырылады; Қазталов аупарткомының хатшысы Айтмағамбетов, Фурманов аупарткомының хатшысы Әубәкіров (*Әубәкіров Мұхсин Илеуұлы (1903-?) Теңіз ауданында туған. 1935-1937 жж. Фурманов аупарткомының бірінші хатшысы*), Шыңғырлау аупарткомының хатшысы Қазиев (*Қазиев Орынтай (1901-1938) Жәнібек ауданында туған. 1937 ж. Шыңғырлау аупарткомының бірінші хатшысы. 13.11.1938 ж. ату жазасына кесілген*), Орда ауаткомының төрағасы Құлтасов, ал 19 қазан күнгі мәжілісте Теңіз аупарткомының хатшысы Шолақовтар (*Шолақов Жылыбай Қойлығұлұлы (1897-1938) Маңғыстау ауданында туған. 13.12.1938 ж. ату жазасына кесілген*) қызметтерінен босатылып, партиялық мәселесін қарау тиісті органдарға тапсырылады [12, 76-96 пп.].

Облыстық, қалалық партия ұйымдарындағы бұл саяси пікірталасты облыстық «Прикаспийская правда» және «Екпінді құрылыс» газеттері үлкен даңғазаға айналдырды. «Правда» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарық көрген мақалалардан соң іле-шала 27 қыркүйек күні «Прикаспийская правда» газетінде «Выкорчевывать всех национал-фашистов, разоблачить их приспешников» деген көлемді мақала жарық көрді. Бұл мақалада негізінен сынның бәрі бұрынғы обком хатшысы І.Құрамысовты әшкерелеуге бағытталғанымен обкомның қазіргі хатшылары Сапарбеков пен Курылов және өзге бюро мүшелерінің қызметі де сын мен өзара сынды өрістеткен белсенділердің назарынан тыс қалмады. Осы мақалада облатком төрағасы Спиринов Сапарбеков пен Курыловты мамыр айындағы конференциядан кейін ұзақ уақыт бойы ұлтшыл-фашистермен күрес жүргізбей келді, бұл жағдай халық жауы Құрамысовтың дұшпандық әрекетін дер кезінде әшкерелеуді кешіктірді деп айыптады.

Батыс Қазақстанда кең тамыр жайған мендешовшілдіктің бүлдіргіш әрекетіне соңғы үш жыл бойы осы «шылықтың» басшысы Құрамысов жетекшілік жасап келді деген сияқты нақты дәлелі мен дәйегі жоқ саяси айыптаулар республикада көтерілген дүрбелеңге үн қосудан өзге нәтиже берген жоқ.

Осы газетте 30 қыркүйекте жарияланған «Выкорчевывать остатки национал-фашистской банды» атты мақала (*авторы Н.Сельников*) Құрамысовпен қызметтес болған партия-кеңес кадрларының арасынан оның «құйыршықтарын» әшкерелеуге арналды. Онда НКВД қамауына алынған Өсербаев, Дәулетов, Балғаниязов, Ишанкуловтардың жаулық әрекеттері әшкереленеді. Ал 16 қазанда жарияланған «Коммунисты районных парторганизации разоблачают буржуазных националистов» атты мақалада Батыс Қазақстан облысы аудандарындағы ұлтшыл-фашистерді әшкерелей келіп Сапарбеков пен Курылов сын мен өзара сынды өрістете алмады деп айыптаса, артынша Орал қалалық партия активі жиналысының есебі ретінде жазылған «Уральский партактив обсуждает статью «Правды» «На поводе у буржуазных националистов» («Прикаспийская правда» 20 октября 1937 г.) атты мақалада обкомның бюросы және оның хатшысы С.Сапарбеков өз қателіктерін түзетіп, халық жауларын қуып шығуға партия ұйымдарын жұмылдыруға және сын мен өзара сынды өрістетуге қабілеті жетеді деген пікірді жария етті. Әйтсе де келесі күні жарық көрген «Уральской городской партийный актив правильно критикует ошибки обкома, выражают политическое недоверие т.т. Сапарбекову и Курылову» (21 октябрь 1937 г.) атты мақала Садықбектің саяси карьерасына нүкте қойды. Облыстық партколлегияның хатшысы Воробьев былай деді: «Мне не понравилось выступление Сапарбекова. В его выступлении не было откровенности, не было большевистской критики собственных ошибок. Врага народа Нурсейтова т. Сафарбеков знал 9 лет, работал с ним, но это не помешало ему продвигать его на ответственную работу и высшие парторганы. Точно так же обстоит дело и с Орумбаевым, Ибраевым, Жиенбаевым, с которыми Сафарбеков работал, которых знал, но их не проверял и не прислушивался к имеющимся сигналам о них». НКВД органдарымен қоян-қолтық жұмыс істейтін орган басшысының бұл айыптауының ресми салмағы ауыр болды.

Садықбек Сапарбеков ҚК(б)П Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюро мәжілісіне 19 қазан күні соңғы рет төрағалық жасады. Ал 23 қазан күнгі мәжілісте С.Сапарбековты қызметтен босатып, Орталық комитеттің қарауына жіберу туралы шешім қабылданған. Ал 31 қазан күнгі бюро мәжілісінде ҚК(б)П Орталық комитетінің обком хатшысы туралы шешім талқыланып, Шәріп Өтепов (*Өтепов Шәріп (1906-1981) - ШҚО Таврия ауданында туған, 1937 ж. Алматы обкомының үшінші хатшысы, 1937 жылы қараша - 1938 ж. мамыр аралығында БҚО обкомының бірінші хатшысы, 1938 ж. Красноярскіге жер аударылған*) бірінші хатшысы міндетін атқарушы болып бекітілді [12, 118 пп.].

Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Садықбек Сапарбековты айыптауға байланысты мәжіліс хаттамалары мен баспасөзде жарияланған мақалаларға талдау жасағанда оған тағылған ең басты айып І.Құрамысовты әшкерелеу жұмысына партиялық басшылық жасамады, халық жауларына қатысты саяси қырағылық танытпады дегенге келіп саяды. НКВД органдарының қолында оның ұлтшылдыққа қатыстылығын айғақтайтын дәлел-дәйек болмағандықтан, екінші жағынан обкомның бірінші хатшысы Орталық Комитеттің номенклатуралық тізімінде болғандықтан да оны Орал қаласында бірден тұтқынға алмай, саяси қуғын-сүргіннің ошағына айналған Орталық Комитеттің қарауына жіберді.

Алматыға келген С.Сапарбеков «Кеңестер үйі» қонақ үйіне орналасқан. 1937 ж. 18 қарашада осы қонақ үйде тұтқынға алынады. КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 28 ақпан 1938 ж. үкімімен ату жазасына кесілді.

С.Сапарбековтың ісі КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының сотында қаралуына И.Сталиннің, Молотовтың, Кагановичтің өздері келісім беріп қол қойған!!! Әрине, жалғыз өзіне емес. 3 қаңтар 1938 ж. КСРО Ішкі Істер Халкомы Мемлекеттік қауіпсіздік Бас басқармасы 8-бөлімінің бастығы мемлекеттік қауіпсіздіктің аға майоры Цесарскийдің биліктің ең жоғары инстанциясына ұсынған тізімінде Алматы облысы бойынша 38, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 8, Алматы-Түркістан-Сібір темір жолы бөлімі бойынша 71 қайраткердің аты-жөні келтірілген. Осы тізім бойынша С.Сапарбековпен бірге Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Сейітқали Меңдешов, Мұқаш Орымбаев, Қазмұхамбет Күлетов, Измұхан Құрамысов, Нарзулла Рүстемов, Мұхтар Саматов, Сейітбек Кенбаев сияқты үзеңгілес, идеялас жолдастары да бар еді [13].

Республикалық «Әділет» қоғамының тікелей араласуымен Алматы қаласының жанындағы Жаңалық ауылына жақын жерден аты жоқ жаппай жерлеу орныны анықталды. Құқықтық құрылымдардың араласуымен зиратқа қазба жұмысы жүргізіліп, мүрделерге сот-медициналық сараптама нәтижесінде прокуратураның «Жаңалық – 1937-1938 жж. атылғандарды жерлеген орын» деген қорытындысы дүниеге келді. Алматыдағы НКВД ғимаратының жергөлесінде атылған 3,5 мың адамның мүрдесі құпия түрде осында жерленген екен. 1938 ж. С.Сапарбеков те өзімен бірге атылғандармен осы зираттан мәңгілікке орын тепті.

1937-1938 жж. еліміздің халықшаруашылығы салалары барлық көрсеткіштер бойынша кері кеткен кезең болды. Ел тізгінін ұстаған партиялық-мемлекеттік номенклатураның халықтың игілігіне жұмсалатын қажыр-қайратын саяси қуғын-сүргіннің толқыны жұтып қойды. Үлкен облысты басқарған С.Сапарбеков те өңірді дамытуда ойға алған жұмыстарын іске асырып үлгермеді. Кеңестік билік тәрбиелеген жаңа тұрпатты билік өкілдері – партиялық-мемлекеттік номенклатураның алғашқы буынының өкілі ретінде С.Сапарбеков те өзіне жүктелген тарихи миссияны атқарып кетті. Ол да өз қатарластары сияқты саяси ұстанымдары мен көзқарасында қарама-қайшылығы мол тұлға болатын. Әйтсе де, күш-қуаты кемеліне келген кезінде бойдағы бар қайратын ел игілігіне жұмсай алмау тұтас бір буынның қасіретіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Khazretali M. Tursun, Hakan As, Kanat K. Bazarbaev, Aral Rezhep, Murat Kelesh. *Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnical Deformation / Utopía y praxis latinoamericana. Año: 23, n° 82 (julio-septiembre), 2018, pp. 147-157. Revista internacional de filosofía y teoría social. Cesa-fces-universidad del zulia. Maracaibo-venezuela. Issn 1315-5216 / issn-e: 2477-9555*
2. БҚОМА. 4қ., 6 тіз., 5 іс, 81 п.
3. БҚОМА, 37 қ., 6 тіз., 15 іс, 4 п.
4. БҚОМА, 37 п., 6 тіз., 7-іс, 65 п.
5. БҚОМА, 37қ., 6 тіз., 10 іс, 189 п.
6. БҚОМА. 37 қ., 6 тіз., 4 іс, 37 п.
7. ҚРПА, 708 қ., 1 тіз., 37 іс, 468 п.
8. Левон Мирзоян в Казахстане. сборник документов и материалов (1933-1937гг). -Алматы: "Қазақстан", 2001. -368с.
9. Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг. – Алматы: "Қазақстан". 1998. – 336 с.
10. Гинзбург А.Я. Феномен "революционной социалистической" законности. Мифы и факты: правовой аспект. //Саяси қуғын-сүргіндер және оның зардаптары. – Алматы, 2009. –158 с.
11. БҚОМА. 37 қ., 6 тіз., 135-іс. 125 п
12. БҚОМА, 37 қ., 6 тіз., 12 іс, 50 п

13. АПРФ. Оп.24, Д.414, л. 285

References:

1. Khazretali M. Tursun, Hakan As, Kanat K. Bazarbaev, Aral Rezhep, Murat Kelesh. Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnic Deformation / Utopía y praxis latinoamericana. Año: 23, n° 82 (julio-septiembre), 2018, pp. 147-157. Revista internacional de filosofía y teoría social. Cesa-fces-universidad del zulia. Maracaibo-venezuela. Issn 1315-5216 / issn-e: 2477-9555
2. ZKOMA. 4H., 6 knees., Case 5, 81 P.
3. ZKOMA, 37, 6 knee., 15 cases, 4 p.
4. ZKOMA, P. 37, 6 knee., Case 7, 65 P.
5. ZKOMA, 37k, 6th knee., 10 cases, 189 P.
6. WKOMA. 37, 6th floor., Case 4, 37 p.
7. KRPA, 708, 1 knee., 37 cases, 468 P.
8. Levon Mirzoyan in Kazakhstan. "I don't know," he said. - Almaty: "Kazakhstan", 2001. -368c.
9. Political Repression in Kazakhstan in 1937-1938. - Almaty: "Kazakhstan". 1998. - 336 P.
10. Ginzburg A. YA. phenomenon of "revolutionary socialist" legislation. Myths and facts: the legal aspect. /Political repression and its consequences. - Almaty, 2009. -158 P.
11. ZKOMA. 37, knee 6, case 135. 125 P
12. ZKOMA, 37, 6 knees, 12 cases, 50 p
13. АПРФ. Оп.24, д. 414, Л. 285

УДК 958.47

ГРНТИ 03.01.09

Г.Т. Жораева¹

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, тарих ғылымдарының кандидаты
Түркістан, Қазақстан; e-mail: guljamal-77@mail.ru

БАТЫС АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ ЖӘНЕ Х.ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада Халел Досмұхамедұлының 1918-1920 жылдары Алашорда үкіметінің «Батыс Алашорда» бөлімінің жетекшілік қызметінде бірқатар іс-шараларды атқарғандығы жан-жақты баяндалған. Сонымен қатар Алашордашылардың аса көрнекті қайраткері Халел Досмұхамедұлының қоғамдық-саяси қызметі мен мұрасын зерттелген. Халел Досмұхамедұлы осы қозғалысқа қатысып қана қоймай, Батыс Алашорда үкіметінің басшыларының бірі болғандығын мақала барысында сипаттаған. Мақаланы жазу барысында Х.Досмұхамедұлының маңызды жақтарына, қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына, Алашорда-ның Батыс бөлімінің құрудағы алатын ролін ашып көрсету, тарихи тұрғыдан талдау жасау арқылы көрсетуді басты мақсат еттік. Халел Досмұхамедұлының Батыс Алашорда үкіметін құрудағы қайраткерлік қызметін нақты көрсету негізге алынды.

Тірек сөздер: Батыс Алашорда бөлімі, Халел Досмұхамедұлы, үкімет, қоғамдық – саяси қызмет, үкімет.

Жораева Г.Т.¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, кандидат исторических наук
Туркестан, Казахстан; e-mail: guljamal-77@mail.ru

ЗАПАДНОЕ ОТДЕЛЕНИЕ АЛАШОРДЫ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Х.ДОСМУХАМЕДОВА

Аннотация

В статье описываются общественно-политическая деятельность и наследие выдающегося деятеля алашординцев Халела Досмухамедова. Халел Досмухамедова не только участвовал в этом движении, но и был одним из лидеров Западной отделения Алаш Орды.

В ходе написания статьи были поставлены задачи по формированию общественно - политических взглядов Х.Досмухамедова, раскрыть роль алашординцев в создании Западного отделения, проанализировать его с исторической точки зрения. Основан четкий вид деятельности Халела Досмухамедова в создании правительства Западного отделений Алаш Орды. Халел Досмухамедов в первую очередь военный врач, ученый, исследователь Халел Досмухамедов остался в истории как государственный и политический деятель, один из лидеров западной отделений Алаш-Орды. Когда была создана партия «Алаш» и провозглашена Алашская автономия, однофамильцы (не родственники) Халел и Жаханша Досмухамедовы встали во главе западного отделения партии «Алаш» и стали равными соруководителями западного отделения Алаш-Орды. Органы власти, которыми руководили Досмухамедовы, располагались в Жымпиты Западно-Казахстанской области.

Ключевые слова: Западный отделение Алаш орды, Халел Досмухамедов, правительство, Общественно –политическая деятельность, правительство.

Zhorayeva G.T.¹

*¹Candidate of historical sciences, the Khoja Ahmed Yasawi International
Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan; e-mail: guljamal-77@mail.ru*

WESTERN BRANCH OF ALASHORDA AND ACTIVITIES OF H. DOSMUKHAMEDOV

Abstract

The article describes the political activities and the heritage of an outstanding figure of the activists of Alash-Orda Khalel Dosmukhamedov. Halem dosmukhamedova not only participated in this movement, but also was one of the leaders of the Western part of the Alash Horde.

In the course of writing the article, tasks were set to form the socio - political views of H. Dosmukhamedov, to reveal the role of the alashordins in the creation of the Western branch, and to analyze it from a historical point of view. A clear type of activity of Khalel Dosmukhamedov in the creation of the government of the Western district of Alash Orda is based. Halem Dosmukhamedov first of all, a military doctor, scientist, researcher Halem Dosmukhamedov remained in history as a statesman and political figure, one of the leaders of the Western part of the Alash Orda. When the Alash party was created and the Alash autonomy was

Keywords: Western branch of Alash Orda, Khalel Dosmukhamedov, government, Socio-political activity, government.

1917 жылы Ақпан төңкерісі жеңіске жетіп, Патшаның тақтан құлатылуы Ресей империясының құрамына отарлық езгіден жапа шеккен халықтардың ұлт – азаттық қозғаластардың өрістеуіне ықпал етті. Жаңалықты ести сала қазақ зиялылары оны баспасөз органдары арқылы халыққа жеткізуге тырысты. Кең тараған басылым «Қазақ» беттерінде «теңдік», «Алаш ұлына» атты мақалалар жариялана бастады [1]. Азаттық, теңдік, бостандық ұрандары жиі-жиі қайталанды. Жаңа саяси ұғым Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырды. Осы мақалаларда Алаш ұлдарының мақсат- мүдделерін іске асыратын шараларды бастап, қоғамдық-саяси қызметке белсене араласуы қажеттілігі айтылады.

Бүкілхалық пен «Алаш» зиялылары Ақпан төңкерісінің жеңісіне Уақытша Үкіметке халыққа «бостандық» әкеледі деп сенді. Бірақ Уақытша Үкімет асықпады. Жер мәселесі, төңкеріс, жерді тартып алу мәселелері тоқтағанымен, қазақ халқының ХІХ-XX ғғ. Патша үкіметі тартып алған жерлер заңды иелеріне қайтарылмады. Ақпан төңкерісі монархияны құлатқанымен жергілікті жердегі басқару жүйесі түбегейлі жойылған жоқ. Тек губернаторлар орнына облыстық комиссарлар, ал уезд бастығының орнына уезд комиссарлары келді [2].

Уақытша Үкіметтің өз комиссарлары болды. Әлейхан Бөкейханов 1917 жылы үшінші наурызда Торғай облысының комиссары болып тағайындалды, жетінші сәуірде Уақытша Үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі болып бекітілді. М.Тынышбаев лауазымды қызметке тағайындалып Түркістан комитетінің құрамына енгізілді [3].

Ұлт зиялылары қазақ қоғамы үшін Уақытша Үкіметке қолдау көрсету арқылы саяси белеске жетуге болады деп есептеді. Сонымен Уақытша Үкімет пен қазақ зиялыларының алдағы даму идеялары ұштасты. Уақытша Үкіметке сенім білдіретін Алаш қайраткерлерінің жеделхаттары Петроградқа жөнелтілді. Онда Уақытша Үкімет «жаңа қоғамды демократиялық тұрғыда құруда ерекше ұйымдастыру қабілетін

көрсетеді» деген сенім мол болды. Осылардың ішінде Орал облысынан Бақытжан Қаратаев бастаған топ ішінде Халел Досмұхамедұлы да бар еді. 1917 жылы 14 наурызда бұратана халық өкілдерін армияға мобилизациялауды тоқтату жөнінде Уақытша Үкіметтің қаулысы шықты және сол жылдың 24 сәуірінен бастап майданда тыл жұмыстарына алынғандарды кері қайтару туралы шешімі қабылданды [4].

1917 жылы Қазақстанда эсерлер, кадеттер, меньшевиктер, мұсылмандардың біріккен одағы сияқты күштер болды. Белгілі тарихшы Кеңес Нұрпейісов оны үшке бөліп қарастырады: «1917 жылға дейін Ресейдегі саяси күштердің жіктелуінде «монархист» деген ұғым «оңшыл» лагерьді, «либерал» ұғымы «аралық» лагерін, «социалист» ұғымы саяси күштердің «солшыл» қанатын айқындайтын еді. «Монархист» амалсыздан либаралдар- мен жақындасып, «оңшыл» топты «эсерлер» мен «меншевиктер» «кадеттер» мен біргіп «аралық» лагерьді, ал «социалистер» большевиктік қанаты мен эсерлердің радикал топтары (солшыл) лагерьді құрды. Солшыл лагерьлерде аталған саяси партиялармен қатар анархистер, меньшевиктердің азғанасы ұлтшыл-демократиялық қозғалыстардың солшыл элементтері болды [5,22]».

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін қазақ халқының арасында саяси белсенділік күшейді. 1917 жылы наурызда Қазақстанның барлық облыстарында қазақ комитеттері құрылды. Халел және Жаһаншах Досмұхамедовтар Орал облыстық атқару комитетіне мүше болды. Барлық облыстарда өтіп жатқан съездердің ішінде 1917 жылы 19-22 сәуірде өткен және оның барысында ерекше белсенділік еткен Орал облысының қазақ съезі айтарлықтай орын алды.

«Мәжіліс 1917 жылы 19 сәурде сағат 12-де Орал қаласындағы цирк залында өтті. Мәжілісте облыстың барлық өкілдерінен 800-ден аса адам қатысты. Мәжілісті облыстық уақытша комитеттің төрағасы Ғ.Әлібеков ашты. Съезд төраға етіп бір ауыздан Халел Досмұхамедовты, 1 Мемлекеттік Дума мүшесі етіп А.Қалменовты сайлады. Мәжілісте үш сұрақ талқыланды, олар: Мемлекетті басқару түрі, Уақытша Үкіметке деген көзқарас және 1 Дүние жүзілік соғысқа қатысты. Бұл сұрақтарды талқылап бірауыздан мынадай шешімге келді: делегаттар монархияны түпкілікті жою керек – себебі монархизм демократияның құлдығының белгісі, халықтарды бір-біріне айдап салатын бірден-бір көзі. «Қырғыз халқы Демократиялық Республика идеясын» қолдайды, ал ұлттық территориялық федерация мәселесін әзірше ашық қалдырды.

Саяси құқықтарды туған халқы үшін ұтымды, тиімді пайдалану мақсатында аянбай қызмет еткен Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов өз халқына нақты демократия әдіснамасы мен әдістемесі, құралдарын үйретіп, әр Алаш азаматына түсіндіруге шара қолданып демократияны үкімет билігін тікелей бұқара халықтың өз қолына алу мүмкіншілігі ретінде көрсетті [4].

Облыстық уақытша қырғыз комитетінің төрағасы съезд жайлы хабарладық, комитеттің бұрынғы құрамы өздерінің жұмыстарын тоқтататынын мәлімдеді. Олардың ішінде Жаһаншах Досмұхамедов, Ғ.Әлібеков, И.Мұқанов және Халел Досмұхамедұлы да бар еді.

1917 жылы 1-11 мамырларда Москвада Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өтті. Халел Орал облысынан сайланған он делегаттың бірі ретінде қатысты. Мұсылман съезі империяны мекендеген мұсылман халықтарына ортақ көп мәселерді қарастырды. Съезге жиналған 800-ге жуық делегаттар маңызды мәселелерді талқылады. Олар: мұсылмандарға үндеу, мұсылмандардың орталық органы туралы, Ресейдің мемлекеттік құрылымы, аграрлық, дін мәселесі, жергілікті басқару, соғысқа көзқарас туралы шаралар болатын [6].

Бүкілресейлік мұсылмандар съезі қазақ съездерімен салыстарғанда «солшылдық» позиция ұстады, себебі мұсылмандардың барлығы Ресейге тәуелді, бұрынғы бұратана халықтар еді. Халелге осы мұсылман съезі оның қоғамдық-саяси көзқарасының дамуына ықпал жасады. Съезде мұсылмандық кеңес құрды. Ол өз құрамына атқару комитетін сайлады. Мүше болғандар Жаһаншах Досмұхамедов, У.Танашев, Көлбай Төгісов болды.

1917 жылы наурызда Ә.Бөкейханов бастаған бір топ зиялылар мұсылмандар мәжілісіне қатысты. Мәжіліс шешімінен Ресей мұсылмандық іс-әрекетіне үйлесетін мұсылман бюросын құру және Бүкілресейлік мұсылмандар съезін шақыру делінді. Халел Досмұхамедұлының осы өткен мұсылмандық съезде белсене қатысуы оны «қайраткер» ретінде дамытып аша түсті. Осы съезде үлкен саясат мектебінен өтіп, саясаткер ретінде қалыптаса бастады. 1917 жылы қазақ зиялылары либерал-демократиялық қозғалыс жетекшілерін уақытша үкіметке деген сенімі азая бастады.

Қазақ зиялылары Жалпықазақ съезін шақыру мәселесін жөн деп санады. «Алаш» партиясын құрып, ұлт-азаттық бағдар беруші қайраткерлер 1917 жылы дербес ұлттық мемлекет құруға қолайлы сәт келді, қазақ қоғамын тәуелділікпен, мешеуліктен құтқарудың жалғыз жолы өзін-өзі басқару болмақ деп тұжырымдады [7].

Съезде қазақ мемлекет пе, әлде Федеративтік Ресейдің бір автономиялы бөлігі болған жөн бе? Қазақ Тәуелсіз бола ала ма? Сұрақтары қарастырылды. Съезде Халел Досмұхамедов төраға етті.

«Алаш» партиясының құрылуы қазақ халқының өміріндегі елеулі саяси уақиға болды. Себебі ол ұлттық тұңғыш саяси ұйым еді. Алаш 1917 жылы жазда қалыптасқан жағдайда халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатысы бар, жалпы ұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып оларды шешу жолында ерекше қызмет атқарды. Алаш зиялыларының қызметі ең алдымен партия бағдарламасын дайындау, ұлттық мемлекет құру, қазақ қауымына құрылтай жиналысына депутаттар ұсынып оларды сайлау ісіне қажырлықпен ат салысқанынан анық көрінеді. Осы жұмыстардың ортасында Халел Досмұхамедов те болды [2].

Сонымен Алаш қозғалысының партия ретінде қалыптасу процесі 1917 жылы «Алаш» саяси партиясының күрес мақсаты: қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мен бұржуазиялық үлгідегі мемлекеттілікке қол жеткізу, Қазақстанды жалпы ұлттық мақсат – мүдделер негізінде дербес ел етуге ұмтылды.

«Алаш» партиясы, Ресей партияларының ішіндегі кадеттер, эсерлер, еврейлердің «Бунд» партиясымен қатар тұрған ұйым болды. Себебі: «Алаш» партиясы жоғары білімді қазақтың оқыған, саясаткер оқыған зиялы қаймағынан құрылған еді. Алаш партиясының жергілікті комитеттері Торғай, Орал, Жетісу, Семей облыстарында құрылды. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде Алаш партиясының бағдарлама жоспары жарияланды. Бірінші Жалпықазақ съезд шешімдерімен Ә.Бөкейханов, Ғ.Бірімжанов дайындаған партия жоспары он баптан тұрды: «Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік пен сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім, жер мәселесі [8,25]». Алаш партиясының бағдарламасына бағаны Орынбордан шығатын «Южный Урал» газеті былай берді: «Алаш» демократиялық-рационалдық партия, оның халық бостандығы партиясынан айырмасы федеративтік-демократиялық республикасы талап етіп, жерге жеке меншік болуға қарсы шығып, шіркеуді мемлекеттен бөлуді жақтауында [8]».

«Алаш» Жетісудан – 57.5%, Торғайдан – 75%, Семейден – 85.6%, Оралдан – 75% дауыс жинады. Алаштың осы сайлау қорытындысы Қазақстандағы жетекші партия болғанын дәлелдейді. Орал облысындағы Халел Досмұхамедұлы бастаған Алаш зиялыларының белсенді қызметін көреміз. «Алаш» партиясының басқа партиялармен салыстырғанда ірі жеңіске жеткенін көреміз.

1917 жылы күзде тағы бір Қазақстандағы ұлттық – саяси ұйым «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. Ол өзін қырғыздың «социалистік партиясы» деп атады. Партия «мұсылмандық, ағайындық», «түркі-татар» халықтарын біріктіру» идеяларын социализм ыңғайында іске асруды мақсат етті. Ол Түркістан халықтарының өз алдына ортақ шаңырық көтеру жағында болды [2]. Қазақтың қамын ойлап, ұлттық негізде мемлекет болуды қалаған «Алаш» партиясы ғана болды. Әлеуметтік тегінен «Үш жүз» партиясы ұсақ буржуазияшыл-демократиялардың саяси ұйымы болды. Осы заманда тарих сахнасына келген «Алаш» партиясы мен «Үш жүз» партиясының ұстанған саяси, қоғамдық бағдарламасы екі түрлі, бір-біріне қайшы болды [9]. Бұл саяси ахуал шиеленісіп, таптық жіктелу процесі күшейген кезде «Үш жүз» іргесін Алаштан аулақ салып, большевиктер мен солшыл эсерлерге жақындай түсті. Қазан революциясынан кейін Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы ұлт мәселелері, оның ішінде «орыс ұлты» мәселесі, ХХ ғасырдың басындағыдай қазақ зиялылығын да ойландырғанын көруге болады. Оларда қазақ жерін орысқа тастап кете алмайтындықтарын, олармен бірігу идеясын ұстанады. Тек Г.Н. Потанин басқарған Уақытша Сібір Үкіметі Алаш автономиясы мен Алашорда Үкіметін қолдады. Бірақ Сібір үкіметінің ғұмыры қысқа болып, 1918 жылы Томск кеңесі Төралқаның жарлығымен таратылды.

Жердің қашықтығы, хабарласудың тұрақсыздығы Алашорданың бір жүйеде жұмыс жасауына кедергі жасады. Олар әдейі үшке бөлінді: Алашорданың Жаһаншаһ пен Халел Досмұхамедовтар басқарған бөлігі Орал облысындағы, Жымпиты қаласында өздерін Алашорданың «Батыс бөлімі» немесе «Ойыл уәлаяты» деп аталды. Елдің бір бөлігі Жетісуда жұмыс жасады.

Қазақстанның бәрін Кеңес үкіметі бел алып, Алашорда Орталық Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және ұлт-істері жөніндегі халық комиссары И.Ф. Сталинмен кездесу үшін серігі Халел мен Жаһаншаһ Досмұхамедовтерді жібереді. Сонымен Мәскеуден қайтып оралған бойында Жаһанша мен Халел қазақтың Батыс аймағын басқаратын үкімет құруға кірісті. «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі — ХХ ғасырдың басында Жайық өңірінде орнаған мемлекеттік- автономиялық құрылым болды. Ол 1918 жылдың мамыр айының соңында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды. Батыс Алашорда үкіметінің құрамы төмендегідей болды:

1. Үкімет төрағасы – Жанша Досмұхамедұлы, Премьер-министр және әскери істер министрі қызметін атқарды.

2. Үкімет мүшелері: Халел Досмұхамедов – төрағаның орынбасары; Дәулетше Күсепқалиев – Үкімет кеңесін басқарды; Жанқожа Мергенов – Ішкі істер министрі; Салық Омарұлы (Сырым батырдың ұрпағы) – жер шаруашылығы министрі; Хазірет Сағидолла Ізтілеуов – Рухани істер министрі; Иса Қанжасаров Қаржы министрі қызметін атқарды [10].

Қазақ жеріндегі Алаш қозғалысының тарихында «Ойыл уәлаятының» Уақытша үкіметінің алатын орны ерекше. Мемлекеттіліктің алғашқы нышандарын белгілеп, оны қалыптастыруға ұмтылыс жасаған жас ұлттық үкіметтің жан-жақтан анталаған сыртқы және ішкі саяси қарсыластарына төтеп беруі оңайға түспеді. Бір жағынан, Кеңестік үкіметтің саяси қыспағы, екінші – казактардың ала шапқын шабуылы елдің бейбіт жолмен өз тағдырын айқындауына мүмкіндік бермеді. Бірақ ұстанған негізгі тұғырнамасы Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алашорда үкіметінің идеясымен ұрандас болған Жанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Дәулетше Күсепқали сияқты және т.б. қазақ зиялылары ұлттық мемлекет ретінде автономиялық дербестік алу бағытындағы қажырлы күресін тоқтатпады. Олардың ұстанған саяси бағыты тұтастай сол Батыс өңірінде алаштық қозғалыстың толқуына түрткі болды. 1918 жылы мамыр айында құрылып, бар - жоғы төрт айдай ғана өмір сүрген Ойыл алашордалық Уақытша үкіметі алдына қойған мақсатын толықтай орындап шығуға мүмкіндігі жетпесе де, мемлекет ретіндегі құрылымдарын айқындады, шекарасын белгіледі, құрамына отыз қазақ болыстарын кіргізді, өзінің рәмізі – жасыл түсті, жарты ай белгісі бар туы болды. Жымпитыда земство банкін ашып, өз ақшасын шығаруға талпыныс жасады. Өз органы «Еркін қазақ» газетін шығаратын баспаханасы жұмыс істеді. Өзінің әскерін құрды.

Ж.Досмұхамедов қазақ офицерлерін дайындауға көп көңіл бөлді. Жымпиты мен Ойыл жерінде қазақ жастарына арнап орта білім беретін оқу орнын ашты. Оған Ресей әскері қатарындағы орыс офицерлерін оқытушы ретінде жұмысқа шақырды. Ресейлік үлгіде ашылған Ойыл юнкерлер мектебі, Жымпиты прапорщиктер мектебі болды.

1918 жылы 11-14 қыркүйекте тарихта «Уфа Директориясы» деген атпен қалған кеңес шақырылды. Ол Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің, Уақытша Сібір үкіметі өкілдерінің, Орынбор, Орал, Сібір, Иркутск, Жетісу, Енисей, Астрахан казак әскерлерінің, Башқұрт, Алаш, Түркістан үкіметтерінің, бірқатар саяси партиялар өкілдерінің басын қосты. Жиында Уфа Директориясының құрылуына байланысты Ресейде бір орталықтан басқарылатын биліктің құрылатындығы және автономиялық басқаруды тоқтату жөнінде шешім қабылданды. 1918 жылы 4 қарашадағы осы органның арнайы грамотасында барлық облыстық үкіметтердің қызметтері тоқтатылатыны, оның ішінде «1-Алаш үкіметі – Алашорда өз қызметін тоқтатты» деген қаулы шығарылған. Осылайша Кеңес үкіметіне қарсы күштердің басын қосқан Уфа Директориясы өзінің шешімімен Алашорданың қызметін тоқтатты [8; 196].

Уфада өткен шұғыл мәжілістің шешімімен Алаш автономиясының Батыс өлкелерін басқару үшін «Ойыл уәлаятының» орнына Алашорданың Батыс бөлімі құрылды. Оның жетекшісі Ж.Досмұхамедов болды. Бұл мәселе бойынша: «Әскери жағдай мен жол қатынасының нашар дамуына байланысты Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару үшін Алашорда бөлімі құрылады», – деп көрсетілді. Батыс бөлім құрамына: Орал облысы, Бөкей Ордасы, Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе, Бірғыз уездері кірді. Алашорданың Шығыс бөлімінің орталығы Семейде орналасты.

Алашорда үкіметінің кейінгі тағдыры бүкіл Ресей аумағын қамтыған азамат соғысының күрделі оқиғаларымен тығыз байланыста өрбіді. 1919 жылы олар Колчак үкіметінің (Бүкілресейлік Уақытша үкімет) ықпалында болды. Бірақ Колчак үкіметі де Алашорда жетекшілерінің автономия құру жөніндегі үмітін ақтамады. Керісінше, адмирал Колчак монархиялық билік орнату идеясын көтере бастаған еді. Осылайша қазақ зиялылары өте күрделі жағдайда қалды [8; 196].

Бұған қоса Кеңес басшылығының Алашорда мүшелеріне сенімсіздік танытатыны анық болды. Сөйтіп, Фрунзенің ұсынысымен Батыс Алашорда басшылары халықтан оқшауландырылып, Жанша бастаған бес адамнан тұратын топ Мәскеуге жөнелтілді. Алашорда бөлімшесі таратылып, оның жетекшілері біраз уақыт қазақ даласынан аластатылды.

1918 жылы 18-21 мамыр аралығында Орал өңірінің қазақтарының Жымпиты қаласындағы 14 облыстың съезі өтті. Оған Ойыл, Орал уездерінің қазақтары қатысты. Съезді ұйымдастырушылар Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар еді [10.98].

Онда жиырма мәселе қарастырылды. Съезді кіріспе сөзбен ашқан Халел Досмұхамедұлы өзінің Мәскеуде РКФСР Халық Комиссары Кеңесімен және Орал облысымен шекаралас кеңестер жетекшілерімен келіссөз жүргізілген. Орал казачества басшылығымен жақындасу әрекеттерін жасағанын айтады.

Съезде төраға Жаһаншаһ Досмұхамедов, орынбасар Ж.Мергенов, хатшылар К.Жәленұлы мен Б.Асанов сайланды. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатында сақталған. Қазақ революциялық комитеттің өкілі И.К. Ивановтың осы мекеме төрағасы Пестковскийге жолдаған мәлімдемесінде былай делінген: «Досмұхамедовтер басқарған Алашорданың Батыс бөлімі Орал казактарымен тығыз байланыста болған, атаман Толстовпен бірге отырып Кеңес Үкіметіне қарсы күреске қатысқан, өздерінің (Алашорда Батыс бөліміне мүше) әскери бөлімшелердің жазалауына экспедиция етіп, большевиктерге қолдау пиғылын білдіріп, жаңадан қоныстанған поселкелер мен қырғыз ауылдарына аттандырып отырған, ал олар болса ойларына келгенін жасаған. Сонымен қатар 1918 жылы Жымпиты қаласында өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезінде Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым – «Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін» жариялауға қатысты. Сол жылы қыркүйек айының ортасында Кеңес өкіметіне қарсы күштердің Уфа директориясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат берді. Осы кезеңде Халел Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алуға, Ұлттық банк ашуға, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді.

Алашордашылар большевиктерге қарсы төтенше комиссия құрған, ал бұл комиссия өздерінің қатал әрекеттерімен жергілікті халықты дүрліктірді. Досмұхамедовтар опасыздықпен казактарға Кеңес Үкіметінің төтенше комиссары Андрей Латышты опасыздықпен ұстап берген. Латыш 1918 жылы көктемде Орал облысына жіберген болатын [11].

Қырғыз өлкесін басқарушы әскери - революциялық комитет Мендешовты Алашорданың Батыс комиссиясының мүшесі етіп тағайындап комиссияны Қызылқоғаға жіберді. Ондағы жағдай:

1) Қазақтармен бірігіп жұмыс жасауға ұмтылған Халел Досмұхамедұлы еді. Ал Жаһаншаһ Досмұхамедұлы жергілікті халықты қорғап өзінше тойтарыс беруге тырысқан адам болды.

2) Алашорданың Батыс бөлімінің Кеңес үкіметінің жағына өтуіне казактардың Оралға қашуы себеп болды.

3) Алашорданы жақтаушылар Жаһаншаһ Досмұхамедұлын хан сайлады. Сонымен қатар жергілікті жерді Алашорданың Батыс бөлімін басқарады деген жалған пікірді таратуға тырысқан. Ал халық мұны түсінбеді.

4) Алашорданың белсенді басшыларына еш жауапты лауазымды жұмыстарды тапсыруға болмайды. Қызылқоғадағы әскери бөлімді тез терету керек. Ал Халел Досмұхамедұлын азамат соғысы аяқталғанша оқшаулау керек.

5) Жергілікті халық арасынан Алашорданың батыс бөлімінің барлық атқарған іс-қимылын түсіндіріп, мәлімдеу қажет», - деп Мендешов Пестковскийге хабарлайды [10; 4-5 бб.].

Біз бұл құжаттан Халел Досмұхамедұлының және Батыс Алашорда Үкіметі басшыларының – Қазақ халқын ол казактардың қырып-жоюынан сақтау үшін олармен амалсыздан одақтасқанын көреміз. Комиссия мүшелері жалпы басшыларға күдікпен қарады.

Алашорда жетекшілеріне жасалған кешірімге және оларға үкімет тарапынан қудаламауға қаулы шыққанымен оларға деген сенімсіздікпен қарау ұзақ уақыт сақталды. «Алаш» жетекшілерін Кеңес Үкіметі басшылары оқшаулап, Ресейдің ішкі аудандарына жіберу керек», - деп шешті.

Қазревкомның 1920 жылы 5-наурыздағы Алашорда Үкіметінің Батыс бөлімін тарату жөніндегі қаулыда: «Ұлттық Алашорда үкіметінің жауапты жетекшілері бұдан былай қазақ өлкесінде қырғыз еңбекші бұқарасынан оқшауландырылсын. Осы қызметкерлер ішінен Мәскеуге, орталық губернияларға төмендегілер жіберілсін:

1. Жаһаншаһ Досмұхамедұлы.
2. Халел Досмұхамедұлы.
3. Иса Қашқынбайұлы.
4. Кәрім Жәненұлы.
5. Беркінғали Атшыбаев.

Алашордашылардың барлық дүние-мүлкі, оның сырттан тасып әкелгендеріне де, жекеменшіктегісіне де, толық құқықты болып табылатын жалғыз орган ревкомның қосымша жарлығы шыққанша есепке алынсын.

Алашорда Үкіметінің және оған бағынатын мекемелердің толық таратылуына байланысты мәселелердің нақты шешілуі ревкомның алдағы мәжілістерінде қаралсын.

Алашорданың белсенді қызметкерлеріне Кеңес үкіметі тарапынан өшпенділікпен қарайтынын ескеріп олар ревком мүшелігіне жауапты қызметке ұмтылмасын» [12,15 б.].

Сонымен 1920 жылы 5 наурызда Казревкомның қаулысымен Батыс Алашорда Үкіметі таратылып, тарих сахнасынан күштеп кетірілді. Қазақ халқына қызмет еткен Халел Досмұхамедұлы сияқты қазақ зиялыларыда саяси күрестер және қызметтен еріксіз қуылды. Халел Досмұхамедұлының дүниетанымының қалыптасуына, оның Петербург әскери медициналық академиясында оқып жүрген кезімен тұтас келген 1905 жылы басталған бірінші Орыс революциясыменен Россия мен Европа мәдениеттеріменен танысуы ықпал етті. Алғашқы орыс революциясы, империяны сілкіндірген толқулар, ел ішіндегі өршіген саяси белсенділік Халел Досмұхамедұлының саяси көзқарасының қалыптасуына әсер етпей қоймады.

Қазақстанның басқа болыстарыменен қатар 1917 жылғы наурыз айында Орал облысында да қазақ комитеттері құрыла бастады. Орал қаласында құрылған алғашқы комитеттер легі «Орал облыстық қазақ бөлімін үйлестіруші және атқару комитеті» деген сияқты атауларменен атала бастады. Оныменен қоса Халел Досмұхамедұлы басқарған Ойыл аймақтық Қазақ комитеті құрылады.

1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен бірінші Жалпықазақ съезі төрағасы қызметін атқарады. Ол съездің нәтижесінде «Алаш» ұлттық- демократиялық саяси партиясы құрылады. Соныменен, 1917 жылы Орынборда өткен бірінші Жалпықазақ съезі төрағасының орынбасары қызметін атқарып, мойнына арқалаған жүкті әрі күрделі жұмыстарды орын-орнымен атқарып шығады. Съезд нәтижесінде «Алаш» автономиясы жарияланып, «Алашорда» үкіметі құрылады.

1918-1920 жылдары Алашорда үкіметенің «Батыс Алашорда» бөлімінің жетекшілік қызметінде бірқатар іс-шараларды атқарады.

1920 жылы Халел Досмұхамедұлы Москвадан Ташкентке келіп, Қазақ Халық Ағарту Институтында дәрігер және гигиена, жаратылыстану пәндерінен оқытушы болып орналасады. Сонымен қатар Орта Азия Университетінің Медициналық факультетінің жанындағы Полтарацкий атындағы ауруханада ординатор болып жұмыс жасайды.

1923 жылы Халел Досмұхамедұлы Түркістан ғылымдарының тұрмысын жақсарту комиссиясының мүшесі болып тағайындалады. Халел Досмұхамедұлы Бұхара, Ташкент, Қызылорда, Петербург, Орынбор қалаларында өткен ғылыми басқосуларға қатысады. 1926 жылы Халел Досмұхамедұлына педалогия ғылымдарының доценті, ал 1929 жылы профессор атағы беріледі.

1929 жылы Ташкент Жоғары Педагогикалық Институты негізінде Алматы Мемлекеттік Университеті ашылады. (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті) Санжар Асфендияров осы Университеттің тұңғыш ректоры, ал проректор Халел Досмұхамедұлы, соныменен қатар педалогия кафедрасының профессоры ретінде кафедра меңгерушісі қызметтерін қоса атқарады.

Осыншама қыруар істерді жалғыз атқарған Халел Досмұхамедұлының іскерлігіне бас иесің. Халел Досмұхамедұлы қазақ халқының біртуар ұлы, ғұлама – қайраткері. Бірақ Кеңестер Одағында бастау алған қуғын-сүргін оның осы қызметтерін еріксіз тоқтатты.

Бар өмірін халқының бостандығына арнаған осы жолда өзінің өмірін қиған Халел Досмұхамедұлының жарқын бейнесі халық жадында мәңгі сақталып қалмақ. Оның артына қалдырған шығармашылық мұрасы қайтадан халық қазынасына айналып, еліміздің рухани өмірін байытуға қызмет етуде.

Ж.Досмұхамедов Ресей мұсылмандарының кеңесіндегі қызметі барысындағы қол жеткізген нәтижелі ісі – ұзақ жылдар бойы Санкт-Петербургтегі көпшілік кітапхана қорында сақтаулы жатқан «Құран Кәрімді» қайтаруы болып табылады. Петроградтағы Көпшілік кітапханада сақтаулы тұрған халиф Осман жиғызған Құран Кәрімді қайтаруда «Шура-и-ислам» комитетіне жүгінді. 1917 ж. қарашасында Петроградта өткен II Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде өкімет орындарынан осы Құран Кәрімді қайтаруды сұрау жөнінде қаулы қабылданып, бұл шешімді Халық Комиссарлар кеңесіне Ж.Досмұхамедов пен «Шура-и-ислам» Құран Кәрім «Шура-и-ислам» өкілдеріне табыс етілді. Бастапқы кезде кітап Уфадағы Дін Басқармасынан, одан кейін Ташкентке жеткізілді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. «Тамыр дәрі хақында» // Қазақ, 1913.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995.
3. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу». – Алматы, 1960.
4. Халел тағылымы. – Алматы: «Ғылым» 1994.
5. Нұрпейіс К. Қайраткер Халел \ Халел тағылымы. – Алматы, 1994.
6. Тілеужұлов С. Алаштың ардақты азаматы. – Шымкент, 1994.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995.
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
9. Қозыбаев М. История и современность. – Алматы: «Ғылым», 1991.

10. Алаш-Орда Сборник документов. – Алма-ата «Айқап», 1992.
11. Дулатова Д. «Историяграфия до революционного Казахстана» (1861-1917гг.). – Алматы: «Наука», 1984.
12. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құрастырған: Ф.Әнес, Ш.Керімов. – Алматы.

References

1. Dosmukhameduly H. "in the law of Root medicine" // *Kazakh*, 1913.
2. Koigeldiev M. *Alash movement*. - *Almaty: "Sanat"*, 1995.
3. Seifullin S. "A Narrow Road, a slippery slope". - *Almaty*, 1960.
4. Hallelujah. - *Almaty: "Science"* 1994.
5. nurpeis K. *kairatker Khalel \\ Khalel tribute*. - *Almaty*, 1994 .
6. Tleukulov S. *honorary citizen of Alash*. - *Shymkent*, 1994.
7. Koigeldiev M. *Alash movement*. - *Almaty: "Sanat"*, 1995.
8. Dosmukhameduly H. *Selective*. - *Almaty: "Ana Tili"*, 1998.
9. Kozybaev M. *history and modernity*. - *Almaty: "Science"*, 1991.
10. *Alash-Orda Sbornik documents*. - *Alma-Ata "Aikap"*, 1992.
11. Dulatova D. "historiography before Revolutionary Kazakhstan" (1861-1917).). - *Almaty: Nauka*, 1984.
12. *Dosmukhameduly H. Alaman. Compiled By: G. Anes, Sh.Kerimov*. - *Almaty*.

УДК 929:001(091)

Sultanova V.I. ¹, Esimova A.B. ²

¹*candidate of Historical Sciences., Associate professor of Miras University
Shymkent, Kazakhstan, valida_200470@mail.ru*

²*candidate of Historical Sciences., Associate Professor, South Kazakhstan State Pedagogical University,
Department of History of Kazakhstan and social sciences
Shymkent, Kazakhstan, ayessimova@gmail.com*

PHILOSOPHICAL HERITAGE ABU NASRA AL-FARABI

Abstract

Abu Nasr al-Farabi is an outstanding thinker of Central Asia and the entire Arab Muslim East of the early Middle Ages. He was not only the greatest philosopher - encyclopedist who substantiated the direction of Eastern peripatetism and created a whole philosophical system, but also a thinker who reflected and developed the main problems in his works characteristic for philosophical thought of that period.

Although in recent years a number of works by Abu Nasr al-Farabi have been published from Arabic to Russian, there are still many works that have not yet been accessible to the broad masses of the scientific community and not translated into modern languages. The study, in our opinion, of the unique, inaccessible, preserved in various cultural centers of the world works of Abu Nasr al-Farabi, will undoubtedly shed light on unknown aspects of philosophical thought of that period.

Keywords: thinker of Central Asia, scientist, philosopher - encyclopedist, «Second Teacher», Turkic culture, science, mathematics, medicine, natural sciences, astronomy

Султанова В.И.¹, Есимова А.Б.²

¹*кандидат исторических наук, ассоциированный профессор университет «Мирас»
Шымкент, Казахстан, valida_200470@mail.ru*

²*кандидат исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский государственный педагогический
университет, кафедра Истории Казахстана и общественных дисциплин
Шымкент, Казахстан, ayessimova@gmail.com*

ФИЛОСОФСКОЕ НАСЛЕДИЕ АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ

Аннотация

Абу Наср аль-Фараби, выдающийся мыслитель Средней Азии и всего арабомусульманского Востока периода раннего средневековья, был не только крупнейшим философом – энциклопедистом, обосновавшим направление восточного перипатетизма и создавшим целую философскую систему, но и мыслителем, отразившим и разработавшим в своих трудах основные проблемы, характерные для философской мысли того периода.

Хотя в последние годы в переводе с арабского языка на русский был опубликован ряд произведений Абу Насра аль-Фараби, все еще имеется немало трудов, оставшихся до сих пор недоступными широким массам научной общественности и не переведенных на современные языки. Изучение на наш взгляд, уникальных малодоступных, сохранившихся в различных культурных центрах мира сочинений Абу Насра аль-Фараби, несомненно прольет свет на неизвестные нам стороны философской мысли того периода.

Ключевые слова: мыслитель Средней Азии, ученый, философ – энциклопедист, «Второй учитель», тюркская культура, наука, математика, медицина, естествознание, астрономия

В.И. Султанова¹, А.Б. Есимова²

*¹тарих ғылымдарының кандидаты, ассоц. профессор «Мирас» университеті
Шымкент, Қазақстан, valida_200470@mail.ru*

*²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер тарихы
Шымкент, Қазақстан, ayessimova@gmail.com*

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ

Аңдатпа

Орта Азия мен ерте ортағасырлық бүкіл араб мұсылмандық шығыстың көрнекті ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби ұлы философ қана емес - шығыс перипатетизмінің бағытын негіздеген энциклопедист, сонымен бірге ол сол кезеңнің философиялық ойлары үшін оның шығармаларына тән негізгі проблемаларды бейнелейтін және дамытқан ойшыл болды.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің бірқатар еңбектері соңғы жылдары араб тілінен орыс тіліне басылғанмен, әлі де ғылыми қоғамдастықтың қолына жете бермейтін және қазіргі тілдерге аударылмаған көптеген шығармалары бар. Біздің ойымызша, әлемнің түрлі мәдени орталықтарында сақталған ерекше, қол жетімді емес Әбу Насыр әл-Фарабидың шығармаларын зерттеу – бұл сол кезеңдегі философиялық ойдың белгісіз жақтарын ашатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: Орта Азия ойшылы, ғалым, философ – энциклопедист, «Екінші ұстаз», түркі мәдениеті, ғылым, математика, медицина, жаратылыстану, астрономия.

In Kazakhstan, questions of studying the heritage of al-Farabi were addressed in the second half of the 20th century. On October 15, 1960, academician Akzhan Mashanov (Mashani) wrote a letter to the president of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR - academician Kanysh Satpayev. His request was to support al-Farabi heritage research. In 1970, on the occasion of the 1100th anniversary of al-Farabi, international conferences on the heritage of al-Farabi were held in Almaty, Moscow and Baghdad. In 2020, on behalf of President Kassym-Zhomart Tokayev, the 1150th anniversary of Abu Nasr al-Farabi will be celebrated with a high organizational and substantive level.

Abu Nasr al-Farabi is one of the prominent thinkers of the medieval East, who had a huge impact on the development of science in the subsequent period. The philosophical views of Abu Nasr al-Farabi were formed, on one hand, under the influence of the historical environment in which he lived and acted, and on the other, the development of the scientific heritage of the past.

Summarizing the achievements of philosophical and historical thought of the people of Central Asia and Kazakhstan, as well as India and Iran and other countries of the East, making extensive use of the philosophical and historical teachings of ancient Greece, Abu Nasr al-Farabi created a single holistic system in which almost all the problems of medieval philosophy, history and sociology were reflected. It was Abu Nasr al-Farabi who for the first time in the Middle Ages developed the doctrine of social development, which played a huge role in the subsequent development of philosophical thought. He painted the society of the future as just, in which freedom,

universal equality, mutual respect, complete well-being will reign. It is characteristic that he saw the only way to this society not in keeping the commandments of God, but in the science of knowledge.

He managed to create a huge number of works related to philosophy, logic, medicine, music, mathematics, astronomy, physics. His classical works gained wide popularity in the East, and then in Europe.

Apparently, in his youth, al-Farabi left his hometown and visited all the major cities associated with Islam - Bukhara, Merv, Khorasan, Alexandria, Cairo, Damascus, and Baghdad. He spent many years of his life in Baghdad, which was a major political, cultural and religious center of the Arab Caliphate. Here he replenishes his knowledge by studying the works of the leaders of Beit al-Hikma (also known as the Baghdad Mamun Academy), translators of Greek authors, comes into contact with prominent scholars and after a certain time takes one of the main places among them due to his the power of thought and deep erudition. It was here that he was awarded the title "Muallim Assana" - "Second Teacher". The title of "second" implied the presence of the "first", by which was meant Aristotle.

As the famous Kazakhstani historian N.P. Podushkin notes: "In the Muslim Central Asia of the 9th-12th centuries, a galaxy of remarkable philosophers and scholars grew up, which were not at that time in any other part of the world. This is the famous al-Farabi (870-950 years.) - A great connoisseur of philosophy, was named as the second Aristotle, and his work in mathematics, medicine, natural sciences, astronomy, are of great value today. His attitude to religion was ambivalent. He admitted that God is the creator of the universe, and at the same time noted the independence of natural processes and the materiality of the world. Highly setting the importance of the human mind, he notes that only the mind determines what is good and what is bad" [1].

As L. Dobrota notes: "The most valuable achievements of the Arab, Persian, Greek, Indian and their own Turkic culture are concentrated in the treatises of Farabi. His desire to systematize knowledge was reflected in the treatise "The Word on the Classification of Sciences", "The Big Book of Music" is filled with echoes of the culture of the nomads of his native land. Back in the 11th century, the scientist's works were translated and studied in Europe by historians who call him not only a follower of Aristotle, but also a kind of bridge between ancient culture and the Renaissance" [2].

According to N.L. Seytakhmetova, "Al-Farabi's developed principles of logical and scientific communications, the foundations of the philosophy of education, dialogue philosophy, philosophy of music - all this is in line with the ideas of modern philosophy" [3].

Academician A.N. Nysanbaev notes: "Those humanistic ideas that were laid down in Al-Farabi's legacy should become an integral part of modern humanism and should be implemented in full and large-scale not only in democratic Kazakhstan, in the formation of our civil society, but also in world civilized community. In this I see an important guarantee of our future successes and optimistic hopes for living together in a big human house under the sign of solidarity, trust and consent" [4].

In our opinion, the assessments of academician A.N. Nysanbaev are quite objective and justified from the point of view of modern new conceptual approaches in the study of the most key problems of philosophy.

According to S.K. Satybekova, "Abu Nasr al-Farabi was an outstanding scholar and popularizer of ancient Greek philosophy in the modern scientific world, which he considered the highest step in the previous development of rational knowledge. Commenting on ancient Greek authors, which was an important, though far from basic, part of Farabi's scientific activity, was for him, as well as for a number of thinkers of his era, not only a means of disseminating ancient Greek science and philosophy, but mainly a way of expressing his views on this or that another issue. Farabi's comments should be considered as independent works in which, setting forth the teachings of the ancient Greeks, he develops his own analytical views on a specific issue. Farabi wrote comments on such works of Aristotle as "Categories", "Topic", "Metaphysics", "On the Soul", "Rhetoric" and others" [5].

Thus, in his many philosophical treatises, Farabi especially raises the question of the need for a systematic study of the rich philosophical heritage of Aristotle.

Indeed, Al-Farabi and Aristotle bring together common scientific interests and directions: the desire to understand the essence and significance of the philosophical category of being and the place of man in it.

For Farabi, philosophy is the highest kind of knowledge and, therefore, the best way to acquire virtues. Like Aristotle, who believed that the ability to teach is a sign of a person who knows, Farabi sees the task of philosophers in teaching people good, helping them to achieve happiness. He noted: "A society where people help each other in order to achieve happiness is a virtuous society. In the same way, the whole earth will become virtuous if the nations help each other to achieve happiness" [6].

In other words, for Farabi, philosophy is a kind of important tool for cognition, but knowledge is leading to happiness.

As Al-Farabi notes: "If people are not connected with each other by nature, but only need and external necessity unite them, that alienation of people would be natural. He regards this point of view as zoological individualism and calls it the bestial look. His deep conviction is that man is by nature a social being. The

connecting principle is humanity. Man belonged to those types of creatures that can achieve what is necessary, and in matters to achieve the highest perfection only through the union of people in one place of residence. Farabi stands for centralized government. He has the greatest chance of becoming a city of virtue through centralized management. Here children of all kinds of upbringing and origin are born. Therefore, he admits the possibility that over time, worthy people will grow in a collectivist city. He endows the head of a virtuous city with intelligence, great knowledge, love of truth, and courage exalted by the soul. Therefore, he does not agree with those who believe that cruelty, intimidation, and the use of wealth should be attributed to the integral features of a ruler. He says that a man is a product of lifelong development, a product of the environment, and does not come into the world with innate ideas. The environment creates people. And the environment itself is created by the state, ideas, opinions of the ruler, all these provisions depend on the moral purposefulness, ideological mood of the head of state" [7].

In our opinion, this is clearly seen in the example of the Leader of the Nation of the 21st Century, a major strategist of the World scale N.A. Nazarbayev.

As Farabi emphasizes: "In his ideal state, he divided people like Plato on a professional basis into estates. The upper class is made up of people of practical wisdom, that is, philosophers because, because of their wisdom, they are the happiest people and as a result of this they know any action by which happiness can be achieved. Philosophers can show other people the path to happiness, therefore, they are necessary for society as leaders of the city. The second, contributing to the achievement of happiness by the state, are ministers of religion, speakers, poets, musicians, the third, as Farabi calls them, are "meters", that is, mathematicians, doctors, astronomers, the fourth are military people, and the fifth are rich people who provide wealth in the city" [8].

In other words, in an ideal state, a person's social position does not depend on wealth, but on knowledge. Defending this concept, Farabi harshly criticized those who believed that money was the main condition for the well-being of the city.

Al-Farabi made an important contribution to the science of language. He noted: "The science of language as a whole consists of two parts. The first of them: memorizing the words witnessed by any people, and knowing what each of them means. Second: the knowledge, with these words, of the governing words in the language of each nation in their meaning are of two types simple and complex" [9].

Thus, in conclusion of the article, I would like to note that Al - Farabi is a progressive and original thinker - an encyclopedist of the medieval East, one of the educated people of his time. Having thoroughly studied the works of ancient Greek and Arab philosophers, he wrote comments on Aristotle's *Metaphysics*, which subsequently received worldwide recognition and was widely used in leading countries of both Western and Eastern Europe.

References:

1. Podushkin N.P. *Science and culture of the peoples of Central Asia in the 9th - 12th centuries // South Kazakhstan, November 24, 2008, No. 143.*
2. Kindness L. *The Thinker from Otrar // Kazakhstanskaya Pravda October 12, 2010*
3. Seytakhmetova N.L. *Al-Farabi in modern philosophical discourse // Kazakh civilization No. 3. 2009. P. 48.*
4. Nysanbaev A.N. *The legacy of Al-Farabi as a historical prerequisite for modern intercultural dialogue // Kazakh civilization No. 3 2009. P.12.*
5. Satybekova S.K. *Humanism Al-Farabi. – Alma-Ata, 1975. – P.35.*
6. *There. P. 98.*
7. *Al-Farabi Philosophical treatises. – Alma - Ata, 1972. – P. 150.*
8. Satybekova S.K. *Humanism Al-Farabi. – Alma-Ata, 1975. – P. 128.*
9. *Al-Farabi Philosophical treatises. – Alma-Ata, 1972. – P. 156.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Подушкин н.п. ix - XII ғғ. Орталық Азия халықтарының ғылымы мен мәдениеті // Оңтүстік Қазақстан, 24 қараша 2008 ж., № 143.
2. Отырар ойшылы Л. Доброта // Казахстанская правда 12 қазан 2010 жыл
3. Сейтахметова Н.Л. Әл-Фараби қазіргі философиялық дискурста // Қазақ өркениеті № 3. 2009. Б.48.
4. Нысанбаев а.н. Әл-Фараби мұрасы қазіргі мәдениетаралық диалогтың Тарихи алғышарты ретінде // Қазақстан өркениеті № 3 2009.12 б.
5. Сатыбекова С. К. Гуманизм Аль-Фараби. – Алма-Ата, 1975. – Б. 35.
6. Сол жерде. 98 б.
7. Әл-Фарабидің Философиялық трактаттары. – Алма - Ата, 1972. – Б.150.
8. Сатыбекова С. К. Гуманизм Аль-Фараби. – Алма-Ата, 1975. – Б.128.
9. Әл-Фарабидің Философиялық трактаттары. – Алма-Ата, 1972. – Б.156.

ӘОЖ 574
FTAMP 03.20.00

С.О. Смағұлова¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы,
Алматы қ., Қазақстан

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАҒАЛАНУЫ (Ақынның 175 жылдық мерейтойына орай)

Аңдатпа

Ұлы ақын Абай патша заманында өмір сүріп, сол қоғамның өміріне белсене араласты. Болыстық қызмет те атқарып, түрлі даулы мәселелерді шешуге қатысты. Жер аударылған орыстың социал-демократтарымен тығыз араласып, Европа елдерінің классикалық шығармаларымен, ежелгі және жаңа кезеңнің философтарының еңбектерімен жете танысты. Оның шығармашылығы жасөспірімдерді қазақ халқына қызмет етуге дем берді, ұлт мәдениеті арқылы олардың оқуға, білімге деген рухын қолдады.

Мақалада Абай еңбектерінің қазақ зиялылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Мәрсеков, Ж.Аймауытов және М.Әуезов тарапынан бағалану барысы қарастырылады. Абай өлеңдерінің мәндік-мағыналық маңызы ашылады. Ақынның саналы, білімді, иманды, әділді ұрпақты тәрбиелеудегі философиялық ой-толғамдары сараланады.

Түйін сөздер: ақын поэзиясы, ата-баба, орыс демократтары, Европа классиктері, ұлт зиялылары, аудармалар, әндер, бағалану, тәлім-тәрбие, реалист.

Смағұлова С.О.¹

¹доктор исторических наук, профессор факультета Истории, археологии и этнологии
КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА ТВОРЧЕСТВА АБАЯ (К 175-летию юбилею поэта)

Аннотация

Великий поэт Абай жил в период царского правления и принимал активное участие в общественной жизни казахов. Он был волостным управителем и решал различные конфликтные проблемы. Абай тесно общался с ссыльными русскими социал-демократами, был знаком классическими произведениями европейских авторов и основательно изучал труды философов древнего и Нового времени. Произведения его воодушевляли молодое поколение казахов на служение своему народу, поддерживал в нем стремление к просвещению, знаниям, к развитию наций через культуру.

В статье рассматривается вопрос как оценивали творчество Абая представители казахской интеллигенции А.Бокейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Марсеков, Ж.Аймауытов и М.Ауэзов. Раскрывается смысл и значение стихов Абая. Анализируются философские идеи поэта, направленные на воспитание сознательного, образованного, нравственного и справедливого поколения.

Ключевые слова: поэзия поэта, предки, русские демократы, европейские классики, национальная интеллигенция, переводы, песни, оценивание, воспитание, реалист.

S.O. Smagulova¹

¹doctor of Historical Sciences, Professor of the Al-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, Tarih,
Arkeoloji ve Etnoloji Fakültesi, Almatı/Kazakistan

ABAY'S WORKS EVALUATION (To the 175th anniversary of the poet)

Abstrac

The great poet Abay lived during the reign of the tsarism of Russia and took an active part in society. He served as a volost governor and participated in various conflict issues. He closely communicated with the exiled

Russian Social Democrats, was familiar with the classical works of European countries and thoroughly studied the works of the philosophers of antiquity and the Modern period. His works inspired the young generation of Kazakhs to serve their people, supported in him the desire for enlightenment, knowledge, and the development of nations through culture.

The article considers how the work of Abay by the Kazakh intelligentsia A. Bokeikhan, A. Baitursynov, M. Dulatov, R. Marsekov Zh. Aymautov and M. Auezov is evaluated. The meaning and significance of the verses of Abay are revealed. The philosophical ideas of the poet in the education of a conscious, educated, moral and fair generation are analyzed.

Keywords: poetry of the poet, ancestors, Russian democrats, classics of Europe, national intellectuals, translations, songs, evaluation, education, realist.

Ақын, ағартушы, композитор, философ, жазба қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына биылғы жылы 175 жыл толып отыр. Ол өмірге келген кезде Ресей мемлекеті қазақ жеріне ешпен кіріп, бекіністер салып, отарлау саясатын жүргізе бастаған болатын. Арғы атасы Ырғызбай ірі палуан болған, дау-дамайды шешуге, билік айтуға қатысқан. А. Байтұрсынов Ырғызбай туралы «Қазақ» газетіне жариялаған мақаласында: «Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қол басы, батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп, ауып келіп, Шыңғыстау малға жайлы деп қоныс еткен екен» десе, ал атасы Өскенбай жайлы «Кіші атасы Өскенбай би халық арасында әділ би атанған. Өз елі түгіл басқа алыстағы елдерде араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітіседі екен», - деп келтіреді [1].

Өскенбай халық арасында беделі-атағы зор адам болып, әділ билік айтқан. Осы Өскенбайдың әйелі Зереден әкесі Құнанбай туады. Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжаннан Ибраһим (Абай) дүниеге келеді. Құнанбай да жұртты аузына қаратқан қазақтың бас адамдарының бірі, сұлтан болса, ал Ұлжан Қарқаралы уезіндегі Едірей, Мыржық деген жердегі Бошан руынан, Бергас бидің тұқымынан екен [1]. Ұлжан кең, сабырлы, мықты мінезді кісі екен, тауып айтқыш қалжыңшылдығы да болған, бірақ тартымды мінезді дағды қылып, бойын салмақты ұстаған.

Абай жеті жасқа келгенде әкесі Құнанбай Қарқаралы округіне сұлтан болып тағайындалады. Алғашқы білімді Абай ауыл молдасынан алады. Он жасқа келгенде әкесі Семейге әкеліп, бастапқыда татар имамы Ғабдұлжаппардың медресесіне, одан кейін молла Ахмет Ризаның діни медресесіне береді. Шәкірттер медресенің ішінде тұрып оқыды. Оқу орнының өз жарғысы, қатаң тәртібі болды [2, 10 б.].

Сабақтар араб, парсы тілдерінде жүргізіліп, Фирдауси, Низами, Науаи, Фзули, Хафиз, Сағидің өлеңдерін оқыды. Абайдың гуманист, ойшыл болуына Шығыс мәдениетінің маңызы зор. Ол түркі ойшылдардың шығармаларын ғана емес, Еуропа философтарының да ой-толғамдарын таныс болып, өзі де өлең жаза бастады. Медреседе оқып жүріп, ол орыс мектебіне де түсіп, орысша үйренуге бет бұрады. Алайда толықтай оқи алмады. Себебі, әкесі оны 13 жасқа толған соң ел билеу жұмысына араластыру мақсатында оқудан шығарып алады. Сөйтіп, тапқыр, таланты, ширақ Абай еріксіз әкенің әмірімен елге қайтып оралады. Дегенмен медреседегі оқу барысында ол көп нәрсеге үйренеді.

Құнанбай Абайды болыстық қызметке баулып, түрлі даулы мәселелерді шешуге бірте-бірте үйрете бастайды. Сөйтіп ол ел ішіндегі бітіспес керіс-тартыстың, шексіз айла-сұмдықтың ортасына түседі. Дегенмен, ру жігін қоздырып, ру мен ру арасындағы күрес тудырушылардың ортасында жүріп тапқырлықпен сөйлеуге үйренеді. Әр даулы істің орынды шешім табуына бар ниетімен кірісті. Абайдың орақ тілді, шешен, сөз тапқыш қасиеті халыққа жақты. Одан ақыл сұрады, кеңесті. Әкесінің әмірімен ру арасындағы кейбір қырқыс-жанжалдардың зорлықпен қарастырылуына, қаталдығына наразы болды. Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман бұрынғыдай болса Абай Алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Білімнен би болып, жұрт билейтін заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған. Жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. Білімнен мал артық болушы ма еді деп Абай жұрттың онысына көнбей таласқан. Сөйтіп партия алаңына кіріп кеткен. Өнер, білімін партия ісіне салған. Білімнің қызығын жалғыз ғана тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлки сол күймен өліп те кетуі ықтимал еді», - деп жазуы да осыдан [1].

XIX ғасырдың 70-жылдары жергілікті орыс әкімшілігінің қазақ халқына істеп жатқан әккі саясатын көріп, қарсы күресуге бел буып, болыстыққа түсіп, Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Ол халықтың сөзін сөйлеп, намысын жоқтады. Әділдікті жақтаған, зорлық-зомбылық көрсетіп, халыққа тісін батырған би-сұлтандарға қарсы шығып, арашашы болуға тырысады. Жағымпаздарды, партия болып пайда таппақ

болғандарды сынға алып, олардың әрекеттеріне тосқауыл болады. Оның әрекетіне қарсылық білдіргендер үсінен бірнеше рет жалған арыз ұйымдастырады. Сөйтіп, Абайдың беделін түсіруге, жұрттан жырақ бөлектеуге тырысты. Бірақ бұл әрекеттері орындалмады, керісінше ақынның ақыл-кеңесін іздеп келушілердің қатары көбейе түсті.

Абайға қарсы жазылған әр арыздың ақ-қарасын тексерумен көтерілген іс он жылға созылып, оның 3-4 айлап Семейде жатуына тура келді. Осыдан кейін Абай биліктен іргесін бөлек салып, обзырлық, күншілдікпен басқаша күресу керектігін іздейді. Қалада жатқан кезінде саяси қызметі үшін жер аударылған орыс демократтары Е.П. Михаэлис, С.С. Гросс, Дуров, Чернышевский, Н.И. Долгополов, А.А. Леонтьевтермен танысады.

Е.Михаэлистың көмегімен жалған жалалардан ақталып, оған қатысты іс 1884 жылдың тамызының соңында тоқтатылады. Оның ұсынысымен классикалық кітаптарға ден қояды. Философиялық, тарихи, көрем әдеби шығармаларды оқиды. «Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис» деуі де осыдан.

1886 жылы Е.П. Михаэлистің ұсынысымен 1878 жылы құрылған Семей облыстық статистикалық комитеттің толық мүшесі болып сайланады. Жұртшылықтың көмегімен ашылған кітапхана мен санақ комитеті Абай өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Санақ комитеті көптеген ғылыми зерттеулер жүргізді. Комитет мүшелерінің көпшілігі Ресейдің билік құрылысына наразы болып, жер аударылып келген орыс демократтары болатын. Осы санақ комитеті қазақ елінің жерін, шаруашылығын, этнографиясын зерттеуде көп жұмыс істеді.

Абайды білімге, ғылымға рухтандырған Семей кітапханасы болатын. Осы кітапханадан Крылов, Лермонтов, Пушкин, Салтыков-Шедрин, Толстойдың шығармаларын оқып, Белинскийдің, Н.Г. Чернышевскийдің, Добролюбовтың демократиялық ой-пікірлерімен танысты [3, 70 б.]. Сонымен қатар шетелдік Спенсер, Милль, Тэн, Дрепердің кітаптарын оқиды. Бұл еңбектер Абайдың дүниетанымына үлкен әсер етті. Сөйтіп, орыстың, батыстың мәдениетін, мұраларын үйренуге бой бұрып, солардың шығармаларын насихаттады.

1886 жылдан бастап ол Пушкиннің, Лермонтов, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударып бастайды. М. Әуезов бұл жайында: «Абайдың көп көңіл бөліп, тырысып аударуларына қарағанда, ол Крылов мысалдарын зор бағалаған. ... Орыс классиктерінің ішінде Абайға үлгі беріп, үлкен ұстаздық еткен ақынның ең үлкені – Пушкин. Пушкиннің үлкен шығармасын («Евгений Онегин») Абай өз тұсындағы қазақ оқушысына өз елегінен өткізіп, өзінше қорытынды жасап, өзі ойлаған түрдегі бір үлгі етіп ұсынбақ болады». Ақынның Татьяна – Онегин хаттарына арнап ән шығаруы және халықтың ортасына таратуын Пушкиннің аты мен шығармашылығын аса зор бағалауынан дейді [4, 12-14 бб.].

Ақын М.Лермонтовтан «Дұға», «Бородино», «Теректің сыйы», «Ал, сенейін, сенейін», «Тұтқындағы батыр», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Махаббат, достық қылуға», «Ой», «Қанжар», «Альбомға», «Қасиетті дұға» және т.б., И.Гетеден «Қараңғы түнде тау қалғып», Я.Полоновскийден «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы», И.Крыловтан «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Емен мен шілік». «Қазаға ұрынған қара шекпен», «есек пен бұлбұл». «Қарға мен түлкі», «Бақа мен өгіз», «Әншілер» және т.б., А.Мицкевичтен «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И. Буниннен «Қорқытпа мені дауылдан» және белгісіз автордың «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» сияқты өлеңдерін аударды.

Абай алғашқы өлеңін 1855 жылы жазған. «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деп басталатын өлеңінен кейін «Иран, Шағатай ақындарынша», «Фзули, Шәмси, Сәйхали» сияқты 1858-1859 жылдары медресеге оқып жүрген кезінде дүниеге келген өлеңдері. Соңғысы араб, парсы, түрік, шағатай тілдеріне сүйеніп, ақындардың аруағына сыйына тиіп-қашып, анда-санда бір жазса, 80-ші жылдардың ортасынан бастап шындап кіріседі.

М.Әуезов 1889 жылды Абай шығармашылығының шарықтаған ең өнімді, ең жемісті кезеңіне жатқызады. Оның айтуынша, 1886 жылдан 1889 жылға дейін өзі жазғаны бар, орысшадан аударғаны бар, көп өлең жазылды [4, 56-б.].

Европа елдерінің классикалық шығармаларымен танысқан Абай шығармашылығында зор өзгерістер болды. Жас кезінде күлкілі, қалжың, ғашықтық өлеңдер жазса, енді оның шығармашылығында өмірге философиялық көзқараспен қарап, мәні бар, тұрмыс шындығына жақын сыншыл өлеңдер туындады.

М.Әуезовтың айтуынша, ақынның шығармашылығына адамзаттық мәдениеттің үш дерегі әсер еткен. Оның бірі – халықтың даналығымен жасалған, өткен заманнан жұрт аузында және жазбалай түрде сақталған ескі қазақ әдебиеті. Абайдың шығармалары осы баға жетпес қазынаның байлықтарымен толықты.

Екінші дерек – шығыс мәдениетінің таңдаулы үлгілері, араб, иран және түріктің классикалық поэзиясы. Үшінші дерек – орыс (ол арқылы Европа) мәдениеті. Абайдың заманында орыс гуманистері мен классиктері шығармаларын пайдалану маңызды болды [4, 94 б.].

Ахмет Абайдың жазған өлеңдеріне мынадай тұжырымдама жасаған: *«Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған. Сол сөздерінің бәрінде де Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен өздік артықтығы һәр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешиендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толықтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, һәр нәрсенің бар қалпын, сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген. ... тайсақтап тартынбай, хақиқатты хақиқат қалпында, тереңді терең қалпында жазған»* [5].

Абайдың өлеңдерінің басымы қазақ ауылының тұрмысына, өмір тауқыметіне арналды. Табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерін қазақтың көшпелі тұрмысымен, әлеуметтік өмірімен байланыстыра көрсетеді. Оның қазақ ауылындағы тұрмыс жағдайы «Жаз», «Жазғытұры», «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», атты өлеңдерінде айқын сипатталады. Табиғат пен халық өмірін салыстыра бейнелеген бұл өлеңдері философиялық мәнге толы.

Абай ағартушылық бағытты қалады. Балалардың оқу-білімге қарай бой бұруына бар күш-жігерін салды. Парақорлық, надандық, арамтамақтық сияқты қазақты кері тартатын жаман қасиеттердің барлығына оқу-білім қарсы тұратындығын өлеңдерімен өрнектеді. Оқуды орыстан үйренуге, орыс әдебиетіндегі ағартушылық, патриоттық идеяларды бойға сіңіруге шақырды. Өз балаларын орыс мектептеріне беріп, оқытуының себебі орыс ғылымын, білімін үйренсін дегеннен туындаған.

«Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» өлеңдері арқылы жас буынға ой салды. Бұл екі өлеңнің идеясы да адам болып, білім алып, ғылымға бет бұру. Ғылым болудың басты шарты – не нәрсе болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін нақтылап, мейлінше дәлелдетіп, шегелеп айтады [6, 195 б.].

Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» өлеңінде оқу-білімге деген үгіт-насихат жоқ, керісінше өкінішке толы. Дер кезінде білімнің нәрімен сусындамай, ғылымнан кеш қалып, көп нәрседен мақұрым болғандығына күйіну бар. Өзінің қолы жетпеген ғылымға жастар жетсе деп, надандық, теріс, кертартпа ықпалға қарсы шығып, еңбексүйгіштік, кішіпейілділік, мейірімділік сияқты өнегелі қасиеттерге ие болып, талаптанып алға ұмтылғандығын насихаттағандығын аңғарамыз. Оның «Әсемпаз болма әрнеге» дейтін өлеңінде қайрат пен ақылды айрықша қасиет ретінде бөліп көрсетіп, оған жету үшін адамгершілікті алға қоюдың маңыздылығын көтереді.

А.Құнанбаевтың өлеңдерінде өмірдің әрбір кезеңіне мән беру, мағынасын түсіну, дүниені құрметтеу, сезу басым. Босқа ас ішіп, күнін өткізудің адасқандыққа жатқызады. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген өлеңінде осы жағдайды сынға алады. Бұл өлең арқылы ел үстінен күн көріп, ел қыдырып, бос сандалыс жасамай, адал еңбек етіп, мал таппай өмір сүруіндің маңыздылығын көрсетеді.

Ғашықтық, сезім, жүрек сырына, махаббат тебіренісіне арналған лирикалық өлеңдері де әсершілдігімен ерекшеленеді. Оның «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол» «Мен сәлем жазамын», «Қор болдың жаным», «Сен мені не етесің?» және түб. өлеңдері сыр-сипаты жағынан өзгешеленгенімен де, сағыныш сезімге, махаббатқа толы. Бұл өлеңдерде сезім де, сүйіспеншілік те, зар да, мұң да бар. Мұнда жігіт пен қыз арасындағы ғашықтық, ғашығын сарғая күткен жігіт, жалынды жүрек, сағыныш сезімі де кездеседі.

Абай тарихи тақырыптарға да жазған. Оның «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт» поэмалары тарихи тұлғаларға арналды. Үш поэма да аңыздың негізінде жазылған.

Қазақ зиялылары Ж.Аймауытов пен М.Әуезов жазбақшы, Абайдың өлеңінде шаншып алма ащы тіл, ызалы күлкі, кекесін де бар. Ал қара сөздерінде терең ой салатын адамшылық, дін, халықтың мінезі, фәлсафалық қуаты бар [7, 122-123 бб.]. Ағартушының өлеңінде қазақ этнографиясы, фольклоры да кездеседі.

Абай тек ақын ғана емес, қазақ халқының саз-әуендерін терең түсінген музыкант та болды. Оның «Сегізаяқ», «Алтыаяқ», «Көзімнің қарасы», сонымен қатар Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалқып», Пушкиннен аударған «Гатьянаның әнінен», «Бойы бұлғаң» және т.б. туындаған әндері сол кездің өзінде күллі қазақ даласына тарады. Оның әндерінде адам өмірінің мән-мағынасын терең бейнеленді. М.Төлебаев, М.Қойшыбаев, Ә.Еспаев, С.Кәрімбаевтар «Қалқам-ай мен үндемей жүремін көп», «Мен сәлем жазамын», «Ғылым таппай мақтанба» сияқты оннан аса Абай өлеңдеріне ән жазды.

Абайдың қырық бес философиялық негіздегі «қарасөздерінің» танымдық-тәрбиелік маңызы зор. Бұрын «ғақлия-тастихат» деп аталған. Ол әр тақырыпты сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы әңгіме сияқты өрбітеді. Тыңдаушысының көңіліне қонымды, ұғынықты, жағымды болу жағын қарастырады. Адам бойында кездесетін жағымды, жағымсыз қасиеттерді салыстырмалы түрде қарастырады. Бір тақырыпты тереңдете қарастырып, өрбіте отырып, үгіт-өсиет ретінде өзі жауап береді. Қарасөздер тақырыбы жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады.

Қарасөздерде ащы сын да бар, насихат та жеткілікті, ақыл-нақыл, өсиетті сөздер де орын алған, ой саларлықтай пайымдаулар да кездеседі. Қарасөздерді оқи отырып, бойындағы кемшілікті түзетуге нұсқайтын немесе өнеге алатын ғибратты ақыл сөздерді табу қиын емес. Абай тыңдаушының көңіліне қонымды болуын сөздері мен ойларын мысал ретінде көрсетеді.

Бұл қарасөздердегі әділетшілдік, турашылдық, шыншылдық, жағымпаздық, мансапқорлық, мақтаншақтық, құмарлық, еріншектік, арамтамақтық сияқты адамды ойландырып, жауап іздететіндей тақырыптар әр уақыттарда маңызын арттырмаса, жойған жоқ деуге болады. Себебі, оның қарасөздері тек жастарға ғана емес, барлық жастағыларға арналады. Оның бірінші қарасөзінде не үшін жазуға кіріскендігін айтса, ал екінші қарасөзде түрлі халықтарды салыстыра отырып, қазақтың өзімшілдігін мысқылдау да бар. Сонымен бірге олардың әрқайсысында өз ерекшелігі барлығын еңбектеріне қарай бөліп көрсетеді. Қарасөздері адамды еңбек етуге шақырады, өнер, білім, ғылымды іздеуге жол салады. Мұнда шешендік сөздер, мақал-мәтелдер басым.

Ұлы ақынның көзі тірісінде-ақ оның шығармашылық мүмкіндігін өте жоғары бағалап, Ресей географиялық қоғамы шығарған кітапқа енгізу арқылы атын жарты әлемге әйгілі қылған аса көрнекті қоғам қайраткері, сол кездегі зиялы қауым өкілдерінің көш басшысы Әлихан Бөкейхан. Ол орыстың зерттеуші-ғалымдары, орыстың географиялық қоғамының мүшелері А.Н. Седельников, Л.П. Осиповалармен бірлесе Санкт-Петербурда 1903 жылы жарық көрген көп томды «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» кітабының 18 томын жазуға қатысып, қазақ тарихына, тұрмыс-тіршілігіне, географиялық жағдайларына тоқталған еді. «Қазақ өлкесі» (Киргизский край) деп аталған осы кітаптың «Тұрғындары» (Население) деген екінші бөліміндегі қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, мәдениетін, салт-дәстүрін жазу Әлекене тікелей байланысты деуге болады. Осы бөлімде қазақтың рухани мәдениеті мен өміріне тоқталған кезде Абайдың ақындығын ерекше атап, оның поэзияда алатын орнын өте дәл көрсетеді. «Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунаубаева (кітапта «Кнамбая» деп жансақ басылып кеткен – С.С.) (Семипалатинскому) – автора многих стихотворений, изящных по формам и поэтических по содержанию», - деп жаза келе, Абайдың А.Пушкиннің «Евгений Онегинін», М.Лермонтовтың өлеңдерін қазақтар үшін тәржімалағанын, ол аударған «Татьянаның хаты» әні қазақ арасында кеңінен танымал екендігін атап өтеді. Әлихан Бөкейханның бұл жердегі зор еңбегі – басқа зерттеушілермен бірге қазақ поэзиясын, әсіресе, Абай есімін орыс халқының оқырман қауымына танытқандығында [8, 204 б.].

Әлихан Бөкейхан өз еңбегінде Абайдың ақындығын, саясаткерлігін, қазақ қоғамы арасындағы зор беделін баса айтады. Абай дүниеден қайтқаннан кейінгі жазған мақаласында: *«К 20 годам своей жизни Абай стяжал славу первого оратора (чечень), первого знатока народной жизние юридических обычаев, знал на память многочисленные решения разнообразных дел знаменитыми бия-киргизской степи, и благодаря своим стараниями и необычайнойсвоей памяти, пердставлял ходячий сборник народных преданий, пословиц, сказок и афоризмов, созданных мудрецами киргизской степи»*, - деп жазады. Сондай-ақ Абайдың парсы, араб тілдерін өздігінен үйреніп, еркін оқығанын атап өтеді. Бұл азалы мақала 1905 жылы Семей қаласында орыс тілінде шығып тұрған «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған еді. Ал 1907 жылы осы мақала Семейде шығарылған «Записки Семипалатинского Западно-Сибирского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» кітабында басылды.

Әлихан Абайдың өмірін, шығармашылығын қоғамға кеңінен таныстыруға тырысты. Оның адамгершілік, тәрбиелік, имандылық бағыттағы өлеңдерін қазақ жұртшылығына насихаттайды. Абай өлеңдерін топтастырып, жинақ болып басылып шығуына ат салысады.

1915 жылы «Қазақ» газетінің 105 санында жарияланған «Кәкітай» деген мақаласында деген мақаласында: «1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басындар деп, балаларына хат жаздым. 1905 жылы Кәкітай Абайдың қолжазба кітабын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын біздің «Қазақтың» оқушылары біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұмадай жатты. Абай, Пушкин, Лермантов сөздерін бірге оқып, мез-мәйрам болдық. Анық таныстық», - дейді [9].

1906 жылы Әлихан Нұрмұхамедұлын Керекуден Семейге келе жатқанда патша өкіметі полициясы саяси сенімсіз деген желеумен тұтқындайды. Бұл жөнінде де Әлихан жаңағы мақаласында: «Январь басында 1906-ншы жылы Керекуден Семейге баруға шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген», - деп жазады. Осы кезде Әлиханмен бірге Кәкітайдың өзі де болған екен. Тұтқындалған кезде оның қол сөмкесінен кітап болып басылуға әзірленген Абай өлеңдерінің жинақталған қолжазбасы шыққан [10, 58 б.].

Абайдың кітабын өзі толық мүше болған Семей географиялық қоғамы шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханның Абайдың «Тәржіма хал» кітабын кешікпей шығаратындығы айтқан еді. Бірақ тез шықпай, тек 1909 жылы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев оның әдеби мұраларын жинақтап, Петербордағы И.Бораганскийдің баспаханасынан жеке кітап ретінде шығарды. Дегенмен Абайдың кітабы көзі тірісінде шықпауының себебін ұлт зиялысы А.Байтұрсынов Омбыға барған Міржақыпқа былай деген екен: *«Естуімше Абай өзі өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға һешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесем»*. Алайда Ахметке Абайды көру жазбады. Оның өмірі күзге жетпей, 23 маусымда үзілді.

Негізінде Абай дүниеден қайтқан соң оның өмірі мен қызметі, шығармашылығын зерттеуді ұлт зиялылары, азаматтары қолға алып, мерзімді баспасөздер арқылы ғылыми мақалалар жариялай бастаған еді. Олар ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын саралап көрсетуге тырысты. 1908 жылы татардың «Вақыт» (Уақыт) газетіне «Ибраһим ибн Құнанбаев» деген мақала басылып, онда Абайды «Ғылымсыз қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті» деп, оның өлеңдерінің Лермонтовпен үндестігін көрсетті [7, 102-б.].

Ә.Бөкейханның Абай өміріне байланысты жазылған ғұмырнамасын кезінде Абайдың дүниеден көшкенінің он жылдығына арналған, 1914 жылғы 26 қаңтарда Семейде өткізілген этнографиялық әдеби-музыкалық кеште ерлі-зайыпты мұғалімдер Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар пайдаланған. Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты баяндаманы орыс тілінде Нәзипа Құлжанова жасап, ақынның арғы атасы, оның Еуропа оқымыстыларының кітаптарын оқып, көңіліне тоқығандығын, орыстың А.Пушкин, М.Лермонтов, Л.Толстой сияқты ақындарының өлеңдерін қазақша аударып, оның кейбіріне ән шығарғандығын да атап өтеді. Кеш барысында әуелі Татьянаның жазған хатын Абайдың өзінің шығарған күйімен айтылған. Бұл ән мұңды, нәзік, өзі жай салатын әуезбен айтылады екен. Мұнан кейін «Жігіт ғашығы» мен «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген күйлер де орындалған екен [11].

Абайдың қазақ қоғамындағы алатын орнына баға берген – Ахмет Байтұрсынов. Ақынның өмірі мен өлеңдерін дүйім қазаққа өзі шығарған «Қазақ» газеті арқылы таныстыруды, насихаттауды қолға алды. Басылымның 1913 жылғы 39, 40, 43 сандарында оның «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы жарық көрді.

Ұлы Абайдың ақындық шеберлігін, ішкі қуатын болымысын А.Байтұрсынұлы: *«Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрыңғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, хатта жоқ деп айтса да боларлық. Абайдың сөзі замандағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық»*, - деп аса жоғары бағалаған. А.Байтұрсынов Абайдың өлеңімен 1903 жылдан таныс блдған екен. Сол жылы оның қолына ақынның сөздері жазылған дәптері түсіп, оқығанда мағынасы терең, ой тастарлық күй бергендігіне тамсанған екен. Оның пікірінше, ақын не нәрсе жазса да түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін біліп жазған. Абайдың қандай болғандығын көрмесек те, көргендердің айтуымен білген [1].

Өскенбай халық арасында беделі-атағы зор адам болып, әділ билік Ахмет Байтұрсынов Абайдың білім алуы мен ел басқару ісіне араласу барысына тоқталады. Оның Михаэлиспен, Гросспен арасындағы байланысын да ашады.

Ахмет Абайды сыншыл ақын ретінде суреттейді. Ақынның өлеңі шырайлы, ажарлы, ұнамды, орынды, мағыналы, маңызды болып, адамға ой салатындығын баса келтіреді. Ол Абайды сөзге шебер, шешен ретінде көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, білуге шақырады [12].

1914 жылы ақынның құрметіне Райымжан Мәрсековтың бастауымен Семейдің Заречная Слабодкасының қазақтары кітапхана ашу мәселесін көтеріп, Яхия қажыға барып, ақылдасқан екен [13]. Абай атындағы кітапхана ашу мәселесін Міржақып Дулатов та қолдаған. «Бір-екі ай мұнан бұрын Семей қаласында білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне қиатхана ашады деп естіп қуанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей

халқынан күтеміз. Өткен 26-ншы иаунарда Семей қаласында географшески обшество, ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен Абай құрметіне әдебиет кеші жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуге зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші қазақ әйелінің (Нәзипа ханым, Құлжанов жамағаты) майданға түсіп берген өрнегі еді», - деп, Абайдың шығармашылығын бағалаудың маңыздылығын одан әрі нақтылай түскен. «Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан-балаға, немереден-шөбереге үзілмей сақталуы тілейміз», - дейді.

Міржақып ақынның ұлылығын «Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз Абай», - деген байлам арқылы білдірген еді [14].

Міржақып Абай сынды ақынның қадірін білуге шақырды. Оның «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол» деуінен-ақ, ақынның сол заманның өзінде халық арасына кең танымал, әрі қадірлі болғандығын аңғару қиын емес. Ол халықтың Абайға деген құрметінің, махаббатының күннен-күнге артатындығына сенімді болды [15, 228-229 бб.].

1915 жылы 13 ақпанда Семейдегі саудагерлер клубында ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың аруханада жатқан қазақ жаралылар мен мұқтаж оқушыларға жәрдем ретінде өткізілген әдеби кешінде қазақ әдебиеті жайында қазақ зиялыларының бірі Райымжан Мәрсеков баяндама жасап, қазақ әдебиетін дәуірлеу сияқты күрделі мәселелерге батыл барып, ұлы Абайды әдебиет саласының саласының данышпаны, іргесін көтеруші деп бағалады [16, 25 б.].

Райымжан Абайды былайша бағалайды: «Қазақ әдебиеті көркейіп, көгеріп, түрленіп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды. Абай бұрын қазақта жоқ өлеңдерді білгізді, неше түрлі мақаммен таныстырды, сөздерін, ойларын жұртқа мирас қылып қалдырды» [17, 147-148 бб.].

Жастарға Абай өлең-жырларының мән-мағынасын түсіне оқудың қажеттігін баса айтады. Ол ақынның әр өлеңінде тәлім-тәрбие берерлік жағының басымдығын көрсете білді.

Жүсіпбек пен Мұхтар да 1918 жылы «Абай» журналына жариялаған «Абайдың өнері хәм қызметі» атты мақалаларында Абайды қазақ әдебиетіне жол салған ұлы ақын ретінде көрсетті. «Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыннан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір, ақындығы күшті болды – екі, өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен Абай һешкімнен үлгі алмай қазақ әдебиетінің бетін бұрып мүйіс шығарды, өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді», - дейді [7, 124 б.].

Абай қазақ әдебиетін даңғыл жолға, қазақ халқын мәдениет, өнер-білім жолына бастаған ұлы ақын. Оның өлеңдерінде ұлттық мән бар. Өмір шындығын осып өтеді. Адам баласын адамгершілік, адалдыққа баулыды. Оның қарасөздері тәлім-тәрбие аларлық тағылымға толы.

Абай реалист ақын. Көріп отырғанымыздай, оның өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралған. Поэмалары, қарасөздері идеялық жағынан құнды, әрбір сөзі шынайы. Шығармалары шындықтың бетін ашып, өмірді боямасыз беруге тырысқан. Абай Құнанбаевтың өлеңдері қарапайымдылығымен, шыншылдығымен, әуезділігімен, айқындылығымен құнды, бағалы. Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары да ақынның шығармаларында қазақ халқына ұлттық рух бере отырып, саналы, тәрбиелі, білімді, ғылымды, иманды, әділді, өз халқы жолында қызмет ететін ұрпақтың тәрбиеленіп шығуына үндегендігін философиялық ой-толғамдардың басымдығын нақтылап берді. Абайды қоғам сүйген, таза ақын, философ, қайраткерлігі жоғары, гуманист ағартушы тұлға екендігін растады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 А.Б. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – №39. – 23 ноябрь.
- 2 Сильченко М.С. Абай. Очерки жизни и творчества. – Алма – Ата, КазОГИЗ, 1945. – 112 с.
- 3 Абайдың өмірі мен творчествосы/Жизнь и творчество Абая. Сборник статей под. ред. М.Акинжанова и З.Ахметова. – Алма-Ата: Из-во АН КазССР, 1954. – 272 б.
- 4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 24 том. Мақалалар, зерттеулер, пьеса. 1943-1946. – 448 б.
- 5 А.Б. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – №43. – 22 декабрь.

6 Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.

7 Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өңд., толықт. 2-бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 б.

8 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – СПб., 1903. – Т. XVIII.

9 Әлихан. Кәкітай // Қазақ. – 1915. – 18 февраль. №105.

10 Сымағұлова С. Абай және Бөкейханов // Қазақ тарихы. – 1995. – №3.

11 Тіліші. Семейде әдебиет кеіі // Қазақ. – 1914. – 21 февраль. – №51.

12 А.Б. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – №43. – 22 декабрь.

13 Семей // Қазақ. – 1914. – 4 апрель. – №57.

14 М.Д. Абай // Қазақ. – 1914. – 23 июнь. – №67.

15 «Қазақ» газеті. 1914 жыл /Құраст.: С.О. Смағұлова, Ф.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 504 б.

16 Мәрсеков Р. Қазақ қайда бара жатыр? – Алматы: Издательство «Центр Азии», 2014. – 368 б.

17 «Қазақ» газеті. 1915 жыл /Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абиқова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 528 б.

References:

1 A. B. chief Kazakh poet // Kazakh. - 1913. - No. 39. - November 23.

2 Silchenko M. S. Abay. Essays about life and creativity. - Alma-Ata, Kazogiz, 1945. - 112 P.

3 Life and creativity of Abay/life and creativity of Abay. "I don't know," he said. Ed. The main purpose of the event: - Alma-Ata: from-Vo an Kazssr, 1954. - 272 P.

4 collection of works of M. Auezov in Fifty volumes. - Almaty: "era", "Zhibek Zholy", 2014. - volume 24. Articles, research, play. 1943-1946 – - 448 P.

5 A. B. chief Kazakh poet // Kazakh. – 1913. - No. 43. - December 22.

6 careful. The Encyclopedia. (General Ed. "I Don't Know," He Said. - Almaty: chief editorial office of the "Kazakh encyclopedia", publishing house "Atamura", 1995. – 720 p.

7 Myrzakhmetuly M. Abaytanu: Book 1. Background., full. 2-head. - Astana: "Interactiv Kazakhstan", 2014. – 432 P.

8 Russia. A full geographical description of our homeland. "No," I said., 1903-VOL. XVIII.

9 Alikhan. Kakitai // Kazakh. - 1915. - February 18. №105.

10 Simagulova S. Abay and Bukeikhanov // Kazakh tarikhy. – 1995. – №3.

11 correspondent. Evening of literature in Semey // Kazakh. - 1914. - February 21. – №51.

12 A. B. The chief Kazakh poet // Kazakh. – 1913. - No. 43. - December 22.

13 Semipalatinsk // Kazakh. - 1914. - 4 April. – №57.

14 M. D. Abay // Kazakh. – 1914. - June 23. – №67.

15 Kazakh newspaper. 1914 / comp. "I Don't Know," She Said. Almaty: arys publishing house, 2009. - 504 P.

16 Marsekov R. Where is the Kazakh going? - Almaty: publishing center of Asia, 2014. - 368 P.

17" Kazakh " newspaper. 1915 / comp. "I Don't Know," She Said. - Almaty: "Eltanym Publishing House", 2017. – 528 P.

ӘӨЖ 930 (092)

ГРНТИ 03.01.09

Г.Б. Қозғамбаева¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК ЖӘНЕ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

Аңдатпа

Ұлы тұлғалар болашақ ұрпақтың санасында, рухани өмірінде өзіндік орын алу үшін, олардың өмірбаяны мен қызметі туралы мағлұматтар мен зерттеулер маңызды. Осындай тұлғалардың ішінде әлем тарихынан ерекше орны бар - Түркия Республикасының тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік. Ол өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей із қалдырды. Ататүрік бүгінгі

Түркия Республикасының негізін қалаушы. Ол түрік елінің жерін басқыншы жаулардан тазалап, ішкі және сыртқы жаулармен күресіп, жаңа үлгіде мемлекет құрды.

Мақалада Ататүріктің республика құру жолында саяси әлеуметтік, экономикалық реформалар қабылдап, оны жүзеге асыру барысы қамтылған. Ататүрік тіл, латын әліпбиі, жалпы білім беру мәселесі бойынша Түркия Республикасында мектеп және жоғары оқу орындарын құрды. Ататүріктің өзінің тікелей бастамасымен көптеген мектептер және жоғары оқу орындары, факультеттері, ғылыми зерттеу институттары құрылады және бұл мекемелер әлі күнге дейін жұмыс істейді.

Әскери мамандық оның саяси ұстанымдарының қалыптасуына үлкен әсер етті. Ататүрік жаңа мемлекет құру барысында түрік халқының ішкі береке-бірлігін арттырумен, өзіне деген сенімін қалыптастыруға баса назар аударды. Ұлы тұлға - Мұстафа Кемаль Ататүрік өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей із қалдырды. Сондықтан болар ХХ ғасырдың аяғында халық оны «Ғасыр адамы» деп атады.

Түйін сөздер: республика, реформа, тарихи тұлға, әскери мамандық, мемлекет.

Козгамбаева Г.Б.¹

*¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

МУСТАФА КЕМАЛ АТАТЮРК И ТУРЕЦКАЯ РЕСПУБЛИКА

Аннотация

Необходимость в ознакомительном и исследовательском процессе изучения биографии и деятельности великих людей заключается в определении их места в сознании, духовной жизни будущих поколений. Одним из таких великих людей является первый президент Турецкой Республики Мустафа Кемаль Ататюрк. Огромный труд, проделанный за многие годы служения своему народу, не остался незамеченным и оставил незабываемый след о нем. Ататюрк является основателем современной Турецкой Республики. Он активно занимался вопросами защиты физических границ государства, предотвращая экспансионные настроения по отношению к территории тюрков, боролся с внутренними и внешними врагами, построил совершенно новое устройство Турецкой Республики.

В статье раскрывается процесс принятия и реализации Ататюрком политических, социальных, экономических реформ на пути создания республики. Ататюрк открыл школы и высшие учебные заведения в Турецкой Республике, специализирующиеся в вопросах лингвистики, латинского алфавита, общего образования и т.д., научно-исследовательские институты, функционирующие по сей день.

Воинская служба оказала большое влияние на формирование его политических позиций. Ататюрк при построении нового государства акцентировал внимание на повышении внутреннего благополучия тюркского народа, формировании уверенности в будущем государства. Великий человек - Мустафа Кемаль Ататюрк, служил самоотверженно своему народу, оставив неизгладимый след в истории страны. По этим и многим другим причинам, которые приведены в статье, турецкий народ именует своего первого Президента "человеком века" в конце прошлого столетия.

Ключевые слова: республика, реформа, историческая личность, военная специальность, государство.

Kozgambayeva G.B.¹

*¹al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru*

MUSTAFA KEMAL ATATURK AND TURKEY

Abstract

Biographies and studies of Great personalities are important for taking a special place in the spiritual life and in the minds of future generations. One such person is the first president of the Republic of Turkey, Mustafa Kemal Atatürk, who has his place in world history. He did a great job for his people and left an indelible mark on himself. Ataturk is the founder of modern Turkey. He cleared the lands of Turkish land from the invasion of enemies and fought against internal and external enemies with creating a new state.

The article describes Ataturk's vision of political and socio-economic reforms on the path to creating a republic. He created schools and universities in Turkey in the Ataturk language, the Latin alphabet, and general

education. Many schools and universities, faculties, research institutes created at Atatürk's own initiative are still functioning.

The military profession had a great influence on his political formation. Atatürk in the process of creating the country improved the well-being of the people and emphasized the importance of creating a sense of self-confidence. The great personality Mustafa Kemal Atatürk did a great job for his people and left a unforgettable mark. That is why at the end of the 20th century, people called him "Man of the Century".

Keywords: republic, reform, historicity, military occupation, state.

Кезінде бір тамырдан өсіп-өніп, кейіннен Сыр Ана сағасында енші алысқан бүгінгі түрік халқының тарихы тереңде.

Түркияның Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік 1933 жылы 29 қазанда тәуелсіз Түркия Республикасының келешегі туралы ой қорытты. «Бүгін Кеңес Одағы – досымыз, одақтасымыз. Алайда ертең не боларын бүгін кесіп ешкім айта алмайды. Дүние жаңа тепе-теңдікке ұласуы мүмкін. Міне сол кезде Түркия не істеу керектігін білуі тиіс. Бұл досымыздың қол астында тілі, діні, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қол ұшын созуға дайын болуымыз керек! Әзір болу – сол күнді үнсіз күту емес. Дайындалған жөн. Халықтар бұған қалай әзірленеді. Рухани көпірлерді ақтай отырып әзірленеді. Тіл – бір көпір... Сенім бір - көпір... Тарих - бір көпір Тамыр тегімізге оралып сан қилы оқиғалармен сөгілген тарихымызды түгендеуге тиістіміз!» деп айтқан [1,75 б.]. Тегі мен тілі бір, тілегі бір туыскандардың арасында қарым қатынасы, аралас - құраласы біраз жыл үзіліп қалса да, бірін - бірі ұмытқан жоқ. Арада қанша уақыт өтсе де, Ататүріктің сол заманда айтқан тарихымызды түгендеуге тиіспіз, деген асқақ ойлары бүгінде жүзеге асуда. Кеңес Одағы тараған соң, Қазақстан мен Түркия елдері кеңестік кезеңде үзіліп қалған байланыстарды жалғастырды. Қазақ халқы түрік халқымен тарихы мен мәдениеті тамырлас болғандықтан, уақыттың өзі бұл саланы қайта жаңғыру қажеттігін көрсетіп берді. Түрік халқының тарихына көз жіберсек, өз елінің теңдігі мен бостандығы үшін, халқының жарқын болашағы жолында күрес жүргізген тұлғалардың бірегейі - Мұстафа Кемаль Ататүрік. Ол өз халқын өркениетке сүйреген, ұлтының тағдырын ойлаушы ғасырда бір дүниеге келетін тарихи тұлға болды. Мақалада алға қойған басты мақсат: өз халқының тәуелсіздігі жолында күрес жүргізген Ататүріктің күрескерлік жолын тарихи тұрғыдан талдау жасау. Ататүріктің өмірі мен қоғамдық қызметіне байланысты ғылыми еңбектер, баспасөз беттеріндегі мақалалар, архив деректері негізінде жазылған еңбектер пайдаланылды.

Ататүрік – алты ғасырдан астам өмір сүрген әйгілі Осман патшалығы бөлшектеніп, ыдырап, құлаған шақта тарих сахнасына келген мемлекет қайраткері. Ататүріктің өмірі мен қоғамдық қызметіне байланысты М.Шоқайдың, АФ. Миллердің, С.Смайылдың С.Құттықадамның А.Жеваховты, А.В. Владимирский, Мұстафа Кемал Ататүрік Жолдауы, Ж.Түймебаевтың, М.Бұлығайдың, және тағы басқа еңбектер мен мақалалар жарияланды. Мақалада тарихи тұрғыдан объективті талдау, салыстырмалы түрде анализ жасау, өзіндік ой қорытынды жасау әдісі қолданылды.

Кезінде Еуропа, Африка және Азия құрлықтарын бағындырған Осман империясы XVII ғасырдан бастап ішкі алауыздықтар салдарынан тоқырап, соңында заманның талабынан артта қалып, алыс аймақтарынан айырылды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, әлсіреп күйреген Осман империясының жерін ағылшын, француз, итальян және гректер жаулап алды. Алайда, жаһан соғысында ауыр шығынға ұшырап, қарызға батқан Түркияда жаңа мемлекет құру оңайға түскен жоқ. Осман империясының күйреуі мен оның қалай құлағанын, оған жасалған қастандықтарды көзімен көрген Мұстафа Кемал Ататүрік мемлекет қайраткері ретінде тарих сахнасына шықты. Оның ақыл-парасаты мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Түркия Республикасы өзінің мемлекеттік іргетасын берік қалап, болашаққа нық қадам басты. Сондықтан Түркия Республикасының қалыптасуы тарихи тұлғаның есімімен тығыз байланысты екендігі баршаға мәлім. Шығыстанушы, ғалым А.Миллер: «Тарихшылардың терең зерттеулер жүргізіп, өмірбаянын түгел қамтып, жасаған еңбектерімен танысып шығып, ескерткіш қоюға әбден лайық тұлға ол – Ататүрік» деген болатын [2, с.23]. Ататүріктің көзі тірісінде-ақ атақ даңқы жария болған тұлға еді.

Мұстафа Кемаль Ататүріктің туып өскен жері мен балалық шағына көз жүгіртсек, ол 1881 жылы Салоники қаласында дүниеге келген. Мұстафа әкесінен ерте айрылып, анасы Зүбайда-ханымның тәрбиесімен жетіледі. Мұстафа Кемалдың қатаң мінезді және дер кезінде шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуына анасының берген тәрбиесінің септігі мол болды. Ол орта әскери білімді Салоникте және Монастирде (Биола) әскери училищеде алды. 1905 жылы Стамбұлдағы әскери Академияны бітіріп, жоғары әскери білім алып шыққан. Әскери Академияда оқып жүрген кезінде Мұстафа өзін қабілетті,

дарынды шәкірт ретінде танылады. Зерек, еркін ойлы Мұстафа Кемал Ататүрік Абдулхамит сұлтан режимін қатал сынап, қудалауға ұшырайды. Ол жастүріктер қозғалысына қосылып қоғамдық саяси өмірге белсене араласып, 1905 жылы «Отан» деген ұйым құрады. Жастүріктер қозғалысының либералды ұстанымы Ататүріктің саяси санасын оятып, саясатқа сын көзбен қарауды үйретті [3, с.56].

Бірақ ұйым мүшелерімен ойының ортақ болмау салдарынан ол бұл жерден кетіп, жасырын түрде жастүріктердің «Бірлік және прогресс» партиясының құрамына кіреді. 1905 жылдың 5 қаңтарында сұлтанның құпия қызметі Мұстафаны қамауға алады. Болашағынан үміт күткен оның әскери Академиядағы ұстаздары Мұстафадан дарынды әскери офицер шығатынын айтып, қамаудан шығарып алады. Бірақ осы оқиғадан кейін ол Осман империясының дамыған еуропалық бөлігінде емес, артта қалған Дамаск қаласына жұмысқа жіберіледі. Өзінің дарындылығымен әскери билік мансабына қол жеткізеді. Оны 1909 жылы Францияға жібереді, Ататүрік үшін бұл жақсы мүмкіндік болды. Ол аз уақыт ішінде еуропалық мәдениетпен танысып, әскери өнердің қыры мен сырын үйренеді. Ататүрік Францияда дін мен мемлекет арақатынасын реттеу ұстанымы лаизизм қағидатымен алғаш осы жылдары танысады. Жас түріктер қозғалысы 1876 жылдан бастап Осман империясында либералды реформа жүргізіп, конституциялық мемлекет басқару құрылымын енгізуге талпынады.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Кемаль империяның көптеген жерлерінде қызмет етті: Дамаск, Македония және Ливия. 1912 жылдың қазан айынан бастап Балқандағы Греция, Болгария, Сербия және Черногориядан тұратын коалицияға қарсы соғысқа қатысып, өзің ең жақсы жағынан көрсетті. Балқан соғысынан кейін Мұстафа Кемаль подполковник шенін алып, сол елге әскери атташе қызметіне тағайындалды. Қарамағындағы дайындықсыз, білімсіз, қару-жарағы нашар әскерді басқарғанына қарамастан, бұл соғыстарда Мұстафа Кемаль аса дарынды қолбасшы екенін көрсетті [4, с.79].

Кемаль таңдаған әскери мамандық оның саяси ұстанымдарының қалыптасуына үлкен әсер етті. Ататүрік жаңа мемлекет құру барысында түрік халқының ішкі береке-бірлігін арттырумен, өзіне деген сенімін қалыптастыруға баса назар аударды. Сондықтан оның ұлттық легализмшілдерге қарсы «Түрік болу қандай бақыт!, Түрікке түріктен басқа дос жоқ», деген даңқты сөздері түрік халқының рухын көтеріп, мемлекет құруға деген сенімін қалыптастырды. Міне, бұл түрік халқының жаңа мемлекет құруының рухани күш-қуатының қайнарына айналды [5, с.6-7].

Осман империясы соғыстан және ішкі алауыздықтар салдарынан болған қайшылықтардан әлсіреді. Соғыс барысында Осман империясы Шығыс Анатолияның, Месопотамияның, Сирияның, Палестинаның аймақтарынан айырылды. Түркияның айналасы түгел қоршалып, Таяу шығыстағы Ирак аумағы, қазіргі Мекке Медине қалалары 1915-1918 жылдары Палестина, Сирия аймақтары жауға кетті. Түркияның, Анкараның айналасындағы шағын аймақтан басқа жері түгелге жуық жау қолында болатын. Соғысқа шамамен үш миллиондай ер азаматтардың аттануы, ауыл шаруашылығы мен өндірісті күрт төмендетіп жіберді, ел экономикалық жағынан күйреу жағдайында болды. Билік басындағы патша әулеті мен билік-тегілер жаулаушы күштерге бағынып, Мұстафа Кемальдың өзін халық жауы етіп шығарған. Ол кезде Мұстафаға қаншама қастандықтар мен қиянаттар жасалды. Соның барлығынан аман-есен өтіп, Анкараға келіп, мемлекеттің негізін қалап, жауларды Түркияның жерінен тазартты.

Әскери адам болса да, жаңа мемлекетті заманауи, зайырлы, өркениетті, ұлттық мемлекет ретінде қалады. Ататүріктің идеялары осы күннің өзінде әлі күшін жоймай келеді. Әуел баста мемлекеттің негізін дұрыс қалағандықтан болар, жасаған реформалары мен еңбектері бүгінде Түркияны әлемде экономикасы дамыған, мәдениеті жоғары, мұсылман ел деңгейіне жеткізді. Түрік ұлтының мәдениеті мен рухани құндылықтарына негізделген біртұтас унитарлық, ұлттық мемлекеттің негізін жасады [6, 8 б.].

1922 жылы түрік әскерлері барлық майданда шабуылға шықты. Бейбіт бітім шарты жасалды. 1923 жылдың 24 маусымында Лозанн бейбіт келісімшартына қол қойылады. Бұл шарт Түркияның масқара капитуляция режимі мен халықаралық қаржылық бақылауға түсу кіріптарлығын жойды. Түркия жаңа шекарасын белгіледі. Оған Шығыс Фракия, Измир және Севар келісім шарты бойынша бөлініп кеткен басқа да аумақтар қосылды. Осылайша, Түркия тәуелсіз державаға айналды. Түркияға Анадолыдан мемлекеттің негізін қайта қалауға, оны нығайтып бекемдеуге жетерліктей ештеңе қалмаған еді. Ол кездегі түрік ұлтының басына түскен қасіретті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Түркия ел ретінде тәуелсіздіктен, түріктер ұлт ретінде еркіндіктен айырылғанды. Түркия мен түріктерді осындай халден Ататүрік құтқарды [7, 199 б.].

Американ тарихшысы Эдвард Эриксон Ататүрік туралы: «Бірінші дүниежүзі соғысы жылдарында Кемаль Осман әскери қолбасшыларының ішінде дүниежүзіне танылған әскери көшбасшы болды. Ол нағыз ұлтшыл болса да, ол неміс, француз тілдерінде еркін сөйледі. Алайда Мұстафа Кемаль өзінің ерекше үздік

әскери қолбасшы екенін іс-жүзінде көрсетіп, зор даңққа бөленді. Бірінші дүниежүзілік соғыста жаумен шайқастағы ерлігі мен жеңімпаздығы үшін ол өзінің бұрынғы қарсыластарының да құрметіне ие болды» [8, с.75]. Ия, америка тарихшысы айтқандай ол ішкі және сыртқы жауларына тойтарыс бере отырып, Түркия Республикасының негізін қалаушы, елін аз уақытта үлкен жетістіктерге жеткізген тарихи тұлға. Ол түрік елінің жерін басқыншы жаулардан тазалап, ішкі және сыртқы жаулармен күресіп, жаңа үлгіде мемлекет құру жолында саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды жүзеге асырған.

Ататүрік өз баяндамасында: «Ертең Республиканы жариялаймыз», - деді, отырғандар мұны тегіс қолдады. Жоба бойынша 1921 жылы конституциядағы мемлекет формасын айқындаған баптарды өзгерттім. 1-ші баптың соңына Түркия мемлекетінің үкімет формасы - Республика деген сөйлем қостым. 3-ні Түркия мемлекетін Ұлы Ұлттық Мәжілісі басқарады, деп өзгерттім. Мәжіліс үкіметінің түрлі басқару буындарына уәкілдер арқылы жетекшілік етеді. Бұдан басқа Ата заңдағы негізгі болып табылатын 8, 9 - баптар өзгертіліп, нақтылана түсті. Түркия Президенті –Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Бас Кеңесі мен мәжіліс мүшелері тарапынан бір сайлау мерзіміне сайланады. Басшылық қызметі жаңа президент сайланғанға дейін созылады. Бұрынғы басшы қайта сайлана алады. 9 бапта: Түркия президенті –мемлекет басшысы. Осы өкілеттілігімен Мәжіліс пен Уәкілдер Кеңесіне басшылық жасайды», деп жазылған [9, 81 б.].

1923 жылы 29 қазанда өткен Ұлттық Жиналысқа қатысушылар Түркия Республикасының президенті етіп Мұстафа Кемаль Ататүрікті сайлады. Осман империясының құлдырауынан кейін империалистік мемлекеттердің Түркияны бөлшектеуіне жол бермей, халықты ұлт-азаттық қозғалысқа жігерлендіріп, Түркияның мемлекет ретінде сақталып қалуына Мұстафа Кемаль көп еңбек сіңірді. Осы шайқастарда тамаша жетістіктерге жеткені үшін Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының шешімімен оған маршал дәрежесі және «Ғази» атағы беріледі. Тұңғыш Президент Ататүрік соғыстан кейін Осман империя ыдыраған шақта Түрік ұлт- азаттық қозғалысына басшылық етті. Табанды әскери маневраларымен шетел интервенттерінің әскери күштеріне тойтарыс беріп, түрік халқын жеңіске бастады [10, с.78].

Республика – Ататүріктің пайымдауынша, демократиялық жүйедегі мемлекет түрі. Президент, парламент, конституция және үкіметтің жаңа формасы жарияланды. Республика ұлт егемендігін паш ететін және онымен тығыз қабысатын жалғыз жүйе. Ататүріктің басшылығымен жүзеге асқан реформа негізінде сұлтандық жойылып, Түркия Республика болып жарияланды, жаңа парламент – Түркия ұлттық мәжілісі ұйымдастырылды. Халифат таратылды және жаңа конституция қабылданды. Сонымен Ататүрік елді сыртқы жаулардан қорғап, республика құруда жоғарыдағыдай саясат ұстанған.

Ататүрік басшылық еткен жылдарда оның жүргізген реформалары барысында Түркияда қол жеткен үлкен өзгерістерді, бәлкім, дүние жүзінде ешбір ел бастан кешірмеген шығар. Бұл реформалар елдің сыртқы саясатын ғана емес, елдің ішкі жағдайын, түрік халқының таным – түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті. Ататүрік 1923 жылдан кейін де 1927, 1931, 1935 жылдары президент қызметіне үш рет қайта сайланды. Түрік халқына жасаған орасан зор еңбегі ескеріліп, 1934 жылы Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының арнайы қаулысымен Мұстафа Кемаль «Ататүрік» фамилиясы берілді [11,25 б.].

Ататүріктің басқаруымен Түркия республикасы аз уақыттың ішінде дүниежүзіне танылды. 1936 жылы жазда Босфор және Дарданелл бұғаздары Түркияға қайтарылды. 1937 жылы Иран, Ирак, Ауғанстанмен Саадабад пактісіне қол қойды. Тіпті, 1938 жылы Сириямен арадағы даулы шекаралардың өзі Түркияның құрамына өтті. Осылайша, Түркия күшті және тәуелсіз мемлекетке айналды. Ал, әлем халқы Ататүрікті Ұлы қолбасшы, батыл реформатор, ақылды мемлекет басшысы ретінде таныды [12, с.41].

Жаңа мемлекетті заманауи және зайырлы ұлттық мемлекетке айналдыру мақсатымен үлкен саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени реформаларды жүзеге асырды. Ататүрік реформаларының негізі болған қағидалары мен идеяларының жиынтығы «кемализм» - деп аталады. Оның жүргізген реформасы Түркияны терең модернизациялау жолында маңызды рөлді атқарды. Оның практикалық ойлауының және саяси қабілеттерінің арқасында, елді бөлуге мүмкіндік бермей, қазіргі заманғы Түркияны қалыптастыру үшін түрік ұлтын біріктірді. Түрік модернизациялаудың (жаңғырту) тәжірибесі Шығыстың даналығын және Батыстың прогматизмін біріктірді. Кемал Ататүрік құрған мемлекет өзінің дамуында тарихи үздіксіздігін сақтап, болашаққа ұмтылды – бұл 1920-1930-шы жылдардағы Кемалистік реформаның басты маңызы болды [13, с.130]. Кемализм идеялары Түркияның ресми идеологиясына айналып бүкіл халықтық қолдауға ие болады. Кемализм негізі 6 қағидаға негізделеді. Бұл 6 қағиданың алғашқы төртеуі 1927 ж. қабылданса, 1931 ж. Республикалық Халық Партиясының құрылтайында кейінгі екеуі қосылды. Олар: 1. Республикашыл болу (республикалық басқару); 2. Ұлтшылдық (ұлтжанды болу); 3. Халықшылдық «мемлекеттің халыққа қызмет етуі); 4. Мемлекетшілдік (этатизм ұстанымы); 5. Лаицизм

(зайырлы қоғам қалыптастыру); 6. Реформашылдық (тұрақты даму, реформа жүргізу) [14, с.130]. Бұл алты қағида 1936 жылы Түркия Республикасы Конституциясына ресми түрде енгізілді. Осы қағидалардың негізінде Ататүрік Түркияда реформаларды жүзеге асырады.

Ататүріктің реформаларында білім беру жүйесі мен латын әліпбиіне көшу мәселесінде 1924 жылғы конституцияға сәйкес бастауыш білім беру түріктер үшін тегін және міндетті болды. Ататүрік халықты сауаттандыру және оқу-ағарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлгендігі – көрегендіктің айқын көрінісі. 1926 жылы жаңа білім беру жүйесін қабылдады. Білім беру жүйесінде ескі арап жазуынан бас тартып, латын әрпі негізінде жаңа түрік әліпбиі енгізілді. 1928 жылы елде жүргізілген мәдени төңкеріс заңына сәйкес түрік зиялыларына үлкен міндет жүктелді. Самбұлдағы Долмабахче сарайында арнайы мамандардан құрылған комиссия 8 ай бойы жұмыс істеді. Ататүрік бұл істі тікелей өзі қадағалап отырды. Ол жаңа жазуды ғалымдар айтқандай 5-10 жылда емес, өте қысқа мерзімде меңгеруі үшін бар күшін жұмылдырды. Ол 1928 жылғы 9-тамызда Түркияның латын әліпбиіне көшетінін жариялады. Сол жиында Ататүрік: «Жолдастар, көркем тілімізді сындырмай сөйлейік деп, жаңа түрік әліпбиіні тезірек меңгеріңдер! Бүкіл ұлысқа, шаруа мен шопанға, жүк тасушы мен қайықшыға үйретіңдер. Мұны ұлттық, әрі Отан сүйгіш борыш деп біліңдер!», деген үндеу жариялады. [9, 111 б.]. 1929 жылы 1 қаңтарда ескі әліпбиді қолдануға тыйым салынды. Ататүрік білім беру саласында латын жазуына негізделген, білім берудің тұтас жүйесін қалыптастырды. Ататүріктің басшылығымен және тікелей араласуымен 1931 жылы «Түрік тарихын зерттеу қоғамы», 1932 жылы «Түрік тіл қоғамы» құрылды. Ол көптеген сөздіктер жариялады, ондаған мың араб-парсы сөздері түркі түбірлес жаңа сөздермен ауыстырылды, Еуропа тілдерінен енген сөздерге түрікше баламалар құрастыру ісі жүргізілді. Латын тілін еңгізгеннен кейін, терең тілдік реформалар үшін мүмкіндіктер ашылды. 16 жастан 40 жасқа дейінгі Түркияның барлық азаматтары жаңа алфавитті меңгеру үшін оқу орындарына баруға мәжбүр болды [10, с.91].

1928 -1935 жылдар аралығында Анкарада 20 мыңға жуық жаңа әліпбиді оқытатын ұлттық мектептер ашылды. Бір жыл ішінде Түркия халқының жарты миллионнан астамы латынша жазу мен оқуға үйренді. 1926 жылы мектепте білім алушылардың саны 1923 жылғымен салыстырғанда екі есеге көбейді. 20-жылдардың ортасында Түркияда шамамен мемлекеттік басқарудағы мектеп түлектерінің саны 600-дей, заң факультетін бітірушілердің саны 500, ал дәрігерлік бөлімді бітіргендер саны - 900 болды. Білім алушылардың көпшілігі түрік ұлтынан болды, олар жаңадан құрылған Республиканы қолдады. Министрлер және лауазымды тұлғалардың басым бөлігі жоғары білімді университет түлектері болғандықтан жаңа түрік элитасының негізі қаланды [8, с.278-279]. Ататүрік білім ордаларының, университеттердің де заманауи талапқа сай болуын қалады. Түркиядағы университеттердегі білім беру жүйесін батыстық университеттер жүйесімен жүргізілуге көңіл бөлді. Ол кезде елдің дара университеті болып саналатын «Стамбұл Дарүлфұнын» заманға сай жағдайға келтіруін сол кездегі Оқу ағарту министрі доктор Решіт Ғалипке тапсырды. Сондай-ақ Ататүрік Тарих және тіл институттарының академиялық негізде жұмыс істеуін қамтамасыз ету барысында 1935 жылы 14 мамырда парламенттің шешімімен Тіл, Тарих және Жағрапия факультеті құрылды. Бұл факультеттерде түрік халықтарының және Түркияның тарихын зерттеулерге септігін тигізетін әлем тілдері үйретілетін болды. Сондықтан онда синология, шумерология, һититология, латын тілі, грек тілі, арап тілі және парсы тілі үшін арнайы бөлімдер құрылды [15].

Ататүрік реформасы бойынша дін саласында бүкіл елдегі барлық керітартпа діни ағымдарға тиым салынды. Дегенмен Ататүрік ислам дінін халыққа түсіндіруде үлкен ерлік жасады десек болады. Оның тапсырмасымен белгілі ғалым, муфти Мұхаммед Хамди бірінші рет Құранды түрікшеге аударған деді [6, 8 б.]. Барлық діни мекемелер мемлекет құрамына кірді. Діни институттар департаменті мешіттерді, ғибадатханаларды, имамдарды, муазиналарды тағайындауға және алып тастауға құқылы болды. Стамбұлдағы Аяя - София мешіті мұражайға айналды. Түркияның Білім министрлігі діни мектептерді бақылауға алды. Стамбұлдағы Сүлейман мешітіндегі Медресе Стамбұл университетінің факультетіне ауыстырылды. Діни мектеп орнына зайырлы мектептер келді. 1938 жылғы ақпанда өзгертілген конституцияда Түркия – зайырлы мемлекет деп жарияланды. Кемал : «Дін-әр адамның жеке өміріне ғана қатысты. Егерде дін қоғамға кірсе онда мемлекет ісіне араласады. Кемал түріктер үшін Ислам ең ақылға қонымды дін деп есептеді. Исламның Ақылға қонымды деген ойы Кемалдың көзқарасында ерекше орын алды. Ол ешқандай атеист болмады. Кемал үшін халифаттың жоюы ең алдымен Исламның жаман саясатқа араласпауы еді. Мемлекет оның түсінігі бойыншы зайырлы деп аталды [8, с.244].

Ататүріктің құқық саласында жүргізген реформасында - шарият соттары таратылды, әйелдерге еркектермен тең құқық берілді, көп әйел алу тоқтатылды. Құлдық және феодалдық жүйедегі заңдармен шарият заңдарының күшін жойып, орнына қазіргі зайырлы, демократиялық билікті алып келді. Бұрын әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы, білім алуы, жұмыс істеуі, шектеулі болса Ататүріктің кезінде әйел

қауымын жаппай сауаттандыру, оқыту, әлеуметтік мәселелерге араластыру, мемлекет қызметіне келтіру ісі қолға алынды [6, 8 б.]. Қоғам дамуында адамдар арасындағы қарым-қатынасты құқық пен заңдылық реттеп отыратыны баршаға белгілі. Реформалардың бұл саланы айналып өтпеуі заңды құбылыс. Жаңа заман, жаңаша көзқарас, өзге жұртпен өркениетті түрде араласу зайырлы заңдарды талап етті. 1924-1925 жылдарда жүргізілген реформалар көптеген аймақтарға әсер етті. 1924 жылы шарифат заңы бойынша сот процесі жойылды, олардың шежіре заңы, ескі дәстүрлері еуропалық елдерден алынған кодекстер жаңа заңдармен ауыстырылды. Барлығы түрік құрылымына бейімделе бастады [16, с.159]. Ендігі жерде Еуропамен тығыз байланыс орнайтыны әрі экономика нарықты басшылыққа алатыны ескеріліп, Швейцария, Италия, Германияда қолданылатын түрлі заңдардан пайдаланылды.

Әйелдер тұңғыш рет азаматтық және саяси құқықтармен бірге Ататүрік реформаларынан кейін сайлау және сайлану құқына ие болды. 1930 жылы бұрын мұндай құқыққа ие болмаған әйелдерге жергілікті әкімшіліктерге, ал төрт жылдан соң Мәжіліске сайлану құқығы берілді. Әйел теңдігін қорғаған саясат оң нәтижесін бермей қалмады. Түрік әйелі тек отбасында бостандық алып қоймай, ғылым мен өнерді былай қойғанда, қоғамдық өмірде де биіктерге көтерілді [9, 74-76 б.]. Әйелдер бостандығына ерекше мән берілді. Көп әйел алу үрдісіне тыйым салынды. Сайлауда дауыс беруге, билік органдарына сайлануға, кез келген жоғары оқу орнына түсуге, еркектермен қатар трамвай, пойыз, кемелерге мінуге рұқсат етілді [12, с.36.]. Дін мемлекеттен ажыратылды, – сағат мерзімі мен күнтізбе өзгертілді (1926 ж. 1-қаңтардан бастап Түркияда еуропалық жыл санау жүйесі жүргізіліп келеді), ұзындық пен салмақ өлшемдері жаңартылды, еуропалық киім үлгілері енгізілді, фамилиялар туралы заң қабылданды (1934 ж.) т.б.

20-жылдары жүзеге асырылған түрік реформасындағы басты жетістіктердің бірі – әйелдерге бостандық берілуі болды. Кемал Ататүрік ескіні жаңғыртудың пайдасыз екенін түсінді. Түркияға нық тұру үшін түбегейлі өзгерістер қажет. «Біз өркениет жолымен жүреміз және оған келеміз», - деді Ататүрік. Ол түрік қоғамының европалануын армандады. Оны ұлттық бас киім – феска киюге тыйым салудан бастады [2, с.41].

Дәстүрлі исламды ұстанушы шығыс елдерінде әйелдерге тең сайлау құқығын беру мәселесі ХХ ғасырдың басында Ататүріктің жүргізген реформасында көтерілді. Басқа Шығыс елдерінде бұл мәселе тіпті, көтерілмеген де еді. Бұл сол кезең үшін орасан зор ілгері қадам болды, әрі батыс елдердегі демократияның жетістіктерінен де озып кетті.

Ататүрік тіл, латын әліпбиі, жалпы білім беру мәселесі бойынша Түркия Республикасында мектеп және жоғары оқу орындарын құрды. Ататүріктің өзінің тікелей бастамасымен көптеген мектептер және жоғары оқу орындары, факультеттері, ғылыми зерттеу институттары құрылады және бұл мекемелер әлі күнге дейін жұмыс істейді.

Түрколог Н.Г. Кереевтің пікірінше: «Мұстафа Кемал Ататүріктің сыртқы жаугершілік соғыстардағы жеңісі Кемалистерді Түркия қоғамы мен мемлекетін реформалау және батыстық үлгідегі мемлекетті қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Кемализм жақтастары артқан сайын Түркияда Еуропалық және зайырлы мемлекет құруды қолдаушылар көбейді [17, с.178].

Ататүрік жүзеге асырған реформалардың басты негіздері республика жүйесі. Ататүрік республикалық жүйенің ең маңызды кепілі ретінде елде әртүрлі тіл, дін және салт дәстүрге ие болса да, жүздеген жылдар бойы бір тағдырды бөліскен халықтардың мәдени одағы барына сенетін. Осының негізін құру мақсатымен түбегейлі реформаларды іске асырды. Ататүрік реформаларды іске асыруда жастар мен ұлтжанды азаматтарға иек артты. Республиканы жастарға аманат етті. Өйткені жастардың жаңалыққа ұмтылатынын ол білді. Ол, осылайша Түркияны қазіргі заманға жеткізетін жолды тапты [18, 3 б.].

Міне осындай іргелі мемлекеттің саяси дамуын қалыптастырып, 97 жылдың ішінде, қоғамдық ойы бүгін елдің елдік, тектік, ынтымақтастық бағдарының тиянақты дамуына негіз жасаған көшбасшы.

Шетелдіктер тарапынан Ататүрік туралы 380-дей шығарма жазылды. Әлемде танымал 100 кісі қатарынан орын алды. 1981 жылы ЮНЕСКО тарапынан «Ататүрік жылы» болып жарияланды. Ал, байыбына барсақ, Ататүрік өз халқын рухтандырып, әлденіп алғаннан кейін асау мінез көрсеткен жоқ. Біреудің елін жаулап, жерін тартып алайын деген жоқ. Бар мақсаты, бар арманы: өз жерін өзгелерге жем қылмай өзге елдер қатарлы бейбіт өмір сүру еді. Ол мүддеге жетті. Астананы Анкараға аударып, Ататүрік бұрынғыдай сұлтанат емес, Түрік Республикасын жариялады. Сонда ең алдымен былай деді: «Түрік ұланы! Түркия Республикасын құрған - түрік халқы, түрік ұлты. Түрік ұлты деген сөз – Түрік Тілі деген сөз. Түрік тілі – түрік ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені, түрік ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы, бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Түрік тілі - түрік халқының жүрегі, ақыл-ойы» екендігін халқына түсіндіре білген [19].

Түркия Республикасының негізін қалаушы тұлғаның көп қырлы қызметі әлемдік қауымдастықта жоғары бағаланып, 2000 жылы «American Time» журналында Ататүрік «XX ғасырдың адамы» деп танылды. Кемализм бүгінгі күні де әлемдік дамудың жаһандық өзгерістерінің аясында түрік басшылығының қызметіне идеологиялық негіз ретінде қызмет етеді [12, с.48].

Ататүріктің өзі салған сара жолы, өзінің ешкім қол жеткізе алмаған өз биігі болды. Бұған ешкім таласа алмайды және онымен ешкім теңесе алмайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Исова Л.Т. Түркі әлемінің көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік көзқарасындағы жастар бағдарламасының өміршеңдігі.//Қытай мен Орта Азия елдері қатынастары:тарихы мен болашағы. – Алматы. «Қазақ университеті», 2014. – 75-79 беттер.

2. Миллер А. Ф. Формирование политических взглядов Кемала Ататюрка // Народы Азии и Африки. 1963. № 5. – С. 23.

3. Данилов В.И. Турция 20- 30 –х годов: путь к демократии // Восток, 1997.-№2. – 56-68 стр.)

4. Жевахов А. Ататюрк. – М.: Молодая гвардия, 2008. – С. 344. (76-82 с.)

5. Ататюрк К. Избранные речи и выступления (перевод с турецкого). – М., 1966. – 6-7 бб.

6. Бұлутай М. Ататүріктің әлемге сіңірген еңбегі қандай? // Түркі әлемі. № 2 (118). 2012. – 8 бет.

7. Шоқай М. Таңдамалы. Екінші том. – Алматы:Қайнар, 1999. – 520 б.

8. Владимирский А. Великий Ататюрк. Отец народа, «Человек судьбы». – Москва: Яуза: Эксмо, 2014. – 352. – 75 с.

9. Смайыл С. Ататүрік: Танымдық өмірбаяны. – Алматы: «Қазақпарат». 1998. – 128 б. (81с.)

10. Шахинлер М. Кемализм: зарождение, влияние, актуальность. Перевод с французского языка. – Москва: Издательство «Московский писатель», 1998. – 448 с.(78).

11. Түймебаев Ж. Ататүрік – түркі әлемінің Ұлы перзенті. //Аңыз адам. «Ататүрік өмірбаяны». – Алматы, 2012. №3. – 24-25 бб.

12. Құттықадам С. Служение нации. – Алматы, 2017. – 365 б. – 39-40.

13. Варакса А.Н. Мұстафа Ататюрк и модернизация Турции 1920-30-х годов. // Наука и мир.- Волгоград. №5. – 2015. – С.130-132.

14. Мухаметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань, 1994. – 157 с.

15. Қара Ә. Ататүріктің тарих реформасы және астана түрік академиясы. <http://turkiya.kz> 23.02.2019.

16. Новичев, А.Д. История Турции. Т. 2. Ч. 1. – Л., 1968. – 378 стр.

17. Кереевтің Н.Г. История Турции XX в. – Москва: ИВ РАН, 2007. – 168-180 с.

18. Зейнелоглу Ерсин, Республика және Мұстафа Кемал Ататүрік. // Жас Алаш. – 1997. №128(13753). – 3 бет.

19. Мұртаза Ш. Ататүрік-ұлттық рух. Мәрмәр теңізінде туған ойлар // Егемен Қазақстан. – 1998. 14.10. – 5 бет.

References:

1.Isova L. T. viability of the youth program in the eyes of the leader of the Turkic world Mustafa Kemal Ataturk. // Relations between China and Central Asian countries: history and prospects. - Almaty. "Kazakh University", 2014. - pp. 75-79.

2. Miller A. F. formation of political views of Kemal Ataturk // peoples of Asia and Africa. 1963. No. 5 – - P. 23.

3. Danilov V. I. Turkey 20 - 30 –x years: the path to democracy // Vostok, 1997. - No. 2, pp. 56-68.)

4. Zhevakhov A. Ataturk. Moscow: Molodaya gvardiya publ., 2008. – p. 344. (P. 76-82.)

5. Ataturk K. prepared statements and statements (transfer from Turkey). Moscow, 1966. - pp. 6-7.

6. What are the merits of Bulutai M. Ataturk to the world? // The Turkic world. № 2 (118). 2012. - 8 pages.

7. Shokai M..Custom. Volume two. Almaty:Kainar publ., 1999. - 520 P.

8. Vladimirsky A. Veliky Ataturk.The family of the people,"people's judgment". Moscow: Yauza: Eksmo, 2014. -352. - 75 p.

9. Smail S. Ataturk: an informative biography. "I Don't Know," I Said. 1998. - 128 P. (81s.)

10. Shahinler M. Kemalism: growing up, growing up, actuality. Translation from French. Moscow: Publishing House "Moscow writer", 1998. – 448 P.(78).

11. Tuimebayev zh. Ataturk is a great son of the Turkic world. // Legend man. "Biography of Ataturk". Almaty, 2012. No. 3 – pp. 24-25.
12. Kuttykadam S. service of the nation. - Almaty, 2017. - 365 P. – 39-40.
13. Varaksa A. N. Mustafa Ataturk and modernization of Turkey 1920-30-X years. // Science and the world.- Volgograd. No. 5. – 2015. - pp. 130-132.
14. Mukhametdinov R. F. The Rise and evolution of Turkism. - Kazan publ., 1994 – - 157 P.
15. historical reform of Kara A. Ataturk and the Turkish Academy of Astana. <http://turkiya.kz> 23.02.2019.
16. Novichev A.D. History Of Turkey. Vol. 2. Ch. 1. - L., 1968. - 378 STR.
17. Kereev N. G. history of Turkey XX V.-Moscow: Yves ran, 2007. - 168-180 P.
18. Zeyneloglu Ersin, Republic and Mustafa Kemal Ataturk. // Young Alash. – 1997. №128(13753). - 3 pages.
19. Murtaza Sh. Ataturk-the national spirit. Thoughts born on the sea of marble // sovereign Kazakhstan. – 1998. 14.10. - 5 pages.

ӘӨЖ 930.12
ГРНТИ 03.01.09

Г.Р. Нұрымбетова¹

¹саяси ғылымдарының докторы, профессор, «Ұлы дала тұлғалары» орталығының директоры,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан Республикасы. E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ – ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Аңдатпа

Автор мақалада С.Қожановтың ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы мемлекеттік қызметі мен өмір жолын қарастырады. С.Қожановтың ағартушылық, жер мен ұлттық қатынастарға қатысты ұстанымдары оның жеке тұлғалық және көшбасшылық қасиеттерін айқындауға мүмкіндік береді деп есептейді. Оның халық ісіне адалдығы мен турашылдығы қазіргі кезеңде жастар үшін үлгі болары сөзсіз. Ұлт зиялысы өкілінің мұрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында маңызды екендігі көрсетілген.

Тірек сөздер: мемлекет қайраткері, ағартушылық, ұлт көшбасшысы, тіл саясаты, ұлттық қатынастар.

Нұрымбетова Г.Р.¹

¹доктор политических наук, профессор, Директор центра «Улы дала тұлғалары» КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан. E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

СУЛТАНБЕК КОЖАНОВ – ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

Аннотация

В статье автор рассматривает этапы жизни и государственной деятельности С. Кожанова в 20-30 годах ХХ века. Считает, что позиция С. Кожанова в вопросах просвещения, земли и национальных отношений отражает его личностные и лидерские качества. Его преданность делу народа и принципиальность могут служить примером для молодежи в современных условиях. Подчеркнуто значение наследия видного представителя казахской национальной интеллигенции контексте программы «Рухани жаңғыру».

Ключевые слова: государственный деятель, просвещения, национальный лидер, языковая политика, национальные отношений.

Nurymbetova G.R.¹

¹doctor of political sciences, professor KazNPU named after Abai, Director of the center "Uly Dala Tұлғалары"
Almaty, Republic of Kazakhstan

SULTANBEK KOZHANOV – PUBLIC AND STATESMAN

Abstract

In the article, the author considers the stages of life and state activity of S. Kozhanov in the 20-30 years of the twentieth century. He believes that the position of S. Kozhanov in matters of education, land and national relations reflects his personal and leadership qualities. His devotion to the cause of the people and integrity can serve as an example for young people in modern conditions. The importance of the heritage of a prominent representative of the Kazakh national intelligentsia in the context of the «Rukhani zhanǵyru» program is emphasized.

Keywords: statesman, education, national leader, language policy, national relations.

Кіріспе. Еліміз тәуелсіздік алып, егеменді ел болғалы төл тарихымыздың талай ақтандақ беттері ашылып, сараланды. Халқымызға өз елінің бостандығы жолында арпалысқан қазақ арыстарының, аққан жұлдыздай келте ғұмыр кешкен ардақты ұлдарының есімдерін қайтару әлі күнге дейін жалғасуда. Кезінде жабық болып келген мұрағат деректерінің, ұмытылған өмірбаяндардың ғылыми айналымға қайта қосылуы зерттеушілер алдына жаңа міндеттер қойды. Осы орайда, отандық тарих ғылымында тұлғатану бағытының қалыптасқанын айтуымыз қажет. Тарихты жеке тұлғаларсыз жазу уақыты артта қалып, оқиғалар қайраткерлердің идеялары, позициялары арқылы беріле басталды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күрделі саяси жағдайда қызмет етіп, ұлт болашағы үшін күрескен қайраткерлердің алдыңғы қатарында Сұлтанбек Қожанов та бар. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, ағартушы-ұстаз. Сұлтанбек Қожанов әртүрлі деңгейдегі қызметтерді атқара жүріп, өзінің дара жолынан тайған жоқ. Бүгінгі ұрпақ үлгі тұтатын артына өшпестей із, өлмейтұғын мұра қалдырды. Кешеуілдеп болса да жүргізілген ғылыми зерттеулерді былай қойғанда, оның бейнесі талай әдеби шығармаларда сомдалған. Бұлай дейтініміз Сұлтанбек Қожанов 1957 жылдың 5-шілдесінде ресми ақталған. Алайда «солақай саясаттың» салдарынан оны әділінен әрі кешенді тану 1994 жылдан ғана басталды. Бүгінде оның өмірі мен қоғамдық-мемлекеттік қызметін, шығармашылық мұрасын тарихшылар, әдебиетшілер, педагог-ғалымдар зерттеп, ғылыми айналымға енгізуде.

С.Қожановтың қоғам және мемлекет қайраткері, біртуар азамат ретінде бейнесін ашуға Т.Қожакеев, Ә. Тәкенов, М. Қойгелдиев, Ж.Әлмашұлы, А.Шәріп, Х.Тұрсын, Д.Салқынбек, Ж.Симтиков, А.Әбікей, т.б. еңбектері көп үлес қосты. С.Қожановтың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер А.Шәріп, Х.Тұрсын, А.Әбікей [1] күшімен, оның шығармалары мен мұрағат құжаттары да бірнеше жинақ болып жарияланды. Оның өмір жолын тануда Ж.Әлмашұлы мен Б.Қойшыбайдың ғұмырнамалық еңбектерінің де орны ерекше. Десек те, С.Қожановтың өмірі мен қызметін, қайраткерлігі мен азаматтығын зерттеу әлі жалғасуда. Біздің мақсатымыз оның қазақ халқы үшін қиын-қыстау кезеңдерде «жалт беріп, тұра қашпай» тура айтып, төтеп берген қырларын ашу.

Сұлтанбек Қожанов – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, сталиндік нәубет құрбаны. «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің тәңірі берген несібі ғой» деп ақын Мағжан Жұмабаев жырлаған Түркістан өлкесінің тумасы. Нақтылар болсақ, қазіргі Түркістан облысы Созақ ауданына қарасты Ақсүмбе деген жерде кедей шаруа отбасында 1894 жылы дүниеге келген. Әкесі байдың малын бағып, шешесі үй шаруасымен айналысқан. Сұлтанбек жастайынан ауыл ақсақалдарының аңыз-әңгімелерін, қиссаларын тындап, зердесіне тоқып өскен. Әсіресе, атасы Қоңқақ ақсақалдың қызықты ертегілері мен қиссаларының орны бөлек еді. Сұлтанбектің бала көңілі аңыз-қиссалардың әсерімен талай жерлерді шарлап, талай биіктерге ұшқан да шығар-ау. Сұлтанбектің білімге деген құштарлығын байқаған да осы Қоңқақ атасы. Содан да болар елгезек, зерек немересі Сұлтанбектің атақты Қожа Ахмет Яссауи күмбезі бар Түркістандағы орыс-түзем мектебіне орналасып, білім алуына күш салады. Осылайша, Сұлтанбектің білім-ғылым жолындағы жолы Ақсүмбе-ден басталып, Түркістанда, кейін Ташкентте жалғасын табады. 1906-1908 жылдар аралығында Түркістандағы төрт жылдық орыс-түзем мектебінде оқып, оны абыройлы тәмәмдайды. 1908-1913 жылдар аралығында ол үш сыныптық қалалық училищеде оқиды. Байлық, мансаптан білімнің артықтығын жақсы түсіне білген ол білімін 1913-1917 жылдары Ташкенттегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда жалғастырады. Әрине, бұл оқу орнына түсу оған оңайға түспейді. Ол орыс тілінің оқытушысы И.Яковлевтің көмегімен сынақтан өткен санаулы талапкерлердің қатарында семинарияға қабылданады. Осы кезде саясат істеріне араласып, «Кеңес» атты жасырын ұйымның мүшесі болады. 1917-1918 жылдарда Ташкенттегі мұғалімдер институтында оқиды, алайда бұл оқу орнын тәмәмдамаған.

1917 жылы ақпан төңкерісінен соң үлкен саясатқа бел шеше кіріседі. Сол жылы тамыздан М.Шоқай ұйымдастырған «Бірлік туы» газетіне редактор болады. Осы басылымда қоғамдық-саяси мақалалармен бірге әдеби материалдар да жариялап отырады. Алғашқы үш жылда кеңестік жұмыстың үлкен мектебінен өтеді: Түркістанда халыққа білім беру бөлімінің инспекторы, ашаршылыққа ұшыраған халыққа көмек

ұйымдастырушы, 1918 жылдың аяғында Ташкенттегі қазақ педагогикалық училищеге лектор болып ауысады, ал 1919 жылы уездік-қалалық атқарушы комитет төрағасының орынбасары, 1920 жылы Сырдария облыстық революциялық комитет төрағасы болып тағайындалады. Осы 1920 жылы коммунистік партия қатарына қабылданған. 1920-1924 жылдары Түркістан компартиясы ОК мүшесі, ТүрОАК төрағасының орынбасары, 1920-1921 жылдары Түркістан АССР Ішкі істер халық комиссары, 1921-1922 жылдары Халық ағарту комиссары, 1922-1924 жылдары жер шаруашылығының комиссары, «Ақ жол» газетінің редакторы. 1924-1925 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы. 1925-1926 жылдары БК/б/П ОК ұлт республикалары мен облыстары бойынша жауапты нұсқаушысы, Мәскеу марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы. 1928 жылы БК/б/П ОК Орта Азия бюросының үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 1929-1931 жылдары Орта Азия мақта-ирригация политехникалық институтының алғашқы директоры, 1931-1932 жылдары Орта Азия мақта орталығы басқармасының төрағасы, 1932-1933 жылдары Мәскеуде Одақтық мақта өнімдері басқармасының орынбасары, 1933-1934 жылдары КСРО ХКС мақта тобы басшысының орынбасары, 1934 жылдан кеңестік бақылау комиссиясының Өзбекстан бойынша өкілі.

Бар болғаны жарты бетке сыйып тұрған бұл оның ресми өмірбаяны.

Сұлтанбек Қожанов туралы жарияланған мақалалар мен зерттеулер атаулары да біраз нәрсеге меңзеп, көп нәрсені аңғартқандай: «Елге тұтқа болған қайраткер», «Адамдықты пір тұтқан», «Жұртшылық жоқшысы», «Ақсүмбенің сұңқары», «Түркістанның тарпаң тұлғасы», «Мәдениет пен әдебиет қамқоры, жанашыры». Оның өмір жолымен таныса отырып, бүгінгі жас ұрпақ «Мен – Сұлтанбек Қожановтай болсам» дейтіндей ғұмыр кешкенін айтқымыз келеді.

Сұлтанбек Қожановтың жер, ұлт, тіл, ағартушылық мәселелеріне қатысты ұстанымдары мен мұрағат құжаттарын зерделеу оның азаматтық, қайраткерлік бейнесін айшықтай түседі. Біз оның белсенді қызметі 1917 жылы басталғанын жоғарыда айттық. 1917-1918 жж. өлкені жайлаған ашаршылық кезінде ол Ташкентте аштыққа қарсы құрылған комиссия мүшесі ретінде Түркістан өлкесіне жіберілген болатын. Комиссия басшылығында Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов тұрды. Түркістанда жергілікті байлардан азық-түлік жинап, кедейлерге үлестіріп беру арқылы талайларды аман алып қалған. Ол туралы халық арасында «Сұлтанбек үлестірген шүлен көжемен жан сақтадық» деген әңгіме қалған. Осы жерде оның қызба, қайсар азамат болғанынан хабардар ететін бір кездесу жайлы айта кеткен жөн. Ол 1921 жылы Советтердің Бүкілресейлік IX съезіне қатысып, көпұлтты Түркістан халқының әлеуметтік, мәдени мәселелерін шешудегі қиындықтар жайлы ашық жайып салған еді. С.Қожановты үзіліс кезінде Ленин президиумға шақыртып, қысқа болса да ой бөлісіп оған «қызба қырғыз» деген екен.

Жер мәселесі. С.Қожанов жер мәселесін ұлттық мүдде тұрғысынан, демек жер жергілікті тұрғындар, қазақтарға тиесілі болу керек деген берік сенімінен ешуақытта айныған емес. Бұған 1921-1922 жылдары Жетісу өңірінде оның тікелей араласуымен жүзеге асырылған жер-су реформасы дәлел. С.Қожановтың жер-су реформасының аясында қоныс аударушылардың жерін жергілікті тұрғындарға алып беру іс-әрекеттері Мәскеудегі басшылыққа ұнамағаны сол, 1922 жылы Сталиннің өзі С.Қожановты Жетісудан қайтару туралы жеделхат жолдап, «партияның ұлттық саясатының принциптері бұзылды» деген айыппен С.Қожановтың комиссиясы Жетісудан шақырып алынды.

С.Қожановтың қайраткерлігі 1924 жылы Орта Азиядағы ұлттық-территориялық межеленуі кезінде ерекше көзге түсті. Ол ұлт ретінде бөлініп, ел болудың, жұрт болудың қиындығын жақсы түсіне білді. Осы орайда еріксіз ойға алаштың біртуар ұлы Ә.Бөкейхановтың сөзі келеді «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласының құл кезінде салтында құқы үшін талас-тартыс болмайды. Құқы үшін талас-тартысу орнында жылау болады. Бұл бір жол. ...Біздің заманымыздағы салт: әркім құқына таласу, құқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім құқы үшін жылау емес, құқын талас-тартыспен қорғау. Міне бұл екінші» [2]. Сұлтанбек те қазақ халқының өз жеріне таласты, тартысты. Жастайынан қаламын қару етіп, түйткіл мәселелерді күн тәртібіне қоюдан жасқанбайтын Сұлтанбек бұл жолы да аянып қалған жоқ. 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Мұны анықтау керек», «Әзірлену керек», «Еңбек жұртшылығы бәрін женеді», «Орта Азия бірлігі хәм қазақ ұлты», «Қазақ ұлт мемлекеті жасасын!», «Ұлт шекарасын ашу хәм Қазақстан» атты мақалалары соның айғағы. Ол Орталықтың бұл мәселеге қатысты қабылдаған шешіміне наразылығын 1924 жылы РКП ОК жолдаған хатында айқын білдірген. Хатта негізінен маңызды үш мәселе ашық қойылды. Біріншіден, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстаннан тұратын Орта Азия федерациясын құру. Екіншіден, Түркістан АССР Сырдария облысының жерлерін Қырғызстан (Қазақстан) республикасының құрамына кіргізу. Үшіншіден, «Ташкент сұрағын» қайта қарау [3, 193-194 бб.]. Осылайша, қазақ халқының мүддесін қорғауға жан-тәнімен атсалысты, арпалысты.

Ол 1924 жылы қараша айында жаңадан құрылған РК(б)П Қазақ обкомының, 1925 жылдың ақпанынан өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. Оның хатшылық қызметінің басталуы астананы басқа жерге ауыстырумен тұспа-тұс келіп, астананы Ақмешіт қаласына көшіруге басшылық жасады. Себебі, ұлттық-территориялық межелеудің нәтижесінде Орынбор қазақ қаласынан орыс қаласына айналған еді. Қазақстанның жаңа астанасын таңдауға байыппен қараған С.Қожанов «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз үйінде болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек... Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек» [4, 86 б.] деп білді. Қарап отырсақ, 1997 жылы астананы таңдауда Елбасы Н.Назарбаев та әдемі қала, ыңғайлы үйлерді іздеген жоқ. Егер жанға жайлылық тұрғысынан келсек, онда астанамыз табиғаты жұмсақ «Жер жәннаты атанған Жетісуда» қала берген болар еді.

«Қайда болса да Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын. Киіз үйге орнаса да, қалың қазақтың ортасы болсын. Олай ойламай, әдемі үй, жайлы мекеме іздеп кетсек, бір күн де болса кешікпекпіз. Бір мезгіл де болса, қазақтың ұлт тіршілігін, ұлт мемлекетін жасау игілік істерін кенже қалдырмақпыз...

Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы түстігі Қарақалпақ облысы мен Сырдария гүбірнасы, күншығысы Жетісу, теріс түстігі Ақмола мен Торғай, күнбатысы Ақтөбе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ыңғайлы қала» [4, 96-97 бб.] – деп, Ақмешіт қаласын Қазақстанның астанасы қылуға, оның атының Қызылорда болып өзгеруіне мұрындық болды. Осы жерде ол ілгері даму үшін әркім ауылына тартпай, дау-дамайға салмай жалпыға ортақ пікірге келуге шақырды. Бұл оның қазақ халқының руға, жүзге, жершілдікке бөлінбей, ұлт ретіндегі тұтастығын сақтауға деген ұмтылысы еді.

Қазақ елі жеке мемлекет болып құрылған соң, 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп дабыл қаққан С.Сейфуллиннің бастамасын жалғастырып, патша өкіметінің кемсітуімен «киргиз» аталып келген халықтың тарихи «қазақ» атауының қайта қалпына келуін жүзеге асырды.

С.Қожанов қазақ ауылындағы оқу-ағарту мәселелерін шешуге де белсене араласты. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген соң, бір жылдай мұғалім болып жұмыс істеген ол бұл саладағы түйткіл мәселелермен жақсы таныс болатын. Өз қолымен толтырған көптеген анкеталарда негізгі мамандығын «педагог» деп көрсеткен. Сондықтан да болар ағартушылыққа үлкен үміт артып, күш-жүгерін жұмсады. Оның мектеп ісін ұйымдастыру, қоғамдағы мұғалімнің орны, халық арасында ағартушылық жұмысын жүргізу мәселелеріне қатысты ойлары Алаш қайраткерлерінің ұстанымдарымен үндесіп жатты. Ол «...халық ағарту, оқу жұмысы – мұнан былайғы жұмыстардың ең үлкені. Бұл жұмыс – һәр дәуірде керектінің ең үлкені. Әзіргі күнде әсіресе зорайып тұр...Халық ағарту жұмысын ең жұмыстың үлкені деп санауды сөзбен ғана айтып қоймай, іс жүзінде жүргізу керек» [4, 117 б.] деп анықтады. Осы ағартушылық жолында мектептер ұйымдастыру керек екенін, сондай-ақ ондағы мұғалімнің рөлін де жақсы түсіне білді.

Халқының болашағын ана тілінен бөле-жара қараған емес, туған тілді жастай игерудің маңызын жазбай таныды. «Қырғыз-қазақ халқының бір заманда қолы жетіп, бір жөнді мектептері бола қалса, солардың барлығында оқыту тілі – ана тілі болуы міндет. Әзірде қырғыз-қазақ халқының ең болмағанда бастауыш мектептері ана тілінде болуы керек һәм саны жеткілікті болуы керек. Қырғыз-қазақ еңбекшілерінің балалары тегіс әуелі ана тілі мектептерінде тәрбие алуы тиіс. Мезгілсіз жат тілге байланып, мың қате болып, сорлағаны дұрыс емес» [4, 123 б.]. Ұлттың болашағын оқу-білімнен, тәрбиеден екенін: «...мәдениеттің түп қазығы, жұртшылықтың тірегі, бостандықтың шын құралы – бастауыш мектеп; қырғыз-қазақтың ана тіліндегі ұлт мектебі. Халық ағарту мәселесінің негізі де – бастауыш мектеп мәселесінде. Осыны ұмытпау керек» [4, 125 б.] деп ескерткен. 1923 жылы Халық ағарту комиссары С.Қожановтың баяндамасының негізінде Түркістан атқару комитеті қабылдаған қаулыда «...жергілікті тұрғындардың бұқара халқының мәдени дамуы ұлттық мәдениет арнасында дамуы керек» - дей келе, «ана тілінде сабақ беру мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана сабақ беру тілі ретінде орыс тілінде жүргізуге рұқсат» [3, 111 б.] деп көрсетілген. Бір ғасырға жуық уақыт өтсе де бұл мәселе әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Бүгінгі күнгі бастауыш мектептердегі жағдай осының дәлелі. Өз ана тілін игеріп үлгірмеген балалар шет тілін оқып, шала сауатты жандарға айналуға. С.Қожанов қазақ тілінде оқулық әзірлеуге де атсалысқан, оның «Есеп тану құралы» – 1924 жылы жарық көрген болатын. Сондай-ақ, барлық ауылдық, қышпақ және волостық билік органдарында іс-қағаздарын жергілікті тұрғындар тілінде жүргізуге үлкен мән берген.

1925 жылы Қазақ Өлкелік комитетіне басшылыққа Ф.Голощекиннің келгені белгілі. С.Қожановтың жергілікті саяси мәселелерді шешудегі батылдығы, жергілікті халық арасындағы беделі Голощекинге ұнай қоймайды. Сондықтан оның Мәскеуге қызметке ауысуына барынша «көмектеседі». Орталықтың көзқарастары мен ұстанымдары «қауіпті» деп танылған қайраткерлерді Мәскеуге қызметке алуы сол

кезде қалыптасқан тәжірибе еді. С.Қожановқа дейін мұндай мектептен Т.Рысқұлов, С.Мендешев, С.Асфендияров өткен болатын. Уақыт өте келе С.Қожанов ұстанған бағыт ұлттық ауытқушылық ретінде бағаланып, оған «қожановшылдық» деген айдар тағылды.

Қазақстанның басшылығында бір жылдай ғана қызмет атқарған С. Қожанов азаматтықтың, халыққа, ұлтқа қызмет етудің тамаша үлгісін көрсете білді. Осы орайда М.Шоқайдың С.Қожановқа «С.Сәдуақасов, Қожанұлы Сұлтанбек және Мендешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірибелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қызметтерінен арылмайды деп сенеміз» [5, 60 б.] деп берген бағасы өте құнды.

С.Қожанов қара басының қамы мен мансап үшін қызмет еткен жоқ. Ол әртүрлі деңгейдегі қызметте жүріп, талай игі істердің бастамашысы бола білді. Жастайынан халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен С.Қожанов қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін, салттарын, әдебиеті мен мәдениетін дамыту жолында талай тер төкті. Соның бір көрінісі өзінің өлеңдерінде де, мақалаларында да қазақтың мақал-мәтелдерін кеңінен қолданған. Мысалы, «Қазақ мақалдарынан» атты өлеңінде «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін», «Алтын көрсе періште жолдан таяр», «Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма» қайырымдарын:

Жұрттыққа сенген тарықпас,
Кісіге сенген молықпас.
Өзі ақымақ адамға
Адал жолдас жолықпас.
Байдың ұлы сөйлесін,
Қисық болса да ауызы... – деп жаңғыртып берген.

Кеңестік билік жүргізген оспадарсыз саясатынан ұлт мәдениетін сақтап қалуға, қорған болуға ұмтылды. Наурыз мейрамының мән-мағынасын былай түсіндіре келе: «22-ші март – Наурыз мейрамы. Күншығыс халқына тегіс мейрам қылып өткізу салт болған күн. Мұны көп білгіштер дін мейрамы деп жиреніп, лажы болса, құрттып жіберу керек деп сопышылсынып, аңқау елге арамза молдалық соғатын қазақ коммунист жолдастардан бар екен. Наурызға арналған намаз жоқ. Наурызда құрбан шалынып, құран оқылмайды. Наурыз – жыл басы. Наурыз – күн мен түннің теңеліп, күннің асып кетіп бара жатқан уағына дәл келетін мейрам. Наурыз – мұсылмандықтан бұрын шыққан мейрам. Наурыз – ел шаруасымен күн көріп, табиғат шарттарына тұрмысы көбірек байланысқан елдің тұрмысы тудырып отырған мейрам...» [4, 195-196 б.] деп, оның тұрмыс шарттарынан туып отырған халықтың салты екенін, одан теріс қараудың, бас тартудың қажет еместігін негіздеген.

С.Қожанов – белгілі публицист, «Бірлік туы», «Ақ жол» газетінің редакторы болды. Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті шын мәніндегі қазақтың шығармашылық зиялылары топтасқан орталыққа айналды. Газет бетінде Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Абдолла Байтасов, Илияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев, т.б. қаламгерлердің шығармалары жиі жарық көрді.

Қаламы ұшқыр, ойы жүйрік С.Қожанов өз заманының өткір мәселелерін талқылаудан, оған өз пікірін ашық айтудан қалыс қалған емес. Ол мақалаларын Тоқпақ, Тарпаң деген бүркеншік аттармен «Тілші», «Кедей еркі», «Еңбекші қазақ», «Советская степь», «Правда Востока» газеттері мен «Шолпан», «Сана» журналдарында жариялап отырған. Осы бүркеншік аттары да оның мінезінен хабардар еткендей. Оның қаламынан туындаған мақалалар да баршылық. Олар оқу-ағарту, қоғамдық-саяси, экономика және әлеуметтік мәселелеріне арналған. Сондай-ақ, 1928 жылы «Кеңестік Түркістан автономиясының 10 жылдығына атты» кітабы Ташкентте жарық көрген.

«Дарынды адам барлық істе дарынды» демекші С.Қожанов мемлекет-қоғам қайраткері ғана емес ақын, аудармашы. Ол Демьян Бедный, К.Бальмонт шығармаларын аударған. Сегіз қырлы, бір сырлы тұлға қаламынан туындаған «Қайтейін?», «Кім жауапкер?», «Ойлап көрші», «Бұл кім? (мұғалімдерге арнап)», «Нені айтайын?», «Тілмаштарға бір сын» деген өлеңдерін бүгінде көпшіліктің бірі білсе, бірі біле бермейді.

С.Қожанов көптеген әдебиет, мәдениет қайраткерлеріне қамқорлық жасаған. Ол 1923 жылы ақын М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағын Ташкентте шығаруға мұрындық болған. Жинаққа алғы сөзді де С.Қожановтың өзі жазған. Сол кездері М.Жұмабаевтың биліктің қыспағында жүргеніне қарамай оған қол ұшын созып, азаматтық жасады. Мағжанның өлеңдер жинағын шығарумен шектелмей, оның Мәскеудегі

Әдебиет институтында оқуына да ықпал етті. Мына бір мұрағат құжатына назар аударсақ: С.Қожановтың Мағжан Жұмабаев туралы 1923 жылы Мәскеуге жазған баяндама хаты. Хатта М.Жұмабаев шығармашылығына жоғары баға бере отырып, оған қырғыз халық көркем әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде кеңес билігінің тарапынан аса бір ықыласпен қарауды сұраған. Сонымен қатар, М.Жұмабаевтың отбасы бар екенін ескере отырып, шәкіртақысын жоғарғы разрядпен төлеуді, жол шығыны мен отбасымен жаңа жерге орналасуы үшін бір мезгілдік төлемақы төлеуді өтінген. Бұл құжаттан С.Қожановтың өз замандасына деген құрметі мен қамқорлығы сөз жоқ байқалып тұр. Осы кезде екеуі де орда бұзатын отыз жаста екен (С.Қожанов - 29 жаста болса, М.Жұмабаев - 30 жаста).

Осы жылдарда Ж.Аймауытовтың Шымкенттегі педагогикалық техникумға директор болып орналасуына септігі тиіп, қудаланған М.Әуезовке пана болды. Сонымен қатар, Ғ.Мұратбаев, С.Сапарбеков, Н.Ондасынов, Ә.Қоңыратбаев секілді жастарға да ағалық қамқорлық көрсетуі, оның адам, азамат ретіндегі бейнесін аша түседі. Уақыт өте келе әдебиетші-ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Ол өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісітін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін, Ашуы жоқ, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан тұлғалы кемеңгер адам еді» [6, 171 б.] деп еске алады.

С.Қожанов сөзге шебер, қиын сәтте сөз тауып айта алатын шешен болған. Соның бір айғағы, бас хатшы И.Сталинмен арадағы сөз қақтығысулары. Көзі тірі кезінде ақ аңыз болып таралған бұл сұхбатты өз шығармаларында С.Мұқанов та, Ж.Арыстанбеков те тамаша келтірген.

Жалпы С.Қожановтың өмірінен, істерінен бүгінгі жастардың алар тағылымы мол. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Біздің Сұлтанбек Қожановтың өмірінен алатын үлгіміздің бірі – кең ойлау, өз халқың үшін шынайы уайым жеу, оның кемшіліктерін айта білу, осылайша олардан арылуға көмектесу» деген болатын. Оның ұлтына қызмет ету жолындағы қайсарлығы, турашылдығы мен ұлтжандылығы, ізденімпаздығы жастарға үлгі болары сөзсіз.

1917 жылы «Бірлік туы» газетінде жарық көрген «Қайтейін» деген өлеңінде

«Қу заман, ит тіршілік қорладың ғой,
Көрсем де қанша икемдеп болмадың ғой.
Жете алмай дегенімнің жалғызына,
Талап көп, талайсыз боп сорладым ғой.

....

Қайтейін құр талаппен шыдай берем,
Талпынып күнде өзімді сынай берем.
Мен де боп іс адамы басқалардай,
Күн келер мен де істейтін, анық сенем» - деп

таудай талабымен болашағына сеніммен қараған, талай сынақтан өтіп, іс адамы боп шыңға да көтерілген С.Қожанов тура 20 жылдан кейін саясат құрбаны боп кете барды. Қайраткер 1937 жылы 16 шілдеде ұсталып, 1938-жылы 10 ақпанда нақақ атылған. Бар болғаны 43 жыл өмір сүрген С.Қожановтың артында жары – Гүләнда, 3 баласы қалған. Қызы Зибә, ұлдары Нұрлан және Арыстан. Жары Гүләнда «халық жауының «әйелі» деген атақтан бас тартпағаны үшін 11 жыл АЛЖИРде отырған, 1989 жылы дүниеден озды.

«Ештен кеш жақсы» демекші. Бүгінде өзінің туған ауылы Ақсүмбеде, Кентау қаласында С.Қожанов атында орта мектеп бар. Шымкент, Қызылорда, Түркістан, Арыс, Алматы қалаларындағы көшелерге Қожанов есімі берілген. Түркістанда оған ескерткіш қойылған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қожанұлы С. Шығармалары / Құраст. А.Шәріп. – Алматы: Арыс, 2009. – 352 б.; Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы / Құраст.: Х.Тұрсұн, А.Әбікей. – Алматы: Жалын баспасы, 2013. 1 том. – 384 б.; Қожанұлы С. Таңдамалы мақалалар. Архивтік құжаттар / Құраст.: Х.М. Тұрсұн, А.Ж. Шәріп. – Алматы: «Арта-В», 2019. – 342 бет.
2. Бөкейханов Ә. Екі жол // Бөкейхан Ә. (1866-1937) Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: Сарыарқа БҰ. 2010. – 560 бет. – 5 том.
3. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы / Құраст.: Х.Тұрсұн, А.Әбікей. – Алматы: Жалын баспасы, 2013. 1 том. – 384 бет.
4. Қожанұлы С. Шығармалары / Құраст. А.Шәріп. – Алматы: Арыс, 2009. – 352 бет.
5. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. – Алматы, 1999. Т. 2.
6. Шәріпов А. Сұлтанбек Қожанов шығармашылықпен де айналысқан // Алаш арысы. – Алматы, 2011.

References:

1. Works Of Kozhanuly S. / Comp. A. Sharip. - Almaty: Arys, 2009. - 352 P.; Kozhanov S. collection of documents and materials / comp.: H. Tursun, A. Abikey. - Almaty: Zhalyn publishing house, 2013. Volume 1. - 384 P.; Kozhanuly S. selected articles. Archival documents / comp.: H. M. Tursun, A. Zh. Sharip. - Almaty: "Arna-B", 2019. - 342 pages.
2. Bokeikhanov A. two lines // complete collection of works of Bokeikhanov A. (1866-1937) in 7 volumes. - Astana: Saryarka BU. 2010. - 560 pages. - 5 volumes.
3. Kozhanov S. collection of documents and materials / comp.: H. Tursun, A. Abikey. - Almaty: Zhalyn publishing house, 2013. Volume 1. - 384 pages.
4. Works Of S. Kozhanuly / Comp. A. Sharip. Almaty: Arys, 2009. - 352 pages.
5. Shokai M. Selected. In 2 volumes. - Almaty, 1999. Vol. 2.
6. Sharipov A. Sultanbek Kozhanov was also engaged in creativity. - Almaty, 2011.

ӘЖ574-87
ГРНТИ 03.01.09

A.G. Shabambayeva¹, B.A. Abdrahmanov²

¹ PhD student in 6D020300-History, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

² Candidate of Historical Sciences, Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

LIFE AND SCIENTIFIC HERITAGE OF A.ZH. MASHANOV

Abstract

The article discusses the life and scientific heritage of Akzhan Zhaksybekovich Mashanov, Doctor of Geological and Mineralogical Sciences, professor, corresponding member of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, honored worker of Kazakhstan, who during his lifetime received the high name of "al-Farabi of the 20th century". The creative path of a real scientist, vigorous social activity began in the second quarter of the 20th century - during the difficult period of the struggle of the Kazakh people for independence and freedom, the awakening and rising of national identity.

The scientist is widely known not only in Kazakhstan and Soviet science, but also in the global scientific community. His works cover a wide range of subjects of professional interest, such as geology, mining, history, archeology, farabi studies, theology. He spoke Arabic, Old Turkic, Hebrew and a number of other languages. He studied the works of al-Farabi in the primary sources and made a huge contribution to their popularization.

Keywords: A.Zh. Mashanov, P.A. Ryzhov, A.A. Yermekov, Abu Nasr al-Farabi, mine surveying, farabi studies, geomechanics, Academy of Sciences of the Kazakh SSR

A.G. Шабамбаева¹, Б.Н. Абдрахманов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
"6D020300 – Тарих" мамандығының докторанты

²т.ғ.к., Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университеті

А.Ж. МАШАНОВТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессоры, көзінің тірісінде «XX ғасырдың Аль-Фарабиі» дейтін жоғары атақ алған геологиялық-минералогиялық ғылым докторының өмірі мен ғылыми мұрасы қарастырылады. Ғалымның шығармашылық жолы, белсенді қоғамдық қызметі 20-ғасырдың екінші жартысы, қазақ халқы үшін қиынқыстау кезең, тәуелсіздік пен бостандық үшін күресі, ұлттық сана-сезімнің ояну және көтерілу кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Ғалым тек қазақстандық және советтік ғылым ортасында ғана емес, әлемдік ғылым қауымдастығында да кеңінен танымал. Оның ғылыми еңбектері кәсіби қызығушылық танытатын түрлі пәндердің кең спектрін қамтиды, атап айтқанда: геология, тау-кен ісі, тарих, археология, фарабитану, теология. Ол араб, ескітүрік, иврит және тағы басқа да тілдерді меңгерген. Аль-Фарабидің еңбектерін негізгі әдебиеттерден зерттеді және олардың кең таралуына үлкен үлесін қосты.

Кілт сөздері: А.Ж. Машанов, П.А. Рыжов, А.А. Ермаков, Әбу Насыр әл-Фараби, фараби туралы зерттеулер, геомеханика, Қазақ КСР Ғылым Академиясы

Шабамбаева А.Г.¹, Абдрахманов Б.Н.²

¹ докторант специальности 6D020300-История,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

² к.и.н., Павлодарский Государственный Педагогический Университет

ЖИЗНЬ И НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.Ж. МАШАНОВА

Аннотация

В статье рассматривается жизнь и научное наследие доктора геолого-минералогических наук, профессора, член-корреспондента Академии Наук Казахской ССР, заслуженного деятеля Казахстана Акжана Жаксыбековича Машанова, еще при жизни получивший высокое имя «аль-Фараби 20-го века». Творческий путь настоящего ученого, активная общественная деятельность начались во второй четверти 20-го века – в сложный период борьбы казахского народа за независимость и свободу, пробуждения и подъема национального самосознания.

Ученый широко известен не только казахстанской и советской науке, но и в мировом научном сообществе. Его работы охватывают широкий спектр предметов, представляющий профессиональный интерес, такие как: геология, горное дело, история, археология, фарабиеведение, теология. Он владел арабским, старотюркским языками, ивритом, а также рядом других языков. Изучал труды аль-Фараби в первоисточниках и внес огромный вклад в их популяризацию.

Ключевые слова: А.Ж. Машанов, П.А. Рыжов, А.А. Ермаков, Абу Наср аль-Фараби, маркшейдерское дело, фарабиеведение, геомеханика, Академия Наук Казахской ССР

In the history of mankind there were many personalities whose life and fate was a reflection of the life of his people. An example of this is the life of Akzhan Zhaksybekovich al-Mashani, who became one of the founders of science and education of the contemporary history on Kazakh land. More than a century has passed since his works came out. Akzhan Zhaksybekovich is one of those who made an indisputable contribution to the development and prosperity of his native country. One can envy his life and be surprised at the same time. The scientist was born on November 2, 1906 in the village of Nurken, Karkaraly district, Karaganda region. The family of Akzhan Zhaksybekovich was quite well-known: his grandfather Mashan bi, Zhaksybek's father, was the foreman of the village [1, p.11]. When remembering his father, Akzhan Zhaksybekovich always said that it was his father who was the first teacher for him, "my father laid the initial foundations of knowledge in me" [2, P.3].

In the years 1922-23 he studied at the Soviet school. After graduating from school in 1924, he entered a teacher training college in Karkaralinsk, that was opened in 1922 by Alimkhan Yermekov, the famous scientist and social activist. At the school, students were taught by prominent scientists such as Alikhan Bokeikhanov, Akhmet Baitursynov, Manan Turgynbaev, Vyacheslav Kolpytin [2, P. 3]. As a student at the teacher training college Akzhan Zhaksybekovich begins to work from January 1, 1926 to June 1, 1930 as a teacher at a first-level school in aul №1 of the Karkaraly district [3, P.59 rev.]

After graduating from the teacher training college, the scientist is sent as an instructor to the Abralinsky district department of education in Semipalatinsk, then as an instructor to the Semipalatinsk regional department of public education. Here, in the autumn of 1933, preparatory courses for admission to the institute are opened at the Semipalatinsk Geological College. After completing training in these courses, Akzhan Zhaksybekovich enters the Kazakh Mining and Metallurgical Institute as a mining engineer-geological prospector. Recalling the years of study at the institute, Akzhan Zhaksybekovich wrote: "Among the students, I was one of the eldest, because I worked for 5-6 years. Moving and studying in Almaty was a new beginning for me..." [2, P.7].

Here, a young, talented person is noticed by Petr Aleksandrovich Ryzhov, Doctor of Technical Sciences, professor, head of the Department of Geodesy and Mine Surveying. Without waiting for the graduation of engineers of the mine surveying profession, Petr Aleksandrovich begins to prepare his students from among students of a related specialty. First of all, he drew attention to the geological exploration specialty. The choice of Petr Aleksandrovich fell on A.K. Kayupov, K.F. Ermolaev, A.Zh. Mashanov [4, p.2]. After graduation, all three

entered graduate school at the Department of Geodesy and Mine Surveying. It should be noted that during the training period, due to the specifics of the specialty “mine surveying”, A. Mashanov had to additionally study some applied disciplines, such as: subsoil geometry, mathematical statistics [4, p.5], which subsequently helped him to develop a geometric method in geology.

After graduating with honors from the institute in Geological Exploration specialty in 1939, the scientist was enrolled in graduate school at the Department of Mine Surveying and at the same time worked as an area engineer at the Leninogorsk mine and as a head of geological detachments of the KazFan of the USSR (the Kazakh branch of the USSR Academy of Sciences) [3, P.58]. When shooting in the Chubartau region A.Zh. Mashanov and R.I. Mukhamedzhanova discover the Akbastau-Kusmuryu polymetallic deposit of one of the largest gold deposits in Kazakhstan. Thus, the first steps of the independent work of Akzhan Zhaksybekovich were marked by “gifts of the native land”. It is worth noting that Akzhan Zhaksybekovich did not work for these objects for very long, various reasons contributed to this, and most importantly, the war began. Only in 1953 Akzhan Zhaksybekovich was able to return to the research of this object. Subsequently, in 1978 A.Mashanov was awarded the title of discoverer of Akbastau-Kusmuryu deposit.

In addition to the open deposits, in the period since 1940, under his leadership and direct participation research was carried out on ore deposits in the Leninogorsk, Turgai, and Karatau regions.

In 1944, under the leadership of P.A. Ryzhov at the Scientific Council of the Institute of Geology of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR [5, P.110] A.Mashanov brilliantly defends his thesis for the degree of Candidate of Geological and Mineralogical Sciences. The dissertation of the scientist is devoted to the structure of the Turgai ore field. Kassin N.G., Doctor of Geological and Mineralogical Sciences, and Bok I.I., Professor, Doctor of Geological and Mineralogical Sciences, acted as opponents [5, P.110]. Both opponents gave good feedback, noted the prospects of the method used by scientist.

In his work, Akzhan Zhaksybekovich developed and applied a new original methodology for the structure of mineral deposits [5, P.49], this technique is based on mechanical-mathematical, mining geometric principles. Later, this method was called the "geomechanical method" and was widely used in mine surveying, in mining geometry and in the geometrization of mineral deposits.

The technique developed by A.Zh. Mashanov formed the basis of the work of a number of his followers: A.K. Kayupov, Gazizov, etc. The same method was used to study the structure of Akbastau and Kusmuryu deposits discovered by Akzhan Zhaksybekovich himself [5, P.72]

The geomechanical method developed by the scientist was used when studying the stability of the highwall slopes of such quarries as:

1. Counrad Quarry
2. Buurdun quarry
3. Leninogorsk / Andreyevsky / quarry
4. Zyryanovsky quarry
5. Dzhezkazgan quarry
6. Coal quarries of the Karaganda region
7. Karazhal / Atasuisk /
8. Sokolovsky
9. Sarybai
10. Altyntapkan
11. Ekibastuz quarry [5, P.73].

In the "Mechanics of rock mass" monograph Akzhan Zhaksybekovich summarized the experience of many years of use and development of the geomechanical method, the methodology of the scientist was also reflected in "Geometry of the bowels" by P. Ryzhov, "Engineering geology" by Panyukov P.N.

In 1946, A. Mashanov defended his doctoral dissertation on the “Study of the structure of ore fields by the method of subsoil geometry” theme at the Moscow Geological Prospecting Institute. The work of the scientist is written at the junction of three complex disciplines such as geology, mine surveying and applied mechanics. In this regard, the official opponents were L.S. Leibenzon, academician-mechanic, P.K. Sobolevsky, professor, doctor-mine surveyor, V.M. Kreiter, professor, doctor-geologist [5, P. 49]. Opponents noted that the thesis has scientific value [6, P.25].

Based on scientific research data Akzhan Zhaksybekovich becomes the founder of a new branch of mining and processing science - geomechanics. In the essay “Memorable milestones of my path to science”, the scientist, speaking about geomechanics, noted that this science “is the most promising direction in the mining and geological cycle” [2, P.33]. Thus, Akzhan Zhaksybekovich is the founder of the Kazakhstan school of geomechanics, which he has been developing for over fifty years.

In 1946, the Academy of Sciences was opened in Kazakhstan. The opening of the Academy of Sciences is one of the important pages in the history of our country, “this circumstance spiritualized us to the limit and we, young scientists, worked tirelessly, because it was an unprecedented spiritual rising in the science and culture of our native people” [2, P.37 rev.]. By the Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR, the Council of Ministers of the Kazakh SSR and the Central Committee of the Communist Party (Bolsheviks) of Kazakhstan dated May 31, 1946 “On the establishment of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR” A.Mashanov becomes a corresponding member [7, P.17].

In the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Akzhan Zhaksybekovich is appointed to the post of senior researcher and head of the sector in the department of geological-geographical, technical and chemical sciences (department of mineral resources) [7, P.56].

In 1950, by the request of the director of the Kazakh Polytechnic Institute and the decree of the Presidium of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, the scientist teaches at KazPTI as an associate professor at the Department of Mine Surveying, and since 1960 becomes the head of the Department of Mine Surveying [5, P.49]. Speaking about Akzhan Zhaksybekovich as an instructor, it is necessary to note that he tirelessly transferred his knowledge, his rich experience to his students, always treated kindly to people, was ready to provide any help to students, graduate students, teachers. Over the course of many years of scientific and pedagogical activity in the native university, scientists have trained more than 1000 mining engineers-mine surveyors. Under his leadership, 25 doctoral and candidate works were defended. Not only those who defended his dissertations belong to his students, but also those to whom he taught. Many of them have become prominent scientists and make a great contribution to the development of world science, thereby continuing the work of Akzhan Zhaksybekovich.

Marzhan Baysanovna Nurpeisova, Doctor of Technical Sciences, professor of Satbayev University, speaking of her mentor as a teacher and then the head of the department, noted his wide range of thinking, an indefatigable thirst for knowledge. So, for example, he wrote history based on historical facts, exploring mountain-rocky terrain, relying on historical monuments, heard legends, thereby writing the true history of the past. In this regard, works of A.Zh. Mashanov such as “Babalarga bata” (1933), review by A.Zh. Mashanov on an essay by S.A. Semenov-Zusser (1943), “Qazaqstan zherinde erte zamandarda Kazylgan kender” (1974), “From the history of the ancient East” (1983), “Kargaraly manyndagy mirastar” (1989), “Tekter tegi” , “Qyryqtyn biri - qydyr” (1993), “Tanbalar” (1993) are especially interesting. In addition, the scientific heritage of Akzhan Zhaksybekovich has many works devoted not only to geology and mining, but also to farabi studies.

Elbasy N.A. Nazarbayev in his “The Seven Facets of the Great Steppe” article noted that “many nations are deservedly proud of the names of great ancestors who have become the unique ambassadors of their countries” [9]. One of the personalities who glorified Kazakhstan in the world and left a deep mark in world culture is Abu Nasr ibn Muhammad al-Farabi. The name of Abu Nasr al-Farabi is known to everyone, but only a few know that only thanks to Akzhan Zhaksybekovich we can proudly say that the Republic of Kazakhstan is the homeland of al-Farabi.

For the first time, the name Abu Nasr al-Farabi Akzhan Zhaksybekovich heard in 1943 from the Czechoslovak mathematician Ernest Kolman, “in those difficult years of the war, I first heard the name al-Farabia native of Kazakhstan” [10, P. 3 rev] - recalled Akzhan Zhaksybekovich. From that moment on, the scientist considered it his duty to study the scientific heritage of the Great Thinker, “there were individuals before and after Farabi. However, among them, such as Farabi, in four areas of science and artit is difficult to name any of the scientists who made a major contribution....” [11, p.6]. It was A. Mashanov who was one of the first to study the scientific heritage of al-Farabi: “Is anyone forbidding us to study the scientific heritage of al-Farabi and is this not a direct and honorable duty for scientists of Kazakhstan - his homeland? It is our duty to the people and to the memory of one of their great sons. And I set myself the task to begin research on the heritage of Farabi. That was in 1956. [12, pp. 105-106]. From this moment, the scientist begins the search "in the footsteps of al-Farabi." So, as a result of painstaking work in the period 1958 - 1968 scientists have acquired more than fifty scientific works of

al-Farabi, among which there were works that had not previously been included in the scientific circulation and unknown to researchers. It should be noted that despite the work done, studying the scientific heritage of al-Farabi was slow. This was facilitated by such factors as the lack of a center of oriental studies, specialists who know the Arabic language, for example, “the works of al-Farabi written in Arabic in their homeland simply could not be read, not to mention their scientific study” [10, P.68]. Despite these problems, Akzhan Zhaksybekovich began to study the scientific heritage of a medieval thinker. To this end, the scientist begins to study actively the book depositories of libraries not only in Kazakhstan and the USSR, but also in the countries of Europe, Asia, America, and Africa. By 1960, in the hands of Kazakhstan’s scientists there was a significant amount of al-Farabi’s works, previously unknown to scientists and not included in the scientific community: “Comments on Ptolemy's Almagest,” “Methods for constructing geometric figures”, “Astrology”, “On the unity of views of two philosophers, Plato and Aristotle”, “Views of the inhabitants of a virtuous city”, “The origin of sciences”, “Pearl of science”, “Comments on the works of Aristotle” [10, P.58]. In addition, articles appeared in the periodical press announcing the beginning of the study of the scientific heritage of Abu Nasr al-Farabi, for example, in 1961 the “Bilim zhane Enbek” magazine published an excerpt from the philosopher’s treatise in Kazakh.

Under the Soviet regime, it was not easy for Akzhan Zhaksybekovich to collect and research the works of al-Farabi. His works were criticized, they were given negative reviews: “... the genre of the work as a whole is unclear, ... with surprising insistence it evades the main theme, ... the general theme is not disclosed, and it is hard to expect that this can be done by forces of one author...”[13, P.1]. “Claiming that the eastern culture of Mesopotamia and Egypt was the primary source for al-Farabi, A. Mashanov forgets how much this cultural heritage received from radical processing by the Greeks, after all, Marx and Engels wrote about it ... Light speculation, hypotheses, and ... - the author’s weakness” [14, P.4-5] - these are the words that characterized A.Zh. Mashanov’s “In the footsteps of al-Farabi”, “Al-Farabi and music”. Despite the negative reviews, the scientist continued to collect materials about al-Farabi, send requests to different countries in order to find the works of a medieval scholar. So, he sent letters to France, Great Britain, Italy, the USA, Egypt, Czech Republic, Holland, Syria, Lebanon and other countries. For example: “Dear Dr. Kessen! I beg you to send me a microfilm of manuscript №1427 of your library containing al-Farabi’s treatise on music. I really need this microfilm for my research on the scientific work of my fellow countryman al-Farabi ” [15, p. 287]. And there are a lot of such search letters, which gives reason to testify to a high civic position, devotion and love for science, the spiritual heritage of the great scientist of the East - al-Farabi.

To fully understand the heritage of his great ancestor, Akzhan Zhaksybekovich at the age of 50 begins to study the Arabic language. “Is it possible to protect the heritage of al-Farabi without reading what he read, without writing what he wrote?” [1, p.74]. So, for two years he has sufficiently learnt Arabic.

A. Mashanov did not stop and continues to search for information about the great ancestor. So, in 1968, the scientist made his famous trip to Damascus in order to find the burial place of a great ancestor and bring land from his grave to the small homeland of al-Farabi, the city of Otrar. Speaking about the trip to Syria, A. Kekilbaev noted the following: “this trip, undertaken on the personal initiative of A. Mashanov, was a decisive event in intensifying the study of the scientific heritage of al-Farabi, the great thinker of the East”. [14, P.6]

Особенность Интернет ресурсов в том, что он функционирует одновременно как средство и публикаций, и коммуникаций, чем кардинально отличается от массового вещания и телекоммуникационных услуг. Интернет существует не в правовом вакууме, так как все, кто с ним связаны, - авторы, сетевые операторы, провайдеры доступа и обычные пользователи - являются субъектами соответствующих законов. Если принять во внимание, что при проведении избирательных кампаний максимальное количество нарушений совершается на стадии предвыборной агитации, то естественно предположить, что Интернет будет использован как средство осуществления незаконной агитации, например, для размещения и распространения заведомо клеветнической информации. Таким образом возникает вопрос - как законодательно регулировать деятельность компаний, которые предоставляют доступ, размещают и создают такую информацию. Хотя сетевые операторы непосредственно не контролируют содержание информации, представляемой в Интернете, в некоторых случаях их деятельность расследуется властями, поскольку они осуществляют доступ к информации незаконного или вредного содержания. В некоторых странах уже принято несколько специфических нормативных правовых актов, регулирующих ранее указанные отношения, и их правоприменительная практика непосредственно связана с национальными традициями, что проявляет противоречие с всемирным характером сети Интернет. В некоторых европейских странах приняты или предлагаются к принятию законы, которые позволяют привлечь провайдеров сетевых услуг к юридической ответственности за содержание расположенных на их компьютере информации, если они заведомо знали, что предлагаемое содержание незаконно, или не приняли меры для его устранения, когда их внимание обратили на эти факты. Так же некоторые страны требуют, чтобы провайдеры доступа ограничили доступ к таким источникам информации. Если незаконное содержание невозможно устранить с сервера, так как оно расположено в другой стране, в качестве альтернативы может рассматриваться блокирование доступа со стороны провайдера.

В Казахстане, как и в любой другой стране, позиционирование места государства в регулировании Интернета считается одной из важных проблем. Прежде чем определять правовые механизмы, необходимо на уровне государственной политики решить, каковы будут дальнейшие планы по отношению к Интернету в целом. Четко обозначились тенденции на усиление цензуры, предоставление ведомствам новых полномочий для контроля над информационным пространством, ужесточился контроль в отношении владельцев номеров операторов связи. Кроме того, законодательство РК направлено на контроль свободы слова в интернете.

Действующий в Республике Казахстан закон, применимый к отношениям в Интернете. По наиболее общим вопросам правового режима функционирования информационных сетей и их государственного регулирования.

Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 451-І О средствах массовой информации.

Настоящий Закон регулирует общественные отношения в области средств массовой информации, устанавливает государственные гарантии их свободы в соответствии с Конституцией Республики Казахстан.

На данный момент в разных странах определения правонарушений различны, поэтому необходимо определить и разработать единые стандарты на международном уровне. Подавляющее большинство ограничений информационного рынка, кроме экономических, по содержанию должны сводиться к охране авторских прав и ограничению злоупотребления свободой массовой информации. В Казахстане создана законодательная база регулирования информационного обмена, но все же применительно к Интернет ресурсу выявляются некоторые особенности.

В соответствии с Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам информационно-коммуникационных сетей» все зарубежные интернет-ресурсы должны выполнять решения казахстанского суда. Казахстан является государством, которое целенаправленно проводит государственную политику правового регулирования национального интернет-пространства. Основы этого процесса были заложены в начале двухтысячных годов, когда веб-сайты впервые были приравнены к категории средств массовой информации [2].

В 2009 году правительство страны принял ряд нормативных правовых актов о регулировании интернет-пространства. Закон РК "О внесении изменений в некоторые дополнительные акты Республики Казахстан по вопросам информационно-коммуникационных сетей" [3]. Закон «Об Интернете», является ключевым законодательным актом, изменяющим природу правовых отношений всех субъектов в интернет-пространстве.

В настоящее время Интернет это не просто техническое изобретение, а целое мировое сообщество людей, с разной интенсивностью использующих компьютерные сети. В этом мировом сообществе могут проявляться политические интересы и пристрастия.

Изначальная функция Интернета - быть посредником в деловом общении между людьми. Но вскоре Интернету были найдены и другие способы применения, прежде всего игровое и информационно-познавательное. В своем стремительном развитии Интернет постоянно вбирает в себя все новые и новые функции и сервисы, при этом почти не утрачивая функции и сервисы предшествующего этапа, в особенности те из них, которые успели получить свою аудиторию сторонников и пользователей.

Функции Интернета не ограничиваются лишь коммуникацией - одна из наиболее массовых функций познавательная, которая представляет собой размещение на сайтах и страницах информационных материалов, а также поиск информации. Размещать информационные источники могут самые разные индивиды или организации, такие как частные лица, которые обзавелись веб - страницей, информационные агентства, и официальные органы и ведомства, общественные движения и службы, и общедоступные собрания информации (библиотеки, архивы, издательства и т.п.), и вновь сформированные сетевые хранилища, каталоги и т.п. Все чаще практикуется включение в информационные массивы наряду с текстовыми материалами изображений и звуковых носителей информации - репродукции музейных коллекций живописи, музыкальные собрания, кинофильмы и телефильмы, видеозаписи и т.п.

Информация политического характера распространяется и рекламируется посредством Интернета с помощью и размещения ее на специализированных сайтах или на электронных досках объявлений, и сетей обмена баннерами (путем обмена рекламными баннерами с владельцами других сайтов), и прямой рассылки такой информации либо ссылок на нее сторонникам либо случайным адресатам по электронной почте или посредством списков рассылки, и рассылки приглашений участвовать в сетевых мероприятиях и др. Повышению эффективности прямой рассылки политической информации служит возможность составить либо заполнить списки или базы данных перспективных адресатов с указанием их адресов электронной почты, URL'ов сайтов и домашних страничек, номеров ICQ. Немаловажное значение имеют меры по повышению рейтинга информационного ресурса, на котором хранятся материалы политического характера. Добиться повышения рейтинга можно разными путями: размещением действительно важной и общезначимой для данного общества информации, размещением скандальной информации, организацией поводов для протеста в адрес осуществляющих рейтингование служб искусственным "накручиванием" рейтинга - скажем, путем организации многочисленных заходов на рекламируемый веб-сайт активи-

стами, причем с разных хостов... Организация интерактивного обмена мнениями по политическим вопросам обеспечивается всеми коммуникативными сервисами Интернета, причем особенно важное значение она приобретает непосредственно перед началом или в ходе событий политической жизни. Борьба за отстаивание позиции и точки зрения защищаемой политической силой, должна включать организацию публичных обсуждений в Интернете и отслеживание стихийно возникающих обсуждений. Соответственно политические силы и движения должны готовить специалистов по отстаиванию в сетевых обсуждениях занимаемых позиций, ответы на ожидаемые вопросы (часто такие ответы размещаются на сайтах в рубрике FAQ, или frequently asked questions), а также вести поисковую работу по обнаружению стихийных политических дискуссий и включению в такие дискуссии для разъяснения занимаемых позиций и отстаиваемых точек зрения. Кадры, подготовленные для участия в сетевой полемике, призваны также противостоять пропагандистским акциям, затеянными противоборствующими политическими силами и движениями.

Передача политической информации посредством Интернета включает рассылку ее сторонникам - в том числе местным организациям и/или активистам, а также в адреса традиционных либо сетевых информационных агентств и СМИ и создание информационных поводов для обнародования подготовленных материалов и ознакомления с ними общественности (в том числе не настроенной заведомо дружелюбно). Такая рассылка может включать и служебную информацию, например, рекомендации по ведению политической борьбы. Такая информация должна быть тщательно защищена от посторонних глаз и ушей, что опять-таки делает актуальными меры по информационной защите.

Из этого следует, что если зондаж общественного мнения посредством Интернета и возможен, то лишь ограниченный, т.к. в нем участвуют в основном молодые и образованные жители больших городов, в ряде случаев представляющих потенциальных лидеров общественного мнения. Поэтому при проведении такого зондажа следует учитывать, что выборка не будет репрезентативной.

Зондаж общественного мнения посредством Интернета дает также возможность проводить качественный и/или количественный анализ содержания отобранных тематических информационных ресурсов с применением различных методик, например, методики контент-анализа текстов. Для этого можно воспользоваться какой-либо из представленных в Интернете многочисленных баз данных, предназначенных для хранения и обработки информации, полученной эмпирическим путем [4]. Кроме того, Интернет дает возможность организовать сетевой аналог фокус-групп - распространенного метода качественного социального исследования. Социально-демографический состав казахстанцев, представленных среди членов фокус-групп, окажется, скорее всего, ограниченным пользователями Интернета. Кроме того, значительно затрудняется работа модератора фокус-группы, лишенного возможности опираться на характеристики невербального поведения участников. Открывающаяся для членов фокус-группы возможность «отмалчиваться» и не высказывать свое мнение приводит к снижению качества итоговых данных.

Для того, чтобы противостоять предпринимаемым в Сети действиям политических противников, применяются как традиционные методы, так и специфические сетевые действия. Среди последних стоит упомянуть попытки дискредитации противника, например, путем размещения в Интернете компромата на него, попытки вывести информационный ресурс противника из строя, например, посредством хакерских атак, способных привести ресурс в состояние типа DOS - Denial of Service, что означает "отказ", т.е. неспособность ресурса выполнять свои функции для новых посетителей сайта, или произвести хакерскую замену содержания, или организовать повод для тяжбы по поводу принадлежности ресурса политического противника (поводами для тяжбы могут служить, к примеру, вопрос о собственности владельца на доменное имя ресурса, о законности регистрации ресурса, или оспаривание репутации и деловых качеств организации-провайдера и т.п.).

Вообще говоря, активность политических организаций в Интернете мало чем отличается от их активности в СМИ. Однако замечено, что многочисленные маргинальные организации и общественные движения - малочисленные, и/или небогатые, и/или радикальные и др. - весьма оперативно обживаются в Интернете, т.е. его применение, во-первых, дает возможность частично (исключительно в выгодном свете, "неудобная" информация может не афишироваться) информировать о задачах, целях и методах действия таких организаций и движений. Во-вторых, Интернет облегчает для членов таких сообществ быструю передачу тайной информации - к примеру, инструкций, указаний, предостережений и т.п. Понимание необходимости борьбы с законспирированными террористическими организациями побудило демократические страны пойти навстречу запросам спецслужб и расширить правовые возможности

осуществления перехвата таких сообщений. Тем не менее, технически задача перехвата и расшифровки подозрительных сообщений проще не стала.

Становление демократии в Казахстане проходит в условиях формирования и развития глобального информационного сообщества. Благодаря современным информационным и коммуникационным технологиям, в том числе и Интернету, этот процесс в нашей стране может пройти гораздо быстрее, чем в других государствах, где на формирование демократического общества ушло не одно столетие.

Список использованной литературы:

1. Интерактивные коммуникационные стратегии // Сообщение. 2001. № 5, май.
2. Закон Республики Казахстан от 3 мая 2001 года № 181-II «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О средствах массовой информации».
3. Закон Республики Казахстан от 3 мая 2001 года № 181-II «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О средствах массовой информации».
4. Войскунский А.Е., Скрипкин С.В. Качественный анализ данных как инструмент научного исследования // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 14, Психология. 2001. № 2. – С. 93-109.

References:

1. Interactive communication strategies // Message. 2001. No. 5, May.
2. Law of the Republic of Kazakhstan No. 181-II of May 3, 2001 "On Amendments and Additions to the Law of the Republic of Kazakhstan "On Mass Media".
3. Law of the Republic of Kazakhstan dated May 3, 2001 No. 181-II "On Amendments and additions to the Law of the Republic of Kazakhstan "On Mass Media".
4. Voiskunsky A. E., Skripkin S. V. Qualitative data analysis as a tool of scientific research // Vestn. Mosk. un-ta. Ser. 14, Psychology. 2001. No. 2. - pp. 93-109.

ӘӨЖ930:001
ГРНТИ03.01.29

Ж.Р. Қушубекова¹

² курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан E-mail: skufu_93@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 60-80 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ДІН КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа

Дін – кез-келген дәуірде, кез-келген тарихи кезеңде болса да сол қоғам санасының күрделі, әрі ежелгі формасы болып табылады.

Қазақстан аумағына ислам діні сонау қараханидтер дәуірінде тамырлана бастаса да, ислам дінің қазақ халқының қоғамдық өмірі мен әлеуметтік тіршілігіне кеңінен өріс жая бастаған кезеңі кейіннен басталды. Біздің қолымызда бар түрлі этнографиялық мәліметтер арқылы Кеңес Одағы қалыптасқанға дейінгі кезеңде ислам діні қазақ салт-санасының, күнделікті дәстүрлі өміріне кеңінен (түбегейлі десек те болады) енгендігін аңғара аламыз. Ислам діні тек салт-дәстүрмен шектелмей Қазақстан аумағындағы халықтың (яғни қазақтардың) дәстүрлі құқығына да айналып біткен болатын. Қазақ даласында шарифат заңы тек ережелерде пайдаланып қана қоймай өмірде де өз орнын ала алды. Осындай үлкен «мәртебеге» ие болған ислам діні Кеңес Одағының қалыптасуымен толықтай өз беделінен айырылды. Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі атеисттік үгіт-насихаттардың нәтижесінен, жаппай бұқаралық ақпарат құралдарындағы «дінсіздік» мәселелерінің ашық айтылуынан қоғамдық сана өзгерді, бұрынғы «бісіміллесін» аузынан тастамаған халық шарифат заңына бағыну түгілі күнделікті тұрмысында да ислами ықпалды (мысалы діни салт-жоралғылармен үйлену-некелесу, ораза ұстау, садақа беру, зекет беру) ығыстырды.

Кілтті сөздер: дін, ұлттық сана, әдет-ғұрып, дүниетаным, дәстүр, наным, сенім.

Қушубекова Ж.Р.¹

¹магистрантка 2 курса, Казахский педагогический университет им. Абая,
Республика Казахстан. г. Алматы, E-mail: skufu_93@mail.ru

РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРОЯВЛЕНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХОВ В 60-80-Х ГОДАХ XX ВЕКА

Аннотация

Религия в любом веке и в любой исторический период является сложной и древней формой сознания общества.

Хотя Ислам начал пускать корни на территории Казахстана во времена Караханидов, но широкое распространение в общественной жизни и социальной сфере казахского народа получил позже. Из множества доступных нам этнографических источников мы видим, что в досоветский период ислам широко (почти радикально) укоренился в казахских обычаях и традициях. Ислам стал традиционным не только в традициях, но и в общем праве народа (т.е. казахов) в Казахстане. В казахской степи законы Шариата использовались не только в правилах, но и в жизни. С появлением Советского Союза исламская религия полностью утратила свой статус. В результате атеистической пропаганды после Великой Отечественной войны, открытого высказывания в средствах массовой информации проблем «невежества» изменилось общественное сознание, мало того что народ перестал подчиняться законам Шариата но и в повседневной жизни были вытеснено исламское влияние (например, свадьба с религиозными обычаями-браки, пост, пожертвования, закят)

Ключевые слова: религия, национальное сознание, обычаи, мировоззрение, традиции, убеждения, вера.

Kushubekova Zh.R.¹

¹Master's Degree Student 2nd course Abai Kazakh National Pedagogical University
E-mail: skufu_93@mail.ru

RELIGIOUS MANIFESTATIONS IN THE DAILY LIFE OF KAZAKHS IN THE 60-80S OF THE XX CENTURY

Abstract

Religion in any age and in any historical period is a complex and ancient form of society's consciousness.

Although Islam began to take root on the territory of Kazakhstan during the Karakhanids, it was widely spread in the public life and social sphere of the Kazakh people later. From the many ethnographic sources available to us, we can see that in the pre-Soviet period, Islam was widely (almost radically) rooted in Kazakh customs and traditions. Islam has become traditional not only in traditions, but also in the common law of the people (i.e. Kazakhs) in Kazakhstan. In the Kazakh steppe, Sharia laws were used not only in rules, but also in life. With the advent of the Soviet Union, the Islamic religion completely lost its status. As a result of atheistic propaganda after the great Patriotic war, open statements in the media about the problems of "ignorance" changed the public consciousness, not only did the people no longer obey the laws of Sharia, but also in everyday life were replaced by Islamic influence (for example, a wedding with religious customs-marriages, fasting, donations, zakat)

Keywords: religion, national consciousness, customs, worldview, traditions, beliefs, faith.

1950-1960 жылдары Кеңестер Үкіметі өз халқының санасын, дүниетанымын толық өзгертуді көздейтін заңнамалар мен жарлықтар шығару қарқынын бірнеше есеге күшейтуімен ерекшеленеді. Мысалы, 1954 жылғы «Ғылыми-атеистік насихат жұмыстарындағы ірі кемшіліктер және насихат жұмыстарын жақсарту шаралары туралы» жарлығы, дәл сол жылғы «Тұрғындар арасында ғылыми-атеистік үгіт-насихат жүргізудегі қателіктер туралы» Орталық Комитеттің жарлықтарын алар болсақ. Екі жарлықта да партия, комсомол және басқа да ұйымдардан қарапайым халық арасында сендіру, шыдаммен түсіндіру, насихат жасау жұмыстары арқылы дінді ұнататын, дінге сенетіндерге үгіттеу шараларын қатаңдату жөнінде қарастырылған. Бұл жарлық алдыңғы атеистік насихаттаға бағытталған жарлықтарға қарағанда жұмсақтығымен көзге түседі, өйткені екі жарлықта да дін мен дін ұстанушыларға қатысты «күш көрсетпеу» шаралары туралы пікірлер, сыни тұжырымдар келтірілген. Дегенмен, Н.С. Хрущев басқарған

жылдар дінге қатысты «жылыну кезеңі» деп саналса да, 1958 жылғы «Ғылыми-атеистік насихат жұмыстарының кемшіліктері туралы» жарлығымен дін мен діни қауымдастықтарға қарсы әрекеттерді қатаңдастыру шаралары қайта қолға алынды.

Жоғарыдағы жарлықтардың жемісі ретінде сол жылдардағы (1950-1970 жж.) ғылыми әдебиеттерде көрініс тапты. Мысалы, О.А. Сегізбаев өз еңбегінде халық арасында атеистік насихат жасау шаралары мен жас ұрпаққа атеистік тәрбие беру мәселесін байытты.

Кеңестер Одағы тұсында қазақ халқының күнделікті тұрмысындағы діннің көріністеріне (1980 жылдары) қатысты зерттеулершілердің қатарына К.Ш. Шүлембаевты атап өте аламыз. Автор ислам мәдениеті тарихын зерттеумен қатар, өз дәуірінің кеңестік саясаттың идеологиялық шектеулері, үстемдіктері мен қысымдары байқалады. Автор еңбектерінде діни мәселелермен бірқатарда атеистік тәрбиені күшейтудің тәсілдеріне көп көңіл бөлінген. Кеңестер Одағы тұсында дінді насихаттамақ түгілі, «дінді адам санасын улаушы есірткеге» теңестірілгендіктен дінге қатысты барлық зерттеулер осы саясаттың шеңберінен шыға алмағандығы сезіледі [1, 99].

Үгіт-насихат жұмыстарының ауқымды жүргізілуі де, жарлықтардың бірінен соң бірі шығарылуы да қарапайым халық арасында діннің көрінісі толық жойылмады. Енді, XX ғасырдың күнделікті өміріндегі діннің көріністеріне жеке-жеке тоқталсақ.

Мешіт және «киелі» жерлерге зиярат ету. Мешіт-мұсылмандардың құлшылық жасауға негізделген архитектуралық ғимараты. 1960-1980 жылдар аралығында Қазақстанда тіркелген мешіт тек облыс орталықтарында қызметін атқарды. Дәл 1980 жылға дейін елімізде тіркелген мешіттердің сандық динамикасын өзгеріссіз қалыпта қала берген (кесте-1). Жалпы КСРО аумағындағы мешіттер санына келер болсақ 1950 жылға дейін 1500 мешіттен 1964-1965 жылдары 500-і ғана қалған.

Кесте-1. Қазақстан аумағында тіркелген мешіттердің сандық көрсеткіші

Жыл	1965	1968	1972	1975	1977	1980	1982
Мешіт саны	25	25	26	26	27	32	39

1985 жылғы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің (КОКП ОК) ««Киелі саналатын жерлерге» сыйынуды тоқтату шаралары туралы» жарлығының қабылдануына байланысты Қазақ ССР аумағындағы 26 «қасиетті» саналатын жердің 13-і жабылды, көбісі түрлі қызмет көрсету пункттеріне, кейбіреулері мұражайларға, кейбіреулері жазғы лагерлерге айналды. XX ғасырдың 50 жылдары Қожа Ахмет Яссауи кесенесі атеизм мұражайына айналдырылды, Баба ата күмбезі шаруашылық қоймасына айналдырылды, Созақтағы мешіттің архитектурасы түбегейлі өзгертілді. Мешіт безендірілген арабша, мұсылмандық өрнектер майлы бояулармен ауыстырылды. Мешіттің кіре беріс жеріне бұл ғимарат бұдан былай фильмдер көрсетілетін және дискотекалар өткізілетін клуб екендігін көрсетуші жазулар көтерілді. Қазақстандағы көптеген кесенелер мен күмбездердің ахуалы дәл осы күйде кешті.

Оңтүстік Қазақстандағы 1980 жылдары танымал болған Укаш ата кесенесі билік өкілдерінің шешімімен толығымен жойылды [2].

Қазақ халқының күнделікті тұрмысындағы исламның ықпалын анықтауда ең алдымен мұсылманның бес парызының орындалу дәрежесін анықтап алғанымыз жөн болар.

Исламның бірінші қағидасы-Алланың жалғыз екендігіне *сенім* білдіру. Кеңестер Одағы тұсында, оның ішінде біздің зерттеуімізге негіз болатын кезеңде 60-80 жылдары атеистік үгіт-насихаттың қаншалықты қуатты жүргізілуіне қарамастан, қазақ халқының күнделікті лексиконында: «Алла жалғыз», «Жаратушы», «Құдай қаласа», «Құдайдың жазғаны», «Құдайдың бұйрығы», «Бұйырса», «Бір Құдайдың қалауымен» деген сөздердің сақталуы және ең бастысы бізге жетуі халықтың барлығының атеист болып кетпегендігінің дәлелі болса керек.

Исламдағы адам жаны, жұмақ, тозақ, адамның жаратылысы туралы талас тудыратын мәселелерді Кеңестер Одағы тұсында ашық ешкім білдіре алмайтын. Исламның фундаменті болып табылатын сенім-наным мәселелері де қараңғылықта қалған екенін ескеретін болсақ, жоғарыда тарауларда айтып кеткеніміздей дінге қарсы жүргізілген үгіт-насихаттарды ескерсек, Ислам діні туралы халықтың білімі болмаған-

дығын да қоса айтатын болсақ бір тұжырымға келуімізге болады-Кеңес үкіметі тұсында ислам дінін адамдар арасында тек сенім мәселесі ғана сақталып, дінмен танысу мүмкіндігі болған жоқ.

Әлем, адам, адам жаны туралы түсініктерге қарағанда мұсылмандық салт-жоралғылар дінге сенушілердің күнделікті өмірі шеңберінде қалса да, өзектілігін сақтап қала алды.

Халықтың басым бөлігі дінді тек діни салт-жоралғылармен ғана байланыстырды, мұсылманбыз деп санағанымен Құранды оқу түгілі, бұрыңғыдай жаттанды түрін де меңгерген жоқ.

Көпшілік халық Құдайды жоқ деп, өздерін атеист санай бастады. Дін, діннің қағидаларына қатысты мәселелер ешкімді қызықтырмады. Дін-адамдардың құндылығы шеңберінен шыға бастады.

Намаз оқу-мұсылмандық парыздардың бастыларының бірі. Қазірде біз ХХ ғасырдың 60-80 жылдары қанша адам намаз оқығандығы, қанша адам Жұма намазын оқығанын дәл, анық сандармен дәлелдеп бере алмаймыз. Мустафаева А.А. өз зерттеулерінде келесідей мәлімет келтіреді: «1961 жылы өз мешіті бар 25 мұсылман бірлестігі тіркелген. Осы мешіттерде намаз оқитындардың саны 40 мың деп бағаланады. Бірақ бұл 1961 жылға дейінгі көрсеткіш» [3, 31-35 бб.].

Дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жан-жақты жүргізілуіне байланысты, халық арасында Құран мен діни білімділікке (ағартушылыққа) жол берілмегендіктен тек аға буын өкілдері ғана намаз оқып, қалған жас ұрпақ діннен баста бастады. Өйткені сол сәттегі жас адамдар мектеп шеңберінде, БАҚ, институт, техникум т.с.с. оқу орындарында толығымен жан-жақты ғылыми-атеистік насихат жұмыстары жүргізілді, атеизмге бағытталған ғылыми-танымдық еңбектер жарияланды. Әрбір оқулық қатаң тексеруден (цензурадан) өткендігін де білеміз, сол тексерудің басты шарты да адамдардың санасына «Құдай жоқ» деген түсінікті енгізу болатын. Сол үшін жас адамдар үшін намаз оқу ескіліктің қалдығы ретінде көрініске ие бола бастады.

1961 жылғы мәліметтер бойынша арнайы тіркелген мешіттерден бөлек 66 тіркелмеген ислам қауымдастығы да қызмет еткен. Сонымен қатар жерлеу, үйлену, азан айтып есім қою іспеттес діни рәсімдерді жүзеге асыратын ресми емес молдалардың іс-әрекеттері де кеңінен танымалдылыққа ие болды. 1961 жылғы елімізде осындай молдалардың саны 521-ге жеткен.

Қажылық-ислам діні бес парызының ең соңғысы. ХХ ғасырдың 50-ші жылдары билікке Н.С. Хрущевтің келуімен Меккеге қажылыққа барғысы келетіндердің санының күрт азаю көрсеткіштері туралы Мұстафина Р.М. келесідей айғақ келтіреді: «1958 жылы Меккеге қажылыққа барғысы келгендер саны-53 өтініш, 1959 жылы-52, 1960 жылы-17. Бұл көрсеткіштердің ішінде 1958 жылы 1 адам, 1959 жылы 1 адам қажылыққа барса, 1960 жылы ешкім бармаған. Бұл дегеніміз қажылыққа барғысы келетіндердің саны 1960 жылы 3 есеге азайған» [4].

Бұқаралық ақпарат құралдарында басты мұсылман мерекелері тойланғандығы туралы алдындары айтқан болатынбыз. Кейбір оңтүстік аудандарда Құрбан айт мерекелерінде адамдардың жұмысқа шықпағандығы, тойлағандығы туралы мәліметтер де келтіріледі. Мысалы, сол 1960 жылғы мәліметтер бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиевский ауданындағы екі колхозда Ораза мерекесінде жұмысқа 350 адамның шықпағандығы, Жамбыл облысының Жамбыл атындағы колхозында со мереке күндері тұрғындардың жартысынан астамы жұмысқа шықпаған. Архив мәліметтері бойынша Құрбан айт мерекесінде құрбандыққа шалынған қойлардың саны Қаскелең ауданының Андреева атындағы колхозында 60 деп көрсетілген. Сондай-ақ сол архив құжаттары мен баяндамаларда жұмысқа кешігулер мен жұмысқа мүлдем келмеу туралы мәліметтер таба аламыз. Мәліметтер бойынша Қарағандыда 1960 жылы Құрбан айт мерекесінде жұмысқа кешігулер мен жұмысқа келмеудің 27 жағдайы тіркелген, оның бесеуі Костенко атындағы шахтада, үшеуі №31 шахтада. Оңтүстік Қазақстан облысының «Еңбек» атындағы колхозында Құбан айт мерекесінің алғашқы күнінде колхоз алқап жұмыстарына бірде бір адам жұмысқа шықпағандығы тіркелген, сол ОҚО «Ынталы» колхозында 90 адамның 45 ғана түскі 12 ге дейін жұмысқа шыққан. ОҚО Шәуілдір ауданында 2 825 адамнан 700 адам алқапқа жұмысқа шықса, Шаян ауданында 2496 адамнан 983 адам жұмысқа шыққан [5, 60-74 бб.].

Жаппай жұмысқа шықпау немесе жұмысқа кешігіп келу, ерте кету іспеттес жәйттер күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдай емес, дегенмен діни мерекелер әсіресе Қазақстанның оңтүстік бөліктерінде кеңінен атап өтілгендігін бізге дәлелдейді.

1960-1980 жылдардағы қазақтардың күнделікті өміріндегі дін көріністерінің қатарына неке кию, жерлеу, азан айтып есім қою іспеттес жоралғылар сақталды. Кеңес дәуірінде тіпті Қазақстанның оңтүстік бөліктерінің өзінде қалың мал беру дәстүрі жойыла бастады. Қалың малдың орнына сыйлық беру, той шығындарын өтеу, келінге киім әперуге көмектесу іспеттес жанашыл дәстүрлер қолданыла бастады. Құда түсу дәстүрінің орнына «қызды алып қашу» дәстүрі кеңінен таралғандықтан, қалың мал да «кешірім ақысы» деген атқа иеленді, өзгерді [6].

Сонымен қатар, ислам дініне қатысты жоқ, бірақ өзге де діннің қалдықтары ретінде қазақтардың өмірінде көрініс тапқан қызды алып қашу, тасаттық, бесік құда, 3,7,9,40 іспеттес санды қастерлеу-қасиетті санау, отқа май құю (отқа табыну), суға, айға (ай толғанда сәлем беру, айдың орналасуына қарай ауа-райын болжау), күнге табыну, табиғаттың басқа да құбылыстарына сыйыну іспеттес элементтер қолданылды.

XX ғасырдың 60-80 жылдарында да «7 атаны білу», ата-бабалардың өмірі мен ұстанымдарын қадірлеу, қастерлеу, қайтыс болған ата-баба әруағының күш-қуатына сеніп, сол әруақтардың күш-қуат тілеу, көмек сұрау іспеттес мұсылмандық дінге қайшы келетін дәстүрлер де сақталды, кеңінен қолданысқа ие болды. «Аллаң сұраймыз, ата-баба әруағынан қолдау сұраймыз» деген ұстанымдар арқылы біз әруаққа табыну, көк тәңірге табыну іспеттес түркілер дәуірінен қалған сенім қалдықтарының біздің күнге дейін аман-есен жетіп келгендігін аңғарамыз.

XX ғасырдың 60-80 жылдарында қазақтардың күнделікті өміріндегі ислам дінінің көрінісі бойынша мәліметтерді топтастыруда біз Қазақстанның оңтүстік облыстарынан бөлек басқа бөліктерінде биліктің әсерінен, үгіт-насихаттардың әсерінен діни салт-жоралғылардың күнделікті өмірде қолдана бермегендігін, ораза, Құрбан айт іспеттес діни мерекелердің ұмытқа айналғандығына, мұсылмандардың негізгі діни кітабы Құран сүрелерін білушілердің санының азайғандығын түрлі деректер мен жергілікті тұрғындардың әңгімелерінен көз жеткіздік [7, 45 б.].

Тұжырымдайтын болсақ, 1960-1980 жылдар арасында исламдық деп танылған салт-жоралғыларға қарсы күрес жүргізілді. Қалың мал беру, қыз алып қашу іспеттес дәстүрлер қатты сынға алынды, ал бесік құда, тасаттық сияқты дәстүрлер жалғаса берді. Жоғарыда көрсетілген салт-дәстүрлердің ешқайсысы ислам дініне қатысты дәстүр болмаса да, көпшілік қауымға бұл дәстүрлерді «өткен күннің діни қалдықтары» деген ұғымның шеңберінде байланыстыру жалғасын тауып отырды.

Дінді жоюдағы кеңестік биліктің саясаты қазақстандықтардың әлеуметтік-қоғамдық өмірінен, күнделікті салтты өмірінен руханилық феноменін толық ығыстырып шығара алмады. Атап өтер болсақ, 1980 жылдардың соңындағы Қазақстанда жүргізілген зерттеулер елдің аумағындағы діншілдіктің көрсеткіші жоғары болғандығын дәлелдейді. Өздерін «дінге сенетін» немесе «дінге жаны аштыын» адамдармыз деп атап көрсеткендердің мөлшері 20 пайыздан 70 пайыз аралығында болған.

Осылайша, шектеулер мен тыйымдарға қарамастан, дін халықтың күнделікті өмірінде діни мерекелер мен салт-дәстүрлер арқылы сақталып қала алды. Ислам мен исламға дейінгі мәдени ұстанымдар қазақ қоғамының отбасы мен күнделікті өмірдің маңызды бөлігіне айналып та кетті.

Келесідей нәтижеге келеміз:

1. Түрлі тәсілдермен дінді қоғамдық өмірден ығыстырып шыға алған мемлекеттік саясаттың қуаттылығына көз жеткіздік. XX ғасырдың 60-80 жылдарында ислам діні «тұрмыстық дін» статусына иеленіп, күнделікті тұрмыстың өмірдің шеңберінде ғана қолданылды.

2. Қазақстан аумағында Кеңес Одағы тұсында мемлекеттік діни саясаттың әр-түрлі кезендерден бастан кешіргендігін де мойындағанымыз дұрыс. Кей кезеңде дін ұстанушылар мен дін қатаң қадағалаудың астында болса, кейбір кезеңде дінге қарсы «жұмсартылған» үгіт-насихат жұмыстарымен ғана шектеулі іс-әрекеттер жүргізілді. Не десек те дінге қарсы жүргізілген үгіт-насихат жұмыстары қоғам өмірінде өз ролін ойнады. Бірақ қазақ халқының отбасылық өмірінде ислам дінінің көрінісін түбегейлі жойып, жоққа шығара алмады.

XX ғасырдың 60-80 жылдары дінге қарсы қатаңдатылған үгіт-насихат жұмыстары жүргізілгендігін айттық. Арнайы әдебиеттер де, публицистика жариялымдары да, теледидар бағдарламадары да-көпшілігі дерлік ғылыми-атеистік ұстанымдарды қолдайтындығын меңзеді. Сондықтан бұл тақырыпты ашуда біз мұрағат құжаттары мен сол кезең адамдарынан интервью алу арқылы мағлұмат жинау арқылы тақырыптың одан әрі ашылуын ұсынамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шулембаев К. *Образ жизни, религия, атеизм.* – Алма-Ата, 1988. – 99 стр.
2. Ауанасова Б.М. *История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): автореф. к.и.н.* – Уральск, 2007.
3. Мустафаева А.А. *Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане // KazNU Bulletin. Oriental series. №3 (60). 2012., стр 31-35.*
4. Мустафина Р.М. *Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX веков).* – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
5. Сактаганова З.Г. *Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в // ГРНТИ 03.20: История Казахстана. ВЛАСТЬ И ОБЩЕСТВО.* – 60-74 стр

6. Мухтарова Г.Д. *Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы): дис.д-ра ист. наук. Уральск, 2007. – 310 с.*

7. Султангалиева А.К. *Ислам в Казахстане: история. Этничность и общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с.*

References:

1. Shulembayev K. *image of life, religion, atheism. - Alma-Ata, 1988. - 99 STR.*

2. Auanasova B. M. *history of evolution of religious relations in Kazakhstan (on the example of Islam 1941-1991.): abstract. K. I. N.-Uralsk, 2007.*

3. Mustafayeva A. A. *historical review of the evolution of Islam in Soviet Kazakhstan //kaznu Bulletin. Oriental series. №3 (60). 2012., pp. 31-35.*

4. Mustafina R. M. *representation, culture, image of Kazakhs (in the context of the birth of Islam in southern Kazakhstan at the end of the XIX-XX centuries). Alma-Ata: Kazakh University, 1992. - 176 P.*

5. Saktaganova Z. G. *Soviet model of state religious policy in Kazakhstan and religious literacy of Kazakhstanis in the second half of XX v // GRNTI 03.20: history of Kazakhstan. POWER AND SOCIETY. - 60-74 STR*

6. Mukhtarova G. D. *Islam in Soviet Kazakhstan (1917-1991): dis.Dr. East. nook. Uralsk, 2007. - 310 P.*

7. Sultangalieva A. K. *Islam in Kazakhstan: history. Ethnicity and society. - Almaty: kisi publ., 1998. - 188 P.*

УДК 930:83

ГРНТИ03.01.79

М.С. Қалиасқарова ¹

¹магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих, археология және этнография факультеті
Қазақстан, Алматы, e-mail: Mkaliaskarova@list.ru

ӘЛЕМ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚҰРЫЛТАЙЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Әлем қазақтарының басын қосқан Тұңғыш Құрылтай 1992 жылы шақырылды. Құрылтай барысында әлем қазақтарының ұйытқысы болатын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

Мақалада бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз атамекеннен ажырап, әлемнің әр түпкіріндегі қандастарымызбен байланыс орнатып, оларға жан-жақты көмек көрсетудегі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының рөлі қарастырылған. Қауымдастық әлемнің қырыққа жуық елінде тұратын қазақтармен тығыз қарым-қатынас орнатып, күнделікті байланыс жасап отыр. Осы елдердің көпшілігінде жұмыс істейтін қазақ мәдени орталықтары мен қоғамдарының басты мақсаты өз ұлтын сақтау, тілі мен мәдениетін өркендету. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының әртүрлі өзекті мәселелерге байланысты басын қосатын орталыққа айналды.

Кілт сөздер: қауымдастық, диаспора, құрылтай, елдер, шетелдер

Қалиасқарова М.С.¹

¹магистрант факультета истории, археологии и этнологии, КазНУ им. Аль-Фараби,
Казахстан, Алматы, e-mail: Mkaliaskarova@list.ru

ПЕРВЫЙ ВСЕМИРНЫЙ КУРУЛТАЙ КАЗАХОВ И ВСЕМИРНАЯ АССОЦИАЦИЯ КАЗАХОВ

Аннотация

Первый Всемирный Курултай казахов прошел в 1992 году. В ходе курултая была создана Всемирная Ассоциация казахов, являющаяся организацией по сплочению представителей казахского этноса.

В статье рассмотрена роль Всемирной ассоциации казахов, которая на сегодняшний день является неким связующим фактором в налаживании контактов с соотечественниками, находящимися в разных странах мира и оказывающая им всестороннюю помощь. Ассоциация тесно сотрудничает с казахами, проживающими в почти сорока странах мира. Основной целью казахских культурных центров и обществ, работающих в большинстве этих стран, является сохранение своей нации, развитие языка и культуры. Всемирная Ассоциация казахов стала центром, объединяющим представителей казахской диаспоры дальнего и ближнего зарубежья по различным актуальным проблемам.

Ключевые слова: ассоциация, диаспора, курултай, страны, зарубежные страны

Kaliaskarova M.S.¹

¹Master degree of the faculty of history, archaeology and ethnology, Al-Farabi KazNU, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Mkaliaskarova@list.ru

FIRST CONGRESS OF KAZAKHS AND THE WORLD KAZAKH ASSOCIATION

Abstract

The first congress, which brought together Kazakhs from around the world, was convened in 1992. During the foundation was created the World Association of Kazakhs which unites all the Kazakhs of the world.

The article discusses the role of the World Association of Kazakhs in building mutual relations and helping our compatriots from all over the globe. The Association maintains close contacts with Kazakhs living in approximately forty countries of the world and has daily contacts. The main goal of Kazakh cultural centers and societies operating in most of these countries is to preserve their national identity, language and culture. The World Association of Kazakhs has become the center of the Kazakh diaspora in the far and near abroad with a variety of topical issues.

Keywords: association, diaspora, congress, country, abroad

1991 жылы тәуелсіздігімізді алып, жер жүзіне жариялап дербес мемлекет болған соң, әлемге тарыдай шашыраған ағайынға көңіл бөлетін жағдай туды. Оған дейін шетелде қазақтың бар екенін білсек те іздеуге, сұрауға мүмкіндік болмай келді. Біздің еліміз алыс және жақын шетелдегі қандастарымызға шыңдап назар аудару бастауы тәуелсіздікпен бірге оянды. Қазақ поэзиясының жарқын жұлдыздарының бірі, ақын Жұбан Молдағалиев айтқанындай «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізгеніне де бүгінде дүниеге келген сәбидің кәмілетке толып, азамат атануымен бірдей уақыт аралығы болды. Кеңестік дәуірде «Отан» одан кейін «Қазақстан» қоғамының шектелген шеңберінде ғана достық қарым-қатынастар жасалып келген болатын. Қазақ елі тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде тарихи отанынан тыс жерде жүрген бауырларымыздың басын қосып, ұлттық мүдде, елдік бірлік төңірегінде табысу-үлкен арман болатыны бәрімізге жасырын емес. Бұл арманға тәуелсіздіктің арқасында ғана қол жеткіздік. Оған дейін шетелде қазақтың бар екенін білсек те іздеуге, сұрауға мүмкіндік болмай келді. Егемендік алған соң, еліміздің сыртқы саясатта көрші елдермен бейбіт дипломатиялық қатынастар орнауының арқасында шекараның ашылуымен шет елдермен мәдени байланыстар жасалып, есігіміз айқара ашылды. Елбасының нақты тапсырмасы арқасында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 27 тамыз 1992 ж. № 709 қаулысы шығып Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына әзірлену мен оны өткізу туралы нақты жұмыстар қолға алынды [1, 192 б.]. Сонымен 1992 жылы қыркүйек айында Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайына Түркия, Германия, Швеция, Норвегия, Франция, Монғолия, Ресей, Қырғыстан, Түркіменістан, Өзбекістан, тағы басқа алыс және таяу шет мемлекеттерден яғни, 33 елден, сонымен қатар 800-дей Қазақстан облыстарынан келген өкілдер қатысты. Әлем қазақтарының тұңғыш құрылтайының қарарымен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылды. Республика Президенті, Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының төрағасы, ал Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланды [2, 6 б.]. Қауымдастық қоғамдық ұйым бола отырып, әлемдегі барлық қандастарымызбен байланыс орнатуды өзіне міндет етті. Алыс-жақын шетелдегі қандастарымыздың тарихи, саяси және әлеуметтік жағдайларын тереңірек білу мақсатында ғылыми тұрғыдан зерттеу, оны бүгінгі тағдырына қорытынды жасап, келешегін болжау өзекті мәселелердің біріне айналды.

Азаттығымыздың айғағы болған сол ұлы жиын тарихымыздың жаңа кезеңінің басы болды. Атамекенді аңсап келген қандастарымыз егеменді елінің қуанышын көріп, үлкен мақтаншыққа бөленді. Тұңғыш әлем қазақтарының басын қосқан құрылтайда, атамекеннен алыстағы қандастарымыздың арасын байланыстыратын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз атамекеннен ажырап, әлемнің әр түпкіріндегі қандастарымызбен байланыс орнатып, оларға жан-жақты көмек көрсетіп, елде бірнеше рет басын қосып, құрылтайлар өткізудегі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының рөлі ерекше. Қауымдастық құрылғаннан бергі жиырма жеті жыл ішінде қазақ диаспорасына байланысты атқарылып келе жатқан көптеген іс-шараларға үзбей қол ұшын беріп үлкен көмектер көрсетуде. Осы жылдар ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының іргесін бекіген, шаңырағы биік үлкен

ұйымға айналды. Ең бастысы – тұңғыш Құрылтай алыстағы ағайынның елге оралтатын ұлы көшіне қозғау салып берді [3, 136 б.].

Қауымдастық шет елдегі қандастарымыздың ұлттық рухани қазынамыздан қол үзбеуі үшін, оларға мәдени-рухани көмек көрсету, елге қоныс аудару, Қазақстанда білім алуға ықпал жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен қамтамасыз ету, кезекті жиындарды өткізіп келеді.

Қазақ елі - дүниежүзіндегі қазақтардың қасиетті қара шаңырағы, ал қауымдастық алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының әртүрлі мәселелерге байланысты басын қосатын орталыққа айналды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген халықаралық үкіметтік емес қоғамдық бірлестік. Негізгі міндеті шетелде тұратын қазақтармен мәдени - рухани, оқу-білім және іскерлік салаларында байланыс жасау. Өз Жарғысында белгіленіп, бекітілген міндеттер аясында жұмыс істейді. Күнделікті жұмысында Қазақстан Республикасының шетелдермен мәдени рухани, оқу, білім және экономикалық салада жасалған келісім шарттарын, басқа да халықаралық құжаттар мен актілерді басшылыққа алады [4, 48 б.].

Бүгінгі күнде Қауымдастық шет елдегі барлық қазаққа танылған мәртебесі мен беделі жоғары ұйым. Қауымдастықтың мұндай биікке көтерілуі - ең алдымен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қолдауы мен көмегінің нәтижесі. 1992 жылы әлем қазақтарының басын қосқан тұңғыш Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы Елбасының тікелей қолға алуымен өткізілген. Егемен елдің тізгінін қолға алған сәттен бастап шетелдегі ағайындарды іздеуі Тұңғыш Президентіміздің қазақ халқының бүгінгі мен болашағына шын жанашыр екендігін айқындап берді. Содан бері Елбасы әлемнің әр түпкірінде шашырап жүрген қандастарымызға қамқорлық жасауды үздіксіз жүргізіп келеді. Елбасының 1992 жылдан бері Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төралқа төрағасы болып, келеуінің мәні мен себебі, міне осында. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы алыс және таяу шет елдердегі 5,5 миллион қандастарымыздың барлығымен бірдей байланыс жасай алмаса да, сол елдерде құрылған қазақ мәдени орталықтарымен байланыстар жасау арқылы олардың рухани сұраныстары мен өзекті мәселелерін шешуге көмек беруде. Қазақ елі дүниежүзінде қырықтан астам мемлекеттерде тұратын қазақтардың қасиетті қара шаңырағы, ал қауымдастық алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының әртүрлі мәселелерге байланысты басын қосатын орталыққа айналды. 1992 жылы шақырылған Әлем қазақтарының тұңғыш Құрылтайы қазақ елінің тәуелсіздігіне жалғасқан келелі тарихи оқиға болды.

Алыс және жақын шет елдегі қандастарымыздың өкілдері мен ғалымдар бірлесе отырып қазақ диаспорасының қалыптасу, даму тарихына, олардың қазіргі кездегі жағдайына, елге оралу тағы басқа мәселелерге байланысты біршама конференциялар, симпозиумдар, бас қосулар өткізді. Қауымдастықтың басшылығы жасап, мұрындық болуымен өткен іс шаралар, симпозиум, конференциялардың кейбіріне тоқтала кетсек. Түркістан қаласында 1995 жылы «Қазақ диаспорасының бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық симпозиум өтті. Симпозиумда қазақ диаспорасының қалыптасу мен даму тарихына байланысты көптеген теориялық – практикалық мәселелерді қозғап, жекелеген ойлар айтылды. Қазақстан Республикасының қазіргі аумағы бүкіл қазақ ұлтының атамекені, одан тыс жерде өмір сүріп отырған барлық қазақтар дүниежүзіндегі біртұтас қазақ ұлтының бөлшегі немесе «диаспорасы» деген ұғымға ден қойылды [5, 25 б.]. Екі күнге созылған симпозиумда 33 адам құттықтаулар, баяндамалар жасап, күн тәртібінде қазақ диаспорасының болашағына байланысты өткір өзекті мәселелер көтерілді. Түркістанда өткен симпозиумда қаралатын өзекті мәселелер қорытындысына сай қауымдастық жанынан қазақ диаспорасының тарихын зерттейтін ғылыми орталық құрылды [5, 29 б.].

Стамбул қаласында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бастауымен 1997 жылы 22 наурызда Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайы өтті. Түркияда тұратын 20 мыңға жуық қазақтардың мерейі өсіп қалды. Сонымен қатар, қазақ халқының түркі дүниесіндегі алар орнына, Қазақстан мен Түркияның байланыстарын нығайтуға қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Ал, Ресей қазақтарының кіші құрылтайын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Мөлдір» мәдени орталығы бірлесе отырып 1997 жылы 30-31 мамыр аралығында Омбыда өткізілді. Екі күнге созылған мәжілісте Қазақстан мен Ресей арасындағы байланысы, Қазақстанның сырт жерлердегі отандастарға рухани-мәдени, оқу-білім тағы басқа мәселелер қарастырылды [6, 65 б.].

Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының атқаратын іс-шараларының түгелге жуығы алыс және жақын шет елдерге тікелей байланысты. Қазақ диаспорасы тұратын шет мемлекеттермен, оның саясатына, қолданыстағы заңдарына, мемлекет аралық келісім – шарттарға сүйене отырып қана жұмыс істеу қажет. Қауымдастық құрылған күннен бастап Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының төрағасының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев дүниежүзіндегі қазақ диаспорасымен байланыстар жасап, әртүрлі

тақырыптар төңірегінде іс-шаралар, дөңгелек үстел, кездесулер, симпозиум, конференция, шетелдерде өткен кіші құрылтайлар т.с.с. ұйымдастырып өткізуде үлкен жұмыстар атқарды.

2004 жылдан бастап Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары Талғат Асылұлы Мамашев болды. Талғат Мамашев алыс және жақын шет елдегі қазақ диаспорасымен арадағы атқарылатын іс-шаралардың біразын жолға қойды.... Қытай Халық Республикасының Бейжің, Үрімжі қалаларына, одан әрі Монғолияның астанасы Ұланбаторға барып, ол жақтағы қазақтармен мәдени-рухани, оқу-білім саласында байланыс жасаудың біраз тиімді жолдарын реттеді [7,7 б.].

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы шетелдегі қандастарымызбен мәдени-рухани саладағы жұмыстарының тиянақты, нәтижелі болуы үшін алыс және жақын шет елде құрылған қазақтардың мәдени орталықтарымен байланыста болып, ал орталықтары жоқ елдерде оларды құруға жағдайлар жасап көмектер берілді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жүргізген жұмыстары нәтижесінде, қазіргі таңда қазақтар тұратын елдердің көпшілігінде қазақтардың мәдени орталықтары, яғни қауымдастық бөлімдері ашылды. Жақын шет елдегі Өзбекстаннан кейінгі қазақтар көп тұратын және қазақ мәдени орталықтары ең көп ел – Ресей. Қазірде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Ресей Федерациясындағы облыстарда, өлкелерде және автономиялы республикаларда құрылған 22 қазақ ұлттық мәдени қоғамдарымен мәдени-рухани байланыс жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтқанда: Орынбор, Омбы, Астрахань, Мәскеу, Санкт-Петербург, Саратов, Самара, Екатеринбург, Қорған, Түмен, Челябинь, Волгоград облыстарында, Алтай Республикасында, Татарстан, Башқұртстан, Саха, Қалмақ республикаларында. Жыл сайын мүмкіндіктеріне қарай Ресей қазақтары мәдени-ағарту орталықтары өкілдерінің бас қосуы болып тұрады. Қауымдастықтың көмегімен Қазақстанның мәдени күндері Мәскеуде, Орынборда, Омбыда, Орскіде Астрахан қалаларында болып өтті [8,4 б.].

Осындай бас қосуларда мәдени орталықтардың басшылары кездесіп, Ресейде тұратын бір миллионнан астам қандастарымыздың арман-ойлары, ізгі-тілектерін тұжырымдап, бүгінгі мен болашағы турасында күрделі мәселелерді ортаға салып отырады. Сонымен қатар шекаралас облыстарда; яғни Батыс Қазақстан – Самара, Орынбор – Ақтөбе, Саратов – Батыс Қазақстан, Қорған, Омбы – Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшіліктері тарапынан жасалған экономикалық, мәдени қарым-қатынас шарттарында Ресейде тұратын қазақтарға мәдени-рухани жәрдем көрсету жоспарланып, бірте-бірте іске аса бастады. Атап айтқанда жыл сайын «Наурыз» мерекесін Ресей қалаларында берге өткізіп, Ресейде тұратын қазақ жастары квота бойынша Орал, Ақтөбе қалаларының педагогикалық институттары мен колледждерінде оқып, білім алып, қазақша үйреніп елдеріне барып жас жеткіншіктерді өз ана тілдерінде оқытуға ат салысып жүр [9,56 б.]. Орынбор, Саратов, Астрахань, Омбы, Волгоград облыстарының қазақтар көп тұратын аудандарында қазақ мектебі жоқ. (Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде мектептер болған екен) Бұларда қазақ тілі факультативтік пән ретінде жүргізіледі. Міне, осындай бастамалар болашақта басқа да шекаралас облыстарда іске асса өз нәтижелерін беретіні анық. Орынбор облысында тұратын қазақтарға Ақтөбе облысы әкімшілігі өз тарапынан азды-көпті мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп әр уақытта қолдау көрсетіп келеді. Осындай істің нәтижесінде «Айқап» атты қазақ тіліндегі газет Орынбор қаласында жарық көрген. Бұл басылым облыста тұратын 132 мың қазақ жұртының өз салт-дәстүрін, тарихын, ұмыта бастаған тілін үйренуде біріктіруші, ұйымдастырушы болды. Қазір қаржы тапшылығына байланысты газеттің шығуы сиреді. Сондықтан «Айқап» журналының заңды мұрагеріне айналған басылымның тағдыры жұртшылықты толғандырып отыр [9,58 б.].

¹ *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранті, мамандығы: 6МО11400-тарих, екінші курс, orymbaj@bk.ru*

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бағалауды оқу процесінде қолдану, оларды қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде қолдану қажеттілігі, сондай-ақ білім беру процесінің тиімділігіне әсері қарастырылады. Сондай-ақ мақалада критериалды бағалауды қолданудың маңыздылығы, оның қағидалары және критериалды бағалаудың үш жақты маңызы: мұғалім, оқушы және ата-аналар үшін маңызы. Критериалды бағалау - нақты белгіленген критерийлерге сүйене отырып, оқушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқу процесінің күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру процесі. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты - мектептердегі білім беру сапасын арттыру және мектеп түлектерінің білімін халықаралық стандарттарға сай жеткізу. Мақалада Қазақстан тарихы пәні бойынша қалыптастырушы

және жиынтық бағалау тапсырмаларының мысалдары келтірілген. Білім беру процесінде критериалды бағалауды қолдану нәтижелері және олардың элементтері туралы қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: бағалау, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, бағалау критерийлері, өзін-өзі бағалау.

Orymbai F.A.¹

¹*KazNPU named after Abai, speciality 6MO11400-history, the second year student of master's degree, orymbaj@bk.ru*

THE ROLE OF ASSESSMENT IN THE PROCESS OF TEACHING HISTORY

Abstract

This article discusses the use of assessment in the learning process, the need for their application in the system of modern updated educational content, as well as the impact on the effectiveness of the educational process. The article also indicates the importance of the application of criteria-based assessment, its principles, and the tripartite significance of criteria-based assessment: for the teacher, student and parents. Criterion assessment is the process of correlating the learning outcomes actually achieved by students with the expected learning outcomes, based on clearly defined criteria. The aim of introducing criteria-based assessment is to improve the quality of education in schools, to identify the knowledge of school graduates with international standards. The article provides examples of tasks of formative and summative assessment on the History of Kazakhstan. Conclusions are made about the results of the use of criteria-based assessment and their elements in the educational process.

Keywords: assessment, criteria based assessment, formative assessment, total assessment, assessment criteria, self-esteem.

Изменения, происходящие в процессе глобализации в нашем государстве сопровождаются процессом сложной модернизации человеческого сознания, что требует от системы образования «развивать творческие, духовные и физические возможности личности, создавать прочные основы нравственности и здорового образа жизни и обогащать интеллект, создавая условия для личностного развития». Именно поэтому реформы в сфере образования нашего государства наглядно демонстрируют соответствие системы образования мировому уровню, посредством чего обеспечивают конкурентоспособное образование и подготовку специалистов, отвечающих всем требованиям мировых потребностей. Первый Президент Н.А. Назарбаев также подчеркнул, что новая перспектива казахстанских преподавателей в области профессионального развития позволяет им вносить дальнейшие позитивные изменения в свою педагогическую деятельность [1].

В заключении, сделанном на основании сравнительного анализа инновационной среды, проведенного Организацией экономического сотрудничества и развития было отмечено, что преподавателям потребуются знание разных стратегий обучения, умение сочетать различные педагогические подходы, а также то, как и в каких ситуациях следует использовать конкретные методы и стратегии [2]. Поэтому современный педагог должен быть готов к постоянному профессиональному развитию в быстро меняющемся мире. На сегодняшний день существует много способов улучшить качество образования. Самое главное, чтобы преподаватель находился в тесном сотрудничестве с обучающимся. Качественное образование – это непрерывный процесс обучения и воспитания. В настоящее время основной целью образования является создание всесторонне развитой, высоконравственной, способной личности. Поэтому учет и оценивание знаний и навыков учащихся в процессе обучения является важным компонентом. Оценивание для обучения и оценивание обучения. Цель: повысить интерес учащихся к обучению путем всестороннего и объективного оценивания их достижений в обучении. Эффективное оценивание обучения связано со всеми новыми подходами в образовательном процессе. Оценивание для обучения – это процесс выявления и интерпретации данных, используемый учениками и их учителями для определения этапа, на котором находятся учащиеся в процессе своего обучения. Оценивание мы определяем как основной инструмент для измерения участников учебного процесса в учебной ситуации, проблемах и достижений учебной деятельности, диагностики и достижения по результатам обучения. Система, которая оценивает успеваемость и рациональность учащихся, является ключевым элементом процесса обучения, который оценивает качество образовательной программы. Хорошо известно, что

оценивание может оказать положительное влияние на преподавание и обучение. Ключевой особенностью оценивания является то, что один человек внимательно следит за тем, что говорят другие, что они делают, либо в процессе самооценивания следит за своим свободным мышлением, пониманием или поведением.

Оценивание – это фактор, используемый для определения прогресса учебного процесса, устранения недостатков ученика в освоении темы и влияния на эффективность его успеваемости. Система критериального оценивания – это система, которая определяет степень освоения любого учебного материала, и определяет возможность сравнения уровня соответствия определенным требованиям, изложенным в курсе. Целью критериального оценивания является получение объективной информации о результатах обучения обучающихся на основе критериев оценивания и предоставление ее всем заинтересованным участникам для дальнейшего совершенствования учебного процесса. Общими образовательными целями дисциплины являются критерии оценивания, обобщений успеваемости учащихся и результатов их индивидуальной работы.

Принципы критериального оценивания включают в себя следующее:

1. Взаимосвязь между обучением и оцениванием. Оценивание является неотъемлемой частью обучения, которое напрямую связано с целями учебной программы и ожидаемыми результатами.

2. Объективность, достоверность и валидность. Оценивание предоставляет только достоверную информацию. Повышает уверенность используемых критериев, для достижения целей обучения и оценивания ожидаемых результатов.

3. Прозрачность и доступность. Оценивание предоставляет понятную и прозрачную информацию. Повышает интерес и вовлеченность всех участников учебного процесса.

4. Непрерывность. Это постоянный инструмент, который позволит учащимся непрерывно и систематически отслеживать прогресс учебных достижений.

5. Направленность на развитие. Результаты оценивания определяют и стимулируют направление развития учащихся, учителей, школы и сферу образования [4].

Рассматривается трехсторонняя значимость критериального оценивания:

Значимость для преподавателей:

Создание персонализированной траектории обучения учащегося, учитывая индивидуальные способности и особенности учащихся; Необходимость тесной связи с учащимся и его родителями; сконструировать критерии, способствующие получению качественных результатов обучения; повышение качества обучения; иметь точную информацию для координирования своей деятельности; применить разнообразные методы и инструменты оценивания; вносить рекомендации по совершенствованию методических и нормативных документов.

Значимость для учащихся:

Понимать и применять критерии оценивания, оценивать эффективность своих учебных достижений и достижений своих сверстников; использовать многообразие видов мыслительной деятельности и способности для выражения личного понимания; с помощью критериев оценивания прогнозировать собственные результаты обучения; использовать полученные знания для решения поставленных задач, развивать критическое мышление, выражать и отстаивать свою личную точку зрения.

Значимость для родителей:

получать объективную информацию об уровне обученности своего ребенка; проследить прогресс развития в обучении ребенка; поддерживать ребенка в процессе обучения; находиться в тесных связях с администрацией школы и учителями.

При традиционном обучении мы оценивали учащихся только в письменной или устной форме и во время занятий не давали оценивать учащимся друг друга. В «нетрадиционной форме обучения» необходимо учитывать эти ситуации, и по обновленной программе обучения мы используем два вида оценивания. Это: суммативное (итоговое) и формативное (формирующее) оценивание.

Формативное (формирующее) оценивание – это непрерывный и целенаправленный подход, который постоянно контролирует процесс обучения учащегося. Подразделяется на формативное оценивание или «неформальное» оценивание. Оно обеспечивает обратную связь на основе критериев оценивания. Если результат оценивается и используется для улучшения процесса обучения, то оценивание будет формативным.

Целью формативного (формирующего) оценивания является внесение исправлений в деятельности между учеником и учителем в процессе обучения. Вместе с внесением этих поправок учителя и ученики формируют новые вопросы для улучшения обучения. Формативное оценивание позволяет учителю следить за прогрессом учащихся в достижении обучения, вносить исправления в процессе обучения и

помогать ученику достичь высокого уровня образования. Использование технологии формативного (формирующей) оценивания означает, что обратная связь между учителем и учащимся меняется от внешней к внутренней коммуникации, что влияет на уровень развития образования учащегося. Ученик сможет контролировать себя, выбирать способы действий, оценивать результаты. Таким образом, ученик знает, как ставить цели и как планировать ожидаемые результаты, накапливая опыт наблюдения и формируя свои собственные ключевые цели [5].

Суммативное (итоговое) оценивание является необходимым условием для определения уровня самооценки, уровня знаний, приобретаемых учащимся после прочтения определенной темы. Суммативное оценивание основано на результатах нескольких работ оценивания. Оценки выставленные за контрольные работы являются основой для определения итоговой оценки.

Цель суммативного (итогового) оценивания – констатирование уровня усваиваемость знаний и сформированности умений и компетентностей у учащихся к определенному периоду времени и определение соответствия полученных результатов требованиям стандарта [4].

Практическая реализация суммативного оценивания требует разнообразных мероприятий по мониторингу и оценке. При составлении оценочных и контрольных заданий они должны основываться на содержании государственного образовательного стандарта и предметной учебной программы. Для оценивания обучающегося, учителя используют вопросы и тесты, а так же вопросы в конце каждой главы учебного пособия. Таким образом, учителя могут составлять вопросы используя так же дополнительную литературу. Помимо традиционных инструментов обучения, учитель может предлагать нетрадиционные технологические ресурсы.

Примеры задач для формативного оценивания по Истории Казахстана на тему «Имена каких каганов VI-IX веков сохранились в истории?»:

Цель обучения: Определить историческую значимость формирования Тюркского каганата, выявляя взаимосвязи между событиями

Критерий оценивания:

Обучающийся

- Выявляет основные события формирования Тюркского каганата.
- Определяет историческую значимость формирования Тюркского каганата.

Уровень мыслительных навыков: Применение

Задание 1 Ответьте на вопросы

Вопросы	Ответы
1. В каких источниках впервые было употреблено слово «тюрк» в 542 году?	
2. Назовите животное, с которым связана легенда о происхождении тюрков	
3. Какие территории принадлежали Тюркскому каганату?	
4. Кто был первым правителем Тюркского каганата?	
5. Перечислите племена, над которыми одержал победу правитель тюрков в 552 году	

Дескриптор *Обучающийся*

- указывает источник, в котором впервые было употреблено слово «тюрк»;
- называет животное, с которым связана легенда о происхождении тюрков;
- перечисляет территории, принадлежащие Тюркскому каганату;
- называет первого правителя Тюркского каганата;
- перечисляет племена, над которыми одержал победу правитель тюрков в 552 году.

Примеры задач для суммативного оценивания по Истории Казахстана за раздел «Казахстан в VI-IX вв.»:

Цель обучения: Знать государства VI-IX вв. и объяснять политические процессы, используя карты; Использовать понятие «Страна Великой степи» в описании взаимосвязи исторических событий и процессов; Объяснять историческую важность древнетюркской письменности

Критерий оценивания:

Обучающийся

- Называет государства раннего средневековья и знает их хронологические рамки
- Показывает на карте государства раннего средневековья
- Раскрывает значение понятия «Страна Великой степи» с помощью определения связи между первыми государственными объединениями и Тюркским каганатом

- Анализирует историческую важность древнетюркской письменности

Уровень мыслительных навыков: Знание и понимание; Применение; Навыки высокого порядка

Задания 1. Выберите правильный ответ. Время выполнения 20 минут

1. Что верно среди предложенных данных:

I. В 552 году турки достигли государственного уровня

II. В 70-х годах VI века Тюркский каганат господствовал на территории от Северного Кавказа до Северного побережья Черного моря

- A) оба утверждения верны
- B) первое утверждение верно
- C) второе утверждение верно
- D) оба утверждения неверны

2. Которое утверждение верно:

I. В городах Семиречья, рядом с Великим Шелковым путем турки не могли вести свободную торговлю.

II. Сулу кагану пришлось вести трехстороннюю борьбу для поддержания безопасности своего каганата

- A) оба утверждения верны
- B) первое утверждение верно
- C) второе утверждение верно
- D) оба утверждения неверны

3. Которое утверждение верно:

I. Согдийцы- ираноязычный народ, проживавший в Средней Азии

II. Согласно записям «Худут-аль-алам» в стране карлуков было 45 городов и поселений

- A) оба утверждения верны
- B) первое утверждение верно
- C) второе утверждение верно
- D) оба утверждения неверны

Критерий оценивания	№ задания	Дескриптор	Балл
		Обучающийся	
Называет государства раннего средневековья, решает задачу хронологических кругов	1	знает время достижения тюрками государственного уровня;	1
		знает территорию тюркского каганата в 70-х годах VI века;	
		знает какой была торговля тюрков в городах семиречья и рядом с великим шелковым путем;	1
		знает политику Сулу кагана в поддержании безопасности своего каганата;	
		знает на каком языке разговаривали согдийцы;	1

Во время моей педагогической практики я уделяла больше внимания на оценивание учащихся друг друга и их самооцениванию. Использовала разные методы оценивания для учащихся. Сначала возникала проблема с объективным оцениванием, так как ученики при самооценивании и оценивании друг друга ставили себе высокие оценки. Если при устном оценивании учитывалось правильное выражение своих мыслей, соблюдение групповых правил, то при оценивании друг друга особое внимание уделяется глубокому пониманию темы, умение задавать вопросы друг другу и делать выводы. В результате ребенок учится чувству ответственности, необходимости самообразования, анализировать и сравнивать свои знания с другими учащимися. В этой связи я хотела бы остановиться на процессе критериального оценивания повышающий качество общественно-гуманитарных дисциплин в учебном процессе. Этот процесс является одной из учебных задач. Я преподаю по предмету история. Как я использую критериальное оценивание на своих занятиях. Когда учащимся нравится урок? В каких ситуациях мы можем их заинтересовать? Чему должен научиться учащийся из предмета истории и чему следует уделить внимание? Если учащимся предложить на занятии подготовить интересующие их вопросы, выработать ответы на основе сотрудничества и поощрять их с помощью оценивания друг друга, то мы сможем увидеть результаты нашего урока. В связи с этим я хотела бы представить общие критерии

оценивания успеваемости учащихся по предмету история. Исторический период, историческое пространство, историческое движение - главные категории в историческом знании. То есть знания учащихся будут проверены с помощью этих категорий.

Исторический период: знание хронологии событий; историческое пространство: требует знать геополитическое положение события; историческое движение: требует знание названий, личностей, терминов, умение сравнивать явления, раскрывать сущность событий и явлений и т. д.

Чтобы достичь нашей основной цели, нам нужно побуждать детей работать над такими критериями, как знание и понимание, исследование, презентация, обратная связь и выводить заключения. Например, в научном знании и понимании учащиеся понимают исторические события, хронологию, территории и историческое значение. Кроме того, они смогут передавать научную информацию в последовательном виде, и делать сравнительный анализ. В начале выполнения задания или темы я напоминаю ученикам о таких целях и критериях оценивания. В свою очередь учащиеся отмечают и записывают все критерии в своих тетрадях.

В конце занятия я прошу учащихся посмотреть свою работу и оценить себя в течение пяти минут, чтобы определить, что они сделали для достижения цели сегодняшней темы. Во время оценивания учащиеся должны четко понимать, чему они научились, что они узнали, что они смогли выполнить, и чему еще нужно научиться, чтобы достичь главных целей и задач. Обычно я раздаю заранее листы для оценивания. После выполнения поставленных задач, я проверяю как учащиеся провели самооценивание и освоили данную тему. В свою очередь я наблюдаю и контролирую рабочий процесс учащихся. Ученики должны понимать критерии, которые ведут для достижения цели. Так как после выполнения любой задачи к ним ставятся критерии, и по этим критериям проводится самооценивание. Для достижения хорошего прогресса и продвижения вперед ученики задаются такими вопросами как: «Работал ли я, чтобы соответствовать этим требованиям? Насколько я выполнил эту задачу?». Для выполнения каких либо задач обучающимся можно порекомендовать руководствоваться памяткой разработанной на основании исследований ученых данной области(можно закрепить в правилах группы) [6].

1. Внимательно ознакомиться с заданием, и запомнить вопросы.
2. Обдумывая данные условия, определить как необходимо ответить на вопрос.
3. Достаточны ли условия в задании для их выполнения?
4. В обязательном порядке обосновать свое решение.
5. Считаете ли вы, что ваши ответы на поставленные вопросы являются полными, удовлетворительными и правильными? Есть ли в вашем ответе лишняя, либо не касающаяся задания информация?
6. Были ли вами учтены все условия?
7. Сделали ли вы полное заключение согласно заданию?

Такие измерения часто называют критериями и могут быть отнесены к целям или задачам обучения.

Таким образом, оценивание для обучения и оценивание обучения проводятся на протяжении всего урока. Разные формы оценивания учат обучающихся быть гибкими, организованными и повышают заинтересованность в предмете. В процессе оценивания учащиеся обмениваются мнениями, сравнивают и дополняют свои знания. Совместная работа помогает им достичь своих целей. С помощью этого метода в первую очередь, мы вызываем интерес и повышаем активность учащегося, прививаем навыки самостоятельной работы и обучаем открыто выражать свои мысли. У учащихся повышается уверенность в себе. Преимущество данного оценивания в том, что мы можем оценить весь класс. Основная цель - улучшить качество школьного образования.

Список использованной литературы:

1. *Послание Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. [Электрон. ресурс] 27.01.2012. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana_1339760819*
2. *Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, . [Электрон. ресурс] 15 февраля 2018 года, http://наука.kz/page.php?page_id=106&lang=1&article_id=5933*
3. *Айтпукешев А.Т., Кусаинов Г.М., Сагинов К.М. Оценивание результатов обучения: Метод. пособие. – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 108 с.*

4. Можяева О.И., Шилибекова А.С., Зиеденовой Д.Б. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие. / Под ред. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. – 56 с

5. Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 66 с.

6. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории. Пособие для учителей. — М.: Просвещение, 1982. – 191 с.

References:

1. Address of the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan. Socio-economic modernization is the main vector of development of Kazakhstan. [Electron. resource] 27.01.2012. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstanana_1339760819

2. Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025, . [Electron. resource] February 15, 2018, http://nauka.kz/page.php?page_id=106&lang=1&article_id=5933

3. Aitpukeshev A. T., Kusainov G. M., Saginov K. M. Evaluation of learning outcomes: Method. stipend. - Astana: Center of Pedagogical Excellence, 2014. - 108 p.

4. Mozhaeva O. I., Shilibekova A. S., Ziedenova D. B. Guide to criteria-based assessment for teachers of primary and general secondary schools: Educational method. Stipend. / Ed. – Astana: AEO "Nazarbayev Intellectual Schools", 2016 – - 56 p.

5. Kokhaeva E. N. Formative (formative) assessment: a methodological guide. - Astana: AEO "Nazarbayev Intellectual Schools" Center of Pedagogical Excellence, 2014. - 66 p.

6. Lerner I. Ya. Development of students ' thinking in the process of teaching history. Manual for teachers. - М.: Prosveshchenie, 1982. - 191 p.

ӘӘЖ 94 (470) «19»

ГРНТИ 03.01.09

Н.Е. Мектепбергенов¹

¹ *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты*

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада «Қазақ газеті» және тұлғатану мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар Қазақ халқының қоғамдық өмірінде, даму тарихында ерекше роль атқарған «Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында басылып шыққандығы және проблемалық тұтары қарастырылған. Жоғарыда аталғандай, газет саяси орган болуымен қатар, қазақ мәдениеті, әдебиеті мен өнері журналистикасының дамуындағы үлкен бір биік белес болды. «Қазақ» – ұлт азаттығы мен мәдени ағарту жолында салықалы қызмет атқарған, тұтымды ой, татымды пікірлерге жол басшы, саяси батыл басылым.

«Қазақ» жетісіне бір рет апталық газет ретінде шығып тұрды. Басылымның «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпы ұлттық газет болғандықтан, мақсаты жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да, ұлт атын иемденіп «Қазақ» аталды.

Тірек сөздер: «Қазақ газеті», тұлғатану, басылым, ұлттық газет

Мектепбергенов Н.Е. ¹

¹ *магистрант 2-курса ҚазНПУ им. Абая*

«ГАЗЕТА «КАЗАХ» И ПРОБЛЕМА ЛИЧНОСТИ

Первый номер еженедельной газеты «Қазақ» появился 2 февраля 1913 года в Оренбурге. С 1915 года она стала уже выходить два раза в неделю. И сразу же завоевала широкое признание. Ее выписывали во всех уголках Казахстана, тогда еще Степного и Туркестанского краев, или девяти областях и одной

губернии (Астраханская), как об этом писал в № 8 газеты «Қыр баласы» («Сын степей» – псевдоним Алихана Букейхана) в статье, посвященной численности казахов на тот момент. Важная веха в летописи казахского народа- появление общественно-политической газеты "Казах" , явившейся политическим центром передовой казахской интеллигенции. Газета, выражая интересы казахского народа, была его трибуной, правозащитником. Именно газета была в большей мере организатором политической работы прогрессивной национальной интеллигенции, итогом которой было выработка тактики и стратегии борьбы за независимость. Газета имела партийную ориентацию. Национальная партия "Алаш-Орда" формировалась под воздействием идей газеты "Казах". Газета активно освещала съезд мусульман России, где народы подвластные царизму выдвигали не только религиозные требования, но и политические.

Казахская же интеллигенция: писатели, юристы, врачи, учителя и вся учащаяся молодежь, принимали самое горячее и деятельное участие в ней.

Ключевые слова: «казахская газета», личность, издание, национальная газета

Mekteberbergenov N.E. ¹

¹“Kazakh newspaper and the problem of personality

“KAZAKH NEWSPAPER AND THE PROBLEM OF PERSONALITY

The first issue of the weekly newspaper "Kazakh" appeared on February 2, 1913 in Orenburg. Since 1915, she began to go out twice a week. And immediately won widespread recognition. She was discharged in all corners of Kazakhstan, then still in the Steppe and Turkestan territories, or in nine regions and one province (Astrakhan), as it was written in No. 8 of the newspaper “Kyr balasy” (“Son of the steppes” - the pseudonym of Alikhan Bukeikhan) in an article devoted to the number of Kazakhs at that time. An important milestone in the annals of the Kazakh people is the appearance of the socio-political newspaper Kazakh, which was the political center of the leading Kazakh intelligentsia.

The newspaper, expressing the interests of the Kazakh people, was its tribune, a human rights activist. The newspaper was the organizer of the political work of the progressive national intelligentsia, the result of which was the development of tactics and strategies for the struggle for independence. The newspaper had a party orientation. The Alash-Orda National Party was formed under the influence of the ideas of the Kazakh newspaper. The newspaper actively covered the congress of Muslims of Russia, where the peoples subject to tsarism put forward not only religious demands, but also political ones.

Keywords: “Kazakh newspaper”, personality, publication, national newspaper

Қазақ елі тарихында өзіндік орны бар «Қазақ» газетінің теріс бағалануы, ең алдымен оны шығарушылар осы газет айналасына топтасқан қаламгерлердің Қазан төңкерісінен кейін жазықсыз жаламен сталиндік билеу жүйесінің құрбандары ретінде саяси күрес аренасынан кетуі еді. Ендеше, өз тұсында прогрессивтік рөл атқарған, шама шарқынша халық санасын оятып мәдениетін көтеруге септігін тигізген «Қазақ» газетінің ақ-қарасы айқындалмастан тарих парақтарынан жұлынып тасталып, «ақтаңдаққа» айналуының себеп салдарын, сыр-қырын бағдарлау үшін сол бір заманның кейпіне зерделі ой жіберіп, байыпты бағдарлаған жөн.

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Ресейде қалыптаса бастаға әр түрлі саяси партиялардың самодержавиеге қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғауынан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген бағдарламалары – жоғарыда аталып кеткен Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген Қарқаралы петициясы. «Бүкілелдік наразылықтың қоғамына бұдан бұрын тән емес петиция түрінде көрінуінде түрткі болған тұңғыш ресейлік революция да, ал оны жазған азаттық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш ұлттық интеллигенция өкілдері еді» [1].

Туркиялық қазақ тарихшысы Хасен Оралтайдың 1979 ж. жарық көрген «Алаш» - Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны деген еңбегінде коммунистік идеологияның ықпалынан тыс, тарихи деректер мен орынды ой пікірлер молынан кездеседі. «Қазақ тарихының» аталмыш кезеңіне қатысты тарихшы мынадай мәліметтер келтіреді... «Қазақ» жасырын түрде саяси партия ұйымдастырды. 1905 жылғы ұйымдастырылған жасырын жүргізілгендіктен, Алаш партиясының тарихқа белгілі тұңғыш съезі болып есептелмейді. Солай болғанымен де, 1905 жылғы съезд Алаш партиясының съезі екендігіне күмән жоқ.

Өйткені 1905 жылы съезд ұйымдастырушылар, оны басқарушылар және онда шығып сөйлегендердің бәрі Алаш партиясының лидері Ә.Бөкейхановтың өзі қатысты [2].

Жалпы петиция 11 тармақтан тұрса, онда қамтылған талап тілектерді үлкен үш топқа бөлуге болады. 1 оқу-ағартудың жолға қойылуы; 2. Қазақтың өз жеріне өзінің меншігі деп табылуын талап етуі; 3. Қазақ елін басқару жөніндегі «Далалық ереженің» бүгінгі қазақ өміріне сай қайта өзгеруін талап етуі. Саяси сауаттылықпен жазылған бұл петиция патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының бар болмысын, әдіс-айласын қат-қабат қырларын мейлінше терең ашуға ұмтылған, алғашқы айбынды үн еді. Петицияның 3 пункті ретінде берілген бұл талап мынадай нұсқада жазылған еді. «Қазақ» халқының ағымдағы қажеттіліктерін айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару керек, ол үшін цензурасыз газет шығарудың және баспахана ашудың ешкімнің келісімінсіз шешетін тәртібін орнату талап етіледі [3].

Қазақтың кең даласына бостандықтың қоңырау үніндей естіліп, елдің елдігін танытып, санасына қозғау салған петиция талаптары, әрине патша құлағына жетпеді. Бұл туралы 1910 жылы Ә.Бөкейханов өкіне жазды. «На киргизском языке пока нет ни одной газеты точно также киргизы не располагают до сих пор своей типографией. Мысль о том и другом возникла в киргизской степи в счастливые дни свободы но не осуществилась» [4].

1905 жылдан бастап қазақ даласын шарлаған төл баспасөз ашу идеясы бірте-бірте жеңіске жетіп, шындыққа айнала бастады. Алғашқы әрекеттердің сәтсіздікке ұшырауы күрескер зиялыларды мойытудың орнына қайрай түскендей болды. Мұның өзі олардың күрескерлік белсенділіктерінің белгісі еді. Осынау идея тұтастығы мен берік бірлікті күрес нәтижесінде қазақ тарихында елеулі еңбек атқарып, ұзақ ғұмыр сүрген қазақ баспасөзінің қос жарық жұлдызы «Айқап» пен «Қазақ» дүниеге келді. Ғылыми айналымда «Айқап» туралы бірқыдыру зерттеулер дүниеге келгенімен, «Қазақ» газеті ұзақ жылдар бойы көзден таса қалып, зерттеу былай тұрсын, аты аталмай қалды [5].

«Қазақ» газетінің жарық көруі ең алдымен жоғарыда аты аталған қазақ ұлтымен өркендеуін өмірлік мақсатына айналдырған көрнекті қайраткерлер А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың тынымсыз еңбек тынымсыз күресінің нәтижесі «Қазақ» газетінің шығар тұста қазақ зиялылары арасындағы революция жылдары жалпыелдік ұрандармен бірлікте беттеген идеялық бағыттар мен көзқарастар жігі ажырап, жол айрығанда тұрған-ды. Мұнда екі үлкен саяси топтың ерекшелене бастағанын байқаймыз. 1905-1907 жылдардағы жалпы азаттық, жалпы елдік ұрандар біріктірген әр текті зиялылар қауымы идеялары мен бағыттарын айқындай түсті.

М.Дулатов Абай Құнанбаевты “қазақ әдебиетін қалыптастырушы” деп Ломоносовпен салыстырады. “Қазақ жайы” деген очеркінде Міржақып қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып: “Бұрын бізге ғылым да, өнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар кереміміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік” [6, 31 б.] дей келе, “дүние-бәсеке, жарыс”, “дүние – бәйге үлестіруші” деген түйін жасайды”, “қайтсек түзелеміз?” деген сауалға жауап іздеп, оқырманды ойландырады. Бұл очеркінде автор белгілі бір жайды ортаға салып, сол жағдайдың мәнін ашуға талпынған. Осы орайда ғалым С.Байменшиннің мына пікіріне жүгінуге болады: “Очерктің публицистиканың басқа жанларынан айырмашылығының өзі, ең алдымен, образдылығында. Екінші жағынан, очерк - әңгіме мен зерттеудің аралығындағы жанр. Үшіншіден, очерк белгілі бір жағдайға негізделіп, сол жағдайды дамытып, соның мәнін ашуға ұмтылып отырады” [7, 32 б.]. «Қазақ жайының» авторы сол кездегі қазақ өмірін зерттей келіп, тығырықтан шығудың жолын іздейді.

М.Дулатов “Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан” деген өмірбаяндық очеркті жазып, ғалымның еңбектерін оқырманға таныстырғысы келген ниетін айтады. Автор Шоқанның туғанынан бастап, ата-бабасы, өскен ортасы, оқыған жерлері, достары туралы нақтылы деректерге сүйене отырып, өмірбаяндық очеркті өмірлік айғақ-мысалдар негізінде жазғандығын байқаймыз. Міржақып очеркте Шоқанның достарының пікірлерінен үзінді келтіріп, өзінің ой-толғамын да түйіндеп, нықтап отырады. Ұлы ғалымның өз халқын риясыз жақсы көргендігінің дәлелі ретінде өз сөзінен үзінді келтірген тұсы, кейіпкердің жан-дүниесін ашқан тұстары еңбекке айқын очерктік сипат дарытқан. “Мен әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін... Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім - орыс жақта” [6]. Осы тұста очеркші халық рухын көтеретін тұсты дөп басып, бүкіл халықты жігерлендіріп, өз елін, жерін сүюге шақыратынын пайымдауға болады.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 212-санында шыққан М.Дулатовтың “Тарихи жыл” [7, 357 б.] атты қысқа очеркінің мәні зор. Автор тек көрген-білгенін жалаң баяндап қоймай, очеркке жаңа мазмұн бере білген. Публицистикалық элементтерді жинақтап, құжат, цифрларды орын-орнымен жеткізе отырып,

қазақ халқының өткен дәуіріндегі тарихы зор оқиғалар: қазақ-қалмақ соғысы, Ақтабан шұбырынды, Ресейге бағынған шақ, Кенесары кезеңі, қазақ заманы, 1868 жылғы жаңа заңның шығуы - осының бәрінен де 1916 жылғы оқиғаның өзгеше болғанын ашып жазады. Ашынған автор енді өткен жылдардың үлкен сабақ болғанын айта келіп, қазақ ұлтын оянуға шақырады. “Қазақ” газетінің екінші редакторы болған Міржақып Дулатов тек очерк жанрында қалам тартпай, көптеген публицистикалық мақалалар жазып, қазақ баспасөзінің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткер.

Міржақып Дулатовтың “Қазақ” газетінде 1913 жылы жарияланған “Қазақ жайы” очеркі қазақ халқының сол кезеңдегі басынан кешіп отырған қиындығын, ұлт дамуындағы кемшін түсіп жатқан тұстарын, келешекте керек ғылым мен өнерді игеру жолдарын сөз етеді. Автор осы очеркінде қазақтың төл мақал-мәтелдерімен өз ойын дәлелді түсіндіруді жөн деп тапқан. Мысалы: “Тіршілік – бәсеке, жарыс”, “Дүние – бәйге үлестіруші”, “Басыңның сауында бер садақасын”, “Ұша алмас салсаң бүркіт томағасын”, “Жығылған күреске тоймас” [7, 31 б.], т.б. Бұл очеркінде Міржақып мақал-мәтелдерді көркем құрал ретінде пайдалана отырып, сол кезеңдегі қазақ халқы басынан кешіп отырған күйді жан-жақты көрсетіп, одан шығу жолдарын іздестіреді.

Міржақып “Г.Н. Потанин жанында” деген қысқа очеркінде орыс оқымыстысының бұрыннан атына қанық болып, әдейі іздеп барып кездескендегі әсерін жазады. Қазақ фольклорын жинау керек екендігін орыс ғалымы үйреткендігін айта келіп, автор Петроградта ашылған Сібір қауымы, Омбыда Потанин партиясының құрылғанын, оның қарапайым халыққа қызмет етіп отырғанын егжей-тегжейімен жазады. Бұл очеркінде М.Дулатов Потаниннің өмір жолына тоқталып, оның қоғамдық қызметіне Сібірдегі әлеумет басшысы, білгір саясатшы деп баға береді. “Қазақ” газетінде “Пайғамбар заманы” [7, 213 б.] атты сыни очеркінде Міржақып бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылған деп баға береді. Сол кездегі қазақ әдебиеті жайына тоқтала келе, газет, журнал, кітап шығаруда қазақ халқы әлі де баяу қимылдап отырғанының себептерін санамалаған очеркші, басылымдарды шығару мен тарату мәселесін қойған.

“Пайғамбар заманы” атты кітабын Мәкен Тұрғанбайұлы жазып, оның жарыққа шығуына Қалжан Қоңыратбайұлының көмектескенін қолдаған автор халық әдебиетінің, қиссаларының қазақ жерінде басылып шыққандығына оң ниетін білдіреді. Қазақта баспахана, кітап бастыру, кітап саудасының жоқтығы кері әсерін тигізіп отырғандығын М.Дулатов таратып айтып, осы жайларға кедергі келтіріп отырған кемшіліктерді мінеп, әлеуметтік, қоғамдық ойларын ортаға салған.

М.Дулатов “Абай” атты очеркін ұлы ақынның дүние салғанына 10 жыл толуына байланысты жазған. Абай Құнанбаевтың шығармалары тірі күнінде басылмау себебіне, Абай өлеңдерінің жазбасымен алғаш қалай танысқандығына тоқталып, ұлы ақынның қадірін қазақ халқы танымай болмайтынына байыпты талдау жасайды. Бұл очеркінде Міржақып қазақтың төл әдебиеті, тарихы төңірегінде өрбіткен ойларын, өзін толғантып жүрген қоғамдық проблемаларға орай іріктеп алып, әлеуметтік кеселден шығу жолдарын сілтейді. Міржақып Дулатов “Қазақ” газетінде жарияланған очерктерінде сол қоғамның өмір шындығы жағдайында қарапайым халықты жақсы өнеге, келелі міндеттерге тәрбиелеуді көздеген. Міржақып очерктерінің негізгі мақсаты – жаңалықты, әділеттілікті, жағымды істерді насихаттау.

Ахмет Байтұрсынов – “Қазақ” газетінің бас редакторы, көрнекті ғалым, дарынды ақын, қоғам қайраткері. Публицистің “Қазақ” газетінде жер туралы, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы туралы, соғыстарға қатысқан мемлекеттер туралы, оның қазақ халқына тигізген әсері туралы мақалалары жарыққа шықты. “Қазақ” газетінің 1913 жылғы 40-43 сандарында “Қазақтың бас ақыны” атты очерк рецензиясы басылды. Бұнда Абайдың туғаннан бастап, ақын болып қалыптасқан өмір жолы, өскен ортасы, өлеңдерінің мәні, орыс әдебиетінің Абайға әсері жан-жақты талданған. Абай өлеңдерінің алғаш қолына қалай түскенін қызықты әңгімелеген автор Абайдың өлең сөздің неше түрлі үлгісі мен өнегесін ойлап тапқандығын, ақыннан өлеңінің жақсы болуына керек шарттардың бәрін білуге болатынын ғибратты фактілермен түйіндей білген.

«Очерктің негізгі арқауы – автордың өмірден түйгендері мен байқағандары» [8, 122 б.] - дейді Төлеубай Ыдырысов. А.Байтұрсынов Абай өміріндегі өнегелі мысалдарды тілге тиек ете отырып, Абайдың орыс достары Михайлис, Гросстармен қалай танысқанын, орыс әдебиеті классиктерінен алған өнегесі мен сыншылдығын сенімді баяндай білген. Абайдың жалғыз өлең ғана емес, әр нәрсенің асылын танығанын алғашқылардың бірі болып Ахмет Байтұрсынов көрсетеді. Автор ұлы ақынның өлеңдеріне баға беріп қана қоймай, оның әлеуметтік терең мәнін де ашады. Автордың очерк рецензиясына өзін, Әлихан Бөкейхановты араластыруы фактінің, оқиғаның нақты шындықтан алынғанына, түп-тура растығына оқушының көзін жеткізеді.

А.Байтұрсынов «Бастауыш мектеп» проблемалық очеркінде қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек деген сұраққа жауап іздейді. Ауыл мектебінің жайсыз, күйсіз қалыбын ашына жазады. Бастауыш мектептен үйренген білімнің оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек екендігін дәлелдейді. Автор болыс мектебін, қала мектебін, ауыл мектебін салыстыра отырып, кейбір келеңсіз жайларды нақты фактілермен дәлме-дәл көрсете білген.

“Қазақ” газетінің белсенді авторларының бірі Әлихан Бөкейханов – бұл газеттің негізін қаласып, бағыт-бағдарын анықтаушы. “Қазақ” газетінде Ә.Бөкейхановтың екі жүзге жуық мақаласы жарияланған. Оның очерктері қазақ елінің жері, отырықшы болуы, патша үкіметінің қазақ еліне жүргізіп отырған саясаты, сот, әкімшілік туралы бай мағлұматтар береді.

“Қазақ” Ә.Н. Бөкейханов көздегендей, өз маңына кең сахараға тарыдай шашылған ұлт зиялыларын жинады, оларды бір кісідей қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін қалыптастыру, ұлттың мәдениетін көтеру, ұлттық сана-сезімін ояту ісіне жұмылдырды. Сөйтіп, қазақтың ұлттық тілі мен әдебиетін, мәдениетін сақтап, өркендетуге ұмтылды. Оны газеттің екінші санында жарияланған бас редактор А.Байтұрсыновтың бас мақаласынан [8, 11 б.], Түрік баласының жазған “Қазақ тарихы” атты тарихи очеркінен, Ә.Н. Бөкейханның және т.б. қазақ зиялыларының көсемсөз материалдарынан айқын көруге болады [9]. Осы тұста әңгіме болған, қазір белгісіз болып отырған Түрік баласының тарихы туралы очеркі алаш азаматтарын ойландыруға бағытталған. Қазақ халқының тарихы жазылмағандығын тілге тиек ете отырып, Азия картасының төрттен біріне ие халықтың тарихы көмескі қалыптан шығу жолдарын қарастыруды автор ашық ұсынады.

Арабша, түрікше, орысша жазылған қазақ тарихында шындықтан гөрі өтірік басым болып келгендігін очеркші ашына ортаға салған. Тарих жазу үшін қазақ пен қырғызды айырып алуды ұсынады. Автор өз ойын “Қазақ” газетін үзбей оқыған адам қазақ тарихын жете білуге болады деп аяқтайды.

Әлиханның “Бас қосу турасында” деген очеркі “Қазақ” газетінің 1913 жылғы №21 санында жарияланған. Мұнда Еуропа жұрты мен қазақ жұртын салыстыра отырып, жұртқа пайда қылатын жұмыс болса, қазақ баласының басын қосу оңай шаруа емес екенін автор баса айтады. “Біздің бейшара қазақ жер, жер дегенде мұжық алған жерді қолға ала жылайды. Мұжық қазақ жеріне келмей тұрып, жерді тып-тыныш әділдікпен пайдаланып жүргендей! ... Қазақ жұрт болатын болса өз ішіндегі екі қазақ жер дауын құрту керек қой!” [10], 109 б. дей келе, отырықшы болуға ниет білдіріп отырған қазақтарға жағдай жасалмай отырғандығын, орыс патшалығының адам болып отырғаны мұжықтың ғәділдігі деп түйіндейді. Бұл жерде бірінші орынға әлеуметтік-таптық емес, ұлттық, демократиялық мәселелерді елдің алдына тартады.

“Кабинет жеріндегі қазақтар” очеркі “Қазақ” газетінің 1913 жылғы №10 санында басылып, онда Том губерниясы, Алтайск округінде тұратын халықтар өмірі мен тұрмысы әңгіме болады. Абылай хан мен жоңғар ұрысы, Қошқарбай батыр, Тілеуберді батырлардың сол мекендерде ұрпақтары тұрып жатқандығын фактілер арқылы дәлелдейді. Мысалы, Құлынды, Қарасуықта отырған қосайдар қыпшаққа 15 десятинадан ер басына есеп қылып жер береді екен. Томда жер алып, Семей хатында боламыз деу қазақтардың адасушылығы, заңсыз деп түсіндіреді автор. Бұл очеркінде қаламгер Кабинет жеріндегі қазақтардың бәрінің басын біріктіріп, бір болыс қылса деген ниет білдіреді. Ә.Бөкейхановтың пікірі ғылыми негізге сүйенген, халықты психологиялық тұрғыдан даярлап алу мақсатын ұстанған сияқты.

“Екі жол” очеркінде Әлихан әр заманның өз рәсім, салтына тоқтай отырып, қазіргі заманда халықты өз құқын талас-тартыспен қорғауға шақырады. XVIII ғасырда Ертіске қазақ Түркістаннан қайта келгенін тілге тиек ете отырып, қанжығалы, бәсентейін, қыпшық руларының қалай жылжығанын тарихи шежірелерге сүйене отырып дәлелдейді. Осы очеркінде автор қазақтарды Ертістен айырылмауға, көшпеуге үгіттеп, Сібір қазақ-орысына батыл наразылық білдірген. “Қазақ” газетінің 1915 жылғы 118-інші санында Ә.Бөкейхановтың “Рухани мәдениет қарауылынан” атты проблемалық очеркі басылған. Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, солар арқылы адам баласына жақсылық жол ашу деп түсіндіреді. Америка, Еуропа, Ресейді салыстыра отырып, қазақ халқының көш кейін қалып келе жатқанын тілге тиек етеді. Автор бастауыш мектептен бастап университеттерге дейінгі білім саласының деңгейін саралай келе, әлі де көп жағынан артта келе жатқандықты әділеттілікпен атап көрсетеді. “Маңғол хан” очерктер циклі газеттің 13, 20, 28-інші сандарында жарияланған. Маңғол елінің ұлы көршілері, жер көлемі, сол кездегі ұстанған саясаты, адам саны, малы туралы нақты мәліметтер келтіре отырып, Қытай шежіресінде маңғолдар туралы, Шыңғыс хан тарихы, Хублай ханның оқымысты, жүйрік ғалым болып, жұлдыз көретін аспаптар ойлап тапқандығы жайында кеңінен жазады. Жүре-жүре қытай маңғолды қалай қаратып алғандығын жүйелеп түсіндіреді. Маңғолдың бөлек патшалық

болуға ниеттенгенін орыс патшасы өзіне пайда көріп отырғанының арты жақсылыққа айналмайтынын автор көрегендікпен мензейді.

«Егер Ә.Бөкейхановтың “Қазақ” газетінде жарияланған публицистикалық мақалаларына зер салсақ, Батыстың, Ресейдің демократиялық дәстүріне жақын болғандығын ажырату қиынға соқпайды» [11, 17 б.], - дейді тарихшы М.Қойгелдиев. Шындығында да В.Г. Короленко, Г.Н. Потанин, А.Бибель туралы очерк, мақалаларында автор халық пен халықты жақындастыратын мәдениет және дәстүр екендігін әрдайым оқырманның есіне салып отыруға тырысқан.

“Қазақ” газетінде басылған қазақ халқының саяси өмірі, мәдениет, әдебиет, тарихы туралы очерктерге тоқталу барысында көз жеткені - әртүрлі дерек көздерінің құндылығы. Бұлар ғылыми, тарихи, әдеби зерттеуді талап ететін мол материалдардың тасқыны екені даусыз. Ұлттық әдебиет пен тарихта орны бар авторлардың очерктік шығармаларына тоқтала отырып, қай мәселе төңірегінде әңгіме қозғаса да бай мағлұмат беретін материалдар баршылық. “Қазақ” газетінде жарияланған очерктер ағынының негізгі идеясы қарапайым халықтың ізгі мұратымен сабақтас болып отыратынын атаған абзал.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ана тілі газеті, 1990ж. 12-сәуір, 3 бет.
2. Азат газеті 1991ж., № 8, 2-бет.
3. Брайнин С., Шафизо Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата-Москва, 1935. – С. 95.
4. Букейханов А. Киргизы. Оксфорд 1985. – С.51.
5. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. – Алматы, 1990 ж. – 122 б.
6. Қалиұлы Ж. Мамания. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 б.
7. Субханбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан // “Айқап”. Жинақ. – Алматы, 1995. – Б.6.
8. Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Қазақ баспасөзі // Қазақстан коммунисті, 1991. № 10. – 72-77 бб.
9. “Қазақ”. 1913. № 28.
10. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы, 1964. – Б.68. Первая казахская газета “Дала уалаяты” (1888-1902). Автореф. канд. дисс. – Алма-Ата, 1949. – С.13.
11. Сақов Қ. “Қазақ” - өзін-өзі қаржыландырған газет // КазМУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1998. № 2. – Б.37.

References

1. Ana Tili newspaper, April 12, 1990, Page 3.
2. Azat newspaper 1991, No. 8, page 2.
3. Brynin S., Shafizo Sh. essays on the history of Alash-Ordy. - Alma-Ata-Moscow, 1935. - P. 95.
4. Bukeikhanov A. Kirghiz. Oxford 1985. - P. 51.
5. Kakishev T. mistakes that have become a rule. - Almaty, 1990-122 P.
6. Kalievich Zh. Specialty. Almaty: Atamura publ., 1999. - 272 P.
7. Subhanberdina U. from the history of the Kazakh press // “Aykap”. Savings. Almaty, 1995. - P. 6.
8. Bennigsen A., Lemersier-Kelkezhey Sh. Kazakh press // communist of Kazakhstan, 1991, No. 10, pp. 72-77.
9. "Kazakh". 1913. № 28.
10. Bekhozhin H. ways of development of the Kazakh press. - Almaty, 1964. - P. 68.the first Kazakh newspaper “Steppe wallayaty” (1888-1902). Abstract. Kand. diss. - Alma-Ata, 1949. - P. 13.
11. Sakov K. "Kazakh" - self-funded newspaper // Bulletin of Kazsu. Journalism series. 1998. No. 2 – - p. 37.

ӘӨЖ 94 (470)
ГРНТИ 03.01.09

Ә.Қансейтова¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ –нің филология ғылымдарының кандидаты

МҰХАМЕДРАХЫМ ЖАРМҰХАМЕДҰЛЫ – АЙТЫСТЫ ЗЕРТТЕУШІ

Аңдатпа

Мақалада Мұхамедрахым Жармұхамедұлы – айтысты зерттеуші ретінде талданады. М.Жармұхамедұлы Қазақ халқындағы бағзы заманнан бері жалғасып, бүгінгі күнге жеткен айтыс жанрының ортақ сипаттарын зерттеген. М.Жармұхамедұлының айтысты зерттеудегі орнын зерттеудің маңызы зор. Зерттеушінің – осы жанрдың есте жоқ ескі заманнан бері талай бел-белестен асып, өміршең екіпінмен ХХІ ғасырға жетуінің сырын ғалым биігінен айқындай түсу айтыс жанрын типологиялық тұрғыдан кешенді зерделеудің теориялық-методологиялық мәні де бағалы болмақ. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқында кездесетін айтыс жанрларының түрлерін айқындау, кешенді түгендеп, жинақтау, оны жіктеу, топтау, саралау жөніндегі М.Жармұхамедұлының зерттеу пікірлерін зерделеу де мақала мақсаты. Мақалада негізінен М.Жармұхамедұлының айтыс жанрының материалдарын толықтай қамтыған еңбектерін зерттеушілер еңбектерімен салыстырулар жасадық. Мақалада айтыстың байырғы замандағы түрлері жар-жар, өлі мен тірінің айтысы түрлері әлемнің басқа елдеріндегі рухани мұралармен бірлікте зерттелді.

Тірек сөздер: М.Жармұхамедұлы, айтыс, зерттеуші, айтыс түрлері

Қансейтова Э.¹

¹кандидат филологических наук КазНПУ имени Абая

М.ДЖАРМУХАМЕДУЛЫ И ТРАДИЦИОННОЕ КАЗАХСКОЕ ИСКУССТВО – АЙТЫС

Аннотация

В статье анализируется Мухамедрахим Жармухамедов как исследователь казахское искусство – айтыс. В статье Мухамедрахим Жармухамедов анализируется как айссийский исследователь. М.Жармухамедулы изучили общие черты жанра айтыса, который был древним у казахского народа и сохранился до наших дней. Важно изучить место М.Жармухамедулы в изучении айтысов. Теоретическая и методологическая значимость типологически сложного исследования жанра айтыса также будет ценной. В связи с этим целью статьи является изучение мнения М.Джармухамедулы о выявлении, комплексной инвентаризации, классификации, классификации, классификации типов жанров айтов, с которыми сталкиваются казахи..

Он ученый, кандидат филологических наук и доктор филологических наук. Основные научные труды посвящены изучению искусства айтыса казахских и тюркских народов. С 1961 года - младший научный сотрудник, старший, старший научный сотрудник Института литературы и искусства. Жармухамедулы является автором более 200 научных статей.

Ключевые слова: М.Жармухамедулы, айтысы, исследователи, типы айтысов

Kanseytova E.¹

¹ candidate of philological sciences KazNPU named after Abay

M.JARMUHAMEDULA AND TRADITIONAL KAZAKH ART – AITYS

Abstract

The article analyzes Muhamedrahim Zharmuhamedov as a researcher of Kazakh art - aitys. In the article, Muhamedrahim Zharmuhamedov is analyzed as an Aissi researcher. M.Zharmuhameduly studied the general features of the aitys genre, which was ancient among the Kazakh people and has survived to this day. It is important to study the place of M.Zharmukhamedula in the study of aitys. The theoretical and methodological significance of a typologically complex study of the aitys genre will also be valuable. In this regard, the aim of the article is to study the opinion of M.Dzharmuhamedula on the identification, comprehensive inventory, classification, classification, classification of types of genres of ayts encountered by Kazakhs .

He is a scientist, candidate of philological sciences and doctor of philological sciences. The main scientific works are devoted to the study of the art of aitys of Kazakh and Turkic peoples. Since 1961 - Junior Researcher, Senior, Senior Researcher at the Institute of Literature and Art. Zharmuhameduli is the author of more than 200 scientific articles.

Keywords: Zharmukhameduly, by the way, the followers, the type of aitys

Мұхамедрахым Жармұхамедұлы (1928 жылы туған, Жезқазған облысы Сарысу ауылы) - ғалым, филология ғылымының докторы Қызылорда педагогикалық университетін (қазіргі Қызылорда гуманитарлық университетті) бітірген (1951). 1951-58 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Бостандық ауылында мектепте мұғалім, кешкі мектептің директоры болып қызмет істеген. 1961 жылдан Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, аға, жетекші ғылыми қызметкер. Жармұхамедұлы 150-ге тарта ғылыми мақалалардың авторы. "Айтыстың даму жолдары" (1976), "Айтыс өнері" (1979), "Сарбаз поэзия" (1981), "Айтыс" (бүгінгі айтыс туралы, 1990), "Көненің көзі"(1966), "Шешендік өнер" (1998) атты монографиялық еңбектері, орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары жарық көрген. "Еңбектегі ерлігі үшін", үш рет Түркия мәдениет министірлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. "Айтыс өнері" (1979) деген еңбегінде «Айтыс жанрының тарихы» тарауында осы жанрдың шығу тегіне барлау жасалынып, жыр сайысының бұған ұқсас түрлері әлемнің басқадай халықтарында болғандығы жан-жақты талданды. Ғылымда белгілі болғандай Батыс Еуропаның Орта ғасырындағы келттерде – фильдердің, терістік Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальддердің, орыс еліндегі – скоморохтардың, ертедегі Иран, Үнді елдеріндегі "Мүшайра" мен Аравиядағы "Мұғаллақатқа" қатысқан ақындардың бәрінің де суырыпсалма айтысқа төселгендігі деректер арқылы дәлелдене түсті [1, 231 б.]. М.Жармұхамедұлы «Айтыс қазақта ғана емес, сонымен қатар біршама өзге халықтардың рухани тіршілігінің тарихынан орын тауып отыр. Алайда оны нағыз өнер биігіне көтере алған және қазіргі күнге шейін сақтап келе жатқан тек қазақ халқы мен қырғыз, таилер ғана» деп қорытынды жасаған [4, 112 б.].

Ғалымның пікіріне қарағанда айтыс көне дәуірлерде халықтың ұжымдық жұмыс барысында немесе Наурыз, «Хыдреллез» сияқты мейрамдарда қарама-қарсы айтылған өлеңдерден бастау алады.

Әзербайжанның фольклор зерттеушісі М.И. Хекимовтың «Әзербайжан ақындық өлең түрлері мен оның қайнар көздері» атты жұмысында, ақындық айтыстардың тегінде байырғы өлең формаларының үлгісі бар екендігі айтылған. Халық маусымдық-мезгілдік науқан-шараларда, сондай-ақ, топталып жұмыс істеген кездерінде көңіл көтеріп, еңбекті ұйымдастыру үшін қарама-қарсы тұрып орындайтын жырлар ең ежелгі айтыс өлеңнің ілкі түрлері екендігі көрсетілген. Бұған дәлел ретінде бұрынғы кезде бойжеткен қыздардың бағын сынау, болжау, жору мақсатында айтатын магиялық сипаттағы өлеңдерін айтуға болады.

Қазақтың көрнекті ғалымы М.Жармұхамедұлы осы бағыттағы зерттеулерінде бұл жанрдың драмалық-театрлық түрге ұласу жолдарына, яғни «алаңдық айтыс-тартысқа» ауысуына мүмкіндік мол екеніне ерекше мән берген [2, 276 б.].

Айтыстың арғы тегінің бастауларын ғалымдар рулық қоғамдағы түрлі салтпен байланыстырып, жүйелі талдаулар жасаған [3].

М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Е.Тұрсынов, М.Жармұхамедұлы, С.Қасқабасов секілді ғалымдар айтыстың арғы шығу генезисін көне қоғамдағы салтпен ұштастырады. Нақтырақ айтқанда, мәселен, М.Жармұхамедұлы қыз қуу мен жар-жарды құда болатын рулардың ғұрыптық сайысы мен тартысына байланыстырады [5, Б.41-42]. Бұл ойды Е.Тұрсынов та айтады, ол құдалық салт пен ежелгі ру-әулеттердің өзара тартыс-таласы кездерінде қолданылатын сөз сайыстар кейіннен айтыс жанрына айналғанын жазады [4, Б.111-125]. Мысалы, М.Жармұхамедұлы: "Этнографиялық мағлұматтарға қарағанда, ақындық айтыс өлең түріндегі айтыс болып бірден қалыптаспаған. Ақындық айтыстың өте қызықты, ұзақ тарихы бар. Құдалар айтысының қыз бен жігіт айтысымен түп-тамыры бір... Бұл екеуінің түп-тамыры – өзара қыз алысып, қыз берісу қатынастары бар рулардың адамдары арасындағы сөз жарыстыру салтында жатыр", – деп жазады [4, 116-б.]. Бұндай пікірлерді саралай келе айтыстанушы М.Жармұхамедұлы тұжырымдама жасап «Әсіресе, рушылдық бәсеке, талас басым болып келген тұстарда айтыс өзінің шырқау шыңына көтерілді» деп көшпелі қазақ қоғамындағы әлеуметтік ерекшелікті айтыстың дамуына ықпал етуші негізгі бір фактор ретінде қарастырды [6, 279-б.]. Кеңес өкіметі кезінде дүрсін-дүрсін айтыс өткізіп тұрғаны тарихтан белгілі. Сонау екінші дүниежүзілік соғыс тұсында, одан кейін де облыстық, республикалық айтыстар болып тұрды. Олар жайында көптеген мақалалар мен естеліктер жарияланып, айтыстың мән-мағынасы, маңызы туралы пікірлер айтылды. Ал, қазіргі кездегі айтыс олардан гөрі өзгешелеу екені анық. Қазақстанда 1970-1980 жылдардан теледидарда айтыс өткізу тәжірибесі жүзеге аса бастады. М.Жармұхамедұлы ондай айтысты «телевизиялық айтыс» деп атайды. Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық құндылық ретінде қайта түлеген айтыс теледидарда, сарайларда аламан, сүре айтыс түрінде өткізіліп, нарықтық қоғамға икемді өміршең жанр екендігін танытып үлгерді.

Өйткенмен, ежелгі сүре айтыстай екі ақын таңды таңға ұрып айтыса алмайды, әріптестер ел алдында эфирде немесе театрда отырғандықтан басқа ақынға орын беруге мәжбүр болып, айтысты тоқтатуға душар болады. Айтыстың электрондық құралдар арқылы аудиториясы, кеңістігі ұлғайғанымен, уақыттық тұрғыдан өрісі шектеліп отыр. Бұл айтысқа жасандылық сипат әкеледі. Өйткені айтыскерлер де, тыңдаушы халық та толқудың шырқау шегіне жеткен кезде уақыттың шектелу себебімен айтысты тоқтатуға тура келеді.

Қазақ айтыс дәстүрінің тәуелсіздіктен кейін жаңадан жандануына мемлекеттің және де жеке тұлғалардың да айтарлықтай үлестері бар. Алғашқы жылдары жеңген ақындарға көлік, баспана сияқты үлкен сыйлықтар беріліп, айтыстар көлемді жарнамалар арқылы халыққа хабарландырылып отырған. Ақын Ж.Ерман 2004 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында «Алты-жеті жылда айтыскерлер 40-50 машина мінді» деген мәлімет келтіреді.

Алайда қазіргі қазақ айтысында проблема жоқ, мінсіз таза деп айтуға да болмас. Ғалым М.Жармұхамедұлы «Халыққа жаттанды сөз емес, суырып салып айтатын, көз алдында туатын нағыз өнер керек» деп айтыстағы жаттандылық пен жасандылықты сынайды [16, Б.7-8]. Бұдан қазіргі айтыста кең өріс алып кетпегенімен жаттандылық сипат бар екенін байқауға болады. Ол туралы айтыскер ақындардың өздері де бір-біріне сын-ескерте айтып отырады.

Мұндай қайталаулар жайында белгілі ғалым М.Жармұхамедұлы «...біздіңше, айтыскер ақындарға қажет нәрселер, яғни тың образдарды, орынды теңеулерді, әсерлі эпитет, метафораларды, соны фразеологизмдерді дайындап («заготовка жасап») жүру және оларды қарсыластың сөзіне орай орнымен жұмсап жіберу – айтыскер ақынның ізденісі болу керек», – деп өзгеше пікір білдіреді.

Айтыскер ақындар қай елде болсын бағзы заманнан бері сайысқа дайындықпен келетіні де даусыз. Қазіргі айтыс мәтіндерін өзара салыстырғанда белгілі айтыскер ақындардың бір айтыста айтқан жыр шумақтарын басқа бір сайыста, басқа бір әріптесіне сол қалпында өлеңдеткен деректеріне де тап болдық. Өйткенмен, бұл жаппай өріс алған дағдылы құбылыс емес екенін бірден айту керек.

Айтыс – фольклор мен авторлық ауыз әдебиетінің, сонымен бірге жазба әдебиет дәстүрін бойына қатар сіңіріп, дамып отырған синкретті өнер. Ал, халық мұрасында дайын үлгіні, белгілі сарындарды қайталау, қайта жаңғырту, сонымен бірге авторлық ауыз әдебиетінің өкілдері (ақын-жыраулар) өзін өзі қайталау, немесе басқа ақын-жырауларды қайталау – ерсілік емес, керісінше табиғи құбылыс екені ғылымда анықталған. Мәселен, әнші-ақындар шығармашылығына қайталаулар тән және бұл заңды қасиет болып табылады [17, 167- б.]. Сол себептен де айтыскерлердің мәтін қайталау мәселесін ауызша поэзияның өмір сүру заңдылығымен байланыстыра арнайы зерттеуді қажет етеді деп пікір білдіруге болады.

Автордың айтуынша Түркиядағы жағдайды Қазақстанмен теңеуге келмейді. Бұл күнде Түркияда ұстаз-шәкірт қатынасы әлсірегендіктен дәстүрді білетін ақындардың да қатары сиреді. Сонымен бірге ақындардың ұстаханасы міндетін атқарып келген шайырлар шайханалары да жабылып, баба мұра тығырыққа тірелген.

Дегенмен, соңғы жылдарда Түркияда көптеген облыс, аудан және ауылдарда әйгілі ақындарды еске алуға байланысты ақындар мейрамы жиі ұйымдастырылуда. Мейрамда жоғары орын алған ақындар марапатталады. Мысалы, Бурсаның Йылдырым Әкімшілігі өткізген фестивальдің соңында бірінші орынды иеленген Мерсель Синанға «Renault Clio» маркалы машинаның кілті табыс етілді, екінші Осман Феманиге ноутбук, ал үшінші Селехаттин Казаноглуға бағлама табыс етілді. Бұлардан басқа қатысқандарға алғыс хат, медаль сияқты сыйлықтар берілген. Бұл жарыстарға әділқазы ретінде мамандар, зерттеушілер және ұстаз ақындар қатысқан.

Қазіргі түрік айтысының жай-күйі, дәстүр сабақтастығы, проблемалары шынайы талқыланып, Түркияда айтысты жалпы ұлттық дәрежедегі тұрақты өнер түріне айналдыру үшін мемлекет пен қоғам тарапынан арнайы бағдарлама жасау қажет екендігі тұжырымдалды. Қазақ пен түрік халықтарында айтыс елдік мүдде мен ұлт намысының қорғаны болып келген. Бұл жанр қоғамдық, әлеуметтік-саяси мәселеден сыртқары болмайды. Екі айтыскер өмір шындығын дәлелді деректермен көмкеріп, келістіріп жырлайды. Ақындардың пікірі жалпы қоғамның ащы тақырыптарын қамтиды. Тәуелсіздік, бостандық, елдік рух, ұлт намысы, ар-ұждан тақырыбы ақындардың шабытына қарқын береді. Ақ пен қара, махаббат пен зұлымдық, әділет пен жалақорлық таразыға тартылып, зорлық-зомбылық әшкере етіліп, сынмен түйреледі. Мұндай айтыстарды халық ауыздан ауызға жалғастырып айтып, сандақ айтыскерлерді ел жадында ұстап, рухына қалқан етеді. Мәселен, Шөже, Жанақ, Орынбай, Түбек, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет т.б. ақтангер ақындардың айтысы әр заманның ұрпағына құнды қазына бола бермек.

Жалпы, айтыстың мақсаты мен міндетін төмендегідей салаға топтап қарастыруға болады.

1) Байланыс (қарым-қатынас) үшін. Ақындардың қаруы – өлең. Айтыскерлер кейде өзін ойландыратын, халықтың ішінде бұғып жатқан ащы ақиқаттарды сыртқа шығарып, елдің мұң-зарын, қасірет-қайғысын бір-біріне жеткізіп, толғау үшін айтысты ақпараттық жедел байланыс құралы ретінде де қолданады. Ақындар кейде жеке басының базынасын, реніштерін, сағыныштарын бір-біріне жеткізу, ақтарылып сырласу үшін де айтысты қолданады. Бұл сұхбат тәрізді айтыстың шағын бір үлгісі, мұнда жеңу-жеңілу мәселесі жоқ. Мысалы, ауруханада жатқан ақын Вейсел мен оның көңілін сұрай келген ақын Хамит Будактың, сонымен бірге Әсет пен Кемпірбайдың көңіл сұрау айтыстары осы үлгіге жатады.

2) Шеберлігін сынау үшін. Барлық ақындар бір-біріне шеберлігін сынаттып, өнер жарыстырады. Түрік айтыс дәстүрінде өзін ұста санайтын ақын мәжіліске арнап «Кім өзін ақын санаған болса, келсін!» деп үндеу тастайды немесе той-жиында бәсекелес болатын бір ақынның бар болғанынан хабардар болса, «Бұл мәжілісте бір айтыскер бар екен, шын ақын болса, ортаға шығып, шеберлігін көрсетсін» деп талап етеді, үндеу тастайды. Бір сөзбен айтқанда, екі ақын сөз сайысында өз өнерінің деңгейін халыққа паш етеді, сонымен бірге өз шеберлігін шыңдайды, атақты ақынмен жас ақын айтысса тәлім-тәрбие көреді, батасын алады. Қазақтарда да айтыскерлер күш сынасатын палуандар секілді, сондықтан бірін-бірі іздеп жүреді. Мысалы, Майлықожа: «Келемін Түркістанның шәһәрінен, Біздермен айтысқандай адам бар ма?», Біржан сал: «Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері, Іздеген келіп тұрмын Біржан сері» дейді.

3) Көңіл көтеру мақсатында. Бүгінгі театр, кинотеатр сияқты әрі қызықтыратын әрі білім беру құралы жоқ заманда халық рухани қоректі сөз зергері ақыннан, күйшіден алатын. Бұл іс қазір де ел өмірінде жаңаша түлеп отырған қымбат қазына. Айтыста елдің көңілін көтеретін мысқыл, әжуа, сын-сықақ, әзіл-қалжың, өтірік өлең негізгі қызмет атқарады. Бұл туралы мысал қазақ пен түрік елдері ақындарында мол.

4) Тегінің, елінің, руының, ауылының өкілеттісі болу мақсатында. Ежелгі замандағы қазақ ақындары руы атынан сайысқа түсетінін, әр рудың палуаны, жүйрік аты, шешен биі, даңғайыр ақыны болатынын М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Жармұхамедұлы т.б. ғалымдар дәлелдеген. Яғни, айтыстың талас-тартысқа құрылуына қазақтағы рулық қоғам жүйесі де белгілі дәрежеде зор ықпал еткен.

Қазақтың дәстүрлі қоғамы мен өмір салты XIX-XX ғасырларда ыдырай бастайды, коммунистік қоғам ру ақыны болуға қатаң тыйым салады. Сол себептен жаңа айтыс қалыптаса бастады да, оны зерттеушілер Кеңес дәуіріндегі айтыс деп атады. 1920-1930 жылдары өткен айтыстың мәтінінде осы мәселе ақындар өлеңінде әңгіме болады. Бұл туралы М.Жармұхамедұлы былай деп жазады: «...Майса қыздың осы айтысты қорыту үстінде айтқан мына сөздерінде Кеңес дәуіріндегі айтыстың өзіндік белгілерін ашып айқындайтындай пікір деп айтуға болар еді: Азды-көпті айтыстың Саяділім, Бұрынғыдай болған жоқ ру тартыс...Бұл айтыста жеңілген, жеңген де жоқ, Осымен еліңе қайт ақын байғұс» [6, 178-б.].

Кеңестік дәуірде ақындар рудың емес, енді облыс, аудан, совхоз атынан шығып, өз өлкелерін мадақтап, басқа өңірдің мінін қазып айтысатын болады. Қазіргі тәуелсіздік кезеңінде де ру атынан сайысқа түсу көрінбейді, өйткені қоғам жаңа сатыға көтерілген. Сондықтан ел-жерінің атынан ғана сөз сөйлейді. Мысалы, Ақмарал: «Отырарды қорғаған Қайырхандай, Оңтүстік қорғап келдім от намысын»; Әзімбек: «Арқалық қаласынан мен де келдім, Тең ұстап үзеңгімнің таралғысын».

Рас, түрік айтыстарында өңір немесе ру айтысы болмаса да ақын, негізінен, өзі өскен елдімекен адамдарына, жанкүйерлеріне арқа сүйеген. Сондай-ақ кейбір кездері ақындар үшін көрермендер араларында ұрыс-керіс шығады. Мәселен, Карста айтыста Карслылық Ақын Карсамбач, Ерзрумдық Ақын Кытламайы туралы жергілікті елдің намысына тиетін сөздер айтқанда көрермен екіге жарылып, жанжал орын алған [18].

Қазақ пен түрік айтысының бұрынғы-соңғы қоғамдағы орнын зерттеп, салыстырулар жасай келе бұл жанрдың XXI ғасырдағы ақпарат кеңістігінде құндылыққа ие, өркениет талаптарына сай мұра екендігін жан-жақты дәлелдей келе, төмендегідей маңызды қызметтер атқарады деген түйін жасауға болады: 1) Уақытты көңілді өткізу, көрерменді қызықтыру және хабар алу мен таратуға бағытталған қызметі. 2) Ұлттық салт-дәстүрді қорғау үшін бағытталған қызметі. 3) Әскери және азаматтық мақсаттарға бағытталған қоғамдық пікірді шұғыл ұйымдастыруға бағытталған қызметтер. 4) Қоғамдағы және бұқаралық ақпараттардағы күн тәртібінде тұрған әділетсіздіктер мен әлеуметтік-саяси өзекті мәселелерді жедел қозғап, айықтыру үшін бағытталған қызметі.

Бұл маңызды қызметтер қазақ пен түрік ақындар айтысының деректерімен нақтылы дәлелденді.

"Көнениңкөзі" (1966), "Шешендік өнер" (1998) атты монографиялық еңбектеріндегі түркі халықтарындағы айтыс өнерін салыстырмалы зерттегенде Еңбектегі ерлігі үшін үш рет Түркия мәдениет

министірілігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Оның алғашқы еңбегінде «Түркі халықтарындағы айтыс жанрының ортақ және дара белгілері» атты тарауда бауырлас түркі халықтарының барлығында дерлік кездесетін ортақ әдет-салт айтысы, сонымен бірге қазақ, қырғыз, қарақалпақта, әзербайжан мен түрік елінде өнер деңгейіне көтеріліп дамып, бүгінгі күнге ұласып отырған ақындар айтысындағы ерекшеліктер кешенді талданды.

«Қазақ пен түрік айтыстарының ерекшеліктері» деп аталатын бөлімде «Қазақ пен түрік айтысының ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылды.

Қазақ айтысымен салыстырғанда түрік айтысының басты ерекшелігі сол, онда ұйқасқа аса мән беріледі. Өйткені түрік айтысы құрылымдық тұрғыдан арнайы ережеге, қатаң қағидаға құрылған белгілі бір алдын ала сызылған шеңбердегі айтыс деуге болады. Түрік айтысында бастаушы ақын белгілі бір ұйқасты ұсынады да, қостаушы ақын сол ұйқасқа сай өлең құрауы керек. Осы ереже сырттай қарағанда түрік айтысын ұйқас қуу, ұйқас жарыстыру сайысы секілді көрсетеді. Сонымен бірге түрік айтысында әріптес екі ақын бір-біріне төрт жол ғана өлең айтып айтысады. Демек, айтыста көлемге де өлшем беріледі, әріптестердің сұрақ-жауабы бір-бір шумаққа қана сыйып өлең құралуы тиіс. Бұл бұлжымайтын ереже және түрік ақындары бұл қысқалыққа төселіп, машықтанған деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Әуезов М. *Айтыс өлеңдері // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – Б.229-266.*

2 Байтұрсынұлы А. *Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – Т.1. – 408 б.*

3 Ысмайылов Е. *Ақындар айтысы // Қазақ әдебиеті. 14 август 1964 жыл; Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. С.87; Қасқабасов С. Ой-өріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.*

4 Тұрсынов Е. *Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.*

5 Жармұхамедұлы М. *Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 293 б.*

6 Ә.Қоңыратбаев. *Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 288б*

7 Мәдібаева Қ.Қ. *Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы көркемдік дамуы және зерттелуі. Автореферат. докторлық диссертация.*

References

1 Auezov M. poems of Aitys // history of Kazakh literature. Folklore. Almaty: publishing house of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1948. Vol.1. pp. 229-266.

2 Baitursynuly A. collection of works in five volumes. Almaty: Alash publ., 2003. Vol. 1 – p.408.

3 Ismailov E. aitys of Akyns // Kazakh literature. August 14, 1964; Kaskabasov S. Kazakh fairy tale. - Alma-Ata: Nauka, 1972. p. 87; Kaskabasov S. oraz. - Astana: Astana polygraphy, 2009. - 320 P.

4 Tursunov E. Indigenous representatives of the creators of Kazakh oral literature. Almaty: Nauka publ., 1976. – 200 P.

5 Zharmukhameduly M. origin and development of Aitys poems. Almaty: Murattas publ., 2001. - 293 P.

6 A. Konyratbayev. History of Kazakh folklore. - Almaty, 1991 – - 288b

7 Madibayeva K. K. artistic development and study of Kazakh literature in the XIX century. Abstract. doctoral dissertation.

ӘӨЖ 963

ГРНТИ03.20

Р.Р. Оспанова¹

¹ *т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті*

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІНГІ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫ МЕН АТТАС УЕЗДІҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАРЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазан төңкерісіне дейінгі Зайсан қаласы мен аттас уездің басқару жүйесінің барысы талданады. XIX ғасырдың екінші жартысында қорғаныс пункті ретінде бой көтерген Зайсан қаласы мен аталған аймақтағы басқару жүйесі алғашында ерекше бекіністі құрай отырып, бекіністік арнайы басшылық мекемесі басқарды. Кейіннен аймақ территориясы кеңейіп, халық саны өскеннен кейін басқарудың бұрынғыдай түрі қанағаттандырмай, уақытша ереже негізінде уездік басқару жүйесіне 1875 ж. өтті. Зайсан бекінісі қалалық статусын 1871 жылы алып әкімшілік басқару мекемесі ретіндегі өз жұмысын атқарып отырды. Кейіннен уездік басқармаға өткеннен кейін уездік басшылық өзінің қарамағындағы болыстарға жалпы аймаққа басшылығын жүргізіп, патшалық Ресей саясатын орындаушы аппарат ретіндегі рөлін атқарды. Қалада бұл әкімшілік басқару орындарымен қатар полицейлік басқару бөлімшелері ашылып, қоғамдық тәртіп сақтау құқтарын қадағалап отырған.

Тірек сөздер: Зайсан, бекініс, уездік бекініс, әкімшілік басқару, қала

Оспанова Р.Р.¹

¹к.и.н., доцент КазНПУ имени Абая

СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ГОРОДА ЗАЙСАНА И ОДНОИМЕННОГО УЕЗДА ДО ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Аннотация

В статье анализируется ход системы управления города Зайсан и одноименного уезда до октябрьской революции. Во второй половине XIX века в городе Зайсан, построенном как оборонительный пункт, и в данном регионе система управления возглавляла крепостное специальное руководство, создавая вначале особую крепость. После расширения территории региона и увеличения численности населения, по-прежнему, система управления перешла в 1875 г. к уездной системе управления, не удовлетворяющей по-прежнему типу правления. В 1871 году зайсанская крепость приобрела статус города, занимала свою работу как учреждение административного управления. После переезда в уездное управление уездное руководство вел общее руководство подчиненными ему волостями и выступало в качестве аппарата, выполняющего царскую российскую политику. В городе, наряду с этими административными управлениями, открыты подразделения полицейского управления, контролируют права на охрану общественного порядка.

Ключевые слова: Зайсан, крепость, уездная крепость, административное управление, город

Ospanova R.R.¹

¹ candidate of historical sciences, associate professor of KazNPU named after Abay

MANAGEMENT SYSTEMS OF THE CITY OF ZAYSAN AND THE DISTRICT OF THE SAME NAME UNTIL THE OCTOBER REVOLUTION

Abstract

The article analyzes the progress of the management system of the city of Zaysan and the county of the same name until the October Revolution. In the second half of the 19th century, in the city of Zaysan, which was built as a defensive point, and in this region, the control system led the serf special leadership, creating at first a special fortress. After expanding the territory of the region and increasing the population, as before, the management system moved in 1875 to a county-level management system, which still did not satisfy the type of government. In 1871, the Zaysan fortress acquired the status of a city, and occupied its work as an administrative administration institution. After moving to the county government, the county government led the general administration of the volosts subordinate to him and acted as the apparatus fulfilling tsarist Russian politics. In the city, along with these administrative departments, units of the police department are opened, they control the right to maintain public order.

Keywords: Zaysan, fortress, county fortress, administrative management, city

Ресей мемлекетінің қазақ халқын саяси билігінен біржола айырып, өзінің толық отарына айналдыруға белсене кіріскен кезі XIX ғасырдың 60 жылдары болатын. Ғасырлар бойы Орта Азияны жаулап алуға ұмтылып келген Ресейлік патша үкіметі әуелі осы бағыттағы тек экономикалық ғана емес, стратегиялық

тұрғысынан да сенімді плацдарм болып табылатын, Қазақстанды Империяның толық қанды отарына айландыру қажет болды. Оған тек қазақ даласындағы әкімшілік басқаруды өзгерту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін еді. XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Ресей Орта Азияны түгелге жуық, ал Қазақстанды толығымен өз иелігіне айналдырды. Енді Қазақстан үшін де империяның басқа ұлт аймақтарындағы сияқты басқару жүйесін қабылдау негізге алынды.

Патшалық Ресей XIX ғасырдың 60- жылдардың ортасында Қазақстан жерлеріне де өз үстемдігін орнатты. Осы кезеңнен бастап, патша үкіметі қазақ жері мен қоғамын толығымен, түпкілікті отарға айналдыру үшін Қазақстанда орталықтандырылған мемлекеттік басқару аппаратын құруға кірісті. Ресейдің бұл мақсаты 1867-1868 жылдардағы қазақ даласын басқаруға қатысты жүзеге асырыла бастаған әкімшілік реформаларда көрніс тапты.

Осы әкімшілік-басқару реформаларымен байланысты құжаттарға сүйенсек, оларда қазақ даласына жаңа әкімшілік жүйесін қалыптастыру қажеттігі былайша түсіндірілді: “Орынбор және Сібір ведомстваларындағы қазақ даласы екі түрлі жүйе бойынша басқарылуда. Бір халықты басқарудағы мұндай екі жақтылық жартылай жабайы халық арасында азаматтықты дамыту үшін сәтті жағдайлар туғызбайды және үкіметтің мүддесіне сай келмейді” [1].

Ал шындығына келгенде, жаңа әкімшілік реформаларды жасаудың негізгі және басты міндеттерінің астары тереңде жатты. Ашып айтсақ, патша үкіметінің жаңа басқару жүйесін енгізудегі басты мақсаты - Ресей империясының құрамындағы Қазақстанның құқықтық жағдайын өзгерту, яғни оны түпкілікті отарға айналдыру. Патшалық қазақ даласындағы басқаруды қатал орталықтандыру арқылы қазақ халқының патша әкімшілігіне толық бұлтарыссыз бағынуын біржолата тәуелді кіріптар болуын қамтамасыз етпек болды.

Қазақ даласындағы басқару жүйесін бір қалыпқа келтіру мәселесі бұрыннан көтерілген өзекті мәселелердің бірі еді. Әр-түрлі саяси жағдайлардың арқасында 60 жылдардың ортасында Далалық облыстардың мақсаттарын біріктіру қажеттілігі туындады. Бұндай біріктірудің негізі 21 қазанда 1868 жылы шыққан “Уақытша Ереже” негізінде жүзеге асты. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша қазақ даласы губернаторлықтарға бөлінді. Ал облыстар жаңа әкімшілік ереженің негізінде уездерге бөлінді [2].

Уақытша басқару жүйесі жағдайында сұлтандық билік және округтік приказдар жойылды. Жоғарыда айтқанымыздай округтардың орнына уездер құрылды.

Көшпелі қазақ даласындағы тұрғындар бұрынғысынша болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Бірақ бұл ереженің 39 бабында ауылдарда 100 үйден – 200 үйге дейін, ал болыстарда 1000 үйден 2000 үйге дейін жеткізу жоспарланды. Бұндай болыстарға бөлу жергілікті жағдайды ескеріп жүзеге асырылды. Осы аталған кезеңде Семей облысы төрт уезге бөлінді. Олардағы басқару жүйесі Семей, Көкпекті қалалары арқылы жүзеге асты [3].

Семей құрамындағы Зайсан аймағы уездік басқару жүйесіне өтпес бұрын ерекше бекіністі құрады. XIX ғасырдың 60-жылдарында Зайсан ерекше аймақты құрап, алғашында станицалық басқару жүйесі қабылданған. Атап айтсақ басқару ісі қайта ашылған Жеменей әскери бекінісінде жүзеге асты. Зайсан бекіністік станициясы 1864 жылы Шәуешек келісімінен кейін қазақ даласының осы аймағының Ресей тарапына толықтай өткен жерлерінің негізінде жүзеге асып бой көтерді [4].

1868 жылғы 25 қазанда Уақытша ереже негізінде қазақ даласының жазғы жайылымдық аймақтарын уездер мен болыстар арқылы бөлді. Алайда бұл бас кезінде сөз жүзінде ғана қалып қойды. Ерте көктемде қазақтар толықтай старшиналармен өз болыстарынан басқа болыстарға көршілес уездерге немесе басқа облыстарға, көрші қытай еліне көшіп қонып жүрді. Мысалы, Зайсан бекінісінің бірнеше болыстарындағы тұрғындар Қытай аймағына дейін барып күзде өз қыстауларына барып жылжып көше бастайтын.

Қазақтардың жартылай көшпелі шаруашылығы, яғни күздік және қыстық желерді әр бір ауылдың және кейбір жанұялардың жеке меншігі деп уақытша ереже енгізілгенге дейін саналып келген [5].

Алайда далалық облыстарды шекаралық межелеу мәселелерін толықтай айқындау, белгілеу осы кезең үшін өте маңызды еді.

1869 жылы 13 қыркүйектегі Батыс Сібір генерал-губернаторының жоғарғы кеңесінде бекітілгендей қайта құрылған Өскемен уезі және Зайсан аймағы жаңа жағдай бойынша бірдей еді. Екі аймақта да отырықшы казактар, қазақтар мекендері қалыптасты. Зайсан бекінісінде түгін саны басқалармен салыстырғанда көп болатын мысалы, 1868 ж. он екі болыста 15738 түгін болса. Өскемен уезінде 10397 (он болыста) түгін болған. Бірақ Зайсан әлі де болса уездік басқару жүйесіне толықтай өтпеген еді.

1869 жылғы 16 тамыздағы №797 Патша үкіметінің жарғысы бойынша аймақтар уездік басқаруға өтті. Ал Зайсан аймағындағы басқару жүйесі бұрынғыдай басқару мекемесі ретінде қалып қойды. Жасақтардың шекараны бақылауы да сол күйінде жалғаса берді. Сонымен қатар көптеген жұмыстарды атқару үшін бекіністе екі ғана адам болды. Біріншісі көмекші, екіншісі әскери сала бойынша іс қағазын жүргізуші. 1868 жылғы уақытша басқару ережесі кезеңіндегі дала облыстарын басқару барысында бекініске іс қағаздарын жүргізуші офицер қажет болды [6].

1868 жылы Ереже негізінде жобаланған бекініс штаты бекіністің тек көшпелі тұрғындарына ғана бақылау жүргізгенде жеткілікті болар еді. Алайда бүкіл дала аймақтарына дұрыс басқару жүйесін қалыптастыра келе Зайсан аймағына бұрынғы Көкпекті қаласын және казак тұрғындарымен, әскери мемлекеттік штаттарын қосып алғаннан кейін Зайсан бекінісі үшін басқару жүйесінің бұндай түрі жеткіліксіздеу болды.

Енді 60000-нан астам адамы бар аймақтағы басқаруды және сонымен қатар жасақтарды басқаруды және тынымсыз шекаралық аймақтағы бақылауды тек үш адамның ғана жауапкершілігіне арту мүмкін емес еді. Осыдан барып кейбір келеңсіз мәселелер туындап жатты.

Аймаққа жаңа қосылған бөлік үшін бұндай жағдайлардың туындауы сол кезеңдегі басқару жүйесіне сенімсіздік туғызды. Сондықтан тағы-да бір көмекші ретінде хатшы жіберілді. Хатшылар көмекшісі барлығы Ақмола және Семей облыстар уездерінде болғандықтан берілген. Осыған қарамастан Зайсан аймағындағы штаттардың жетіспеушілігі әліде туындап отырды.

Дала губернаторлығына Семей облысы генерал-губернаторы атынан Зайсан бекінісін қала деңгейіне көтеру және ондағы басқару жүйесін уездік басқару жүйесіне өткізу туралы мәселе қажеттілігі туындай бастағандығын хабарлап жазады. Болашақта қалаға уездік сот мекемесі жұмыс істеуі қажет деп табылды. Сонымен қатар Зайсан тұрғындарына жеңілдіктер берілу тиіс деп ұсыныс жасалады. Канцелярияның ойынша уездік басқару мен судиядан басқа қалада келешекте уездік қазына мекемесі және сот шендері бар мекемелер қажеттілігі ашық ұсынылады.

Ақмола және Семей облыстарының құрылуына қарай осы кезеңдегі іске асып жатқан Уақытша Ережеге сай ең ақырында Семей облысының құрамына Зайсан бекінісі енді. Бұндағы әскери басқару және азаматтық басқару бекініске міндеттелген [7]. Онда осы кезеңде канцелярия болған. Штат бойынша хатшылардан басқа бекініс басқармасының көмекшісі және іс қағаздарын жүргізуші жұмыс істеген. Басқарудың мұндай құрамы сол кезеңдегі территорияның көлемі үшін айтарлықтай жеткілікті еді. Аталған уақыттағы жергілікті басшылықтың мәліметтерінде бұрынғы Батыс Сібірдің бас басқармасының және Дала губернаторлығының деректеріне қарағанда Зайсан бекінісіне қарайтын сол кезеңде тек қана жеті көшпелі болыс болған. Олардың әр үйі 4 жаннан 28000 жанға, ал әр үйге 5 жаннан санағанда – 35000 адамға тең.

Әкімшіліктің орналасу орны Жеменей өзенінің бойына белгіленген бұл жерде тұрақты бірде-бір мекен болмаған тек күзет үшін шекара маңайында екі рота, жаяу әскер ротасы қалдырылған және 200-дей казактар болған.

Шекаралық жағдайдың негізінде әкімшілік пункті болып саяси, әскери және сауда-саттық маңызына қарай Зайсан пункті таңдалынып алынды. Бұл жерге Зайсан деп аталатын әскери бекіністі қалыптастыру қолға алынды [8]. Бекініс басшылығы жергілікті дворяндарға, шенеуніктерге, саудагерлерге басшылық жасап, жұмыстарын қадағалап отырған [9]. Болыстардағы келеңсіз мәселелерді шешу үшін болыстарға барып қайту үшін қаржы тапшылығы сияқты мәселелер туындады. Зайсан уезіндегі басқару жұмыстарын жүзеге асыру қажеттілігіне алғашында 1465 сом қажет еді. Бұндай басқару жүйесін іске асыруға Семей облысының генерал-губернаторлығы Батыс Сібір генерал-губернаторына ұсыныс жасайды.

Зайсан бекінісіне уездік басқару жүйесін енгізу туралы ұсынысына Батыс Сібір генерал-губернаторы қарсылық білдірмеді. Бірақ аталған кезеңде қазақ даласында уақытша екі жылға енгізілген ереженің мерзімі 1871 жылдың 1 қаңтарында аяқталатын еді. Сондықтан Зайсан бекінісін уездік басқаруға өткізу жобасын дала губернаторының штаттары туралы жаңа ереже енгізілгеннен кейін ұсыну жобаланған. Зайсан уезі әскерилер тарапынан күзететін шекаралық аймақтан тұрды. Осының негізінде уездік басқаруды енгізу ұсынысын жаңа ереже негізінде қарауды қажет деп білді [10].

Әскерилер қаруындағы бұл бекініске уақыт өте келе отырықшы көшпенділер қатары көбейе бастады. Осы кезеңдегі келімсектер өздерінің жылжымайтын мүліктерін қалыптастырды және сауда байланысын тек бекініс маңында ғана емес сонымен қатар шекаралық аймақтарда да жүргізе бастады. Шекаралық

шептегі Қытай провинциясының сауда қатынасы мен Зайсан аймағындағы ерлер де, әйелдер де айналысты.

Егер осы соңғы цифрларды ескерер болсақ онда бекіністің халқы 1875 жылдары мынандай дәрежеге жетеді. Қазақтар 104, 420 казактар 707, Зайсандағы қала халқының саны 3776-дей, Көкпектіде барлығы 112140 жан, 1868 жылмен салыстырғанда халықтың саны әр үйге бес жаннан келді. Яғни үш есеге көбейген. Зайсан бекінісінде орналасқан екі жаяу әскер ротасы және екі жүздей казактар қазір әскери бөлімнің мынандай құрамында екі батальон жаяу әскер артиллериясы, қазақ полкі және әскери команда болды. Әскерилерден басқа тұрғындар саны 1000 шақты адамға жетті. Олардың арасында казактар да бар. Осылай бекініс тұрғындары тез қарқынмен дами бастады. Ал 1881 жылы Семей губерниясының есептік жинағында Зайсан бекінісінде алғашында ерлер мен әйелдерді қосқанда 3766 адам тұрған. Олардың арасында әскерилер саны 2427 адам [11].

Казактар 703, жатақтар 159 және 150-ге жуық шаруалар. Бекініс аймағында уезсіз Көкпекті қаласын қоспағанда халық саны 3247 жан. Көкпекті қаласы 1868 жылғы уақытша ереженің негізінде Зайсан құрамына енеді. Аталған кезеңде Зайсан аймағында екі станица, екі поселок және 14 қазақ болыстары орналасқан. Олардың түгін саны 20884-ке жеткен Есеп көрсеткіштеріне қарағанда олардағы жан саны 71683 жеткен. Әр үй басына 3-4 жаннан келеді. Бұндай цифрлар болыстардан алынған деректердің негізіне сүйенген.

Бұл шынайы көрсеткіштен біршама төмен екені белгілі. Яғни шамамен алынған көрсеткіш. Ал жақынырақ белгіленген халық санағының негізгі көрсеткішінде әр үй басы 5 жанды құраған. Сонымен қатар бекініс тұрғындарының санына еңбеген келімсектер және бұнда көшпенділер ретінде қоныстанып орналасып алғандар қоныс тепкен. Олар бекініс тұрғындарының есебіне енбейді, қала тұрғындарының құқы да иеленбейтін бірақ паспортпен тұрып жатқандар да осы аймақты мекендеп, өмір сүрген. Жоғарыда келтіргеніміздей бекініс тұрғындарының саны көбейгендігінен және сауда-саттық саласының кең етек ала бастауы негізінде тұрғындардың тұтыну тауарларына деген сұранысы жоғарлады. Басқару мекемелерінде жаңа қажеттіліктер және жаңа талаптар туындады. Бұл мәселелерді осы кезеңдегі басқару орындары қанағаттандырылмай орындай алмады.

Осы айтылған жағдайлар қолға алынса Зайсан бекінісінде сауда және өнеркәсіп саласының болашақта даму барысының теңелуі айқын. Өйткені бекініс халқының саны 112000 жаннан асты, ал Өскемен уезінің 1881 жылғы губернаторға берген есебінде халқының саны 76000 ға жеткен яғни Павлодар уезінің халық саны 115000-ға жеткен, алайда бұл екі уезде уездік басқару мекемелері құрылған және арнайы қалалық полициялық басқарма сонымен қатар қалалық қоғамдық басқарма болған.

Келешектегі бекініс аймағында басқару мекемелеріне деген қажеттілік әскерилерге, әкімшілік саласына және сот саласына басқару мекемелері қажет болды.

Осы қалыптасқан жағдайларда бұндай басшылық қажеттілігіне әрекет жасау міндетті болды.

Жоғарыда келтірілген сандық деректерге қарағанда Зайсан бекінісінің жағдайын жақсарту және Зайсанда басқару жүйесін қалыпқа келтіру қажеттілігі туындағанын байқаймыз.

Жоғарыдағы салыстырма аталған қажеттіліктерге деген сұраныстың дәлірек болуы үшін салыстырмалы түрде келтірілген.

Зайсан бекінісіне берілген жергілікті басқару мекемесі осы кезеңде өмір сүріп жатқан 1868 жылғы Далалық облыстарды уақытша басқару ережелерінің 16 параграфында көрсетілген, “Зайсан аймағы ерекше бекіністі құрады” Зайсан аймағы уезд болып құрылар алдында 1871 жылы уезді құру жобасының ережесінде көрсетілген.

1871 жылғы Семей облысының құрамындағы Зайсан аймағын жаппай негізге байланысты 5-ші уезді құру, Зайсан бекінісін қала деңгейіне көтеру туралы мәселелерді Семей облыстық губернаторы жергілікті жердің қажеттілігіне байланысты көтере бастайды. Осы жылдың өзінде Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығымен қайта жоспарланған Зайсан қаласының жобасы үшін жер бөлу бұйырылады. Сонымен қалаға арналған жерді бөлу іске асырылды. Семей облысының шекаралық іс және жер жөніндегі жұмыстарын іске асырушы және казак әскерилері партиясының жер өлшеушісі Савицкий негізінде қалаға арналған жердің жерін қайта бөлу ісі жүзеге асырылды. Қалаға арнап 3861 ондық 856 қарыс қолайлы жер және 620 ондық 1172 квадрат қарыс қолайсыз жер бөлінді [12].

Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы ережедегі бұл жылғы жоғарыдағы ұсыныстар осы күйінде қалып қоймай, осы жылғы Ішкі істер министрлігіне өзгерістер енгізе отырып қайта ұсынылды.

Жобаланған қаланы жетілдіруге жұмсалатын қаржы жағына келер болсақ алғашында бөлінген 1500 сом қаржы жеке тұлғалар тарапынан жұмсалып кетті. Кейіннен бұл мәселе бойынша тергеу ісі жүріп ол қаржыны өсімімен алғанда 1633 сомды құрады және жыл сайынғы салықтан түсетін қаржыдан халық тұтынысынан асып қалған 946 сомды және тұрғындар өндіретін өнім үшін жиналатын салықтан және қала салуға байланысты алынатын салықтардан қала негізін салудың қаржысын құрады.

Қала аймағына енетін жайылымдық жерлерді арендаға беру. Пайдалануға берілген қаланың мұндай қолайлы жерлерінен алынған қаржыларды және жалпыға ортақ сауда жаймаларын салуға төленетін қаржыларды қала игілігіне жұмсап және сауда саласындағыларға жылына қала капиталынан 1200 сомға дейін несие беру алға қойылды. Жоғарыдағы келтірілген себептердің негізінде қала үшін мынандай қажеттіліктерді орындау қажет болды:

Біріншіден әскери басқаруды осы кезеңдегі Зайсан бекінісінен, яғни қарапайым тұрғындар тұратын жерлерден алысырақ орналастыру.

Екіншіден бекіністің территориялық аймағында Семей облысының құрамында Зайсан уезін құру. Басқару уездердегі сияқты азаматтық басқару мекемелерінің барлық түрін ашу немесе олар үшін уездік басқару соты және сот тергеушісі органдарын ашып, осы штаттарға қатысты жұмыс жасату мәселелерін жүзеге асыру өзекті, шешімін табуды қажет ететін мәселелер бола бастады.

Үшіншіден Зайсан уезінде сот және сот тергеушісі штатын бере отырып уезсіз қала Көкпектіні Зайсан аймағының қарамағына енгізу. Бұл бұрын Өскемен сот тергеушісінің қарамағында болған. Алайда Көкпекті территориялық жағынан қарағанда Зайсан бекінісінің территориялық аймағында жатыр. Зайсанда күрделі шешімін таппаған әлемге қатысты істердің болмауынан және жаңа қалыптасқан қала болғандықтан, Зайсанда әлемдік істер жөніндегі судьяны уақытша қажетсіз деп тауып, сот тергеушісінің жұмысын уездер арасында жүргізуге бағыттау қарастырылды.

Төртіншіден Зайсанда және Зайсан бекінісінде сол кезеңдегі территориялық жағдайларға байланысты және сауда-саттыққа қатысты қажеттіліктер бекініс қаржысымен қамтамасыз етілуі тиіс еді. Жоғарыда аталған штаттарға қатысты Зайсанда қазыналық жинақтаушы қор ашу алға қойылды.

Бесіншіден Зайсан бекінісін қала деңгейіне көтеру негізіне байланысты тамыздағы Лепсі қаласына арналған жағдайға байланысты онда 1870 жылы қалаға байланысты жағдайларды іске асыру уезд басшыларына берілді. Облыстың рұқсатымен қала қажеттілігіне байланысты белгіленген салықтарды анықтау қарастырылды. Қала үшін 1871 жылы жер өлшеушісі Савицкий халық санының жағдайына байланысты 3861 ондық 3856 квадрат қарыс қолайлы жерді және 620 ондық 1172 қарыс қолайсыз жерді беруді іске асыруды қолға алды [13].

Зайсан бекінісін қалалық бекініске айналдыру және Зайсан уезін құру, уездік полициялық басқарманы енгізу мәселесіне байланысты Зайсан құрамындағы Көкбектіге де полиция мекемесін құру туралы ұсыныстар қойылды [14]. Ал Зайсан аймағы уезд болып құрылар алдында бұрын ерекше бекіністі құрады. 1868 жылы 14 мамырдағы Патша бұйрығымен бекітілген ережелер бойынша бекініс шекаралары былай белгіленді. Шығыстан Оңтүстікке қарайғы мемлекеттік шекаралық жеке Қытаймен шектесті және батыста шекара – Көкбектіден Тарбағатайға дейін, Тамырсық өзенінен Шарғы өзенінің төменгі ағысы арқылы Зайсан өзеніне дейін және Ертіс өзенінің ағысымен Нарын өзенінің сағасына дейін жетті. Шәуешек келісімімен белгіленген Қытаймен шекаралық межелеуден кейін Зайсан бекінісі екіге бөлініп кетті, Зайсан және Қара Ертіс өзендері арқылы бөлінді. Бекіністің осы екі бөлігінің арасында қарым-қатынас тек қана Қытай территориясы және Алтай аймақтары арқылы ғана жүзеге асты, немесе айналма жолмен Көкпекті қаласы арқылы қарым-қатынас жасап отырған. Осы екі жағдайда да қатнас жасау біршама қолайсыз жағдайда болды. Уезд құрамына қазақтар мекендері Биск және Бұхтұрманың біріктірілуі қазақтар мен Зайсан бекінісінің тұрғындары арасында үнемі тартыстар тудырып отырды. Сондай-ақ уезд орталығының қалыптасуы да шешілмеген мәселенің бірі болды. Осы жағдайларға байланысты Батыс Сібір басқармасы 1869 жылы бекіністің территориясын қайта бөлуді ұсынды. Аралық шекараны Шығыстан Батысқа қарай бұра отырып, территорияның Солтүстік бөлігінен жаңа уезд құрды. Оның басқару жүйесі Өскемен қаласына қарады. Ал Зайсан бекінісін Оңтүстік бөлік құрады. Көкпекті қаласы Зайсан бекінісіне қарасты болды және уезсіз қалаға айналды.

Зайсан бекінісі шекаралық шеп ретінде, әскерилер тарапынан қорғауды қажет ететін қала ретінде және сауда-саттыққа қолайлы болуына байланысты келіп қоныстанушылар саны өсе бастады, сонымен қатар бекініс аймағы 1881 жылы Санкт-Петербург келісімі негізінде қосып алынған жерлер арқылы

кеңейе бастады. Тіпті 1868 жылғы Уақытша ережені құрастыру кезінде жергілікті басқару жүйесін кеңейту қажеттілігі және бекіністе уезд құру алға қойылып, кейіннен жүзеге асырылды [15].

Зайсанда уездік басқару жүйесі 1875 жылы жүзеге асырылды. Зайсан уезі Семей облысының Оңтүстік Шығыс бөлігін алып жатты. Солтүстікте ол Өскемен уезімен шектеседі, шығысы және Оңтүстік Шығысы Қытай империясымен шекаралас жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттері:

1. ҚРОММ. 4 қ., 1 т., 490-іс (68).
2. Сулейменов Б. *Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. и в начале XX века. (1867-1907 гг.)*. – Алма-Ата: Изд-во АН. КазССР, 1963. – 402 с. (40).
3. ҚРОММ. 15 қ., 1 т., 246-іс (11-13).
4. *Памятная книжка Семипалатинской области за 1897 ж.* – Семипалатинск, 1898. – 170 с. (170).
5. Толыбеков С. *Кочевое общество казахов в XVII-нач. XX века (Политико-экономический анализ)*. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 634 с. (221).
6. ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (1-2).
7. ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (14-16).
8. ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 116-іс (1-3).
9. ҚРОММ. 386 қ., 1 т., 91-іс (3).
10. ООММ. 3 қ., т. 6, 1014-іс (2-6).
11. ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (12-15).
12. ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (8-10).
13. Щербина Ф.А. *Материалы по киргизскому землепользованию собраны разработаны экспедиции по исследованию степных областей. т. 12.* – Семипалатинск, 1909. – т.8. – 362 с. (7).
ООММ. 3 қ., 6 т., 1014-іс (13).
ҚРОММ. 342 қ., 1 т., 406-іс (1).

References:

1. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Article 4, Article 1, case 490 (68).
2. Suleimenov B. *agrarian issue in Kazakhstan last third XIX century and at the beginning of XX century. (1867-1907 GG.)*. - Alma-Ata: izd-Vo an. Kazssr, 1963 – - 402 P. (40).
3. Kromm. 15, item 1, case 246 (11-13).
4. *Memory Book of the Semipalatinsk region for 1897 – Semipalatinsk, 1898.* – 170 P. (170).
5. Tolybekov S. *Nomadic society of Kazakhs in XVII-beginning. XX (political and economic analysis)*. - Alma-Ata: Nauka publ., 1971. – 634 P. (221).
6. Ohm. 3, Vol. 6, case 1014 (1-2).
7. Ohm. 3, Vol. 6, case 1014 (14-16).
8. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 64, Item 1, Case 116 (1-3).
9. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 386, t. 1, case 91 (3).
10. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 3, Vol. 6, case 1014 (2-6).
11. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 3, Vol. 6, case 1014 (12-15).
12. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 3, Vol. 6, case 1014 (8-10).
13. Shcherbina F. A. *materials on the Kyrgyz land were collected and developed by the expedition to study steppe areas. Vol. 12.* - Semipalatinsk, 1909. - Vol. 8. - 362 P. (7).
Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.. 3, Vol. 6, case 1014 (13).
" Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. " 342, Item 1, case 406 (1).

**МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ
АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ARCHIVAL DOCUMENTS**